

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҮШІНШІ  
БАСЫЛЫМ

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТЕОРИЯСЫНЫҢ

*тарихы*

ҮШІНШІ БАСЫЛЫМ



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР  
ТЕОРИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ

КНУТСЕН

«Бұл кең диапазонды және танымал жұмыс өзін әлдеқашан осы пәннің стандартты үлгісі ретінде қалыптастырды».

Халықаралық істер жөніндегі Еуропалық журнал

«...бұл кітапты осы саланың барлық ғалымдары міндетті түрде оқуы тиіс».

Калеви Ж.Холсти

Осы қолжетімді және танымал мәтіннің үшінші басылымы халықаралық қатынастар (ХҚ) дәлелдерін және идеяларын тарихи контексте ұсынады. Бұл халықаралық істерде соғыс, байлық, бейбітшілік және билік туралы пікірталастардың орын алғандығын көрсетеді, осы пікірталастар өз кезегінде теорияларды туындатады. Кітап ғасырлар бойы, орта ғасырдан қазіргі таңға дейін қалыптасқан халықаралық теорияларды қарастырады және көптеген ежелгі идеялар қазіргі таңдағы әлемдік істердің даму жолына ықпал ете отырып өмір сүретіндігін және жалғасқандығын көрсетеді.

Августин мен Авкинский секілді теологтар мемлекет табиғатымен күресті және қазіргі таңда да қолданыста болып табылатын соғыс ережелерінің негізін қалады. Макиавелли мен Боден секілді Ренессанс гуманистері біздің мемлекет суверенділігі туралы жеке түсінігімізді дамытты. Гоббс, Локк және Руссо секілді философтар ХҚ саласының ғылыми негізін қалаған тұжырымдамаларды енгізді. Ағарту ойшылдары билік балансы теорияларын, тұрақты бейбітшілік жобаларын, сауда көзқарастарын және бейбіт өзара қарым-қатынасты дамытты. Мұндай классикалық теориялар Маркс, Маккиндер, Моргентау, Уолтц, Валлерстайн және Вендт секілді соңғы кезеңдегі ойшылдармен тұрақты түрде жаңғырып отырды, олар ХҚ заманауи ғылымының негізін қалады.

Бұл кітап ХҚ оқиғасы туралы баяндайды. Бұл негізгі оқиғалар айрықша теорияларға және осы теориялардың өткен кездегі Ұлы Билікке қалай жиі ықпал еткендігін көрсетеді. Ол сонымен қатар әлемнің соңғы 500 жылда жақсы істердің орын алуы негізінде өзгеріске ұшырағандығын нақты көрсетеді, ал кейбір негізгі идеялар уақыт өте келе тұрақты болып қала береді.

**Торбьорн Л. Кнутсен.** Норвегияның Ғылым және Технология университетінің Халықаралық қатынастар профессоры.

MANCHESTER  
1824

Manchester University Press

Мұқаба дизайны:  
Willem van de Velde, Elder, 1972

ТОРБЬОРН Л. КНУТСЕН

Алматы, 2017

# **Халықаралық қатынастар теориясының тарихы**

Манчестер 1824  
Манчестер университеті баспасы

# **A history of International Relation theory**

*Third Edition*

**TORBJORN L. KNUTSEN**

**MANCHESTER**  
1824

Manchester University Press

# Халықаралық қатынастар теориясының тарихы

*Үшінші басылым*

**ТОРБЬОРН Л.КНУТСЕН**

Манчестер университеті баспасы

ӘОЖ 327(075)

КБЖ 66.4я73

X 17

**Қазақ тіліне аударғандар:**  
Сайбекова Назира, Бурибаева Жанар

**X 17 Халықаралық қатынастар теориясының тарихы: Оқулық. / Торбьорн Л.**  
Кнутсен – Алматы, 2017.

ISBN 978-601-217-608-7

ӘОЖ 327(075)

КБЖ 66.4я73

ISBN 978-601-217-608-7

© 2016 Manchester University Press

© Қазақ тіліндегі аудармасы Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2017

Барлық құқықтар қорғалған. Бұл басылымның ешқандай бөлігі кез келген формада, электронды немесе қағаз жүзінде және фотокөшіру, жазу сияқты басқа әдістер арқылы көшіріліп алынбайды немесе көшірмесі жасалынбайды, сондай-ақ Pearson Education-дің рұқсатынсыз іздестіру жүйесіне енгізілмейді.

## МАЗМҰНЫ

Суреттер мен кестелер тізімі.....	7
Үшінші басылымға алғы сөз.....	8
КІРІСПЕ: Неліктен халықаралық қатынастар теориясының тарихы?.....	10
<b>I тарау. Халықаралық қатынастар теориясының кіріспесі .....</b>	<b>21</b>
1. Халықаралық қатынастар теориясының құдайлары, күнәһарлары және кіріспесі.....	21
2. Ренессанс саясаты: қазіргі ғасырдың шығу тегі.....	48
<b>II тарау. Соғыс пен бейбітшілік философиясы.....</b>	<b>72</b>
3. Реформация саясаты: қару-жарақтар, кемелер және баспа машиналар .....	72
4. Абсолюттік саясат: патшалар, соғыстар және мемлекетаралық жүйе .....	97
5. Ағарту саясаты: бұқаралық егемендіктің революциялық тұрғыдан дамуы .....	127
6. Идеологиялық саясат: XIX ғасыр және жаппай қатысудың артуы .....	167
<b>III тарау. Халықаралық қатынастардың классикалық ғасыры .....</b>	<b>198</b>
7. Интермеццо: заманауи болу.....	198
8. Бірінші дүниежүзілік соғыс, үлкен лига және жиырма жылдық дағдарыс.....	236
9. Екінші дүниежүзілік соғыс, БҰҰ және соғыстан кейінгі тәртіп.....	271
10. Қарсыластар, реалистер және қырғи қабақ соғыс.....	306
11. Бәсеңдеу және үшінші әлем: Сталиннен кейінгі қырғи қабақ соғыс.....	329
12. Қару-жарақ және революциялар: төңкеріс дәуіріндегі жүйелер мен құрылымдар.....	357
13. Өзгеріс: неолибералды әлемнің пайда болуы.....	388
<b>IV тарау. Халықаралық қатынастардың болашақ тарихы.....</b>	<b>417</b>
14. Бірполярлы әлем.....	417
15. Жаһандық саясат: Халықаралық қатынастар соңында?.....	445
Библиография.....	480

## Суреттер мен кестелер

### Суреттер

- 1.1 Ислам, Византия және Алыс Батыс, 1025 25
- 2.1 Он бесінші ғасыр соңындағы Италия 52
- 3.1 Еуропадағы мемлекеттік діндер, 1560 77
- 3.2 Он алтыншы ғасыр авторлары мен олардың жұмыстары 91
- 4.1 1648 жыл, Еуропа 102
- 4.2 Он жетінші ғасыр авторлары және олардың жұмыстары 142
- 5.1 Он сегізінші ғасыр авторлары мен олардың жұмыстары 153
- 6.1 Он тоғызыншы ғасыр авторлары және олардың жұмыстары 188
- 13.1 1970 және 1980 жылдардағы шикі мұнайдың бағасы (тұрақты АҚШ долларында) 396
- 14.1 Әлемдік жүйедегі соғыс үрдістері, 1950-2005 жж 427
- 14.2 Әлемдік жүйедегі соғыс үрдісі мен режимнің түрі, 1950-2005 428
- 15.1 Әлеуметтік теорияның негізгі төрт түрі 469
- 15.2 Негізгі ХҚ теорияларының қарапайым дөңгелегі 473

### Кестелер

- 7.1 Үш еуропалық биліктің отаршылдық иеліктері (миллион шаршы миль, миллион адам) 209
- 7.2 Негізгі тропикалық тауарлардың әлемдік нарықтағы өнімі, 1880–1910 (000 тонна) 210
- 10.1 АҚШ ұлттық қауіпсіздік шығындары, 1945–55 (\$ миллиард) 321
- 11.1 Уайттың үш дәстүрі 345
- 11.2 Уолтцтың үш бейнесі /талдау деңгейлері 348
- 12.1 «Қырғи қабақ соғыстың» алғашқы жартысындағы соғыстардың мөлшері мен түрі, он жылдық бойынша 362
- 12.2 АҚШ және Кеңес Одағының ядролық ұшыру қондырғылары мен оқтықтарының саны, (1962–80) 365
- 12.3 Халықаралық қатынастардың негізгі үш дәстүрі, 1975 375
- 14.1 Әлемдегі ең үлкен он қорғаныс бюджеті, 1993 ж. (1993 жыл, миллион АҚШ доллары) 432
- 14.2 Әлемдегі ең ірі отыз экономикалық субъектілер, 90-шы жылдардың ортасында (миллион АҚШ доллары) 434
- 14.3 Әлемдегі он ірі экономикалық субъектілер, 2014 ж. ЖІӨ, сатып алу қабілетінің паритеті (СҚП) және қорғаныс шығыстары (млн.АҚШ доллары) 441

## Үшінші басылымға алғы сөз

Бұл кітаптың бірінші басылымын зерттеу бірнеше елдердің кітапханаларына саяхаттаудан басталды. Көптеген кітапханашылардың көмегімен мен дипломатия, соғыс және саяси ой-пікірлермен ежелгі кітаптарға шолу жасадым. Түпнұсқа қолжазба 1991 жылдың жаз айында аяқталды және тамыз айының ортасында қалың конвертпен поштаға жіберілді. Конверт Норвегиядан кетпей жатып, Москвада өзгеріс орын алды. Ол Манчестер университетінің баспасына жетпей жатып Москвада өзгеріс болмай қалды және Кеңес коммунистік партиясының негізі қаланбай қалды. Мен Манчестердегі редакторыма қоңырау шалып, оған әлемнің өзгеріске ұшырап жатқандығын айттым, менің қорытынды тарауымды қайта жазуға бір ай уақытқа мұрсат сұрадым. Ол менің өтінішіме қарсылық білдірді. «Сіз осы аптада қоңырау шалып тұрған жалғыз ғана адам емессіз, сіз білесіз бе?» деп ескертті ол.

Оның жауабы әлемдік төңкерістер мен заттарды өзгеріске ұшырататын шынайылықты қарастырды. Ол саясат уақыт ағынымен байланысты. Халықаралық қатынастар туралы кітап жазбалары жеткілікті тұрғыдан алғанда үмітсіз міндет, себебі оның нысаны ешқашан тоқтау таппайды. Осы тұрғыдан алғанда ол ұшып бара жатқан құстардың тобын суреттегенге ұқсайды.

Мұнда зерттелген нысан қозғалыстағы жалғыз ғана зат болған жоқ; нысан бақыланған тасымалдаушы тамаша құрылған. Мен кітапханадан тапқан дерек көздердің көпшілігі қазіргі таңда электронды түрде қолжетімді. Олар JSTOR, Project Gutenberg, Internet Archive және тағы басқа көптеген сайттардан оңай жүктеледі. Мен үстелдегі жеке компьютерімнен екі континенттің үлкен кітапханаларын аралағаннан да көп мәтіндер таптым. Бұл дерек көздерден тапқан жаңа байлық күмәнсіз осы кітаптың үшінші басылымы біріншісіне қарағанда екі есе қалың болғандығының себебі және жазуға соншама ұзақ уақыт кетті.

Сонымен қатар, оқиғаны бақылаған көзқарастар да өзгерді. Кітаптың алғашқы алты тараулары жаңа басылым үшін редакцияланды. Келесі төрт тарау қайтадан жазылды. Соңғы бес тарау бастан-аяқ жаңадан жазылған. Жаңа тараулар бұрынғы тарауларға қарағанда көптеген тарихи оқиғалардан тұрады. Мұның бір себебі оқиғалар қалай теорияланады, халықаралық оқиғалар қойылған сауалдар мен жауаптарды қалай



қалыптастырады; халықаралық қатынастар теориясы қысқаша айтқанда өз контекстімен қалыптасты және дамыды.

Көптеген оқиғаларды қосудың басқа бір себебі оқырманға халықаралық тарихтағы негізгі өзгерістерді жай ғана еске түсіру. Осы оқиғалардың негізі олардың себеп-салдарын талқылаумен бірге және оларды тарихи төңкеріс тұрғысынан бағалаумен бірге халықаралық қатынастарды зерттеудің ажырамас бөлігі. Соңғы жылдардағы менің алған әсерім студенттер бұрынғы кезде берілген ақпаратты қамтуға тырысады, халықаралық қатынастар мұғалімдері тарихи оқиғаларға байланысты қажетті білімді қамтамасыз ете алмайды. Бірақ бұл бұрынғы кездегі студенттер тарихты көбірек біледі дегенді білдірмейді. Менің әсерім тарихи білім тегіс таралмаған мүмкін, себебі көптеген студенттер өз танымында тарихи ақпаратты қамту қажет емес деп санайтын иллюзиядан тұратын болғандықтан шығар, өткен кезді түсіну қазіргі таңда электронды түрде қажетті сәт туындаған кезде жүктеледі.

Мен ежелгі тәсілдерді қарастырмаған сәт те болды, өйткені олар тиімсіз еді. Онда әдетте ол танымдағы тарихи білім саяси талқылаулар үшін шикізат материалын қамтамасыз ететін еді. Ол сонымен қатар дерек көздерді табу үшін халықаралық қатынастар зерттеуі саяхаттаудан тұрады деп те болжанды. Саяхаттау орынды алмастыру дегенді де білдіреді. Бірақ ең маңыздысы саяхат келешекті өзгерту. Сандық байланыс технологиясы негізінен ара қашықтық пен уақытқа негізделген. Зерттеу аса тиімді бола бастады. Бірақ ол сонымен қатар кеңсе жұмысы секілді болды, ол параллактағы өзгерісті сирек туындатады.

Кітапханаға барудың көптеген себептері бар. Мен көптеген кітапханашыларға қарыздармын. Қай кітапханаға барсам да, Тронхеймдегі Университет кітапханаларына, Вашингтон ДС Конгресс кітапханасына, Лондондағы Британия кітапханасына, Париждегі ұлттық кітапханаға барсам да мені кәсіби шеберлікпен және сабырмен қарсы алды. Мен әсіресе маған дерек көздердің бірегей топтамасын жинақтауға көмектескен Ослодағы Нобель институтына және кітапханашыларына алғысымды білдіргім келеді.

Көптеген жаңа тараулар Оденседе, Данияда қалыптасты. Мен Оңтүстік Дания университетіне және оның саяси ғылымдар кафедрасына мені бір семестрге шақырып, кеңсе бергені және жазуға, ойлануға уақыт бергені үшін разымын.

Осы түзетілген басылымда әртүрлі дәлелдер Норвегияның ғылым және технология университетінің студенттеріне және Корольдік норвегиялық әскери әуе күштері академиясына бағытталды. Мен екі университеттегі семинарлардан және дискуссиядан өзіме қажетті мағлұмат алдым. Мен олардың мақтауларымен және олардың сыни ескертулерінен ынталандым. Осында берілген мәтін күмәнсіз екеуінен алынған қажетті мағлұматпен берілген. Бірнеше тараулар Сабрина Рэмет, Кристин Хэссенстэб, Паул Мидфорд, Михаил Градовский, Прицилла Рингроуз, Томас Беркер және Тронхейм авторлар ұйымының басқа да мүшелерінің сыни зерттеулері нәтижесінде жазылды.

Мен алғысымды менің әріптесім, сыншы және жақтасым Дженнифер Л. Бэйлиге білдіргім келеді. Мен бұл кітапты соған арнаймын.

## **Кіріспе:**

### **Неліктен халықаралық қатынастар теориясының тарихы?**

Неліктен? Бірінші қысқа жауап: өткен уақыт қазіргі кезенді қалыптастырды. Әлемдік істердің қазіргі жағдайын түсіну үшін, біз ұлттарды қалыптастырған өткен уақыттағы оқиғаларды, деректерді және өмір сүріп отырған халықаралық жүйені білуіміз қажет. Екінші қысқа жауап: өткен уақыт біздің қазіргі таңдағы ойлау және сөйлеу жолымызды қалыптастырды. Сонымен, біз өткен уақыттың біздің танымымыздағы қабылдауымызды қалай қалыптастырғандығын білуіміз қажет. Тұжырымдарды қолдану барысында теорияларды өткен уақыттың тәжірибелер жаңғырығымен бірге қолданамыз. Өткенге оралу тек қана қазіргі халықаралық қатынастар теориясын түсіну ғана емес, сонымен қатар, халықаралық қатынастар теориясы жайында біздің ойлау, сөйлеу және теория туралы түсінігіміз болып табылады.

Екі шындық екі сауалды туындатады: нақты айтқанда, өткен уақыт жайында біздің сөйлеу, ойлау және теория туралы түсінігіміз қандай? Халықаралық қатынастар теориясының зерттеушілерін халықаралық саясат туралы сөйлейтін және ойлайтын басқа адамдардан ажыратушы не? Қысқаша айтқанда, халықаралық қатынастар теориясының зерттеушілері – біріншіден, академиялық қоғамның белсенді мүшелері. Екіншіден, олар ғылыми әдіснамаға жүгінеді. Үшіншіден, олар теориялық дәстүрге байланысты теорияны және оның рөлін өздері қарастырады. Аталған кітап осы үшінші ерекшелік туралы; халықаралық қатынастар теориясының зерттеушілері өздері танысып, назар аударған теориялық дәстүрді талқылайды. Талқылауда оның тарихы өте ежелгі уақыттан басталғандығы туралы айтылады. Сонымен қатар, теориялардың әрқашанда өз уақытындағы оқиғалармен бірге қалыптасатындығы туралы айтылады.

Кітапта академиялық халықаралық қатынастар қоғамы туралы кең анықтама беріледі. Кітапта зерттеушілер қоғамы қазіргі таңдағы мүшелерімен ғана шектелмегендігі туралы айтылады. Сонымен қатар, өткен уақыттағы саудагерлер, солдаттар, зерттеушілер және үкімет қайраткерлері туралы ақпаратты да қамтиды. Бұлар байлықты, соғысты, бейбітшілік пен билікті зерттеген адамдар болған, олар өздерінің халықаралық өзара іс-әрекетті бағалағандығы туралы айтты және адамның өзара әрекетінің заңдылықтарын кең тұрғыдан талдап көрсетті<sup>1</sup>.

Авторлар өз заманындағы оқиғаларды жақсырақ түсіну үшін халықаралық мәселелерді аталған кітапта талқылады. Олардың теориялары көптеген мәселелерді

қарастырады және сол кезеңді қамтиды. 1950 жылдары, АҚШ зерттеушілері Кеңес Одағының ядролық ракетасы туралы ақпаратты білді, ойын теориясын және ядромен үркітіп қорқыту теорияларын ойлап тапты. 1960 жылдары саясаткерлер мен белсенділер отарлықтан босатумен және жаңадан пайда болған тәуелсіз мемлекеттер санының өсу тағдыры жайлы алаңдай бастаған сәтте, олар жаңа мемлекеттердің кедейлігін түсіндіруге бағытталған экономикалық және саяси даму мүмкіндіктерін бағалайтын теориялар құрастырды.

Кітапта өз заманындағы зерттеушілер өз дәйектемелерін өткен уақыттағы тұжырымдар мен терминдерді өздері білсе де, білмесе де бергенді дұрыс санайды деген болжам берілген. Джон Мейнард Кейнс өткен кезеңдегі дебат туралы: білім ғылымның айрықша белгісі деп санайтындығын атап өтті. (Кейнс, 1936, 383 б.).

Нағыз теоретиктің өзі басқа адамдарға сүйенеді деп жиі айтады. Мұнда ешкімнің ықпалында емеспін деп санайтын, келіспейтін және барлық дәстүрлерден бас тартатын адамдар да бар. Кейнс ондай адамдардың нағыз теоретиктер емес екендігін айтады және олардың мұндай табандылығы ешкімнің ықпалында емеспін деп санайтындығынан және алысты болжай алмайтындығынан таңдаған аясына үлкен үлес қоса алмайды дейді. «Хаттар республикасынан» тәуелсіз болып табылатын және әңгімелесуге қатысы жоқ жазушылар ғылыми маңызды болып табылатын ешнәрсе қоса алмайды дейді.

Кітапта өткен кезең туралы айтылады. Кітаптағы айтылған адамдардың көбісі әлдеқашан қайтыс болған. Олардың біразы өмір сүрмеген де шығар. Бірақ, олардың көбісі қазіргі таңда біз халықаралық қатынастар теориясы жайында сөйлеп, ойлап және жазып отырған мәселелерді қозғады. 150 жыл бұрын тәуелсіз мемлекеттерден тұратын кез келген жүйе табиғатында «анархиялық» сипатқа ие деп дәлелдеген ХІХ ғасырдағы шотландиялық адвокат Джеймс Лоримерді мысал ретінде алайық. Бірақ, «анархияны» хаоспен шатастырмау керек деп жалғастырды Лоример (1877). Анархиялық жүйелерде, қағида бойынша, тәртіпке келтіріп реттеу механизмдері жасалынады. Халықаралық анархия жағдайында мұндай механизмдердің бірі «билік балансы» болып табылады. Тағы бірі – «өзара тәуелділік». Екі механизм мемлекеттердің егемендігін шектейді және аталған жүйенің анархиясын қолданады. Әлемді одан ары тәртіпке келтіріп реттеп, мемлекеттердің егемендігін азайту үшін Лоример үшінші механизмді ұсынды: атап айтқанда, құқық институттары нормалар мен жалпы қабылданған ережелер көмегімен мемлекет тәртібін қадағалайтын болады. Басқаша айтқанда, Лоример заманауи халықаралық қатынастар теориясының негізгі дәйектемелерінің біразын құрастырды. Егер, оның дәйектемелері толықтай ұмытылмаған жағдайда, ол халықаралық қатынастар теориясының даңқты да танымал мүшесі болар еді. Лоримерге қазіргі таңда ешкім сілтеме жасамайды. Соған қарамастан, оның идеялары халықаралық қатынастар теориясында негізгі орын алады. Дегенмен, оларды соңғы кезде «мемлекет аралық жүйе», «анархия», «билік балансы», «өзара тәуелділік» және «тәрбие институттары» атты ұғымдар туралы сөз қозғай бастаған басқа ғалымдарға қатысты деушілер бар.

Басқаша сөзбен, ХҚ білімді тұрақты жинақтайтын академиялық салаға жатпайды. Джеймс Лоример халықаралық қатынастар теориясының басқа да авторлары секілді толықтай ұмыт қалды. Сонымен қатар, ұмытылмаған, жартылай ұмытылған халықаралық қатынастар авторлары бар. Олар жартылай өмір сүрді. Олардың мәтіндері мифтер мен түсініспеушіліктерге толы болып табылатын ымырт классиктері. Соның бірі – бірінші әлемдік соғыс кезінде жақындап қалған катастрофаның болуын ескерткен Норман Энджелл. Ол өзінің атақты кітабын «Ұлы Иллюзияны» [1910] ескертулермен бастады: атап айтқанда, Еуропаның ұлы державалары арасындағы арта түскен шиеленіс соғысты

тудыруы мүмкін деген. Егер соғыс бола қалса деп жалғастырды Энджелл, нәтижесі теңдессіз өлімге және жаппай ашығуға апарды. Төрт жылдан кейін Энджелл айтқан Бірінші дүниежүзілік соғыс басталды. Энджеллдің айтқаны дұрыс екендігін растағандай болды.

«Ұлы иллюзия» өзара тәуелділік идеясы айналасында құрылды, дегенмен, Энджелл өзінің дәйектемесі Лоримердің идеясын қайта түсінуге негізделгендігін ұқпады. 1910 жылы жарияланған Энджеллдің дәйектемесі қазіргі таңдағы халықаралық қатынастардың негізгі теориясының бөлігі болып есептеледі, бірақ Энджеллдің есімі жиі айтылмайды. Өзара тәуелділік ұғымы жарты ғасырдан астам уақыт өткеннен кейін қайта пайда болды. Қазір Энджелл есімі қайтадан аталынса да, оның идеясын бұрыс деп айтағындар бар; оның жолдауы қарама-қайшылықтарға толы болды және соғыс болуы мүмкін емес деген басқалардың пайымдауымен шатасты (Кнутсен, 2012).

ХҚ тарихы осындай жазғырулар мен бұрыс түсініспеушіліктерге толы. Ежелгі идеяларға сүйене отырып, ежелгі талқылауларды жалғастырудың орнына халықаралық қатынастар теориясының зерттеушілері қисынсыз әрекетті және мінез-құлықты жиі қарастырды. Халықаралық қатынастар теориясында қазіргі оқиғалар қысымынан туындаған жаңа мәселелер жиі қарастырылды, он жыл өткен соң туындаған жаңа мәселелер жаңа тәсілдерді қажет еткен кезде ғана ойлап табу тұрғысында ертедегі мәселелерді ұмытпас үшін ежелгі заман еншісінде қалдырды. Жан Боденді [1566] қазіргі таңда ешкім қарастырмайды: оның «егемендік» туралы талқылаулары халықаралық қатынастар теориясы бойынша талқылауларда бұрынғыша қайталанатын<sup>2</sup>. Бенедикт Спиноза [1670] сирек айтылады, дегенмен ол (Томас Гоббс емес) мемлекетаралық қатынастар теориясының «табиғат жағдайы» ұғымын дамытты. Уильям Робертсон [1769] өз кезеңінде үлкен ықпал етті, бірақ қазіргі кезде оның есімі аталмайды. Ол халықаралық қатынастар реалистері қолданатын «билік балансы» атты заманауи теорияны дамытты.

Кітап авторлардың біразын ымыртта ұмыт қалушылықтан алып шығып, тәртіптің ретсіз бұзылуына қарама-қайшы ықпал ету мақсатында біраз авторларды қарастырады. Осы авторларды сәйкес контексте еске түсіруге тырысады. Жоғарыда атап көрсетілгендей, халықаралық қатынастар теориясындағы қиын уақыттарда қойылған өзекті мәселелерге жауап туындайды. Бұрынғы жауаптар уақыт өзгерген сәтте, мәселелер шешілгенде (немесе басқалармен алмастырылған кезде), мәселелер қарастырылмаған жағдаятта жойылады немесе олар өмір сүруін жалғастыра береді және тағы да басқа авторлардың танымы мен теориясын қалыптастырады.

## **«Теория бойынша»**

Теория дегеніміз не? Терминнің нақты анықтамасын табу қиын. Мұнда теория мәселеге болжамды жауап ретінде қарастырылады. Жақсы теория белгілі-бір құбылысқа жақсы негізделген және спекулятивті түсініктеме. Теориялар мәселені түсінуге және білімділікке әкеледі. Теорияландыру дегеніміз түсінсек деген ниеттегі түсіну. Халықаралық қатынастар теориялары әлемдік сахнадағы нақты байланыссыз оқиғаларды түсінуге бағытталған менталды құрылымдар.

Зерттеушілер жүздеген жылдар бойы соғыстар туралы, олардың пайда болуы мен табиғатын түсіну және олардың нәтижелерін бағалау үшін жұмыстар жазды. Соғыстың шығу тегін түсіндіру жұмыстары (сонымен қатар, бейбітшіліктің алғышарттарын айқындау үшін) халықаралық қатынастар теориясы тарихындағы толыққанды өзекті.

Кейбір теориялардың түсіндіруінше, олар оқиғалар мен жағдаяттарды қарастырады. Басқаларының айтуынша, олар моралдық әрекеттерге негізделген бағытты жасап шығарады. Кітап түсіндірмелі теорияларға негізделген.

Қағида бойынша түсіндірмелі теория мен бағыттау теориясының арасында айырмашылық бар. Бір жағынан, аталған теориялар өткен уақыт туралы эмпирикалық біліммен біріккен және әлем қалай жұмыс жасайтындығын түсіндіретіндігін жалпыға қабылданған дәйектемелердің деректерін жинақтау арқылы түсіндіреді. Екінші жағынан, теориялар бағалау пайымдауларына негізделген және әлем қандай болуы керектігін айтады (біз өзімізді қалай ұстауымыз керек, әлемді қандай болуы керек болса сондай жолға жақындату секілді талқылауларды жиі қосады).

Тәжірибеде пайымдаулардың екі түрін бір-бірінен ажырату өте қиын. «Сұраныстар мен ұсыныстар заңы» – күшті экономикалық теория. Жетімсіз қорларды тиімді таратушы әрі ұсыныстың идеологиясын жасаушы еркін нарық. Теория мен идеология арасындағы айырмашылық әрқашанда нақты болған емес.

### **«Халықаралық қатынастар» бойынша**

Мемлекет туралы болжам антика заманынан бастау алатындығы табылды, алайда мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастар туралы болжам бірінші дүниежүзілік соғыстан сәл ертерек басталғандығы туралы айтылады. Зерттеушілер, сарбаздар және мемлекет қайраткерлері, дерек бойынша жаңа мемлекет төрт не бес ғасыр бұрын мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастар туралы болжам жасады.

Халықаралық қатынастар теориясының ғылыми зерттеуі он сегізінші ғасыр соңындағы «халықаралық» деген сөз сияқты жаңа түсінік болып келеді<sup>3</sup>. Халықаралық зерттеу мен болжам жасаудың ұзақтылығы, нақтылығы және айқындылығы оның алдында болғандығы туралы айтылады (Уайт, 1991, 1 б.). Кітаптың бірінші бөлігі осы мақсатқа бағытталған. Негізгі тұжырымдамаларды және тақырыптарды, олардың қашан пайда болғандығын және қалай анықталғандығын анықтайды. Халықаралық қатынастар теориясы дәстүрінің ежелгі кезеңдері бір жағынан, қайта өрлеу дәуірінде және итальяндық соғыс кезінде, екінші жағынан, бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде болған батыстық тарих бөлігіне жатады. Фазалар үлкен көлемдегі: итальяндық, Людовик XIV, Наполеон және бірінші дүниежүзілік соғыстарымен қалыптасты. Әсіресе бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін, болған соғыстар кезінде әлем және халықаралық қатынастар теориясы туралы талқылаулар болған. Тек қана бірінші дүниежүзілік соғыс «халықаралық саясат туралы ғылымды» туындатты (Карр, 2001). Дәстүрге үлкен күш, жаңа екпін, жоғары танымалды профиль, жаңа өзін-өзі тану, миссия және осы міндетті орындау үшін жаңа институттар берді. Ол халықаралық қатынастар туралы заманауи ғылымды қалыптастырды.

Мемлекеттер арасындағы маңызды болжамдарды қайдан таба аламыз? Бәрінен бұрын, біз олардың саяси теория дәстүрінен табамыз. Көптеген саяси теоретиктер мемлекет туралы ой түйіндей отырып, мемлекеттер арасындағы өзара қатынасты талқылады. Кейде мақсатқа жету қысқаша ғана «тырысумен» аяқталды – Гоббстың ескертуінде көрсетілгендей, егеменді ел басқарушылары «гладиаторлар күйінде болады; өздерінің қару-жарақтары болады және бірін-бірі көзімен көрсетеді» (Гоббс, 1951, 187 б.). Олар Макиавеллидің «Флоренция тарихы», Руссоның «Шексіз әлем» және Юмның трактаты «Билік балансы» еңбектерінде ауқымды көлемде айтылған. Халықаралық саясат туралы бақылаулар мен болжамдарды: дипломатиялық жолдаулардан, мемлекет

басшыларына кеңестер беруден, мемлекеттік қайраткерлер мен мемлекеттік әйелдердің өмірбаяндарынан, солдаттардың хаттарынан, теологтардың талқылаулары мен халықаралық құқық бойынша мәтіндерден табуға болады. Халықаралық құқық бойынша мәтіндер халықаралық қатынастар теориясын тарихи қайта құрудың бай дерек көзі болып табылады<sup>4</sup>.

Зерттеудің басты мәселесі – түпкі деректердің өте көптігі. Дерек көздерді таңдау мен талдауды қарапайым ету және дәйектемені жеңілдету үшін, кітапта бірнеше жолдар атап көрсетіледі. Ең бастысы, халықаралық қатынастар теориясының дәстүрі оның нысаны туралы тар мағынадағы анықтаманы береді. Сонымен қатар, оның негізгі назары егеменді мемлекетте. Дегенмен, экономикалық теориялар кейде есепті аяқтау үшін талқыланады, негізгі назар егеменді мемлекеттердің арасындағы өзара іс-әрекетке бөлінеді. Мемлекеттердің әскери мүмкіндіктері мен соғыс туралы қызығушылықтары ерекше айтылады.

Негізгі мәселенің шектелуі жоғары бағаға ие: ол зерттеуді уақыт пен кеңістікте шектейді. Бұл «мемлекетті» талқылаудың басты нысаны, ал «егемендік» -басты ұғым. Екеуі де заманауи тарихта бір-бірімен өзара тығыз байланысты. «Мемлекет» ретінде аймақтық мемлекет түсіндіріледі – «үкіметке ие тәуелсіз саяси қауым жер бетінің белгілі-бір бөлігі қатынасындағы егемендікті және адамзат қауымының белгілі-бір сегментін айқындайды» (Булль, 1977, 8 б.). Аталған «мемлекет» батыс Еуропадағы өзара қарқынды әрекет нәтижесінде пайда болды, ол шектен тыс батыстық оқиғалармен және еуропалық теоретиктермен байланысты болып табылатын географиялық шектеулерді зерттейді.

«Егемендік» ретінде мемлекеттің заңды билігінің соңғы қайнар көзі түсіндіріледі. Егемендікті осылайша түсіну саяси ғылымның бұрынғы теориясында негізгі мәселені құрайды. Сол уақытта экономика «байлық» мәселесі аясында, «тіл» аясында филология, дене «денсаулық» аясында медицина және саяси ғылым «егемендік» мәселесінің аясында ұйымдастырылған.

## **«Халықаралық қатынастар теориясы» бойынша**

Халықаралық қатынастар халықаралық қоғамда барлық әлеуметтік топтардың ішіндегі адамдардың әрекетіне байланысты. Қоғам оны басқа адамзат топтарынан ажыратып қарастыратын екі белгіден тұрады. Біріншіден – айқын болғанмен нақты емес, халықаралық қоғамда мүше болу міндетті. Басқа адамзат қоғамының көпшілігі қағида бойынша ең аз дегенде ерікті мүше болуды ұсынады; жеке мүшелері егер қаласа кетулеріне болады, соңғы санкция қоғамдық тәртіпті сақтаудан бас тартатын жеке тұлғаларды мүшеліктен шығару. Халықаралық қоғамның ерекше табиғатындағы міндетті болып табылатын нәрсе – мүше болу. Ешқандай мемлекет өзінің географиялық жағдайын өзгерте алмайды; ешқандай аймақ өзгертілмейді.

Екіншіден, халықаралық қоғам абсолютті биліксіз басқарылады. Әлемдік мемлекет ұйымдастыруға көптеген ұсыныстар жасалды, алайда адамзаттың өзара іс-әрекетінің ынтымақтылығын және коммуникативтілігін айқындап көрсететін әлемдік заңды орган жоқ. Дегенмен, мұнда халықаралық құқықтың күрделі жинағы бар, осы заңдарды орындауды қамтамасыз ететін жаһандық заң шығарушы және орындаушы үкімет жоқ. Ішкі мемлекеттік қоғамда заңдар мен санкциялар саяси институттар арқылы жасалынады және қолданылады, олар қоғам атынан әрекет жасайды – ішкі мемлекеттік қоғам премьер-министр, президент немесе король арқылы ұсынылған заң шығарушы және орындаушы

органдардан тұрады. Халықаралық қоғам мұндай жоғары институттан тұрмайды (Лоример, 1877). Халықаралық қоғам теориялары басқа саяси теориялардан олар «табиғи күйде» немесе анархиялық қоғамда адамдардың мінез-құлқымен байланысты болғандығы үшін ерекшеленеді (Булль, 1977).

## **Халықаралық қатынастар теориясының эволюциясы**

Жоғарғы биліктің болмауы, кейбір авторлар айтқандай, адамзат қауымы халықаралық қоғамнан мүлде алынып тасталатындығын білдірмейді. Бәрінен бұрын ол адамның қоғамдық табиғаты әлсірегенін және өзіншіл, біржақты мінез-құлқтың үлкен үлесі ескерілетіндігін көрсетеді. Өзіншілдікті қанағаттандыруды ақтаудың дәстүрлі жолы егемендік тұжырымдамасын белгілеп көрсету. Қазіргі халықаралық қатынастар екі ұғыммен: егемендіктің бар болуымен және болмауымен сипатталады. Мемлекет ішіндегі қарым-қатынастарға байланысты қоғамда соңғы және абсолютті авторитет бар деген сенімді болжайды. Мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарға байланысты ол сенімнің қарама-қайшылығын көрсетеді – халықаралық деңгейдегі қағида бойынша қоғамның жиналуынан тыс жоғары билік болмайды. Егемендік тұжырымдамасымен негіз ретінде халықаралық қатынастар «соғыс», «әлем», «анархия» және «тәртіп» дихотомияларымен дәстүрлі түрде толықтырылды.

Ғалымдар, мемлекеттік қайраткерлер және әйел қызметкерлер егеменді мемлекеттер мен олардың өзара іс-әрекетінің сипаты туралы қашаннан бастап ойлана бастады? Халықаралық қатынастар теориясының дамуы туралы екі саты арасындағы айырмашылықты айыра білу өте пайдалы. Бірінші саты дискурстың негізгі терминдерінің пайда болуынан тұрады – заманауи тұжырымдама «мемлекет» және мемлекетаралық ұғымдары «жүйе» мен «билік балансы». Кітаптың I тарауы «Халықаралық қатынастар теориясының кіріспесі» деп аталады. Ежелгі, екі бөлімнен тұратын теория алдындағы сатыдан тұрады. I-тарауда орта ғасыр кезіндегі Батыс Еуропадағы мемлекеттер мен бірегей саяси жүйенің артуы туралы талқыланады. Бірнеше бақылаушылар дамуды байқады және осы туралы жазды. Олардың көпшілігі теологтар болды – Фома Аквинский, Пьер Дюбуа және Марсилио Падуа. Ежелгі кезеңдер бойынша олардың талдауының сапасын бағалау қиын. Мысалы, эмпирикалық бақылаулардың қашан аяқталатындығын және теологиялық тұрғыдан өз мақсаты үшін пайдалану қашан басталатындығын айту қиын.

II тарауда Еуропаның «ұзаққа созылған он алтыншы ғасыры» сипатталады. Ол ғарыштағы (Америка) қайта өрлеу дәуіріндегі жаңалықтың ашылуы зайырлы ғасырдан тұрады және сол уақыттағы жаңалықтың қайтадан ашылуы (ежелгі Греция мен Римнің ежелгі мәдениеттері) географияның, тарихтың және әлеуметтік тәртіптің дәстүрлі қалпын өзгертті. Тарауда ортағасырдағы әлемдік көзқарасқа осы аталған жаңалықтардың ашылуы қалай әсер еткендігі туралы айтылады. Осы бір кемеліне толған және дауылды сатыда халықаралық қатынастар теориясының «мемлекет» және «егемендік» секілді негізгі концептілері секілді бірінші зайырлы анықтамасы пайда болды. Ибериялық заңгер Витория, италиялық мемлекеттік қызметкерлер Макиавелли және Гиччиардини осы құрылған бірінші сатыға өздерінің негізгі үлестерін қосты.

Кітаптың II тарауы «Соғыс пен бейбітшілік философиясы» деп аталады. Халықаралық қатынастар теориясының дамуының негізгі екінші сатысынан тұрады – ренессанс дәуірінен бастап реформация дәуіріне дейін жалғасқан сатыдан, бір жағынан, екінші өндірістік революцияға дейін, екінші жағынан, бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін. Саты

төрт тарауда қарастырылады. Олар «мемлекет» және «егемендік» секілді ұғымдарды үздіксіз талдаудан және оларды кең, түсіндірмелі тәртіп аясына енгіздіруден тұрады. 3-тарау XVI-XVII ғғ. ғылыми инновациясы мен әлемге деген заманауи, рационалды тәсілдердің эволюциясынан тұрады. Халықаралық қатынастар теориясының мақсаты қазіргі таңда танымның аса зор, зайырлы жүйесіне енгізілген. Жан Боден негізгі басты тұжырымдама «егемендік» ұғымын нақты түсіндіріп, маңызды үлес қосты. Одан басқа, ол Джентили және Гоббс секілді ойшылдар арқылы жалғасын тапқан зайырлы субъектілердің арасындағы өзара іс-әрекетін қарастырды.

4-тарау он жетінші ғасырды қамтиды. Біз заманауи деп танитын концептуалды инновациялармен толықтырылған әрі үлкен тарау. Заманауи Еуропалық мемлекеттер, заманауи саясат теориясы мен тұжырымдамасының өркендеуін айқындаған отыз жылдық соғыстан басталады. Тарауда абсолютизм дәуіріндегі халықаралық қатынастар талқыланады. Оның ортасында Томас Гоббстың суреті тұр. Ол зайырлы патшалардың арасындағы қарым-қатынасты сипаттайтын әлеуметтік келісім тұжырымдамасын қолданған бірінші теоретик болатын; бірақ ол мемлекетаралық қарым-қатынастарға сәйкестік ретінде келісім жасар алдында табиғат күйінің заманауи тұжырымдамасын бірінші болып қолданды. Тарауда содан кейін Бенедикт Спинозаның Гоббстың табиғат күйі туралы тұжырымдамасын қалай дамытқандығы көрсетіледі және ол оны заңсыз әлемдегі егеменді мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарға қолданды.

Басқа авторлар Гоббс пен Спинозаның сұрықсыз кескініне таңқалды. Тарауда Эмерик Крюс халықаралық саясаттағы өзінің пессимистік көзқарасын тістерін және аяқтарын қызыл етіп бейнелегендігін көрсетеді және ол рационалды адамдар арасындағы байланыс пен үйлесімділік орнаған халықаралық өзара әрекеттің оптимистік суретін салды. Он жетінші ғасырдың теоретиктері Гоббстың пессимизмі мен Крюстың оптимизмі арасындағы аралық жағдайды қолданды. Тарауда олардың арасынан Гуго Гроцийды айтуға болады. Ол заңсыздық жағдайындағы халықаралық өзара әрекеттің өзіндік орны бар екендігін мойындады. Дегенмен, ол егер басқарушылар адамзат танымы, ортақ қызығушылықтары мен бейбітшіліктің өзара іс-әрекетінің өткен уақыттағы әдеттерінен шыға отырып, халықаралық құқықтың бірыңғай кодексі туралы өзара келісімге келсе, онда тәртіп шамалы болса да жақсарады дегенді айтады.

5-тарауда он жетінші ғасыр, сонымен қатар, Еуропалық ағартушылық теориялары қарастырылады. Халықаралық өзара әрекеттің негізгі көрінісі адамзат қоғамының негізгі, механикалық көзқарасы аясында құралған. Аталған көзқарасты аспан моделі болып табылатын Исаак Ньютон қолдады және оның типикалық көрінісін билік теориясының ежелгі балансынан тапты. Тарау Джон Локктың талқылауынан басталады. Локктың теориясын кеңейткен және оны халықаралық қатынастарда қолданған Эмерик Ваттелмен жалғасады. Ол бірнеше беттерді Жан-Жак Руссоның әлеуметтік философиясына арнайды, контрастка толы күрделі кейіпкер және мәңгілік әлем туралы теориялары халықаралық қатынастардың келесі ойшылдарының ұрпақтарын шабыттандырды. Тарау білім беру теориялары Еуропада (Юм, Смит, Бентам және Кант бойынша) және олар мемлекеттердің әлемдік федерациясының теориясына ұласқан Америкада (Пейн, Франклин, Гамильтон және Мэдисон) бейбітшілік пен тәртіп мәселелері бойынша талқылаулармен аяқталады.

Егер, он сегізінші ғасырдың теориялары өз ойын білдірудің механикалық көзқарасы негізінде құрылса, онда он тоғызыншы ғасырдың теориялары «прогресс» немесе «эволюция» ұғымдарының органикалық бейнесін енгізді. 6-тарауда бірінші халықаралық өзара қарым-қатынас Англияның өндірістік революциясының экономикалық инновациялары мен Америка, Франция революцияларының саяси идеалдары негізінде



өзгергендігін көрсетеді. Революционерлердің ағартушылық универсализмі континентке жергілікті жеке ықпал туғызды. Олар ұлтшылдықтың заманауи идеясын және саяси ойлардың толыққанды жүйесін туғызды, олардың арасында либерализм мен радикализм идеологиясы танымал болды, Франция революциясының эксцесінен кейін консерватизм танымал болды. Саяси ой мен халықаралық қатынастар теориясын өзгерткен импульс тәсілдері Георг Вильгельм Фридрих Гегельдің идеялары арқылы көрініс тапты.

«Халықаралық қатынастардың классикалық ғасыры» атты III тарауда халықаралық қатынастар «халықаралық саясат туралы ғылым» ретінде бекітілген толыққанды сағы сипатталады (Карр, 2001 [1939], 3 б.). «Соғыс пен бейбітшілік философиясынан» «халықаралық саясат ғылымына» ауысу кенеттен болған үзіліспен ғана болмайды, уақыт ағысымен ескеріледі; заманауи тарихтан қазіргі тарихқа дейінгі аралықтағы материал эволюциясы секілді. Аталған ауысу он тоғызыншы ғасырда орын алды және екі «өндірістік революциядан» тұрды. Сонымен қатар, ол жаңа әлеуметтік ғылымдар мен жаңа әлеуметтік теориялардың дамуынан тұрады. 7-тарау индустриализмнің өркендеуі батысты басқа әлемге қарағанда қалай бай және күштірек ете түскендігін көрсетеді. Байлық пен билік арасындағы кең үзіліс батыс пен басқа мемлекеттер арасында пайда бола бастады, ұлтшылдықпен өзара әрекеттесе отырып, ғасырдың соңына қарай батыс империализмінің кеңейуі толқынына жол ашты. Он тоғызыншы ғасырдың соңғы он жылдығында туындаған халықаралық қатынастар теориясындағы дамулар – Дарвиннің эволюция теориясы тереңірек із қалдырды.

8-тарауда жүз жылдықта даярланған «халықаралық саясат ғылымы» бірінші дүниежүзілік соғыс ықпалымен құрылғандығы туралы айтылады. Халықаралық қатынастар теориясының туындауы бейбітшілікті орнату жолдарын іздеген академиктердің және жаңа әлемдік тәртіп орнатқысы келген ірі конференцияға даярланған дипломаттардың ынтасымен пайда болды. Жаңа пәнде алғашқыда он тоғызыншы ғасырдың менталды фурнитурасы; жекелеп алғанда британдық сыртқы істер мүшелері мен АҚШ президенті Вудро Вильсон көрсеткен ағылшын-американдық бейбітшілік қозғалысының либералды өзара қарым-қатынасы негізінде басшылық жасады. Дегенмен, теориялар континентте, Владимир Ленин және содан соң Адольф Гитлер секілді күшті, либералды емес басшылар жасаған дәйектемелер негізінде кереғар пікірге ие болды. Тарауда Гитлер және оның Германия мемлекетін қайта ұйымдастыруда қандай жолдарды ұстанғандығы, Германия халқын қалай өз жағына шығарғандығы және империалды экспансия соғысын қалай бастағандығы туралы талқылаумен аяқталады.

9-тарауда жекелеген мемлекеттік қайраткерлердің маңыздылығы туралы айтылады. Ол Гитлерден және оның нәсілдік тазалығының био-ұлттық бағдарламасын сипаттаудан басталады. Ол Черчилльдің, Рузвельттің және Сталиннің Гитлерді ұстау және оның рейхын жою мақсатында жұмыс жасаған жолдарын көрсетумен жалғасады. Сосын, тарауда олардың ұлтшыл Германияны тоқтатуға бағытталған үлкен тырысулары Еуропа мен оның ежелгі мемлекетаралық жүйесін құрдымға әкелгендігі туралы айтылады. Соғыстан кейін АҚШ атом бомбасының монополиясымен және әлемнің саяси және қаржылық институттарына басшылық жасауымен әлемдегі ең бай және қуатты мемлекеттің біріне айналды. Оқиғалар – Гитлердің өркендеуі мен оны жеңуге арналған соғыс – реалистік теориялардың басшылық жасауынан көрініс тапқан дәуірдегі халықаралық қатынастар теориясы ғылымын қалыптастырды. Тарауда Ганс Моргентаудың жұмысына ерекше назар аударылады.

10-тарау батыс әлемінде Американың өзінің жаңа тәртібін орнатуында табысты болуынан басталады. Содан соң, ол АҚШ-тың Кеңес Одағымен тең болғандығын ескерте

отырып, Американың соғыстан кейінгі ықпалының шектелуі туралы талқылайды. Орталық Еуропадағы американдық-кеңес бақталастығы орталық Еуропада шиеленісіп кетті және содан соң барлық Еуропаға жайылды. Одан соң ол орталық шығыс пен Азияға жайылды. 1950 жылға қарай ұлы державаның қарқынды қарсылығы әлемнің аймақтарының көпшілігіне таралды, халықаралық жүйені биполярлы етті және келесі елу жылдық көлемінде оның жұмысына ықпал етті. Тарауда либералды интернационализм теориялары реалистік тәсілдер державалар қарым-қатынасын талқылауда басты рөл атқарған кезде батыс мемлекеттердегі қарым-қатынастар түсіндіру барысында дамығандығын көрсетеді. Тарауда, сонымен қатар, осы сәтте, американдық бақылаушылар Кеңес Одағының ішкі жұмысы туралы көп білмегендігі туралы айтылады, стратегиялық зерттеулер пайда болды: халықаралық қатынастар теориясы мамандандырылған бөлімшелерден тұрды, ол реализмнен пайда болды, рационалды субъект модельдермен және ойын теориясымен қанықты.

11-тарау Корея соғысының басталуы мен Сталин өлімінен кейін болған өзгерістермен басталады. Екі оқиға да қырғи қабақ соғыс табиғатына әсер етті және халықаралық қатынастар теориясына ықпал етті. Тарауда батыс Еуропа интеграциясының басталуы мен өзара тәуелділіктің либералды теориясының туындауы сипатталады. Мұнда, сонымен қатар, «үшінші әлемде» туындаған либерацияның жаңа соғыстары мен тәуелділіктің радикалды теориясының өркендеуі туралы айтылады. Тарау ғылыми халықаралық қатынастар теориясы аясындағы өркендеп келе жатқан дебаттарды жүйелеуге тырысқан екі ғалымды қарастырумен аяқталады. Лондонда Мартин Уайт үш тәсіл көзқарасы тұрғысынан халықаралық қатынастар бойынша әдебиеттер тізімін жасады. Нью-Йоркте Кеннет Н. Уолтц талдаудың үш деңгей ұғымын дамытты. Уайт пен Уолтц жасаған концептуалды кестелер тұтас ғасыр бойы халықаралық қатынастар теориясына зор ықпал етті.

12-тарау Кариб дағдарысынан басталады. Ол күшті державалардың реттелмейтін бәсекелестігінің қорқынышты сипатын көрсетеді және ядролық қаруды қолданудың қажеттілігіне американдық және кеңес басшыларын көндірді. Сол уақыттағы, қырғиқабақ соғыстың жаңа аспектісі көтеріліске шығушылар батыс отарлық державаларына ұсыныс жасап, тәуелсіздік талап еткен кезден басталады. Кеңес Одағы үшінші әлемнің тәуелсіздік қозғалысын жүйелі түрде қолдай бастады, отаршылдыққа қарсы күрестің батыстағы студенттер мен ғалымдарға электрлік нәтижесі болды. Көптеген ғалымдар көтеріліске қатысушылардың ісіне жаны ашыды және олардың жанашырлығы радикалды саяси теорияның өркендеуінде көрініс тапты.

Үшінші әлем еліндегі көтеріліс жасаушылармен болған радикалды теориялар, 12-тарауда айтылғандай, 1960 жылдардың соңынан бастап халықаралық қатынастар теориясына терең әсер етті. 13-тарауда халықаралық қатынастар теориясы қалай өзгергендігі туралы айтылады; революциялық саясат либерализм өркендеп, танымал болып жатқан сәтте қалай өзінің ықпалын жоғалтқандығы туралы айтылады. Өзгерістер Батыста басталды – бірінші Британияда, содан соң АҚШ-та және әлем бойынша жылдам таралды. Неолиберализмнің экономикалық логикасы халықаралық қатынастар теориясына терең әсер етті. Одан басқа, ол реалистік тәсілдің жаңа, құрылымдық негізін қамтамасыз етті. Кеннет Уолтц жасаған жұмыстың нәтижесі бар болатын еді. Тарауда құрылымдық тәсілдер туралы айтылады және 1970 жылдардағы «құрылымдық реализмнің» немесе «неореализмнің» туындауына айрықша назар аударылады.

«Халықаралық қатынастар теориясының болашақ тарихы» атты кітаптың IV тарауында «қырғиқабақ соғыстың» аяқталуы туралы айтылады және қырғиқабақ соғыстан кейінгі

әлем теориясы бойынша бірнеше ғылыми талдаулар қарастырылады. 14-тарауда алдымен 1991 жылы Кеңес Одағының құлдырауына әкеліп соққан бірнеше оқиғалар туралы айтылады. Содан соң, Кеңес Одағының құлдырауынан кейінгі батысты жайлаған жеңімпаз көңіл-күйін талқылайды. «Қырғиқабақ соғыстың» аяқталуынан кейінгі халықаралық қатынастар теориясы Кеңес Одағының жеңілгендігі және батыстың өзінің сенімді либералды идеалдарымен жеңімпаз болғандығы туралы батыстық көзқарастарға толы болды. Неоидеализм толқыны батыс әлемін де қамтыды. Мемлекеттік қайраткерлердің және мемлекеттік қызметте жұмыс жасайтын әйел кісілердің шешендігін әсірелей түсті және ғалымдардың теорияларына ықпал етті. Адам құқығы, еркін сауда, демократиялық басқару және халықаралық заң неолибералды идеалдарды батысқа әкелді. «Демократиялық бейбітшілік» теориясы Кеңес Одағының құлдырауынан кейін құрылымдық реализмнің алғышарттарына негізделген түрде қайта туындады және шегіне жетті.

15-тарауда халықаралық қатынастар теориясының жиырма бірінші ғасырға дейінгі тарихы туралы айтылады. Негізінен жаһанданудың идеалистік аспектілеріне, қырғиқабақ соғыс ғасырынан кейінгі неоидеализмге, сандық коммуникациялық технологияларының пайда болуына және олардың идеология мен қабылдауға әсеріне бағытталады. Постструктуралистік теорияны, постпозитивтік әдіснаманы және постмодернистік күйді сипаттаған ер кісілер мен әйел кісілер – ғалымдар туралы айтылады және талқыланады. Біріншіден, философиялық зерттеулер жолдары талқылауға қайтадан қайтарылғандығына және екіншіден, осы кітапты мысал ретінде ала отырып, халықаралық қатынастар теориясы тарихына пән ретінде қызығушылық ояғандығына айрықша назар аударылады.

## **Зерттеу мақсаты**

Кітапта халықаралық қатынастардың теориялық дәстүрі сипатталады. Мұнда осы дәстүр авторлары «ғалымдардың қауымдастығын» құрайтындығы және аталған дәстүр ежелден келе жатқан дәстүр екендігі туралы айтылады. Өткен кезеңде ұзақ уақыт бойы байлықты, соғысты, бейбітшілікті және билікті зерттеген саудагерлерден, солдаттардан, ғалымдардан және мемлекеттік қайраткерлерден тұрады. Дәстүр ежелден бастау алуы мүмкін және оның ежелгі авторларының арасында Каутилья мен Фукидид секілді авторлар бар.

Аристотель оның ежелгі авторларының бірі болып табылады. Ол адамзат табиғаты бойынша саяси жануар - хайуанаттар бағы деген болжаммен саясатты жүйелі зерттеудің негізін қалады. Аристотель саясат туралы білімді адамзаттың құрбандығы мен мінез-құлқынан бөліп алып қарастыруға талпыну қателік екендігін айтты. Аристотель адамдар әлеуметтік контекстен тыс өмір сүре алмайтындығын ескертіп айтты: «қоғамда өмір сүре алмайтын немесе өзіне жеткілікті деп ойлайтын, қоғамда өмір сүру қажеттілігі бар болып табылмайтын адам жануар немесе құдай болуы қажет».

Содан бері, саяси теоретиктер саяси субъектілер өздері өмір сүретін әлеуметтік контекстің ықпалында болатындығы туралы Аристотельдің дәйектемесін бекітті. Олар қағиданың саяси теоретиктерге қолданылатындығымен келіседі: ландшафтпен құрылған және мәдениетімен байланысты уақыт та оған ықпал етеді. Олардың дискурсы оларды қоршаған және қабылдауын, тәжірибесін және білімін қалыптастыратын бейнелер мен мифологияларға байланысты. Әлеуметтік контекст – бір тарихи дәуірден басқа дәуірге немесе бір мәдениеттен басқа мәдениетке өзгергенде теоретиктер әртүрлі формада қалыптасады және мақсаты әртүрлі тәсілдер мен мәнерлер арқылы беріледі.

Халықаралық қатынастар теориясы кеңістік пен уақыт аралығында болады. Мутация мен трансформацияға тұрақты ұшырайтын пәннің тарихын білу, осы кітапта көрсетілгендей, көбінесе хамелеондарды аулаған секілді. Роберт Хейлбронер капитализмнің қысқаша тарихын жазғысы келген кезде, ол өз пәнінің тұрақты трансформация мәселесімен ұшырасты. «Пайдалы», -деді ол, осы қиын міндетті шешу, өзіндік түсіну, түсіндіру және болжам жасау әлеуметтік ғылымның жетістіктері емес, адамзат тәжірибесінің универсалды атрибуттары болып табылады, олар ешқашан толыққанды болмайды, дегенмен толыққанды адекватты да болып табылмайды. Олар түрлі әлеуметтік жағдаяттарда түрлі деңгейде кездеседі. Сонымен, біздің қарастыру мәселеміз біздің түсінуімізден, түсіндіруден немесе болжаудан ғана тұрмайды, осыны жасаудағы біздің қабілеттілік шегінен тұрады (Хейлбронер, 1986, 180 б.).

Халықаралық қатынастар теориясының тарихы туралы кітап Хейлбронердің *ad notam* «ескерту» деп аталатын кеңесіне тоқталады. Халықаралық қатынастар теориясында (басқа әлеуметтік ғылыми пәндер секілді) тұрақты шектелген зат аймағында жаңа білім жинақтай отырып, олар прогресс жасайды деген мағынада айтылмайды. Зерттеу мақсаты халықаралық қатынастар теориясы палеологиялық өткен кезеңнің эволюциясын бейнелеуден түсіндірмелі қағидалардың толыққанды жиынтығына келетіндігін ғана білдірмейді. Мұндағы міндет «хаттар республикасымен» өзара іс-әрекеттесуден тұрады және өткен кезеңдегі бақылаушылар халықаралық саясаттың табиғаты мен логикасын түсінуге тырысқандығынан тұрады.

## Ескертулер

1. Белгілердің талқылануын тараудан табуға болады. Моисей мен Кнутсен (2012, 183 б.). Ғалымдардың кең виртуалды қоғамдастығы идеясы Пьер Бейльдің «хаттар республикасы» туралы ұғымынан Карл Поппердің (1979) «3 әлем» туралы идеясына заманауи білім философиясы арқылы көрініс табады.

2. Никколо Макиавелли (1961, 90 б.) осы айырмашылықты жасаған алғашқы авторлардың бірі болды; алайда Дэвид Юм (1955, 26 б.) өте атақты болуы мүмкін. Юмның кенеттен осылай жіктеуі кейіннен басқалар арқылы қайта жасалынды (қараңыз, мысалы, Поппер, 1963) және әлеуметтік зерттеулердің ғылыми ядросын анықтау үшін аса пайдалы болып табылатын өңдеулерден тұратын дебаттар.

3. «Халықаралық» сөзі алғаш рет Джереми Бентамның [1789] «Моральдар мен Заңдылық қағидалары» атты еңбегінде көрініс тапты. Бентам сөздердің танымал новаторы болды; алайда оның көптеген неологизмдері бұрынғыша прессадан туындады –келесі сөздер, фтананопарономиялық (заңгер офицердің қызмет бабын теріс пайдалануы) немесе полемик-тамиутик (әскери техниканың саботажын білдіреді) қолданысқа ие болмады. Дегенмен, «Халықаралық» сөзі үлкен танымалдылыққа ие болды. Бентам осы терминнің мағынасын түсіне отырып, осы терминнің нақты пайда болуы туралы сілтеме береді. «Халықаралық деген сөз - жаңа», -деп мақтанды ол (Бентам, 1948, 326 б.).

4. Уайт (1991, 1 б.) заң пәні халықаралық қатынастар теориясының ұзақ және тұрақты дәстүрінен тұрады. Бентам да солай. Ол тіпті «халықаралық» терминін ойлап таппастан бұрын, онда оның кенеттен пайда болуының барлық белгілері бар екендігін сезінді және оны заңгерлік тұрғыдан анықтады. Жаңа термин, «ұлттар заңы деген атауы бар құқық саласын атап көрсетуге бағытталған», -деді ол (Бентам, 1948, 326 б.).

## I тарау. Кіріспе

### 1

### Халықаралық қатынастар теориясының құдайлары, күнәһарлары және кіріспесі

Халықаралық қатынастар теориясы дәстүрінің шығу тегін қай ғасырдан қарастырғанымыз дұрыс болып табылады?<sup>1</sup>. Бір жағынан авторлар бірінші дүниежүзілік соғыстан бастауымыз керектігін айтады. Өте кеш. Бірінші дүниежүзілік соғыстан бұрын, халықаралық қатынастардағы соғыс, бейбітшілік және күш қуат мәселелерін талқылаған әдебиеттер бар болатын. Екінші жағынан, жазба тарихтың шығуынан бастауымыз керек деген авторлар бар. Бірақ ол өте ерте болып саналады. Ксенофон, Фукидид және басқа классикалық авторлардың танымал талқылаулары мен жаңа теоретиктер дәйектемелерімен ешқандай да бірімен-бірі байланысқан байланыс жоқ болып табылады.

Халықаралық қатынастар теориясының генеологиясы неліктен келіспеушіліктерге толы болғандығы туралы талқылауларға көптеген себептер бар. Бір себеп мұндай талқылаулар «дәстүр» дегеніміз нені білдіреді деген нақты емес болып табылатын идеядан тұрады. Сондықтан да «тарихи дәстүр» мен «аналитикалық дәстүр» арасындағы бастаманы анықтап алған тиімді болып табылады (Ганнелл, 1978; Шмидт, 1998, 24 б., 61). Кітапта соңғы «аналитикалық дәстүр» қарастырылады.

*Тарихи дәстүр* қарапайым тәжірибенің өзіндік құралған моделі ретінде анықталады. Халықаралық қатынастардың тарихи дәстүрі антика заманынан – Ксенофон, Фукидид, Геродот, Ливи, Плутарх және басқа да ежелгі авторлардан бастау алады: олар соғыстың себептерін талқылады, тұтқынға алу және бірдей теңдік тәжірибесін сипаттады, ханзадалар мен ханшайымдар елдерді жаулау үшін бөлінеді және қорғану үшін одақтар құрады деп айтты. Дегенмен саяси тәжірибелер саяси теориялардың бар екендігін және соны білдіргендігін білдірмейді. Нақты айтқанда, саяси тәжірибе саяси теорияның алдында, халықаралық қатынастардың тарихи дәстүрі аналитикалық дәстүрден бұрын болғандығы туралы талқыланады. Дэвид Юмның дәйектемесі (1985, 337 б.), билік балансы саясатқа тән; табиғи тұрғыдан басқа адамның сенімімен семсерлесушінің соққысы қатар жүретін саяси қарым-қатынастан тұрады. Осыған орай, ежелгі есептесулер «жалпы сезім мен нақты себептердің» бар болуын көрсетеді (Юм, 1985, 337 б.).

*Аналитикалық дәстүр* зерттеушілер белгілі бір концептілерді, тақырыптарды және мәтіндерді функционалды ұқсас деп санайтын уақыт аралығындағы бекітілген интеллектуалды байланыс немесе ойлаудың иемдену моделіне жатады. Аналитикалық дәстүр

ретінде халықаралық қатынастарды зерттеу бірнеше ғасырдан бұрынғы ғасырға жатады. Фукидид ежелгі Грециядағы билік балансы тәжірибесінің бар болған деп куәлік етеді, алайда оның болжамы ежелгі уақыттағы –мұндай жағдайда 2500 жылға созылған, бекітілген интеллектуалды дәстүрдің бар болғандығын көрсетпейді. Шындығында, Фукидид және басқа да классиктер Греция Македон мен Римге бөлінген кезде батыстық ғылымнан құр қалды. Рим құлдыраған кезде, олар барша назардан тыс қалды.

Римнің құлдырауы қазіргі зерттеудің бастауын білдіреді. Осыған қарама-қарсы, халықаралық қатынастар тақырыптары мен концептілері арасындағы бекітілген интеллектуалды байланыстың басталуы Римнің құлдырауын жеделдеткен примитивті, қиын және турбулентті ғасырдан бастау алуы да мүмкін екендігін жоққа шығармауымыз керек. Бірақ, «Орта ғасырлар» еңбегінің бірнеше авторлары халықаралық іс мәселелерін кеңінен қарастырды. Кассиодор (490–583) «*Готтар тарихы*» атты еңбегінде соғыс мәселелерін қысқаша талқылады; Григорий Турский (538–94) «*Франктер тарихы*» атты еңбегінде дипломатия мәселелерін қозғады; Павел Диакон (720–99) «*Ломбардтар тарихы*» атты еңбегінде екі тақырыпты да қамтыды; Ұлы Папа Григорий (590–604) Византияға Римнің елшісі мен өкілі болып тұрған жас кезіндегі тәжірибелері туралы жазды.

Тарауда халықаралық қатынастар теориясына жақын бірнеше терминдер мен ұғымдар сызбасы – мемлекеттер мен мемлекет қарым-қатынастары концептілері, бейбітшілікті бағалаудың ежелгі ұғымдары және соғыстағы ережелерді бекіту нәтижесінде қол жеткізу мүмкіндігі көрсетіледі. Батыста біршама тәртіп орнатқан феодал институттарының баяу пайда болуын да талқылайды. Соңында осы институттардың табиғаты және олар қабылдаған тәртіп туралы талқылауларының дінге толы болғандығы туралы айтады, ол Августин, Геласий және ал Шайбани секілді мұсылман авторларының жазбаларынан белгілі болған еді. Саяси талқылаулар классикалық ойлауды қайта табу арқылы кеңейді – әсіресе Аристотель – Аквинский, Дюбуа және Марсилио секілді ойлаушылардың еңбектері арқылы көрініс тапты.

## **Алыс Батыстың құлдырауы мен көтерілуі**

Рим б.э.д. 500 ғасырдан бастап Еуропа, Кіші Азия, Орталық Шығыс және Африканың солтүстік жағалауын бірлік пен тәртіпте ұстады. Біздің эрамыздың төртінші ғасырында империя саясаткерлері жемқорлық пен тоқырауға ұшырады. Әскер ықпал алды; генералдар бірімен-бірі соғысты; олар өздеріне қызмет жасауға арналған варварлықтардан жинақталған топ құрды; императорларды тағайындауды және тағайындамауды солар шешті. Рим қалалары құлдырай бастады; өнеркәсіп пен сауда төмендей бастады. Империяның шығыс бөліктері күшті, бай және біріге бастағаннан бастап, Император Константин біздің эрамыздың 330 жылы империя астанасын Византияға (Константинополь) көшірді. Сонымен, ұлы Рим империясы батыс және шығыс жарты болып екіге бөлінді.

Осы бір әлсіреген мемлекетте, империя кенеттен ұлы мигранттардың (380-450) толқынына ұшырады. Константинопольді біздің эрамыздың 380 жылдары қорқытып, үрейін ұшырған, 396 жылы Грецияны талқандаған және Римді 410 жылы тонаған оңтүстік Ресейден келген готтар арқылы ынталандырылды. Күллі империя шайқалды. Оның батыс бөлігі осы қосылған жүктің әсерінен ыдырады. Ежелгі Рим провинцияларына қашып келген тайпалар жергілікті деңгейден басқа күшті саяси ұйымы болмады. Қауіпсіздік

пен тәртіп жойылды; ежелгі алып империя жергілікті, өзін қамтамасыз ететін, әлсіреген бөлшектерге ыдырап кетті. Нақты айтқанда, екіге: нығайтылған шығыс бөлікке және бөлшектелінген батыс бөлікке бөлінді<sup>2</sup>.

Рим империясының шығыс бөлігі ұлы мигранттар көшінен аман қалды. Рим дәстүрінде варварлықтарға шешуші айқас жасауынан пайда болды. Византиядағы үлкен астанадан, шығыс Рим империясы ортодокс діні мен авторитарлы саясаттың дәстүрлі бірлігін қамтамасыз ете отырып басқарды. Жартылай варварлықтарға қаруланған күшпен шешуші айқас жасай отырып, жартылай оларды дипломатияға ендірмей 489 жылы, мысалы, император Зено остроготтар басшысы Теодорға Италияны<sup>3</sup> жаулап алуға және басқаруға императордың атынан рұқсат берді. Византия басты Еуропа қаласының бірі болып қалды. Бірақ Византия империясы өзін әлемнің басқа елдерінен оқшаулады және Еуропада болып жатқан оқиғаларға ешқандай да басшылық жасамады.

Бізді қызықтыратын нәрсе Рим империясының батыс бөлігі. Ол ұлы көші-қон әсерінен таратылды. Коммуникациялар тоқтап тоқырады. Өндіріс пен сауда тоқтап қалды. Екі ғасыр өткен соң, аймақ тайпалардың, ауылдардың, әскери басқыншылардың, монастырлардың және сауда жасаушы кішігірім қалалардың үлкен тәртіпсіздігінен таратылды. Патшалықтар күшті басшылар болғанда көтерілді, дегенмен әлсіз басқарушы басшылар келгенде қайта құлдырады.

### *Ерте кездегі шіркеу; ерте кездегі империя*

Алыс батыстағы бірлік пен тәртіп шараларын қамтамасыз ету үшін әртүрлі институттар осы ғасырларда пайда бола бастады. Бұлардың ішіндегі ең маңыздысы шіркеу болатын. Орта ғасырлар арқылы басқа да барлық ерекшеліктерге қарама-қайшы болып табылатын жалпы батыс бірегейлігінің бастауын қамтамасыз етті. Христиан дінін сақтап қалды; Рим өркениетінің қалдықтарын сақтап қалды; сауаттылықтың дерек көзін қамтамасыз етті. Сонымен қатар, діннің, оқудың және сауаттылықтың жарығын солтүстік батыс аймақтарға таратты.

Шіркеу жартылай маңызды күш болды, себебі осынау астан-кестен уақытта орталық басқару құрылымын ретке келтіруді ұсынды және жартылай көптеген варварлықтардың жолдауы олардың өсу күшіне мүмкіндік туғызды. Осы секілді жолдаулар миссионерлер тарапынан белсенді түрде қолдау тапты және поптар қаржылай жәрдемдесіп отырды. Олар Католик Кристендомды солтүстік жақта кеңейтті және алыс батысты жалпы мәдениетте басып озды. Жетінші ғасырдағы ағылшын-саксон және сегізінші ғасырдағы немістердің орта ғасырда жасаған жолдауы маңызды болды. Католик діні мен латын тілі Рим заңының естеліктерімен және империя институттарының әртүрлі сарқыншақтарымен, бөлшектелінген континенттің мәдени бірлігі шамасымен бірге қамтамасыз етті.

Бірлікке деген басқа да маңызды күш қуат көбінше поптардың қолдауымен көтерілген және ерте кездегі орта ғасырлар кезінде құлдыраған Германия мен Франк патшалықтары болды. Бұлардың бірін Кловис (466-511) құрды<sup>4</sup>. Келесіні Каролус Магнус немесе Ұлы Карл (768-814) құрды. Ұлы Карл 800 жылы поптар арқылы батыстың ресми түрде таққа отырған императоры болды. Ең соңында оның күшті болғаны соншалық, поптарға бәсекелес болды және кең байтақ батыс аймақтарының күші мен билігін құрайтын поп пен император арасындағы ұзақ мерзімді жанжалға негіз болды. Дегенмен, Каролингтер империясы (осыған дейінгі Меровингтер империясындай) өзінің негізін қалаушы тұлғаны сақтап қала алмады. Барлық бағытта құлдыраудың басталғандығы Ұлы Карлдің өлімінен соң айқындала бастады.

Каролингтер империясының құлдырауы қиратушы көші-қонның жаңа толқындарының негізінде жылдамдатылды. Мадияр, викинг және араб шабуылдары сегізінші және тоғызыншы ғасырларда алыс батысты астан-кестен бүліншілігімен қорқытты. Бірақ, Каролингтер империясының күшті империя орталығы болмады. Сонымен қатар, ұлы Карлдың күшті кавалерлік күші болса да, өздерінің қарқындылығын көрсеткен жауынгерлермен кездескенде, далалық кішкентай аттарына (пониларына) мінген мадиярлар секілді немесе өздерінің кемелерімен Каролингтер жағалауын бойлаған викингтер секілді баяу, қолайсыз және тиімсіз болды.

### *Батыстың қалпына қайта келуі*

Мадияр тайпалары Венгрия жазықтарынан пайда болды және солтүстік Италия мен Германияға шабуыл жасады. Викингтер Британ аралдарының жағалаулары мен өзендері, континенттің Атлант жағасы арқылы шабуыл жасады. Сарацин тайпалары Италия мен Францияның Жерорта жағалауларына шабуыл жасады. Араб әскерлері, жаңа дін исламның жалауын желбірте отырып, сегізінші ғасырдың бірінші жартысында Иберияның барлығын жаулап алды және Рона жазығының орталығына шабуыл бастады. Шешуші айқастар алыс батыстағы Ұлы Карл орнатқан тәртіпті жойды. Дегенмен, бірнеше жерлерде шешуші айқастар әскери тәсіл мен ұйымдастырудың өсуін туғызған конструктивті әрекеттерді тудырды.

Дамулардың маңыздысы рыцарлық атты әскер тәсілінің эволюциясынан тұрды. Бұлар Каролингтер империясында да дамыды. Алайда, рыцарьларды қаруландыру қымбат болғандықтан, олар ұзақ уақыт бойы қамтамасыз етуге қымбат болып саналды. Дегенмен, тоғызыншы ғасырдағы кенеттен болған викинг және мадияр шабуылдары Франк аймақтарына варварлық басқыншылыққа үнемі ұшырай бергенше, резиденцияда қалған жергілікті рыцарьларға ауыр, тұрақты төлемдер төлеп тұрған жақсы екендігін түсінуге мәжбүр етті. Графтар мен басқа басшылар бір немесе одан да көп ауылдардан кіріс жинаудың орнына әскери қызметті уәде еткен рыцарьларды шаруашылық жермен қамтамасыз етті. Бір сөзбен айтқанда, варварлық жаугершіліктер жергілікті деңгейде тұрақты тәртіпті орнатқан ықпалды туғызды. Феодал қоғам бастаулары, қысқаша айтқанда, Каролингтер империясы негізінде жасалған ауыр атты әскерге байланысты болды.

Әскери революцияға тең болып табылатын атты әскер эволюциясы феодалдық тәртіптің бастамасын ойлап тапты: қаруланған қызметтің орнына үлкен жерді сый ретінде алған ('феодалдар') арнайы әскерлердің жоғарғы класы ('вассалдар'). Каролингтер империясы құлдыраған кезде, әскери класс империядан кейінгі тәртіпті анықтаушы белгі ретінде қалды. Алайда, империясыз оны ұстап тұру нақты саяси мақсат болмағандықтан жүзеге асырылмады. Заңды түрде, оның мүшелері вассалдар немесе ханзадалар вассалдары болды (Ұлы Карл ең ұлысы болды). Бірақ, тәжірибеде олар патшалық тәртіпті орындамады; жаңа монархтар өздерінің талаптарын орындату үшін әскери күші немесе фискалды базасы болмады. Еуропа сондықтан феодал меншігіндегі жерлерде тұрған адамдарды басқару құқығын алған қаруланған лордтардың ережесіне бағынды. Олар әділеттілікті орнатты, салықтар және ауылшаруашылық өнімдерін жинады, резиденттерден жұмыс күшінің қызметі мен әскери қызметін талап етті. Үдеріс барысында олар әскери элитадан қоғамдық элитаға айналды. Оның мүшелері өздерін Рим үлгісіндегі ақсүйектер және соңғы кездері пайда болған империялық атаулармен, атап айтқанда *сырттан келгендер* (count) және *көсем* (duke) деп атады.





1.1-сурет. Ислам, Византия және Алыс Батыс, 1025

Қарапайымдылық ретінде, ерте кездегі феодал қоғамы көптеген рыцарьларды қару-жарақпен және тағаммен қамтамасыз еткен іріктелген қамтамасыз ету жүйесі болып табылды. Көптеген соғыстар арнайы, қымбат және ерекше болды, феодал қоғамына қару-жарақтарын, рыцарьлығын берді. Алайда, олардың күшіне қарамастан, әскери аристократ оның өзі ұнатқандай етіп ешқашан ешнәрсе жасамады. Себебі, ол «автономды емес» саяси құрылымды иемденді. Оның өзіндік билігі басқалармен шектелді. Оның іс-әрекет бостандығы сенімді қызметкер болумен және міндеттермен ғана шектелді.

«Феодал» сөзі *feudum* ('феодал') қызметтердің орнына инвестиция ретінде лорд өзінің вассалдарына беруі тиіс жер деген сөзден алынған. Этимология келесідей тоқтамды ұсынады: барлық феодал құрылымының жерге құқығы бар. Айтылғаннан басқа, келесідей ұсыныс қосуға болады: феодал нақты «шекараларды» сызып қоюмен ғана анықталмайды, сонымен қатар, жеке иемденушіге оны «мүлік» ретінде бере алады. Жоқ, феодал меншігіндегі жер иелігі шартты меншіктің және жеке биліктің бірігуі болатын – меншік шартты болатын, себебі, ол лордтың іс-әрекетінің еркіндігін шектейтін әлеуметтік міндеттерден тұрды; вотчина тұрғындарының оның билеушісінің үйінде тұру құзырет құқығын беретін билік жеке болды. Жүйе артық тұжырымдамадан тұрғандықтан күрделі болды, себебі шектелген құқық лордтардың әрқайсысына бірдей жер меншігіне әртүрлі лауазымдар берілгендігін білдірді. Нәтижесінде, ортағасырлық билік жүйесі үкімет құқықтарының аяқталмаған және жабық құрақ көрпесі секілді көрініс тапты (Стрэйер, 1970); Тор желісінде «түрлі құқықтық инстанциялар географиялық тұрғыдан шатысқан және бөліктелген болды және есепсіз көптік, асимметриялық сюзеренитеттер және аномалды анклавтар көп болды» (Андерсон, 1979, 37 б.). Ортағасырлық саясат тіпті

жоғарғы лордтың өзі шектеулі болып табылатын гетерогенді жүйе болатын. Оның іс-әрекеттері басқа жоғарғы лордтармен, папалармен (дін қызметкерлері мен дворяндардың тәртібін бақыламаса да, түрлендіре өзгертуге мүмкіндігі бар) немесе монархтармен (1000 жылға дейін Англияда, Францияда, Германияда және Пиреней түбегінде дамыған) шектелді<sup>5</sup>. Ол Италияда, Рейн облысында және Нидерландыда және қала-қамалдардың және күшті қала-мемлекеттердің өсіп өркендеуіне себепші болған және мыңжылдықта біртіндеп өсіп өркендеген қалалармен және сауда құрылымдарымен шектелді.

Мемлекеттер бар болатын, дегенмен олар басшылық жасамады. Ортағасырлық Еуропа шын мәнінде мемлекеттік жүйе емес еді; ол монархтар, дворяндар, дін қызметкерлері мен қалалар арасындағы саяси келісімдердің аралас калейдоскопы болатын (Спрут, 1994).

## Ортағасырлық үш өркениет

Б.э. 950 жылына таман Батыс әлемінде Жерорта теңізінде біріне-бірі қарама-қарсы тұрған үш әртүрлі өркениеттер болды: византиялық, арабтық және «варварлық» өркениеттер.

### Византия

Жоғары орта ғасырдың алғашқы өркениеті Византия империясы болды. Ол ұлы көштің шабуылын бастан өткерген шығыс Рим империясынан тұрды. Византия христиан дінін ұстанды және тілі мен мәдениеті грек тілінде болды. Географиялық тұрғыдан, ол Босфор бұғаздарын қорғады және күзетті; рухани тұрғыдан, ол православие, христиандық нұсқадағы грек-рим дәстүрін ұстанды. Сауда мен кеме қатынасы ежелгі уақыттағы деңгейде жалғаса берді.

Византия ғылымы классикалық дәуірдегі секілді шығармашыл және икемді болған жоқ, алайда ол әлі де дамыған өркениет қатарында болды. Көптеген христиандықтар үшін Византия императоры әлемнің жоғарғы билеушісі еді; оныншы ғасырға таман миллиондаған тұрғыны бар Константинополь сол уақыттағы үлкен және әлемдегі аса көрнекті қаланың бірі болды.

Византия билеушілері үнемі жаулап алу қаупін бастан кешірді. Олар осыны бастан кешіре отырып, соғыс пен дипломатия өнерін дамытты. Варварлармен жақсы соғысу үшін ежелгі империя тиімді далалық әскерді қалыптастырды, кішігірім, императорға тікелей бағынышты әрі ұтқыр әскери бөлім болды. Варвар тәсілдерінің өзгерісіне жауап ретінде, қаруланған атты әскер алтыншы ғасырдан кейін тұрақты мәнді иеленді. Оқиғалар *Peri Polemon* (немесе «Соғыстар») атты сегіз кітабында – императорлардың Джастин I (518–27) және Юстиниан I (527–65) персиялықтарға, вандалдарға және готтарға қарсы ұзақ күресі қарастырылады. Кітаптарды Прокопий Кесарий (ғ.500-70) жазды және Фукидидке ұқсағысы келгендігі байқалады.

Прокопий тарих пен соғыс туралы ежелгі мәтіндерді зерттеуде бірегей болған жоқ. Ондай мәтіндер мектептерде, университеттерде және кітапханаларда жинақталды және көшірмесі түсірілді. Византия кітапханалары содан бері жоғалып кеткен көптеген маңызды жұмыстармен бірге классикалық әдебиеттермен толықтырылған. Тұрғындар өздерінің қандай ұзақ өркениетті мұраға ие екендіктерін тамаша ұғынды. Византиялық ғалымдар классикалық мәтіндерді барлық пәндер бойынша, сонымен қатар, дипломатия мен әскери іс-әрекеттерде, анықтамалар, жинақтар және түсіндірмелер құрау барысында

қолданды. Соғысты жүргізудегі аса бір танымал оқу құралы *Strategicon* еді. Император Лео III (717–41) кезінде жазылған әскери оқу құралы соңғы тәжірибе кезінде ежелгі әскери сентенцияларды сыни тұрғыдан қайта қарауға деген тәуелсіздіктің төмен деңгейін көрсетті; оның ұсыныстарының арасында шайқасудың икемді түрлері, терең қорғаныс және алдын ала ойластырылған маневрлер болды. Тағы бір зерттеу Император Лео VI (886–912) басшылығымен жазылған оқу құралы «*Tactica*» болды. *Император Морис* (582–602) кезінде жазылған ежелгі оқу құралынан (*Strategicon den амалатын*) алынған еді.

Византия империясының ішкі ресурстары жаулап алушыларға тұрақты да табысты болып табылатын әскери жауапты үнемі бере алмады. Олар, сонымен қатар, келіссөздер жүргізу, қарсылық көрсету және өздерін өздері тежей білу өнерін білулері қажет еді. Византия дипломатиясында қолданылған негізгі әдістердің бірі жауларының арасында өзара дау және олардың арасында бақталастық туғызып әлсірету болатын. Екінші дипломатиялық әдіс көрші елдермен дос болу үшін пара беру және жағымпаздық болатын. Үшінші әдіс өздерінің құдайға сенбейтін көршілерін христиандық сенімге тарту болды. Оныншы және он бірінші ғасырларда қолданылған ең соңғы әдіс мемлекеттік қазына қаржысы төмен болған кезде, византиялық ханшайымдарды шетелдіктерге тұрмысқа беру болатын (Гамильтон және Лангхорн, 1995, 17 б.). Мұндай тәсілдерді бір мезгілде қолдану византия императорларына өз ықпалын Судан, Арабия және Абиссинияға тартуларына және Қара теңіз және Кавказ жағалауындағы тайпаларға билігін жүргізуіне мүмкіндік берді (Никольсон, 1988, 10 б.).

Соғыс пен дипломатиядағы іс-әрекет халықаралық қатынастардың тарихи дәстүрін сипаттайтын элемент ретінде түсіндірілетін тәжірибе. Олар халықаралық қатынастардың аналитикалық дәстүріне ықпал ете ме деп айтуға бола ма? Тәжірибелерде теория қарастырылған ба? Мұндағы түсіндірмеден ежелгі орта ғасырдағы византия соғысы мен дипломатиясын теориялық тұрғыдан ақпараттандырылған іс-әрекет ретінде қарастыру қиын. Соғыс пен дипломатия діни тұрғыдан ақпараттандырылған еді. Дін византия өміріне толыққанды енді. Азаматтық және діни институттардың бір-бірімен тығыз байланысты болғандығы соншалық бірін-бірі бірінсіз түсіне алмайтын еді. Константинопольдағы шіркеу басшысы император тағайындаған патриарх болатын және оны тек қана император ғана жұмыстан босата алатын; император құдайдың өкілі және мемлекетпен қоса шіркеудің де басшысы болатын.

Император сарайында дипломаттар мен аудармашылар көп болды, дегенмен, оның мүшелері талдау мен теорияландыру міндеттеріне қарағанда, сыртқы істер функциясын атқарды<sup>6</sup>. Университеттер білім алушылар мен ғалымдарға қызмет етті және олардың кітапханаларында грек және рим әдебиеттері көп болды. Бірақ шіркеу мен мемлекет Византия ғылымын біріккен түрде қарастырды. Ғалымдар классикалық білім алудың барлық спектрін білді, бірақ оларға шіркеу/мемлекет құрылымы мен ежелден келе жатқан нәрселерге деген айрықша құрмет кедергі келтірді. Олар үздіксіз ежелден келе жатқан мәтіндерге түсініктеме берді, бірақ олар оған сирек күмән келтірді және ешқашан сыни талдау жасамады. Түсініктемелерді, жинақтарды, қысқартулар мен антологияларды үздіксіз құрастырды, алайда олар ғылыми маңыздылығы бар азғана болса да үлес қоса алған жоқ. «Уақыт өткен сайын, сия сауытта да шаршайды, бірақ әлемнің естелігіндегі кітаптар арасында қалатындай әдеби жұмыс қалған жоқ» (Артц, 1967, 112 б.). Византия империясында халықаралық тәжірибелер болды, бірақ оларда ешқандай теория болмады.

Екінші ортағасырлық өркениет халифаттың саяси-діни институттарымен белгілі болды. Ол Пиреней түбегінен Солтүстік Африка, Жақын Шығыс, Персия арқылы және Индияның алыс жеріне дейін жайылды; ол өркениеттері географиялық жағынан кең жайылған және интеллектуалды тұрғыдан дамыған. Діні – ислам діні. Тілі – араб тілі.

Араб өркениеті қатаң және аяусыз құралдармен құрылды. Мұсылмандар бастапқыда атты әскер жауынгерлері болатын – Мухаммед стратег және әскери басшы болатын; исламның оның өлімінен кейін кеңінен таралуы оның жолын қушылардың да айлалы стратегтер болғандығын көрсетеді. Олар өздерінің жауларын бақылау, олардың әлсіз тұстарын білу, күштілерге еліктеу, өзгермелі жағдаяттарға әскери тұрғыдан бейімделе білу қабілеттіліктеріне ие болды. Византия әскерімен кездесу барысында Сарациндер өзінің ауыр атты әскерін ұйымдастырды. Ең таңқаларлығы бұрынғы далалық тұрғындар үлкен әскери кемелер дайындады және он жетінші ғасырдың соңында Константинопольге екі ірі жердегі және теңіздегі шабуылын жасады. Умайад династиясы басқарған (661–750) ежелгі халифат империясы бастапқы араб әдет-ғұрпын ұстанды. Алайда умайад династиясы (750) жойылып, орнына жаңа аббасид династиясы келген кезде мемлекет тәртібін қайтадан өзгертті және империяны Бағдадқа көшірді. Империяның арабтық түбірінен және оның бедуиндік мәнерінен және отырықшы қалалық мәдениет ортасынан бас тартқандығын білдірді. Бағдад орта шығыстың сауда жолдары қиылысында орналасқан еді. Өркендеп келе жатқан империяның астанасы ретінде, қала байлық, күш және көлемі жағынан тез өсті – оныншы ғасырға таман 800 000 тұрғыны болды (сосын, Константинопольден кейінгі әлемге белгілі екінші үлкен қала болды). Оның саяси мәдениеті көпестермен және кәсіби таптармен белгілі болды. Бағдадта коммуникацияның күрделі желісі болды. Қала керуендердің орталық жолында еді. Олар саудамен және қажылықпен өркендеді және ислам әлемі бірлігінің нығаюына көмектесті. Тауарлар осы бағыттар бойынша жұмыс жасады. Сонымен, идеялар мен дәйектемелер – құжаттардың материалды формасында, кітаптар және хаттар түрінде немесе мұғалімдердің, студенттердің, уағыздаушылардың және қажылық жасаушылардың адами үлгісінде болды<sup>7</sup>. Ешқандай қала аль-Рашид кезіндегі Бағдадпен тең келе алмады. Тіпті Ұлы Карлдың соты халифтің ғалымдығымен, сыпайылығымен және әдемілігімен бақталас бола алмады.

Аббасидтер білім мен оқытуды бағалады. Мектептер жүйелі түрде құрылды, қағида бойынша, мешіттермен байланыста болды. 900 жылға қарай әрбір мешітте бастауыш мектеп болды<sup>8</sup>. «Аббасид ғалымдары грек-рим дәстүрінің аударылған жұмыстарын зерттеді. Олардың көпшілігі Аристотельдің ықпалында болды. Басқалары батыстық емес жұмыстармен таныс болды – әсіресе «ханзадалардың айнасы» ретінде танымал саяси түсініктемелердің парсылық жанрында болғандығы секілді<sup>9</sup>. Бірақ, соңында саяси ғылым исламмен ақпараттандырылды. Аббасидтер көпшілікке өздерінің билігін ислам діні негізінде құратындығын айтты және эмбриональды ислам заңын өз қоғамдарының құқықтық негізі ретінде қабылдады. Аббасидтердің сыртқы саясаты тарих бірегей шынайы сенім болып табылатын жаһандану әлемі мен тәртіпке қарай бағыт алғандығы туралы ұғымға негізделді. Бірақ та, ислам жеңіске жетпей тұрып әлем: исламдық (дар аль-Ислам немесе Ислам мекені) және исламдық емес (Дар-эль-Харб немесе соғыс мекені) болып екіге бөлінді. Олардың арасында Қасиетті соғыс (джихад) немесе уақытша келісімге келу түрінде қақтығыстар болды.

Сыртқы істер туралы ислам жазбалары халықаралық қатынастардың аналитикалық

дәстүрін қолданды ма? Дәстүрлі батыс көзқарасында мұның бұлай емес екендігі туралы былай дейді: соғыс пен дипломатия Византиядағы секілді Бағдатта да болды, дінмен ақпараттандырылды. Аббасидтердің ол мемлекеті шын мәнінде теократия болатын. Оның саясат пен құқықтағы талқылаулары теориялық дәйектемелерді еркін ізденуге емес, сенімге және діни басшылыққа негізделді. Әлемді шынайы құдаймен біріккен біртұтас тіршілік деп қарастыратын мұсылмандық көзқараста көрініс тапты; Аббасидтік мәтіндер көптеген мемлекеттерден тұратын әлемді бейнелеген жоқ және сондықтан да мемлекетаралық қарым-қатынастарды ұсына алмады.

Дәстүрлі көзқарас шынайы емес, дегенмен оның ешқандай өзгешелігі жоқ. «Аббасидтік мәтіндер теологиялық еді; бірақ аббасидтердің тәжірибесі прагматикалық болатын. Ғалымдар ислам доктринасымен насихатталған соғыстың тұрақты жағдайын талқылады, дегенмен ислам мен христиан әлемінің арасындағы бейбіт қарым-қатынасқа, мәдени және сауда алмасуға кедергі келтірген жоқ. Шындығында, халиф пен император сыйлық немесе қарыз ретінде ақындар мен ғалымдарды алмастыру жиі болатын; алмасу мұсылман емес жандарға мұсылман территориясында орналасып сауда жасауына мүмкіндік жасады. Тәжірибеде «аббасидтер әлемді толыққанды тұтас деп санамады – әлем екі лагерьге бөлінген болатын. Одан басқа, бөліну тұрақты жауласудың жай ғана жағдайы болатын; мұсылман тәжірибесі «аббасидтер екі лагерьге бөлінген «қырғи қабақ соғыстың» қарапайым екі лагерьлі доктринасына қарағанда макро-саясатқа күрделі көзқарас танытты» деп атап көрсетті<sup>10</sup>.

Күрделілік халиф Харун аль-Рашид кезіндегі, әсіресе аль-Сияр аль-Кибир («Халықтың ислам заңы» [ғ.800]) кітабында, Бағдатта өткізілген ислам құқығын талқылаудан көрініс табады. Оның авторы аль-Рашидтың төрешісі және кеңесшісі Мухаммад ибн аль-Хасан аль-Шайбани болатын. Кітапта соғыс (джихад) пен бейбітшілік шарттары талқыланады, сонымен қатар, әскери іс-әрекет пен дипломатия қағидалары беріледі<sup>11</sup>. Ол бейбітшіл дар-аль-Ислам мен даулы дар-аль-Харб арасындағы дәстүрлі ерекшелікті орнатудан басталады, бірақ олардың теологиялық ерекшелігіне тоқталмайды. Теологиялық көзқарастың орнына, аль-Шайбани географиялық көзқарас ұстанады: ол мұсылмандар мен христиандар жер географиясының әртүрлі бөліктеріне орналасқандығын атап көрсетеді, содан соң осы территориялық сегрегацияны олардың арасындағы қарым-қатынасты келесі талқылауларында атап көрсету үшін қолайлы нүкте деп атайды.

Аль-Шайбанидың кітабындағы бірінші атап өтерлік нәрсе – онда территориалды ұйымдар арасындағы саяси қарым-қатынастардың талқыланындығы<sup>12</sup>. Екінші атап өтерлік нәрсе аймақтық ұйымдар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін заңды жүйелі зерттеуді ұсынады. Ол әртүрлі аймақтарда өмір сүретін адамдар түрлі құқықтық қағидаларға бағынатындығын айтады; бұдан ол мұсылман мұсылман емес территорияда өмір сүрген жағдайда жергілікті заң міндетті және керісінше: егер мұсылман емес (хар-би) дар -аль-Ислам аймағына енетін болса, онда ол ислам заңына бағынуы тиіс (Хаддури, 1966, 174 б.). Ол аймақтың негізгі қағидасынан шыға отырып, талқылаулары сауда қарым-қатынасына, дипломатиялық эмиссарларға және тұтқындалушылардың алмасуына әкеліп соғатын өзара кепілдік қағидасын ұсынады (Хаддури, 1966, 170 б.). Кітабының ортасында соғыс пен бейбітшілікті сипаттайды, әлем екі бейбіт ислам аймағы (дар аль-Ислам) мен даулы дар аль-Харб аймағына бөлінгендігін қайталайды және соғыс екеуінің арасында да болатындығы туралы айтады. Соғыс тұжырымдамасын кеңінен сипаттайды және соғысты жаудың опасыздар, жолдан тайғандар, бүлікшілер және тонаушылар сияқты төрт түрлі түріне қарама-қарсы жүргізуге болатындығын

қайталайды. Тек қана бірінші екі соғыс опасыздар мен жолдан тайғандарға қарсы соғыс джихад деп аталады.

Джихад діни міндеттілік болып саналатындығы айтылады және құрал көмегімен мұсылмандар дар аль-Исламды таратады және дар аль-Харбты өзгертеді және әділетті, тәртіпті және бейбіт әлем орнатады дейді. Аль-Шайбанидың дәйектемелерінде діни теология бар. Алайда, қазіргі таңдағы христиан жазушыларымен берілген теологияға қарағанда көбірек берілмеген. Мұсылмандар мен христиандар грек-рим мұраларына ие болды. Екеуі де ежелгі мәтіндерден аударылды, түсініктеме берді және оларды келешек ұрпақтары үшін сақтады. Дегенмен, кейбір ғалым-мұсылмандар жай ғана аударып түсініктеме бергеннен де артық жұмыс жасады; Константинопольдегі әріптестеріне қарағанда, мұсылман-ғалымдар мәтін жазуын да қарастырды; олар оның мағынасын зерттеді және өздерінің жасаған дәйектемелерінен тұжырым жасады. Сонымен мұсылмандар халықаралық қатынастардың аналитикалық дәстүрін қарастырды деп болжам жасауға болады – ежелгі авторларға (біршамасы грек-рим әлемінен, біршамасы парсы әлемінен) негізделген, орталық ислам ғылымы арқылы жалғасын тапқан дәстүр және бірнеше батыс ғалымдары байыппен зерттеген мүмкіндік.

### *Алыс Батыс*

Халифат пен Византия империясымен салыстырғанда, Еуропаның батыс аймақтары «өркениет» деуге келмейтіндей. Халифат жаулай алмаған және Византия ұстап тұра алмаған аймақтар варвар корольдерімен толықты, олар өздерінің жабайы ықпалын сақтап қалу үшін қолдарынан келгенін жасады. Риммен байланысты саяси бірлік ұзаққа бармады. Шіркеуден туындаған рухани келісім миграция мен оккупацияның нәтижесінде босаңсып кетті және пұтқа табынушылық трайбализміне қайта оралды. Діндердің көпшілігі христианның өткен кезеңдегі жаңғырығымен байланысты мифтер мен әңгімелердің күрделі фольклоры болды. Мемлекет секілді жоғары институттарға деген адалдық сезімі болмады (Уаллас-Хадрил, 1956). Ежелгі рим жолдары нашарлап кетті; олардың жалпақ тастары жиі алынып тасталынды және құрылысқа ыңғайлы блок ретінде қолданылды. Саяхат жасау бүлікшілер мен тонаушылардың таралуының нәтижесінде қауіпті болды.

Шіркеу биліктің және тәртіптің көп уақытқа созылған орталығы болды. Сауда дамымады, дегенмен Рим мен батыстың басқа бөлігі арасындағы қарым-қатынастар сақталды. Папа «реестр шеберлерінің» басқаруымен және беделімен мамандандырылған мұрағаттарда дипломатиялық жазбалар жинақтаған канцелярияны басқарды. Сонымен қатар, Экс-ла-Шапельдегі (немесе Аахен) Шарлеман сотының канцеляриясы бар болды – үлкен және күрделендірілген кеңсе, ол «канцлердің» басқаруымен жұмыс істеді. Ондай мұрағаттар Константинопольдің, Рим мен Аахеннің елшілерінің жұмысы тек қана өз билеушілерінің қызығушылықтарынан ғана тұрмағандығын; сонымен қатар, олар шетел соттарының ішкі жағдайы және осы соттардың бір-бірімен өзара қарым-қатынасы туралы баяндама жасағандығын көрсетеді. Ежелгі орта ғасыр елшілері, содан соң қызыл сөздің шебері болғаннан басқа басқа да себептер бойынша шетел соттарына жіберілді, сонымен қатар, олар өздерінің бақылау билігін жақсарту және өздерінің дәйектемелерінің дәлелдеу үшін де жіберілді. Елшілердің білім алуында, жеке тәртіптерінде оларды өздерінің бақылау билігін жақсарту мен өздерінің дәйектемелерін дәлелдеу үшін ортағасырлық канцеляриялар арқылы пайдаланған, олар халықаралық қатынастарды жүйелі зерттеудің негізін қалаушылар болды.

Ұлы Карл империя құрды, ол попқа күшті бәсекелес бола алды. Папа мен император арасындағы зайырлы жанжалға негіз және батыс тарихындағы саяси маңызды кезең болды. Ол, сонымен қатар, өзінің өркендеп келе жатқан империясына ғылыми және билік орталығын құрған кезде, ол интеллектуалды маңызды кезеңді құра білді. Аахенде Еуропаның барлық аймақтарынан жинақталған танымал ғалымдарды шақыратын керемет сарай салдырды. Ол халиф Харун аль-Рашидпен және патшайым Ирэнмен мәдени сыйлықтар алмасты. Ол ежелгі авторлар жинағынан тұратын сарай кітапханасын жасады. Ол өзінің патшалығындағы соборлар мен монастырлардың жанында сауаттылыққа үйрететін мектептер салуға басшылық жасады.

Ұлы Карл 814 жылы қайтыс болған кезде, Каролингтер империясы құлдырады және батыс өркениетін біртұтас бағытқа апаратын эволюцияға әкелді. Біріншіден, империяның құлдырауы батыстағы биліктің көптеген орталықтарының пайда болуына алып келді, содан соң ол қайтадан біртұтас, біріккен империя ретінде қалыптаспады. Керісінше, Батыс тоғызыншы және оныншы ғасыр кезіндегі тәуелсіз аймақтық мемлекеттер үлгісіндегі ерекше көптеген билік орталықтарын құрған саяси бірыңғай емес аймақ болып қалды. Аталған мемлекеттер христиан теологиясының доктринасымен дәйектелінді. Дегенмен шіркеу батыс ғылымында виртуалды монополияны сақтап қалса да, ешбір стандартталған теология еуропалық құндылықтар мен нормаларды толықтыра алған жоқ. Ежелгі жергілікті заң кодекстері ешқашан да толыққанды бола алған жоқ. Оның орнына, олар жергілікті саяси институттар мен үдерістерге өз таңбаларын қалдырды. Феодал жүйесі орта ғасырдың соңында сауда және қала орталықтарымен пайда болуымен түбегейлі өзгеріске ұшырады, алыс батыста (Спрут, 1994) көптеген ерекше әлеуметтік құрылулар пайда болды – қала-мемлекеттер солтүстік Италияда дамыды, қалалық одақтар неміс империясы мен Прибалтикада пайда болды, монархиялық мемлекеттер Англияда, Францияда және Испанияда дамыды.

Екіншіден, ұлы Карлдың империясының құлдырауы папа мен император арасындағы дауды шеше алмады. Каролингтер империясының сотында талқыланған мәселелерге себепші болды – билік табиғаты және діни және ақсүйек акторлар арасындағы саяси билікті бөлу туралы мәселелер. Егер папаның билігі құдай тарапынан келсе, онда императордың билігі қайдан келді? Пападан ба (папа айтқандай)? Құдайдан ба (император айтқандай)? Немесе ер кісілерден бе (императорды тағайындаған жеті неміс князьдері айтқандай)? Аталған мәселелер Каролингтер империясының құлдырауынан кейін ғасырлар бойы Еуропа саясатында үлкен талқылауға ие болды және ортағасырлық Еуропаның инвестирура сайысының негізі болды.

Сайыстың үлкен қоғамдық күресі Папа Григорий VII ретінде Хильдебранд есімді керемет және төбелеске құмар монахты 1073 жылы сайлаудан басталды. Жаңа папа батыс христиан әлемінде папалық биліктің басқаруын қалаған және кез келген беделді авторитеттерден шіркеудің тәуелсіз болуын қалаған отқа табынушы еді. 1075 жылы Григорий VII шіркеу мекемелеріне кез келген кәсіби маман болып табылмайтын адамдарға шіркеу қызметкерлерін тағайындауға тыйым салды. Сол кездегі киелі Рим империясының кеңесшілері шешімге қарсы шықты, папа оларды шіркеуден аластап шығарды. Император Генрих IV қарсы шыққан кезде папа оны да шіркеуден аластатып тастады. Император қиын жағдайда қалды. Ол папаның қолдауына ие болған Германияның күшті жауларымен бетпе-бет келді. Одан басқа, ол шіркеуден аласталған кезден бастап, неміс епископтарының алдында болатын соттан бас тартқысы келді, өйткені олар Григорийдің қарамағында еді. Сондықтан, Генри тікелей папаға барып сөйлескісі келді. Қыс орта-

сында ол Альпі арқылы саяхат жасады және 1077 жылы 25 қаңтарда Солтүстік Италияда орналасқан Каноссадағы Папа қамалына келіп жетті. Генрих IV монахтың қарапайым киімінде, жалаңаяқ және тәубеге келген түрде қамалдың қарлы есігінің алдында тұрды. Папа бастапқыда оған келісім бермеді. Император қарлы қақпаның алдында папа Григорий VII оның тәубесін қабыл алғанша және кешіргенше үш күн күтті. Көрініс сол уақытта керемет эмоция тудыра қойған жоқ. Дегенмен, уақыт өте келе Каноссадағы қарсылық бұқара мен рухани билік арасындағы тайталастың барлық драмалық түрі болатын еді. Оқиға Григорийдің пайдасына шешілмеді. Генрих IV папаны өз дегеніне көндірді. Ол папаның жағдайын ең соңғы жағдай ретінде қолданды; папа офицерлерді папа еркімен шығаруға болатындай корольдерді де енгізген революциялық доктрина бекітті. Доктрина Еуропа корольдеріне тиімсіз болатын. Григорийдің реформасының тиімділігі шіркеу қызметкерлері мен бұқара халық, шіркеу мен мемлекет арасындағы ерекшелікті ажырату еді.

Бұл мемлекетке дербестікті көбірек берді. Батыста туындаған саяси өзгерістермен қатар маневр үшін тәуелсіз интеллигенцияға мүмкіндіктер ашылды.

Ғасырлар бойы ғалымдар батыстың ерекшелігін және оның пайда болуын қайсарлықпен талқылады. Кейбір авторлар ренессанс дәуіріндегі батыстың бірегейлігі деп тапса, басқа авторлар өзгерісті кезең ретінде реформация немесе ағарту немесе өнеркәсіптік революцияны атап көрсетеді. Том Холланд (2008) батыс өркениетін айқындайтын ерекшелік шіркеу мен мемлекет арасындағы бөліну болып табылады және ол инвеститура сайысына назар аударуды жөн деп санайды. «Ислам туралы» деп жазады ол, «жиі айтылады, онда ешқандай реформация болмаған, дегенмен онда ешқашан Каносса болмаған» (xxii).

## **Батыс саяси теориясының дерек көздері**

Византия мен ислам мәдениетінің шамдары жарқыраған сәтте, алыс батыс керісінше қараңғылыққа бата бастады. «Мәдени-латын христиан әлемі, қиратылған жанұя секілді, өзінің ескі үйін ұстап тұра алмағандықтан, жер төленің бірнеше бөлмелерінде орналасты» (Артц, 1967, 179 б.). Саяси теориядағы жетістіктер Рим құлдырауы кезінде аяқталды, бұл оқиға Амвросия, Беда және басқалардың жұмыстарында көрініс тапты. Авторлардың ішінде екі адам, Капелла мен Августин батыс әлемінің келесі ғылымына керемет ықпал етті. Біріншісі батыс ғылымының формасына, ал кейінгісі оның мағынасына шешуші әсерін тигізді.

### *Дін және жеті либералды ғылым*

Капелла мен Августин бесінші ғасырда Рим империясының бай қалаларының бірі Карфагенде өмір сүрген. Екеуі де империяның жанындағы провинцияларға варварлардың шабуылын үлкен қауіппен бақылады және империя тәртібінің тағдыры үшін алаңдады. Рим (410) Аларих Готтың қолына түсті деген жаңалықты қорқынышпен қабылдады. Дегенмен, олар түрліше әрекет етті.

Марсиан Капелла рим проконсулы болды және оқиғаларды практикалық және прагматикалық тұрғыдан қарастырды. Ол өмір сүрудің римдік жолы мәңгілікке жоғалады деп қорықты және оны сақтау үшін барлық мүмкіндікті қолданатын болып шешті. Егер империяның орталық билігі тарап кетсе, рим әлемі кішігірім болып бөлшектенеді, провинциялар, мемлекеттер және қалалар автономды түрде өмір сүреді деп ойлады;



Рим өркениетінің негізгі элементтерін сақтау және осы бөлшектерге көмектесу үшін Капелла Римнің білімі мен ғылымын жүйелеуді және қысқартуды бастады. Бірнеше жыл тынымсыз жұмыс жасағаннан соң, ол империя мектебінің оқу бағдарламасын тоғыз кітапқа қысқартты. Олардың біріншісі ежелгі империяның үш негізгі пәндерін оқыту ережелерін қамтыды: риторика, грамматика және логика. Кеңейіп келе жатқан Рим республикасында үш негізгі пәнді (тривиум) жауланған тайпаларды шешендік өнермен, латын тілімен және күрделі заңдылықтармен жаулау қажеттілігімен байланысты болды. Ежелгі пәндерге Капелла империяның соңғы жылдарынан тағы төрт пән қосты: арифметика, музыка, геометрия және астрономия (квадривиум). Капелла оларды заманауи қала өміріне қатысы бар практикалық пәндер деп санады. Тривиум мен квадривиум екеуі бірге Капелланың жеті либералды өнерін құрады. Капелланың бір томдықта жарияланған кітабы *De nuptiis philology et Mercurii* ('Филология мен Меркурийдің үйленуі') келесі алты ғасырға білім берудегі стандартты анықтамалық материал болып қала береді<sup>13</sup>. Осы анықтама сол кезеңде жарияланған ықпалды анықтамалардың бірі болатын.

Августин (354-430) теолог және епископ болды. Шіркеу адамы ретінде, ол сол кездегі оқиғаларға тауратқа сүйене отырып әрекет етті. Кейінгі империяның негізгі, нақты түсіндірмелі беделін қамтамасыз етті және данышпандықтың дерек көзі еді. Барлық мәселелерге жауап берді және Августинге сол ғасырдың жерге байланысты оқиғаларға кезекті жауап табу үшін қажет болды. Бесінші ғасырда Римде болған дағдарысқа деген Августин ықпалын бағалау үшін, тәураттағы әлем құдай арқылы алты күн ішінде жаралған деген пайымдауды еске түсіру қажет. Адамзат керемет болып жаратылғанына қарамастан, адам баласы рахат өмірден мәңгілік қарғыспен өзін-өзі жазалап, күнә мен адасудың жетегінде кетті. Дегенмен, құдай өзінің рақымшылығымен өзінің жалғыз ұлын құрбандық ету арқылы күнәсін кешіру мен құтқаруды қамтамасыз етті. Шарасыз адамзат өзінің күнәлары мен адасуларына тәубе етіп, кешірімге ие болу үшін бұрынғыша құдайдың мейіріміне бөлене алатын еді. Жер бетіндегі өмір уақытша ғана сынақ еді. Құдайдың белгілеген уақытында бұл әлем аяқталуы тиіс болатын. Жер бетіндегі қала жалынға оранады, адамдар мейірімді және мейірімсіз болып екіге бөлінеді.

Аларих Гот Римді 410 жылы жаулап алған кезде, Августин Рим империясының алып бюрократиясының тағдыры шайқалды деп шешті. Өзінің апокалипсистік ұстанымдарының әсерімен ол үздіксіз жазды. Оның қолжазбасы ең үлкен көлемге дейін жетті, бірақ Августинге құтылу жолының себебін табуға мүмкіндік берді. Ол оның нәтижесін «Құдайлар қаласы» деп атады. Өзінің көзқарасы ретінде христиандық дуализммен Августин адамзат баласы екі параллельді шынайылықта өмір сүруі қажеттігін айтады: бір жағынан, бұл әлемдегі зорлық, соғыс, аштық және кедейлік, екінші жағынан, құдайлар патшалығы. Августин қоғамдық өмір діни дәрежеге арналған деп айтты. Бірақ, адамзатта Адамның алғашқы күнәларын иемденгені үшін, адамзат қауымы өзінің алғашқы пайда болуында айыпталған болатын. «Өмірдің өзі, егер оны өмір деп атауға болатын болса, толықтырылып тұратын ауыр аурулардың көптігіне кепілдік етеді», -деп жазады ол (Августин, 1954, 474 б.). Адам баласы өзінің күнәлі және сыбайласқан табиғатына байланысты үкіметті және қатал заңдарды қажет етеді. Мейірімділік актісі ретінде құдай күнәһар және жемқор адамзат қоғамына тәртіп орнату үшін заңдарды ойлап тапты. Ол сонымен қатар, монархтар мен патшаларды жасады және азаматтық тәртіпті ұстану және заңдарды сақтауды қамтамасыз ету үшін оларға құзыреттілік берді. Августиннің сөзі бойынша құдай патшалар мен князьдарға мемлекеттің қауіпсіздігін сақтау үшін зорлық-зомбылық жасау құралдарын қолдану себебін әділетті етті! Сондықтан жақсы

азамат өзінің үкіметіне бағынуы тиіс. Бұл адамзатқа өзі қамтамасыз ете алмайтын тәртіп пен бейбітшілікті қамтамасыз етеді. Егер адамзатқа шіркеу көмектеспесе, адамзат әрқашан қауіпте болады. Осы ортағасырлық әлемдік көзқарас бірнеше жүздеген жылдар бойы талас тудырмады. Жоғары орта ғасырға дейінгі барлық қоғамдық теорияларды толықтырды.

«Құдайлар қаласы» барлық ортағасырлық әлеуметтік зерттеулерді жеткізіп отырды. Оның теологиялық аксиомаларынан барлық саяси теориялар алынып, қағида бойынша, адамзаттың жемқорлық және күнәһар табиғаты туралы Августиннің пессимистік болжамдары көрініс тапты. Шіркеу ғалымдары қатыгез тирандардың эксцестерін және күшті билеушілердің жаулап алуын айыптады, бірақ олар аталған іс-әрекет адамзаттың қатігез және күнәһар табиғатының табиғи салдары екендігін айтты. Олар мүмкін соғысты айыптаған шығар, бірақ олар оны қағида бойынша айыптаған жоқ; олар Августинмен бірге кейбір соғыстар әділетті болғандығын айтты. Мысалы, варварлық тонаушылардың шабуылына қарсы дәстүрлік тәртіпті ұстануға бағытталған қорғану соғыстары әділетті болып саналды. Сонымен қатар, құдай атынан дінсіздерге қарсы соғыстар жүргізіліп отырды.

Августин бойынша варварлықтардың шабуылына қарсы Римнің күресі әділетті соғыстың мысалы болды. Бұл сенім мен тәртіп секілді жаумен соғысқан тәртіпті қолдайтын христиандық қорғаушылардың жағдайы болатын<sup>13</sup>. Мысал Цицерон секілді адамдардың моральдық қасиеттері империяны ұлы еткендігін көрсетеді. Олар ортақ мақсатқа берік болды және олардың берілгендігі императорлық билік пен күшке байланысты болды. Соған қарамастан, адамдар құдайға қарағанда Римнің өркендеуіне байланысты шатысты деді Августин. Олар христиандық сенімнің табиғи және мәңгілік құндылықтарына қарағанда уақытша істердің беріктігіне сенді. Олар құдайлар қаласын (*civitas dei*) емес, адамдар қаласын (*civitas terrena*) өркендетті. Папа Геласий I (492-6) адамзаттың өмір сүруі арасындағы екі сфераның арасындағы екі жақтылықты талқылады. Ол, сонымен қатар, мемлекет пен шіркеу арасындағы айырмашылықты тапты, бірақ оның Августиннен айырмасы екі институт та құдайдың еркін білдіреді деді; сондықтан, екеуі де бірдей «табиғи» және бірдей әділетті. Соған қарамастан, мемлекет пен шіркеудің орындайтын міндеттері әртүрлі деді Геласиус. Император мемлекеті уақытша мәселелермен, Папа шіркеуі адамзаттың рухани қажеттіліктерімен айналысуы тиіс (Момиглиано, 1963).

Августин мен Геласий орталық Еуропаға саяси доктринаны таныстырды, ол христиандық шіркеуге және папаға пайда әкелді. Ол Еуропаның барлық монархтары мен патшалары өздерінің құзыреттілігін құдайдан ғана алады деп түсіндірді. Папа құдайдың жер бетіндегі өкілі болғандықтан, патшалар мен императорлар Римді тыңдап, бағынуы тиіс болатын. Доктрина христиандық шіркеу ұсынған, құдайдың астындағы, адамдардың әмбебап бірлестігі бар деген ұғымға әкелді. Ешқандай азаматтық не әскери болып табылмайтын уақытша дене оған деген абсолютті билікті өзіне ала алмады. Рим империясы құлдыраған кезде, Еуропаның саяси құрылымы шашыраған сәтте Августиннің көзқарастары ғана қалды. Оларды алыс батыста менталды бірлік шарасын енгізген папаның беделімен Рим арқылы бақыланып отыратын барлық епископтар мен шіркеу қызметшілері қорғады және басқарды.

Римнің құлдырауынан кейін алыс батыстағы барлық ғылыми әрекеттер христиандық дін басыларға бағынды. Олар Августиннің әлем тұрғындарының барлығы адамзат бірлестігіне (*humanitas*) тиесілі деп санайтын әлемдік қала туралы түсініктерімен өмір

сүрді. Бұл бірлестік барлық халықтар мен нәсілдерден тұрды. Ол құдайдың астында бірікті және ауылдар, қалалар мен мемлекеттердің кішігірім бірлестіктерінен асып түсті. «Адамзаттық» ұғымы жоғарғы қағиданың астында адамзат қауымын біріктірді, сондықтан грек пен еврейдің, сүндеттелген және сүндеттелмеген адамның, варвар мен скифтің, құл мен еркін адамның арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Мұнда Христос қана бар: ол барлығы және ол барлығында бар (Колоссян, 3:11).

Орта ғасыр кезінде алыс батыстың интеллектуалдары осы үлкен адамзат бірлестігіне өздері енеді деп ойлады. Папа мен император арасында соғыс пен дау, көтеріліс, доктриналды даулар, үлкен жікшілдік болды. Бірақ бәрінен бұрын, түрліше сезіліп, түрліше көрініс тапса да, христиан әлемінің бірлігіне деген сенім болатын. Бұл сенім барлық ортағасырлық саяси ойлар мен әрекеттердің фундаменталды шарты болатын. Бұл бейбіт әлемнің соңғы орта ғасырлық көзқарасында көрініс тапты. Иоанн Париж оны христиан әлемінің билігіне деген аргументінде көрсетті (*De potestate regia et papali* или «Корольдік және папалық билік туралы» [1302 б.]). Данте Алигьери өзінің *Монархия* деген еңбегінде христианның әлемдік мемлекет құруға ұсыныс жасады («*On Monarchy*» [1313]). Дантенің идеалды монархы барлығына құдіреті жететін билеуші болуы қажет, ол барлық жанжалдарға нүкте қоятын, барлық тиранияны басып тастайтын және әмбебап бейбітшілікке қол жеткізетін болуы керек.

### *Дін мен заң*

Ортағасырлық шіркеу ғылымы білімнің әртүрлі салалары арасында ешқандай айырмашылыққа жол берген жоқ. Бірақ ол өз концептісін теологиядан ажыратты және адамзат табиғаты мен білімі туралы білім арасында айқын айырмашылық жасаған жоқ. Бірі сол ғасырдың халықаралық саясаты мәселесі, папа мен император арасындағы саяси дебат теологиялық дискурс аясында болды.

Шіркеу ортағасырлық ғылымға басшылық етті. Бірақ бұл батыс саяси дәйектемесінің эксклюзивті христиан дін ұстаушылар қатарына қабылдау жорасын жасауға арналған ыдыс болмады. Басқа маңызды дерек көз «дәстүр» немесе «қарапайым заң» болды. Дегенмен ортағасыр жанжалдар мен зорлыққа толы еді, ортағасырлық қоғам қарапайым заңды құрмет тұтты. Дегенмен, жанжалдар күшпен шешімін тапты (әсіресе, патшалар таққа таласқан сәтте), ортағасырлық еуропалықтар соғыстағы секілді соттың даулы мәселелеріне де белсенді атсалысты. Әрбір алпауыт қожалықта сот процесі жүргізілді. Құқықтар, титулдар және артықшылықтар үздіксіз ұсынылды, шегерілді және қабылданды. Жоғары орта ғасырда заңды тұрғыдан дәлелденген артықшылықтар еуропалық қоғамның универсалды негізі болды.

Византиядан айырмасы, батыс ғалымдары Римнің құқықтық мұрасымен тікелей байланысты канондық заң мен қарапайым заң сияқты екі заңды дәстүрді ұстанды. Канондық заңды шіркеу басшылары дамытты және христиан теологтарымен ақпараттандырылды, бірақ ол рим заңымен бекітілді. Қарапайым заң, керісінше, қарапайым іс-әрекет кодификациясын ұсынады. Оның дерек көзі варварлық көсемдер мен патшалардың арасында ғасырларды артқа қалдырды (Кин, 1963).

Қарапайым заңның осындай қатал ұстанымы алыс батыстағы саяси теорияны дамытудағы маңызды фактор болып табылады. Ол жергілікті қарым-қатынастарға негізінен тиесілі болды және бұл жағдаятта ол консервативті күшке және жергілікті

артықшылықтарды мәңгілік ету бағытына ие болды<sup>15</sup>. Сонымен қатар, қарапайым заңның соғысқа қатысты аспектілері бар. Соғыс орта ғасырда ешкімнің бақылауында болған жоқ; неміс тайпа мүшелері соғыстың бұрыс болғандығы туралы идеясы да болмады – заңсыздығын айтпағанда. Соған қарамастан, олар тұтқындалған солдаттар мен жаршыларға рыцарлық жолдауды енгізе отырып, әділетті басқару туралы рудиментарлы ұғымдарға ие болды. Соғыс және дипломатия туралы қарапайым заңда көрініс тапқан бұл ұғымдар мемлекетті басқару ережелерінің және халықаралық қатынастар теориясының ежелден келе жатқан дерек көзі болып саналады.

### *Дін, заң және шетелдік саясат*

Канондық заң мен қарапайым заңды халықаралық қатынастар теориясы тарихындағы ежелгі дерек көздер деп санауға болады. Христиандық мораль кодексінің ықпалымен батыс жазушылары мен ғалымдары соғыстың тудырған бүліншілігі туралы қайғырды және күнәсіз құрбандықтарды аяды. Осы қайғырудан соғысты шіркеу және корольдік заңдармен реттеу бойынша ортағасырлық маңызды тырысушылықтар пайда болды. Құдай мейірімі (*pax ecclesia*) туралы ұғым 990 жылдары шіркеу синодтарынан күнәсіз жандарға (дін қызметкерлері, қажылық жасаушылар, әйелдер, саудагерлер мен шаруалар) деген шіркеу иелігіне қарсы әскери іс-әрекеттер мен зорлық зомбылықтарды тоқтату тәсілі ретінде пайда болды. Құдайдың келісімі (*treuga dei*) туралы ұғым шіркеуден он бірінші ғасырда аптаның белгілі бір күндерінде, маусымында және шіркеу мерекелерінде соғысқа тыйым салу ретінде пайда болды және сол ғасырдың екінші жартысында көптеген епископтар пайдаланды. Бұл Клермон кеңесінде (1095ж.) папа Урбан II арқылы қайталанды және ұғымды жаңартқан және жалпыландырған естеліктер ретінде қызмет етті. Келесі айыптаулар соғыс және әскерлер туралы кең халықтық қолдауға ие болды және нағыз антиәскерлік қозғалыстарға айналды. Бірнеше еуропалық аймақ құдайдың бейбітшілігі немесе құдайдың келісімі деп ұран салды.

Бейбітшілік ұғымдары христиан моралына және адамзат бірлестігінің әмбебап көзқарасына толы болды. Барлық әмбебап көзқарастар секілді оның да кемшілігі болды. Бірнеше түсініктемелерде адамзат идеясы христиандықты қорғау міндетін де білдірді. Басқаларында пұтқа табынушы халықты өзгерту христиан міндеті екендігін білдірді, түсініктеме Христың шығу және «барлық халықты үйренушілері ету» бұйрығымен бекітілді (Матфей, 28:19). Екі талқылау да батыс экспансионизміне ие болды, ол он екінші ғасыр басында басталды және крест жорықтарында көрініс тапты.

Бұл бейбітшіліктің христиандық ұғымының екі жақты сипатына куәлік етеді, Клермон кеңесінде христиандық әлемнің жағдайын реттеу бойынша сөз сөйлеген папа Урбан II осы оқиға бойынша (1095) исламға қарсы бірінші крест жорығын ұсынды. Папа Гроб Господня жері мұсылман басқаруында екендігін айтты, ол Иерусалимді босату экспедициясына қатысушыларға оларды күнәсінің барлығынан толықтай босататындығын айтты. Алыс батыстың барлық жеріндегі адамдар оның шақыртуына жауап берді. Олар діни албырттықпен, авантюризммен, сарандықпен және басқа да мотивтер әсерімен кіші Азия арқылы ескі Византия магистралімен крест жорықшыларына қосылды. Сельджуктардың астанасы Никеяны (1096) және Сирия қаласы Антиохияны (1097) олардың жаулауы қасиетті жерге деген жолды ашты. Олар Иерусалимді 1099 жылы жаулап алды және оған жақын жерде христиандық князьдіктің негізін салды (Рунсиман, 1992). Кішігірім елді мекендер, христиан әлемінің алдыңғы бекіністері үздіксіз мұсылмандар қоғамы

тарапынан қауіп-қатерге ұшырап отырды. Бірнеше батыс экспедициялары оларға көмек көрсетуді және Палестинадағы христиандардың қатысуын қамтамасыз ету үшін жабдықталды. Олардың ешқайсысының бірінші крест жорығына қатысуға деген құлқы болмады. Жорықтардың ешқайсысы табысқа жете алмады.

### *Крест жорықтары, мемлекет және мемлекетаралық қарым-қатынастар*

Крест жорықтары қаруланған экспедициялар болатын. Олар әскери командирлер талқылаған және шешкен логистика мен стратегия мәселелерін қарастырды. Крест жорықтары, сонымен қатар, діни жорықтар қатарына жатты. Олар діни дәйектемелерді қажет еткен қажылық ұстанушылар болатын және шіркеу арқылы қамтамасыз етілді. Ең соңында, папа әрбір крест жорығының бастамасын бекітіп отырды және ресми түрде қаржыландырды. Одан басқа, тек қана Папа осы дәйектемені қамтамасыз етті. Ол оны Августиннің соғыс теориясынан тапты. Урбан II мұсылмандар тойтарыс берген шығыстағы православтық христиандарға көмек ретінде крест жорықтарын дұрыс деп есептеді. Кейіннен папалар крест жорығын қасиетті жерде орналасқан батыс христиандарына қорғаныс ретінде крест жорығын сипаттады. Он екінші ғасыр бойында қасиетті жердегі мәселе мұсылмандар жаулап алған қасиетті орын (Гроб господня храмы және Иерусалим) христиандарға керек болды дегенге сілтеме жасады. Ең соңында, папа крест жорығының соңғы мақсаты христиандықты қорғау дегенді білдіреді, ал тәжірибеде ол қасиетті жерді босатуға тырысу дегенді білдіреді. Крест жорығын ақтайтын негізгі мақсат осы еді.

Крест жорығы екі түрлі саяси әлемнің қақтығысын тудырды, батыста христиандықты және шығыста исламды және олар екеуіне де кеңінен ықпал етті. Шығыста крест жорығы мұсылман әлемін біріктіруге және әскерилендіруге көмектесті. Олар мұсылмандарды өздерінің әскерін үйлестіруге және ресурстарын қаруланған күшке салуға ықпал етті. Он екінші ғасырдың соңына таман олар ірі әскерлерін әкеліп, Иерусалимді қайтадан жаулап алды (1182), сонымен қатар мұсылмандарды күшті және бұрынғыдан да жау етті. Кейін мұсылман әлемі Саладин секілді белсенді тапқан кезде, Палестина мен Сириядағы крест жорығына қатысушылардың мемлекеттері талқандалды және Византияға қауіп төнді.

Батыста крест жорықтары күшті және сенімді мемлекеттердің дамуына көмектесті. Біріншіден, олар үлкен болатын. Бұрынғы кезде әскери әрекеттер дилетантты және кіші көлемде болған, бірақ крест жорығы үлкен авантюра болды. Олар ұйымдасу қабілеті бойынша революция жасады. Олар он екінші ғасыр табалдырығында алыс батыстың сыртқы әлемге кеңінен шабуыл жасау үшін жеткілікті бай, күшті және сенімді болғандығын көрсетеді (Ганшоф, 1995, 82 б.).

Екіншіден, крест жорықтары континентаралық операциялар болатын. Ежелгі ортағасырлық соғыс кішігірім, жергілікті ғана болатын. Бірақ крест жорықтарын континентаралық стратегияларға сәйкес әрекет еткен Рим империясының әскерінен бастап бірінші рет құрды. Олар папалық негізгі болып табылатын бүкіләлемдік стратегияны, батыс адамдарының стратегиялық көзқарасының кеңеюін білдіреді. Папа ең соңында кәсіпорынның қазынашысы болды және ол сол кезеңде қажет деп саналған соғысқа қордан қаражат бөлді. Оныншы және он бірінші ғасырлардағы ситуациямен салыстырғанда, Еуропадағы әскери әрекеттер жергілікті болатын, он екінші ғасыр континентаралық операциялардың тоқтауының куәсі болды.

Үшіншіден, крест жорықтары тұрақты экспедициялар болатын. Ежелгі ортағасырлық

соғыс қауіпті жорықпен бірге жүргізілді. Сонымен, крест жорықтары мобилизацияның дәстүрлі жүйесіне жаңа, қиын талаптар қоя бастады. Шындығында, әскерді дамытудың ежелгі феодал жүйесі шетелде жүргізілген насихаттың ұзақ уақытқа созылуына байланысты қойылған талаптарына сәйкес бола алмады. 1300 жылға қарай ежелгі жүйе ары қарай жұмыс жасамады. Қаруланған күштерді қолдау мен дамытудың жаңа тәсілдері қажет болды. Аталған тәсілдер саяси аренадағы тәуелсіз субъектілер рөліндегі құдіретті корольдер араласқан кезде ғана дамыту мүмкін болды. Монархтар ұйымдастырудың жаңа үлгісінің негізгі орталығында болды, ал дворяндар жай ғана жинаушы рөлінде еді (Стрэйер, 1955, 163 б.). Монарх солдатты жалдау үшін дворяндарды қуып шықты. Ол кімде-кім қызмет етуге даяр болса, олардың қызметіне күніне немесе аптасына ақшаның белгілі-бір бөлігі төленетіндігін айтты.

Әскери және саяси ұйымдастырудағы осы өзгерістер екі өзара байланысқан оқиғалармен белгілі болды. Біріншісі, міндетке негізделген ежелгі феодал әскерінен қызметі үшін ақысы төленетін жаңа типтегі әскерге өту болды. Екіншісі, даму монарх қолындағы экономикалық және саяси биліктің орталықтандыруының басталуы еді. Саясат пен қоғамға әсер етті, себебі ол маңызды жергілікті топтармен корольдіктің қарым-қатынасын өзгертті: ол жергілікті аристократияның позициясына он үшінші ғасырдан бастап он төртінші ғасыр бойында ықпал етті. Аталған өзгеріс соғыстағы ақсүйек салт аттының рөлін қысқартуда көрініс тапты. Ауыр артиллерия жеңіл қарсыластарын бірнеше рет жеңді, себебі он төртінші ғасырдың кезі еді – Копаис (1311), Креси (1346), Пуатье (1356), Наджера (1367) және Алюбаррота көлдеріндегі шайқастар осының мысалы болып табылады. Танненберг (1411) пен Азенкурдың (1415) уақытында ақсүйек рыцарьлардың қызметі шамалы болса да стильмен, әсемдікпен және байлықпен салтанатты түрде көрініс тапты. Олардың ақсүйек салт атты ретіндегі дәстүрлі әскери рөлі жақсы үйренген және ұйымдастырылған жаяу әскермен алмастырылды. Патша бұдан былай дворяндықтың әскери қызметіне тәуелді болмады. Олардың әскери мәнінің төмендеуі дворяндықтың әлеуметтік және саяси құлдырауында көрініс тапты.

Сол уақытта басқа топтар дамыды. Атты әскердің әскери рөлі төмендеген сайын, жаяу әскердің саны артты. Олар өздерінің ақысын төлеуді талап еткен сайын, мұндай даму корольді қаражатқа деген қажеттілігін тудырды. Осы шығындарды жабу үшін, ол қоғамдағы қаражаты бар деген топтармен жақсы қарым-қатынас орната бастады. Ол коммерциялық класстармен, саудагерлермен және банкирлермен қарым-қатынасын жақсартты. Осы бай топтардың салығын жеңілдету үшін, король оларды корольдікте шешім қабылдайтын жаңа институттарға қатысушы ретінде қабылдады. Он үшінші ғасыр бойында жаңа және бай топтар ұлттық шығындардың мәселесі бойынша корольдік дискуссияға қатысты. Он төртінші ғасырда, тәжірибе оны ресмилендіру үшін жеткілікті түрде дамыды. Ресмилендіру батыс мемлекеттің сипатын өзгертті. Ол Англияда, Испанияда, Францияда және алыс батыстың басқа да жаңа аймақтық мемлекеттеріндегі парламент саясатының дамуына әкеліп соқты. Ол аймақтық мемлекеттердің өркендеуі мен консолидациясына ықпал етті<sup>16</sup>. Бір мезгілде көршілес мемлекеттерде болған осы эволюция батыс Еуропаның солтүстік атлант жағалауында мемлекетаралық жүйені құруға әкелер еді.

## **Ортағасырлық білім эволюциясы**

Орта ғасыр кезінде сенім ғылыми мақсаттың негізгі дерек көзі және қолдаушысы

болды. «Өзіміз білетін нәрсеге сенейік», - деді Августин, ол сенімді берік етуде танымды қолданды. Дегенмен орта ғасырда христиандық ойдың негізгі сүйеніші ретінде таным сенімді ығыстыра бастады. Танымның жаңаруы әртүрлі мәдени, экономикалық және саяси факторлармен қамтамасыз етілді. Оның алғы шарттары тарихтағы тырысу нәтижесі ретінде уақыт пен қорғаудың сызықтық ұғымы ретінде иудей-христиандық ойлардың спецификалық ерекшеліктерінде көрініс табуы мүмкін еді (Нибур, 1949, 15 б.). Ол соңғы орта ғасырдағы білімді ғалымдардың тобына жол тапқан қалалардың және «жоғары қолөнердің» дамуымен қамтамасыз етілді – ол даму шіркеуге де, мемлекетке де қатысы жоқ кәсіпкерлердің, қолөнерші – өнертапқыштардың және квази-интеллектуалдардың топтарына ықпал еткен даму болатын. Аталған даму тәуелсіз интеллектуалдардың тобының өркендеуіне әкеліп соқты, олар корольдіктің патронаждығын үнемі қажет етті және сондықтан, олар жаңалықтардың мүмкіндіктерін қолдануға ие болған жаңалыққа құштар космополит болды (Нидхэм, 1969, 193 б.).

### *Өткеннің қайта ашылуы*

Таным модернизациясы мен саяси теорияның дамуы экономика, саясат және логика бойынша христиандыққа дейінгі мәтіндердің ашылуына және таралуына ықпал етті. Қолжазбалар алыс батыста пайда болды. Біршамасы Афины немесе Рим секілді ежелгі, ұлы батыс қалаларынан табылды. Мысалы, дайджест Corpus juris civilis – император Юстиниан I (527-65) құрастырған заңдар жинағы 1071 жылы Равеннадан табылды және құқықтық, саяси ойлар революциясын тудырды. Дегенмен орта ғасыр алыс батысқа жеті не сегіз ғасыр бойына төмен түссе де, классикалық, христиандық емес ғылым толықтай жойылған жоқ.

Олардың көпшілігі батыста діни мекеме ретінде сақталды, олар бесінші және алтыншы ғасырда пайда болды және шіркеудің ежелгі инфрақұрылымына: монастырьларға байланысты болды. Алыс батыстың ұстамды және сезімтал адамдары олардың айналасындағы варвар әлеміне тойтарыс берді және монастырь қабырғасында орналасқан тыныш діни қауымдарға қосылды. Осы діни қауымдар толыққанды болды, қағида бойынша, өздерін діни қауіп-қатерде ұстаған дөрекі көршілерін өзгеріссіз қалдырды. Жетінші ғасырда солтүстікке қарай жылжыған монахтық қауым ежелгі сот тапсырмаларын таратты. Ол зорлық-зомбылық әлеміндегі грек-рим ғылымының білімін көшірген және сақтаған тыныштық аралы еді.

Ғылымның басым көбі батыс аймағынан тыс жерлерден табылды. Олардың біршамасы Византия университеттері мен кітапханаларынан табылды, онда орта ғасыр кезінде ежелгі мәтіндер жинағының көпшілігі құрастырылған және сақталған болатын. Бірақ ірі ашылу араб әлемінде болды. XI ғасырда христиан солдаттары Аль-Андалустегі араб қорғанысын жаулап алған кезде, олар Иберия аймағын қайта жаулағаннан да артық жұмыс жасады; олар араб өркениетінің тағамдарын, үйлерін, мешіттерін, қоғамдық моншаларын, кітап дүкендері мен кітапханаларын тартып алды. Мұндай ашылулар Еуропада интеллектуалды революцияны туындатты. Солтүстік ғалымдар провансаль жағалауындағы Пиренеямен батыста ешқашан болмаған кітап жинақтарын оқу және ұрлау мақсатында арпалысты. Бірақ, олар күрделі мәселеге душар болды: кітаптардың басым көбі араб тілінде жазылған және оны батыс ғалымдары оқи алмады. Сонымен, олар толед еврейлері испан тіліне араб мәтіндерін аударды. Сосын христиан ғалымдары испан тіліндегі аудармасын Еуропаның басқалары үшін латын тіліне аударды. Аудару

үдерісі кезінде олар араб мәтіндері Рим құлдырауынан кейін ұзақ уақыт бойы жоғалған грек және рим қолжазбалары екендігін аңғарды. Он бірінші ғасырдың соңынан бастап, барлық мәтіндер олардың ежелгі, жаңа білімдерімен бірге испан тауындағы жартастан аққандай болды: архитектура, астрономия, биология, ботаника, химия, инженерия, фармакология, геометрия, математика, медицина, оптика, философия, физика, зоология. Жұмыс 150 жылға созылды және ол батыс өркениетін толыққанды өзгеріске ұшыратты.

Жаңа білімнің ежелгі мәселесі оның шатасуға әкелгендігіне байланысты болды. Басқа мәселесі ол діни ортодоксальды шіркеумен бақталас болды. Дегенмен екі мәселенің де шешімі табылды: Аристотель. Қайта аударылған мәтіндердің арасынан батыс ғалымдары аристотель мәтіндерін тапты, олар барлық адамзат білімін жалпыға ортақ жүйе аясында қарастырды. Мысалы, Аристотель бастапқыда Органон еңбегінде барлық білімді үш түрге бөлді (практикалық, продуктивті және теориялық), сосын ол оны мамандандырудың кең спектріне бөліп қарастырды. Аристотель барлығын өз орнына қойды. Аристотель танымал және сенімді болатын. Шіркеу ол туралы бұрыннан білетін. Шындығында, ол өз дәйектемелерін теологияға енгізген еді. Сондықтан шіркеу ғалымдары Аристотельдің қайта пайда болған еңбектерінен бас тарта алмады. Христиан схоластарының біршамасы Аристотель нәтижесінде христиандықтың рациональды қорғаушысын табуға көмектесетіндігін айтты. Олардың бірі Фома Аквинский (1225-74) болатын.

### *Сент-Томас жұмысы*

Фома Аквинский итальяндық болатын. Ол Парижде, Кельнде, Неаполда және Римде оқыды және сабақ берді. Ол Еуропаның барлығын аралаған көптеген сапарында саяси және экономикалық өзгерістерді – Францияда, Испания мен Англияда «жаңа монархияның» өркендеуін байқады; ол Каталония мен солтүстік Италиядағы қала-мемлекеттердің пайда болуының куәсі болды; ол өндірістің, сауданың және коммуникацияның өркендеуін және көпес кластарының пайда болуын байқады; ол Платон, Аристотельдің және танымның ежелгі басқа қорғаушыларының ашық философиясын оқыды. Ол әсіресе Аристотельге тәнті болды. Фома Аквинский, егер Аристотель логикасының қағидаларын түсіне алса, ол оны христиан дінінің берік логикалық негізін дамыту үшін қолдануы мүмкін екендігін айтты. Өмірінің соңына дейін ол жүйелі түрде Аристотель философиясын католиктік доктринада қолданды, себебі толыққанды рационалды жүйе құрғысы келді.

Оның еңбегінің жемісі «*Summa theologiae*» (*Теологиялық қорытынды*) болды. Онда әлем құдайдың құдіретімен жеті күнде жаратылғандығы, әрбір заттың өзінің орны болғандығы және қағидаға бағынғандығы туралы жазылады. Әрбір жартаc, өсімдік, жануар, адам және періштенің өздерінің заттар орналасуында алатын қалпы болды. Тас жер бетіне түскен кезде, жансыз заттар жер бетінде қозғалмастан жатуы тиіс деген қағидаға бағынды. Ал, адам әрекет еткен кезде, ол таным қағидасына бағынды. Құдай толыққанды танымның нақтылы түрде көрініс табуы болатын, адам рационалды болған сайын ол құдайға жақын болады.

Аквинскийдің дәйектемесі саяси теория үшін маңызды салдар болды. Біріншіден, ол Августиннің адам бастапқы жасаған күнәсі үшін бұрмаланған деген пікірін өзгертті. Аквинскийдің пікірі бойынша, адамның физикалық және ақыл-ой қабілеті бұзылған, бірақ жойылмаған. Сонымен, Аквинский адамзат танымына жаңа сенім ұялатты<sup>17</sup>.

Екіншіден, бұл Аристотельдің адамзат баласы табиғатынан саяси болып табылады деген пікірін қайта туындатты. Оның саясат дегеніміз – құдайдың берген табиғатымен



әрекетке түскен рационалды адамдардың өзара әрекеті деген дәйектемесі Августиннің пікіріне кереғар келеді, саяси билік адамның жемқор және күнәһар табиғатына деген қарапайым компенсация ғана болып табылады.

Үшіншіден, Аквинский саясатты бүкіл әлем тәртібінің қағидасымен реттелген құдай берген бөлігі деп таныды. Саясат «мәңгілік заңда таным жаратылысының қатысуымен» пайда болды. Бұл «мәңгілік заң» тауратта жартылай болса да бар еді. Аквинский беделді сөз ретінде он өсиет пен нагор уағызын анықтады. Одан басқа, мәңгілік заң адам танымымен жартылай ұғынықты болды. Аквинский адамзат танымымен танылған құдай заңының бөлігін «табиғи заң» деп атады. Табиғи заңның ашылуының христиандық адамдар үшін айрықша құзыреті болмады (Аквинский, 1947, 1011 б.). Ол адамдарға мейірімділікті жамандықтан ажыратуға және өз әрекеттерін мейірімділік пен әділеттілікке бағыттауға көмектеседі. Әрекет қана бақытқа әкелетіндіктен, табиғи заң адамға әділетті әрекет жаса дейді, адамға қоғам мен халықаралық бірлестіктегі оның айырбасы ретінде бақытты сыйға тартады. Барлық адамдарға мейірімділікті жауыздықтан ажыратуға және өз мінез құлықтарын мейірімділік пен әділеттілікке бағыттауға көмектеседі. Әрекет бақытқа әкелген сайын, табиғи заң адамға әділетті болып әрекет жасау керектігін айтады және адам мен қоғамға айырбас ретінде бақытты болуына уәде береді.

Аквинский саяси биліктің жоғарғы мақсаты тәртіп пен әлемді қолдау екендігін айтты<sup>18</sup>. Сондықтан ол соғыстың болатындығына өкініш білдіреді. Ол мүмкіндігінше соғыстан бас тарту керектігін айтады, себебі соғыс «табысты аз әкеледі, оған көп қаражат жұмсалады». Сонымен қатар, ол Августиннің адам белгілі бір жағдайларда ғана соғысты жүргізу керек деген дәйектемесін келтіреді. Соғыс әділетті іс болғанда және әділетсіздікке тосқауыл қою мақсатында жүргізілгенде ғана ақталады. Аквинскийдің атақты сөздері:

Соғыс әділетті болу үшін үш зат керек. Біріншіден, соғыс жүргізіп отырған билік егеменді болуы керек. Соғыс жеке адамның ісі емес, себебі ол өз бастығының трибуналынан өзінің құқығын қалпына келтіруге қол жеткізуі мүмкін...

Екіншіден, әділетті іс болуы керек, атап айтқанда, кім шабуыл жасаса, соған шабуыл жасалуы тиіс, себебі олардың қандай да болмасын кінәсі бар. Сондықтан Августин айтады...: «Әділетті соғыс күнәлар үшін кек қайтаратын соғыс ретінде сипаттайды, халық немесе мемлекет оның субъектілеріне келтірілген шығындардан бас тартуы немесе заңсыз жауланған нәрселерді қалпына келтіруі тиіс».

Үшіншіден, жауласқан тараптар мейірімділікті орнату немесе жауыздықтан құтылуға ұмтылатындай дұрыс ниетте болуы тиіс. Сонымен, Августин айтады: ...«Шынайы дін бейбітшілікті қамтамасыз етіп, жауыздарды жазалап, мейірімділікке жол ашатын соғысты күнә деп санамайды». Соғыс заңды билікпен және құқықпен жариялануы тиіс, себебі жаман ойлардың жетегімен заңсыз болуы да мүмкін (Аквинский, 1947, 1359–60).

## **Айрықша Батыс контексті**

Халықаралық қатынастар теориясының бастауы ортағасырлық алыс батыстың интеллектуалды және саяси дамуынан бастау алуы керек. Ол кем дегенде үш нәрсені талқылауы керек: заң, теология және қоғамдық сфера.

Біріншіден, ол ортағасырлық құқықты талқылауды енгізуі керек. Ол канондық құқықтан («құдай әлемі» және «құдайдың келісімі») атты соғысты ежелден шектеу тәсілінде көрініс тапқандай) және онымен байланысты қарапайым құқықтан тұруы тиіс.

Ол көсемдер мен корольдер арасындағы мінез-құлық кодексінің шіркеу доктринасынан (бірінші кезекте *lex mercatoria*) тұруы тиіс.

Екіншіден, ол ортағасырлық теологияны талқылаудан тұруы тиіс. Оның бір себебі, ортағасырлық әлемде теология барлық ғылыми жетістіктерді қамтыды. Ортағасырлық ғалымдар әлем табиғатын тануға тырысқан кезде, сонымен қатар, туындаған әлеуметтік білім және олардың өзара әрекеті, олардың талқылаулары сол ғасырдың теологиялық дискурс аясында жүргізілді. Тағы бір себеп, неліктен теология маңызды болып табылады: себебі, теологиялық дискуссиялар география бойынша таулы қыраттар мен үлкен өзендерге, кішігірім аймақтарға бөлінген және шашыраған континенттің ғылыми бірлігін қамтамасыз етті. Басқа сөздермен, ол осы байланысқа бастапқы қызығушылығы бар діни доктрина мазмұны емес, шіркеу концептілер, идеялар мен дәйектемелерді талқылау мен таратуға тілді біріктірген ортақ форумды қамтамасыз еткен жалпыеуропалық институт болды.

Бұл үшінші және соңғы пунктке әкеледі, атап айтқанда, ежелгі халықаралық қатынастар теориясы қоғамдық саланы ескеруі қажет. Жоғары орта ғасырдағы өзгеріске толы әлеуметтік және саяси істерді талқылаған ғалымдар үшін жаңа академиялық желі құрылды. Аздап болса да шіркеу қаражатпен қаржыландырды. Бірақ ол ежелгі биліктің ашық дәстүріне (сайланбалы) сүйенді. Ортағасырлық ғалымдар бір-бірінің түсініктемелері мен дәйектемелерін талқылады. Кейде олар маңызды мәселелерді, атап айтқанда соғыс, бейбітшілік және әлемдегі құрылым мәселелерін ашық талқылады.

### *Дюба және туындаған келіспеушіліктер*

Фома Аквинский саясат мәселесі бойынша ортағасырлық пікірталасқа үлкен үлес қосты. Оның саяси ойы шамалы болса да Аристотель мен Августинге сүйенеді. Августиннің соғыс пен әлем туралы талқылауларына сүйене отырып, Аквинский құдай берген табиғи заңның ежелгі идеясын жасады. Адамзат «табиғаты бойынша әлеуметтік және саяси жаратылыс» деген Аристотельдің ұғымын табиғи құқық туралы Августиннің идеясын біріктіре отырып, Аквинский батыстың интеллектуалды дәстүрінің бірі болған уақыт байланысын орнатты. Аристотельге сүйеніп, Аквинский христиан теологиясы мен еуропалық классикалық өткендегі саяси ойдың арасында теориялық байланыс орнатты. Мемлекет пен адамның өнегелі өмірі арасындағы классикалық байланысты құра отырып, ол байланысты алға қарай дамытты: ол XVIII ғасырға дейінгі батыстың саяси ойы арқылы пайда болған мемлекеттің табиғи құқықтық теориясын қайта ұсынды.

Халықаралық қатынастар теориясының ежелгі дамуына үлкен үлес қосқан Пьер Дюбуа (1233-1322) болатын. Ол Париж университетіндегі Аквинскийдің соңғы дәрістерін тыңдады. 1306 жылға таман ол *De recuperatione Terre Sancte* («Қасиетті жердің қалпына келуі») атты кітабын жазды. Кітап атауы Дюбуаның Палестинаны мұсылмандар қолынан тартып алу үшін жаңа крест жорығының қажеттілігін көрсету болып табылады. Сонымен қатар, ол Еуропада бейбітшілік пен тұрақтылыққа қалай қол жеткізуге болатындығы туралы талқылады. Дюбуа әлемдік мемлекетті құруға қарсы шықты. Ол өзінің замандастары универсалды христиан империясы деп санаған идеяны сынады. Оның орнына ол христиан мемлекеттерінің федерациясына қолдау көрсетті. Ол ұсыныстың алғышарты назар аударарлықтай. Орта ғасыр соңында Дюбуа Еуропадағы аймақтық мемлекеттерді өркендету қажет деп санады. Одан басқа, ол қағида бойынша, олар тәуелсіз немесе эгоистік түрде екендігін айтты және ол олардың ортақ мақсатқа

біріктіру немесе қолданудың кез келген шарасы Рим империясын соғыс пен катастрофаға апарды деп қорықты. Ол оның орнына барлық мемлекет жанжалдарын арбитраж жолымен шешетін мемлекеттер кеңесін құруды ұсынды<sup>19</sup>.

Рекуперация деп аталатын саяси теория Византия немесе ислам әлемінде емес, батыста пайда болғандығы туралы түсініктеме беретін бірнеше кезеңдерден тұрады. Біріншісі, әлемдік мемлекет туралы дәстүрлі дәйектемелермен айқын келісімге келмеуден тұрады. Дюбуа шіркеу позициясымен келіспейтіндігін ғана айтқан жоқ, сонымен қатар, ол балама дәйектеме жариялады. Бұл 1300 жылға қарай интеллектуалды климат айырмашылығын көрсетеді. Осыған байланысты ортағасырлық батыс Византия мен халифаттан айырмашылығы болды. Солтүстік Атлант жағалауы жағажайында саяси ойлардың әртүрлілігімен көптеген мемлекеттер туындады. Дюбуаның Рекуперациясы Еуропаның батыс аймақтарында ежелгі әлеуметтік құрылымдар эволюциясынан көрініс тапты. Сонымен қатар, ол осы құрылымдардың бірегей макро-феноменге қосылатындығын көрсетеді: олар жеке мемлекетаралық жүйенің ежелгі бастамасын құрды.

### *Туындаған өзгешелік*

Атап айтқанда, осы көршілес мемлекеттердің солтүстік атлант жағалауындағы бірегейліктегі эволюциясы бірегей контекстінде Дюбуа соғыс пен бейбітшілік, дипломатиялық өзара қарым-қатынас мәселелерінде іс-әрекеттің теологиялық кодекстерін қолданды. Византия және ислам өркениетінде осындай кодекстер мен нормалар империалдық контекст аясында зерттелінді. Мұнда ғалымдар шіркеу мен мешіттің құндылықтарымен және империя қызығушылықтарымен байланысты болды. Мұнда ғылым империалды мемлекеттің ажырамас бөлігі болды, негізгі мақсаты заң мен тәртіпті қолдау еді. Әлемдік істер мақсаты қағида бойынша империя тәртібін универсалды кеңейту болатын. Дегенмен, алыс батыста көпұлтты империяға балама табылды. Оның пайда болуы алыс батыс дамуының алғашқы бірегей факторы болып табылады және халықаралық қатынастар теориясы бойынша аймақтағы ежелгі пікірталасты жандандыруға көмектеседі.

Дюбуаның *Де рекуперация* деп аталатын еңбегі маңызды жұмыс болып табылады. Себебі бұл Солтүстік Атлант жағалау жанындағы көпмемлекеттік жүйелер эволюциясы туралы ғана емес, сонымен қатар, бұл жүйе саяси теорияландыруды түпкілікті негізде өзгертті. Бұның туындауы үшін ғалымдар теорияландыруға бағытталған жаңа нәрсе ойлап таппады; бұл сонымен қатар, болжамды және еркіндікті қолдана отырып теория жасауға мүмкіндік беретін әлеуметтік ортаны қамтамасыз етті. Бірнеше тәуелсіз мемлекеттердің дамуы бірнеше соттар мен шіркеу доктриналарының жергілікті түсіндірмесінің эволюциясына әкеліп соқты.

Алыс батыста көпмемлекеттік жүйенің өркендеуі кез келген қоғамдық саланың бастамасы болды, оның негізінде ғалымдар өз идеяларын еркін айтты және талқылады. Алайда, бұл ғылымның көп орталықты кеңістігінің өркендеуіне мүмкіндік тудырды, оның негізінде тәуелсіз және саяси теория жүргізу мүмкін болды. Еуропадағы көпмемлекеттік жүйенің туындауы шіркеу билігіне тәуелді емес интеллектуалдардың туындауымен байланысты. Пьер Дюбуа олардың бірі болатын. Оны шіркеу тағайындаған жоқ, оны папалыққа күмәнмен және сенімсіздікпен қараған өршіл француз монархы Филипп Ле Бель тағайындады. Басқа тәуелді емес ғалым Падуа Марсилио (ғ.1275-1343) болатын. Алғаш рет Марсилио Париж университетіне қабылданды, содан соң бірнеше

аксүйек билеушілеріне жұмысқа қабылданды. Ол сонымен қатар, маңызды саяси өзгерістер заманауи мемлекеттер мен европалық мемлекеттік жүйенің өркендеуімен пайда болғандығын түсінді. Ол заманауи мемлекеттердің мәнін атап көрсеткен сапаны анықтауға тырысты. Оның *Defensor pacis* ('Бейбітшілік қорғаны' [1324]) атты еңбегі «мемлекеттік егемендік идеясын білдіретін фразалармен және күреспен байланысты күрделендірілген», -деп айтты Артц (1967, 299 б.).

Марсилио күресті, дегенмен табысқа жетпеді. Дегенмен, оның күресі түсініктеме беруге жеткілікті: Марсилио мемлекетті құдайдан тәуелсіз деп сипаттайды. Өзінің трактатының бірінші бөлімінде ол мемлекет заңын кез-келген жоғары заңнан тәуелсіз ретінде қояды; ол үшін заңның мәні оның орындалуында болып табылады. Заңды жасау құқығы мәжбүрлі күшке сүйенеді және күш аздаған азаматтарға ғана тиесілі, деді Марсилио. Ол осы азаматтар жиналыста кездесіп, бір ғана билеуші басқаратын мемлекетке делегат жіберулері керек дейді. Бірінші бөлім соңында Марсилио абсолютті билік мемлекетке тиесілі және ешқандай да жоғарғы билік мемлекеттен жоғары тұрмайды дейді. Сосын ол оған нүкте қойды. Ол өз дәйектемелерін тауысты. Оның шектелген тұжырымдамалары ары қарай дамымады және оны ортағасырлық мәселелер мазалай бастады. Соған қарамастан қысқа ғана уақытта ол латын сөздігінің шеңберінен шығатын «егемендік» ұғымы туралы құбылыспен күресті, ол ұғымды ғалымдар кейін меңгерді<sup>20</sup>. Марсилионың тырысуы назар аударуға тұрады, себебі ол Боден секілді кейінгі теоретиктердің мемлекет теориясын қалыптастырады.

Аквинский, Дюбуа, Марсилио және басқалар заманауи мемлекет эволюциясы Европа саясатына өзгеріс қалай енгендігін түсінді. Осы өзгерістерді түсінуге деген олардың тырысулары саяси тұжырымдамаларды қысқартты және халықаралық қатынастар теориясының негізгі ұғымдарын болжады. Олардың тырысулары шіркеудің дискурсивті дәстүр айналасында болды және христиандық тақырыптар мен уағыздармен ақпараттандырылды. Олар, сонымен қатар, ғалымдардың кең қауымының эволюциясынан көрініс тапты – бастапқыда шіркеуде, сосын шіркеу билігіне тәуелсіз түрде. Бұл Алыс Батыс дамуындағы бірегей ерекшелік болатын (Нидхам, 1969). Бұл бірегейлік халықаралық қатынастарды теорияландыру Жақын және Орта Шығыстың ежелгі империяларында емес, Батыс Еуропаның өркендеген көп мемлекеттік контекстінде жүргізілгендігін түсіндіруге көмектеседі.

Көп мемлекеттік билік Италия Ренессансы кезіндегідей емес шиеленіскен саяси жағдайды тудырды.

## Ескертулер

1. Халықаралық қатынастар терминін академиялық пәнге байланысты бас әріппен жазамын. Егер «халықаралық қатынастар» деп жазылатын болса, онда ол термин дипломатиялық оқиғаларға немесе әлемдік саясатқа байланысты термин болады. Кітаптың IV тарауында қазіргі таңдағы қарапайым тәжірибеге сүйене отырып, ХҚ деп қолданамын.

2. Аталған оқиғалардың сипаттамасы Гиббонда қолданыс табады (1994а, 1048; 1994б, 121, 196).

3. «Еуропа», «Италия», «Англия», «Франция» терминдері анахронизмдер болып табылады. Ежелгі ортағасырда мәдени немесе саяси құрылымдар болған жоқ, егер болған жағдайда олар мағыналы мазмұнмен аталған терминдерді толықтырар еді. Дегенмен

баламасы одан да нашар: себебі, қолайлы белгілер эллиптикалық сипаттаулардан тұрады.

4. Кловис неміс королі болатын, ол батыс Еуропаның үлкен бөлігін жаулап алды және оны ұлан-байтақ патшалыққа біріктірді. Бірақ патшалық оның өлімінен кейін тез ыдырап кетті. Кловис Континентті біріктіруге үш маңызды үлес қосты. Біріншіден, көптеген жауласушы неміс патшалары Кловис пен оның ағасы Меровея ұрпақтары секілді сипатталған, олардың көпшілігі «Меровингтер» деген жалпы белгіні иеленеді. Екіншіден, Кловис католиктік дінді қабылдады, ол неміс корольдері арасындағы жалғыз билеуші католик болды, бірде-бір неміс билеушісі алмаған шіркеудің қолдауына ие болды. Үшіншіден, ол басқа патшалардың жеңіске жетуіне ықпал етті. Каролус Магнус, франктер королі, оның осы әрекетін шамамен 250 жылдан кейін қайталады.

5. Англияда Ұлы Альфред (871-99) викингтердің шабуылына тойтарыс беріп, барлық ағылшын-саксондардың сенімділігіне ие болды. Германияда жергілікті графтар мен герцогтар 800 жылдардың соңында шетел басқыншыларының шабуылына тойтарыс берді және жергілікті деңгейде саяси тұрақтылықты қалпына келтірді. 900 жылдардың басында олар өздеріне король етіп Генрих I (919-36) сайлады. Оның ұлы, Отто I, шіркеумен біріге отырып, ішкі көтерілісті басып тастады, мадьярларды біржолата жеңді (955) және Италия королі болуға қол жеткізді (962). Ондай байланыстар Францияда да пайда болды, саяси тұрақтылықты графтар мен герцогтар жергілікті деңгейде 900 жылдардың басында қайта қалпына келтірді. 900 жылдардың соңында Францияның ұлы лордтары Хью Каэтаны (987-96) король етіп сайлады және оның вассалдары болды. Хью ежелгі Каролингтер империясының тәжін алады, оны өз жанұясына берді және Капетинг династиясын құрды.

6. Осы мәселе бойынша қосымша зерттеулер жүргізу қажет. Бұл персонал империяның поштасына қатысты болды, бір бөлігі Скриниум Барбарорум (варварлардың канцеляриясы) деп аталады. Осы қызметке жауапты лауазымды тұлға әскери істің логотеті болды, ол империя постына жауап берді. Тоғызыншы және оныншы ғасырларда дипломатиялық қарым-қатынастардың дамуына байланысты *логотет міндеттеріне шетел елшілерін қабылдау, оларды императормен, сараймен ресми таныстыру және империяның ішкі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жататын еді. Тәжірибеде ол ішкі қауіпсіздікке байланысты интеллигенцияны үздіксіз шақырып, сыртқы қарым-қатынасты көршілес қоғамдармен орнату, императормен үнемі кеңесіп отыру, шақырылған елшілерге сауық-сайран ұйымдастыру арқылы жүзеге асты, шетелдік келушілерге ірі көлемдегі сыйлықтар берілді, бірақ арнайы орындарға орналастырумен шектелді және үздіксіз бақылауда болды. Логотеттің міндетіне дипломатиялық ақпаратты: тек қана кәсіби елшілерден емес, сонымен қатар, саудагерлерден, миссионерлерден, әскери қызметкерлерден және шетелдік тұтқындалған тұтқындалушылардан жинақтау да жатады. Одан басқа, ақпарат жолдан тайғандардан да жинақталды, мысалы, 900 жылға таман Византияның қызметіне енген мұсылмандардан келген евнух Самонастан да алынды. Ондай ізденулер нәтижесі арнайы мұрағатта жүйелі түрде сақталынды. Мұнда олар генералдардың, елшілердің немесе императорлардың шешімімен ғана өтініш бойынша берілетін еді.*

7. Керуендер пошталық жүйеден тұрды, ол араб ғалымдарына империяның әртүрлі бөліктері арасындағы мыңдаған мильдерде кітаптар және түсініктемелер алмасуға мүмкіндік берді. Пошта жүйесі, сонымен қатар, дипломатиялық инфрақұрылымға қызмет етті. Халиф Константинопольге, Римге және Аахенге мемлекеттік хат жазды. Ол арнайы миссиялар жіберді. Ол, сонымен қатар, Бағдатта үлкен құрметке ие болған елшілерді қабылдады. Бағдад халифтері, Константинополь императорлары секілді

шетелдік елшілерге сый құрмет жасағанды жақсы көрді. Бірақ Бағдадқа келушілер, Константинопольдегі эмиссарлар секілді, қарапайым тұрғындарға қарағанда қатаң бақыланды және ерекшеленді. Халифке кіруді хаджиб (немесе «есік күзетуші»); билік әскер, қаржы немесе пошта жүйесінің (барлау қызметтерін қосқанда) өкілдері енген иерархиялық орталық билік (диван немесе «канцелярия») басқарып отырған бас министрге тиесілі болды (уәзір немесе «көмекші»). Мұсылмандар шетелдіктерді хат жеткізуден басқа да міндеттерді атқаруға жіберуге болатындығын түсінді. Олар оны жақсы түсінді, себебі олар бақылау үшін және ақпарат жинақтау үшін шетелге агенттер жіберіп отырды, ол араб географтарының (Canard 1966, 734 б.) жазбаларында нақты көрініс тапты және «Араб түндері» ертегілерінде атап көрсетілді. Харун аль-Рашидтің (786-809) билігі саяси биліктің, экономикалық өркендеудің және мәдени дамудың өрлеуін білдірді.

8. 830 жылы халиф аль-Мамун Бағдадта Байт аль-Хикманың («Данышпандық үйі») негізін құрды. Онда ғылыми құрал-жабдықтары бар астрономиялық обсерваториялар, аударма бюросы және кең кітапханасы болды, он бірінші ғасырға таман кітапхана сөрелерінде миллион томнан астам кітаптар болды. Классикалық жұмыстардың аудармалары оқуға ықпал етті. Билеушілер мен князьдердің жомарттығының арқасында ірі жеке және қоғамдық кітапханалар мен мектептер салынды. Халиф аль-Хаким Каирдегі Дар-эль-Хикманы («данышпандық залы») салды. Кордовадағы аль-Хакимнің оныншы ғасырдағы кітапханасында төрт жүз мыңнан астам кітап бар болды. 1065 жылы Бағдадта үлкен университеттің іргесі қаланды. Осыдан соң университеттер Дамаскіде, Иерусалимде және Каирде салынды. Кордова, Араб Андалусиясының астанасы, оқудың негізгі орталығы болды. 970 жылға қарай салынған оның қоғамдық кітапханасы жарты миллионға жуық кітаптан тұрды; және ол қаладағы жетпіс кітапхананың бірі еді. Хросвита, оныншы ғасырдағы неміс бақылаушысы, Кордованың саябақтарын, сарайларын және төселген жолдарын сипаттады және оны «әлемнің қазынасы» деп атады.

9. «Князьдердің айнасы» жанры жаңа билеушілерге кеңес ретінде жазылған мәтіндерден тұрады. Жанр парсы тілінен араб тіліне сегізінші ғасырда енгізілген болатын, он бірінші ғасырда халифат анықтамасын тапқанға дейін оның атақты мәтіндерін шығарған жоқ болатын. Халифаттағы «Князьдердің айнасы» жанры исламның танымал мысалы ретінде көрініс тапқан Низам аль-Мулк (1018-92) жазған «Сейасат-наме» («Мемлекет кітабы»). Басқа атақты мысалдар, Онсор ол-Маали Кейкавус ханзадасы (1021-98) жазған мәтіндер және аль-Газали мистикасы болып табылады. Бұл жанр батыс Еуропада он екінші ғасырдың ортасында пайда болды (Бергес, 1938).

10. «Қырғи қабақ соғыс» термині немесе *guerra fria* — он үшінші ғасырда испан ғалымы Дон Хуан Мануэлдің ислам мен христиан әлемі арасындағы шиеленіскен қатар өмір сүруіне байланысты қолданылды, оны ол «теңдік және өзара қызығушылық негізінде өз қарым-қатынастарын жүргізу келісімінің» құпиясы ретінде анықтады.

11. Аль-Шайбанидің кітабы 11 тараудан тұрады, ол төрт жеке бөлікке бөлінеді. Бірінші және кіріспе бөлімінде (I тарау) кітаптың теориялық немесе діни негізі туралы айтылады. Екінші бөлімі (II-VIII тараулар) мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін заңдарды жүйелі зерттеуден тұрады. Үшінші бөлім (IX тарау) корольдік прерогатив туралы қысқаша сипаттама береді; төртінші және соңғы тарауда салық салу туралы айтылады және жұмыстың ажырамас бөлігі болып табылмайды. Шайбанидың *Siyar* еңбегінің бірінші және екінші бөлімі үлкен қызығушылыққа ие. Шайбанидың *Siyar* еңбегінің екінші бөлімі аймақтық ұйымның - ұлттар немесе мемлекеттер арасындағы

қарым-қатынасты реттейтін заңның жүйелік зерттеуінен тұрады. Шайбанидың аймақтық көзқарасы оның барлық дәйектемелерін қалыптастырады. Оның бірі түрлі аймақтарда тұратын адамдар әртүрлі құқықтық қағидаларға бағынады және мұсылман мұсылман емес аймақта өмір сүрген кезде жергілікті заң міндетті – және керісінше: егер мұсылман емес адам (харби) дар аль-Ислам аймағына кірсе, ол ислам заңына бойұсынуы тиіс (Хаддури, 1966, 174 б.). Аймақтық негізгі қағидаға сәйкес Шайбани алмасу қағидасын енгізеді, ол сауда қарым-қатынастарын, дипломатиялық эмиссарларды және тұтқындалушылардың алмасуы туралы талқылайды (Хаддури, 1966, 170 б.). Ол оның соғыс және бейбітшілік туралы талқылауларынан хабардар етеді.

12. Аталған аймақтар мемлекет ретінде қарастырылмайтындығын еске салған дұрыс, олар бөлімшелер ретінде қарастырылады. «Аймақтық мемлекет» батыста орта ғасырдың соңынан кейін дамыды, ол осы кітаптың келесі бөлімдерінде сипатталды. Мұсылман әлемінде дар аль-Ислам ислам заңын ұстанатын аймақтардан тұрады (кең мағынада, мұсылман империясы). Дар аль-Харб осы империядан тыс, басқа әлемге жататын аймақтарға қатысты.

13. Капелла атауы оқу (филология) мен шешендіктің (Меркурий) одағына байланысты. Түпнұсқа қолжазба заманауи оқырманды бей жай қалдырмайды: романтикалық тарих туралы айтылған проза мен өлеңнің керемет қосындысы. Меркурий некесіздіктен шаршап ержетті, бірақ данышпандық, болжау және жан арқылы біртіндеп дамыды. Аполло пайда болып, Филология есімді жас қыз туралы айтады. Олар көптеген қиындықтар мен даярлықтардан соң үйленді. Үйлену тойы сыйлықтарының ішінде Филологияның құлдары болатын жас әйелдер бар: риторика, грамматика, логика, арифметика, гармония, геометрия және астрономия. *De nuptiis* бірінші және екінші кітабы аллегория туындады. Қалған жеті кітап жас әйел құлдардың біреуіне қатысты. Қараңыз, мысалы, Стал (1977).

14. Августин тұрақтылық пен сенімділіктің бастіоны болып табылатын Рим империясы құлдыраған кезде, жер бетіндегі мемлекеттің ешқашан да ішкі және сыртқы шапқыншылықтардан қауіпсіз болуына ешкім кепілдік бере алмайды деген қорытындыға келді. Жер бетіндегі барлық нәрсе уақытша. Дегенмен, уақытша билеушілер құдайдың берген атақ даңқына ие болса да, олар әрқашан қорқыныштың, қызғаныштың, сараңдықтың, атаққұмарлықтың және мейірімсіздіктің құрбаны болады. Жер бетіндегі билеуші адамзат баласына берілген әлсіздіктен ешқашан құр қалған емес, әрқашан соғыс болады және осы жер бетіндегі патшалықтың соңы болады. Аталған нәрсе Римде ғана болмайды.

15. Ол феодалды тәртіпті сипаттаған мирасқор беделмен анықталатын жергілікті артықшылықтарды қорғады. Ол басқарушы элитаның пайдасы ретінде жиі көрініс табады. Дегенмен, қарапайым заң бірегей, тұрғын халықтың қатысуының прото-демократиялық элементінен тұрады (Сцукс, 1990, 27 б.). Ол өз келісімін берген халықтан алынды: және ол вассалдар мен лордтарға қолданылды. Ол Фергюсон мен Мансбах (1988, 53 б.) айтқандай «төменнен жоғары көтерілді» және өз мүшелігіндегі тайпаға немесе жергілікті топқа байланысты болды.

16. Корольдің кеңесіндегі азаматтық өкілдіктің қалыптасуы Англиядағы парламенттің, Испаниядағы кортестің, Германиядағы рейхстагтың, Франциядағы бас штаттардың пайда болуын қамтамасыз етті. Аталған даму мемлекеттегі аймақтық мемлекетті ғана нығайтқан жоқ, сонымен қатар, *Ständestaat* басқа формасының негізін құрды – монарх пен сот саяси мәселе орталығы болып табылатын ортағасырдан кейінгі режим түрі, бірақ негізгі шешімді қабылдау елдің негізгі шаруаның жер иелігінің өкілдері (Погги, 1978), содан соң абсолютті монархия қабылдады (Андерсон, 1979).

17. Августиннің қараңғы пессимизмінен бас тартуды білдіреді. Аквинскийдің қарым-қатынасы, сонымен қатар, қол-аяғын керіп шегеленген Иса пайғамбардың суреті салынған крест туралы пікірі адамның бастапқы статусын қалпына келтірумен байланысты болды, адам күйінің оптимистік талдауын көрсетті. Адам саналы болғандықтан, ол құдай заңына саналы түрде бой ұсыну қабілетіне ие болды. Ол өзінің еркі мен берілгендігінің арқасында өзінің санамен байланысты қабілеттіліктерін жетілдіріп, құдайға жақындайды.

18. Фома Аквинский бейбітшілік мемлекеттің бірінші мақсаты және құдайдың заңдары адамның қызығушылығына бағынуы тиіс дейді. Одан басқа, ол адам қоғамындағы экономикалық іс-әрекеттің маңыздылығын мойындайды. Оның тамаққа, үйге, киімге деген элементарлы материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру адам рухани іспен айналыспас бұрын қанағаттандырылуы керек деген болжамы өндірістің маңызды рөлін оның мойындағанын көрсетеді. Ол, сонымен қатар, айырбас саласын да мойындайды, бірақ ол меркантилдік істерге байланысты скептицизм танытады. Ол оларды құмарлықтың шегі жоқ «табиғи байлықпен» және пайда табумен байланыстырды. Аквинский айырбастың барлығы әділеттілік туралы қамқорлыққа негізделуі және айқындалуы тиіс, тауардың әділетті бағасы олардың әлеуметтік беделі бойынша пропорционал болып табылатын өндірушіге төленетін ақысына өндірістің шығындарын қосу жолымен есептелуі қажет (Аквинский, 1947, 1513-22). Қаржылық іс-әрекет дегенмен, *Summa* дәйектемесінде көрсетілгендей, өсімқорлық жеккөрінішті нәрсе. Бірақ Аквинский өндіріс, айырбас немесе қаржы сферасын кеңейтпейді. Ол негізінен меркантилді істерге байланысты кезінде оның замандастары және Аристотель айналысқан күшті скептицизмді қайталады.

19. Пьер Дюбуа алғаш рет халықаралық кеңес немесе арбитражды сотты ұсынған адам ретінде саналады. Бірақ ол одан да көп нәрсе жасады. Ол шамамен алты жүз жылға жуық ұжымдық қауіпсіздік туралы Вудро Вильсонның доктринасын ескере отырып, сонымен қатар, соғысты бастаған және шабуыл жасаған мемлекетке қарсы келісілген іс-әрекетке қарсы аттанған кез келген мемлекеттермен қауымдастықты бұзуға кеңес мүшелерін шақырды. *De recuperatione Terre Sancte* (1611 жылға дейін баспада жарияланбаған) ықпалын бағалау өте қиын. Бірақ ол корольдер арасындағы жанжалды шеше алатын 1460 жылы халықаралық арбитражды органның схемасын ұсынған Йиржи Подебрад пен Мариниге белгілі болды (тер Меулен, 1917). Дюбуа Эразмус пен Суареске жақсы танымал болды.

20. «Мемлекет» ұғымы соңғы ортағасырлық сөздіктің диапазоны аясында болмағандығын атап айтуға болады. Ежелгі кезде тәуелсіз аймақтық қауымдастықтарды атап көрсету үшін полис немесе империя секілді терминдерді қолданған. Дюбуа мен Марсилио орта ғасырдың соңына қарай Еуропада саяси ассоциацияның жаңа түрі туындаған кезде «мемлекет» идеясы пайда болғандығын көрсетеді. Бұл термин баяу және көптеген жергілікті нұсқаларда пайда болды (*status, stato, el estado, l'Etat, der Staat* ...). Бастапқыда ол айқын емес болды. Нақты болмау нәтижесі жаңа тәжірибе мен факторлардың қиындығын туындатқандығын көрсетті. Он бесінші ғасырға таман аталған термин биліктің белгілі-бір формасына сілтеме ретінде нақты саяси қолданысқа ие бола бастады. Тәуелсіздікті (1581) голландиялықтардың жариялауынан кейін ол монархиялықпен «халықтық» немесе «республикалық» қауымдастықты қарама-қарсы қойған республикалық тонмен жиі инвестицияланған құқыққа ие болды (Дайсон, 1980, 25 б.; Винсент, 1987, 16 б.).



## 2

### Ренессанс саясаты: қазіргі ғасырдың шығу тегі

Халықаралық қатынастар теориясының негізі орта ғасырда қаланды және олардың өсіп-өнуі үшін ғасырлар қажет болды. Олардың өркендеуі заманауи мемлекет эволюциясымен байланысты дамыды. Он бесінші ғасырға таман эволюция кеңінен дамымады. Ренессанс авторлары заманауи халықаралық теорияға маңызды үлес қосқандары үшін жиі аталынды. Ежелгі және ортағасырлық ғасырда атап көрсетілгендей, қағида бойынша мемлекетаралық қарым-қатынастарға қарағанда мемлекеттік істермен жиі айналысты.

Мысал ретінде ренессанс ғасырының танымал саяси теоретиктерінің бірі Макиавеллиді айтуға болады. Ол саясатта *virtue* және *fortune* терминдерін талқылағанда ол бекітілген ортағасырлық терминдерге негіздеді. Ол мемлекеттік істерді талқылаған кезде, қала-мемлекет туралы айтты. Макиавеллидің саяси талдау пионері болғандығы даусыз. Оған қарамастан, оның халықаралық қатынастарға қосқан үлесі мол. Оның кіші замандасы Франческо Гиччиардини халықаралық қатынастардың егжей-тегжейлі дәйектемесін ұсынды және мұнда маңызды теоретик ретінде қарастырылады.

Бұл тарау ерте кездегі ренессанстың саяси талқылауларымен атап көрсетілген бірнеше ортағасырлық тақырыптарды талқылаудан басталады. Ол итальяндық қала-мемлекеттерді ұсынады, әсіресе Леонардо Бруни және Лоренцо Валла секілді гуманистік ойшылдары бар, оның керемет көрінісі және әлеуметтік стиліне назар аудара отырып, Флоренцияға көбірек көңіл бөледі. Тарауда біз осы кереметті қиратқан және Никколо Макиавелли, Франческо Гиччиардини және басқа ғалымдарды мүлде жаңа тәсілдермен соғыс, бейбітшілік және саясат табиғатын талдауға итермелеген итальяндық соғыстарды қысқаша талқылаймыз.

### Үлкен трансформация

Оныншы және он бірінші ғасырлардағы тұрғыны аз, орманы көп алыс батыс туралы «әлем тарихында бірде-бір өркениет ортағасыр секілді ауылдық болған емес», - деп жазады Жорж Дюби (1968, xi). Қасиетті Рим империясы мен папа секілді күшті орталықтандырылған институттардың болуына қарамастан, ортағасырлық Еуропа бөлшектелінді. Ол шабуылдар мен дербес қағиданың өзгеруімен пайда болды. Осы шарттарға байланысты өмір мен меншік сенімсіз болды. Әлеуметтік және

экономикалық қарым-қатынастар өндіріс пен қорғаудың жоғары жергілікті желілерінде ұйымдастырылды.

Бұл шарттар 1000 жылдан кейін әсіресе, солтүстік Италияда өзгеріске ұшырады. Мұнда, массивті қабырғалар немесе қоршаған су аясында, саясаттың ауыр әбігершілігі он бірінші ғасырда бірінші рет пайда болды. Ол қала тұрғындарының арасында пайда болды, ол дәстүрлі биліктің жергілікті епископтар мен корольдерден, сонымен қатар, шетел лордтары мен императорлардан бастап олардың өзін-өзі басқаруы қанағаттандырғанға дейінгі билігін қамтыды. Үдеріс баяу және үздіксіз жүрді. Он төртінші ғасырдың соңына таман ол қала-мемлекеттердің кластерін және қала-мемлекеттердің нағыз жүйесін құрды. Ол болмаса Макиавелли өзінің «Ханзада» атты еңбегін жаза алмас еді. Ол болмаса Гиччиардини ешқашан саяси лауазымға ие болғандығын ешқашан аңғармас еді. Ол болмаса, халықаралық қатынастар теориясы басқаша болар еді.

### *Ортағасырлық көзқарас*

Ренессанс теориясы христиан теологиясы негізінде пайда болды. Ортағасырлық білім беру мен дискуссия шіркеу институттары ішінде өткізілді. Олар білімнің түрлі салаларының арасындағы айырмашылықты қабылдамады. Олар адамзат, табиғат пен білім туралы білім арасындағы айырмашылықты да қарастырмады. Ең соңында, олар құдай, табиғат, болжау және мойынсұну секілді төрт тақырып негізгі болып табылатын өнегеліліктің драматикалық ойынына барлық жаратылыстың қатысу керектігін мойындатты.

*Құдай* негізгі тақырып болды. Ол құдіретті және барлығын білетін интеллигенция ретінде қабылданды; әрбір детальға дейін егжей-тегжейлі күрделі, космостық драманы жоспарлаған шебер-драматург. Әлем басталғанға, құдайда уақыттың соңғы буыны жазылғанға дейін дерек ретінде идея шын мәнінде қабылданды. Оның драмасы өзгеріссіз болды (Беккер, 1932, 7 б.). Адам құдай драмасын қабылдауы керек, себебі ол оны өзгерте алмайды. Оның тағдыры ол белгілеген рөлді ойнаудан тұрады. Діни мәтінге, шіркеу және мемлекет билігіне байланысты өз рөлін ойнау, құдайдың еркінен өзінің әділетті құзыретін бөліп алу адамдар арасында оларға қажет деңгейде бағынуға бекітілді.

Табиғат ортағасырлық мақсаттың екінші негізгі тақырыбы болатын. Табиғат керемет, мейірімді және мәңгілік болып саналды, себебі оны құдай жаратқан. Адамзат жаратқан барлық заттар керісінше құдайдың керемет ісін уақытша бұзу болатын. Сондықтан ортағасырлық пікірде «табиғи» және «жақсы» ұғымдарының арасында айырмашылық болған жоқ. Саяси теорияның «Адам неге мемлекетке бағынуы тиіс?» және «Жақсы мемлекет дегеніміз не?» деген екі негізгі мәселесінің ешқандай мағынасы болмады. Мемлекет құдайдың ұлы жоспарының бөлшегі болды; адам игілігі үшін құдай жаратты; ол табиғи болатын және анықтамасы бойынша жақсы болатын.

*Бұйрық* пен *бағыну* ортағасырлық, христиан драмасының екі қорытынды тақырыптары болатын. Екеуі де бір-бірімен тығыз байланысты. Адам өзінің ақыл парасатын қолдана отырып, құдайдың әлемге енгізген заңдарын айқындайды. Ол заңдар табиғи және жақсы болатын, адам кемеліне келмегендіктен, оларға еліктеу үшін ақылды болуы керек. Егер адам құдайдың заңдарымен өмір сүре алса, ол мейірімді және табиғи өмір сүрер еді және ол соңғы сот күні құдайдың кешірімін ала алатын еді. Ол өз жанын құтқарып, мәңгілік шаттықта ақыреттік өмір сүреді. Ортағасырлық пікір бойынша, адамның ақылы діни мақсатқа бағынды. Интеллект функциясы алынған білімнің шындығын демонстрациялаудан, сенімде көрсетілген әлемнің рационалды моделімен әртүрлі және прагматикалық тәжірибенің келісімінен тұрады.

Жоғары орта ғасырда ғылым функциясы құдайдың екі негізгі жаратылысын зерттеуден тұрды: әлем және Тәурат. Құдай екі жаратылыс кілтін қалдырды, осы кілттерді табу және олардан құдайдың ниетін оқу үшін адамды ақылмен және таныммен қамтамасыз етті. Ғалымдардың негізгі міндеті кілттерді салыстыру болатын. Табиғаттағы кілттердің табылуы, Тауратта табылғандай құдайдың ниетін мүмкіндігінше анықтайды, содан соң барлық адамзат іс-әрекетіне ережелер мен болжамдарды жасайды. Осы болжамдарға сүйене отырып, адам құтқарылуға үміт арта алатын еді.

### *Заманауи ұғымдардың пайда болуы*

Феодалды тәртіп эволюциясы Еуропаның негізгі аудандарындағы әлеуметтік тұрақтылықтың жақсаруына әкеліп соқты. Он бірінші ғасырда монархтар мен соттардың саяси билігі мен орталық бұйрығын орталықтандырудың жылдамдатылған үрдісін сипаттады. Бұл даму Еуропаның атлант жағалауындағы монархиялық мемлекеттердің рудименталды жүйесінің жылдам дамығандығын көрсетеді – 990 жылға дейін ол болмады; 1100 жылға қарай аймақтық мемлекеттерден тұратын күрделі макро-саяси құрылым нығайтылды (Тилли, 1994).

Аймақтық мемлекеттердің өркендеуі Еуропадағы әлеуметтік үдерістерді өзгертті. Ұзақ мерзімді, кең көлемді көзқарас тұрғысынан қарастырғанда, бұл даму Еуропаның негізгі облыстарындағы әлеуметтік тұрақтылықты жақсартты. Саяхаттау қауіпсіз бола бастады. Адамдар өз ауылдарынан немесе жергілікті қала-қамалдардан жаңа жерді өңдеуге немесе өз өнімдерін айырбастауға аттанды. Жылқылар тиімді қолданылды және ауыр жұмысқа салынды. Темір соқалар ауыл шаруашылықтың жаңа тәсілдерін мүмкін етті, жоғары өнім беретін ауыспалы егісте қолданылды. Су және жел диірмендері жиі салына бастады және жүгеріні майдалау, майды тығыздау, кесілген материалдарды аралау және он төртінші ғасырға қарай қағаз жасау үшін қолданылды. Мұндай инновациялар әлеуметтік ұйымдастырудың жаңа, тиімді жүйесінің эволюциясына мүмкіндік туғызды (Уайт, 1972).

Өмір біртіндеп дұрыстала бастады. Еуропаның барлық жеріне таралған коммерциялық желілерге жеке кәсіпкерлердің іс-әрекеті үшін кең мүмкіндіктер ашқан крест жорығы ықпал етті, атап айтқанда, крест жорығына қатысушылардың және шығыс Жерорта теңізі мен Азияның өркендеген сауда жолдарында орналасу тиімді болған солтүстік Италияның көпестеріне ықпал етті (Пиренн, 1937). Транзитті сауда солтүстік Италиядағы қала-мемлекеттерге кеңінен ықпал етті. Көптеген итальяндық билеушілер сауданың кедергісіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін мемлекетаралық келісімнің қажет екендігін аңғарды. Біртіндеп, қала-мемлекеттер арасындағы келісімдер дипломатиялық өзара әрекетке негіз болды және феодал заңдарының дәстүрлі жүйесін ығыстырды. Саудагерлер Еуропаның барлық картасы бойынша таралатын жәрмеңкелер мен базарларда тұрақты кездесіп тұрды: Сен-Дени, Фоджа, Шампань, Лион және басқалар. Бір сөзбен айтқанда, сауда он бірінші және он екінші ғасырларда жиырма есеге ұлғайды (Сатерн, 1953, 44 б.).

Аса маңызды оқиға итальян түбегінің солтүстік аудандарында болды. 1400 жылға қарай Италия әлеуметтік құрылымдардың калейдоскопы болды. Оңтүстікте жоғарғы орта ғасырда династияда бірнеше өзгерістер болды, мұсылман, викинг, анджеин және арагондық әскер басшылары бірінен соң бірі Неаполь мен Сицилияда билеушілер ретінде табысқа жетті. Орталықта папа мемлекеттері Апеннинадан Римге дейін, Римнен Равеннаға дейін созылып жатты. Солтүстікте Миланның, Венецияның, Генуенің және

Флоренцияның бай көпес қалалары болды. Мұнда күшті қалалық билеушілер олардың дербес аймақтарын ғана бақылаған жоқ, сонымен қатар, ауылдық территорияның жүздеген квадрат милін де бақылады. Қала-мемлекеттер өздерінің төңірегінде кең аймақтық қожалықты дамытты.

Он бесінші ғасырдың соңында бес ірі қала-мемлекет түбектегі саясатқа басшылық жасады: Венеция мен Флоренция республикалары, папа мемлекеттері, Милан мен Неаполь князьдықтары. Аталған мемлекеттердің біразы Милан секілді принц немесе деспот арқылы бақыланды. Басқалары Флоренция секілді республикаларды басқарды: он жетінші ғасырға дейінгі өз тұрғындарына өз қызығушылықтарымен өмір сүруге мүмкіндік берген батыс әлеміндегі жалғыз республиканың және қаланың папалар мен монархтар мазасын алмады.

Институттардың сипатына байланысты бес негізгі қала-мемлекеттердің әрқайсысы бір-бірінен тарихта ерекшеленді. Олар бір-бірімен өзара тұрақты іс-әрекет алмасты және олардың өзара іс-әрекеті мемлекеттердің күрделі жүйесін құрды (Франке, 1968; Барон, 1952). Әдетте жанұяның немесе мемлекеттер жүйесінің бірінші заманауи мысалы ретінде папа мен қасиетті Рим империясының ортағасырлық екі басшылық жасаушы институттарының құлдырауымен тығыз байланысты. Екі институт та әмбебап бірлестіктің ортағасырлық тұжырымдамасын жүзеге асырды. Осы тұжырымдаманың жүзеге асырылмауы және оны саяси ұйымдардың альтернативті көзқарастарымен алмастыру италяндық қала-мемлекеттердің билік саясатына жол ашты және мемлекеттің пайда болу ұғымы негізгі қағидаға ие болды. Бұл эволюция дипломатиялық жүйенің пайда болуымен қатар жүрді – жылдам транспорт пен дипломатиялық заттарды қауіпсіз сақтаудың байыппен жасалған құрылымына қосымша ретінде аккредиттелген дипломаттардың, шетелдік саяси аналитиктері мен кеңесшілерінің тұрақты елшіліктерінің желісі (Никольсон, 1954, 27–31б.; Эльтон, 1981).



2.1-сурет. Он бесінші ғасыр соңындағы Италия

Бұл оқиғалардың маңызы бар. Олар билеу тәртібі діни әлемнің табиғи үйлесімділігінің көрінісі деген пікірдегі ортағасырдың соңғы кезеңдерін атап көрсетеді. Билік қағидалары құдай тәртібімен анықталған теологиядан шыға алмады. Бәрінен бұрын, олар биліктің көзқарасын және автономды рационалдықты жүзеге асыратын мемлекеттің өзара іс-әрекетін атап көрсетеді. Билік қағидалары имманентті болып қарастырылады, себебі олар мемлекеттің өзінің табиғатынан пайда болған. Қалай басқару керектігін білу үшін мемлекеттің ішкі жұмыстарын білу қажет. Сонымен, мемлекетті басқару тұжырымдамасын жасау заманауи саяси теорияның басталу нүктесін білдіреді.

## **Ренессанс дәуіріндегі Флоренциядағы сауда мен гуманизм**

Солтүстік Италияның қала-мемлекеттерінің көпшілігі сауда мен қаржыдан байыды. Орта ғасырда Италияның көпестері мен банкирлері Шампани мен Лион жәрмеңкелерінде және Париждегі, Брюгтегі және Лондондағы тұрақты базарларда негізгі рөлді атқарды. 1300 жылға таман итальяндық банк желісі Еуропаның барлық негізгі нарықтық орталықтарын қамтыды –мысалы, Флоренцияның Перуцциі батыс және солтүстік Еуропа аумақтарының он бес жеріне серіктес болды және ақыға жұмыс жасайтын жұмысшыларды ұсынды (Рувер, 1965, 80, 85 б.).

### *Сауда, байланыс және жылжымайтын мүлік мәселесі*

Сауданың бұл өркендеуі Еуропаның әлеуметтік жағдайларын өзгертті. Ол әлеуметтік қарым-қатынастардың жаңа моделін жасады, жаңа мәселелер және оларға деген жаңа қарым-қатынасты туындатты. Қаржылық және кәсіпорын элитасының өркендеуі Еуропаның негізгі аудандарындағы әлеуметтік құрылымдарды және өзгертілген әлеуметтік көзқарасты өзгертті. Бәрінен бұрын, ол бизнес жасау дерегін жаңа және түрлі тұрғыдан қарастырған адамдардың жаңа трансұлттық табының өркендеуіне мүмкіндік туғызды, «қысқаша айтқанда, тап бизнесте ғана болды және ешқашан оның мәселелеріне мектеп оқушысының жатырқауы секілді қарамады» (Шумпетер, 1954, 78 б.).

Осы жаңа тап байлықты жинақтады және бақылады. Ол өркендеген әлеуметтің қатысуына қол жеткізді, сонымен қатар, өзінің мүддесін қорғау күшіне ие болды. Екіншіден, сауданың өркендеуі білім мен коммуникацияның жаңа жүйесімен бірге пайда болды. Жаңа мамандықтардың, қожалықтардың, әлеуметтік топтардың және кластардың дамуы өндірушілердің, саудагерлердің және қаржыгерлердің горизонталды желісін құрды, олардың барлығының ағымдағы білімі нарық, баға және билік қарым-қатынастарына байланысты болды (Бродель, 1982). Олардың желілерінің эволюциясы реттелген жиналыстар немесе заңдастырылған корреспонденция үлгісіндегі секілді 1450 жылдары көрініс табуы мүмкін еді. Сауда серіктестері хаттармен қала қабырғалары және мемлекет шекаралары арқылы алмасып отырды. Он жылдай уақыт өткен соң олардың коммуникация жүйесі тұрақты және заңды болған кезде, іскерлік алмасу трафик пен әлеуметтік тәртіп байланысында қауіпсіздік пен түсініктемелерді бағалаудан тұрды; кейде олар саясат пен әдебиетке деген көзқарасын білдіре отырып, әлеуметтік мәселелер бойынша түсініктемелерден тұрды.

Қозғалмалы шрифті ойлап табу (1450 жылға таман) дамуға күшті ықпал етті – өмір

стилі, сенім, идеялар, әлеуметтік, саяси жағдайлар және әдеби өнер туралы дебаттардың болуынан көрініс тапты<sup>1</sup>. Коммуникация мен білімнің өркендеуі әлеуметтік саланың пайда болуына әкеліп соқты, оның аясында ғалымдар қалалық, білімді көпшілікке оқуға арналған мәгіндер жасады. Бұл қоғамдық сфера мемлекеттің және шіркеудің бақылауынан тыс пайда болды. Ол дәстүрлі элиталардың көзқарасын қабылдамаған авторлардан тұрды. Ол әлеуметтік және саяси идеяларды тарату үшін маңызды мағынадан тұрады. Ол мәдениеттің әлеуметтік салмағын және іскери құндылықтарды жинақтауға көмектесті.

Бизнесменнің әлеуметтік салмағы артқан сайын, ол өз танымының кеңеюі арқылы қоғамға үлес қосты. Бизнес-кеңседегі жұмыстан қалыптасқан белгілі бір ақыл-ой дағдылары, одан пайда болған құндылықтар схемасы, оған тән қоғамдық және жеке өмірге деген көзқарас барлық таптар және адам танымы мен іс-әрекетінің барлық салалары бойынша баяу қалыптасты. Өздерінің кәсіби қажеттіліктері мен мәселелерінен шыға отырып, қолөнершілер, банкирлер, саудагерлер, билеушілер мен суретшілер инструменттер мен білім қорын дамытуды бастады - механика, кредит, навигация, экономикалық басқару тізбектері және еңбекті әлеуметтік бөлу. Білімнің бастапқы практикалық қоры шіркеу басшылық еткен университеттерден тыс көпшілік ортада дамыды. Ол зайырлы немесе қауымдық мәселелерді туындатты.

Қауымдық ғалымдар батыста ежелден бар болатын (Нидхем, 1969). Он бесінші ғасыр соңында Италияда олардың саны, шіркеу ғалымдарына қарағанда, артты. Венеция мен Флоренция секілді бай қала-мемлекеттердегі жаңа қалалық элита адамзат тарихы мен философияның зайырлы аспектілерінің идеясына толы болды. Олар моральдық және азаматтық мәселелермен айналысты. Грек және Рим артедеректерінің қайта ашылуы нувориштер (капиталистік елдерде саудамен байыған адам) арасында обсессивті пропорцияда өркендеді.

Қауымдық, классикалық ғалымдар ежелгі істермен кәсіби тұрғыдан айналысты және *гуманистер* ретінде танымал болды. Олар сол ғасырдың дамыған көпшілік ортада дамыды, итальян университеттерінде және жақсы жанұяларда жоғары сұранысқа ие болды. Олар грек тілін үйренді және оны басқаларға үйретті. Олар Платонның барлық еңбектерін латын тілінен аударған Марсилио Фичино жасағандай етіп классикалық мәтіндерді оқыды және оларға түсініктеме берді. Олар классикалық мәтіндерді өңдеді және оларға түсініктемелер жазды. Олар ежелгі қолжазбаларды өз уақытында қарастыруға және түпнұсқаны көшірме мен жалған нәрселерден ажыратуға мүмкіндік беретін тарихи зерттеудің жаңа тәсілдерін ойлап тапты. Гуманистер Еуропалық қоғамда жаңа болатын: зайырлы істерде өз білімімен өмір сүру үшін қаражат тапқан қауымдық ғалымдар. Олар Марциан Капелла (Стал, 1977) секілді классикалық жазушы айтқан «либералды өнер» дегеніміз не деген ұғым мағынасын қайтадан қарастырды – ақыл мен елестегуге байланысты ұлы әдебиетті және философияны зерттеу.

Гуманистер оқытудың шіркеулік монополиясын бұзды және білім мен ғылымдағы революцияны ойлап тапты. Олар шіркеу билігіне қарсы шықты – Лоренцо Валла 1440 жылдары беделді болып табылатын шіркеу құжаттарынан қате тапқан кезде, үлкен дау шықты<sup>2</sup>. Гуманистер қажырлылықтың және Ренессанс ғылымына тәуелсіз болудың жаңа лебін ала келді. Тіпті Таурат сыни талдауға ұшырады, онда аударманың қателері бар екендігі атап көрсетілді. Олар, сонымен қатар, өздерімен бірге жаңа индивидуализм, классикалық мәдениетпен және бірегей тарихи өзін-өзі танумен айналысуды алып келді.

## *Ежелгі заманғы ізгілік, жаңа әлеуметтік стиль*

Тәуелсіздік пен индивидуализм батырлары бар, батырларға бас иген және ізгі негізгі ұғымымен Ренессанста көрініс тапты. Он бесінші ғасыр батырында дәстүрлі феодал-рыцарьлық құндылықтары мен жаңа қалалық мәдени атрибуттары секілді элементтері бар болды. Ренессанс джентельмендік тағдырын іскерлік пен көрегендікпен анықтаған ұлы жеке тұлға болды<sup>3</sup>.

Классикалық мәдениетке деген қызығушылық ежелгі мәтіндер мен қолжазбаларды іздеуден көрініс табады. Олардан өздеріне ұқсас болып табылатын ежелгі қоғамның жаңғырығын тапқандай болды. Аталған ежелгі мәтіндер өздерінің қала-мемлекеттерімен салыстырмалы тұрғыдан қалалық ортаға байланысты болды. Олар Флоренция мен Миланның зайырлы байлықтарының естігісі келген, адамды құрал ретінде қарастырған орындар ежелгі Греция мен Рим болғандығын нақты көрсетті. Фукидид пен Тацит секілді авторлар олар дербес адамдардың сипаттамасын тапты, олар тәуекелге бел буды, азарт ойындар ойнады, өздеріне кедергі келтірген, жеңілген адамдарды немесе қиындықтарды жеңді.

Алдын болжай білетін адамдар ежелгі мәдениетке деген қоғамдық сұранысқа тез жауап берді. Олар оңтүстік Еуропаның барлық аймағы бойынша артдеректер мен қолжазбалар жинады, әртүрлі тақырыптарды – ауыл шаруашылығы, астрономия, этикет, этика, геометрия, жақсы өмір сүру, тарих, философия, поэзия, саясат, пост-прандиальды әңгіме, риториканы қамтыған мәтіндер мен үзінділердің керемет мөлшерін тапты. Жетекші азаматтар ондай қорытындыларға таң қалды. Олар тойымсыз болатын. Бірнеше саудагерлер Афины мен Римға тұрақты пакетті саяхаттар ұйымдастырды, аса қымбат болып саналатын саяхаттар ежелгі құнды заттарды іздестірудегі Флоренция мен Венецияның зайырлы азаматтарын басшылық жасаған гуманист ғалымдардан тұрды. Барлық алдын болжағыш және бай туристер секілді, олар көз тартарлық заттарды сатып алды, жәдігер бұйымдарды үйлеріне әкелді, оларды достарына көрсетті және сапарлары туралы оларға айтып берді.

Жетекші жанұялар жоғары мәдениетті бабалары туралы көбірек білгісі келді. Олар тарихты жазу және көбірек білу үшін гуманист ғалымдарды жалдады. Патшалар, саудагерлер мен банкирлер көшіріп жазушы Франческо Поджионы классикалық қолжазбалармен жұмыс жасап, көшірмелерін алып келу үшін жалдады<sup>4</sup>. Флоренцияның бай адамдарының бірі Палла Строцци, агенттерге ежелгі қолжазбаны алу үшін ақы төледі және Грециядан Плутархтың өмірі, Аристотельдің саясаты және Птолемейдің космографиясы секілді жазбаларды алдырды. 1423 жылы Джованни Ауриспа Италияға Грециядан 238 қолжазбамен оралды. Олардың арасында 1485 жылы Лоренцо Валла грек тілінен аударған Фукидидтің Пелопонес соғысы туралы ақпарат болды, ол ренессанс дәуіріндегі гуманизмге тікелей ықпал етті.

Нағыз қажетті грек және рим қолжазбалары саяси теорияны тұрақты және жүйелі талқылай отырып, саяси теоретиктерді қамтамасыз етті. Классикалық дәуірдің толыққанды жұмыстары он бесінші ғасырға дейін белгілі болды және зерттелді. Евклид, Аристотель мен Платонның таңдамалы шығармалары орта ғасырдан бастап, араб аудармалары арқылы қолжетімді болды. 1420 және 1430 жылдары классикалық шедеврлердің кенеттен пайда болуы кең горизонттар ашты: «Илиада» мен «Одиссей», Эсхил, Софокл мен Еврипид трагедиялары, Аристофан комедиялары, Пиндар одалары, Феокрит эклогтары, Геродоттың, Фукидидтің және Ксенофонның тарихтары, Теофрастың

ерекше зерттеулері, Демосфеннің репликалары, Платонның диалогтары, киниктердің, стоиктердің және неоплатониктердің шығармалары, ионийлық философтардың мақсаттары, Гиппократ мен Галеннің медициналық еңбектері, Птолемей мен Страбонның географиясы – осы шедеврлер бірден жазылып, бірден Флоренцияға берілді (Кронин, 1967, 51 б.).

## **Соғыстар мен ізгілік**

Классикалық мәтіндердің көптеп пайда болуы Флоренцияда жаңа көрініс пен әлеуметтік стильдерді ғана туындатқан жоқ. Ол олардың білімін нығайтып, олардың әлемге деген көзқарасын өзгертті. Классикалық мәтіндер христиандыққа дейінгі болатын. Ренессанс дәуіріндегі білімді адам қиын адамдардың қиын мәселесімен бетпебет келген, құтқарылған киелі адамдар және жазаланған күнәһар адамдар туралы классикалық әңгімелерді оңай теңестірді. Ежелгі мәтіндерде морализм де, байлық та, шіркеу доктринасының қызықты екендігі де айтылмады. Олар жаңа білім берді. Олар жаңа идеалдар мен жаңа мәдени стандарттарды ұсынды.

Леонардо Бруни (1369-1444) идеалдарға сәйкес келуге және стандарттарға еліктеуге тырысқан гуманистердің жаңа ұрпағы. Ол Флоренцияның тарихи эволюциясын зерттеуге тырысты. Флоренциялық адамдар тарихында Бруни Флоренцияның республикалық өкіметке деген билігі мен байлығын сипаттады. Ол оның әдемілігінің, қайсарлығының, еңбекқорлығының, күшінің және ренессанс дәуіріндегі ізгілік стилінің қайнар көзі болатын. Басқа авторлар ұқсас дәйектемелерге сілтеме жасады. Олардың арасында Никколо Макиавелли болды, ол «Флоренция тарихы» еңбегінде көбінесе Брунидың тезисін қайталайды.

Никколо де Бернардо Макиавелли (1469-1527) саяси теорияға үлкен үлес қосты. Оның халықаралық қатынастар теориясына қосқан үлесі маңызды, бірақ ол жанама болып табылады және жиі асыра мадақталынады. Оның жас замандастарының бірі Франческо Гиччиардини (1483–1540) осы тұрғыдан алғанда аса маңызды істер атқарды. Макиавелли мемлекеттер ішіндегі саясатқа тоқталды, ал Гиччиардини мемлекеттер арасындағы саясатты да талқылады. Олардың мәселелерін түсініп, дәйектемелерін бағалау үшін, олар жоғары тәуекелге бел буған және итальяндық соғыстың аяусыздығы жас ерекшелігіне қарамастан нақты да айқын мәселелерді қарастырғанын түсіну қажет.

## *Итальяндық соғыстар*

Макиавелли мен Гиччиардини жас кезінде, Лоренцо Медичи Флоренцияны басқарды. Күшті және айлакер бола отырып, ол Флоренцияда тәртіпті ғана орнатқан жоқ, оның көркем дипломатиясы бес негізгі итальяндық мемлекеттерде (Флоренцияның өзінде, Венецияда, Миланда, Неапольде және папалықта) тәртіпті сақтауға мүмкіндік берді. Лоренцо 1492 жылы қайтыс болған кезде (қырық төрт жасында), оның дипломатиясы шашырап кетті. Оның ұлы Пьеро басқарғанымен, оның әкесінің қабілеті секілді қабілеті болған жоқ. Францияның Карл VIII Италияға 1492 жылы шабуыл жасаған кезде, Пьеро жауына берілді. Флоренцияның азаматтары ашуға булықты. Олар оны жалқау адамның әрекеті ретінде қарастырды. Олар оған қарсы шықты, Пьероны діни лидер Савонарольдың ықпалымен қуып шықты және Флоренцияны Христосы, жалғыз ғана билеушісі бар республика деп жариялады.



Флорентино көтерілісі Испаниядан қолдау тапты. Испан билеушілері француз экспансионизмінен ежелден қорқатын; француз үйі Валуа және испан үйі Габсбург бақталас болатын. 1494 жылы Валуа патшасы Италияны жаулап алған кезде, испандық габсбургтер жаулап алуға тез ықпал етті. Франция он бесінші ғасырда Еуропадағы ең күшті держава болатын, 1470 жылы қырық мыңға жуық солдатқа басшы болды. Бірақ Испания жылдам дамыды, ол 1469 жылы Каталония мен Арагонның бірігуінің нәтижесінде, ал сосын жаулаудың және Америкадан ағылған алтынның нәтижесінде болды. Франция Италиядағы жаулап алынған аймақтарды ұзақ ұстап тұра алмады. Испания біртіндеп дами берді. Екі ел де бір-бірімен Италияда соғысты.

Итальяндық соғыстар Италия үшін апатпен аяқталды. Олар жасырынған сауда және институттарын қиратты. Екі ірі мемлекет арасындағы итальяндық қала-мемлекеттерді аяусыз қысты. Ол итальяндық билеушілердің шетелдік билікке бағынуына алып келді (Макиавелли, 1961, 133 б.). 1498 жылы папа соғыста Франция жағына шығып. Испания мен Флоренцияға қарсы шықты, Савонароланы жаулап алды, оны күпір, діннен азған деп, отқа өртеді. Бірақ, Флорентин республикасы Пьеро Содеринидің басшылығымен аман қалды. Ол Макиавеллиді хатшысы ретінде қызметке алды, сосын Гиччиардиниді елші ретінде Испанияға жіберді.

### *Макиавелли: ізгілік пен жеке қызығушылықтарының арасында*

Макиавеллидің қайғылы репутациясы толықтай бір ғана қысқа, соңғы, эпиграмматикалық кітабы «Ханзадаға» байланысты. Ол оны 1513 жылдың соңғы алты ай бойында жазды, бірақ ол 1532 жылы (автордың қайтыс болғанынан бес жылдан кейін) жиырма жыл өткен соң жарияланды. Ол Макиавеллидің Флоренцияда Содериниде мемлекеттік қызметкер ретіндегі тәжірибесін көрсетеді, атап айтқанда «Ондық кеңестің» хатшысы ретінде оны Тосканға, Римге, сосын Испания мен Францияға дипломатиялық міндеттерін атқаруға жібергендегі тәжірибелері қамтылған.

Макиавелли Леонардо да Винчимен жұмыс істеді (Мастерс, 1996). Өзінің дипломатиялық сапары кезінде ол Сиенаның мейірімсіз билеушісі Пандульфо Петруччимен келіссөз жүргізді. Ол өз заманының бірнеше маңызды мемлекеттік қайраткерлерімен кездесті: Людовик XII Франция, арагондық Фердинанд, Габсбург императоры Максимилиан және папа Александр VI. Ол папа Александрдың ұлын, Чезаре Борджианы кездестірді, ол оған үлкен мақтаныш сезімін тудырды (Макиавелли, 1961, б. 54). Ол жүйелі түрде бақылаушы болды. Ол қорытынды есептер мен бағалауларды жазып Содерини үкіметіне хабарлау үшін оларды Флоренцияға жіберіп отырды. Қорытынды есептер ішінде: интервью, бақылаулар, мәселелер мен практикалық бағалауларды Макиавелли өзінің кішкене ғана, танымал болған «Ханзада» кітабына енгізді.

Кітап кітаптар дәстүріне тиесілі болды: «ханзадалар айнасы»<sup>5</sup>. Ол жиырма алты қысқа тараудан тұрады, пән міндеті бойынша төрт тарауға топталып бөлінеді: бірінші тарау (1-9 тараулар) князьдыққа арналған. Екінші тарау (10-14 тараулар) мемлекет пен билікке арналған. Үшінші тарау (15-23 тараулар) ханзадаға, оның билігін қамтамасыз ететін қабілетке арналған. Төртінші тарау (24-6 тараулар) 1520 жылдардағы Италияның саяси жағдайына арналған<sup>6</sup>.

Кітаптың бірінші тарауы князьдықтардың әртүрлі түрлерін санамалаумен және олар иемденген және ұстанған құралдарды түсіндірумен басталады. Сосын олар кітаптағы негізгі концептуалды терминдерді енгізеді: ежелгі, концептуалды сөздер: бақыт (форту-

на) пен ізгілік. Аудармашылар бірінші терминмен келіседі, фортуна, яғни бақыт және оны «фортуна» деп аударады. Термин Фортуна құдайынан келіп шығады, оған ежелгі заманнан Италияда табынған және оны әрқашан тағдыр реттеуші ретінде сипаттаған. Бастапқыда Фортуна өркендеу құдайы болған; сосын ол үміт құдайы болды (сонымен, жақсылық пен жамандықты таратушы гректік Тихемен теңестірілді). Макиавелли негізінен «фортуна» терминін қоғамның, жеке адамның дін ықпалынан арылуы және сипаттамалы мағынасында көбірек қолданады. «Оқиғаның» немесе «кездейсоқтық» синонимдері ретінде, бірақ драматикалық жағдайда, бір контексте Макиавелли фортунаны дауылды өзенмен; келесі контексте кенеттен болған дауылмен салыстырады.

Аудармашылар екінші термин ізгі (virtù) терминімен келіспейді. Біреулері оны «ізгі» (шатасушылыққа апаратын) деп аударса, басқалары «ерлік» (тар болуы мүмкін, бірақ белгіге жақын) деп аударады. Ізгі (virtù) віг сөзінен келіп шығады, «адам» дегенді білдіреді; ол Макиавеллидің қолданысынан белгілі, термин ренессанс дәуіріндегі джентельменнің ер кісіге тән идеалында көрініс табады. Кастильоне (1959, 295 б.) оны ақылдылық және табандылық қасиеттері бар идеал ретінде қарастырды; әдебиет пен көркем өнерде, сонымен қатар мемлекеттік пен соғыста ұлы еткен қасиеттер. «Арыстанның күші» және «түлкінің айласы» Макиавелли үшін саяси жетістіктер болып табылады, себебі иемдену ханзаданың мүмкіндігін тағдыр бұрылыстарын жеңу барысында бағындыруын арттырады. Ол «қақпанды білу үшін түлкі болуы керек, қасқырларды қорқыту үшін арыстан болуы керек. Тек қана арыстан секілді әрекет жасайтын болса, онда ақымақ. Ақылды билеуші оны қолайсыз жағдайға қалдырған сәтте өз сөзінде тұра алмай қалады және өз сөзін сыйлай алмай қалады» (Макиавелли, 1961, 99 б.). Ол сенімге ие болуы керек, әділ, мейірімді, адал болуы қажет, бірақ ары қарай кетпеуі үшін барынша абай болғаны дұрыс. «Егер, ол осы қасиеттерге ие болса және өзін соған сай ұстаса, ол оларды зиянды деп табады». Дегенмен, ол тек қана сол қасиеттерге ие болған секілді түр танытса, онда олар үлкен саяси қызметке ие болады. Ханзада қайырымды, өз сөзіне адал, мейірімді, қарапайым және діндар болуы керек. Шындығында да, ол осындай болуы керек. Бірақ оның бұйрығына қарсы шыққан жағдайда, өзін қалай ұстау керектігін білуі тиіс» (100 б.). Сосын Макиавелли билеушіге «фортунаның» бұрылыстарымен және итальяндық саясаттың жиі соғатын дауылдарымен жұмыс жасауға мүмкіндік беретін өзінің «ізгі» ұғымы туралы түсінігін қулық, лидерлік, басқару және басқа қабілеттіліктері ретінде дамытты. Оның түсініктемелері сексуальды мәнге толы. Ізгі (virtù) фортунаны қолдана алады, себебі «тағдыр дегеніміз – әйел, егер ол тілалғыш болса, онда оны міндетті түрде ұрып, бағындырып, ықтиярына көндіру керек» дейді (133 б.; Питкин, 1984).

Концептуалды сөздер «фортуна мен ізгіге» қосымша, Макиавелли, сонымен қатар, саяси әрекеттерді: жеке қызығушылықтарын түсіну үшін зайырлы ұғымды дамытады. Бұл қағида «Ханзада» кітабының екінші тарауында көрініс табады, әскери билік мемлекеттің негізі ретінде қарастырылады. Бұл әсіресе қарулы күштердің бірнеше түрін Макиавеллидің талқылауынан белгілі. Шындығында, қағида бастапқыда Макиавеллидің солдат тәртібін түсіндіруінен пайда болады: әскер пайдакүнем, қосымша немесе ұлттық әскерден немесе осы үшеуінің қосындысынан тұруы қажет.

Жалдамалы әскер әрқашан қауіпті, себебі мұнда «адалдық немесе оларға аз төлегеннен басқа алаңда ұстауға ниеттену, сен үшін оларға өл деудің өзі жеткіліксіз» (77 б.). Қосымша әскерлер (сізге көмек көрсету үшін басқа мемлекеттер беретін әскер) одан да қауіпті, себебі олар басқа билеушінің бұйрығына бағынады және «егер олар

жеңілсе, сіз қауіп-қатерде қаласыз, ал егер олар жеңсе, онда сіз олардың билігінде қаласыз» (83 б.). Ұлттық әскер жақсы. Ол ханзада сенім арта алатын жалғыз ғана әскер, себебі олар өздері қорғауға тиісті аймақта жанұяларымен бірге өмір сүреді және олар өмір сүруді жалғастыру үшін жеңіске тәуелді.

Макиавеллидің түсіндірмесі заманауи болып табылады: ол соғыс бола қалған жағдайда жалдамалылар мен қосымша әскер туралы, соғыстағы ерлік жалақы алғаннан да жоғары тәуекелге апарды. Ұлттық солдат жалақы немесе патша үшін емес, өзі үшін соғысады. Сонымен, субъект және жанұясы бар азамат болып табылатын солдат мемлекеттің аман қалуы үшін соғысады, себебі оның мемлекеттен алатын нақты үлесі бар. Екінші тараудағы патша туралы Макиавелли айтқан түсіндірмелі қағида қысқаша айтқанда заманауи, рационалды адамның өз қызығушылықтары болып табылады.

Кітаптың үшінші тарауында Макиавелли өз қызығушылығындағы ұғымды табысты патшалардың мінез-құлқын түсіндіру үшін қолданады. Одан басқа, ол патша мен мемлекеттің қызығушылықтарының арасындағы ерекшеліктерге мән бермейді. Екеуі де сәйкес келеді. Патша мемлекетті толықтай қолдайды және оның қызығушылықтарын жүзеге асырады. Сондықтан мемлекеттің қызығушылығында қажет болған жағдайда патшаның өз сөзін орындамау құқығы еркін. Одан басқа патша мемлекеттік қызығушылықтарға қарама-қайшы келген жағдайда, өз уәделерін орындауға міндетті сезінбеуі керек; патша «ұлы өтірікші және қу» болуды үйрену керек, сонымен қатар, ол осы маңызды іскерлікті жасыра білуді де үйренуі керек. Патшалар әрқашан мемлекеттің қызығушылығына сәйкес әрекет етуі керек, олар моральдық қағидаларға жауап бермеуі тиіс. Саясатта, әсіресе мемлекетаралық саясатта басқа мораль бар болып табылады: ол патшаның немесе мемлекеттің эгоистік қызығушылықтары мен қауіпсіздігімен басқарылады (Макиавелли, 1997, 394б.; Минекке, 1957; Феррари, 1860)<sup>7</sup>.

«Ханзаданың» төртінші және соңғы бөлімі Макиавеллидің кезіндегі Италияның саяси жағдайына арналған. Оның талдауы ежелгі концептуалды сөз «табыс пен ізгілікке» негізделеді. Мұнда ол тағдыр адамның іс-әрекетінің жартысына ғана судья екендігін атап көрсетеді. Қалған жартысы өз еркімен немесе ізгілігімен басқарылады. Адам көпшілігінде өз тағдырын құрушы дегенді білдіретін пікір ренессанс дербестігінде көрініс табады және адам сенімі құдай арқылы жасалған деген ортағасырлық сенімді жоққа шығаруды ұсынады. Макиавеллидің соңғы тарауы аса танымал, себебі оқырмандар бұл тарауды кітаптың кілті ретінде санайды. Мұнда Макиавелли Италия бірігіп, күшейіп және елді бөлшектеп қауіп-қатер төндіргісі келетін шетелдік интервенцияның ықпалынан құтылады деген үмітін білдіреді.

Кейбір түсініктеме берушілер осы дәйектемеден заманауи дәйектемелерді береді. Олар күшті жауларға қарсы Италияның қала-мемлекеттерін біріктіруге Макиавелли ұсыныс жасаған кезде, ол билік балансы теориясын қолданған деп атап көрсетеді. Макиавелли, «билік балансы» терминін ешқашан қолданған емес<sup>8</sup>. Тарау маңызды, бірақ басқа себептерімен маңызды. Біріншіден, әңгіме құдай туралы емес, Макиавелли алдыңғы тарауларда атап көрсеткен құлық, күш, рационалды қызығушылық секілді зайырлы ізгілікті иеленген патша туралы айтылады. Екіншіден, тарауда саяси әрекеттерді ынталандырушы күш ретінде патриоттық ниет туралы айтылады. Тарау мейірімді патша ұлттық әскерді өркендетеді, Италияны біріктіреді, итальян жерінен шетел басқыншыларын қуып шығарады, елді тәуелсіздік пен даңққа апарды деген Макиавеллидің үмітінен тұрады.

Аталған өтініш ұлттық босатылу туралы Еуропадағы бірінші доктринаны құрайды.

## Гиччиардини: билік қолжазбасы

Макиавелли Фукидидтің ықпалын көрсетеді, мысалы, оған саяси көшбасшыны ежелгі тарихшы бейнелеген психологиялық портреті ықпал етті. Дегенмен, Макиавелли Фукидидтың әдісін де, билік балансы теориясын да қабылдаған жоқ. Бірақ басқалары қабылдады. Халықаралық қатынастар көзқарасы тұрғысынан олардың ішіндегі маңыздысы Франческо Гиччардини (1483-1540) болып табылады. Сол уақытта Макиавелли *Пелопонес соғысын* «ішінен бірнешесін таңдап алған оқиғалар резервуары ретінде» қарастырды (Бонданелла, 1973, 176.), Гиччиардини Фукидидтың кітабынан «мемлекетаралық қатынастарды тереңірек түсінуге үлгі аларлық элементтер» тапты.

Гиччиардини теориялық идеяларды ежелгі авторлардан алса да, оның талқылауларының үлкен бөлігі өзінің жеке уақытының сенімсіз және аяусыз мәселелеріне байланысты болды. Бірақ, Макиавеллиге қарағанда Гиччиардини Лоренцони «Ұлы» деп, сол заманның соңғы, ақылды мемлекеттік қайраткері ретінде сипаттады.

### Гиччиардинидың өмірі

Гиччиардини 1483 жылы Флорентино аристократиясының маңызды және ежелгі жанұяларының бірінде дүниеге келді. 1498 жылы Флоренция университетінің заңгер мамандығына студент болып қабылданды. Үш жылдан соң ол Феррар университетіне ауысты – себебі оның әкесі саяси толқын бола қалған жағдайда жанұя мүшелерінің (жанұя қаражатының үлесін) қауіпсіз қалада болғандығын қалады. 1505 жылы ол азаматтық құқық бойынша доктор дәрежесін иемденді және жазумен айналыса бастады. Ол бірінші рет өз жанұясының тарихын жазды. Сосын ол Флоренция тарихын асқан қызығушылықпен зерттей бастады.

Гиччиардини жазуын 1509 тоқтатты, себебі ол жоғары тәуекелге бел буған саяси ойындармен айналыса бастады. Ол Флорентино республикасының екінші дәрежелі қызметіне тағайындалды. Сосын ол Фердинанд Арагон патшасының сарайына Содерини елшісі болып тағайындалды. Ол Мария Сальватиге үйленді, соңы қорқынышты себепсалдарларға толы болған неке болды, себебі ол неке саяси қызығушылықтардың ашық декларациясын ұсынған неке болатын. Сальватис қуатты Медичи жанұясына қарсы шықты. 1512 жылы, Медичи жанұясы Содерини билігін ығыстырып, билікке ие болды, Гиччиардинидың шаруасы бітті. Ол Испаниядағы елшіліктен бас тартып, Флоренцияға келуге мәжбүр болды және онда өзінің құқықтық тәжірибесімен айналыса бастады. Қолы бос уақытында ол жазумен айналысты.

Ол папалық қызметке 1516 жылы кірді. Ол өзін жақсы басшы ретінде көрсете білді және жылдам жылжыды<sup>9</sup>. Италиян соғыстарының қызған кезінде, Франция мен Испания патшаларының арасындағы Италияны жаулап алу күрделенгенде, Гиччиардини VII Клемент папаға сыртқы саясат бойынша кеңесші болды. Ол папаға Италияны бақылауды сақтай отырып, Франция мен Испанияның бақталас билеушілерінің арасындағы маневрді тиімділікпен шешуге кеңес берді. Гиччиардинидің кеңесіне сүйене отырып, Папа бірінші рет Павиа күресінде аяқталған (ақпан, 1525) соғыста Испаниядағы V Карлды қолдады, ол соғыста патша Франциск I жеңіліс тапты. Билік балансы қозғалысын сақтай отырып, папа Франциядағы Франциск I қосылды және V Карлдың қызығушылығын жүзеге асыру үшін француз коньягы лигасын құруға көмектесті.

1538 жылы Гиччиардини саясаттан кетті. Өз өмірінің соңғы жылдарында ол «Италия

*тарихы*» атты еңбегін жазды. Ол 1494 және 1534 жылдар аралығындағы итальяндық соғыстың астан-кестен және қалыптастырушы мерзімі болып табылған итальяндық саясатты қамтиды. Ол 1540 жылы мамыр айында қайтыс болған сәтте осы кітапты соңғы рет қайта қарастырумен айналысқан болатын.

### *Гиччиардинидің үлесі*

Дипломаттық карьерасына және папа кеңесшісі екендігіне қарамастан Гиччиардини автор ретінде өнімді жұмыс жасады. Испанияда елші бола жүріп, ол Испанияның саясаты туралы кітап және шығармалар жинағын жазды. Папа Лео X өлімінен соң ол флорентиялық саясат бойынша жұмыс жасады. 1527 жылдан кейінгі қиын жылдарда ол бірнеше биографиялық жұмыстар жазды<sup>10</sup>. Одан басқа, он сегіз жылғы белсенді жұмыстан соң ол бірнеше мәселелер бойынша бақылаулары мен ой-пікірлерін жазды. Ол Рикорди деп танымал болған осы жинақты үнемі қарастырды және көшіріп жазды. Қағидалар мен афоризмдердің жинағы белсенді және дауылды өмірдің өнімін сипаттайды.

Гиччиардинидің *«Рикорди»* еңбегінің біршамасы өз беделі мен абыройын қалай сақтап қалу керектігі туралы қағидалардан тұрады. Басқалары саяси оқиғаларға түсініктеме болды. Бірақ олардың барлығы Ренессанс дәуіріндегі Италия туралы автордың тәжірибелерін көрсетеді. Олар ызақор сезімге берілген қатал және жемқор билеушілер туралы әсер қалдырады. Рикорди адам жағдайының көңілсіз және сұрықсыз көзқарасына толы. Олар адам кемшілігі мен адамның қиналысын сипаттайды. Олар дербес билеушілерге сенбеу туралы айтады, себебі олар ақылға емес, өз тілектеріне бағынады (Гилберт, 1965, 288 б.; Феррари, 1860, 277 б.). Гиччиардини халықтық көпшіліктің данышпандығына аз сенеді, ол оны «мыңдаған қателіктерге, мыңдаған шатасушылықтарға толы, талғамы, көрегенділігі, тұрақтылығы аз ақылсыз аң» деп салыстырады. Ол дін басыларға «бұзақылар бандасы» ретінде қарайды, ол олардан ызақорлықтан, ашкөздіктен және сезімталдықтан басқа ешнәрсе көрген жоқ (С-28)<sup>11</sup>.

Гиччиардини Макиавелли секілді саяси әрекет моралдық дәйектемелер көзқарасы тұрғысынан түсіндірілмеуі керектігін атап көрсетеді; ол қызығушылықтар көзқарасы тұрғысынан түсіндірілуі қажет. «Патшалар өздеріне ұнайтын, өздері білетін немесе олар қажет еткен нәрсені жиі жасайды» (С-128). Осыған байланысты оның дәйектемесі *«Флоренция билігі туралы диалог»* үзіндісінде ұсынылды [1524], Гиччиардини Пизамен соғыс кезінде жаулап алынған қаланың тұтқындалушылар тобымен Флоренцияның не жасау керектігін талқылайды. Мұнда ол өзінің альтер-эгосы Бернардо дель Нероға тұтқындалушылардың бірден өлтірілуі керектігін ұсынуға мүмкіндік береді. Онымен әңгімелесушілер оның қатал екендігін және ол барлық христиандық қағидаларға қарама-қайшы келетіндігін айтады, Бернардо оның ұсынысын қолдайды. «Пизандықтар біздің барып тұрған жауымыз», - деді ол. Егер, флоренциялықтар олардың христиандық міндеті мен моралдық құқығына сай әрекет етер болса, онда олар оны босатуы тиіс. Бірақ тұтқындалушылар Пизаға оралады, пизан әскеріне қайтадан қосылады және флоренция билігінің алдын ойламайтын мейірімділігін барлығына айтып күлкіге қарық қылады. Сонымен, тұтқындалушыларды босату Флоренция жауларының саны мен күшін арттырады, оларды флоренцияның жаулап алуынан қорықпайтын етеді.

«Ар-ұят ожданы бойынша мемлекетті басқарғысы келетін адамның позициясының азайғандығын көріп отырсыздар. Сондықтан мен пизандықтарды түрмеге отыруға немесе өлтіруге аяушылық туғызу туралы айтқан кезде, мен христиан секілді сөйлеген

жоқпын: мен мемлекеттердің тәжірибесі мен мақсатына байланысты сөйледім» (Гиччиардини, 1994, 159 б.).

«Мемлекет мақсаты» ұғымымен Гиччиардини Макиавеллидің өзіншілдігі туралы ұғымды қабылдап, оны мемлекетте қолданды. Қосымша ортодоксалды саяси таныммен қарастырылған жоқ. Ол ортағасырлық христиандық пен заманауи ғасыр арасындағы әлеуметтік теорияға ауысуды білдірді. Ортағасырлық көзқарас құдай туралы мәселелерге басшылық жасады, Макиавелли мен Гиччиардини мемлекеттің дербес емес институттарының сипаттарын атап көрсеткен мемлекет мәселелерімен айналысты.

Мемлекет өз құқығындағы субъект болып қарастырылады деген идея Гиччиардинидің «*Италия тарихы*» атты шедеврінде көрініс табады. Кітап итальяндық қала-мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасты сипаттауға ықпал етті. Он бесінші ғасыр соңында итальяндық саясатты қалыптастырған ұйымдардың, соғыстар мен дипломатиялық қозғалыстардың бірлестігін негізге ала отырып, Гиччиардини қала-мемлекеттердің өзін-өзі реттеу қағидаларының бейнесін сипаттайды. Италияның ренессанстан ұрпақтары иемденген бейнесі көп жағдайда Гиччиардиниге сүйенеді. Оның әңгімелері билік балансының дәйектемелерін жандандыратындығына күмән жоқ. Ол Лоренцо (Ұлы) Медичи туралы жазады (1448-92):

«Флорентина Республикасы және өзі үшін өте қауіпті болған нәрсе егер негізгі державалар өзінің аймағын кеңейтетін болса, онда ол Италияның жағдайы баланс, тепе-теңдік жағдайында болу керектігін түсінді» (Гиччиардини, 1969, 4 б.).

Осыған байланысты бірнеше сауалдар туындайды. Мәселе Лоренцоның саясаттағы ұстанған сипатына байланысты: Лоренцо шебер саясаткер болды ма немесе оның итальяндық билеушілердің арасындағы саясаттағы тәсілі жалпы болды ма? Ең болжамды жауап Лоренцо бірегей болатын. Лоренцо гуманист, ақын және өнерді қолдаушы болды. Одан басқа, көпшілік пікір бойынша ол мемлекет ісін, сонымен қатар, шетелдік істі басқарудың шебері болды. Гиччиардинидің өзінің әңгімесінен Лоренцо ренессанс дәуірінің мырзасының идеалына ұқсамағандығы белгілі; «азаматтық өмірде құнды болып табылатын мейірімділіктің барлық белгілері мен көріністері бар» солдат және ғалым. Лоренцо итальяндық саясаттағы маңызды күш болатын, деп түсіндіреді Гиччиардини, ол 1492 жылы қайтыс болған кезде, Флоренцияның тұрақтылығы аяқталды, шындығында барлық итальяндық қала-мемлекеттер жүйесі дамыды. Лоренцоның қарапайым саясаткер ғана болмағандығы белгілі, оның саяси дағдыларымен барлық ренессанстық билеушілердің өкілдері санасуының қажеті жоқ.

Тағы бір мәселе Лоренцоның саясатын Гиччиардинидің сипаттауына байланысты: бұл бірегей билеуші билік теориясының балансын құрды ма? Ең болжамды жауап: ол оны жасаған жоқ. Лоренцо жазған хаттардың ішінде билік логикасы балансы оның сыртқы саяси дәйектемелеріне бағыттайды деген нақты және бірізді жауап жоқ. Лоренцо басқаларына қарағанда айлакер болған шығар. Дегенмен, сол уақыттағы басқа да тирандар секілді ол өзінің сыртқы саясатын кез-келген негізгі модель бойынша емес, прагматикалық, арнайы негіз бойынша жүргізді. Сонымен, Гиччиардинидің тарихында бар билік балансының дәйектемелері бәрінен бұрын оның негізгі кейіпкерінің жұлдызы емес, оның авторының жасаған жаңалығы болып табылады.

Лоренцо билік теориясы балансына өз танымымен әрекет жасағандығы мүмкін емес. Бірақ, Гиччиардини оны өзі жасағандай етіп сипаттағаны анық. Басқа да Ренессанс дәуірінің билеушілері секілді, Лоренцо берік, мемлекетаралық қарым-қатынастарды орнатуға емес, қысқа мерзімді пайда табуға ұмтылды. Ол жылдам шешім қабылдайтын,

кенеттен әрекет жасайтын. Ренессанс дәуірі саясатындағы сену, сенімділік және жақсы ерік, жігерді біртіндеп құру жоспарлаудан гөрі мүмкіндіктер басшылық жасаған белгісіз құндылықтар болатын. Ренессанс билеушілері үшін, мемлекетаралық істер жоғары және кенеттен болатын ұтыс секілді қауіпті ойындар болатын: «олар күш деп сипаттаған қулық, аямаушылық және жанқиярлық қатар жүрген толқу атмосферасында жүргізілді» (Никольсон, 1954, 31б.). Бірақ, Гиччиардини Лоренцоның іс-әрекеттерін түсіндіру үшін билік балансының дәйектемелерін қолданды. Сонымен, ежелгі заманауи халықаралық қатынастар теоретиктерінің арасынан орын алуға лайықты Лоренцо емес, ол болып табылады.

### *Фукидидтің қайта ашқан жаңалықтары*

Гиччиардини тәжірибелі дипломат болса да, ғалымдар оның итальян мемлекетін басқаруын сипаттауы жалпы дипломатиялық тәсілдерде көрініс табады деп айтты. Бұл мүмкін емес. Гиччиардини билік балансы қағидасының ұғымын өз заманындағы дипломатиялық дискуссиялардан емес, классикалық авторлардың тарихи әңгімелерінен тапты, сосын ол оны заманауи тәжірибеде қолданды. Бәрінен бұрын, ол билік балансы ұғымын Фукидидтің *Пелопонес соғысынан* тапты.

Фукидид Афины державасының теңіз билігінің белсенді соғысының және Спартаның баяу, құрлықтағы күшінің сипаты мен себептерін талқылайды. Өзінің ұзақ әңгімелеуінде Фукидид өз тақырыбында: күрес пен қоршаудың хроникасын, құрылған немесе бұзылған одақтарды, маңыздысы, адамдарға соғыстың ықпалын – қашып құтыла алмайтын «адам рухының коррозиясын» қарастырды. Ол өз уақытындағы аса танымал саяси көшбасшылардың сипаты мен ықпалын талқылайды. Гиччиардини мен ренессанс дәуірінің басқа авторлары өз заманындағы Греция мен Спарта, Франция мен Испания аралығындағы қиратушы соғыстардың көрініс тапқан параллелизмін атап көрсетті. Фукидидтың сипат бойынша зерттеулері ренессанс дәуірінің гуманистеріне ықпал жасады және көпшілігі оның стиліне еліктеуге тырысты.

Фукидид билік мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарға нақты билікті беретін шартты сипаттайды. Сонымен, «күштілер күші жететін нәрсені жасайды, әлсіздер қабылдауы керек нәрсені ғана қабылдайды» (Фукидид, 1972, 402 б.). Күшті, ықпалды мемлекет кіші мемлекеттер арасындағы одақта ғана бола алатындығы туралы пікір келесі жүзжылдықта халықаралық қатынастар теориясына ықпал етуі қажет.

Итальяндық гуманистер саясат одағы және сол уақыттағы ежелгі грек қала-мемлекеттердің арасында соғысты жүргізуде Фукидидтің талқылауын қолданды. Гиччиардини Фукидидтың билік балансы көрінісін қабылдаған кезде, грек тарихшысы мыңжылдық ескермеуден кейін батыстың саяси теориясын қайта қарастыра бастады. Фукидидтің келесі халықаралық қатынастар теориясына ықпалы толықтай бағаланған жоқ деп айтуға болады.

### **Заманауи пікір**

Ренессанс Флоренция мемлекет пен шіркеу секілді дәстүрлі биліктерге әрекеті тәуелсіз болып табылатын суретшілер мен ғалымдармен (гуманистер) толықты. Олардың көпшілігі жоғары қоғамдық резонанс тудырды. Олардың біразы дау жанжалдың айналасында жүрді. Олардың мысалының бірі ретінде Лоренцо Валланы атап айтуға

болады, Константиннің құрбан болуы жалған болғандығы туралы текстологиялық сынның жаңа әдісін қолданды. Басқа мысал – Никколо Макиавелли. Ол Содерини канцеляриясы немесе Ондық кеңес үшін құпия мәлімет үлгісінде саяси талдаулар жазды. Сонымен қатар, ол дамып, өркендеп келе жатқан көпшілік үшін мәтіндер де жазды – поэмалар мен пьесалар. Дегенмен, құпия мәліметтер қолмен жазылса да, көпшілік мәтіндер жиі жарияланды.

Макиавеллидің «Мандрагора» пьесасы оны аяқтаған соң бір жыл ішінде жарияланды [1518] және көпшілік алдында орындалды. «*Согыс өнері*» [1521], «*Флоренция тарихы*» [1525]. «*Дискурстар*» мен «*Ханзада*» үлкен және ғылыми аудитория үшін жазылған; соңғысы автордың қайтыс болар кезінде жарияланса да, екі кітапта автор бар кезде оқылды және талқыланды, кейде автормен, кейде Макиавелли өткір тілді әңгімеші ретінде үлкен сұранысқа ие болды<sup>12</sup>.

Кітаптар мұқабасы бойынша бағаланбайды, ренессанс кітаптары да солай. Он алтыншы ғасырдың басында кітаптар қымбат болатын және кітап пайда болған әлеуметтік тәжірибе контекстінен белгілі-бір анықталған мағынасы бар нысан болатын. Бәрінен бұрын кітап он алтыншы ғасырда көпшілік нарық үшін тауар ғана емес, қымбат сыйлық болатын. Қымбат саналатын мақала секілді ол сол заманның сарай мәдениетінің бөлшегі болатын. Ол беделдің, өзара түсінушіліктің, марапаттаудың және басқа дәстүрлі тәжірибелердің конвенцияларымен қамтылған. Саяси теория бойынша кітап жай ғана тауар болған жоқ; ол ірі әлеуметтік жүйенің бөлшегінің символы болды. Ол сол дәуірдің ғылыми және философиялық дау-жанжалдары қоршаған конвенциялар пәні болды. Оның мағынасы оның мұқабаларының арасында байланысты болып табылатын тек қана мәтіннің өнімі ғана болған жоқ, сонымен қатар, бірінші рет ұсынылған, каналдар арқылы таратылған, ол теңестірілген патронның беделі болды<sup>13</sup>.

Қоғамдық сала он алтыншы ғасырдың басында болар-болмас бар болды. Дегенмен жағдай тез өзгерді. Коммерциялық баспахана дүкендер Еуропа бойынша барлық қала орталықтарында жауыннан кейін пайда болған саңырауқұлақ секілді қаптап кетті. Баспадан шығару осы кезеңде солтүстік Италияда тез таралатын бизнеске айналды. Көптеген гуманистер олардың мәтіндері тез жарияланғандығын қалады, соған орай өздерінің жазбаларының билігін арттырғысы келді және оны келешек ұрпаққа жеткізуді қалады. Гуманист ғалымдар мен сауда жасауға бейімделген баспаханашылардың арасындағы бірлестік заманауи қоғамдық сфераның пайда болуына маңызды ықпал етті, бірнеше жылдан соң реформация кезінде белгілі болды<sup>14</sup>.

Уақыт өткен сайын, Макиавеллидің «*Ханзада*» еңбегі жарияланды, оның еңбегін шошыну, қорқыныш және ашуға толы сезімдер күтіп тұрды. Оның өлімінен жүз жылдан кейін, Макиавелли дьяволдық, сатқындық, қорқынышты, қатігез тәсілдерді жеткізуші өкіл ретінде сөзге қалды, он жетінші ғасыр кезінде «*Ханзада*» дьявол арқылы ықпал еткен деп саналды, Елизавета кезіндегі Англияда, Никколо Макиавелли ежелгі Ник болып теңестірілді, ал шайтан «Макиавеллиан» деп аталынды.

Гиччиардинидің ашулы моралистердің көзқарасынан құтылу жолын іздеген деп айтылады, себебі оның саяси жазбалары Макиавеллиге қарағанда аса тік және сыни тұрғыдан жазылған. Дегенмен, егер Гиччиардини қатты сын пікірге ұшырамаса, мүмкін болады, себебі Макиавелли діни орталық, ортағасырлық дүниетанымымен келіспеген бірінші жеке тұлға. Атап айтқанда, Макиавелли бірінші рет бірегей саяси христиан әлемі туралы ортағасырлық арман мағынасы жоқ сүнгуір болатындығын бірінші рет көпшілік алдында жариялап айтты. Бұл жалпы интеллектуалды фоны христиандық дінге



негізделген адамдар үшін таңқаларлық пікір болатын. Макиавелли гуманист болатын. Гиччиардини секілді, ол тарихи оқиғаларды талдауға негізделген ғылым саясатты қалыптастыруы мүмкін екендігін айтты. Ол ондай талдауды этикалық және моральдық мәселелермен шатастырмау керектігі туралы айтты. Ол оның міндеті заттарды нағыз қалпында сипаттауы екендігін түсінді, заттар туралы олардың қандай болуы керектігі туралы айтты. Макиавелли тиімді билеушілер өздерінің саяси қызығушылықтары бойынша әрекет жасайтындығына тоқталды. Гиччиардини келісті, ол шындығында осы қағидаларды барлық саяси субъектілерге таратты; тіпті «еркіндікті соншалық сенімді жариялайтындардың өздерінің мақсаты ретінде жеке қызығушылықтары бар» (С-66).

Осындай пікірлермен Макиавелли мен Гиччиардини ортағасырлық христиандықтан жаңа заманға өту керектігін атап көрсетті. Атап айтқанда осы ауысу оларды аса маңызды етеді. Олар құдай туралы қауіп-қатерді иемденген ортағасырлық ортодоксиядан бас тартты және ол мемлекеттің өзіне тиесілі болды. Ортағасырлық философтар табиғатты адам қоғамын қамтыған діни жаратылыс ретінде қарастырды, Макиавелли мен Гиччиардини табиғатты берілген сый ретінде қабылдады және оны қоғамнан бөлек қарастырды (олар жеке тұлғаны қалыптастырғандай болып көрінген секілді). Ортағасырлық ойшындар адамдар ізгілікті өмір сүре алатындай және жандарын алып қала алатындай болып табылатын діни қағидаларды орнатуға тырысты, олар дербес еркіндік шарттары туралы қорытынды жасау үшін адамдардың мінез-құлқын сипаттауға тырысты.

### *Құдайдан ханзадаға дейін*

Макиавелли мен Гиччиардини құдайды ғылыми назардан тыс қалдырды. Олар құдайдың бар екендігін мойындамай, ашықтан ашық жасаған жоқ. Олар оны назарды басқа жаққа аудару арқылы жасады; жанды құтқарудан мемлекеттің қауіпсіздігіне қарай назар аудартты. Діни мәселелерге қарамастан, олар әрқайсысы өзінің нақты қызығушылықтары мен нақты этика кодексі бар екі моральдық саланың бар екендігін айтады. Бір жағынан, бұл кодекс, дәстүрлі христиандықтың әділеттілік, шынайылық, аяушылық және басқа да артықшылықтарын атап көрсетеді. Екінші жағынан, бұл мемлекет қызығушылығына байланысты қолданылатын код.

Макиавелли (1997, 28 б.) бұл жағдайда нақты айтты. Саясатта «әркім барлық адамдар ашулы және олар мүмкіндігінше олардың табиғатының әділетсіздігіне сәйкес әрекет жасайды дегенді есіне алуы тиіс» дейді. Гиччиардини мемлекеттер арасындағы саясатта құдай заңды, моральды авторитет емес деген пікірді қосты; бірақ ханзада сондай. Ханзадалар оларға тиесілі моральдық кодекске бағынады. Егер оны ыңғайсыз жағдайға қалдырған жағдайда, кемеңгер ханзада өз сөзін айтып, сыйламауы мүмкін емес (Макиавелли, 1961, 90 б.).

Гиччиардини ренессанс саясатын адамдар ойнайтын дауылды және қауіпті ойын ретінде сипаттайды, олар «өтірікші зұлым, өтірікші және қу» (С-157). Ханзада қарсылас ретінде үнемі оның нығаюына мүмкіндік беретін оның мемлекеті мен мүмкіндіктеріне қауіп-қатер төндіретін жағдайлардан хабардар болуы керек. Өзін-өзі бекем ұстау үшін ханзада жеке қызығушылықтарын басшылыққа алуы тиіс (С-218); ол еліктеп, өз ниетін жасыра білуі тиіс (С-49, 104), өзінің билігін арттыру (С-86) және өз кемшіліктерін жасыра білуі тиіс (С-196). Өз мемлекетін қорғау үшін, ханзада азаматтық қоғамның дербес адамгершілігін ескермеуі тиіс, оның орнына мемлекеттің ұжымдық қызығушылықтарын қарастыруы керек. Адами тұрғыдан заттарды ашық түрде талқылап, саяси тұрғыдан

ешқашан өз істері туралы айтылмауы керек (С-184); дегенмен өтірік моральдық айыптауға тұратын ұят қылық болып табылады, бірақ саяси тұрғыдан дәлелді де, ханзада оны тәжірибеде жақсы қолдана білуі керек (С-37). Гиччиардинидің ханзадасы қайырымсыз әлемде өмір сүреді, кек жағымды ғана емес, сонымен қатар, қажет те (С-72, 74), ал қауіпсіздік – жауларыңыз сізге қастандық жасағысы келгенмен, оны жасай алмайтындығын білуі.

### *Табиғаттан қоғамға*

Мемлекет пен құдай арасындағы қарым-қатынасты қарастырған ортағасырлық философтардан айырмасы, Макиавелли мен Гиччиардини мемлекетті ежелгі теоретиктер жасағандай жеткілікті жаратылыс ретінде қарастырды. Дегенмен, олар классикалық болашақты бір логикалық қадамға ілгері жылжытты: олар мемлекетті үнемі басқа мемлекеттермен өзара байланысқа түсетін жеткілікті субъект ретінде қарастырды, олар саяси әрекеттер үшін заңды билікпен ерекшеленеді. Ханзада мемлекетті жандандырушы болып табылады. Макиавелли ішкі жағдайға назар аудара отырып, ханзадаға тоқталады; ол ханзаданы өзіне-өзі жеткілікті, дербес субъект ретінде сипаттайды, ол өзін басқа субъектілерден тәуелсіз етіп жасауға ұмтылады. Құдайды енгізе отырып, Гиччиардини оның назарын сыртқа аудартады: ол мемлекетті ірі мемлекетаралық контекст бөлшегі ретінде көреді. Екеуі де мемлекет өзінің қауіпсіздігіне, әскеріне және басшылығына қамқор болуы керек дейді. Дегенмен, Гиччиардини жеке мемлекет өмір сүретін үлкен саяси органың аса бай сипаттамасын жасайды.

Ортағасырлық философтар қоғамды құдай берген ұлылықтың бөлшегі, заттардың табиғи тәртібі ретінде көрсе, Макиавелли мен Гиччиардини қоғамды адамзат жасаған деп санады. Олар мемлекетті адамдар үнемі қарап бақылауына алатын уақытша, жасанды жаратылыс деп санады. Сонымен, құдайды мемлекетке айырбастай отырып, олар табиғатты қоғамға айырбастады. Олар қаншалықты ілгері жылжитындығы туралы дәйектеме ұсынды: олар қайталаған ешнәрсе деп мемлекеттен жоғары емес. Әділеттіліктің, қаталдықтың, мақтаудың немесе ұяттың қарастырылуы мемлекетті ұстап тұрудың және ханзаданың іс-әрекеттер еркіндігін сақтаудың қажетті міндеттерін орындауға кедергі келтірмеуі тиіс. Гиччиардини ең соңғы қадамды жасады. Ол құдайды саяси қарастырулардан сана сезіммен алып тастады. Құдай берген христиандық құндылықтардың орнына, ол «мемлекет тәжірибесі мен себебі» ұғымын қойды (Гиччиардини, 1994, 159 б.).

### *Мерзімі өткен құқықтан сипаттауға дейін*

Макиавелли мен Гиччиардини ортағасырлық пікірдің мерзімі өткен құқық мәселелерін сипаттамалы талдаумен алмастырды. Макиавелли құнтты адам болды, ал оның «Ханзада» еңбегі қолайлы кітап болды. «Зерттеуші үшін қолайлы болатын нәрсенің не екендігі туралы айтпай тұрып, мен олардың оларды елестеткендей емес, шынайы шындықта қандай болатындығын ұсыну дұрыс деп таптым», дейді ол (90 б.). Гиччиардини келісті.

Мұндай қарым-қатынас «батыстық адамзатты айқайлауға және орнынан қайта тұруға апаратын саяси дене қанатына сүңгіген қылыш секілді болды» (Мейнеке, 1957, 496.). Макиавелли мен Гиччиардиниді ханзадалар өздерін қалай ұстау керектігі туралы мәселе қызықтырған жоқ; олар табысты болған ханзадалар өткен уақытта өздерін қалай ұстады,

соны ғана түсіндіруге тырысты. Макиавеллидің ханзадалардың аморалды кодексі туралы айтуы көптеген гуманистердің ашу ызасын келтірді. Олар үшін Макиавелли оны Фукидид жаңғырығымен түсіндірді (1972, 404 б.) – ол осы кодты тапқан жоқ, ол оны жай ғана бақылады және бар болған нәрсені нақты сипаттады. Табысты ханзадалар әрқашан жеке мораль мен мемлекеттің қызығушылықтарын ажыратып отырды. Олардың барлығы «адамдарға ізгілік репутациясын беретін заттарды әрқашан бақылап отыру мүмкін еместігін біледі, себебі өз мемлекетін ұстап тұру үшін ол адалдық, қайырымдылық, мейірімділік немесе дінге қарамастан әрекет жасауға жиі барды» (Макиавелли, 1961 , 101б.).

Дәстүрлі этиканы адамның зығырданын қайнатқанша елемей, ескермеу христиандардың ашуын келтірді. Олар Макиавелли адамның күнәһар табиғатын ғана қабылдаған жоқ, ол, сонымен қатар, оны жағымды рақымшыл адам ретінде қабылдады деп санады. Бұл позиция тіпті зұлымдықтан да жаман болды: ол барлық әділетсіздік жазаланатын, сотқа тартылатын күнді де елемеді. Христиандарға жауап ретінде Макиавелли ешнәрсе де айтпады. Оның үнсіздігі шешен, тіпті сол дәуірге тән болатын: «бұл христиандық Еуропаның айналасында қайталанды, жауап ретінде таңқаларлық үнсіздік сыйлай отырып, сосын ешқашан ешкім мәңгілік өлмейтіндей өлімші халдегі жылау» (Скиннер, 1981, 38 б.). Макиавеллидің үнсіздігі ортағасырлық қамқорлықпен атышулы қарама-қарсылықты ұсынды.

Гиччиардини Макиавелли секілді саясатқа сипаттамалы тәсілді ұстанды, ол гуманистер мен христиандар мақтап мадақтаған сыннан қашты. Макиавелли моралистердің сүйкімді үйренушісі, ол Гиччиардини макиавеллиандықтардың алғашқысы болды.

### *Таным, еркін еркіндік және детерминизм*

Адамдарды өз тағдырының иесі ете отырып, ренессанс дәуірінің гуманистері жаңа саяси әлемдік көзқарас ашты. Адамзатты өз өмірінің иесі ретінде сипаттай отырып, құдай немесе табиғат адамдардың іс-әрекетіне шектеу қояды дегенді жоққа шығара отырып, олар ортағасырлық дүниетанымды ажыратуға тырысты. Сол уақытта ортағасырлық ғалымдар адамның ерекше сипаттамасын «сенімге» негізделген «танымнан» тапса, ренессанс авторлары оны адамның «еркін еркіндігінен» тапты.

Бұл дегеніміз ренессанс дәуірінің адамдары адами рационалдылықты жоққа шығарды дегенді білдірмейді; ол оны олар өзгертті дегенді білдіреді. Макиавелли, мысалы, оны есептеу мәселесіне дейінгі шамада төмендетті. Ортағасырлық ғалымдардың «таным» әділетсіз қылықтардан ажырата білу қабілеттілігін ғана білдірді; Макиавелли үшін «себеп» өз еркін жүзеге асыру тәсілдерін атап көрсетудің қабілеттілігі болды. Аристотельшілдер (Аквинский секілді) адам кемелдігін сипаттаса, макиавеллиандықтар адам еркіндігін сипаттады. Ол «Ханзада» еңбегінің соңғы бөлімінде көрініс табады, Макиавелли, бақыт немесе ізгілік адам өміріндегі анықтаушы қағидалар ма деген сауал қояды, теңдессіз деңгейде соңғысының маңыздылығын атап көрсетеді: «біздің еркін еркіндігімізді ескерместен, мен ойлаймын, тағдыр біз жасаған нәрсенің жартысы болып табылады, екінші жартысын немесе соған жуық жартысын қалдыра отырып, біздің оған өзіміздің бақылау жасағанымызды қалайды», -деп жазады (1961, 130 б.).

Бұл көзқарас тұрғысынан Макиавелли мен Гиччиардини келіспейді. «Бақыт пен ізгіліктің» сәйкес рөлі туралы үлкен дебаттарда Макиавелли біріншісіне тоқталса, Гиччиардини екіншісіне тоқталады. «Сіз бақыт адамзат ісіне үлкен билік жасайтындығын

жоққа шығара алмайсыз», -деп жазады Гиччиардини С-30 максимінде. «Біз осы істерге адамдар болжай алмайтын не қашып кете алмайтын үнемі кездейсоқ жағдайлар әсер ететіндігін көреміз. Сонымен қатар, ақыл мен қамқорлық көптеген нәрселерді аяқтай алады, дегенмен ол да жеткіліксіз». Гиччиардини Макиавеллиге қарағанда, адам күйі туралы пессимист болып табылады. Ол адам танымының шегін айрықша аңғарады. Ол тарихтан және саяси оқиғаларды бақылаудан үйренудегі адам қабілеттілігіне аса сенімсіз тұрғыдан қарайды (С-114). Бұл Макиавеллидің сенімін таным мен еркіндікке қарама-қайшы қоюға әкеледі. Ол максим С-128 жазады:

«Мемлекет істерінде сіз ханзада көрсеткен себептерді басшылыққа алмауыңыз керек, бәрінен бұрын оның табиғаты мен әдеттері бойынша жасауыңыз керек. Ханзадалар өздеріне ұнайтын нәрсені жасайды немесе өздері білетін, не өздеріне қажетті нәрсені жасайды. Егер сіз басқа да қағидаларды басшылыққа алсаңыз, одан басқа, сіз үлкен келенсіздіктерге ие боласыз» (Гиччиардини, 1970, 73 б.).

Бұл бақылау саяси әрекеттерге басшылық ретінде Макиавеллидің «Ханзада» атты еңбегінің негізін құрайды. Сонымен қатар, ол заманауи халықаралық қатынастар талдауының негізгі қағидаларын атап көрсетеді: саясаткерлердің әрекеттерін түсіну үшін олардың рационалды есебін түсіну жеткіліксіз; олар ұсынып отырған тарихты және мемлекет қызығушылықтарын түсіну де қажет болып табылады.

### *Қорытынды ескертулер*

Саяси теория ренессанс дәуірінде революцияланды. Бірнеше шиеленіскен он жылдық барысында 1500 жылдың басында батыстық дүниетану ежелгі діни дискуссиялардың жаңа, экспансивті, заманауи дискурсқа келгендігі туралы өзгеріске толы болды. Ол құдайға емес, мемлекеттерге негізделді; мемлекетті адамзаттық ретінде қарастырды және саясатты мемлекетті ұстап тұру үшін қажетті болып табылатын үздіксіз іс-әрекет ретінде қабылдады. Ренессанс теориялары мемлекет ішінде саясаттың жаңа және берік идеяларын әкелді. Мемлекеттер арасындағы саясат теориясы салыстырмалы тұрғыдан азғана болса да ілгеріледі.

Халықаралық саясаттың теориялық тәсілдері туралы соғыс және дипломатия туралы ренессанс оқу құралдарынан, жазба мәтіннің екі түрінен табамын деген адам үшін жаяу жүргіншінің жүрісіндей болар еді. Сол дәуірдің әскери оқу құралдары бір нәрсені нақты көрсетті: соғыстың сипаты бірден өзгерді. Қалыптастырушы оқиға итальян соғысы болды. Карл VIII Италияға 1494 жылы Роберт де Бальзак өзгерістерді байқағанға дейін француз әскерімен келіп кірді. Оның *Nef des Princes et des Batailles* [1502] жаңа француз және испандық қарулану жүйесі аясында нығаюын сипаттайды, олар: жеңіл артиллерия және пистолеттер. Макиавелли өзінің «Соғыс өнері» атты еңбегінде, сонымен қатар, жаңа, жоюшы қару жүйелерін енгізуді атап көрсетеді [1521]. Баттиста делла Валле өзінің *Libro continente appartenentie ad Capitani* [1528] еңбегінде бір қадам алға жүреді; ол өзінің диаграммасына тиімді күресуді қалыптастырудың қару-жарақтық аясын енгізеді. Бірақ бұл кітаптардың барлығы соғыстың техникалық аспектісіне: әскери жылқылар, әскерді қамтамасыз ету, лагерді құру және қорғау, марштық құрылымдар мен күрес тәсілдерін жасауға негізделген (Хале, 1981, 276 б.). Бірнеше кітаптарда мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастар талқыланды. Біршамасының теориясы көп болмады.

Дегенмен, сол ғасырдың соңғы ширегінде, халықаралық қатынастар теориясы өзгеріске толы бола бастады. Кенеттен, бірнеше авторлар «мемлекет себебі» деген

ұғымды кеңінен қолдана бастады. Осы ұғымды қолданған бірінші автор Гиччиардини болатын. Он алтыншы ғасырдың соңғы ширегінде ол заманауи сөзге айналды. Ол дипломатиялық анықтамалықтарда таралды және он алтыншы ғасырдың соңындағы бірнеше кітаптардың тақырыбы да болды. Этьен Тхуау осы ғасыр туралы былай дейді:

«саяси міндет үшін атқару нүктесі толыққанды жаратылыс емес, егеменді мемлекет. Мемлекет себебі құндылықтардың ежелгі тәртібін өзгерткен секілді... Есеп пен адамдардың қулығынан, білгіш машинадан, жұмыстың себебінен туындаған мемлекет діннен азғындаған субстраттан тұрады... Адами және діни қарастырулардан жоғары тұрған мемлекет сонымен айрықша қажеттілікті қажет етеді...Өзінің заңдарын сақтай отырып, *raison d'etat* табиғаты танымнан бас тартып, құпиялықты құрайтын шулы және күшті шынайылық ретінде танылады» (Гордонда сілтеме жасалынады, 1991, 9 б.).

Бұл сөздер дипломатия мен мемлекетаралық саясат құралдары мен мақсаттарына деген сана-сезім қарым-қатынасы туралы куәлік етеді. Дегенмен, ол халықаралық қатынастарды аздап болса да түсінуге мүмкіндік берді. Гиччиардини билік балансы ұғымын және мемлекеттердің өзара әрекетін талдау үшін түсіндірмелі қағидалар ретінде «мемлекет себебі» терминін қолданған авторлардың бірі. Ол мемлекетаралық саясат құралдары мен мақсаттарына деген сана-сезім қарым-қатынасын ұсынды. Дегенмен, осы тұжырымдамалар халықаралық қатынастар теориясына енгенге дейін біршама уақыт қажет болды. Бұл келесі тарауда дұрыстап сипатталатын басқа тарихтың бөлігі болып табылады.

## Ескертулер

1. Жариялаудың әлеуметтік және саяси себеп-салдарлары 3-тараудың басында қарастырылған. Сонымен қатар, Мандроу (1978) мен Эйнштейнді (1993) қараңыз.
2. Лоренцо Валла 1440 жылдары үлкен дау туғызды, дау туғызған нәрсе Константиннің құрбандығы туралы текстологиялық сынның жаңа тәсілін қолданды – Константиннен Папа Сильвестер I берілген үш мың сөзден тұратын құжат, папалық өзінің уақытша талаптарын негіздеген және ол айламен жасалған жалған нәрсе екендігін көрсетті.
3. Ізгілікті джентельмен идеалы Кастильоненің «Сарай кітабы» [1528] атты бестселлер кітабында, идеал болып табылатын сарай маңындағы адамдарды ежелгі рыцарь ізгілікті терминдерінде сипаттайтын этикет бойынша анықтамалықта (физикалық ептілік, ерлік, соғыстағы тапқырлық, әдептілік), сонымен қатар, жаңа қалалықта (классикалық философия білімі, өнерді бағалау, шешендік және жақсы талғам) сипатталған. Ізгілікті джентельмендердің идеалы өз құқығында индивидуализмге құндылық ретінде жаңа ықпал көрсетеді. Одан басқа, Пико делла Мирандоланың «Адамның ары туралы сөз» [1486] атты танымал еңбегінде индивидуалға жаңа ықпал етуді жеке адам ретінде атап көрсетеді. Жекке және индивидуалға деген ықпал, сонымен қатар, әдеби форманың жаңа дамуында атап көрсетіледі, ол орта ғасырда сирек болатын, биография, автобиография, аса керемет мысалдарды Челлини (1936) мен Кардано (1930) жазды.
4. Франческо Поджио Браччиолине (1380-1459) классикалық гуманитарлық мәдениеттегі көптеген кәсіпкердің бірі болатын. Аз жалақыға қанағат етпестен ол нотариустар мен дипломаттарға көшіруші болып жалданып табыс тапты, ол классикалық жазбаларды іздеп тауып, көшіріп бизнеспен айналысты. Еуропаның көптеген экспедицияларында Поджио көшіріп алған маңызды жұмыстардың біршамасын тапты. Олардың түпнұсқаларын олардың иелері ескермстен жоғалып кеткен немесе жойылған; Поджионың көшірмелері Флоренцияда сақталды. Нәтижесінде Поджионың көшірмелері ежелгі Греция мен Римдегі өмір туралы аса ежелгі куәлік болып табылады.

5. Саяси әдебиеттің осы жанры бойынша түсініктемелер үшін I-тараудағы 9-ескертуді қараңыз.

6. Түсініктемелердің көпшілігі Макиавеллидің кітабының үшінші бөлігін атап көрсетеді. Көптеген антологияларда аса кеңінен таралған тараулар үшінші тараудың 17 және 18-тармақшалары. Халықаралық қатынастар теориясының көзқарасы тұрғысынан, үшінші тарау ең қызықты бөлім емес. «Ханзада» кітабының екі қысқа бөлімі атап айтарлықтай, себебі мұнда Макиавелли өзінің мемлекет табиғатын түсінуін қалыптастырады және мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасты соғыс түрінде қысқаша айтып кетеді. Макиавелли, сонымен қатар, соғыс пен мемлекеттер қарым-қатынасын «Флоренция тарихы» еңбегінде сипаттайды – әсіресе 5 және 6 кітаптарда (Кнутсен, 2012).

7. Көптеген деспоттар Макиавеллидің кітабынан, өздерін билікте ұстауды қажет деп санаған нәрсенің барлығын жасағандығы үшін, жақсы сылтаулар тапты. Осы қағидаға сәйкес Макиавелли билеушілерге күшті ықпал етті, мысалы, Франциядан Генрих IV, ол өлтірілген сәтте оның қалтасында «Ханзада» кітабының көшірмесі болған деген сөздер бар.

8. Макиавелли мемлекеттік қайраткерлердің саяси орнын анықтау үшін билік балансы тұжырымдамасына сүйенбейді. Бұл бақылау көпшілік қабылдаған Макиавелли реалистік саясаттың негізгі факторы болып табылады деп сипаттайтын халықаралық қатынастар теориясына қарама-қайшы, ол, сонымен қатар, билік балансының сарапшысы болды. Бұл өте қарапайым. Оның шығармаларына көз жүгіртіп шыққанның өзінде Макиавеллидің қорқынышы халықаралық саясат емес, ішкі болғандығын көрсетеді. Ол қауіпсіздік, қорғаныс және сыртқы саясат мәселелерін жиі талқылайды. Дегенмен, ол мемлекетаралық қатынастарды талқылауын тұрақты түрде жүргізеді. «Ханзада» еңбегінде «билік балансының» заманауи фразасы жоқ. (Бірақ 11-тарауда Макиавеллидің итальяндық билеушілердің мотивтерін талқылайтын қысқаша ескерту бар, 20-тарауда ол итальяндық мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасқа «баланс сорты» деп сілтеме береді («uno certo modo bilanciata»). Ағылшын тілді басылымдар оны «билік балансы» деп аударды (Макиавелли, 1961, б. 74, 116.). Дегенмен, «баланс» сөзі мұнда жай ғана «үйлесімділік» немесе «денсаулық» сөздерін білдіреді, ортағасыр дәрігерлері дененің денсаулығы эзіл-қалжың балансымен анықталатындығын айтады. Макиавелли бірлестікті қолдан жасаған (және жойған) мемлекеттік қайраткерлердің логикасына сирек талқылады. Сирек жағдайда ғана, ол оны жасаған кезде, ол мемлекеттік қайраткерге соғыста жеңіске жетуде ең күшті жағын ұсынды, идея билік балансын дәйектеудегі қарым-қатынас идеясы. Макиавеллидің биліктің маңызды теоретигі екендігі күмәнсіз, бірақ оны билік балансы теоретигі деп атау артық болар еді. Ол айтылған кезде: Макиавеллидің халықаралық мәселелер туралы аса дәйектемелі және тікелей талқыламасы «Ханзада», «Дискурстар» не «Соғыс өнері» еңбектерінен де табылған жоқ; ол Ондық кеңесті басқарған кездегі дипломатиялық миссияларды атқарған кезде Флоренцияға жіберген заттарынан табылды. Осы жіберілген заттарды жүйелі зерттеу аса сенімді негізде бекітілген көзқарасты қамтамасыз етуді осы аталған талаптар төмендетеді.

9. Папа Лео X (1513-21) Гиччиардиниді Модена мен Реджоның губернаторы етіп сайлады, содан соң папа әскерінің комиссары етіп сайлады. Папа Адриан VI (1522-23) оны қызметінен түсіріп тастады. Бірақ Папа Климент VII (1523-34) солтүстік папа провинциясы (Кватела 1991) болатын Романья провинциясының президенті етті.

10. Испанияда (1512) елші бола жүріп, Гиччиардини *Relazione de Spagna* мен *Discorsa*

*di Logrognò* атты еңбектерін жазуға уақыт тапты. Оның «Флоренция үкіметі туралы диалог» деп аталатын флорентиндік саясат туралы кітабы 1521 жылы басталды және үш жылдан соң аяқталды. 1530 жылы ол «Макиавеллидің дискурсы туралы пікірлер» атты ұзын сонар түсініктемелер жазды. Гиччиардинидің биографиялық жұмыстары *The Consolatoria* (дін мен философияның артықшылықтарын талқылайды), *Oratio Accusatoria* мен *Oratio Defensoria* (Гиччиардини, 1994, vii–xxxі; Кватала, 1991).

11. С-28 Гиччиардинидің *Рикордиінде* жасалған компиляциядағы «максим» 28 байланысты: «С-коллекция» деп аталады. Гиччиардини Рикордидің бірнеше нұсқасын жазды. Бастапқы екеуі оның Испаниядағы елшілігі кезінде (1512) жазылды және қысқаша ескертулердің жинағы ретінде ұсынылды (және олар әдетте кварто 1 және 2 деп белгіленеді, сәйкесінше - немесе Q1 және Q2). Гиччиардини Флоренцияға оралысымен нәтижесінде жоғалып кеткен басқа коллекцияны жазды, бірақ А-коллекция деп белгіленген. 1528 жылы ол өзінің максимдерін жазды, жаңасын косты және 181 Рикорди (В-коллекция) жасады. 1530 жылы ол өзінің 221 Рикорди (С-коллекция) соңғы компиляциясын аяқтады.

12. Қызықты сауал туындайды: Макиавелли кезінде аясында заманауи, академиялық теория бар болып табылатын қоғамдық сфера болды ма? Болар-болмас қана. Макиавеллидің кітаптары анонимді көпшілік аудиторияға да емес, оқуға да арналып жазылмаған болатын; оларды Оричеллари бақшаларында әдеби және саяси мәселелер бойынша жиналған ресми емес талқылаушы топ тұрақты түрде талқылайтын, ол достарының тұрақты және тар аясы болатын еді (Хейл, 1960, 149 б.).

13. Осы кезде Макиавелли «Ханзада» еңбегін Лоренцо Медичиге (Ұлы Лоренцоның немересі), «Дискурстар» еңбегін Заноби Буондельматига (Медичиге қарсы бұрынғы конспиратор) және Косимо Ручеллаи (Оричеллари бақшасындағы талқылаулардың иесі) арнағандығы белгілі болып табылады.

14. Макиавеллидің достарының арасында еркін және ғылыми әңгімені бағалағандығы қызықты биографиялық дерек. Саяси теорияның қызықты дерегі оның осы әңгімелерден интеллектуалды және саяси құндылықтарды көре білуінде болып табылады. Ол оны «Ханзада» еңбегінде қарастырады. Макиавелли (1961, 90 б.) эмпирикалық бақылау білімнің құралы болып табылады дей отырып, ол ғалымдар арасындағы еркін талқылау білімді таратуға мүмкіндік береді дейді. (Ол «ақылды ханзадаға» өз кеңесі үшін данышпан адамдарды таңдауға және оларға еркін және шынайы сөйлеуге мүмкіндік береді. Шындығында, Макиавелли (1961, 126 б.) ханзаданың оның кеңестеріне және оның әрбір кеңесшілеріне деген қарым-қатынасы олар ойын еркін жеткізген жағдайда ғана, пікірлері қабылданатын болады деген ұсыныс білдіреді). Макиавеллидің «Ханзада» еңбегінде сөз бостандығы тек қана «жеке» болуы керек, ол ханзаданың тар және бақыланатын аясында өткізілуі тиіс: «қоғамдық» тұрғыдан, саяси мәселелер туралы ондай еркін сөзге тыйым салынуы тиіс, себебі ол саяси тұрақтылық пен әлеуметтік тәртіпті бұзуға әкеліп соғады. Макиавелли (1997, 30 б.), сонымен қатар, осы туралы «Дискурстар» еңбегінде атап көрсетеді; бірақ ол мұнда сөз еркіндігі дерек ретінде еркін азаматтардың өзін-өзі басқаратын республикаларының қызығушылығына қызмет етеді деген күрделі дәйектемені дамытады.

## **II тарау. Соғыс пен бейбітшілік философиясы**

### **3**

#### **Реформация саясаты:**

#### **қару-жарақтар, кемелер және баспа машиналар**

Халықаралық қатынастар теориясы он алтыншы ғасырда пайда болды. Ол заманауи мемлекеттік жүйе мен заманауи әлемдік экономиканың туындауымен қатар келді. Оның өркендеуі ежелгі институттар мен дәстүрлі шындықты бұзған үдерістің бөлігі болды, бірақ жаңа пікірлерімен ежелгі тұжырымдамаларды алмастырған жоқ. Ол сол дауылды, өркендеген дәуірдің ортағасырдан заманауи әлемге өткендігін білдіретін интеллектуалды дамылсыздықтың орталық бөлігі болды.

Он алтыншы ғасыр бақталас әмбебап шындық арасындағы қатыгез соғыспен басталды және қорқынышты релятивизм ғасыры ретінде аяқталды. Сол дәуірдің шексіз аяқталмайтын соғысы соғыс жүргізілген фундаменталды мәселелерді шешуді қамтамасыз ете алмады. Саламатты әлемді ендіруге деген қабілетсіздік себеп-салдарларды жаңадан зерттеу мен соғысты дәйектеу, құдіретті монархтар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін қағидалардың жаңа түрлерін құруға әкеліп соқты.

Заманауи әлемнің пайда болуы үш негізгі жаңашылдықты талдау жолына негізделді, ол он алтыншы ғасырда батыс Еуропада пайда болды: дәрімен атылатын қару, компас пен баспахана. Бұл тарау осы жаңалықтар мен әлеуметтік өзгерістерді қысқаша талқылаудан басталады, олардың әртүрлі әлеуметтік топтардың салыстырмалы қабілеттілігін қалай өзгерткендігі және еуропалық қоғамды қалай өзгерткендігі, еуропалық мемлекеттер сипатына қалай ықпал еткендігі және халықаралық өзара әрекетін қалай өзгерткендігі туралы болып табылады. Бұл тарауда осы дәуірдің екі басшылық жасаушы державасы Италия мен Испанияға айрықша назар аударылады. Ол итальяндық дипломат Альберико Джентили мен испандық адвокат Франсиско де Витория секілді жазушыларды енгізеді. Бірақ, мұнда француз ғалымы Жан Боденнің еңбектері атап көрсетіледі, ол «егемендік» заманауи тұжырымдамасын қалыптастырды және мемлекетаралық қатынастар ғылымының келесі дамуына белгілі-бір мөлшерде ықпал етті.

#### **Әлеуметтік инновациялар, экономикалық өзгерістер және саяси билік**

Оқты кім ойлап тапқанын ешкім білмейді. Ежелгі Қытайда бар болған делінеді. Ол Ислам империясы арқылы Еуропаға келген. Еуропалықтар 1400 жылдың соңында мақсатқа



сәйкес әскери қолданысқа ауыса бастады, сөйтіп дамып келе жатқан мемлекеттердің арасында саяси биліктің таралуын өзгертті. Қаруды иемденген монархтардың әскери күшін шамалы болса да жақсартты. Ол олардың көршілерін осыған ұқсас қаруды иемдену барысында сенімсіздікке және мәжбүрлікке апарды. Оқтың келуі заманауи мемлекеттің өсіп-өркендеуіне ықпал етті. Қару-жарақтар күресті аса жоюшы және бағалы етті. Соғысқа жұмсалатын қаржының артуы корольдер мен ханзадаларды табысты арттырудың жаңа жолдарын табуға мәжбүрледі. Бұл өз кезегінде заманауи мемлекет пен мемлекет жүйесінің өсіп-өркендеуіне ықпал етті.

Салық табысты арттырудың бір жолы болды. Алыс жерлерге сауда жасау басқа болатын. Бірақ мұндай сауда жеткілікті тұрғыдан қамтамасыз етілген соңғы нұсқасы болатын: ол кемелердің жаңа моделі мен навигацияның жақсартылған құралдарына байланысты мүмкін болды. Мұндай теңіз инновациялары жаңалық ашу мен оқиғаларға толы экспедицияларды мүмкін етті. Кейіннен, пушкалар жаңа кемелерге орнатылған кезде, еуропалықтар Американы, Африканы және Азияны тонау мен отарлау мүмкіндігіне ие болды. Отарлау, сонымен, батыс Еуропа мемлекеттері қажетті кірісті саудадан алып отыратындай жолда жүргізілді. Кірістің жаңа дерек көздерімен жаңа еуропалық монархтар үлкен әскерді орната алды және оларды қарудың үлкен мөлшерімен жабдықтай алды. Сауда мен отарлау Еуропа мен басқа аймақтардың арасындағы сауда жолдарының өсіп-өркендеуіне ықпал етті, ол заманауи әлемдік экономиканың көпірін қамтамасыз еткен коммуникация мен транспорттың халықаралық желісін жасады. Он алтыншы ғасырдың соңы үлкен айырма ғасыры болды. Ренессанс дәуірінде оптимизм мен өмірді анықтаушы көзқарастар жалғасын тапты. Бірақ ғасыр, сонымен қатар, пессимизмнің өркендеуі мен интроверт реакциялардың куәсі болды.

Баспа станогы ренессанс дәуіріндегі мәдениетті Еуропаның қалған бөлігіне ежелгі мәтіндерді, білімді, кәсіпкерлік рухпенен бірге таратты. Ол, сонымен қатар, шіркеу ішіндегі басқа пікірлерді туындатты және біз «реформация» деп атаған діни бөлшек-телінуді тездетті.

### *Оқ-дәрі революциясы және саяси өзгеріс*

Қоғамның феодалдық ұйымы жер иеленушілер табын қолдады және оларды жауынгер ретінде даярлады. Оқ-дәрінің пайда болуы осы таптың жойылуына әкеліп соқты. Атты жауынгерлер жаңа пистолеттер мен пушкалар үшін оңай нысанаға айналды. Даярланбаған жаяу солдат аркебузбен (дәрімен атылатын қарудың бір түрі) қаруланған кезде дворянның қауіпсіз қашықтықтан өлтіре алуы мүмкін еді, кавалерия өзінің соғыстағы жетекші рөлінен айрылды. Жауынгер дворяндар соғыста жойылды, азаматтық қоғамда олардың позициясын көрген кавалерияның да сеніміне селкеу түсті. Жаяу әскер ренессанс дәуірінің қарулы күштерінің маңызды саласы болды. Қаруы бар жаяу әскердің бағасы жылқысы және нөкері бар дворяндардың бағасының бөлшегін құрады, Еуропаның монархтарының қаржысын жаяу әскерге салуына ықпал етті. Нәтижесінде, әскер мөлшері жылдам таралды. Италияндық соғыс кезіндегі жорық қару жарағын енгізу қарулы күштердің үшінші, заманауи бөлімі артиллерияның пайда болуына әкелді. Жаңа қару-жарақ жүйесінің енгізілуі, әскери ұйымдастырудағы өзгерістер ортағасырлық салт-дәстүр және христиандық дәйектемелер негізінде соғысқа байланысты шектеулерді жойды.

Итальяндық соғыс кезіндегі әскердің мөлшері мен күрделілігі артуына байланысты, әскерді жабдықтау бағасы да артып отырды. Тіпті аса бай болып саналатын аристократтың өзі әскери солдаттардан құралған үлкен әскерді жинау мүмкіндігі болмады. Тек монархта ғана заманауи соғыс шығынын өтеу мүмкіндігі болды, «барлық елдің салығын иемденген адам ғана басқаларға қарағанда көбірек жауынгер жалдау мүмкіндігі болды» (Бродель, 1972, 657 б.).

Сонымен, он бесінші және он алтыншы ғасырдағы әскери революция Еуропадағы «жаңа монархияның» өсіп өркендеуіне мүмкіндік жасады (Тилли, 1994). Үлкен әскерлер көп әскери шығындарды білдірді. Ол билеушілерді салықты жинаудың тиімді тәсілдері мен оларды басқару жолын табуға ықпал етті. Сонымен қатар, заманауи мемлекетті құруға да ықпал етті. Олар, сонымен қатар, Еуропалық мемлекеттердің ежелгі абсолюттік формасына мүмкіндік туғыза отырып, монарх билігін нығайтты. Олар корольді жериеленуші аристократияға аз тәуелсіз етті, бірақ көп қырлы *сословиелік мемлекет* (Поджи, 1978, 36 б.) күйіне негізделген және батысеуропалық саясаттың халықтық өкімет жүйесіне негіз даярлауға мүмкіндік жасай отырып, дамып өркендеген қалалардағы коммерциялық топтармен қарым-қатынастарын жетілдірді. Қысқаша айтқанда, қаржылық аппарат «басқа институттарды өзімен бірге алып жүрген институт» болды (Шумпетер, 1976, 1416.).

### *Транспорттағы эволюция, саудадағы революция*

Мемлекеттер арасындағы саясат олардың халқының саны бойынша корольдің интенсивті әрекет жасауының негізінде өзгеріске ұшырады. Мемлекеттер арасындағы саясат сонымен қатар өзгерді, себебі монархтар сыртқы еуропалық аймақтардан кіріс алу жолдарын іздеді. Алыс қашықтықта саяхат жасау ибериялық кеме модельдерінің негізінде мүмкін болды, олар теңіз саяхатының ыңғайлылығы мен жылдамдықты арттырды. Оған навигацияның нақтылығын арттырған математика, астрономия мен картография аясында жаңа өңдеулер мүмкіндік жасады. Компас пен астролябтың жаңашылдығын жетілдіру көмегімен теңізшілерге бір аралдан басқа аралға Еуропаның арнасынан асқан жағажайларында жүгіріп жүрудің қажеттілігі туындамай қалды. Олар жер шарының ашық мұхиттарына шыға алды.

Он бесінші ғасырда оңтүстік Еуропа жағалауының қалаларындағы мұхитта сауда жасайтын саудагерлер пайда болды. Эволюция сауда молшылық пен сусымалы тауарлар бойынша өркендеген Лиссабон мен Порту секілді ибериялық қалаларда жанданды. Сауданың бұл дамуы дәстүрлі бақылаудан қоғамның меркантильді қабатының эмансипациясына ықпал етті. Сауда топтарының дамуын асыра айту оңай, барлығынан да ұлы көпес Краун болатын. Король көпестерінің ішіндегі атақтысы Энрике Инфанте-де-Португал болатын, принц Генрих Навигатор есімімен белгілі еді. Энрикенің тарихи атағы оның әскери-теңіз академиясын жасауда болып табылады, нағыз «парасат орталығы», Еуропадан мықты картографтар мен астрономдарды әкелді. Ол отарлау жеңістерінен келген кіріспен өз әрекетін жүйелі түрде қаржыландырған алғашқы монархтардың бірі болатын, батыс Африка мен Атлант аралынан Португалияға бояғыш заттар мен қантты импорттаудан бастап, африкалық құлдарды жаулап алып, сатуға дейін айналысты.

Энрике экспансия ғасырын ашты (оны кейде «Жаңалық ашу ғасыры» деп те атайды). Оның табысы шетелдік экспансияда күтіп тұрған басқа монархтарға байлық пен билікті көрсетуге мүмкіндік берді. Сонымен, «жаңалық ашу» бақталас болып табылатын отарлау

мен соғыспен қатар жүрді. Отандық монархтар арасындағы бақталастықты сипаттаған жақсартылған әскери потенциал, сонымен қатар, шетелдегі жаңа жерлерді жаулаудың асқан күшін қамтамасыз етті. Кемелерде орнатылған қару-жарақ Еуропаның теңізшілеріне жерорта теңізі, африкалық, азиялық және американдық жағажай аймақтарында жылдам таралуға мүмкіндік берді.

Энрике Инфанте, сонымен қатар, шетелдік экспансияның аса жіңішке және психологиялық эффектісін көрсетеді: ол шетелдік экспансия атақ даңққа және пайдаға мүмкіндіктер ашқандығын түсінген адамдар арасында жаңа кәсіпкерлік рухтың пайда болуына ықпал етті. Жаңа әлем туралы жаңалық ашу жаңа мүмкіндіктерді тануға ықпал етті және осы түсіну одан кейінгі өзгерістерге стимул болды.

### *Қозғалмалы тип, танымдағы революция*

Баспаның пайда болуы адам пікірін жеткізудің, таратудың және сақтаудың тәсілдерін өзгертті (Ейсенштейн, 1993). Жылжымалы шрифт енгізілгеннен кейін жаңа технология барлық Еуропа бойынша жылдам таралды. 1450 жылға таман Иоганн Гутенберг Тәураттың баспадан шығарылған бірінші басылымын аяқтады; 1470 жылға таман баспаханалар Кельнде, Базелде, Римде және Венецияда пайда болды. Елу жылдан кейін сегіз миллионға жуық кітап баспадан жарияланды (Мандроу, 1978, 27 б.).

Бірінші баспа мәтіндері Тәурат, дұға кітаптар, уағыздар және бревиарийлар болатын. Сосын, барлық қызықты мәтіндер – әңгімелер, әртүрлі сападағы аңыз әңгімелер және табысты рыцарь романстары жарияланды (Леонард, 1949). Он алтыншы ғасырдың бестселлерлерінің арасында әртүрлі анықтамалықтар мен оқу құралдары болды. Танымал баспа өнімдерінің арасында барлығы болды: ауыл шаруашылығы, құрылыс, дизайн, мода, керамика, құрал-саймандарды өңдеу, суретке түсіру – салмақ және шама өлшейтін кестелері, карталары, календарларымен аса танымал баспа өнімдерінің қатарына жатады. Соңында не бастапқыда болмаса да, грек және латын классиктері жарияланды. Тәжірибеде жануарлар терісінде жазылған ежелгі мәтіндерді сақтап қалды, ал олар уақыт өте келе көгеріп немесе қатайып жарамсыз бола бастады.

Баспа мәтіндер мен теорияларды тар ғылыми элита аясында таратты. Нәтижесі білімге басқа пікір мен шатастыруларды енгізу болатын. Ол, мысалы, жаңадан пайда болған пәндер география мен картографияда көрініс тапты. Географтар әлемдегі әртүрлі елдерді, олардың тұрғындарын, климатын, ресурстарын, және трейдерлер мен пираттар үшін маңызды ақпаратты сипаттады. Картографтар карталар сызды. Олар сауда мен ұрлық қай жерде перспективті соны анықтады және осы жерлерге баратын қауіпсіз маршруттарды анықтады. Сипаттамалар мен карталар бір жағынан ғалымдар мен саудагерлер арасындағы, екінші жағынан шіркеу биліктерімен болған дау жанжалды арандатуға алып келді. Ғалымдар әлем туралы жаңа білім жер мен суды, және жер беті тұрғындарын ажырату туралы Тәураттағы пікірлерге негізделген дәстүрлі көзқарасқа қайшы келетіндігін атап айтты. Қозғалмайтын күнге және күннің айналасында айналатын Дөңгелек жердің жаңа картографиялық бейнесі шіркеудің: Палестинаның айналасында орналасқан бүкіл әлем орталығындағы дөңгелек жер туралы ресми көзқарасына қарама -қайшы келді.

Одан басқа, баспа шіркеу ішіндегі келеңсіздіктерді тереңдетті. Діни мәтіндер жарияланып, таратылған сәтті шіркеудің бір ізділікке салынбағандығы, бірақ оның мүшелері әртүрлі идеялар мен түсініктемелермен айналысқандығы белгілі болды. Уағыздар мен


трактаттар баспаның пайда болуымен бірге Еуропаның барлық аймақтарында таратылды және әртүрлі аймақтардағы шіркеу қызметкерлерінде сенім туралы негізгі доктринаның әртүрлі түсініктемелері болғандығын көрсетті. Франция, Польша, Дания және басқа неміс князьдықтарының теологтардан айырмасы туралы айтпағанда, Испанияның теологтарының Римдегі әріптестерінен басқаша көзқарасы болды.

Баспа өнері арқылы көрініс тапқан шіркеудің біртекті еместігі шіркеу реформасының талаптарының көбеюін тудырды. Көңіл толмаушылықтың соңғы тамшысы шіркеу билігі шіркеу қызметкерлеріне кәсіпкерлікпен индульгенцияның көпшілік баспа хаттарымен: дұғаға айырбас ретінде сенім артушы адамдарға берілген құжаттармен, тәубаға келу, қажылық немесе қолма-қол қатты ақшамен кірісін арттыру жолымен рұқсат еткен кезде көрініс тапты. Шіркеу реформасына деген талап орта ғасырдан бастап бастау алды. Дегенмен бұл талаптар бірегей реформалық қозғалысты ұсынған жоқ, олар да әртүрлі әлеуметтік және географиялық жерлерде әртүрлі үлгіде болды. Баспа материясы қарсылық сипатын өзгертті. Ол христиандық Еуропада әртүрлілік туралы пікірді таратты; сонымен қатар ол бірнеше біріккен негізгі идеялар мен түсіндірудің әртүрлі мектебін символмен атап көрсеткен негізгі авторлардың есімдерін таратты.

Негізгі идеялардың бірі діни сенім жеке іс болып табылатындығына негізделді. Ұғым бірнеше авторлармен қалыптастырылды: аса танымалы Мартин Лютер мен Жан Кальвин болды. Лютер қоғамдық рәсімдер мен дұғаларға қатыса отырып, қағида бойынша діни сенім іс-әрекеттен көрініс табады деген доктринаның алғашқы, белсенді емес мүшесі бола отырып аталған доктринаны қалыптастырды. Дұға шіркеу қызметкерінің қатысуынсыз басқарылмайды, құтқарылу шіркеу иерархиясы болмаса қол жеткізілмейді. Лютер шіркеу қызметкерлері мен олардың рөлін жоққа шығарды. Ол (және Кальвин) дербес ниет ұжымдық жоралғыға қарағанда сенімнің ең жақсы көрсеткіші болғандығын айтты; сенім «ешнәрсе емес, бірақ жүректің шындығы».

Бұл теория революциялық болды. Ол дербестік пен жекелік сезіміне байланысты болды, ол сол дәуірдегі саудагерлер мен орташа кластағы қолөнершілерге ұнады. Теорияның таралу жолы да революциялық болды: 1517 жылы Лютер өз дәйектемесін шіркеудің жемқор тәжірибесін сынап, тоқсан бес тармақтан тұратын сыни үлгідегі жазуды шіркеу есіктеріне жабыстырды. Оның ғылыми талқылаудан күткен нәтижесі оның достары Токсан бес тезисті баспадан шығарып, таратқан кезде-ақ жойылды. Екі апта көлемінде олар Германияның барлық аймақтары; ай бойына барлық Еуропа бойынша таралды (Ейсенштейн, 1993, 151 б.).

Оқиғалар бақылаудан шығып кетті. Жаңа үйренудің жарылмалы саяси потенциалы саудагер мен орта кластар сансыз көп болған сәтте және билеушіге даяр одақтасты тапқан кезде түсінікті болды. Голландияда, қасиетті Рим империясы мен Англияның мемлекеттері мен еркін қалаларында революциялар діни еркіндікке деген талаптарымен туындады. Діни реформа туралы талап өздерінің саяси қызығушылықтарын ары қарай өркендету үшін мемлекеттік қайраткерлер және монархтар арқылы жиі қабылданды. Ауылдық, әсіресе солтүстік батыс Еуропаның мүмкіндігі шектеулі аймақтарында солтүстік Германияда, Англияда және Скандинавияда протестанттық реформа табысты болды, себебі оны шіркеудің есебінен корольдік билікті нығайтуға тырысқан монархтар қорғауына алды.



3.1-сурет. Еуропадағы мемлекеттік діндер, 1560.

### Заманалар жалғастығының ыдырауы

Осы турбуленттіліктен саяси теорияның негізгі мәселесі пайда болды: дін мен соғыс арасындағы қарым-қатынас? Бір жағынан, шіркеуді нығайтқан көптеген өкілдер дінге сенбейтіндер мен діннен азғандармен күрес жүргізу құқығы өздерінде болды. Діннен азғандар соғыспен жазалануы тиіс, құдай мен табиғат заңынан тыс тұрған дінге сенбеушілер құқықтық шындыққа ие емес деп испандық құқық қорғаушылар айтты. Екінші жағынан, заңгерлер мен философтар шіркеу доктринасымен келіспеді және көптеген солдаттар мен мемлекеттік қайраткерлер дінді өздерінің саяси мақсатын дәйектеу үшін ғана қолданғандығын айтты. Сынға алғандардың бірі Эразмус болды.

Дезидериус Эразмус (1469-1536) голландиялық теолог, христиан гуманисты және діни реформатор. Ол адамдардың соғыс пен күрес үшін жаралмағандығы туралы айтты, адамдар жолдастық қарым-қатынасқа және ынтымақтастыққа арналған деген пікір білдірді. Оның *Dulce bellum inexpertis* («соғыс дәмін таппаған адамдар үшін тәтті болып табылады») атты эссесі табиғат барлық жаратылысты өз қаруымен, өгізді мүйізімен, арыстанды тырнағымен және жыланды улы шағуымен жаратқандығынан басталады. Біршамасын қорғаныс қабатымен нығайтты, ал басқаларын қорғаныс қабыршақтарымен нығайтты. Бірақ, адам оған кірмейді, ерекше. «Тек адам ғана жұмсақ тән мен тегіс терімен тыр жалаңаш, әлсіз, нәзік, қарусыз болып жаратылды. Оның мүшелерінің арасында соғыс пен зорлық зомбылыққа арналған ешнәрсе жоқ» (Эразмус, 1964 [1515], 311 б.). Онда нәліктен соғыс барлық жерде орын алуда? –деп сауал қояды Эразмус.

Неге адамдар бір-бірімен соғысады? Неге ол өзін темір мүйіздермен әсемдеді? Болаттан ба? Өлімші халге жеткізетін найзалар ма? Сауыт тақта немесе қабыршақты сауыт

па? Себебі, Эразмус айтады, адамзат біртіндеп өз қауіпсіздігін өзі қамтамасыз етуге тырысты. Біріншіден, жабайы жануарларға қарсы; одан соң өзінің бауырластарына қарсы. Жаттыққан сайын қатыгездік артты, ашуға булықты, ар намыс қозды. Жаңашылдық қорғаныс пен жою мақсатында қару-жарақпен қамтамасыз етті. Көп кешікпей соғыс барлық жерде пайда болды.

«Бұл шындығында да ақылға сыйымсыз», - деп жазады Эразмус. Соған қарамастан, ол әскери істе қажыр көрініс табатындығын айтады. Ол оны *'bellum'* деп атайды және «егер кімде кім жаудан қорғау үшін өз балаларын, әйелін, оның малы мен үйін қорғау үшін өз өмірімен тәуекел етсе», онда оны қажырлы және қайратты деп санар еді. Дегенмен бұл іс-әрекет қатал болатын, Эразмус онда адамгершілік іздері қалғандығын айтады, олар өз істері туралы дауласқанда, құдайларды куәгер деп атады және соққы жұмсағанға дейін сөзбен айтысты деп атап көрсетеді. Уақыт өте келе Эразмус Христың қауымдық идеалынан біртіндеп ажырай бастағандығын байқады. Қалалар, патшалықтар мен империялар салынған кезде, батылдық пен ар намыстың ежелгі сайысы табыс іздеу мен билік үшін өлтіру құймырлығымен жүзеге асырылды.

[Уақыт өте келе], тұрақты өзгерістер мен соғыс ашу мүмкіндіктері болып тұрды, бірі империядан басқасын ығыстырып, оны өзі жаулап алды. Осының барлығынан соң, жоғарғы билік нашар алаяқ адамдардың қолында болды, кім болса да барлығына шабуыл жасалды және бұл зұлымдар емес, соғыс қаупінде қалған бай адамдар болатын; күрестің барлық мақсаты атақ даңқ емес, базалық пайда әкелді немесе одан да басқа беделін түсіретін нәрсе...

[Бүгін] біз үнемі соғысамыз, қала қалаға қарсы, патшалық патшалыққа қарсы, принц принцке қарсы...; соңында, менің ойымша, бұдан да нашар болады, христиандар адамдарға қарсы соғысады; ...және бәрінен сорақысы христиандар христиандарға қарсы соғысады. Адам танымының шатасуы! Ешкім таңырқмайды, ешкім қорықпайды. Осы нәрселерді қолдайтын адамдар бар, оны шапалақ ұрып қарсы алады және ол тозақтан да жаман болып саналғанда да қасиетті деп атайды...Біз осы секілді әскери уағыздарды монахтардан, теологтардан, епископтардан естідік. Барлығы соғысқа бара жатыр. Қаусаған адам, дін қызметшісі, монах және біз Христы осындай сайтан нәрсемен араластырамыз. Екі әскер Крест стандартын алып бір біріне қарсы қадам басуда (Эразмус, 1964 [1515], 321 б.).

Эразмустың *Dulce bellum inexpertis* әділетті соғыс туралы Томист доктринасына жасалған сын ретінде оқыды. Он алтыншы ғасыр жалғасында, теологтар мен заңгерлер корольдер өздерінің құйтырқы әрекеттерін діни дәйектемелермен жиі дәйектеп отырғандығы туралы сөз таластырды. Витория алғашқы испандық заңгердің бірі болатын, соғыс ашуға себеп табу үшін дінді қорқыныш етіп жасаудың алдын алуға тырысты. Егер діни доктрина соғысты заңдастырса, әрбір принц әрқашан да өз соғысын қасиетті деп жариялайтындығын байқады. Джентили діни пікірлер «аса сараң адамдардың ойлап тапқан және олардың арсыздығының себептері» болып табылатындығын атап көрсете отырып, келісті. Дін – адам мен құдай арасындағы қарым-қатынас, - деді ол. Ол тумысынан діни және «дін заңдары адамдар мен адамдар арасында бар болып табылмайды, сондықтан адам құқығы діндегі айырмашылыққа байланысты өзгеріске ұшырамайды, дін үшін соғыс жүргізу заңды» деді. «Адам бұрыс нәрсесі үшін шағым айта алмайды, себебі басқалар одан дінге байланысты ерекшеленеді» (Джентили, 1964).

Дін соғыс үшін жеткілікті негіз болып табылмайды деген дәйектеме жеке қамқорлық пен дербес құқық ретінде діни сенімді нақты заманауи түсінуден қолдау табады. Діни

толеранттылық туралы іс саяси тоқырауға ұшырады. Ол діни соғыстар ешқандай да көрінбейтін жеңіскерсіз жүргізілгендігіне байланысты артты. 1555 жылы Аугсбургтың келісінде түрлі неміс князьдықтарының арасындағы діни күресті келісіммен шешуді ұсынған толеранттылық ұғым пайда болды. Келісімде оның патшалығындағы дінді анықтау үшін ханзаданың өзі ғана шешуі керек дегенді жариялады. Дегенмен бұл позиция дипломатиялық тұрғыдан мақсатқа сәйкес болды, ол интеллектуалды тұрғыдан қанағаттандырылмады. Уақыт ханзадалардың діни беделінің толеранттылығына әлі жетпегендігін көрсетті; бұл позиция келесі ғасырға *cuius regio, eius religio* қағидасы бойынша жалпы қабылдану үшін күтілуі тиіс болатын. Дегенмен Аугсбург келісімі, ханзадалардың соғыс пен діндегі билігі туралы интенсивті дебат мерзімінің басталуына негіз болды. Дебат 1648 жылы Вестфальск келісінде жаңа халықаралық тәртіп неге негізделуі тиіс деген шарттар нақты қалыптасқанға дейін жүргізілді. Аугсбург пен Вестфальск келісімдерінің арасындағы ұзақ үзіліс бөлшектелінген Еуропаның діни соғыстарының тұрақты артуын білдірді. Бұл халықаралық қатынастар теориясы тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі болатын.

### *Ғасырдың қарама-қайшылықтары*

Әлеуметтік өзгерістердің арту қарқыны әлеуметтік философтарды бөлді. Бірнеше саяси ойшылдар дауылды уақыт пен белгісіз перспектива алдындағы ежелгі интеллектуалды сенімділікті қалыптастыруға тырысты (Феррари, 1860, 298 б.). Бірақ олардың барлығы ыңғайлы белгілі дәстүрлі білім мен пайда болған толеранттылық рухын интеллектуалды жұмылдыру арасында бөлінді: этикалық пен прагматикалық арасында, Аквинский мен Макиавелли арасында. Күнәсіз Жантिलле өзінің «Анти-Макиавеле» еңбегінде дәстүрлі доктриналарды қорғады. Фрэнсис Бэкон Макиавеллидің «Эсселер» еңбегі туралы жылы сөздер айтты.

Өзгермелі уақытпен күрес Юстус Липсиустың (1517-1606) жазбаларында көрініс табады. Ол Макиавеллиден бас тартты және ізгілікті қатаң моральмен, кеменгерлікпен, батылдықпен, ерлікпен және ұстамдылықпен белгіленген ізгілік ұғымын қайта жандандыруға тырысты, ізгілік грек және рим классиктерімен, сонымен қатар, бекітілген христиандық құндылықтармен сәйкес болып табылады. Өзінің 1589 жылы жазылған «Саясат» атты еңбегінің бірінші бөлімінде Липсиус ізгілік ұғымының классикалық анықтамасын жасайды және оны князьдық басқарудың моральдық негізі ретінде бекітеді. Бірақ содан соң, принц осындай жоғары этикалық нормаларға сәйкес келгендігін күту туралы мәселе көтереді. Ең соңында, ол біз Платон Республикасында өмір сүрмейміз, адамдар ашықтан ашық зұлымдық көрсетпесе де, екіжүзді болып табылатындығы туралы атап өтеді. Осыған сәйкес, егер біз ханзадалар өздерінің саяси мақсатын ары қарай жүзеге асыру жолында өтірік пен алаяқтықты қолданатынын түсінбеген жағдайда біз аңғал болар ма едік, - деп айтады (Лейра, 2008).

Осыған ұқсас күрес Томмазо Кампанеллидің (1568-1639) жұмыстарында көрініс табады. Доминикандық монах, әуесқой философ-поэт және саяси революционер. Ауыспалы кезеңнің танымал қайраткері болып табылатын Кампанелла католиктік теологияны ренессанс ғылымымен жарастыруға тырысты. Оның кітаптары ретроградты астрологиялық ырымнан және діни фанатизмдерден және өз заманының біршама прогрессивті ұғымдарынан тұрады<sup>1</sup>. Ол Макиавеллиді жер бетіндегі негізгі теоретик ретінде таныды және оны дінді саяси құралға айналдырғандығы және эгоистік пікірлер

мен жеке қызығушылықтарының пасық доктринасымен адамның рухани бірлігін жойғандығы үшін сынға алды. Ол өзінің ілімдерін ренессанс дәуірінің гуманистерінің уын қайтару ретінде көрді және оларды 1602 жылы жазылған *La citta del sole* ('Күн қаласы') атты еңбегінде келтірді.

Кампанелла әлемде екі орталықтың бірі жермен, қараңғылықпен, суықпен және жеккөрініш сезімімен, ал екіншісі күнмен, ашықтық, жылылық және махаббатпен байланысты екендігін үйретті. Кітап Платон Республикасы мен Мордың Утопия дәстүріндегі саяси диалог болып табылады, пікірмен, махаббатпен және әлеуметтік ынтымақтастықпен басқарылатын идеалды мемлекетті ұсынады. Бірақ, заманауи саясат туралы таңқаларлық түсініктемелерден тұрады. Бұл екі жақтылық оның *Discorsi politici ai principi d'Italia* ('Италия ханзадаларының саяси дискурстары') (159?) атты еңбегінде көрініс табады. Кампанелла еуропалық істерді қалыптасқан екілік шиеленіс ретінде сипаттайды: бір жағынан Түрік пен Габсбург, екінші жағынан, Габсбург пен Валуа арасындағы күрес. Шын мәнінде, Кампанелла бір мезетте ренессанс гуманизміне қарсы шығады және одан келесіні иемденеді. Бір мезетте ол ашулы сезіммен «мемлекет себебі» ұғымына қарсы шығады; басқа жағдайда ол аталған терминді қолданады. Ол тіпті билік балансы қағидасын қолданады, итальяндық билеушілер Францияға Испанияны ұстап тұру үшін көмектесетіндігін атап көрсетеді және егер Испания қысқартылса, Франция үлкен билікке ие болып, осы саясат жойылатындығын да атап өтеді. Мұндай қарама-қайшылықтар сол заманның парадоксын білдіреді. Тіпті Макиавеллидің қарсыластары да оны иемденеді және оған еліктеп жұмыстарын аяқтайды. Кампанелламен болған жағдайда, «Макиавеллизмнің зұлым жауы болды, ол оған қарсы ашулы сезіммен күресті, басынан бастап иемденді және меңгерді» (Мейнеке, 1957, 102 б.).

Салыстырмалы қарама-қайшылықтар Джованни Ботероның (1540-1617) еңбектерінде көрініс табады. Оның «Мемлекет себебі» (1956 [1589]) атты еңбегінің бірінші парақшасында Ботеро өзін Макиавеллидің қарсыласы ретінде жариялайды, Липсиус мен Кампанелла секілді әділеттілік пен тұтастық билеушіге қажетті қабілеттер болып табылады деп айтады. Оған қарамастан, сол уақытта, ол өз тұжырымдарын жасаған кезде, Ботеро Макиавеллидің көптеген дәйектемелерін қабылдаған еді. Мысалы, ол билеушіге ізгілікті болуы керектігін ұсынады, ондай мінез-құлық жақсы болып табылғандығынан емес, себебі ол оған жақсы ерік пен абырой әкеледі деп айтады (Ботеро, 1956, 96 б.). Ол жеке қызығушылықтар барлық саяси әрекеттерге негізделетіндігімен – «ханзадалардың қабылдаған шешімдерінде, қызығушылық әрқашан да кез келген басқа дәйектемелерден артық» келіседі (41 б.). Ол тіпті Макиавеллидің ханзаданың жеке қызығушылығы мемлекет қызығушылығымен бірдей деген пікірін қайталайды – «ең соңында ұлттық мүдде аз болып табылады, бірақ ұлттық қызығушылық» (Мейнекеде сілтеме берілген, 1957, 69 б.).

Ботероның «Мемлекет себебі» атты алғашқы бес кітабында Макиавеллидің «Ханзада» атты еңбегінде қарастырылған мәселелер қарастырылады, мемлекет сипаты, билеушінің қажетті дағдылары, адамдардың түрлі таптары және оларды қалай үйрету керек, т.б. Алтыншы кітап ішкі мәселеден сыртқы мәселеге ауысуды білдіреді. Ішкі істерден сыртқы саясатқа және халықаралық қатынастарға ауысуды білдіреді. Он алтыншы ғасырдың басқа да көптеген авторлары секілді Ботеро практикалық істердің қабылданған деректерін әскерді дамыту, қамалдардың құрылысы және гарризондарды ұстап тұру тізіп көрсетеді. Бірақ, ол өзінің замандастары секілді емес, кеңінен толғайды және қиялының шарықтау шегінің айрықша екендігін көрсетеді. Оның кейбір бақылаулары керемет,



мысалы, ол Италия мен Германия бейбітшілікті қалай сақтап қалғандығын түсіндіреді, себебі олардың биліктері «бірдей теңбе-тең баланста» болған еді (Ботеро, 1956, 125 б.). Басқалары айрықша, мысалы, ол әлемнің кейбір өзендері сауда мен кемеге (навигация) жақсы сәйкес келеді, себебі олардың суы айрықша қою және шырышты.

Жетінші кітапта Ботероның халықаралық талдауының түпнұсқа аспектілері көрініс табады: ол экономикалық факторларға тоқталады. Макиавелли мен Гиччиардини қарулы күштер мемлекеттің нақтыланған негізі болып табылады деген пікіріне, Ботеро өндіріс пен халықаралық сауда, сонымен қатар, шешуші мәнге ие, себебі ондай іс-әрекет байлықты құрайды, оның көмегімен ханзада күш құралдарына ие болады деп өз пікірін білдіреді. Ботеро (8 кітапта), құдіретті болу үшін елдің сансыз көп халқы болуы керек дейді, себебі көптеген азаматтар көптеген солдаттарды, салықты және экономикалық тиімділікті қамтамасыз етеді дейді. Дегенмен, халық елдің ресурстық базасынан артық болмауы да маңызды. Егер осылай болатын болса, ол дефицитті, азап шегуді, ауруды және қызғанышты тудырады, сонымен қатар, мемлекеттің бірлігі мен күшіне нұқсан келеді<sup>2</sup>. Принц отарлаудың белсенді саясатын жүргізеді және халықтың артық санын бөгде жерлерге экспорттайды. «Егер олар қалатын болса, ұяларынан ұшқан араның үйірі секілді аурудан немесе халық тығыздығынан қайтыс болады» (156 б.).

### **Он алтыншы ғасырдың екі дәстүрі: Испания мен Италия**

1492 жылы Колумб жаңа әлемді бірінші рет көрді. Оның жаңалығы үлкен америка құрлығында тіршілік бар екендігін тапқан жағажай экспедицияларының он бес жылына ұласты. 1508 жылдан кейін жаңалық ашу картинасы өзгерді. Испания Ұлы Антиль аралдарында келешек экспедицияларға база ретінде қызмет ету үшін тұрақты базалар сала бастады. Бірінші сынақ 1518 жылы аяқталды. Алдағы екі жүз жыл бойында испан солдаттары барлық американдық интерьерлерді кең масштабта жаулап алуды шешті. Эрнан Кортес 1519 жылы Мексикада Ацтек империясын жаулап алды; Франциско Писарро 1533 жылы Андездің ұлы Инка империясын жойып жіберді. Екі империяның құлдырауынан конкистадорлар Эльдoradoға қол жеткізу үшін Оңтүстік Америкаға аттанды. 1540 жылға таман, интенсивті әрекеттердің жиырма бес жылынан соң, *conquista* ұлы ғасыры аяқталды. Жаңа эра қызық пен табыс іздеген адамдар үшін шексіз мүмкіндіктер ұсынды және ашты; ол, сонымен қатар, концептуалды турбуленттілік, құқықтық және этикалық дилеммаларды ұсынды.

#### *Саясат пен империя: Иберия дәстүрі*

Кортес пен Писарро Американы келешек ұрпаққа шабыт беретіндей батылдықпен жаулап алды. Олардың соңынан колонистер келді, олардың ашкөздігі жергілікті адамдарға қарсы адам жеткізе алмайтын қаталдықты жасауға мәжбүрледі. Олардың әрекеттері құқықтық және діни суфизммен дәйектелінді. Мысалы, ықпалды Хуан Гинес де Сепульведа (1490-1573), дін қызметшісі Карл V және ағартушы Филипп II аталған ұрлық пен қырып-жою саясатын қорғады. Бартоломео де Лас Касас (1474-1566), «үндістердің» құқығын қорғаудың шаршамайтын чемпионы ретінде танымалдыққа ие болды (Алкер, 1992). Жаңа әлемге саяхат жасау ғасырында физикалық тұрғыдан күрделі және қауіпті болған кезде, ол Атлантиканы Испания королін аборигендермен әділетті және адамгершілікке сай қарым-қатынас жасауды өтіну мақсатында он төрт рет кесіп

өтті. 1550 жылы Сепульведа мен Лас Касас Вальядолидтегі теологтар мен заңгерлер комитетінің танымал диспутын өткізген кезде дебат өз мәресіне жетті (Ханке, 1974). Лас Касас ақыл-таным жарысында жеңіске жетті. Бірақ жеңіс тек қана құқық теориясы мен моральдық философия дебаттарындағы жеңіс еді, шынайы өмірдегі үндістерге қолданылып жатқан қатігез қарым-қатынас жалғасып жатты. Испандық Американың халқы он алтыншы ғасырдың басындағы елу миллионнан он жетінші ғасырда шамамен төрт миллионға дейін төмендеді (Ставрианос, 1981, 80 б.).

Соғыстың моральдық және құқықтық аспектілері Испанияда талқылана бастады, ал жалғасын тапқан дебаттар халықаралық қатынастар тұжырымдамасының кеңеюіне мүмкіндік туғызды. Франсиско де Витория (1480-1549) және Доминго Сото (1494-1560) теңіз мәселелеріне жүйелі қарым-қатынасты негіздей отырып, халықаралық құқық саласын кеңейтті. Дискуссия атақты университет Саламанкада аса қарқынды жүргізілді, Виторианың, атақты «примо профессордың» үйі болатын. 1532 жылы ол *De Indis noviter inventis* ('Жаңадан табылған үндістер туралы') кітабын жариялады, онда Испания жаңа әлемдегі конкистадорлармен табылған жаңа халықты басқару құқығы бар ма деген мәселе талқыланады. Ол осы трактатпен *De jure belli Hispaniorum in barbaros* ('Барварларға қарсы өш алу соғысындағы испандықтардың құқығы') (153?) ары қарай жалғасын табады, үндістерге қарсы Испания соғысы дәйектелетін себеп-салдарлар талқыланады. Бұл екі қысқа трактат бірін-бірі толықтырады. Біріншісінде бейбітшілік үшін алғышарттар талқыланса, екіншісінде соғыс себептері немесе дәлелдері. Екеуі бірге бейбітшілік пен соғыс туралы батыстық пікірдің алғашқы тұрақты экспозициясын құрайды.

Өзінің *De Indis* деп аталатын бірінші трактатында, Витория жаңа әлемде конкистадорлардың қатысуынан ешқандай үлкен мәселе жасамайды. Ол барлық адамдар саяхаттауға табиғи құқығы бар деген пікір білдіреді. Сонымен, «испандықтардың осы жерлерге саяхаттау және бару құқығы бар және олар жергілікті тұрғындарға зиян келтірмейді, жергілікті адамдар оларға кедергі келтіре алмайды» дейді (Витория, 1934а, xxxvi). Ол дегенмен, көпшілік және жеке тұрғыдан испандықтардың қашан келгендігі, үндістер қашан иеліктеріне бейбіт тұрғыдан иелік еткендігі туралы мәселені қарастырады. Үндістер дінге сенбейтін болғаннан бері, олардың иелігіндегі мүліктер шынайы мүлік иесінің иелігін құрай алады ма? Конкистадорлар бұл сауалға жағымсыз жауап берді, христиандық адамдар осы себеп бойынша діннен азған үндістердің тауарларымен жерлерін иемдену құқығына ие деген пікір білдірді. Витория бұл позицияны нақты шешіммен жоққа шығарады. Ол «үндістер христиандар секілді көпшілік және жеке істерінде шынайы басшылыққа ие, олардың принцтері не жеке тұлғалары да олар шынайы иесі емес деген негізде мүліктері ұрланбауы қажет» деген пікірде қалады (xiii).

Витория өзінің «*De jure belli*» деп аталатын екінші трактатында жаңа әлемдегі үндістерге қарсы испандық конкистадорлар соғысының заңдылығын талқылайды. Трактат американдық саясаттан гөрі испандық саясатқа негізделеді, себебі соғысты жариялау құқығы кімде бар екендігі туралы күрделі мәселеден тұрады. Виторианың дәлелі кез келген жеке тұлға өзін-өзі қорғау құқығы бар және қажет болған жағдайда өз мүлкін қарулы күштер көмегімен қорғау құқығы бар деген қасиетті Августиннің пікірінен басталады. Бірақ, Витория жеке тұлғалар мен мемлекеттер арасындағы Августиннің аналогиясының шеңберінен шығады. Ол адамдар заңды тұрғыдан зорлық-зомбылықтан қорғануға қауіп-қатер туған кезде ғана жүгінетін болса, мемлекет белгілі бір шабуыл мақсатында ғана қарулы күштерді қолдана алады дейді. Мемлекеттердің, мысалы, өздерінің кегін қайтару және өткен кездегі келтірілген шығындардың орнын толтыру құқығы бар. Сонымен,

мемлекеттер арасындағы соғыста «жалпы игіліктегі қорғанысты қажет ететін болса, барлығы заңды. Бұл қайғылы, соңында және соғыстың мақсаты – мемлекетті сақтау және қорғау» (Витория, 1934, Іv). Соғысты жүргізудегі мемлекет билігі ханзадаға тиесілі деп жалғастырады Витория. Себебі «ол оның өкілі болып табылады және өз билігіне ие; және мемлекетте заңды ханзадалары бар болған кезде, барлық билік олардың қолында және оларсыз көпшілік сипаттағы ешнәрсе де соғыста не бейбітшілікте жүзеге аспайды» (iii).

Ханзада Витория мемлекет билігіндегі аса көрнекті өкіл болса да, шектеулер соғыс ісіндегі ханзаданың әрекеттеріне қойылуы қажет деген пікірге келеді. Шектеулерді анықтау үшін ол Августиннің соғысу тек қана әділетті іс болған кезде ғана заңды болып табылады деген пікіріне қайта оралады. Сонымен, ол «Әділетті соғыстың себептері мен салдарлары қандай болуы мүмкін?» деген сауалды қоюға мәжбүр. Осы сауалға жауап беру үшін, Витория діндегі айырмашылықтарды, империяның кеңеюін және әділетті соғыс себептері ретінде принцтің жеке табысын бірден жоққа шығарады. Ол соғыста шабуыл жасаудың бір ғана себебі бар деген пікір білдіреді, атап айтқанда «бұрыс алынған». Құқықты бұзудағы жазалау үшін болса ғана, шабуыл соғысы әділетті болып табылады. Дегенмен ол соғыстың ең соңғы жазалау түрі екендігі туралы айтады және кез келген құқықты бұзудағы жазалау соғысты айыпты деп таппайды. Азаматтық қоғамдағы кез келген қылмыс қылмыс бұзушының ең соңғы жазасын айыпсыз деп таппайды. Шабуыл соғысын қарастыра отырып, принц мемлекет қорғанысын қоғамдық жақсы тұрмысқа қарсы тепе-тең жағдайда ұстауға тырысуы керек; ол әрқашан жазалау қылмысты жасау және әділеттілік ісіне сәйкес келуіне сай әрекет жасауы керек (iv).

Витория мемлекет қауіпсіздігі, қоғамдық жақсы тұрмыс халі және әділеттілік барлығы әрқашан сәйкес келмейтіндігін мойындайды. Сондықтан, принц қарама-қайшы келетін мәселелердің арасында жиі айрылады. *De jure belli* соңғы беттері осындай әртүрлі мәселелерді қарастырады және оларды үндістерге қарсы конкистадорлардың соғысымен байланыстырады. Витория дінді христиан билеушілері өз империяларын кеңейту және жеке табыс пен атақ даңққа жету үшін қолданады деген пікірге келеді. Ол шешуші әрекеттер жасар алдында принц өз кеңесшілерімен кеңескені дұрыс деп санайды. Оның сөзі бойынша, ол жеке табысын көздемейтін талапшыл билеушілер ғана қалатындығын айтады. Ол кресшілер жорығына қатысушы билеушілердің әрекеті асығыс және ұстамсыз соғыстардың алдын алу үшін шектелуі қажет деп түсіндіреді.

Витория христиандық солдаттар соғыстағы шабуылға заңды тұрғыдан қатыса алады деген тұжырымға келеді, себебі олардың арасында дін жоқ. 1500 жылға таман жаңа әлемде америкалық үндістерге қарсы соғысты дәйектейтін шарттар бар болды ма? Өздерін қорғай отырып, испандықтар заңды түрде үндістерді дарға асып, құлға айналдыра алды ма? Виторианың жауаптары біркелкі емес. Бір жағынан, ол күнәсіз адамдарды, әйелдерді және балаларды өлтіру заңды екендігін жоққа шығарады. Екінші жағынан, ол күнәсіз куәгерлер әскери әрекеттің құрбаны болады дейді және оған ешнәрсе жасау мүмкін емес дейді, ол тіпті әскери операциялардың табысына кедергі келтірген жағдайда, азаматтардың әдейі өлтірілетіндігін мойындайды. Виторианың дәлелі егер жау заңсыз алынған заттарды қайтадан орнына келтіруден бас тартса, онда жапа шеккен тарап күнәлі адамдар секілді күнәсіз адамдардың да шығынының орнын толтыра алады деген пікірмен күрделене түседі. Бұл мойындау шексіз репрессияларға жол ашады, бірінші тарап, содан соң екіншісі азаматтық халықтан өздерінің шығындарының орнын толтыруға тырысады.

Тек бір ғана кезең осы соңғы дискуссиядан: соғыстың екі түрінің арасын нақты айқындау керектігі шығады: бір жағынан, христиандар мен пұтқа табынушылар

арасындағы соғыс және екінші жағынан, христиан халықтары арасындағы соғыс. Нон-комбатанттарды (соғыспайтын тарап, қару-жарақты өзін-өзі қорғау мақсатында ғана қолдану құқығы бар) құл қылу соғыстың бірінші түрінде ғана заңды, екіншісінде емес. Бұл христиандардың қабылданған қағидасы, христиандар соғыс заңына сәйкес құлдар болмайды; құл қылу христиандар арасындағы соғыста заңсыз, - деп түсіндіреді Витория (Ixiv–Ixv).

### *Саясат және қарсы әсер: итальяндық дәстүр*

Виторианың үндістерден қорғануы біршама мағынада заманауи болып табылады. Мысалы, оның дискуссиясы жеке мүлікке, саяхаттауға және сауда жасауға құқығын бекітуден тұрады. Басқа аспектілерде, трактат ортағасырлық мәселелерге толы. Соғыс пен бейбітшілік дискуссиялары мысалы, Аристотельге, Августинге, Аквинскийге және діни, табиғи заң болжамдарына негізделеді. Виторианың саясат туралы пікірі дербес шешім қабылдаушы тұлғалардан: ханзадалармен және солдаттармен, олар жасаған таңдаумен, олардың әрекеттерінің табиғатымен, моралдық және құқықтық себеп-салдарларымен басым болып табылады.

Виторианың ибериялық емес замандастары жеке тұлғалар мен этикаға аз назар аударды. Итальяндық теоретиктер негізі институттар арасындағы қарым-қатынасқа ерекше көңіл аударды. Итальяндықтар халықаралық қатынастарды этикалық таңдау жағдайы аясында қарастырмайды, бірақ мемлекеттер арасындағы өзара әрекет жағдайында қарастырады.

Витория Испанияда Атлант Еуропасының діни православтық аймақтарының негізгі күші контр-реформацияға негізделген деп жазды. Ботеро, Джентили және басқалары Еуропаның аса прагматикалық және ашық аймақтарындағы ренессанстық Италияның соңғы дәуірін жазды. Одан басқа, Витория дамып өркендеуші империяның азаматы болатын және империялық экспансияның моральдық мәселелерімен айналысты, оның итальяндық әріптестері қауіп-қатерде қалған қала мемлекеттерінің тұрғындары болатын және тәртіп пен қауіпсіздік мәселелерімен айналысты. Мәдени және саяси контекстегі мұндай ерекшеліктер он алтыншы ғасырдағы ибериялық авторлар заманауи халықаралық құқық негізін қалыптастырғандығын түсіндіруге көмектеседі, олардың итальяндық әріптестері билік балансы теорияларын дамытты. Мемлекетаралық қатынастарды итальяндық түсіну және мемлекеттік билік Белли, Парута, Боккалини және басқа авторлардан көрініс табады<sup>3</sup>.

Альберико Джентили (1552-1608) әсіресе итальяндықтардың қағидалары мен перспективаларын атап көрсетті. Ол халықаралық саясаттың негізгі бірліктері ретінде жеке тұлғаларды емес, мемлекетті айқындайды, ол сонымен қатар, мемлекеттер арасындағы өзара әрекетті құқықтық кодексте реттеудің қажеттілігі бар екендігін де мойындайды. Джентилидің ең атақты жұмысы *De jure belli libri tres* ('Соғыстың заңы туралы үш кітап', 1598), қамалдар, солдаттардың тәртібі және муниципальды қорғаныс формасының қамқорлығымен байланысты оның көптеген замандастарына қарағанда еркін жазылған. Кітаптың біріншісі жалпы соғысқа арналған; ол не, оны кім жасай алады және қандай мотивтер немесе себептер оны дәйектей алады. Екінші кітап жауласушы операцияларды жүргізу үшін құқықтық негізді бекітеді. Үшінші кітап соғыстың тұжырымдарын талқылайды. Джентилидің анықтамасы бойынша, соғыс қауымдық билік арасындағы зорлық-зомбылық қақтығысы. Одан айырмасы, қарақшылыққа қарсы операциялар, мы-

салы соғыс деп саналмайды. Соғыстағы бакталас тараптар тәуелсіз билік немесе адамдар болуы керек, олар ешқандай да жоғары юрисдикцияға бағынбауы тиіс; және қарақшылар да ешқандай егеменді билікке бағынбайды.

Джентили ханзадалар мемлекеттің жоғарғы авторитетін ұсынады деп жазады. Себебі, мемлекеттер жоғарғы юрисдикцияға бағынбайды, олардың арасындағы пікірталастар тұрақты түрде жүргізіліп отырады. Принцтің негізгі міндеті оның азаматтарының қауіпсіздігі мен амандығы болып табылады, ондай пікірталастар соғысты жиі туындатады. Мемлекетаралық қатынастардың осындай көрінісі Гиччиардинидің мемлекет себебі туралы идеясымен қайта жаңғырады. Джентили Витория немесе Ботероға соғыс табиғаты бойынша қосары аз. Дегенмен ол мемлекеттер арасындағы келісімшартты реттеудің бірнеше маңызды идеяларын қалыптастырады. Жартылай адвокат, жартылай саясаткер және жартылай тәжірибелі дипломат ретінде Джентили мемлекеттер арасындағы әрекетті реттейтін қағидаларды анықтауда өзінің жан-жақты тәжірибесін қолданды.

Джентили үшін мемлекеттер арасындағы қақтығыс болмай қалмайды, үнемі болып тұрады. Мұндай пікірталастар туындағанда, олар келісім жолымен немесе күш қолдану жолымен реттелінуі мүмкін. Ол келіссөздегі қоныстандырудың қажеттілігін атап көрсетеді және принцтер өздерінің келіспеушіліктерін арбитраждың үшінші тарапына білдіру керек дегенді ұсынады. Дегенмен келіссөз жүргізу екі тарап (немесе барлығы) дауға қатысушы ханзадалар өз еркімен келіссөз жүргізуге келіскенде ғана мүмкін болады. Себебі, тәуелсіз ханзадаларды келіссөз жүргізуге мәжбүр ететін аса жоғары бедел жоқ, егер олардың бірі бас тартатын болса, онда тек соғыс ашу арқылы ғана қақтығысты шешуге болады.

Джентили соғысты мемлекетаралық өзара әрекеттің бөлінбейтін бөлшегі ретінде қарастырады, ол соғысты адамзаттың табиғи жағдайы деп сөз таластырмайды. Ол адамзат баласын жаратылысынан әлеуметтік және көпшіл ретінде түсінеді (1964, 53 б.). Барлық адамдар туысқандық қарым-қатынастармен және өзара қажеттіліктермен біріккен, олар бір-біріне өзара көмек көрсетуі қажет. Джентили сосын осыған ұқсас аналогияны адамдар қоғамына және оны мемлекеттердің қоғамына қолдануға байланысты пікірді мемлекетке байланысты таратып айтады (67 б.). Осы параллельге негізделе отырып, Джентили суверенитетті жүзеге асыру жағдайында, оларға жер де, теңіздер де тиесілі деген пікір білдіреді. Барлық мемлекеттердің теңізде еш кедергісіз кеме жүргізуге, сауда ептілігіне және шетелдік айлақтарда өздерін панамен қамтамасыз ету құқығы бар. Ешқандай да мемлекет оның аймағында бейбіт жолмен өтуді заңды жолмен шектей алмайды. Бұл барлық адамдардың табиғи құқығы немесе Джентили оны «табиғат артықшылықтары» деп ағайды және олар мемлекеттердің қоғамындағы фундаменталды қағидаларды құрайды. Осы фундаменталды қағидаларды қорғау мақсатында соғыс әділетті болып жариялануы тиіс. Джентилидің сөзінше: «соғысты табиғи деп ағайтын болса, онда ол адамдардың табиғат артықшылығынан бас тартуы ретінде қабылданады. Мысалы, егер жол жүру құқығына бізге шектеу қойса немесе біз айлақтардан шеттетілсек немесе провизиядан, саудадан және сауда жасаудан шет қалған жағдайда болады» (86 б.).

Табиғаттың артықшылықтарынан бас тарту тікелей жаза шеккендер үшін ғана заңсыз зиян болып табылмайды, ол – адамзат қоғамына қарсы жасаған қылмыс. Қоғам тәуелді болып табылатын табиғаттың осы артықшылықтарын қорғау және қолдау үшін, басқа мемлекеттер жаза шеккен тарапты қорғауға бірігуі тиіс. Ол азаматтық қоғамда кеңінен қабылданған, деп пікір білдіреді ол, жарақат алған немесе құрып кетудің алдында қаупінің алдында тұрған адамға көмекке келу үшін адал адамның өзінің ары мен намы-

сына байланысты. «Біз бір-бірімізге көмектесу үшін табиғи заңмен байланыстымыз...», -деп жазады және былай деп жалғастырады:

«егер бұл жеке тұлғаларға қатысты әділетті болатын болса, бірін-бірі туысқан, немере іні, аға деп атайтын патшалардың қайсысы әділ бола алады, -дейді. Олар принцтер үшін аса әділетті болып табылады, себебі, егер жеке бір тұлға басқа адамды қорғамаса, онда жеке тұлғалар үшін кек қайтаратын және олардың шығынын өтеп беретін магистрат бар; бірақ бастапқыда жасалмаған зұлымдықты қайтаруды қалағаннан зұлымдық жасалғаннан кейін оның жарасын емдеуге тырысатын ханзаданы жоғалту қателігін ешкім де түзете алмайды» (70 б.)

Осыған ұқсас қатынастар елшілердің дербестігінің қағидасын қарастыратын Джентилидің 1584 жылы жазған «*De legationibus*» («On Legations») еңбегінде атап көрсетіледі.

Джентилидің дәлелі ішкі және мемлекетаралық істер арасындағы бар болып табылатын нақты айырмашылыққа әсер етті. Ішкі саясат азаматтық магистраттың көз алдында өткізіледі, халықаралық саясат ешқандай жоғарғы жер бетіндегі билікке бағынбайтын егеменді мемлекеттер арасындағы өзара әрекетті білдіреді. Джентилидің пікірінше, халықаралық саясаттың негізгі шынайылығы ол жеке адамдарға емес, мемлекетке қатысты болады. Осыған байланысты, Джентили мемлекеттер арасындағы өзара әрекет қызығушылықтардың толыққанды конфликтісін де, қызығушылықтың толыққанды бірдейлігін де білдірмейді деген пікірді қосады; ол конфликт пен ынтымақтастықтың күрделі балансы. Олардың бір-бірімен қарым-қатынасында, барлық мемлекеттер рудиментарлы қағидалармен және олар қалыптастырған қоғам институттарымен байланысты. Бұл дәлел Джентилидің 1613 жылы жарияланған *Hispanica advocatio* (Адвокат тарихы) атты танымалдылығы аз, қайтыс болғаннан кейін жарияланған еңбегінде берілген. Бұл кітап Джентилидің Нидерландыға қарсы Испанияның адвокаты ретінде дайындалған істердің ескертулерінен тұрады. Тіпті бұл партизандық жағдайда, Джентили аймақтық суверенитеттің, сонымен қатар, нейтралды мемлекеттердің соғысу құқығы мен міндеттері негізінде жатқан негізгі қағида ретінде доктринаның қысқартылған жағдайы туралы пікір білдіреді.

### **Жан Боден: суверенитет концептуализациясы**

Джентилидің мемлекеттер қоғамында, соғыс табиғи жағдай болып табылмайды. Бұл дегенмен жеткілікті тұрғыдан таралған құбылыс. Тек әділеттілік үшін құралдармен және сәйкес келетін өкілдігі барлармен күресу керек. Бірақ Джентили кімді «тиісті билік» деп санайтындығы туралы мәселені толықтай түсінбеді. Ол тек мемлекеттік органдар соғысты жүргізуге құқығы бар және тек қана осындай мемлекеттер ғана билік болып саналады деген заманауи ұғымға жақындайды. Принцтердің құқықтары мен міндеттерін талқылай отырып, Джентили мемлекетаралық қарым-қатынастарды анархиялық қоғам ретінде заманауи жоспарының нақты сызбасын сызады. Дегенмен, осы мәселелерді түпкілікті нақтылау Альберико Джентилиден емес, Жан Боденнен (1530–95) табылады, оның дәйектемесі халықаралық қатынастар теориясындағы екі үлеске негізделеді: оның «егеменділік» туралы нақты анықтамасына және *pacta sunt servanda* деп аталатын қағидасын тұжырымдамасы егеменді билеушілер өз міндеттерін орындауы керек деген табандылық болып табылады.

Жан Боденнің өмірі, жүз жылдықта өзі өмір сүрген секілді, аздап қана белгілі. Бірақ біз оның Еуропа секілді реформация нәтижесінде ұлғайған діни теориялардың арасын

да екіге жарылғандығын білеміз. Ол католик болып тәрбиеленді, бірақ лютерандық дәлелдерді оқыды. Шындығында, оларды соншалықты байыппен оқыды, протестанттық көзқарастарды айтқандығы үшін айып тағылып, өзінің біршама уақытын түрмеде өткізді.

Осы бір дауылды кезеңнің басқа да көптеген ойшылдары секілді, Боденге ренессанс ғылымының әдісі мен теориясы ықпал етті. Ол бастапқыда Тулуздегі университетке ауысқанға дейін Парижде мектепте оқыды. Ол халықаралық және гуманистік ілімнің орталығы болатын, оған Германиядан, Италиядан және Швейцариядан ғалымдар келетін. 1550 жылға таман Боден құқықты оқуға кірісті. Ол гуманист болатын. Ол сот ісі мен дәлелдерді зерттеу арқылы заңға жақындағысы келген жоқ; ол құқықтық қағидаларды түсіну тарихты зерттеу арқылы жақсырақ нығаяр еді деген ойға келді.

1560 жылға таман Боден Тулуздан кетті. Өзіне шамданған және діни соғыстар жақын арада қаланы жаулап алуына алаңдаған Боден Парижге кетіп қалды. Мұнда ол өзінің тәжірибесі үшін заңды үйретуден бас тартты. Бірақ ол педагогикалық жүйеге Тулуздан әкелген көптеген ескертулерін интеграция жасауға уақыт тапты, *«Тарихты оңай түсіну әдісі»* (1945 [1566])<sup>4</sup>. Ол «тарих» терминін «халықтардың салт дәстүрі, барлық мемлекеттердің басталуы, өсіп өркендеуі, шарттары, өзгеруі және құлдырауы» секілді әртүрлі мәселелерді енгізе отырып, кең мағынада түсіндірді. Бұл мәселелердің барлығының Боденнің педагогикалық жүйесінде сараптамалық шығу тегі бар болып табылады. Соған қарамастан, олар терең діни дағдарыста он алтыншы ғасырдың еуропалық саясатын шатыстырған тарихи генезисі бар, Боденнің көз алдында Францияны жоюға жеткізген дағдарыс. Кальвинизмнің жылдам прогресін тоқтатуға тырысу тұрақты қарсылық танытуға алып келді. Бір ұрпақтан аса көп уақытқа созылған нағыз азаматтық соғысты туындатқан жөнсіздік 1562 жылы көрініс тапты.

Діни доктриналардың саяси потенциалын біле отырып, Боден Виторианың, Джентилидің және басқалардың негізгі талаптарын қайталады: ол дін соғыс үшін жеткілікті болып табылмайды. Оның позициясы діни доктринаға, философиялық дәлелге негізделген жоқ, заңға негізделген азаматтық тәртіптің прагматикалық қамқорлығына негізделді. Боденнің *«Достық туралы алты кітабы»* (1967 [1576]) «құқықтың ең керемет және аса шыдамды үлгісі» негізгі қасиеттерін талқылайды. Оқырмандар бірінші кітапты аса құрғақ және шатастырмалы деп тапты, себебі ол көптеген құқықтық анықтамалардан тұрады және құқықтық және практикалық терминдерді талқылаудағы теориялық мәселелерді көтеру үшін ғана бағытталған. Боденнің ешқашан «құқықтың ең жақсы және аса берік формаларын» теңбе тең етіп қарамайтындығына қарамастан, Боденнің бірінші кітабын екі зат түсінікті болған сәтте толыққанды оқуға болады: біріншіден, оның негізгі мақсаты идеал конституцияны сипаттауды қамтамасыз ету болып табылмайды, бірақ басқа кітаптарда қолданылған негізгі терминдерді анықтау үшін болып табылады; екіншіден, Боденнің негізгі жұмысы практикалық: осы ғасырдың режимінің аса тиімді түрін анықтау.

«Екінші кітап» жақсы мемлекетті сипаттауға келеді. Ол достық қоғамның үш түрін ұзақ салыстырудан тұрады: монархиялық, аристократиялық және демократиялық. Үстірт оқылса да, Боденнің өз дәлелін Аристотельдің «Саясат» атты еңбегіндегі аналогиялық кестеден алғандығы көрініп тұр. Егер бажайлап қарайтын болса, Боденнің *«Алты кітабы»* да Аристотельді жалғанға шығарады; Боден Аристотельді өз мақсатына ыңғайлы көзқарас ретінде қолданады. Шындығында, Боден Аристотельдің позициясымен позитивті ойда көрініс табады, дегенмен философтың кемшіліктеріне бір рет емес, бірнеше рет сілтеме жасайды – батыл, католик педагогы үшін иконға қарсы күресуші кезең, бірақ сол күнде типикалық болған емес.

«Үшінші кітап» Боденнің әділетті және тиімді өкіметтің негізгі құрылымдарын ұзақ қарастырумен мемлекеттің түрлі формалары дискуссиясымен толықтырылады. Мемлекеттерді талқылап түсіндіруі оның нақты, практикалық мақсатын айқындайды: ол кімнің дәстүрлі тәртібі жылдам әлсіреген әлемнен реттелген және тұрақты достық қоғамын тапқысы келеді.

Бұл мақсат келесі екі кітапта да көрініс табады. «Төртінші кітап» тарихи өзгерістерге арналған: ол жақсы және құдіретті мемлекеттердің дамуы мен құлдырауының салыстырмалы тұрғыдан қарастырылуы болып табылады. Боден азаматтық соғыс пен революцияны айрықша қам қылуда қажет ететін мәселе ретінде атап көрсетеді. «Бесінші кітап» үздіксіздік пен тәртіпті талқылайды. Сонымен, Боден революция туралы мәселе көтереді, бірақ бұл әскерлерді өркендету мен ұстап тұру контекстінде қарастырады. Алтыншы және соңғы кітапта, Боден басқарудың ең жақсы үлгісі мәселесіне қайта оралады. Нормативті сауалдарға прагматикалық жауап беру оның дағдысында болғандықтан, ол құдіретті монархты мақтап мадақтайды және оның ізгілікке мүмкіндік беретін монархиялық қағиданы ұстанған ұстанбағандығы белгісіз немесе ол әлеуметтік тәртіп пен саяси тұрақтылықтың ең жақсы кепілдігі болатындығын сезінді.

Боденнің «Достық туралы алты кітабы» негізінен елдің ішкі саясатына арналған. Соған қарамастан Боден халықаралық қатынастар теориясына маңызды үлес қосушылардың бірі болып саналады, себебі «Бірінші кітабында» концептуалды дискуссиялар мен «суверенитет» ұғымын талқылауға байланысты болып табылады. Боден осы ұғым барлық саясатты зерттеуде негізгі болып табылатындығын түсінді, «кез келген заңгер не саяси философ оны шын мәнінде анықтауға тырысқан жоқ» (Боден, 1967, 25 б.). Ол осыны жүзеге асыратын бірінші адам боламын деп шешті.

Боден суверенитетті «достыққа негізделген абсолютті және тұрақты билік» ретінде анықтайды (1967, 25 б.). Бұл қысқа анықтама үш шешуші постулаттарға негізделген. Бәрінен бұрын, ол суверенитет жеке тұлғаларға ешқандай қатысы жоқ дейді, бірақ мемлекеттерге қатысы бар; суверендік бір ғана адамның меншігі емес, ол достыққа негізделген қабілет. Оның нақты орналасу жері достықтың түріне байланысты. Боден былай деп түсіндіреді: «Мемлекет суверенділік бір ғана адамға негізделгенде ғана монархия деп аталады, қалғандары тек қана оған бағынуы керек. Адамдардың барлығы немесе олардың көпшілігі ұжымдық суверенді билікті жүзеге асырғанда демократия немесе танымал мемлекет болады. Адамдардың аз мөлшері ғана суверенді билікті ұжым болып қолданғанда және басқа адамдарға салық салғанда мемлекет аристократиялық болып табылады» (51 б.).

Боденнің екінші жолдауы суверенитет мәңгілік деген пікірден тұрады; ол бұрынғыша достыққа негізделеді және жеке тұлғалардың кірістері мен шығыстарына байланысты емес. Жеке билеушілер достықты қауымдық және тарихи организм ретінде ұсынады, оларға уақытша сенімдегі суверенитет қана беріледі (жалғыз немесе топпен, достық түрімен анықталған қағидаға сәйкес). Бұл билеушілер «суверенді билеушілер ретінде қарастырылмайды, бірақ принцке немесе халыққа берілген сыйды қабыл алмайтын сәт туындаған кезде суверенді билеушінің лейтенанттары мен агенттері ретінде қарастырылады» (25 б.).

Үшіншіден, суверенитет абсолютті болып табылады. Ол шартты емес және кері қайтарылатын емес және ол достық қоғам ішіндегі барлық биліктің дерек көзі және беделі. «Егеменділіктің айрықша белгісі ол басқа адамның бұйрығына бағынуға тиіс емес болып табылады, атап айтқанда ол субъект үшін заң жасайды, жасалған заңды



жоя алады және көне заңға өзгерістер енгізе алады» (28 б.). Бірақ бұл егеменді билеуші заңнан толыққанды босатылды деген сөз емес.

Боден егеменді биліктің үш шегін атап көрсетеді: діни немесе табиғи заң, режим түрі және келісім. Бәрінен бұрын, принц діни немесе табиғи заңмен байланысты. Оның беделі мемлекеттің басқа элементтеріне қарым-қатынасы бойынша абсолютті болып табылады, оның беделінің дерек көзі аса жоғары заңға негізделген және оның билігі осы жоғары заңмен анықталған әділеттіліктің талаптарымен шектелген. «Әлемде егеменді ханзада жоқ, себебі жер бетіндегі ханзадалардың барлығы құдай мен табиғат заңдарына бағынады», -деп ескертеді Боден. «Жер бетіндегі барлық ханзадалар оларға бағынады, құдайға қарсы опасыздық пен көтеріліссіз оларды жоя алмайды. Оның бұғауы оларда және оның құдай берген құдіретінің алдында олар қорқынышпен бастарын июі және құрметтеуі керек. Ханзадалар мен егеменді лордтардың абсолютті билігі құдай мен табиғаттың заңдарына таралмайды» (28 б.).

Тұжырымдамадан бірнеше салдар келіп шығады, егеменділік принцтің жеке мүлкі емес, бірақ мемлекет қызығушылықтарына қарама-қайшы келетін қағидаларды іске асыру еркі жоқ болып табылады. Салдардың бір маңыздылығы егеменділіктің бөлінбейтіндігінде болып табылады. Бұл түсіндірме *Standestaat ammy* ортағасырлық теорияға қарама-қайшы келеді, ол жоғарғы билік ханзадалардың, аристократияның және халық өкілдерінің арасында бөлінген мемлекет. Онда монархия, аристократия және демократиялық мемлекеттер болуы мүмкін, -деген пікір білдіреді Боден, бірақ тұрақты аралас мемлекет болмайды. Осы мағынада Боден ортағасырлық саяси теориямен келіспейтіндігін атап көрсетеді.

Екінші шек Боден «патшалықтың конституциялық заңдары» деп атаған егеменді билікке негізделеді. Кез келген заңды билеуші өзі басқарып отырған достық түрімен шектеледі, немесе Боден бір мезгілде айтқандай, «шынайы егемен әрқашан оның өз билігін жаулап алады». Осы сәтті айқындау үшін, Боден егеменділіктің бірнеше атрибуттарын айқындайды, оның негізгісі патшалықтың заңдарын жасау болып табылады. Дегенмен, мұнда тіпті егеменді ханзаданың өзі жасай алмайтын не жоя алмайтын белгілі бір заңдар бар болып табылады. Бұл заңдар режим түрінің негізгі қағидасын анықтайтын заңдар – «патшалықтың конституциялық заңдары» болып табылады. Бұл заңдар табиғатпен берілген және «принц оған шек қоя алмайды. Егер, ол солай жасайтын болса, онда оның мұрагері әрқашан монархияның дәстүрлі үлгісіне зиян келтіретін кез келген әрекетті жоя алады, себебі, содан кейін оның өзінің тілек талабы егеменді патшаға негізделіп, қорғайды» (б.31). Сонымен, абсолютті ханзада өзінің монархиясын аристократияға немесе демократияға алмастыра алмайды; ондай алмастыру революцияға тепе-тең болар еді.

Бұл дәлел солтүстік-батыс Еуропада, сол уақытта әсіресе сауда орталықтарының айналасындағы Британдық каналдың екі жағында да пайда болған позицияны көрсетеді. 1560 жылдары ол испандық Нидерландыда жүзеге асырылды, солтүстік голландиялық провинциялар Испанияның Филипп II қарсы шықты. Бұл дәлел жүз жыл өткен соң ағылшын азаматтық соғысында туындаған позицияны болжағандай болды: монарх елдің конституциясының белгілі бір негізгі заңдарымен байланысты. Боденнің суверенді принцтердің шегі туралы дискуссиясы конституциялық монархия қағидасын болжайды.

Ең соңында, князьдік билік келісіммен шектеледі. «Заң мен келісім екеуі шатаспауы қажет», -деп жазады Боден. Заң – бұл билеушінің егеменді құзыретін жүзеге асыру мақсатында жасалған бұйрық, ол оны өзінің қалауы бойынша жасауы да жасамауы да

мүмкін. Келісім барлық тараптың қатысуы бірдей деңгейде міндетті болып табылатын өзара кепілдік. Тіпті аса абсолютті патшаның өзі «өзі жасаған әділетті келісім мен уәдені сақтауы тиіс».

Боден өсиеттің екі түрінің арасындағы айырмашылықты атап көрсетеді: бір жағынан, ханзада қол астындағылармен жасайтын, ондай келісімдер заң болып табылмайды, ал принц оларға ене отырып, егеменді құзыретін қолданбайды; сонымен, оның өсиеттері басқа жеке тұлғалардың әрекетінен ешқандай да айырмашылығы болмайды. Ол, сонымен қатар, кез келген жеке тұлға секілді, өзі жасаған келісімді, антты және уәдені сақтауы тиіс. Одан басқа, кез келген жеке тұлға секілді ханзада ондай өсиеттерден белгілі-бір жағдаяттарда ғана босатылады: ол міндет жарамсыз болып табылады, мысалы, ол «әділетсіз немесе дәйектемесіз болған жағдайда ғана, немесе орындауға оның құзыретіне жатпайтын, бұрмалаумен немесе алаяқтықпен алынған» деп саналған жағдайда ғана жарамсыз. Сонымен, Боден ханзада мен оның азаматтары, азаматтар өз арасында жасаған өсиеттер арасындағы ешқандай айырмашылықты көрмейді. Кез келген жағдайда өсиет - рационалды, жауапты, жеке тұлға арасындағы келісім (29 б.).


Бір жағынан өсиет ханзаданың басқа ханзадалармен жасайтын өсиеті. Бұл өсиеттерді Боден «келісімшарттар» деп атайды. Ол келісімшарттар «жеке тұлғалар арасындағы келісімдер секілді емес» екендігін атап көрсетеді. Ханзадалар өсиетке қатысқан сәтте, олар оны өздерінің егеменді билігін жүзеге асыру мақсатында жасалған өзара достық атынан жасайды. Келісімшарттар егеменді субъектілер арасындағы өсиеттер, ешқандай жоғарғы билік осы субъектілерге билік жүргізе алмайды, ешқандай заңды агент олардың арасындағы конкурста арбитраждық жұмысына араласа алмайды. Өзара достық үстінен қарайтын жоғарғы биліктің жоқтығы Боденнің мемлекетаралық қарым-қатынастардың негізгі сипаттамасын талқылаудан келіп шығады.

Азаматтардың өзара әрекетін достық аясында реттеу заңы егеменді принцтердің арасындағы өзара әрекетке қатысы жоқ. Осы қағидаға сәйкес Боден Макиавеллимен келіседі: мемлекеттер арасындағы қарым-қатынаста егеменді князь басқа егеменді князьдердің билігімен ғана шектелмеуі тиіс. Дегенмен, Боденнің князьдіктің өзара әрекеті азаматтық құқықпен шектелмейді деген мойындауы мемлекетаралық қарым-қатынастар заңсыздық ортасында жүргізіледі дегенді білдірмейді. Бәрінен бұрын, Боден суверенді ханзадалардың өзара әрекеті рационалды және ұлағатты мінез-құллық қағидаларымен басшылық жасағандығы қаншалықты маңызды екендігі туралы дәйектемеге тоқталады. Мемлекеттің іс-әрекетін шектеуі мен мемлекетаралық әрекеттің рационалды қағидаларын анықтау сатысындағы Боденнің осы түсіну артықшылығына байланысты, ғалымдар Боденді заманауи халықаралық құқықтың негізін салушы ретінде анықтады.

Егеменді мемлекеттер арасындағы өзара әрекет кез келген жоғарғы билікпен бекітілмейді, мұнда мемлекетаралық қарым қатынастарда тәртіптің тек қана екі қағидасы бар болып табылады: күш пен сенім. Боден бесінші кітаптың 5 бөлімін күштің тәртіпке келтіруші тиімділігіне арнайды, бірақ оның талқылауында жаңалық болып табылатын татымды ешнәрсе жоқ. Ол Макиавеллидің «*Соғыс өнері*» кітабына және мемлекет ішіндегі революция мен тәртіп мәселелеріне тоқталады. Бір жағдайда, Боден «аса құдіретті ханзадалар» халықаралық тәртіпті ұстап тұруға айрықша жауапкершілігі бар деп санайды, не «оның сот және арбитр болу құқығы бар» болып табылады (1967, 177 б.). Халықаралық тәртіпті Боденнің түсіндіруі ұжымдық қауіпсіздіктің заманауи ұғымына сай келмейді. Ол билеушіде «күштілерге қарсы әлсіздердің өмірі мен арын қорғауға, байлар немесе жазықсыз жандарға қарсы кедейлердің өмірі мен арын қорғауға байланысты

міндеттелген уәдесі» жоқ деп жазады ол (22 б.). Дегенмен ол бейбітшіл билеушілер оны өздері жасаулары тиіс және әскери князьдерді өздері қамтамасыз ету керек дейді. Егер, құдіретті билеуші өзінен күші төмен принцтердің ісіне араласатын болса, онда ол оны ар намыс себеп болғандықтан жасайды. Боденге сәйкес, ханзадалардың бастапқы моралдық міндеттілігі мемлекетаралық тәртіпке ғана негізделмейді, табиғат заңдары мен сыпайылық пен әділеттілік қағидаларына негізделеді.

Бұл халықаралық тәртіптің екінші қағидасы, Боден оны өзінің негізгі нысана-сы етеді: әділеттілікке деген сенім. Мемлекеттер мен жеке тұлғалар арасындағы зорлық-зомбылықтық емес, әлеуметтік өзара байланыс тек қана келісім шарт негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Егер ол оларға енгізілгенде ғана күшінде қалдырылады деп саналғанда ғана жасалынады. Егеменді биліктің жоғарғы билігімен бекітілген азаматтық қоғамдағы құқық жүйесі келісімнің қасиеттілігін қамтамасыз ету үшін бар болып табылады. Мемлекетаралық аренада егеменді ханзадалар өз қақтығыстарын жоғарғы биліктің араласуынсыз шешеді. Мұнда келісімдер сенім негізінде жасалынады. «Сенім барлық адамдардың достығы, бірлестіктер мен ассоциациялар негізделген әділеттіліктің жалғыз ғана негізі және сүйеуі болып табылады, ол әділетсіздік болмаған сәтте киелі және мызғымас күйінде сақталынуы керек» (177 б.).



3.2-сурет. Он алтыншы ғасыр авторлары мен олардың жұмыстары

Князьдардың арасындағы келісім мемлекетаралық өзара әрекетінің негізі болып табылады. Ханзадалардың осы келісім енгізілген сәттен бастап келісімнің сақталатындығын болжай білгендігі дұрыс және маңызды. Алдын ойламайтын ханзадалар ғана оны сақтамау ниетімен уәде беретіндігін Боден прагматикалық тұрғыдан талқылайды. Өз

сөзінде тұрмаған билеуші басқа адамдардың да сеніміне селкеу түсіреді. Егер егеменді ханзада өз уәдесінде тұра алмайтындығында сенімсіз болса, онда ол уәде бермеуі тиіс (178 б.). Шындығында, данышпан князь опасыздар мен сенімге селкеу түсірген жауларымен жұмыс жасай отырып, өзінің сөзін, уәдесін ұмытпауы тиіс (180 б.). Ханзадалар халықаралық құқықтағы бар қағида *pacta sunt servanda* өздері жасаған барлық өсиетті сақтауы тиіс. Бұл Боденнің халықаралық қатынастар теориясына қосқан үлкен үлесі болып табылады.

Осы қағидаға әкелетін дәйектеме екі қысқа түсініктемелерден тұрады. Біріншіден, Боден үшін өсиет – рационалды, жауапты, жеке тұлғалармен ендірілген келісім, ол «келісім» терминін бірнеше рет қолданады. Өзінің «Достық туралы алты кітап» атты кітабында Боден он жетінші және он сегізінші ғасыр теоретиктерімен – аса танымал Томас Гоббс, Джон Локк және Адам Смитпен жасалынған бірнеше дәйектемелерді қалыптастырады. Өңдеулер бұрынғыша либералды саяси дәстүрлердің негізгі құрылым блоктары болып табылады. Боден келісім терминін талқылаған жалғыз әлеуметтік философ қана болған жоқ, бұл оның тарапынан қосқан түпнұсқалық үлес болуы мүмкін емес еді.

Екіншіден, Боденнің есебі адамзат іс-әрекетінің екі деңгейі арасындағы ежелден келе жатқан айырмашылықтан тұрады. Бір жақ деңгейінде адамдар арасындағы қоғам; ол достық деңгейі. Екінші жағынан достық қоғамы. Бұл көрініс халықаралық қоғам адамдар арасындағы қоғам болды деген ортағасырлық ұғымға тікелей қарама-қайшы келеді. Боден үшін халықаралық өзара әрекет егеменді мемлекеттер арасындағы қоғамды ұсынады. Оның негізгі түсінігі аномияның тұрақты қауіп-қатеріне қарамастан, мемлекетаралық қоғам тәртіптің белгілі қағидаларымен басқарылады. Осы түсініктің нәтижесі егер адамзат баласы осы қағидаларды тауып, нығайтып және бағынса, ол мемлекетаралық өзара әрекетті реттей алады және мүмкін соғысқа тойтарыс бере алады.

## **Ғасыр пікірі**

Он алтыншы ғасыр орта ғасыр мен заманауи тарих арасындағы ауысу ғасыры болды. Ол өндірістің жаңа тиімді құралдарының және алмасудың жаңа тәсілдерінің пайда болуын көрді; ол саяси билікті жоюдың жаңа құралдарының және жаңа режимдерінің пайда болуының куәсі болды. Осы ғасырда Атлант жағажайындағы бірнеше елдер әлемнің басқа бөлігін капиталмен және қару-жарақпен жаулай бастады.

Бір жағынан, ғасыр жаһандық масштабта әлемнің қалған бөліктерін байланыстыра бастады. Екінші жағынан, ол әлемді теңдессіз жолмен бөлуді бастады. Айырмашылық әрқашан әскери қарым-қатынаста және күші жоқ халық арасында бар болатын; қазір осы айырмашылықтар оқ-дәріге негізделген жаңа, еуропалық қару-жарақ жүйесінде тереңдетілді. Осыған ұқсас, айырмашылықтар бай және мүмкіндігі шектеулі аймақтарда да бар болды; қазір бұл айырмашылықтар Еуропада ауылшаруашылықтың жаңа үлгісімен, өндіріспен, алыс жермен сауда жасаумен және қаржыландыру жүйесінің пайда болуымен тереңдетілді.

Одан басқа, он алтыншы ғасырда католик шіркеуі еуропалық халықтардың танымында өзінің басшылығын жоғалтты. Христиандар мен пұтқа табынушылардың арасындағы ежелгі айырмашылық Еуропаның ішіндегі католиктер мен протестанттар арасындағы жаңа бөлінуге алып келді. Осы жаңа бөлінудің нәтижесінде, Еуропа мұсылман тарапынан келетін қауіп-қатерді үздіксіз ойлаудан сырт айналды. Түріктерге қарсы бірге бірігудің орнына еуропалық ханзадалар бір-біріне қарсы шықты. 1530 жылдан бастап,

Еуропа отарлау бақталастығымен, діни доктринамен, жаңа қару жарақтармен және жаңадан пайда болған байлықпен күшейтілген өзара қиратулардың ұзақ эрасын бастан кешірді. 1600 жылға таман соғыс безгегі корольдер мен императорлардың рационалды саяси бақылауынан шықты. Ол отыз жылдық соғыс (1618–48) кезіндегі бассыздық пен мағынасыздық шегіне жеткен анархия мен билікке таңылған зорлық зомбылықпен азғындалынды.

### *Он алтыншы ғасыр теориясындағы өзгерістер*

Он алтыншы ғасыр әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен және зорлық-зомбылық дау жан-жалдарымен белгілі болды. Ол, сонымен қатар, саяси теория ғасыры болатын, әрекет қақтығыс тудырды және әмбебап универсалды шындықтардың бәсекелестігі арасындағы соғыста күш алды. Дәстүрлі шындықтар ықпал еткен және жаңа факторлар бекітілген ғасыр болды.

Ғасыр менталитетінің мәнін айқындау қиын. Он алтыншы ғасырда осы кезеңге дейін он бесінші ғасырда болған нақты мәселелер болған емес және он жетінші ғасырда да болмақ емес. Ол ортағасырлық және заманауи мәселелер арасында екіге жарылды. Ғасырдың ортасына таман саяси пікірдің екі өлшемі пайда болды. Бір аспектісі христиан мұрасын католиктер мен протестанттық түсіндірулерден тұратын конфликт; екінші аспектісі әлеуметтік биліктің діни және зайырлы тұжырымдамалары арасындағы конфликт.

Діни өлшем бір жағынан, Августиннің католиктік дәстүрі арасындағы ментальды дистанцияны қамтыса, екінші жағынан, жаңа протестанттық оппозиция Лютер мен Кальвиннің арасындағы ментальды дистанцияны қамтыды. Протестанттық жолдау Атлант жағалауында баяу пайда болған саудагерлерге және орта кластың өндірісіне арналды. Ол монархтар католиктік доктринаны бұзған елдерде дамып өркендеді. 1530 және 1560 жылдар арасында Скандинавия, Англия және Германия корольдері католиктік шіркеумен байланысын үзді, олардың көпшілігі шіркеу жерін жаулап алып, оларды корольдік аймаққа қосып алу жолын табу мүмкіндігімен айналысты. Папа өз билігінен айрылып қалу қаупімен Трент кеңесінде танымал шіркеу қызметкерлерінің тобын жинап, ежелгі шіркеуге толыққанды өзгеріс енгізбекші болды. Нәтижесінде, Еуропа шіркеулері тамаша музыкамен, ашық түсті картиналармен, аса қымбат көріністермен толықтырылды, бір сөзбен Барокко өнері қолданылды. Одан басқа, қашқындар Испанияның фанат королі Филипп II (1556–98) кең масштабтағы католиктік қарсы шабуылды басқаруға жауапкершілікті өзіне алуды ұсынды. Бірақ папа мен Филипп II діни реакциялары халықаралық қатынастар туралы жаңа теориялық пікірлер тудырды.

Он тоғызыншы ғасыр пікірінің зайырлы шамасы адамзат рационалдылығына сеніммен және жеке өмір мен еркіндікке аса қатаң талаптармен жандандырылды. Пікірдің зайырлылығының үнемі дамып өркендеген бағыты сол дәуірде пайда болған көптеген инновацияларда көрініс тапты: оқ-дәрі, компас, баспа машинасы. Баспа станогы интеллектуалды инновацияларды таратушы болды: жаңа діни түсініктемелерді (Лютер, Кальвин), ежелгі классиканың жаңа нұсқаларын (Платон, Аристотель, Птолемей ...), бүкіл әлем туралы жаңа теорияларды (Коперник) және Еуропалық ғалымдар мен саясаткерлер арасында жалын секілді тараған шексіз карталар, календарьлар мен анықтамалықтарды таратты.

Он алтыншы ғасыр ғылымның оянған ғасыры болды, ғылыми пікірдің дамуы керемет зайырлы күш болатын. Халықаралық қатынастар теориясында зайырлы бағыт «Мемлекет себебі» тұжырымдамасында көрініс тапқан болатын. Италияда, негізінен, саясат пен дипломатия бойынша көптеген мәтіндер пайда болды. Джироламо Фрачетта он жетінші ғасырдағы Макиавелли мен Гиччиардинидің зайырлы, гуманистік тақырыптарын негізге ала отырып, өз тақырыптарын *Il Principe, Discorsi di stato e di guerra* and *Ragione di stato* деп атады. *Ол жалғыз емес.* Сципионе Аммирато, Сиро Спонтоне, Антонио Паллаццо, Пьетро Каноньеро, Людовико Зукколи, Федерико Бонавентуре, Габриэле Зинано, Лодовико Сеттала, Сципиона Чиарамонти және тағы басқалар мемлекеттік билік пен қызығушылықтарының зайырлы тұжырымдамаларымен ақпараттандырылды. Доктринерлік Испанияның өзінде бұл ұғым қайта туындады. Дон Кихот жазылған сәтте, ол шіркеу қызметкерімен және шаштаразбен «мемлекет себебі дегеніміз не?» деп талқылады.

### *Зайырлы теорияның пайда болуы*

Рационалдылыққа, дербестікке және бостандыққа басымдық беру ренессанс дәуіріндегі гуманистер арқылы бұрыннан даярланған болатын. Олардың тарихқа және классикалық үйренуге басымдық беруі он бесінші ғасырдың итальяндық қала-мемлекеттері қоғамында өсіп өркендеді. Дегенмен, он алтыншы ғасырдың басында итальяндық ренессанс толығымен жойылу қарсаңында болды, итальяндық соғыстардың кесірінен жойылу алдында еді. Осы уақытта итальяндық ренессанс Еуропаның басқа бөліктеріне аз да болса ықпал етті. Альпинің солтүстігі мен батысынан бастап, ғалымдардың көпшілігі ортағасырлық билікті айқын қабылдады. Жаңа монархтар мен олардың бастапқы кеңесшілерінің концептуалды контексті бұрынғыша шіркеудің дәстүрлі оқуларымен қамтамасыз етілді. Бірақ, итальяндық гуманистердің баспа жұмысына қызығушылығы Еуропаның басқа аймақтарына, әсіресе жеке өмірге қамқорлық пен дербестікке қол сұғушылық үшін қам жеген Атлант жағалауындағы динамикалық сауда орталықтарына да таралды. Дербестіктің нәтижесінде пайда болған және еркіндік пен жеке меншік тұжырымдамаларына деген үлкен қызығушылық діни және құқықтық трактаттарда көрініс тапты. Боден, Лютер және басқалар сенім жаратылысы бойынша жеке мәселе болып табылатындығын айтты. Боден саяси философияның міндеті көпшілік пен жеке арасындағы дұрыс балансқа қол жеткізу болып табылады деген пікір айтты (Шартье, 1987). Лютер құтқарылуға көпшілік жоралғылар бойынша қол жеткізуге болмайтындығын айтты, бірақ әрбір адам өз жүрегін тындап, олардың әрекеті құдайға деген таза сенімге негізделді ма соны білуі керектігін айтты.

Он алтыншы ғасыр зайырлы бола қойған жоқ (Фебvre, 1942, Блох, 1961). Испанияда дін бұрынғыша интеллектуалды өмірде шешуші рөлге ие болды; контрреформация католик шіркеуінің жазалау мекемесінің билігімен нығайтылған пікірдің бірлігін білдірді. Германия князьдықтарында және солтүстік голландиялық провинцияларда реформация протестанттық доктринаның дербес жалынды брендін құрды. Еуропаның барлық аймағы бойынша әлеуметтік ойшылдар діни мәселелермен айналысумен болды. Дегенмен, ғасыр бойы діни дебаттар зайырлы мәселелермен күрделене түсті. Дін еркіндігіне байланысты протестанттық талаптар, мысалы, әрқашан саяси пікірмен бірге қарастырылды.

Голландиялық провинцияларда дін еркіндігінің науқаны жеке құқықтарға байланысты, сосын испандық салық салуға қарсылық ретінде талаптарымен бірге жылдам кеңейіп дамыды. 1576 жылы он жеті голландиялық провинциялардың өкілдері саяси бірлестік құрды, құру себебі өз аймағын испандық оккупациядан босату болды, анти-испандық пікір тар аядағы діни талаптардан басым болды. Діни талаптар саяси күреске айналды.

Сол уақытта прагматизм мен толеранттылықтың жаңа элементтері діни дебаттарға енгізілді. Соғыстан кейін христиан әлемінде діни бірлікті қалпына келтіру мүмкін болмады, ғалымдар тек дін ғана соғыстың себебі болуы мүмкін еместігі туралы дауласты. Ханзадалар діни мәселелер бойынша келіспеу үшін келісімге жиі барды. Нәтижесінде, діни толеранттылыққа байланысты саяси мәселелерді прагматикалық шешуді қалайтын Боденнің бейімділігі көрініс тапқан консенсус қалыптасты. Шындығында, егер артық діни шиеленіс дәуірдің басында саяси мәселелердің негізгі дерек көзі болатын болса, онда жаңа толеранттылық барынша алысқа кетер еді, релятивизмнің артық болуы оның соңында келеңсіздіктердің себебі болды. Еуропалық емес халықтар мен салт дәстүрлер туралы жаңа білім солдаттармен, саудагерлермен және авантюристермен жинақталынды және баспаның жаңа құралы арқылы таратылды. Ақпарат жоғары стандартта болды. Көбісі түкке тұрғысыз болды. Фантастикалық саяхатшылардың ертегілері, мистикалық болжамдар, діни қорқыныштар және сиқырлы үрей батыстың барлық аймағы бойынша таралды.

Мақтанға толы, көркімен көз тартатын қамалдар осы ғасырда салынды; бірақ, сонымен қатар, көңілсіз, жасырын монастырлар да болды. *Carpe diem* ('күнді жаулау') сол ғасырдың танымал ұраны болатын; *memento mori* ('ажалды екеніңізді ұмытпаңыз') да сол ғасырдың ұраны болатын. Бұл интеллектуалды белгісіздік ғасыры болатын. Сыртқы Еуропа әлемі туралы жаңа білім хаостық релятивизмге мүмкіндік берді; ол жылдам дамыды, сенім мен салт дәстүрлер уақыт пен кеңістікте орын алады және адами құндылықтар мен мінез құлқын бағалаудың абсолютті стандарттары жоқ. Осы көзқарасты француз эссе жазушысы Монтень бейнелейді, ол тропикалық адамдардың адам тәнін жеу дағдысы туралы қатаң айыптаудың қажеті жоқ деп жазды. «Мен осы ұлттан варварлық және жабайылық көрмедім, әркім варварды өзінің қолданысында жоқ болғандықтан солай атайды», деп жазады Монтень (1935, 18 б.).

Он жетінші ғасыр қарсаңында Еуропа саяси және мәдени тозудың алдында тұрды. Еуропаның қандай жолмен дамитындығы нақты емес, мүмкін ол осы кезеңдегі Индия секілді хаосқа түсті. Адамдар кез келген белгілі бір сенімнің жетегімен кетуге даяр болды және осы даярлық Нострадамус, Парацельс және сансыз көптеген басқа адамдар секілді болжағыш, дүмше балгерлер үшін игілікті ортаны қамтамасыз етті. Бірақ, осы бір аянышты күй заманауи ғылымның дамымауын қамтамасыз етті. Ырымға күмән туындады. Күмән жүйеленген сәтте, Бэкон мен Декарт секілді ойшылдар, жаңа сенімділіктің уәде беруімен ұсынылған таным мен білімнің жаңа сыни әдістері уақыт өте келе Еуропаға жаңа гносеологиялық негіз бен жаңа сенімді ұялатты. Заманауи ғылымның түпкітегі он алтыншы ғасыр соңындағы тәртіпсіздікке негізделді. «Он жетінші ғасырда ғылымның пайда болуы еуропалық өркениетті ұзаққа созылған орта ғасырдан кейінгі жанданудан кейінгі сөнуден немесе гениальный скептицизмнің, интеллектуалды философиядан, жүйесіз магиядан немесе белгісіздіктің алдындағы ессіз қорқыныштан құтқарды» (Палмер, 1951, б. 233).

## Ескертулер

1. Кампанелла өзінің *Philosophia sensibus demonstrata* («Сезімдер арқылы көрініс тапқан философия») 1591 жылы жазды, философия әдістемелік күмәнға (кейін Декарт жүйелегендей) және сана сезімдік адамзат тәжірибесіне (кейін Бэкон қалыптастырғандай) негізделуі керек. Кітап схоластикалық аристотелизмнің сыны ретінде түсіндірілді; оның авторын католик шіркеуінің жазалау мекемесі ұстап алып, дін бұзар ретінде түрмеге қамады. Кампанелла жиырма бес жылдан астам уақытын түрмеде өткізді. Ол небір қиындықтар мен азаптарды басынан өткізсе де, ол жанды жаза білді. Философия еңбегіне қосымша, оның кітаптар тізімі: *De monarchia Christianorum* («Христиан монархиясы туралы») 1593; *Dialogo politico contra Luterani, Calvinisti ed altri eretici* («Лютерандарға, кальвинистерге және басқа дін бұзарларға қарсы саяси диалог») 1595; *La citta del sole* («Күн қала») 1602; *Apologia pro Galilaeo* («Галилейді кешіру») 1616; және *Atheismus triumphatus* («Атеизм жеңіске жеткізді») [1606] еңбектерімен толықты.

2. Ботероның «халық қағидалары» оның Мемлекет себептері» (8-кітап, 4-тарау) атты еңбегінде қатесіз берілген. Соған қарамастан, ол «Қалалардың ұлылығы мен кереметтілігі себептеріне байланысты» атты трактатында (1956 [1606]) қайта қарастырылған. Мальтустың «Халық туралы очеркі» әңгімесінде көрсетілгендей екі жүз жылға жуық уақытта, Ботеро халық толыққанды шамада өркендеуге тырысады, адамның өсіп-өнуіне байланысты; дегенмен кез келген қоғам өмір сүрудің шектеулі құралдарын ғана ұсынады, халықтың шектеусіз өркендеуі әрқашан шектеулі ресурстармен тексеріледі. Бұл шек қажеттілік пен азап шегу, бейшаралық пен ауру сырқаулық арқылы көрініс табады. Оған, сонымен қатар, соғыста да көз жеткізіледі, -деп айтады Ботеро.

3. Пьерино Белли (1502-75) өзінің *De re militari et de bello* (1936 [1563]) атты еңбегінде стратегия мен халықаралық құқықты кеңінен талқылады. Паоло Парута (1540-98) өзінің 1599 жылы жазылған «Саясат дискурсы» атты еңбегінде итальяндық қала-мемлекеттер арасындағы билік балансын талқылады. Трайано Боккалини (1556-1613) мемлекеттік қайраткерлердің шектен шыққан арсыздығын өзінің танымал *Ragguagli di Parnaso* («Парнастан баяндама») 1612 жылы сатирасында сипаттады және еуропалық билік балансын өзінің Тацитұға деген, *Osservazioni politiche sopra I Sei Libhri degli Annali di Cornelio Tacita* 1678 жылы жазылған көңілі қалған түсініктемелерінде талқылады.

4. Боденнің әдісі адам білімін үш негізгі бұтаққа бөледі: діни тарих, табиғи тарих және адамзат тарихы. Заманауи тілімізде осы үш бұтақ дінді, жаратылыстану ғылымдары мен тарих / әлеуметтік ғылымдарды қамтиды (Боден, 1945, 2 б.). Осы ажырату Боденнің ғылымынын берік іргетасын қамтамасыз етті, оның түсіндірмесінен үш бұтақтың әрқайсысы оның үш негізгі жұмысында көрініс тапқан: 1593 жылы жазылған «Жеті данышпанның диалогы» әлемдік діндердің түсіндірмесі; 1596 жылы жазылған «Табиғат театры» әлемнің физикалық қасиеттері туралы трактат; 1576 жылдан бастап жазылған «Достық туралы алты кітапта» адамзат тарихы мен жалпы құқық туралы айтылады.



## 4

### **Абсолюттік саясат: патшалар, соғыстар және мемлекетаралық жүйе**

Ұзаққа созылған он алтыншы ғасыр қазіргі заманғы халықаралық саясаттың негізгі элементтерінің – аймақтық мемлекеттің, егеменді билеушілердің, әскери және шетелдік кәсіпорындардың эволюциясының куәсі болды. Ол сондай-ақ, табиғаттың және жаңа құбылыстардың теориясының туындауына себепкер болды. Он жетінші ғасырдың ойшылдары осы элементтерді мемлекеттік жүйеге біріктірді. Олар оны отыз жылдық соғыс (1618-48) негізінде қарастырды.

Отыз жылдық соғыс ғасырдан бұрын реформациямен бірге басталған, өркендеп келе жатқан діни қақтығыстың шарықтау шегі болды. Ол Еуропаның орталық аймақтарында көрініс тапты, солдаттар мен қару-жарақпен қамтамасыз етуге әскери кәсіпкерлерді жалдаған князьдің бастамасымен жүзеге асты. Бірақ соғыс кәсіпкерлер арасындағы күреске жылдам айналды. Көп ұзамай олар бақылаудан шықты. Олардың құрған әскерлері Еуропаның орталық бөліктерін жайлаған өмірдің аса қажетті болып табылатын заттарын іздеу мақсатында дамыған, жыртқыштық мақсатпен құрылған әскер болды. Олар ауылдарға ауыз салды. Олар ресурстарды жалмап, аш қасқырлардың үлкен үйірі секілді кезуін жалғастырды. Ауылдар ешқандай құралсыз артта қалып кете берді. Көптеген тұрғындар жыртқыштар секілді өмір сүретін топқа қосылуға шешім қабылдады. Отыз мың адамнан тұратын әскери сарбаздар аш жалаңаш ер кісілермен, әйелдермен және балалармен екі есе көбейді, солдаттардың ұзын ырғасы осы адамдардың есебінен созылып кетті. Әскерлер мен жорыққа қосылушы адамдар мықты, алып лашықтарды құрды, олардың бағыты соғысқа емес, аман-есен өмір сүруге бағытталды.

Бұл тарау екі режим түрлерінің арасындағы шиеленісті және Атлантикада он сегізінші ғасырдың даму барысында континенталды автократияларға ықпал еткен сауда саттық жасаушы мемлекеттердің қандай жолдармен құжатталғандығын талқылайды. Бұл тарау жаңа антропологияның пайда болуы туралы пікірталастан басталады, ол пікірталас адамдар жеке құқықтары бар рационалды жаратылыстар болып табылады. Содан кейін ол осы жаңа көзқарас Ұлыбританиядағы (Юм және Смит), Франциядағы (Монтескье және Вольтер) және неміс жерлері (Фридрих II және Кант) әлеуметтік теоретик ғалымдарына қалай әсер еткендігін атап көрсетеді. Ғасырдың даму барысында олар ақыл-ой мен табиғи үйлесімділік жағдайында әлеуметтік қарым-қатынастарды жиі сипаттап отырды. Оның көріністерінің бірі – өзін-өзі реттейтін нарықтық экономика ұғымы болып табылады. Тағы бір идея егемен мемлекеттер арасындағы өзін-өзі түзетудің тепе-теңдік идеясы болды. Қазіргі заманғы баланстық билік теориялары Франция мен Ұлыбританияда он сегізінші ғасырдың екінші жартысында пайда болды. Алдымен, бұл теориялар қарапайым және механикалық болды. Бірақ, көп ұзамай Юм мен Робертсон сияқты ойшылдар атап айтқанда, Еуропадан және дипломаттар мен мемлекеттік қызметкерлердің дәйектелген өзара әрекеттесу өнімін көргендей билік теңгерімінің күрделі теорияларын дамытты. Бұл теориялар Еуропадағы радикалды публицистермен (Пэйн мен Годвин сияқты) және Америкадағы антимонархистермен сынға ұшырады. Мұнда екінші жағынан Атланттан шыққан Гамильтон және Мэдисон сияқты авторлар мемлекеттердің бейбіт федерациясының нысанында Еуропаның билік балансы саясатын бірегей америкалық балама құру арқылы құтқарып қалу жолдарын іздестірді.

## **Билікті пайдалану мен байлықты иемденудегі өзгерістер**

Людовик XIV соғыстары барысында Англияның жері керемет күшті болды, оның артықшылығы технологиялық артықшылық пен ұлы байлық және елдің теңіз күш қуаты арқылы пайда болған артықшылық еді: корольдік әскери-теңіз күштері екеуі де ағылшын сауда-саттығын қорғады және бүкіл әлемде ол қажет деп саналатын жерде елдің билігін болжады.

Билік пен беделге қарсы халықаралық күрес кезінде ұлттық теңіз флоты жаһандық сауда мен сауда-саттықтың өркендеп келе жатқан ғасырында шешуші рөл атқарды. Он сегізінші ғасыр жетілдірілген меркантилизм дәуіріне айналды, бұл меркантилистік доктриналар теориялық тұрғыдан жеткілікті дамыған және саналы түрде зерттелген Англияда болды: импортты болдырмау үшін кейбір шетелдік тауарларға тыйым салынды немесе ауыр міндеттер қойылды; отандық өндірісті дамыту үшін мемлекет коммуникацияны жетілдіруге және жеке кәсіпкерлікті ынталандыруға зор ықпал етті. Меркантилизмнің экономикалық доктринасына абсолютизмнің саяси доктринасының қатысы бар бол-



ды. Людовик XIV соғыстарынан кейін екеуі еуропалық саясатта үстемдік жүргізе бастады. Бірақ олардың арасындағы қарым-қатынас сол ғасыр барысында өзгерді. Олар бастапқыда өздерінің ілімдерін өзара колдады, соңында ішкі қарама-қайшылықтар мен өзара қарама-қайшылықтармен аяқталды.

Абсолютизм Людовик XIV ұзақ билігі кезінде белгілі эволюция арқылы дамыды (1661-1715). Континент бойынша, биліктің орталықтандырылуы ағартушылық деспотизмге қарай дамыды. Бұл эволюцияға монарх тарапынан аз ықпал етілсе де, министрлік тарапынан көбірек ықпал етілді. Жалдау және салық салу қажеттілігі арқылы корольдік бюрократия кеңейтілді. Абсолютизмнен бастап жаңа құрылымдар, сондай-ақ өндіріс, сатып алу және орналастыру үдерістері пайда бола бастады. Алдымен, бұл құрылымдар монархты бейнеледі және тәждің нұры мен билігі көрініс тапты. Көп ұзамай олар билікті өз қолына алды. Патшалардың қуатты министрлерінің қолында монархтың абсолюттік егемендігі өзінің институционалды өнімі арқылы біртіндеп алмастырылды. Абсолютистік теория діни құқық доктриналарымен толықтырылды және монархтың адамы егемендіктің қарқынды шоғырына айналды, бұл дербессіз, дерексіз және жартылай діни болып көрсетілген монархты «күн патшасы» ретінде Людовик XIV бейнеленген. Көптеген ресми жұмыстар әкімшілік корпустың даму үрдісінде атқарылды, монарх бұрынғысынан әлдеқайда номиналды лидер бола бастады. Мемлекеттің дербессіздігі бастау алды.

Меркантилизм де он сегізінші ғасырда өзгеріске ұшырады. Бұл өндірушілер мен өнеркәсіп байлығы аз дамыған аймақтарда ретке келтірілді және жетілдірілді. Бірақ, солтүстіктің ең бай өнеркәсіптік теңіз күштері арасында Атлант жағалауы, меркантилизм және абсолютизм шын мәнінде төменнен бастап құлдырай бастады. Мұнда өркендеп келе жатқан саудагер және өндірістік орта сыныптар он жетінші ғасырдың соңында абсолютизмнің тірек қағидаларына ықпал етті. Англияда, мысалы, меркантилизм халықты байытты, бірақ ол корольдіктен тыс жерлерде азаматтардың байлығының өсу қарқынын күшейтті. Бұл жаңа және тәуелсіз әлеуметтік топтар мен күштердің эволюциясының туындауына алып келді. Біріншіден, бұл елдің жер иеленуші элитасын қайта құруға түрткі болды; содан кейін ол жаңа кәсіпкерлік сыныптардың өркендеуін жандандырды.

Он сегізінші ғасыр барысында Англияның жер иеленуші дворяндары өз билігін британдық қоғамға топтастырды. Елдің жалпы жайылымдарының көбісі жеке меншік жер телімдеріне қосылды. Бұл қоршаулар жануарларды азықтандыруға байланысты халыққа тәуелді болып табылатын шағын фермерлерге зиянын тигізді; бірақ олар көптеген үкіметтік шенеуніктер жұмысқа тартылған тар жерді мекендейтін элитаның экономикалық және саяси негізін нығайтты. Англияның бай жер иеленушілері парламентке үстемдік етіп, қорғаныс актілерін қабылдады және өз мүдделерін қанағаттандыратын сыртқы саясат жүргізді. Континенттегі дворяндықтан айырмашылығы, олар патшаның байлығына немесе ықпалына тәуелді болмады және уақыт өте келе олардың мүдделеріне зиян тигізген жағдайда, өздерінің патшаларына кейде қарсылық танытты.

Қозғалыспен бірге, Британияның байланыс желілері мен сауда-саттық кеңінен кеңейтілді. Жолдар мен арналар жақсарды және ұзартылды. Көлік шығындары айтарлықтай азайды. Нарықтар көпшілік тауарлармен (азық-түлік, темір және көмір) және дайын өнімдермен (ауыл шаруашылық және өнеркәсіптік, екеуі де) кеңейтілді. Мұндай өзгерістер жаңа, аралық деңгейдегі әлеуметтік топтардың өркендеуін ынталандырды – өндірушілер, саудагерлер, қаржыгерлер, инженерлер. Олар, әдетте, Парламент-

те ұсынылмады. Бірақон сегізінші ғасырда олар саяси үдеріске қосуды талап бекітуді асқан табандылықпен талап ете бастады.

Жаңа топтар қоғамдық өмірге дербес көзқарас білдірді. Олар әркім өз тағдырының сәулетшісі бола алады деді, оларды жоғары атақ пен үлкен байлыққа ие болған адамдарды жеке таланттарының, шеберлігінің және еңбексүйгіштігінің себебінен деп санайды. Олар бұрынғы ежелгі асыл дүниенің мұрагерлік артықшылықтарына қарсы шықты, бірақ олар өздерінің мұрагерлеріне үлкен артықшылықтар беретін айқын экономикалық байлықты иелену құқығын қорғады. Олардың дәлелдері рационалды және оптимистік болды. Олар коммуникацияның жаңа арналары, әсіресе пайда болған танымал баспасөз арқылы таралды. Он сегізінші ғасырда, бұл топтар басым меркантилистік көзқарастарға қарсы тұра бастады. Олар егер ақылға қонымды жоспарларына деген барлық кедергілер жойылса, халықтың байлығын шынайы арттыруға қол жеткізуге болады деді.

Алғашында осы топтардың мүшелері сыртқы саясатты жүзеге асыру үшін патшаның айрықша құқығына араласуға әрекет жасамады. Дегенмен, көп ұзамай олар оның сыртқы саясатының шиеленістерінің салдарына қарсы наразылық білдірді. Жаулап алулар соғысты білдірді, ол қымбат болды және бизнеске кедергі келтірді. Бай топтар соғыстың зардаптарына қарсылық білдірді: ауыр салық, сауда-саттыққа араласу, өнеркәсіп, ерікті сот төрелігі және монархтың ар-ожданды бақылауы. Голландиялықтар және кейінірек ағылшындықтар қарсы болған мұндай мәселелер институттар мен абсолютизм қағидаларына қарсы ұйымдастырылды.

## **Симметрия, егемендік және ақыл-парасат**

Людовик XIV соғыстарында Англия ұлы күш ретінде пайда болды. Британдық ретінде байлық пен күш соғыстан кейінгі кезеңде мемлекетаралық істерге үстемдік етіп, сонымен қатар, британдық идеялар ағарту дәуірінде халықаралық қатынастарды зерттеуге ықпал етті.

Ғасырдың пікірі адам пікірінің билігіне деген сенімділікпен және табиғаттың тұрақтылығын негіздеумен ерекшеленді. Бұл он жетінші ғасырда пайда болды; он сегізінші ғасырда ол кеңінен таралған көрініске айналды. Ғалымдар мен философтар табиғаттағы симметрияны және жүйелілікті сақтауға ұмтылды және интеллектуалды тұрғыда ағымдық диаграммалар, таксономиялар немесе механикалық үлгілер арқылы білдіруге тырысты. Теңгерім мен симметриямен бірігу ғылымға және сол ғасырдың философиясына қосқан үлесімен біріктірілді. Оның ең танымал өкілдігі – ғалам туралы Исаак Ньютонның көзқарасы; оның *«Табиғи философиясының математикалық қағидалары»* 1687 жылы жазылған еңбегі кеңістікте қайталанған қозғалыс көрінісін тамаша білдірді. Ньютонның тәртіпті әлемі Джон Локктың (1632-1704) реттелген психологиясымен жақсы таныс болды; 1690 жылы жазылған *«Адамның түсінігі туралы эссе»* адамның ақыл-ойын физикалық әлемнің тәжірибесі ретінде бейнелеген. Локк білімнің жаңа философиясы туралы көзқарасын білдірді. Ол Декарттың туа біткен идеяларына қарсы тұруына әсер ететін теориясын ұсынды. Ол, сонымен қатар, субъективті білімнің бар екендігін атап көрсетті, өйткені ол адамның қабылдауына қатысты болды.

Он сегізінші ғасырдың ортасында Локктың дәлелдері Ньютон физикасына эпистемологиялық серіктес ретінде қарапайым құбылыс болды. Адамның табиғатқа деген көзқарасы үшін Ньютон не жасаса, Джон Локк оны адамзаттың көзқарасы

үшін жасады. Ньютон және Локк, ақыл-парасатқа сүйенген сеніммен, заңға сүйенген әлемнің көзқарастары мен табиғатқа деген механикалық көзқарасы, білімге деген эмпирикалық көзқарастың негізін қамтамасыз етті. Локк Солтүстік Атлантикадағы сауда мемлекеттерінің қалыптасқан орта сыныптарында пайда болған танымал егемендік доктринасының негізін қалады. Британдық идеялар Франциядағы саяси теорияға үлкен әсерін тигізді – Вольтердің танымал түсіндірулерімен айтарлықтай орталықтандырылды (1980, 68 б.).

Бұл саясаттың жаңа доктринасының ең танымал көрінісі Локктың *«Үкіметтің екі трактаты»* (1960 [1689]) болды. Алғашқы тақырып оның атауынан айқын: *«Сэр Роберт Фильмердің және оның ізбасарларының жалған қағидалары мен негізі» анықталды және жойылды.* Оның мақсаты «князьдерді абсолютті билікке иелік етуге діни тұрғыдан құқылы» деген «жалған қағиданы» жоққа шығару болды (Локк, 1960, 176 б.).

Екінші трактаттың мақсаты патшалардың діни құқығына баламалы қағида қалыптастыру болды. Ол «Азаматтық қоғамның шынайы түпнұсқалары, дәрежелері және аяқталуы туралы эссе» деп аталды және Гоббстың табиғат жағдайын біршама жұмсартады. Гоббс табиғаттың жай-күйін нашар жағдай деп сипаттаса, Локк оны бақытты деп санайды. Бұл бақыттың басты себебі – Локктың адамзатқа қатысты сипаттамасы, оларды басқаруға жаратылған табиғаттың құдайдың заңы бар саналы жаратылыстар ретінде адамзатты сипаттайды. Локктың табиғат жағдайы барлық адамдарға табиғат құқықтарын беретін табиғат заңымен реттеледі: өмірге, бостандыққа және мүлікке құқық береді. Адамдар рационалды болғандықтан, олардың көпшілігі табиғат заңына мойынсұнады, - деп айтады Локк. Олар өздерінің табиғат құқықтарына риза болады және өз әріптестерінің құқықтарын бұзбайды. Көптеген адамдар ақыл-парасатқа жүгінеді. Дегенмен, әрқашан осындай адамдар бар болып табылмайды. Кейбір адамдар табиғат заңын елеусіз қалдырып, басқа адамдардың құқықтарын біле бастады. Олар басқа адамдардың мүлкін ұрлап, өз бостандығын құлдықта ұстап және өз өмірлерін құртуда болып табылады.

Локктың табиғат жағдайы Гоббстың «ұзақ уақытқа созылған соғыс» сценариимен салыстырғанда жақсы көрінеді<sup>1</sup>. Дегенмен, Локктың табиғат жағдайы жанжал мен соғыс элементтерінен тұрады. Өздерінің әріптестерінің құқықтарын бұзатын бірнеше адамның бар болуы өзін-өзі қорғау қажеттілігін Локктың зерттеуіне апарды. Оның ішінде, Локктың пікірінше, кез келген адам өзінің табиғи құқықтарын табиғат жағдайында қорғауға құқылы. Локктың негізгі идеясы Крюс секілді (1972, 29 б.). Бірақ, табиғаттың жаңа ұғымы және табиғи құқықтардың жаңа тұжырымдамасы көне болып табылатын дәлелді едәуір жақсартты: өзгелердің табиғи құқықтарын бұзатын адам өзінің табиғи құқықтарын жоғалтады. Ұрлық, құлдық немесе кісі өлтіру әрекеттерін жасау арқылы адамдар ақыл-парасат пен заңдылықтан тыс қалады. Олар өздерін заңсыздыққа итермелейді және заңсыз болып табылады. Олар басқа адамдарға соғыс жариялайды және кез келген адам оларды қудалауға және жазалауға құқылы. Шынында да, кез келген адам аң аулайтындығы секілді, қасқырды немесе арыстанды аулап, жоятындай аң аулауға және жоюға да құқылы: «себебі, мұндай адамдарға ортақ болып табылатын ақыл-парасат заңымен ортақ байланыс жоқ, ешқандай ереже жоқ, бірақ күш пен зорлық-зомбылық туралы айтар болсақ, онда «жыртқыш аңдар» ретінде қарастыруға болады (Локк, 1960, 321 б.).

Табиғат жағдайындағы негізгі мәселе, өз құқықтарын бұзған адамдар кек алу барысында адалдығы және бейтараптығы сирек болып табылады. Мәселен, адамның күші

жойылып кетуіне жол бермеу үшін адамдар барлық адамдардың табиғи құқықтарын сақтауды қамтамасыз ету үшін үкіметті құруға келіседі. Табиғат жағдайында орын алған қақтығыстар мен соғыстар рационалды адамдарды үкімет құруға бағыттайды.

Локк табиғаттың жағдайын толық түсінді ме? Бұл кез-келген нақты әлеуметтік жағдайға сәйкес болды ма? Локктың талқылауы бұл тұрғыдан аздап түсініксіз. Дегенмен, оның «*Екінші Трактатында*» оның екі сұраққа оң жауап беретінін дәлелдеу үшін жеткілікті дәлел бар. Ең алдымен, ол (2-тарауда) табиғаттың жағдайы адамзаттың өткеніндегі нақты жағдайды сипаттайды. Екіншіден, ол қазіргі әлемдегі табиғат жағдайы екі жерде бар деп мәлімдейді: басқа жерлерде (мысалы, Америкадағы жергілікті тұрғындар) және «Бүкіл әлемдегі тәуелсіз үкіметтің князьдері мен билеушілері» (Локк, 1960, 317 б.). Дегенмен, ол осы мәселені нақтыламайды.

Локк әлемнің егемен мемлекеттері арасында табиғаттың бар екендігін мойындайды (және олардың арасындағы ынтымақтастық пен ел ішіндегі саясат арасында айтарлықтай айырмашылық бар)<sup>2</sup>. Дегенмен ол осы ұқсастық аясындағы халықаралық қатынастарды ешқашан өзекті етіп талқыламайды. Бірақ он сегізінші ғасырда басқа авторлар жиі жасады. 1739 жылы Жан Барбейрактың «*L'histoire des anciens traites*» Локктың құқық туралы доктринасына қатты әсер етті. Христиан Вольфтің «*Jus gentium*» («Ұлттар заңы», 1749) Локктың халықаралық қатынастар туралы идеяларын қолданды. Бірақ, Вольфтың швейцариялық талантты шәкірті, халықаралық қатынастардағы Локкқа ықпалды талдау жасап, ең көп жазған Эмерик де Ваттель (1714-67) болды: ол «*Droit des gens*» («Ұлттар заңы» [1758]) еңбегін жазды.

Ваттель табиғат жағдайындағы адамзат туралы Локктың сипаттамасына ұқсас мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасты бейнелейді. Ол әрбір мемлекет егеменді актор екендігін мойындады, бірақ ол мемлекетаралық қарым-қатынастар бәріне қарсы мәңгілік соғыс туралы Гоббстың сценарийі демонстрациялайтындығына әлі де болса сенбеді. Ваттельдің талдауында мемлекетаралық қатынастар барлық мемлекеттерді бір-бірінің құқықтарын құрметтеуге міндеттейтін табиғи заңмен реттеледі. «Бұл міндетті болып табылатын міндеттемеден, әрбір мемлекеттің оның қандай да бір құқықтарына немесе оған заңды түрде тиесілі нәрсесіне тыйым салуға құқығы жоқ» деп Ваттель өзінің II кітабы «*Droit des Gens*» жазады (1863, 160 б.). Бұл құқық – фундаменталды; «ол оны бекіту үшін күшті пайдалану құқығымен бірге жүреді». Осы құқықтан екі салдар пайда болады: «біріншіден, әрбір ұлтқа тиесілі әділ қорғаныс құқығы немесе оған қарсы шабуыл жасаған кез келген адамға қарсы күш қолдану құқығы. Бұл қорғаныс соғысының негізі болып табылады. Екіншіден, әділдікке қол жеткізу құқығын, біз оны өзгеше жолмен ала алмаған жағдайда немесе қару-жарақпен біздің құқығымызды қорғауға ұмтыламыз. Бұл шабуыл жасау соғысының негізі болып табылады» (161 б.).

Ваттель мемлекеттердің қорғаныстық соғысқа табиғи құқығы бар екендігі туралы атап көрсету арқылы ежелгі ұсыныстарын қайталайды, егер бір мемлекет басқа мемлекеттің құқықтарын бұзуы қажет болса, онда келесі мемлекет қарулы күштердің көмегімен өзін-өзі қорғай алады дейді. Сонымен қатар, ол белгілі бір жағдайларда мемлекеттер шабуылға қарсы соғысқа қарама-қарсы әрекет жасауға құқылы екендігі туралы көне дәлелді қайталайды. Бірақ, ол осы «ежелгі соғыс» дәйектемесін маңызды (Локк) тұжырымдамасынан келтірді. Өзгелердің құқықтарын әдейі бұза отырып, шабуылдаушы мемлекет өз құқықтарын жоғалтады. «Әділеттілікті аяқ асты» ете отырып, шабуылдаушы мемлекет өзін табиғи құқықтан тыс жағдайда қалдырады. Мұндай жағдайларда Ваттель кезкелген мемлекет құқық бұзушы адамды қудалап, жазалауы мүмкін деп түсіндіреді.

Сонан соң ол ұжымдық қауіпсіздік идеясын ерте тұжырымдаудан кем емес болып табылатын дәлелмен дәйектейді:

«егер әділеттілікті аяқ асты етумен ашықтан ашық айналысатын адамдар бар болса, онда адамзат қоғамының мүдделері қылмыскерлерді мойындату және жазалау үшін конфедерацияны құруға барлық басқа ұлттарға рұқсат беруі керек. Оның әрекеті арқылы сол ұлттың қаскөйлікпен әрекет ете алатынын дәлелдейді, егер ол құқықты қасиетті деп есептесе, адамзаттың қауіпсіздігі оны репрессияға ұшыратуды талап етеді. Әділетсіз болжамды қалыптастыру және қолдау, наразылық мүдделерге ықпал ету арқылы партияға зиян келтіреді; бірақ, әділеттіліктің болғандығын ұнатпау және қаламау барлық ұлттарға зиян келтіреді» (161 б.).

## **Мемлекетаралық қатынастар спекуляциясы – ұлттық ерекшеліктер**

Он сегізінші ғасырдағы халықаралық қатынастардың негізгі бірлігі біртұтас, аймақтық мемлекет болды. Мемлекеттердің мүдделері, мүмкіндіктері мен билігі Ньютон физикасында жылдамдықтың, массаның және ауырлықтың ұғымдары ретінде халықаралық қатынастар спекуляциясында маңызды рөл атқарады. Мемлекеттер арасында теңдестірілген табиғи тепе-теңдік тұжырымдамасы тең болып табылмайтын мүмкіндіктердің он сегізінші ғасырлардағы халықаралық қатынастар теорияларының негізін қамтамасыз етті. Бұл идея сол дәуірдің билік теориясының теориясында бар болып табылады. Ол, сондай-ақ, ғасырдың халықаралық экономикасы теорияларында да байқалады, көпшілігі сауда балансы тақырыбындағы өзгерістер болды.

Саяси және экономикалық спекуляциялар билік пен байлық белгіленген мөлшерде бар дейтін механикалық болжамға негізделген: бір елдің үлесі ұлғайған кезде, басқа елдер тиісті шығынға ұшырайды. Ньютондық механика және тепе-теңдік тақырыптары сол ғасырда басым болды және талдаудың жаңа деңгейіне дейін кеңейді. Эмпирикалық бағдарлау оның механикалық логикасы, сараңдыққа деген сұранысы, тепе-теңдіктің көрінісі және оның мағынасын қабылдаудың дербес теориясы көп ұзамай ішкі және халықаралық саясатта қолданыс тапты. Мемлекеттер арасындағы экономикалық қатынастардан мемлекеттер арасындағы саяси қарым-қатынастардан бастап кеңейтілгендей, жаңа дәлелдер көне, үстем билік балансындағы модельді әлсірету нәтижесінде пайда болады. Бұл даму британдық әлеуметтік теориялардың арасында айқын көрінеді.

### *Британдық теориялар: айқындық және баланс*

Людовик XIV-ке қарсы күресте голландтық ханзада Уильям Оранский қорғаныш пен баланстың дәлелдерін жасады. 1689 жылы Англия королі болған кезде тепе-теңдік туралы мәселелер британдық топтарда да талқыланды. 1700 жылға таман Тори парламентінің депутаты Чарльз Давенант «сауданың тепе-теңдігі» және «билік теңгерімі» туралы туралы эссе жазды (Давенант 1701). Даниэль Дефо (1660-1731) де осылай жасады.

Дефо өз шығармашылығымен танымал болса да, ол, сонымен қатар, бизнесмен және өзінің «*Review*» (*Шолу*) деп аталатын журналында әлемдік саясаттағы түсіндірмелерді тұрақты түрде жариялаған ақылды саяси эссе жазушы болды (Roosen, 1986). 1709 жылы ол билік балансы терминдерінде Людовик XIV қарсы соғысты талқылады. Ол биліктің тепе-теңдігі «әлемде біз көп нәрсе жасадық» деген сөздің мағынасын берсе де, «азғана түсінікті» болған еді (Дефо 1938, 263 б.). Кейінірек ол өз «*Review*» (*Шолу*) деп

аталатын журналының көп беттерін еуропалық тепе-теңдікке арнады, бірақ оның негізгі қағидаларын сенімді түрде түсіндіре алмайды.

Людовик XIV соңында 1713 жылы жеңіліске жол бергенде, тепе-теңдік ұғымы бейбіт келіссөздерде маңызды мәселе болды және сонымен қатар, жаңа еуропалық тәртіп билік тепе-теңдігіне негізделгендігін көрсететін Утрехт келісімінің бейбітшілік шартында көрініс тапты. Генри Сент-Джон (кейінірек Виконт Болингброк, 1678-1751 жж.) королева Аннаның басшылығымен Утрехт бейбітшілігінің әскери хатшысы және бас сәулетшісі болды. Ол зейнеткерлікке шыққан кезде *«Зерттеу туралы хаттар және тарихтың қолданылуы»* [1738] атты еңбек жазды, онда ол тепе-теңдік ұғымдары еуропалық талқылауларға араласады деді. Бірақ ол Дефо сияқты тепе-теңдік ұғымын ұқыпты түрде қабылдады; ол теңдестірілген билік балансы қағидасының жұмысын есепке алуға тырыспады.

Халықаралық істер туралы Ньютондық баланс қағидасының ең танымал қосымшаларының бірін Дэвид Юм (1711-76) және Адам Смит (1723-90) жасады. «Билік балансы» туралы эсседе [1752] Юм Ньютонның мемлекетаралық істерге байланысты тепе-теңдік ұғымын қолданды. Оның *«Англияның тарихы»* [1754-62] ағылшын монархтарының континенталдық державалармен қарым-қатынасында билік балансының саясатқа қалай негізделгеніне байланысты сілтеме жасайды. Оның экономикалық эссесінде, мысалы, «Сауда балансы», Юм халықаралық сауда мәселелеріне тепе-теңдік ұғымын қолданды. Юмның пікірталастары оның жақсы досы Адам Смитке әсер етті, ол Юмның көзқарасын өзінің ықпалды *«Ұлттар байлығы»* кітабында дамытты [1776].

Томас Пэйн (1737-1809) және Уильям Годвин (1756–1836) секілді ағылшын радикалдары түрліше болуды қалады. Олар биліктің тепе-теңдік ұғымын сынға алды. Олардың жазбалары кеңінен таралды және өте ықпалды болды. Олардың көптеген эсселері, брошюралары, фельетондары, ескертулері мен хаттары соғыс, байлық, бейбітшілік және билікті талқылады және олардың түрлі көзқарастағы пікірталастары сол дәуірдің бекітілген көзқарастарынан ерекшеленген әлемдік істердің прогрессивті көзқарастарына қосылады. Пэйн де, Годвин де авторлар халықаралық тәртіп пен тұрақтылыққа кепілдік ретінде қарастырған билік балансы қағидасына ешқандай сенім артқан жоқ. Пэйн (1908а) корольдік маневрлар «дуэль рухын» халықаралық деңгейге кеңейтуден гөрі одан әлдеқайда аз қол жеткізгендігі туралы айтты. Годвин кез келген субстанция мемлекетаралық баланс тұжырымдамасының соңында болатындығына күмәнмен қарады: «Билік тепе-теңдігі көптеген жағдайларда соттардың шиеленісі үшін жабық болды» (Годвин, 1985, 516 б.).

Пэйн мен Годвин халықаралық саясатты көбінесе патшалардың қызметі ретінде көрді. Олар, сондай-ақ, корольдік іс-қимылдарды халықаралық қақтығыстың және соғыстың басты себебі ретінде көрді. Олар корольдік соттар әрқашан «ақылсыз, зұлым және бұрыс адамдарға есігін айқара ашты» деп мәлімдеді. Патшалар өздерінің сарайын жағымпаз министрлер мен хатшылармен қоршап алған – оларды «ерікті жезөкшелер» деп атады Годвин (1985, 435 б.). Корольдің айналасындағы мүше болып табылатын адамдар өздеріне және шетелдік бәсекелестерге қарсы алдау және билік ойындарын ойнайды. Олар бүкіл әлем үшін әділетсіздікті, қақтығыстар мен соғыстарды жасайды. Еуропаның патшалары «табиғат жағдайындағы дербес адамдарға ұқсайды» деп «Райнал аббаттығына жазған хатында» жазды Пэйн (1908, 236 б., Кэйн, 1996, 230 б.). Егер адамдар бұл қайғылы жағдайды өзгертуге және мемлекеттер арасындағы бейбіт қатынастарды орнатуға үміттенетін болса, онда жемқор болып табылатын корольдік соттар Еуропа мемлекеттерінен жойылуы тиіс және демократиялық басқару жүйелерімен алмастырылуы керек (Пэйн, 1969, 183 б.).

«Еуропаның барлық үкіметтері өкілдік жүйеде құрылатын болса, халықтар бір-бірімен таныс болады және соттардың шиеленісі мен шеберлігімен туындаған қарсылықтар мен жалған сенім тоқтатылады», - деді Пейн (1995, 321 б.). Ол әлеуметтік айқындық пен ашық ұсыныс барлық мәселелер бойынша демократияда өте маңызды, - дейді ол. Пэйн және Годвин басқа ұстанымға келісті: монархтар және аристократтар жаратылысынан агрессивті және әскери болғандықтан, демократтар, бейбіт болып табылады. Осылайша, халықаралық жанжалдар мен соғыс мәселелерін шешу үшін алдымен әлемнің көптеген қабілетсіз, өзін-өзі танумен айналысатын және менменшіл монархтарынан билікті алып, олардың орнына демократиялық мемлекеттерді орнықтыру керек. Бір жағынан, саудасаттық халық арасында бейбіт қарым-қатынас орнатуға көмектеседі: біріншіден, сауда шетел жерлері мен халықтардың арасындағы түсіністікті арттырады және екіншіден, халықаралық тұрғыдан ұлғаяушы құндылық ретінде, оларды бұзуы мүмкін соғыстарды болдырмауға ынталандырады (Пейн, 1969, 233 б.). Екінші жағынан, саяси және экономикалық мәселелерде ашық ұсыныс қарапайым адамдарға соғыс ашудан ешнәрсе жоқ екендігін немесе азғана нәрсеге ие болатындығын түсіндіреді. Патшалар мен сарбаздар соғыстың керемет әрі пайдалы іс екеніне сенуі мүмкін; дегенмен қарапайым адамдар соғыстардың өлімге және жойылуға апаратындығын біледі, ең соңында олар өздерінің қан мен салықтар бойынша құнын төлеуге мәжбүр болады, сондықтан олар оны болдырмауға тырысады (Кэйн, 1996, 296 б.). Годвин «соғыс кез келген халықтың сипаты бойынша пропорционалды тұрғыдан алғанда жат болып табылады, себебі олардың демократиясы қарапайым және қоспасыз болып келеді», - деген пікірмен келіседі (Годвин, 1985, 507 б.).

### *Француз теоретиктері – механикалық тепе-теңдік*

Ағартушы Еуропаның көптеген тамаша теоретиктері ғасырдың халықаралық қатынастар теориясын ұсынуда жазушы үшін таңдау қиын болып табылатындығын айтады. Тіпті, «он сегізінші ғасырдың дауысы» болып табылатын авторлардың ең қысқа тізімінің өзі Уильям Годвинді қамтуы тиіс. Ол сол ғасырдың ықпалды ойшылдарының бірі болған. Бірақ Годвин алыптар төбесінен қарап тұрды. Оның кейіпкерлерінің көпшілігі француздар болды. Франция да практикалық саясатқа теңгерімді билік балансы теориясын қолданды. Ол Людовик XIV «*Дофин нұсқауларына арналған естеліктерінде*» [1668], Франсуа де Кайерес (1645-1717) «*Дипломатия өнері*» туралы әйгілі мәтінінде [1716] және Аббе де Майлдың *Еуропадағы қоғамдық құқығында* [1747] және т.б. арасында нақты көрініс тапты. Оны Франсуа Фенелон (1815, 766 б.) нақты бағалайды, ол мұны табиғи құқық қағидаларына негіздеуге ұмтылды. Оны Барон Монтескье (1689-1755) және тұрақтылықты қару-жарақ құны есебінен сатып алудан қорқатын басқа біреулер сынады – бір патша өзінің әскери күштерін бейбітшілік пен тұрақтылық үшін күшейте бастағаннан кейін, «басқалар кенеттен ұлғаяды, осылайша ештеңеге де қол жеткізілмейді, бірақ халықтың жойылуына қол жеткізіледі» (Монтескье, 1990, 224 б.).

Монтескье ағартушылықтың саяси теориясына зор үлес қосты және механика мен оның дәуірін айқындаған тепе – теңдіктің қосарланған тақырыптары оның «*Заңдылықтар рухы*» деп аталатын танымал еңбегінде көрініс табады (1990) [1748]. Дегенмен, Монтескье халықаралық саясатты нақты қарастырмайды, ол халықаралық қатынастарды зерттеуге қосқан үлесі аса зор. Біріншіден, басқа авторлар оның жалпы дәлелдерін мемлекетаралық қарым-қатынастарды талдау барысында қолдану мүмкіндігін

пайдаланды. Антуан Пеке бұл тұрғыдан маңызды мәселе болып табылады. Оның «*Саяси максимумдер рухы*» [1757] Монтескьенің танымал туындысына дейінгі халықаралық саясаттағы қабылданған талдаулардың бірі болып саналды. Дегенмен Пекеге осы соңғы амбициядан қалып бара жатқандығына қарамастан, ол «Еуропаның тепе-теңдігі» туралы керемет әңгіме қозғайды – Пекенің 1757 жылғы кітабының 12-тарауы (191-207 б.), мысалы, ағылшын тілінде жазылған ең жақсы талдаулардың кез келгеніне қарама-қарсы салыстырмалы тұрғыдан қарастыруға болады.

Сондай-ақ, Монтескье халықаралық мәселелердің және заң, үкімет, экономика, тарих және т.б. зерттеудің арасындағы өзара жиі байланысын анықтады. Мұндай байланыстың бірі оның соғыс режимінің түрімен байланысты екендігі туралы мәлімдейді. «Монархияның рухы – соғыс пен кеңею болып табылады; республикалардың рухы – бейбітшілік пен бейтараптылық», деп жазады Монтескье (1990, 132 б.). Оның пайымдауынша, монархиялар өз жаратылысы бойынша жаулап алуға тырысады. Республикалар, екінші жағынан, өздерін қорғаумен айналысады. Егер республикалар кішкентай болса, Монтескье жалғастырады, олар өздерін одақсыз қорғай алмайды және монархия экспансионист болғандықтан, кішігірім республикалар басқа республикалармен одақтар арқылы қорғаныс табуға ұмтылуы керек (1990, 60 б.). Бұл пікірталас сызығы кейінірек басқалармен жетілдірілуі мүмкін: жан-жақты дамыған мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастардан бейбіт халықаралық қоғамдастық құрылуы мүмкін.

Монтескье республикалар, бейбітшілік және сауда арасындағы өзара әрекетті байланыс арқылы байланыстырады. «Сауданың табиғи әсері бейбітшілікке жол ашады», ол бір ретінде солай деп айтады (338 б.). «Бір-бірімен сауда жасайтын екі ел өзара тәуелді болуы мүмкін», – деп жалғастырады. Бұл талаптың негізі болып табылатын логика, сауда-саттыққа қатысы бар адамдарға ағартушылық әсер етеді. Сауда-саттық білімді таратады. Ол басқа халықтардың әдет-ғұрыптары мен мінез-құлқын терең түсінеді. Бұл түсінушілікті арттырады және басқалардың қорқынышын азайтады. «Сауда барлық жерде барлық халықтардың әдет-ғұрыптары туралы білімнің таралуына себеп болды, олар бір-бірімен салыстырылады және нәтижесінде жақсы нәрселер пайда болады». Сауда-саттық «деструктивті жалған нанымды» таратумен қатар толеранттылықты да дамытады және бұл бейбіт халықаралық қатынастардың болуын арттырады<sup>3</sup>.

Үшінші байланыста Монтескье монархиядан және соғыстан құлдыққа және отаршылдыққа апаратынын атап көрсетеді. Оның айтуынша, Еуропадағы кеңейту және жаулап алу монархиясындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ізденістер Еуропадан тыс әлемге де байланысты. Ол испандықтардың Америкаға қалай келгендігін, жергілікті тұрғындарға соғыс жариялағандығын және оларды құлдыққа алғандығын атап өтеді. Ол сондай-ақ, еуропалықтар отандық американдықтарды жойып, жерді тазартып, плантациялар орнатып, Еуропаны қантпен қамтамасыз ету үшін Африкадан жаңа құлдар тапқандығын да айтып өтеді (250 б.).

Монтескьенің саяси пікірталастарынан табылған шеберлер мен құлдар арасындағы айырмашылық солтүстік пен оңтүстік халықтар арасындағы экономикалық айырмашылықтарға байланысты қатар дамыды: солтүстік халықтар «өмірде көптеген қажеттіліктері бар болды және аздаған жайлылыққа ие болды», ал оңтүстіктегі адамдар «өмірдің барлық жайлылықтары мен азғана қажеттіліктеріне ғана ие болды». Солтүстіктің халықтарына «барлығы жетіспей қалуы және варварға айналуы» мүмкін болғандықтан, көбірек жұмыс жасауы қажет, оңтүстік халықтары, керісінше, жалқау өмірді дамытты, – деп пайымдайды Монтескье (1990, 355 б.). Өнеркәсіптегі бұл



айырмашылықтар саяси салдарға ие, оңтүстік кедей және әлсіз болып қала береді және солтүстікте орналасқан елдердің кәсіпкерлерінің ықпалына оңайырақ түседі. Монтескье кең тұрғыдан макро-тарихи дәйектермен қорытындылайды: «оңтүстіктегі халықтар арасында табиғи қызмет көрсету – олар оны байлығы болмаса да оңай жасай алады, тіпті олар оны еркіндіксіз де жақсы жасауы мүмкін. Бірақ солтүстікте тұратын халықтарға бостандық қажет, бұл оларға табиғат берген барлық қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Сондықтан, солтүстіктегі халықтар, мәжбүрлік жағдайында олар еркін немесе варварлар болмағанға дейін бар болып табылады, барлық дерлік оңтүстік халықтары, қатал зорлық-зомбылық жағдайында олар құл болмағанға дейін бар болып табылады» (1990, 355 б.).

Монтескьенің көптеген идеялары ғасырдың қалған бөлігіндегі халықаралық саясатты француздық талқылаулар арқылы көрініс тапты<sup>4</sup>. Монархия соғыспен байланыстырған идея революциялық болды: егер монархтар соғыс жасаса, онда монархияны демократиялық республикалармен ауыстыру арқылы бейбітшілікке қол жеткізуге болады. Вольтер (1694 –1778 жж.) дәлелдің революциялық салдарларын өте айқын жасады. Оған қоса, адамзаттың арасында нашар нәрсе болып табылатын соғыс, эпидемия мен ашаршылық бар және оларды «князьдер мен министрлердің есімімен жер шарының үстіне шашырап кеткен үш жүз немесе төрт жүз адамның қиялында» болғандығы үшін кінәлайды. Вольтер сол кездегі патшалық пен патриоттық монархтардың риторикасын жояды және он сегізінші ғасырдағы соғыстар ашылады: олар әйгілі қақтығыстар (Вольтер, 1967). Вольтердің халықаралық саясатқа қатысты пікірталастары оның өнімді өндірісінің кішкентай ғана бөлігі болып табылады. Бірақ оның соғыстағы және бейбітшілікке қатысты көзқарастарында қатаңдық және қателік жоқ және де ол Монтескьенің революциялық дәлелдерімен реверберацияланады.

*Шексіз биліктегі (жоғарғы биліктің тежеусіз, шексіз бір адамның қолында болатын басқару нысаны) және демократиялық бейбітшіліктегі жауынгерлік*

Францияда Монтескьенің ықпалы басым болды. Ол Аристотель мен Ренессанс сияқты классикалық ойшылдардан бастау алған Макиавелли сынды республикалық дәстүр бойынша жазды. Бұл дәстүр ұзақ уақыт бойы Ұлыбританияда анти-монархиялық және революциялық дәлелдерге негіз болды. Уильям Годвин мен Томас Пэйн секілді атлантикалық радикалдар оның магистралында жаңа бөлімді орнатты. Біріншіден, олар танымал егемендікке негізделген үкіметтерді талқылаған кезде «республиканың» көне ұғымын сақтаған континенталды ойшылдардың дағдысынан бас тартты: Пэйн мен Годвин оның орнына радикалды және революциялық «демократия» терминін көп қолдана бастады. Олар демократиялардың жауынгершіл, әскери монархиядан айырмашылығы бейбіт мемлекеттер болды деп айтты.

Уильям Годвин басқа жағынан ерекшеленді. Ол халықаралық аренаны байқады және танымал егемендік өлшемімен айналысқан мемлекеттер монархияға қарағанда жауынгершілігі аз екендігін атап айтты. Ол бұл ескертуді мұқият қарастырып, Пэйн әлдеқашан болжаған дәлелге қорытынды жасады (Пэйн, 1908, 219 б., 1969, 174 б.), атап айтқанда, демократиялық мемлекеттер демократиялық емес елдермен тұрақты түрде қақтығысатындықтан, тәжірибеде демократияның бейбітшілік сипатын тікелей байқау қиын болады. Демек, демократиялық мемлекеттер ортақ шекара бөлетін жағдайларда демократиялық елдердің бейбітшілік сипаты айқын болады. Осы қарапайым байқаудан,

Годвин екі маңызды нәтиже алды. Біріншіден, демократияның бейбітшілік сипатын тек қана демократиялық елдердің бір-біріне қатысты әрекетінен байқауға болады<sup>5</sup>. Екіншіден, әлемдегі бірнеше іргелес демократиялық аймақтар халықаралық қоғамдастықтағы бейбітшілік аймағы болып табылады.

### *Неміс теоретиктері - идеалистер мен ұйымдастырушылар*

Британия мен Францияда ағартушылық теориялар әлеуметтік төңкерістерді туындатты. Германияда олар күрделі спекуляциялардың туындауына әкеліп соқты. Ағартушылықтың негізгі идеяларының бастауы Германияда ешқашан болмаған, олар талқыланды, бірақ әлеуметтік-саяси кеңістікте талқыланды. Германия жүздеген кішігірім мемлекеттер мен князьдықтарға бөлінді. Сонымен қатар, темір шоқпарлы ұлы Фредерик басқаратын Пруссиядан басқа, Париж немесе Лондон секілді қалаларда орталық үкімет жоқ, орта тап шағын және әлсіз болды, саяси реформалардың болуы мүмкін емес еді. Британдықтар әлеуметтік өзгерістерге қатысты саяси бағдарламаларды және практикалық қатаң талаптарды ағартушылық идеялардан алды. Немістер абстрактілі және әмбебаптық (немесе космополитандық) идеяларды ағартушылықтан алды. Олар тек қана рухтың ағартушысы болды.

Неміс халықаралық қатынастар теориясы күрделі қосарлылықты көрсетеді: талқылаулар абстрактілі идеалистік немесе аса практикалық болды. Бұл қосарлылық Пруссияның мұрагер ханзадасы Фредерик (кейінірек Фредерик II) жазған кішкентай ғана Анти-Макиавелли (1981 [1740]) кітабында көрініс тапты. Мемлекетті епті басқарудың осы бір кішкентай көлемінде, Фредерик ағартушылықтың негізгі билік орындарына Макиавеллидің «Ханзадасында» баяндалған қауіпті доктриналарды жоққа шығаруға мәжбүр етеді. Бір жағынан, Анти-Макиавелли қызықтыратын қарапайым кітап; оның мақсатты хабары айқын және оның құрамы қарапайым. «Мен оны жойып жіберетін осы құбыжыққа қарсы адамзатты қорғай аламын», – деп жазады жас мұрагер ханзада. «Мен ақыл мен әділдікті заңсыздыққа және қылмысқа қарсы қоюға батылым жетеді және мен әрбір тараудан кейін Макиавеллидің «Ханзадасы» туралы ой-пікірлеріме қол жеткіздім, сол себепті у қайтаратын нәрсені удың қасынан табуға болады» (Фредерик II, 1981, 31 б.).

Басқа жағынан Анти-Макиавеллидің ағартушылығы мемлекет қайраткерлеріне қиындық тудырған қайшылықтардың күрделі және жұмбақ артикуляциясы болып табылады. Ағарту теориялары арасындағы дилеммада (бірақ, оны ол қабылдамауы да мүмкін) және өзі ұнатпайтын Макиавеллидің тәжірибесі арасында автор пайда болады (бірақ, ол оны әлі толық түсінбеуі мүмкін). Ең соңында, ол «өзі ұнатпайтын адамды табуға тырысқан жандарға қарағанда, әлдеқайда көп қарама-қайшылықтарға келіп, Макиавелли мен өзінің арасындағы ұқсастығын мүлде ескермейді» (Соннино, 1981, 15 бет). Фредерик өзінің трактатын Вольтердің қолдауымен 1740 жылы жазды, ал Вольтердің ағартушылық идеалдары оның трактатының беттерінде өте көп деңгейде берілді.

Айта кету керек, Фредерик пруссиялық таққа 1740 жылы отырған кезде, ең орталықтандырылған мемлекеттердің бірін және Еуропадағы ең тәртіпті әскерлердің бірін иеленіп, басқа жағынан көрінді. Князь Фредерик II ағартушы монарх болды, ол цензураға, дінге және азаптауға қатысты заңдарды қалпына келтірді. Бірақ, ол ағартушы монарх қана болған жоқ. Ол абсолютті билеуші болды және көп ұзамай сол ғасырдағы ең көреген, сонымен қатар, қара ниеттегі князьдердің бірі болды. Ол Еуропаны екі

онжылдықтың ішінде шиеленістіріп жіберді, саяси шиеленісті керемет ойластырылған страатагемалар арқылы қолданды және Пруссияның аймақтарын кеңейтті. Ресми түрде таққа отырған ханзада Фредерик «ұлы» король Фредерик болды, он сегізінші ғасырда Пруссияны Еуропаның жетекші әскери билігі етті, бұл Германияның бірігуіне жол ашадy және Еуропаның дәстүрлі билік балансын алғашқы ірі соққыға айналдырды (Айрас, 1978, 14 бет). Ол қайтадан мемлекеттік аппарат туралы кітабын жазуға уақыт тапқан кезде, оған Пруссия королінің генералдарына арналған әскери нұсқаулықтарына құқық берілді. Бұл аз көлем – қару-жарақты қолдану, жылқыларды үйрету және әскерлерді ұйымдастыру туралы ақпаратпен толықтырылған, мәні жағынан Макиавеллидің соғыс өнеріне ұқсас. Дегенмен, 1768 жылғы Фредерик саясаткерлерінің өсиеті, Ханзадаға ұқсас. «Сыртқы саясат анықтамалығы» ретінде арналған осы кішігірім кітап Фредериктің мұрагері үшін келесі сөздермен басталады: «халықаралық саясатта сізде бір ғана халыққа ерекше құмарлық болмауы немесе басқа халыққа жеккөрініш болмауы керек. Сіз мемлекеттің мүдделерін шексіз қадағалап, Пруссияның мүдделеріне сәйкес келетін жандардың билік мүдделеріне сәйкес бірге болуға тиіссіз» (Луард, 1992, 162 б.). Содан кейін ол Пруссияның еуропалық саясаттағы ұстанымын талқылауға кіріседі, ол өзіне деген Макиавелли мен Гиччиардинидің ең үлкен таңданысын тудырған еді:

«Ең үлкен қателік – біздің тағдырымызға патшалар мен министрлердің қызығушылық танытатындығына сену. Бұл адамдар тек өздерін ғана жақсы көреді, олардың қызығушылығы – олардың құдайы. Олардың мәнері сіздерге қажет болған шамада ғана жағымпазданған және көлгірсіген түрде болады. Олар сіздің мүдделеріңіз өздерінің мүдделері секілді қаншалықты қымбат екенін білместен жалғандықпен ант етеді. Бірақ, оларға сенбеңіз, олардың дауыстары жеткен бойда құлағыңызды жауып жүруіңіз қажет» (162б.).

Бұл Иммануил Канттың халықаралық қатынас теорияларынан гөрі қызықтырақ айтылған тақуалық пен қатігездіктің қисынсыздығымен ерекшеленбеді. Оған қарағанда, мемлекетаралық қатынастардың сипаттамасы пессимистік болып табылады. Кант мемлекеттердің соғысқа бару даярлығы және «ұлттардың шексіз қарым-қатынастарында жасырынып көрсетілмейтіндігі» туралы жазады. Ол соғыстың «ерекше мотив» талап етпейтіндігін, «адам табиғатында оның қалай көрінетіндігін» атап өтеді (Кант, 1970, 220 б.). Дегенмен, Кант дәлелінің арғы жағында, Пэйннің оптимизмінің жаңғырықтары мен бай кенінің бастаулары бар, ол Канттың халықаралық қатынастар теориясы дәстүріндегі ең идеалистік доктриналардың бірі болып табылады: адамзат ақыл-парасатқа ие және адамзаттың рационалдылығы сөзсіз дамидындақтан, барлық адамдар халықаралық араздықтың жетіспеушілігін барынша жеткілікті деңгейде таниды және барлық соғыстарды тоқтату мақсатында жұмыс жасайды. Кант мемлекетаралық қарым-қатынастарда биліктің теңдестік қағидасы бар екендігін мойындады. Дегенмен, ол кез келген табиғи, теңдестірілген қасиетке негізделгеніне сенбеді. «Еуропадағы билік балансы деп аталатын негіздегі берік ғаламдық бейбітшілік қарапайым химера (керемет ойларға шомылушылық)», - деді ол. «Бұл сәулетшінің барлық тепе-теңдік заңдарына сәйкес керемет түрде құрастырылған үйіне ұқсайды, бірақ оған торғай арқылы жарық түскен кезде, ол дереу құлап кетті» (1970, 92 б.). Демек, ол табиғи билік балансы қағидасын мемлекетаралық тепе-теңдік арқылы бейбітшілік орната алатындығына сенім артуға кеңінен таралған дәлелді қабылдаудан бас тартты. Мемлекеттер арасындағы бейбітшілік тек қана адамның ақыл-ойы мен саяси ерік-жігері арқылы ғана орнатылуы мүмкін еді.

Бұл еркіндік тарихтың даму барысында сөзсіз пайда болатын еді, - деп Кант

жалғастырады. Ол ақыл-парасаттың нәтижесі ретінде емес, бірақ өзін-өзі сақтау қорқынышына негізделген логиканың нәтижесі ретінде пайда болады. Ғылымның жетістігі адамзатқа жаңа және тұрақты түрде қару-жарақ пен соғыстың тиімді түрін табудың жолын іздейді. Нәтижесінде, Канттың айтуынша, мәңгілік бейбітшілік сөзсіз болмай қоймайтын нәрсе болып табылады немесе бұл жойқын қару-жарақ жүйелерінің тұрақты түрдегі эволюциясы адамзат нәсілін жойып жіберуі мүмкін еді, ал ол өз кезегінде адамдар зиратын табу мүмкін болып табылатын мәңгілік әлемді тудыратын еді (Кант, 1970, 200 б.) немесе бейбітшілік орнайды, нәтижесінде бейбітшілік орнайды, себебі жойылуды жоғарылату деңгейлері адамзаттың уақытында тоқтатып, соғыстың қажетсіздігін қабылдайтындығына себеп болады. Өздерінің деструктивтік мүмкіндіктерінің өсуіне кедергі келтіре отырып, мемлекет қайраткерлері соғысты тоқтатуға және бейбітшілікті сақтау мақсатында республикалардың федерациясын құру қажеттігін түсінеді (Кант, 1970, 198 б.).

Әлемдегі бейбітшілік федерациясы барлық ұлттардың бірдей әділеттілік сезімін ортақ мойындауынан тудыруы мүмкін еді, -деді Кант<sup>6</sup>. Осындай нақты федерацияның пайда болуын туындатқан Америкадағы оқиғалар орын алған сәтте, Кант үдерісті қызығушылықпен бақылауын жалғастырды. Дегенмен, ол соңғы нәтижені мақтай алмады.

### *Американдық теоретиктер – келісімшарт және федерация*

Англия мен оның Солтүстік Американың шығыс жағалауындағы колониялары арасындағы қатынас нашарлап бара жатқан сәтте американдық оқиғалар туындады. Колонистер өздерінің әділетсіздікке ұшырағандарын сезінді және олар әрқашан өз міндеттерін атқарғандығын, ағылшын короліне салықты төлегендігін айтты, дегенмен патша келісімшарттағы өзіне тиесілі бөлікті орындаған жоқ, патша отаршылдық мәселелер бойынша шешім қабылдағанға дейін олармен кеңеспеді. Патша қысқаша айтқанда, Америкадағы ағылшын азаматтарының құқықтарына нұқсан келтірді.

Бұл шын мәнінде келісімді-теориялық дәлел болды. Бірнеше америкалық ойшылдар оны жан-жақты жете даярлады. Ең ықпалды жете даярлаған тұлғалардың бірі Томас Пэйн болды. Ол 1774 жылы туған отаны Англияны тастап, өз бақытын іздеу үшін Америкаға кетіп қалды. Ол Филадельфияға Англия үкіметінің американдық наразылықтарды қысқартуға шешім қабылдағаны секілді жұмыспен келді, отарлық тәртіпсіздіктердің ашық бүлікшілігін туындатуға себеп болатын шешім еді. Пэйн Пенсильвания журналында көмекші редактор ретінде жұмысқа орналасты. Ол пікірталастың туындауына қарсы эсселер мен түсініктемелердің жазылуына мүмкіндік берді. Американдық отарлар әділетсіз түрде салынған салыққа қарсы ғана көтеріліске шықпауы керек, - деді ол, олар толық тәуелсіздікті талап етуі керек. Ағылшын патшасы отаршылдық келісімінің шарттарын бұзды және колониялар өздерінің ағылшын патшалығындағы міндеттерін аяқталды деп жариялады. Пэйн өз дәлелін 1776 жылдың қаңтарында «Жалпы мағына» деп аталатын қалың брошюрада жариялады. Бірнеше айдың ішінде оның бес жүз мың данадан астамы сатылды және оның авторын танымал етті.

Пэйн осындай келісімшарттық дәлелді қалыптастыруда жалғыз өзі болған жоқ. Кейінірек сол жылдан соң, бұл Филадельфияда жиналған он үш американдық колонияның делегаттар съезінде қарастырылды. Дегенмен, Пэйн дәлелдің салдарын зерттеген бірнеше комментаторлардың бірі болды. Ол Британ үкіметі американдық тәуелсіздіктің кез кел-

ген талабынан бас тартуы ықтимал екендігін түсіндірді. Шын мәнінде, Британия қарулы күштермен жауап беруі ықтимал. Демек, американдықтар әлдеқайда қуатты күштерді дайындау және шайқаста ағылшындарды жеңу арқылы ғана тәуелсіздікке ие бола алады. Бұл үлкен тәртіп болар еді, - деп жалғастырды ол. Бұл американдықтардан қымбат әскери дайындық жасауды талап етеді, колонистерге жаңа американдық әскерде сарбаздар ретінде тіркеліп, оны қаржыландыру үшін салық төлеуге тура келеді. Сонымен қатар, американдықтар Еуропадағы, әсіресе Франциядағы Англияның жауларының көмегінсіз мұны жасай алмайтын еді<sup>7</sup>.

1776 жылдың жазында Филадельфиядағы делегаттар съезі басталды және Америкадағы ағылшын отарларын тәуелсіз мемлекеттер деп жариялауды шешті. Конгресс Томас Джефферсонды «Тәуелсіздік туралы декларацияны» қалыптастыру үшін таңдады. Отарлар «құқық еркін болуы тиіс және тәуелсіз мемлекеттер болуы қажет», - деп бастады Джефферсон. Отарлар, - деп жалғастырды ол, «британдық патшалыққа деген барлық одақтасардан шеттетілді және ... олардың және Ұлыбритания арасындағы барлық саяси байланыс толығымен болмауы керек; және ... еркін, тәуелсіз мемлекеттер ретінде олардың соғысты талап етуге, бейбітшілікке келуге, одақтар туралы келісімге келуге, сауда-саттық құруға және тәуелсіз мемлекеттердің құқығы бар барлық басқа әрекеттер мен істерді жасауға толық билігі бар».

Британдық парламент америкалық декларацияны ұлт пен ағылшын патшасын қорлау ретінде қабылдады. Олар оны қабылдамады және Пэйн болжағандай, патшаның билігін әскери күшпен тағайындау үшін отарларға әскерлер жіберді. Дегенмен колонистер өз әскерлерін дамытты. Бұл күш-жігердің арқасында олар қаржы, басқару және билік институттарын дамытты. Олар сарбаздармен қамтамасыз етуді іске асыру бойынша іріктеу тәсілдерін ұйымдастырды, оларды қаржыландыратын қаржылық институттар құрды және барлық он үш колонияны жалпы саяси күш-жігермен үйлестіру үшін ұйымдар құрды. Олар Бенджамин Франклин сияқты дипломаттарды шетелге жіберді, Еуропаның корольдік соттарына қолдау көрсетуді сұрады. Джордж Вашингтонның басшылығымен және Францияның экономикалық және әскери көмегімен американдық әскер соғыстың төрт жыл бойында ағылшын тарапынан тыйым салынуына қарсы тойтарыс бере алды. 1781 жылы олар ағылшын тарапын жеңді.

Соғыста жеңіске жету қиын. Ұлтты қалыптастыру да қиын. Америка Құрама Штаттары тәуелсіздік соғысындағы жеңісінен қиындықсыз өткен жоқ. Ағылшын сарбаздары кеткен соң, он үш американдық отар егеменді ұйымдарға айналды. Әрқайсысы республикалық конституцияларды қабылдады және оның тәуелсіздігін тойлады. Генерал Вашингтон бұған немқұрайлы қарамады және шамадан тыс тойлауға қарсы ескерту жасады. Егер, бұрынғы он үш отардың әрқайсысы өзінің тәуелсіз мәртебесі мен оның егемендігін дамыту мақсатында тойласа, олар қызғаныш пен дау-жанжал тудыруы мүмкін.

Вашингтон штабының бастығы Александр Гамильтон бұл сөздерді әлдеқайда қаталдау айтты. Ол Еуропаның империялық күштерінің әлі де болса Америкадағы ықпалы күшті екендігін атап өтті – Канадада ағылшын әскерлері жиналды, Франция Миссисипиден батысқа қарай кең аймақтарға ие болды, Испания Солтүстік Американың Тынық мұхит жағалауындағы көптеген жерлерді бақылап отырды.

Гамильтон стратегиялық жағдайды қысқаша тұжырымдады. Оңтүстіктегі Американың шығыс жағалауындағы Массачусетс штатындағы солтүстіктегі Грузияға дейін созылған он үш жаңа тәуелсіз мемлекет үш жақтан солтүстігінде, оңтүстігінде және батысында еуропалық державалармен қоршалған болатын. Америка мемлекеттерінің бір-

бірімен тығыз байланыста болғаны аса маңызды болып табылады. Гамильтон тәуелсіз мемлекеттердің бір-біріне деген қорқынышы басым екендігі туралы Фукидидтің дәлелін қолдануға шақыра отырып, өзінің талабын күшейтті, себебі әрбір мемлекет өз қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, басқа мемлекеттерге қорқыныш тудырады немесе ол коммерциялық бәсекелестікке немесе олардың көшбасшыларының кішігірім құмарлықтарымен байланысты болып табылады. «Адам утопиялық (құрғақ қиял) ой-пікірлерден алыс болуы тиіс», - дейді Гамильтон (1987, 104 б.), егер ол жаңа тәуелсіз америкалық мемлекетке шынайы сенетін болса онда бұл жалпы ережеден шыққан ерекше жағдай болып табылады. Егер бұрынғы колониалдық мемлекеттер өздерінің егемендігін дамытатын болса, олар бір-бірінен қорқатын болады. Олар өздерін қорғау мақсатында шаралар қабылдайды. Көп ұзамай, олар мемлекетаралық бәсекелестіктегі еуропалық стильде қайта құратын еді.

Бұрынғы отарлар, шын мәнінде, жаңаның негізінде ескі әлемнің билік балансы жүйесін қайта қалпына келтіретін еді. Еуропаның ұлы отарлық күштері жағада орналасқандықтан, билік өкілдері биліктің бұл ойынына еркін қатыса алады. Олар кез келген қорқынышқа төтеп беруге, кез келген жанжалдың бөліктерін алып, оны өз империяларына қосуға даяр еді. Осындай жағдайда американдықтар бірігіп, бір-бірімен араласудан басқа ешқандай таңдауы қалмады. Бірақ, Гамильтон былай деп қорытындылады, олар тек жалпы еуропалық қауіпке қарсы одақты қалыптастырып қана қоймай, олар ежелгі билік балансы ойынынан да аулақ болуы тиіс және мемлекеттердің тұрақты федерациясын құруы тиіс.

Гамильтонның ұсынысы үлкен пікірталасқа себеп болды. Америкалық ұлттың құрылымындағы шынайы жұмыстың басталуын белгілеген тәуелсіздік соғысындағы жеңіс – жеңіс емес, осы пікірталас жеңіс болды. Жеңіске жету нәтижесінде он үш егеменді мемлекет құрылды және оларды бір-бірінен ажырата бастаған бәсекелестік қозғалысын орнатты. Пікірталас кемеңгер болып табылатын төрт адамға мүмкіндік берді - Вашингтон, Гамильтон, Мэдисон және Джей. Бұл орталықтану күштерін тоқтату мақсатында болды (Эллис, 2015). 1787 жылы Филадельфиядағы мемлекеттік өкілдердің жаңа конгресі жиналған бойда Гамильтон Джеймс Мэдисон мен Джон Джеймен бірге Нью-Йорктің әртүрлі газеттеріне Америка мемлекеттерінің федерациясы туралы пікірталастары бар біршама мақалалар жазды. Барлық үш автор «Публиус» деген бүркеншік атауды қолданды. Олардың мақалаларының саны сексен бес болды, олар бір томдықта жинақталып, «*Федералист*» деген атаумен жарияланды. Олар ұзаққа созылған күреске қарсы болды, өйткені орталықтандырылған билікке деген сенімсіздік американдық революцияда еді. Бірақ олар ең соңында жеңді. Олар федерация құрды. Олар иммигранттардың кішігірім мөлшерінен жаңа ел құрды.

Кітап ұзақ уақыт бойы саяси теорияда классикалық еңбек ретінде танылды. Ол сондай-ақ, халықаралық қатынастар теориясына қосқан маңызды үлесімен құнды болып табылады. «*Федералист*» еңбегіндегі негізгі болжам бойынша, соғыс саяси тәртіпті бұзды және қоғам табиғат жағдайына қайта оралады. Содан кейін жаңа әлеуметтік келісім шарт құру қажет. «*Федералистің*» негізгі мәселесі: американдықтар тәуелсіздік соғысынан кейін қандай келісімді бекітуі керек? «*Федералисте*» жарияланған мақалалар бірегей жауапты толықтырды. Сондай-ақ, олар соғыс себептерінің ежелгі талқылауына, әсіресе, бейбітшілікке қажетті алғышарттарға маңызды үлес қосты (Дьюдней, 2007).

«*Федералистің*» болжамы ескірген. Александр Гамильтон Гоббстан немесе Спинозадан алынған болуы мүмкін болып табылатын дәлелдерге сүйенді. Оның талдауы

күнгірт және пессимистік болды, сонымен қатар Пэйннің және Джефферсонның соғыс алдындағы оптимизмінен аса айрықшаланды. «Федералистің» болжамы да көне болып табылады. Бұл мемлекеттердің егемен сипатындағы соғыстың басты себебін тапты. Егер егемендік проблема болатын болса, онда әрбір егеменді субъект үшін өз егемендігінен бас тартып, оны жалпы орталық билікке енгізу осы аталған проблеманың шешімі болып табылды.

Дегенмен жалпы жауапты саяси тәжірибеге айналдыру теңдессіз және революциялық болды. Мәліметтерді алғаш рет Джеймс Мэдисон көрсетті. Ол ешқандай утопиялық емес еді және егемендікті орталық билікке беруінде айқын қауіп бар еді, ол күшті мемлекет құра алады – Гоббстың Левиафаны<sup>8</sup>. Мэдисон бұл мәселені көптеген келісімдердің күрделі теориясымен шешуге тырысты. Біріншіден, әрбір егемен субъект өзінің жеке егемендігінен ғана бас тартты – ол мемлекет әрбір адамның құқықтарын қорғауға жеткілікті болды. Екіншіден, келісім үкіметтің екі деңгейіне де қатысты қолданылуы керек болатын: әрбір американдық өздерінің егемендігін жергілікті билікке беру үшін ғана емес, әрбір жергілікті үкімет өзінің егемендігінің бір бөлігін аса жоғары федералды билікке енгізу мақсатында болатын. Үшіншіден, федералды билік үш арнайы салаға бөлінеді: атқарушы, заң шығарушы және сот саласы және әрбір сала басқа екеуін теңестіру үшін қолданылатын болады. 1787 жылы конституциялық конгресте қабылданған соңғы нәтиже тексеру мен теңгерімнің күрделі жүйесі болды.

Американдық революция еуропалық байқаушылардың аралас реакцияларын тудырды. Кейбіреулер мұны нашар эксперимент деп есептеп, экспериментті ұзақ уақыт бойы болады деп ойламады. Олар американдықтар егемендіктегі бірінші нәрсені түсінбеді деп айтты; американдық конституция егемендіктің бөлінбейтіндігі туралы ең негізгі ұсыныстардың бұзылуы болып табылды (Боден, 1967). Басқа еуропалықтар американдық идеяларды қызығушылықпен қабылдады. Олар *тәуелсіздік туралы декларациядағы* теңдіктің анти-монархиялық ұғымын жоғары бағалады. Олар Американың конституциясына тән республикалық үкімет қағидаларын қолдады. Англияда азаматтардың құқықтарына негізделген үкіметтің америкалық мұраттары (идеалдары) кеңінен танымал болды. Тіпті Эдмунд Берк сияқты депутаттар да оларды ашық түрде қорғады. Францияда америкалық революция адам құқықтары мен монархияны сынау туралы Париждегі пікірталасты жандандырды. 1789 жылдың маусым айында, Париждегі парламентінің радикалды мүшелері бүкіл Франция үшін конституциялық ассамблея ретінде пайда болды және бекіді. Париждегі халықтың көпшілігі қаруланып, Бастилияға шабуыл жасап, тұтқындарын босатқан кезде Томас Пэйн оқиғалардың басы-қасында болу үшін Парижге аттанды. Ол француздық көтерілісті американдық революцияның жалғасы ретінде көрді. Ол оны дәйектеу мақсатында «*Адам құқықтары*» (1791) атты кітабын жазды.

Эдмунд Берк Пэйнмен келіспеді. Америкалық революция дәстүрлі құқықтар мен ағылшын еркіндігін қорғау мақсатындағы көтеріліс болды, - деп Берк атап айтты. Себебі, ол француз төңкерісін мүлдем басқа жағынан қарастырды: барынша бұрыс болып табылатын саяси философияға негізделген. Кішігірім болып табылатын әмбебап қағидаларды туындатты, бірақ олар «бір үйір және мағынасыз» болды. Франциядағы христиан патшалығының жеке меншігі мен табиғи ынтымақтастықты жойғысы келді. Нәтижесінде, Берк (1988 (1790)) әлеуметтік тәртіптің жойылуына және тобырдың үстемдік етуіне алып келеді деп болжады. Алдағы уақытта хаосқа түсіп кету күшті тәртіпті күштердің араласуымен тоқтатылады, мысалы, бірбеткей ұлтқа әскери билікті жүргізе алатын генералдың болуымен байланысты, - деп жалғастырды ол.

Беркті сонша алаңдатқан не нәрсе еді? Алаңдатқан нәрсенің бірі Томас Пэйннің революциялық романтизмі болды. Тағы бір басқасы – Жан-Жак Руссоның саяси философиясы, Берк оны «ақылсыз Сократ» деп кекесінмен атады. Сонымен, біз қайтадан Руссоны қарастырамыз. Ол француз төңкерісін радикалды бағытта жүргізетін орталық идеяларды ұсынды. Сонымен қатар, Руссоның дәлелдері Франциядан басым түсті және бүкіл еуропалық ағартушылыққа әсер етті. Бірнеше авторлар оған қарағанда әділдік, құқық және республиканың аса маңызды жеңімпаздары болды. Көптеген ойшылдар халықаралық жағдайдың барынша терең талдануын қамтамасыз етті. Руссо, шын мәнінде, заманауи халықаралық талдауда ұзақ және радикалды дәстүрдің негізгі импульстарын қамтамасыз етуі мүмкін. Ол мұқият зерттеуге лайықты болып табылады.

### **Руссо: пайғамбар және парадокс (тосын пікір: дағдыға, әдетке қайшы келетін жаңа пікір)**

Жан-Жак Руссо (1712 – 78) – бай да күрделі ғасырдың үйлесімді өкілі. Ол әртүрлі тақырыптарда, ботаника бойынша романдар, опералар және тамаша эсселер жазды. Оның халықаралық саясаттағы талдауы тек қана оның өндірісінің кішкене бөлігі болып табылады. Бірақ қандай бөлігі. Бейбітшілік, әділеттілік пен конституциялық реформа туралы жазды. Отаршылдықты және босату соғыстарын талқылады (Кнутсен, 1994). Әрқашан бірегей, скептикалық тұрғыдан және айқындықпен оны ағартушылық ғасырындағы халықаралық қатынастар саласының негізгі үлес қосушысы ретінде атап көрсетеді.

Әрқашан жеке бостандық пен өзін-өзі қамтамасыз етудің жеңімпазы, Руссо құқық бұзған жастың бірі болды. Ол үйінен бірнеше рет қашып, шек қойылмаған дала кезуші адамның өмірін сүрді. Ол оңтүстік Еуропаны айналып шықты, музыкадан қосымша сабақ беруші, хат жазушы, опера жазушы, сенімді трикстер және Францияның Венециядағы елшісі ретінде қаражат тауып, өмір сүрді. Он алты жасында ол Савойядағы Аннесиде мадмозель де Уаренсті кездестірді. Ол оған ешқашан өмірінде болмаған анасының ролінде болды. Ол сондай-ақ, оның қорғаушысы, мұғалімі және оның көңілдесі болды (Кранстон, 1991).

Руссоның *«Өнер және ғылым бойынша дискурсы»* (1749) деп аталатын ең бірінші маңызды эссесі, Дижон академиясы жариялаған сайыста бірінші орынға ие болды. Сыйлықтан шабыттанған Руссо жазушы ретіндегі мансабын бастады. Ондаған жылдар бойы ол өзінің негізгі еңбектерін соның ішінде *«Ерлер арасындағы теңсіздіктің пайда болуы мен негіздері туралы дискурс»* (1950 [1755]) және *«Әлеуметтік келісім»* (1950 [1762]) жазды. 1750 жылдары Руссоның өзі заманауи зиялылардың бірі ретінде, алғашқы заманауи радикалдардың бірі және «ашулы жас жігіттердің» бірі ретінде өзін қалыптастырды. Оның айтарлықтай интеллекті және керемет тартымдылығы бүкіл Еуропа бойынша жанкүйерлерінің бар болуына әкеліп соқты. Оның әдеттен тыс киімі мен есепке түскен дау-жанжалдары Париждегі салондардың өсегінің нысанына айналды және оны сол салондардың сүйіктісі болуына себеп болды.

Дегенмен ол Француз революциясынан он жыл бұрын қайтыс болғанына қарамастан, көптеген замандастары ол үшін өздерін жауапты етті, шын мәнінде, бұл Людовик XIV пен Робеспьер келіскен бірнеше нәрселерінің бірі ғана болатын. Революция кезіндегі ұлттық конвенция оның сүйегінің күлін пантеонға ауыстыру үшін дауыс берді. Кейінгі



онжылдықтағы оның сүйегінің күлін ауыстыру туралы қоғамдық пікір оның күлін ауыстыру туралы емес, оның тарихтағы орны туралы айта бастады. Ол кейбіреулер үшін қасиетті мәртебеге ие болды, ал басқаларға сүйікті зұлымдығымен танымал болды. Шиллер үшін ол «ұлы гений» болды. Шиллер үшін «көктегі періштелер ғана серіктес бола алатын Мәсікке ұқсайтын жан» еді. Онымен кездескен адамдар, әдетте, түрліше болуды сұраған. Дидро ұзақ таныстықтан кейін оны «шайтан ретінде, жақсылықты білмейтін, қатыгез, екіжүзділік пен жаман ойларға толы» деп сипаттады (Крокер, 1974, I том, 356 б.). Бірақ, бір жағынан толық келісім де бар болды, Руссо халықаралық қатынастар теориясына маңызды үлес қосты.

### *Сен-Пьер мен Руссо, соғыс және бейбітшілік*

Руссоның халықаралық қатынастарын талдау үшін Чарльз Кастельден, Аббе де Сен-Пьерден (1658-1743) бастау қажет. Басқа бейбітшілік жобалары секілді, Сен-Пьердің 1713 жылдан басталған «Еуропадағы мәңгілік бейбітшілікке қол жеткізуге арналған жобасы» адамдарға ақыл-парасат арқылы берілетін ағартушылық антропологияға негізделген. Ол Гоббсты зерттеді және мемлекеттер арасындағы соғыс жағдайына ұқсас болғанындай табиғаттың жағдайы Гоббстың сипаттамасында табылды. Оның соғыс мәселесіне байланысты шешімі Гоббсқа ұқсас еді, бұған Гоббстың барлық адамзат туралы жазған жазбаларын қоспағанда, Сен-Пьер тек қана патшалар туралы жазған. Еуропаның билеушілері ерте ме, кеш пе, олардың мүдделері соғыстан гөрі бейбітшілік пен тәртіпте жақсырақ қанағаттандырылады. Бұл іске асыру оларды тығыз ынтымақтастыққа айналдырады, ең соңында «конфедералдық үкімет» - барлық мүше мемлекеттердің билеуші князьдері өз кеңестерін ұсынады.

Сен-Пьер Крюс сияқты, Еуропа мемлекеттерінің конфедерациялық одаққа ауысу интеграциясын қолдады. Ол мүше мемлекеттердің ортақ мүдделеріндегі әртүрлі мәселелерді шешу үшін әртүрлі бюроларды ойлап тапты, осылайша, бір маңызды бюро түрлі мемлекеттердің субъектілері арасындағы сауда-саттықты реттеу үшін коммерциялық құқық кодексін әзірлеуі керек, басқасы мүше мемлекеттердің салмағын, өлшемін және валютасын стандарттауы керек. Сен-Пьер Крюс секілді болды (сонымен қатар, Монтескье және басқа ағартушылық авторлар), сауда-саттық бейбітшілікке ықпал етеді деген ағартушылық сеніммен айналысты (Перкинс, 1959; Рассел, 1936, 191 б.). Сен-Пьердің қарапайым, тартымды және маңызды жолдауына оның қайталанбайтын және рапсодикалық стилі кедергі жасады. Сен-Пьер қайтыс болғаннан кейін, оның достары мен отбасы Еуропаның князі мен халықтарына қолжетімді соғыс пен бейбітшілік туралы жазбалардың аббаттық көлемін арттыра алатын ғалымды іздестірді. 1754 жылы олар Жан-Жак Руссодан Сен-Пьердің ұлы жобасын редакциялауды және жоюды сұрады. Бұл сұраныс халықаралық қатынастар теориясы тарихындағы аса бірегей және керемет талдаулардың біріне айналды, Аббаның мұрагерлерінің қолдауына мұқтаж емес болды. Руссоның жұмысы бірнеше жылға созылды. Бірақ, ол ешқашан аяқталмады. Ол тек қана жоспарланған жұмысындағы ұзаққа созылған кіріспе сөзді аяқтады. Ол 1760 жылы мәңгілік бейбітшілік жобасы ретінде бөлек жарыққа шықты (Хофман мен Фидлер, 1991, x xxii).

Басқа адамның ой-пікірін дұрыс жеткізуде Руссоның өзі тым шыдамсыз еді және қиялға негізделген болды. Оның жобасы керемет эссе болып табылады. Бірақ, ол Сен-Пьерге

қарағанда Руссоның көп бөлігін қамтиды. Шындығында, Руссо Аббаның дәлелі туралы «жасанды» және «автор ешқашан құтыла алмайтын бір идеяға қарағанда практикалық емес» деген пікірін ешқашан жасырмады: адамдар олардың құмарлықтарына қарағанда өз ақыл-парасатымен мотивацияланған болып табылады (Руссо, 1978, 393 б.). Ол бұл қысқартуды Аббаның ісі патшалардың қоғам үшін пайдалы не екендігін білу үшін жеткілікті себеппен болжамсыз болжамға негізделгені туралы ескертеді (1964а). Содан кейін, ол жекелеген түсініктемеге егжей-тегжейлі сын жазды, *Мәңгілік бейбітшілік туралы пікір* (1964 [1782]) - ол оны жариялай алмады<sup>9</sup>.

Гоббс, Крюс, Гроций, Юм, Кант, Вольтер және Сен-Пьер адам табиғатына халықаралық саясаттың серпінділігін төмендету үшін ізденді, ал Руссо басқа да элементтерді енгізді. Адамдарды агрессияға бейім ететін адам табиғатында сәйкес келетін ешнәрсе жоқ, - деп Руссо (1964с) дәйектеді. Адамдар табиғат жағдайынан азаматтық қоғамға ауысқан кезде ғана әскер және жауынгер болады. Соғыс – әлеуметтік міндет, адамзат өркениетінің өнімі. Ол табиғат жағдайындағы адам емес, әскер болғысы келетін азамат. Әскерлер мен соғыстар өз азаматтарын әскерге ұйымдастыратын және олардың билеушілерінің қызығушылығын арттыру үшін оларды жіберетін мемлекеттермен қоғамдар бар болмағанша, бар болып табылмайды. Бұл кезде Руссоның келісім шартындағы басқа ой-шылдармен келіспейді: олар үшін әлеуметтік келісім адамдар арасындағы қақтығыспен аяқталады, бірақ Руссоға соғыстың алғышарттарын жасайды.

Руссоның айтуы бойынша (Локк сияқты) адамзат баласы табиғи ақыл-ойға және еркіндіктің табиғи құқығына ие болған, бірақ ол сондай-ақ, шын мәнінде, адамзат құл екен деп мәлімдеді. Бұл көрініс тапқан парадокс Руссоның бірнеше жазбаларында кездеседі, әсіресе, ең әйгілі еңбегі *«Әлеуметтік келісім шарттың»* алғы сөзінде: «Адам еркін болып туылған және ол барлық жерде тізбекте болып табылады» (Руссо, 1950, 3 б.). Оның негізгі әлеуметтік трактаттары бір жағынан, бостандық пен рационалдылықтың осы айқын парадоксына, екінші жағынан, құлдыққа жол ашады.

Егер адамдар рационалды болса, онда неліктен олар құлдыққа ұшырағандарын түсінбейді және қоғамдық тәртіппен эксплуатацияланады? Руссоның жауабы адамзаттың осы тәртібі бойынша жемқорлыққа ұшырайды. Қоғам сыбайлас жемқорлық, ал жеке тұлғалар жемқор қоғамда дүниеге келеді, жемқор қоғам өз кезегінде жемқорлыққа ұшырайды. Адамдар, демек, соған мойынсұнады. Олар өздерінің өмір сүретін қоғамы арқылы қалыптасады. Егер, олар жақсы қоғамда туылған болса, олар өздерінің ақыл-парасатын дамытады және жақсы адамдарға айналады, егер олар жемқорлық жайлаған қоғамда туылса, олардың ақыл-ойы өзгеріске ұшырайды және кері кетеді, олардың табиғи еркіндігі атакқұмарлықпен, жеккөрушілікпен, уайыммен және қызғанышпен алмастырылады. Жемқорлық жайлаған қоғамда, қысқаша айтқанда, адамдар бастапқы бостандығынан, бақыт пен кінәсіздіктен ажыратылады.

Осы талқылаудан екі маңызды себеп-салдарға негізделген түсінік келіп шығады. Біріншіден, жемқорлық пен адамзатты ырқынан айыру адам табиғатының нәтижесі ретінде түсіндірілмейді, ол түсініксіз әлеуметтік жағдайдың нәтижесі ретінде түсіндірілуі керек. Екіншіден, адамзат рационалды, бірақ тек потенциалды ғана болып табылады. Адамдар ақыл-парасатпен бірге туылмайды; олар ақыл-парасатты дамытады.

Бұл тағы бір мәселені туындатады: егер, адамдар бастапқыда еркін, жақсы, бақытты және жазықсыз болса, онда қоғам қалай жемқор болады? Руссоның осы сұраққа берген жауабы екі өзара байланысқан компонентпен тығыз байланысты: ол тарихи талдау және еңбекті бөлу теориясына негізделген.

## *Мемлекеттің эволюциясы: табиғи жазықсыз болудың жойылуы*

Руссоның азаматтық қоғамның тарихи эволюциясы туралы есебі оның халықаралық қатынастар теориясына ыңғайлы енуін қамтамасыз етеді. Бұл әңгіме адамның бастапқы кездегі еркін, бақытты және жазықсыздықтан айрықшалайтын эволюцияны сипаттайды. Бұл адамдар арасындағы теңсіздіктің пайда болуы мен негізі туралы дискурс еңбегінде айқын жазылған (1950а [1755]). Руссоның көптеген замандастарындай болғаны сияқты табиғаттың жай-күйі де оның көзқарасы ретінде қолданылады. Мемлекет және азаматтық қоғам пайда болмай тұрып, Руссоның айтуынша, адамдар толық еркіндік пен жазықсыз қоғамда өмір сүрген. Ол Эразмның (1964, 311 б.) сөздерімен жаңғырта отырып түсіндіреді: «Мен оны бірінші тұрған еменнен аштық сезімін қанағаттандырғандығын және өзінің шөлін бірінші ағып жатқан жылғадан қандырғандығын көремін, оны тамақтандырған ағаштың түбінде төсенішті тауып алып, оны жатын орынға айналдырды және осыны жасау арқылы оның барлық тілектері орындалады» (Руссо, 1950а, 200 б.).

Жазықсыздықтың бұл бастапқы жағдайынан пайда болған еңбек бөлінісі арқылы адамзат тарихы алға қарай дамыды. Бұл бөлініс біріншіден, демографиялық және географиялық жағдайларға байланысты жауапты қамтамасыз етті. Руссоның айтуынша, ол тарихи эволюция кезеңдері арқылы табиғаттың бақытты күйінен адамзатты ығыстырды.

Алғашқы кезеңдерде, адамдар арасындағы ынтымақтастық ақыл-парасат пен тілдің дамуын ынталандырды. Адамдар білім жинады, олар неғұрлым білім жинақтаған сайын, соғұрлым өндірістің тиімділігін арттырды. Содан кейін, өндіріс жақсарған сайын, адамдар өзара әрекеттесудің артықшылықтарын сезінді. Тәжірибе арқылы олар адамның өз игілігіне деген сүйіспеншілігі адамның іс-әрекетінің ең керемет себебі болып табылады. Сондықтан, адам өзіміш болып өсті, сонымен қатар, басқалардағы өзімішдікті мойындауға үйренді, сондай-ақ өзара мүддені өз әріптестерінің көмегіне сүйене отырып, оны дәлелдеуге болатын жағдайларды анықтауды үйренді. Сонымен, «ол сол үйірімен бірге немесе ең болмағанда еркін бірлестікте қосылды». Бұл ұзаққа созылған одақ емес, деп Руссо түсіндіреді: бұл тек қана арнайы жағдай болды, өйткені олар адамдар болжам жасай алмайтын керемет жандар еді және алыс болашақтағы болашаққа қатысты алаңдаушылықтан алыс болды, себебі олар ертеңгі күн туралы ойламады десе де болады. Егер бұғыны алу керек болса, онда әрбір адам табысты болу үшін өз лауазымына адал болуға тиіс екендігін біледі, бірақ егер олардың біреуі қоянға қол жеткізуі мүмкін болса, онда ол оған күмәнданбауы керек, оны аяусыз ұстайды және өте аз қамқорлық жасайды, осылай жасай отырып, ол өз серіктестеріне тиесілі нәрсені уысынан шығарып алуға мәжбүр етті (1950, 238 б.).

Адамзат дамуының кейінгі кезеңдерінде адамдар олардың көпшілігі арасындағы қауымдастық арқылы біртұтас біріктірілді: тіл, әдет-ғұрып, өмір сүрудің және тамақтанудың қарапайым жолдары. Ал, ынтымақтастық одан да жүйелі болды, еңбектің бөлінісі ресми түрде қалыптасып, адами қарым-қатынастар заңдар немесе жұмыспен және жауапкершілікпен байланысты реттелді. Шешуші кезеңде металлургия енгізілген кезде адам эволюциясына қол жеткізілді. Бұл дегеніміз кейбір адамдар темірді балқытуға және соғуға мамандануы керек дегенді білдіретін еді; және басқа адамдарды олар үшін де, өздері үшін де азық-түлікпен қамтамасыз ету керек болды. Өйткені, ешкім басқа адамдар болмаған жағдайда аман қала алмады, жұмыс жасау міндетті болды.

Руссоның айтуынша, бір жағынан, әлеуметтік еңбек бөлінісі өндірістің тиімділігін

арттыруды, мол және ыңғайлы өмір сүруге байланысты болып табылатын байлыққа ие болуды білдіреді. Екінші жағынан, еңбек бөлінісі міндетті еңбектің басталуын, азаматтық міндеттемелердің және бір-біріне деген тәуелділіктің пайда болуын білдірді. Руссоның өзара тәуелділік ұғымы қаншалықты қарастырса, соғұрлым ол молшылық пен еркіндік арасында жанжал болатындығына сенімді болды, әлеуметтік байлық адамның еркіндігі есебінен сатып алынды. Халық жануарлардың терісінен жасалған қарабайыр киімдеріне және ауылдағы лашықтарына қанағаттанған кезде, олар бақытты әрі еркін болды; «бірақ, бір адам басқа біреудің көмегіне мұқтаж болып жатқанда жұмыс орасан зор болды, ол адамның қасының қалыңдығының терісімен суға батыруы керек орасан көлемдегі үлкен ормандары күлімсіреген өрістерге айналды, көп ұзамай құлдық пен қайғы-қасірет дәнді дақылдармен бірге өршіп, дамиды» (1950а, 243 б.). Жеке меншік енгізілгеннен кейінгі жағдай нашарлады: ол жердің бір бөлігін иемденген алғашқы адам өзіне-өзі: «бұл менікі» деп айтты және өзіне-өзі сену үшін жеткілікті түрде адамдарды қарапайым деп қарастырды, азаматтық қоғамның негізін қалаушы болды. Қанша қылмыс, соғыстар мен өлтіруден, көптеген қасіреттер мен бақытсыздықтар ешқайсысы адамзатты құтқара алмады, бауырластарына: «Бұл алдамшыны тыңдаудан сақ болындар. Жердің жемісі біздің бәрімізге тиесілі, ал жердің өзі ешкімге тиесілі емес екенін есіңізге түсіріңіз!» (1950а, 234 б.).

Осы тармақтағы тарихи эволюциямен және еңбек бөлінісі теориясымен тұжырымдалған Руссоның халықаралық саясат туралы көзқарасы қалыптасты.

### *Халықаралық жүйе: «күштілер заңы»*

Еңбектің әлеуметтік бөлінісі адамзаттың материалдық әл-ауқатын арттырды. Дегенмен ол да қақтығыстар мен теңсіздікті тудырды. Ол табиғи азаттықтың барлық жекелеген қатысушыларын тонады. Бұл адамзат тарихындағы оқиғалардың қайғылы жағдайын білдіретін еді. Адамзат дамыған сайын, әлеуметтік өзара тәуелділік жеке меншік тарапынан қиындады, адамзаттың өзімшіл экономикалық артықшылықтары қанағаттанарлықсыз ізденісті туындатты. «Еш нәрсесі жоқ адамдарға шектеулі құмарлықтар бар, басқара алмаған адамдар шектеулі амбицияларға ие болып табылады», - деп жазады Руссо. Дегенмен қоғам дамитындықтан, ол адамзатқа меншік пен жауапкершілікті жүктейді. Материалдық игіліктердің өз қажеттіліктері бар, олардың қанағаттануы көп байлыққа ұмтылуды ынталандырады, адамзаттың тұрақсыздығын және сараңдығын туындатады. «Адам қаншалықты көп болса, соғұрлым одан да көп нәрсені қажет етеді. Яғни, көп нәрсені қалайды», - деп жазады Руссо (1964, 610 б.).

Жеке меншік пайда болғаннан бері адамның барлық қасиеттері ыңғайлы элементпен өзгеріске ұшыраған: атаққұмарлық сезіміне, бәсекеге қабілеттілік, қызғанышпен махаббатқа ие болуымен бірге шеберлікті күшейтеді. Бұл даму адамдардың жақсылық пен зұлымдықты айыра білу, нақты және айқын қызығушылық арасындағы қабілетінен айырды. Тарих жеке меншік мүліктің пайда болуы теңсіздікті қалай қиындататындығы туралы куәлік береді, табиғат адамзатқа араласып, оларды айқынырақ және тереңірек етіп көрсете білді. Онда дүние мүлкі бар адамдар мен дүние мүлкі жоқ, бай мен кедей адамдар арасындағы алшақтықтың қалай кеңейетіндігі көрініс тапқан. Өсіп-өркендеп келе жатқан қайғы-қасірет пен алауыздықтың ортасында және әлсіздердің одан әрі қарай әлсіреуі барысында адамзат әлеуметтік иерархиялар мен тәртіптерді дамытуға мәжбүр

болды (Руссо, 1950а, 244 б.).

Ең соңында, адамзат заңмен бекітілген саяси институттарды дамытты. Бұл институттар жеке меншік қағидасын нығайтты, әлеуметтік теңсіздікті санкциялады, билеуші элитаның байлығын және күш-қуатын қорғады, кедей адамдардың басым көпшілігіне қысым көрсетті және барлық процестен оларды айырды.

Ынтымақтастықтың негізі ұзаққа созылған тарихтың соңғы кезеңін белгілейді. Ынтымақтастық жеке адамдар арасындағы анархияға тәртіп орнатады. Дегенмен жеке адамдар арасында анархия мәселесін шешетін бірдей акт мемлекеттер арасындағы анархия жағдайын туындатады. Руссоның ойынша, адамзат бостандық пен бейбітшілікпен сипатталатын табиғаттың бір жағдайынан шығып, зұлымдық пен соғыспен сипатталатын табиғаттың басқа күйіне енді. Әрқайсысымыз біздің азаматтарымызға қатысты азаматтық мемлекетте екендігін көру қиын емес, әлемнің қалған бөлігінде оның табиғат жағдайында екендігін көру қиын емес.

Біз мыңдаған есе көп қорқынышты ұлттық соғыс үшін ғана жеке соғысқа қарсы барлық сақтық шараларын қабылдадық, бұл адамдардың белгілі-бір тобына қосылып, біз шын мәнінде адамзаттың жауына айналдық (Руссо, 1964а, 654 б.).

Руссо билеушілердің ашкөздігінен, азаматтардың қасіретінен және әрбір адамның айрылуы көрініс тапқандықтан, Гоббстың табиғат жағдайына қарама-қайшы қасиеттерімен қарсы болып табылатын көріністі тұжырымдайды. Билеушілер тек қана екі қалаулары бойынша сараң және жандандырылған болып табылады: өздерінің аймақтық билігін кеңейтуге және өздерінің қол астындағыларға қатысты абсолютті ережелерге қол жеткізуге тырысады. Азаматтар өз ырқынан шығып, жеңіске жету және жеңілген халықтардың бағынуын қолдау үшін қаражат бөледі, адамдарды жігерлендіреді және олар солай ете отырып, өздерінің қайғы-қасіреттерін одан ары тереңдететінін түсінбейді. Билеушілердің ашкөздігі мен азаматтардың өз ырқынан шығуы бір-біріне әсер етеді.

Кез келген адам бірін-біріне өзара қолдау көрсету шеңберінде соғысты, жаулап алуды деспотизмнің қол сұғушылығынсыз да түсінеді, ақша мен адамдар әдетте, құлдықтағы адамдардан қуанышқа бөленіп, басқаларды сондай бірдей жағдайға әкелу және керісінше, және ... үлкен әскерлерді үнемі ұстап, адамдарды қорқынышпен ұстау үшін соғыс қаражатты иемденуге сылтау болып табылады. Бір сөзбен айтқанда, агрессивтік әміршілер олардың кем дегенде өздерінің жауларына қатысты мәселеде соғысатындарын біледі және жеңіп шыққан ұлттың жеңіске жетпеген ұлттан ешқандай айырмасы жоқ болып табылады (Руссо, 1964б, 592 б.).

Руссоның отандық қоғамның көңілсіз екендігін, бірақ халықаралық қоғам көзқарасы өте нашар екендігін бейнелейді. Өйткені, азаматтық қоғам кем дегенде заңмен реттеледі (билеуші элитаның заңына қарамастан), мемлекеттердің қоғамы, шын мәнінде, ешқандай заңға бағынбайды, бірақ «ең күшті заң» болып табылады (Руссо, 1964, 1013 б.). Руссоның осы «заңға» сәйкес сипаттамасы сол ғасырдың пікіріне байланысты: ол оны анық, билік балансы терминдерінде сипаттайды және ол оны басқа он сегізінші ғасырдың авторлары төтеп бере алмайтын талғампаздық пен нақтылықпен жасайды.

«Тұрақты бейбітшілікке арналған жобасында» (1964а [1760]), Руссо Еуропаның мәдени географиясы сипаттамасымен еуропалық билік балансын талқылауды ұсынды. «Еуропаның өкілеттіктері дінмен, халықаралық құқықпен және адамгершілік нормаларымен, хаттармен, саудамен және осы байланыстардың сөзсіз нәтижесі болып табылатын тепе-теңдік түрімен біріктірілген жүйенің бір түрі» (1964а, 565 б.). Бұл тепе-теңдік

кез келген адам қолынан шыққан жұмысқа қарағанда табиғаттың өнімі ретінде Руссоның ақыл-парасатында бар болып табылады. «Әртүрлі халықтардың өмір сүретін шекаралары секілді қызмет ететін таулардың, теңіздердің және өзендердің жағасы, олардың саны мен мөлшері жағынан мәңгілікке бекітілгенге ұқсайды»(570 б.). Руссоның түсіндіруі бойынша, аталған тепе-теңдік Еуропалық мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастар тәртібін анықтайды. Бірақ, жеке мемлекеттердің билеушілері әрдайым өз иеліктерін кеңейтуге әрекет жасайды, бұл теңгерім әлі де болса сақталады. Онда ол бар болып табылады және адамдар оны бөлшектейтіндей өздерін жеткілікті түрде күшті сезінбесе, оны сақтап қалу деген сылтаумен жасырады (570 б.). Руссо еуропалық билік балансын өзіндік тепе-теңдік ретінде бейнелеген кездегі дәуірдің пікірін қалыптастырады: Біз бұл туралы білеміз бе, жоқ па, тепе-теңдік кез келген арнайы араласудың көмегіңсіз өзін-өзі қолдайды. Бір жағынан ол бір сәтке үзілсе, ол өздігінен өз қалпына келеді, сондықтан әмбебап монархия құруға ұмтылған князьдер шын мәнісінде данышпандықтан гөрі амбиция туралы көбірек дәлел болуына байланысты кез келген осындай кәсіпорында кінәлі болып табылды. Кез келген адам осындай жобаны оның абсурдтық сезімін дереу сезінбестен қалай біле алады? Еуропадағы жалғыз күштің басқаларға қарағанда өз-өзіне ие болу мүмкіндігі әлдеқайда күшті екендігін түсінбестен қалай біледі? (570 б.).

Өзін-өзі ұстап тұру балансы бүкіл Еуропа бойынша кез келген мемлекеттің шеберлікке жетуіне жол бермейді. Себебі, билеуші өз елінің аумағын әскери құралдармен кеңейтуге тырысқан сайын, басқа да билеушілер әр қадам басқан сайын оған қарсы бірігеді. Билеуші табысқа жетіп, өте үлкен аймақты басып алуы мүмкін. Дегенмен Руссоның айтуынша, мұндай табысты болып табылатын үзілістер ұзақ уақытқа созылмайды: «қарсылық ұзақ уақыттық шабуылға қарағанда күшті; және уақыт көп ұзамай кенеттен қайғы-қасірет әкелуі мүмкін жағдайды қалпына келтіреді, егер кез келген князь үшін жеке-дара болмаған жағдайда, кем дегенде тұтастықтың жалпы балансын қалпына келтіреді» (571 б.).

Бұл өздігінен реттелетін билік балансы мемлекеттер арасындағы өзара іс-қимыл тәртібін белгілейді. Бірақ, ол бейбітшілік әкелмейді. Еуропаның билік тепе-теңдігі ұзақ уақытқа созылған үлкен жеңістерге кедергі келтірсе де, күнделікті саясатта ол тек тұрақсыздық пен ушықтыруды жалғастырады. Шынында да, Еуропа мәңгілік қақтығыстардан зардап шегеді – қақтығыс, қарақшылық, ұрлық, бүлікшіліктер мен соғыстар «философияның қасиетті үйіндегі өнер мен ғылымның керемет қасиетінің күнделікті азаюына әкеліп соқтырады» (568 б.).

Еуропа мемлекеттерінің интеграциясы әлемнің басқа өңірлеріне қарағанда континентті әлдеқайда бай етті және басқа жерлерге қарағанда тарихи әріптестің пайда болуына ықпал етті. Дегенмен олардың қатыгез қақтығыстары өзара тәуелділігіне қарамай пайда болғандықтан, олардың аса тығыз интеграциясы жиіркеніштер мен қақтығыстарды аса жиі, қарқынды және қауіпті етеді. Руссо былай деп түсіндіреді:

Еуропа халықтарының тарихи одағы өздерінің құқықтары мен мүдделерін мыңдаған шатасуларда шатастырды, олардың біреуінің ең кішкентай қозғалысы қалғандардың барлығына қозғау салатын бір-біріне көп нүктелерде тоғысып тұр, олардың айырмашылықтарының барлығы өмірге қауіп төндіретіндіктен, олардың байланысы неғұрлым тығыз болғандықтан, олардың жиі орын алатын жанжалдары азаматтық соғыстар сияқты аса қауіпті болып табылады. Ендеше, Еуропаның өкілеттіктері бір-біріне соғыс жағдайында тұрып жатқанын және олардың арасындағы табиғаттағы әр түрлі жеке келісімдер нақты бейбітшіліктен гөрі уақытша бейбітшілік екенін түсінуіміз керек (568 б.).

## *Мемлекеттік жүйенің пайда болуы мен табиғаты*

«Күштілер заңы» Еуропалық мемлекетаралық жүйенің салыстырмалы тәртібіне ғана байланысты, билікті теңдестіру динамикасы жүйенің механикалық жұмысын ғана түсіндіреді. Еуропалық саясаттың пайда болуын түсіну үшін Руссо тарихи дәлелдерін қосымша келтіреді: жүйенің тұрақтылығы тарихи тұрғыда қалыптасқан алғышарттарда билік балансы динамикасын басқаруға мүмкіндік береді. Еуропаның мемлекетаралық жүйесі уақытша келісім болып табылады. Бұл алғышарттардың тарихи қалыптасуы айқын анықталуы мүмкін болатын бастамасы болды және ол осы алғышарттар алынып тасталғаннан кейін оның тарихи кезеңіне сәйкес болуы мүмкін.

Тарихи алғышарттардың ең маңыздысы кешенді неміс денесі, қасиетті Рим империясы болып табылады. Руссоның Германия империясының тұрақтандырушы рөліне ықпал ететін бірнеше бірегей атрибуттары бар деп табады. Біріншіден, оның географиялық жағдайы неміс денесі «Еуропаның орталығына жақын жерде орналасқан және барлық басқа бөліктерді өз орнында ұстап тұрады». Екіншіден, оның мөлшері болып табылады. Германия кең көлемді аймақты қамтиды және «оның өлшемі, құрамдас халықтарының саны мен айбыны бойынша күшті дене» ретінде көрінеді. Үшіншіден, оның фрагменттелген табиғаты. Германия үш жүзден астам мемлекеттерден тұрады, өз бетінше өте күрделі және тұрақты балансты энергетикалық жүйені құрайды. Қасиетті Рим империясының конституциясы «оны жеңіп алудың екі құралы мен ерік-жігерін жоққа шығарып, жеңіске жетудің барлық схемалары сәтсіздікке ұшырайтын жартасқа айналдырады». Руссоның жасаған неміс организмінің «конституциясы» Вестфалия бейбітшілігінде (1648) құрылған. Руссоның қорытындысы:

Барлық кемшіліктеріне қарамастан, бұл конституция қаншалықты ұзаққа созылса Еуропаның тепе-теңдігі ешқашан бұзылмайтындығы күмәнсіз, оның қарсыластарының кез келгені оның тағынан ешқандай дүлей қорқыныш қажет емес деп табады және Вестфалия шарты мүмкін әрқашанда біздің халықаралық жүйенің негізі болып мәңгілікке қала береді (572 б.).

Вестфалия шартын «біздің халықаралық негіздеме» ретінде анықтауда Руссо Еуропаның мемлекетаралық тәртібінің дерек көзі ретінде атап көрсетеді: мемлекеттердің егемендік қағидасын жалпы қабылдау болып табылады. Вестфалия шарты князьдердің өздерінің мүдделерінің негізінде ғана әрекет ету құқығын мойындады. Билеушілердің дөрекі билігі мемлекеттің ішінде бір-бірінің жеке жетістіктерінің үнемі соңынан қудалап жүрген ашкөз адамдарды бақылауда ұстайды, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастар тұрақты қақтығыспен сипатталады, өйткені, олардың өзара әрекеттесуін реттейтін жоғарғы жүйе жоқ болып табылады.

Егер соғыс егемен мемлекеттер арасындағы өзара тәуелді қатынастардың нәтижесі болса, соғыс мемлекеттердің егеменді белгілерін, атрибуттарын жою арқылы жойылуы мүмкін. Еуропа мемлекеттері өздерінің егемендігінен бас тартып, оны аса жоғары федералды органға енгізген жағдайда ғана бейбітшілікке қол жеткізе алады. Егер мемлекет мемлекеттер арасында әлеуметтік келісімшарт жасаса, соғыс тоқтатылуы мүмкін, яғни, егер олар «ол мемлекеттерді өздерінің жеке мүшелерін біріктіріп, басқалары заңмен қарастырылған ұлттарды біріктіретін федералды үкімет нысанын» құрған жағдайда тоқтатылуы мүмкін болып табылады (564 б.).

Соғыс және бейбітшілік туралы мәселені қарастырған барлық әлеуметтік келісімшарт философтары осындай шешімге келді. Руссо айрықшаланды, дегенмен ол келе-

шекке беттеді. Басқа да ағартушылық ойшылдар ақыл парасат адамның жалпыға ортақ қасиеті болып табылады деген болжамға негізделді, еркіндік пен құқық әмбебап саяси құндылықтар болып табылады деді. Мысалы, Аббе Сен-Пьердің айтуынша, барлығы ақыл парасатқа ие болғандықтан және бостандық пен құқықты жүзеге асыруға ұмтылуға тырысатындықтан, мемлекеттегі және мемлекеттер арасындағы басқа келісім үлгісіндегі жеке тұлғалар арасындағы бекітілген әлеуметтік келісімшартты репликалау мүмкін болып табылады. Ең бастысы, әдет-ғұрып, дін, хаттар, тіл, заңдар және сауда-саттық секілді ортақ нәрселер көп болған мемлекеттері бар Еуропада болуы мүмкін. Бұл келісімшарт мемлекеттерді қазіргі уақытта өздері бар болып табылатын табиғаттың шиеленіскен жағдайынан алып шығады және әлемдік федерацияны құрады.


Руссо бұл ұсыныспен келіспеді. Ол оның бір рет қана орындалатындығына күмән келтірмеді, Еуропаның княздері мен халықтары өз артықшылықтарын бірден «керемет, айқын, бұлтартпайтын» деп табады деген тұжырымға саяды. «Еуропаның осы ынтымақтастығы бір күн бойынша ғана» деп түсініңіз, - деп жазды ол және «сіз оның мәңгілік сақталатындығына сенімді бола аласыз; адамның өз пайдасын барлық игіліктерден табуға болатындығына көз жеткізуге болатын еді» (1964, 591 б.). Дегенмен Руссоның ұсынысы адамның рационалдылығы туралы негізгі болжамына наразылық білдірді. Адам үшін ол тек ықтимал рационалды. Іс жүзінде олар өздері өмір сүретін қоғамның жемқорлыққа ұшырағаны соншалық, олар өздерінің мүдделерін мойындай алмайды.

Сен-Пьердің пайымдауынша, Еуропа корольдері өздерінің дәйектелген дәлелдерін қарастырғаннан кейін, олар оған келіседі. Руссо оған күмән келтіреді, оның себебі Аббаның схемасының жеткіліксіздігіне байланысты емес, ол соншалықты жақсы және ақылға қонымды болғанына байланысты, «оны күлкі қылғаннан гөрі, оған жауап берудің басқа әдісін білмейтіндігіне» байланысты адамзат ырқынан шығарылады. Аббаның жобасы іске аспай қалады, өйткені патшалар өздерінің шынайы қызығушылығын білмейді, олар ақылға қонымды дәлелді тани алмайды. Ақыл парасаттың дауысын тыңдағаннан гөрі, олар әдетте құмарлыққа сай әрекет етеді. Қазіргі заманғы саясаттың жемқорлық ортасында, «саясатта мораль сияқты, нақты және анық қызығушылық арасындағы айырмашылықты білу» қасиетінен адамзатты айырды (592 б.). Егер Аббаның жобасы іске асырылмай қалса, онда «бұл утопиялық, құр қиял болғандығы» үшін емес, оның себебі адамдардың кемелденбегендігінен, санасыз әлемде ақыл-парасаты жоғары болудың өзі санасыздық болып табылады» (1964а, 589 б.).

Еуропалық федерациялар ырқынан айырылған адамдардың әлемінде ешқашанда бірден келісім жасамайды. Егер ол орнатылса, бұл күшпен ғана жасалуы мүмкін. Еуропа федерациясы тек қана бір мемлекеттің тұтас континентті әскери түрде жаулап алуына және басқа да маңызды мемлекеттердің егемендігін қару-жарақпен тонап алған жағдайда ғана құрылуы мүмкін еді. Бұл жеңіске қол жеткізілгеннен кейін жеңімпаз бұл теңдесі жоқ егемендікті бірыңғай, ұлттық органдардан жоғары тұратын заң шығарушы органмен алмастыруы тиіс, ол кезкелген басқа мемлекетті өзінің жалпы шешімдеріне бағынуға мәжбүр етуі мүмкін.

Бұл келеңсіз екенін дәлелдеу үшін Руссо Еуропалық федерация арқылы ұзақ мерзімді бейбітшілікті орнатудағы бұрынғы жасалған әрекет туралы айтады. Француз королі Генрих IV және оның сенімді министрі, герцог де Сулли, он жетінші ғасырдың бастапқы кезеңінде христиан ынтымақтастығына арналған жоспар жасаған болатын. Олар Генрих IV 1610 жылы өлтірілген кезде осы жоспарды жүзеге асыру үшін кең көлемді, ұзаққа созылған және егжей-тегжейлі дайындықтар жасады.





**5.1-сурет.** Он сегізінші ғасыр авторлары мен олардың жұмыстары

«Аббе де Сен-Пьер Генрих IV саясатын жандандыруға және бейбіт жолмен христиандық ынтымақтастықты құруға тырысты», - дейді Руссо. Дегенмен Абба екі қателік жазады. Біріншіден, оның меншіктен айыру туралы теориясы жоқ болғандықтан, Еуропаның патшалары өз еріктерімен оның ұсынысын қабылдайтындығына сенуі аңғалдық болды. Екіншіден, оның тарих теориясынан хабары болмады, сондықтан еуропалық саясат Генрих IV дәуірінен бастап дамығандығын және Еуропаның бірігуі Вестфалия алдындағы табысқа жетуге жақын болған (күшпен) сәтінде сәтсіздікке ұшырағандығын түсінбеген еді<sup>10</sup>. Егер, тіпті Аббаның ұсынысының артықшылығын түсінетін болса да, Генрих IV жолымен жүруге және Еуропаны күшпен біріктіруге тырысқан мықты билеуші болған жағдайда да ол жеңілетін еді. Оған 1648 жылы Вестфалиядағы біріктірілген билік балансы қағидасы кедергі болды. Әмбебап монархияны құрудың орнына, ол сәтсіздіктің жоғары ықтималдығын ескере отырып, Еуропа федерациясын құруға қажетті болып табылатын керемет күшке ие болды. Осындай теңдессіз масштабтағы соғысты бастау нәтижесінде Еуропаның жойылуы мүмкін еді. Руссоның айтуынша, ең соңында «Еуропаның лига-

сы соншалық қажет немесе қорқатын нәрсе ме еді? Мүмкін, ол ғасырлар бойы қорған болғаннан гөрі сол бір сәттің өзінде ғана көп зиян келтірер еді» деген сауалға жауап іздеді (1964b, 600 б.).

## Ғасырдың пікірі

Он жетінші ғасырда табиғи әлем адамның ақыл-парасатымен жүйелі түрде мұқият зерттелген нысанға айналды. Бэкон, Галилей, Декарт, Гоббс және басқалары әлемді тануға және игеруге жетілдірілген әдістерді ойлап тапты. Бұл «ғылыми революция» ағартушылықтың құрсағы болды. Он жетінші ғасырдың ғылымы туралы түсінік он сегізінші ғасыр философтары арқылы дамыды. Олар адамның ақыл парасатының шексіз әлеуетін атап көрсетті (Кант, 1949a). Олар дәстүрге шүбәмен қарады, ақыл парасаттың күшіне сенімді болды, табиғаттың жүйелілігіне көз жеткізді. Олар өздерін енді құдайлардың қызметшілері мен аудармашылары ретінде емес, өздерін үміткерлер, тіпті алмастырушылар ретінде көрді. Олардың кейіпкерлері - аспан өртін ұрлап, жерге алып келген Прометей, немесе өзінің жанына қауіп-қатер төндіргеніне қарамастан білім, ақиқат және билікке ұмтылған Фауст болып табылады.

Ағартушылық идеялардың таралуы технологиялық және әлеуметтік инновациялармен қамтамасыз етілді. Қағаздың жаңа түрлері мен басып шығару технологиясындағы жетілдірулер, мысалы, кітаптар мен брошюраларды шығаруды жеңілдетіп, бағасын арзандатты. Баспа өнімі дамып келе жатқан деңгейде шығарылып, қоғамда барлық танымал басылымдары арасында жиі таратылды. Сол дәуірде жаңа автордың пайда болу көрінісіне куә болды; сол ғасырда қаламымен өмір сүрген танымал публицист – Франциядағы Вольтер, Дидро және Руссо; Британиядағы Свифт, Дефо, Годвин және Юм. Олардың кейбіреулері үлкен табысқа ие болды және «*Адамзат құқықтары*» бірден сәттілікке ие болған Томас Пэйн сияқты үлкен саяси ықпалға ие болды. Бұл 1791 және 1792 жылдары екі тараумен пайда болған Англия мен Америкадағы ең жақсы бестселлер болды. Аудармасы француз, неміс және голланд тілдерінде жылдам аударылып, халыққа ұсынылды (Кин, 1996, 305 б.).

Басылым алғашқы жыл ішінде жүздеген мың дана болып, түрлі тілдерде бүкіл Еуропа бойынша таратылды (Уалкер, 2000, 55 б.). Ағартушылық идеялардың таралуы жаңа әлеуметтік институттардың пайда болуына мүмкіндік берді. Францияда зиялы қауым мен ғалымдар бағыл пікірталас, әңгімелесу және әлеуметтену үшін элита форумынсалон құрды. Британия мен Нидерландыда барлар, клубтар мен кофеханалар пайда болды. Шотландияда Глазго, Абердин, Сент-Эндрюс және Эдинбург қалаларының ежелгі төрт университетіндегі ғылыми қоғамдардың елеулі тұрғыдан өсуі орын алды. Жаңа идеялар дерексіз дау-дамайлар мен академиялық біртұтастық тудыратын Парижде қарағанда Шотландия бауырмал және кооперативтік ортамен қамтамасыз етті. Жаңа идеялар прагматикалық рухта талқыланды. Талқылаулар Шотландияның діни теноры секілді болды. Ньютонның аспан денелерін есептеуі құдайға шақыру ретінде қарастырылмады; керісінше, олар оның даналығы мен құдіреттілігін дәлелдейді. Осылайша, он сегізінші ғасырдың басында шотландтық ғалымдар Ньютонның Математика қағидасы еңбегін құрметтеп, қызыға зерттеді. Олар, сондай-ақ Локктың «Үкіметтің екі трактаты» еңбегін және «Адамзаттың түсінігіне байланысты» эссесін оқыды; мұның барлығы білім беру, зерттеу және өнеркәсіпті қалай жақсартуға болатынын прагматикалық тұрғыдан қарастырады.

Шотландияға ағартушылық пікір қатты әсер етті. Он сегізінші ғасырдың екінші жартысында шотландиялық университеттер *«Табиғи философияның»* тәжірибелік өрісінде ілгері дамыды. Сондай-ақ, олар «Моральдық философия» пәнін бастады, Фрэнсис Хатчесон (1755) оны этика, юриспруденция, экономика және саясаттың үйлесімі ретінде ұсынды.

Эдинбургтегі университеттің Хатчесон студенттерінің арасында Дэвид Юм мен Адам Смит болды. Олар өте жақын дос болды. Бір-бірін мақтан тұтты және біріне-бірі ықпал етті, «Шотландиялық ағартушылықтың» ықпалды өкілдеріне айналды. Олар Монтескье және Вольтер сияқты француз ойшылдарын мақтан тұтты. Юмның Руссо туралы пікірі жоғары болды. Смитке Кенэ терең ықпал етті. Екеуі де тепе-теңдік қағидасы әлеуметтік қарым-қатынастарды барлық жерде реттейтін болса, қандай жер болса дарационалды адамдарға еркін әрекет етуге рұқсат етілген деген мәселемен айналысты. Дегенмен, екі автор да тепе-теңдіктің нақты механизмдерін қалдырды.

Смит, еске түсіре кетейік, Глазго қаласындағы университеттің моральдық философия профессоры болды және осы салада екі негізгі кітап жазды. Біріншісі, «Мораль пікірлері теориясы» [1759] этика және юриспруденция пәндеріне кіріспе болып табылады және Глазго курсының алғашқы жартысынан бастап мораль философиясына байланысты дәрістерге көп көңіл бөлді. Екіншісі, «Ұлттар байлығы» [1776] - бұл оның курсының екінші бөлігінде айтарлықтай кеңейтілген экономика мен саясат туралы пікірталас болып табылады. Екі кітап та «көрінбейтін қолдың» нәтижесі ретінде әлеуметтік тәртіпті ұсынады. Олар бірге оқылуы керек. Егер олар Юмнің эсселерімен бірге оқылатын болса, онда оның ешқандай ықпалы болмайды.

Юм публицист болды. Ол ешқашан мұғалім болмаған, тәуелсіз эссе жазушы және тарихшы болды. Ол әлеуметтік тәртіп себептерін талқылаған эссе жазды, бірақ ешқашан құдайға, табиғи заңға немесе көрінбейтін қолға негізделмеді. Керісінше, оның дәлелдері әлеуметтік эволюция идеясына негізделген болып табылады. Ол үкімет пен мемлекеттердің пайда болуын және мемлекеттік қарым-қатынастардың дамуын талқылады. Руссомен және Хатчесонмен рухтанған Юм мемлекеттер адамның өзара әрекеттесуі арқылы уақыт өте келе дамып келе жатқан әлеуметтік құрылымдар екендігін айтты. Мемлекеттер бір-бірінің арасында белгілі бір тәртіпті ұстанады. Дипломаттар әділетті ережелерді қалыптастыра отырып, мемлекетаралық өзара іс-қимылды реттейді және осы ережелерді дипломатиялық кодтар мен халықтардың заңдарына байланысты рәсімдейді. Олар сондай-ақ билік балансы қағидасына негізделген саясат арқылы тәртіпті негізге алады<sup>11</sup>.

Он сегізінші ғасырдың соңына қарай халықаралық теорияға үлес қосқан шотландиялық тарихшы Уильям Робертсон (1721-93) болды. Ол, сондай-ақ, Еуропалық институттағы билік балансына ерекше назар аударады. Оның дерек көзін Италияда орналастырды. Ол оны Ренессанс өнімі және оның айрықша «саяси ғылымы» ретінде қарастырды. Италияндықтар, ол жазғандай, жалпы бостандыққа сәйкес келмейтін кез келген монархтың билік дәрежесіне дейін жоғарылауына жол бермеу әдісін тапты және қазіргі заманғы саясатта осы ұлы құпияға қатысудың және Еуропа мемлекеттері қалыптасатын жүйенің барлық мүшелерінің арасында биліктің дұрыс бөлінуін сақтаудың маңыздылығын атап көрсетті (Робертсон, 1896 [1769], 120 б.).

### *Еуропадағы ағартушылық көріністер*

Ағартушылық дәуірінің ғалымдары мен теоретиктері классификациялық кестелер-

ге және таксономияларға бағдарланған он жетінші ғасырды сақтап қалды, оның ішінде Исаак Ньютонның механикалық әлемі кульминациялық өрнек болды. Он сегізінші ғасырдағы симметрияның көрінісі өнердің, ой-пікір мен адамның білімінің барлық салаларына ықпал етті. Олардың симметрия туралы көзқарасы ғасырдың үлкен архитектурасында, сондай-ақ, Марлбородағы Бленхейм секілді Версальдағы Людовик XIV көрініс табады. Ол жеке меншік бакшаларының керемет геометриясында көрініс тапты. Он сегізінші ғасырдың музыкасында, Иоганн Себастьян Бахтың фугаларында, сондай-ақ, Джозеф Гайднның сонаталарынан да табуға болады. Рейнольдс картиналарын, Дефо, Свифт және Филдинг романдарын ұйымдастыру қағидасын ұсынды. «Білім ағашы» арқылы жарқырап, Ефрем палатасы *циклопедиясын* және Дидро мен Даламбердің энциклопедиясын ұйымдастырды. Шведтік ботаник Карл фон Линненің екілік таксономиясын ұйымдастырды.

Ұлыбританиядағы табиғи үйлесім үшін маңызды болып табылатын Людовик XIV соғыстарының басында Ричард Кумберленд арқылы жазылған еркін жеке тұлғалардың өзара әрекетінің ықпалды дәлелі бар. Ол рационалды жеке тұлғалар қоғамында адамгершілік мінез-құлық үшін табиғи сый-сияпаттар бар деп мәлімдеді және барлық азаматтар бір-біріне мейірімділік және төзімділікпен әрекет етеді деп атап өтті. Еркін өзара әрекеттестіктің табиғи үйлесімінің тағы бір танымал дәлелі соғыс соңында Бернард де Мандевильмен жазылған (1670-1733). Өзінің Аралар туралы мысал әңгімесінде: немесе жеке нұсқауында (1924 [1714]), Мандевильдің пікірінше, ең көп зиян келтірген көне моральдық кодексіндегі кемшілік, барлық адамдар тәжірибеде қолданатын болса, ең үлкен қоғамдық игіліктегі нәтижені береді. Өзімшілдік және ашкөздік мінез-құлық еңбекқорлыққа, экономиканың өркендеуіне және ұлттық байлыққа ықпал еткен қасиеттер болды. Мандевильдің жаңа моральды және сол дәуірдегі экономикалық философияны ескере отырып, бұл себептерді ары қарай кемшіліктер деп қарауға болмайды дегенге саяды.

Континент бойынша әлеуметтік ойшылдар он сегізінші ғасырда осы мәселеге өзгерістер енгізді. Еркін дербес қарым-қатынастың үйлесімділік көрінісі француз экономисі Франсуа Кенэннің (1694-1774) жазбаларында айқын көрініс табады. Жан Батист Сэй (1767-1832) нарықтық тепе-теңдік теоремасын әзірледі, өндіріс процесі өндірілген тауарлар нарығын туындатады және кез-келген ұсыныс өз сұранысын тудырады, кез келген өнімді экономика тепе-теңдікте қала береді. Адам Смит ұлттар байлығындағы өзіндік үйлесімді экономиканың классикалық көрінісімен жасаған кезде олардан ерекше шабыттанды [1776]:

Әрбір адам ішкі өнеркәсіпті қолдау мақсатындағы іс-әрекетке өз капиталын көбірек қолдануға тырысады және сол салаға оның өнімдерін бағыттау аса құнды болуы мүмкін; қоғамның жыл сайын алатын табысына жету үшін шамасы келгенше әрбір адам міндетті түрде жұмыс істеуге міндетті болып табылады. Ол, шындығында, қоғамдық мүдделерді насихаттауға ниеттенбейді, оны қаншалықты дамытатындығы туралы да білмейді... Тек өз пайдасына жетуге ғана тырысады және ол көптеген жағдайларда, көзге көрінбейтін қолымен оның ниетінің бір бөлігі емес болып табылатын соңғы нәтижеге нүкте қойғысы келеді (Смит, 1976, 456 б.).

Еркін, дербес өзара әрекеттесудің табиғи үйлесімі туралы осы көрініс экономикада шектелмеген; ол да саясатты талқылауға ықпал етті. Бұл Жан Жак Бурламакидың үкіметтегі өкілеттіктерді бөлу туралы дәлелінде көрініс тапқан; Монтескьенің Құқықтар рухы кеңінен жетілдірілген дәлел болып табылады (1990[1748]). Монтескьенің айтуын-

ша, егер мемлекет бостандықты қаласа, ол үкіметтің жоғарғы саяси билігін үш тармаққа бөлуге тиіс: заңнамалық, атқарушы және сот жүйесі. Егер, бұл үш тармақ бір-бірінен тәуелсіз әрекет етсе, әрқайсысы басқалардың саяси беделін нығайтуға әрекет етеді, осылайша қоғамның жалпы үйлесіміне кепілдік береді және өз азаматтарының бостандығын арттырады (Монтескье, 1990, 68-75 б.).

### *Американдық өзгерістер – Кальвин мен Гоббс арасындағы ағартушылықтың үзілуі*

Америка бірегей болды, қуатты патшалардың жеңіске жетуіне ғана емес, сонымен бірге Американың солтүстік-шығыс жағалауындағы ағылшын отарларына қоныс аударған қарапайым адамдардың Американың барлық аудандарында тұрақты түрде кеңейіп, барлық бағыт бойынша таралуына мүмкіндік туғызды. Олардың көпшілігіне Америкадағы еркіндік пен бақытқа қол жеткізуіне уәде берді. Басқалары Еуропадан кедейлік пен қуғын-сүргінге ұшырағандығы үшін шығарылған еді.

Он сегізінші ғасырдың соңғы онжылдықтарында отаршылдар ағылшын патшалығы әділетсіз қарады деп, бүлік шығарды. Ағылшын үкіметі әскери репрессиямен жауап берді. Дегенмен кейбір ағылшындықтар көтеріліске түсіністікпен қарады. Олардың бірі Эдмунд Берк болды. 1775 жылдың көктемінде колониялар мен туған елі арасындағы шиеленіс артқан кезде, Берк парламентте сөз сөйлеп, өз үкіметін американдықтарға қарсы күш қолданудан бас тартуға шақырды. «Ол американдық көтеріліске әкеп соқтырады», - деді. Британдық үкімет колониистермен келіссөздер жүргізіп, оларды басып тастамауы керек, деп Берк (1999) талап етті. Америкалықтар репрессияға қарсы тұра алады, өйткені олар өз құқықтарын жоғары бағалайды және оларды басуға тырысқан кез келген әрекетке қарсы шыға алады. Нәтижесі ағылшын патшалығы үшін біркелкі емес және қымбатқа түседі. Бұл саяси тұрғыдан қымбатқа түседі, себебі ағылшындар әділетсіздікке қарсы күреседі. Бұл қаражат жағынан қымбат болады, себебі ағылшындар бүкіл әлем бойынша жарты жолға созылатын жеткізу желілеріне сүйенеді. Америкалықтар құқықтар мен бостандықтарды әділетті қорғауға байланысты үйде күресетін болады.

Либерализмнiң негiзгi мiндеттемесi қоғамға қарағанда рационалды адам болып табылады. Либерал үшiн әлеуметтiк саясаттың негiзгi мақсаты автономия мен адамның еркiндiгiн арттыру болып табылады. Ең жақсы қоғам рационалды жеке тұлғаға ең үлкен бостандыққа ие болуға мүмкiндiк бередi. Жеке тұлғаға Адам Смит сияқты саяси экономистер атап көрсеткен себептер бойынша үлкен автономияға мүмкiндiк берiлуi мүмкiн: олардың ерекше мүдделерi бай, бақытты және бейбiт қоғам құра отырып, үйлесiмдi түрде үйлеседi.

Төртiншi iргетас жеке меншiк болып табылады. Жеке меншiк арқылы адам жеке мақсаттарына ұмтылады және осылайша өз даралығын түсiнедi. Жылжымайтын мүлiк адамды жұмысқа ынталандырады; және еңбек ету арқылы адамның өзi ғана байымайды, қоғамды да байытады.

XIX ғасырдағы либерализмнiң дамуына үлес қосқан көптеген теоретиктерден бiрнешеуi ғана Джереми Бентамға (1748-1832) қарағанда көбiрек ықпал еттi. Бентамның теңдiк, рационалдылық, еркiндiк және меншiк деп аталатын негiзгi либералды тақырыптарына экономикалық тиiмдiлiктiң және қызығушылықтарының үйлесiмi ұғымдарын қосады. Бентамның ашық қоғамдағы қарапайым адамға, халықтың демократиясына, еркiн сауда-саттықтағы жалпы үйлесiмдiлiкке деген сенiмi оның «iзгiлiк» деген көне ұғымын «бақыт» атты ұғыммен анықтау болып табылады, «бақыт» ұғымын анықтау адамның әдетiнiң нәтижесi ретiнде «ғанибетке жетудi арттыру және азаптануды азайту» болып табылады. Әрбiр адам рационалды тұрғыдан бақытты болуға ұмтылған сайын, ол автоматты түрде жақсылық жасауды жүзеге асырады. Қарапайым адам «мазмұндық мәнi рационалды түрде анықталғанда табиғаттың моральдық заңына сөзсiз сәйкес болады» (Карр, 2001, 23 б.). Егер, әрбiр адам ғанибетке жетудi арттырып және азаптануды азайтатын болса, нәтижесiнде «ең үлкен бақыт жоғары мөлшерге» жеткiзедi.

Адам Смит жеке тұлғаның жеке мүддесі мен қоғамның игілігі арасындағы байланысты дәйектеді. Бентам екеуінің арасындағы қарапайым және логикалық байланысты қамтамасыз етті. Бентам Смиттің «көрінбейтін қолын» басқаратын әлеуметтік тетікті ашты. Жақсы нәрседен жаман нәрсені ажыратудың жалғыз талабы бақыттың қайда орналасқандығын түсіну болып табылады. Бұл жақсылық ұғымын «философиялық спекуляция мәселесінен шығарып қана қоймай, жай қарапайым мағынада» қарастырылатын етті (24 б.). Бентам сондай-ақ экономика және саясат саласының арасындағы айырмашылықты анықтады. Бентам үшін экономикалық тәртіп тауарлар мен қызметтерді өндіру, сатып алу, бөлу және тұтыну болып табылатын жеке іс-әрекеттер саласы. Ол табиғи заңдар мен табиғаттың іргелі үйлесімінде жұмыс жасайтын ашық түрде басқару саласы болып табылады. Бұл саяси билік аз деңгейде жүйенің автоматты операциясына кедергі келтірген кезде адамзат қоғамына өзін-өзі теңестіруге және өз қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Керісінше, саяси тәртіп жалпы шешім қабылдау болып табылады, билікті жасау, билікке ықпал ету және билікті жүзеге асыру. Саясат табиғи заңдарға бағынбайды: бұл қоғамдық бақылау манипуляция, сыбайлас жемқорлық, қақтығыстар, жанжалдар және кейде күшті репрессия арқылы жүзеге асырылатын жабық сала болып табылады<sup>2</sup>.

Халықаралық істер бойынша либералды көзқарас Бентамның «*Әмбебап және мәңгілік бейбітшілік жоспары*» еңбегіне негізделген (1843а [794])<sup>3</sup>. Бұл негізінен экономикалық жол болып табылады, отаршылдықтың еркін саудаға, демек, халықаралық тұрақтылық пен бейбітшілікке қол жеткізуге кедергі болатындығы туралы айтады. Отаршылдық күштері өздерінің колонияларын және саудасын қорғау үшін күшті флотты қамтамасыз етуге мемлекеттерді мәжбүрлейді. Өйткені, сауда көлемі қандай да бір сәтте қол жетімді капитал мөлшерімен шектеледі, ұлттық капитал әскери-теңіз күштерімен неғұрлым байланысса, өнімді инвестициялар соғұрлым қол жетімді емес болып табылады. Егер Еуропа халықтары шетелдік мүліктерден бас тартса, олар үйдегі, сондай-ақ колониялардағы қақтығыстарды азайтады. Олар ұлттық капиталды отандық өнеркәсіптерге және шетелдік саудаға инвестициялау үшін босатып, өздерінің әскери күштері мен үкіметінің мөлшерін азайтатын еді. Шын мәнінде, Еуропа шетелге тәуелді болмаса, бейбіт және бай Еуропа болар еді. Сонымен қатар, оның колониялары да дамитын еді (Бентам, 1843b, 546-9 бет, Айрас, 1978, 432 б.).

Империялардың бөлшектелуі еуропалық саясатты оның отаршылдық алдындағы жағдайына қайтарады, - дейді Бентам. Отаршылдық күрес болмаса, халықаралық қақтығыс оңай басқарылатын пропорцияларға дейін төмендейді. Халықаралық қақтығыстың төрт негізгі себептері, феодализм «барлық жерде бақытты түрде жойылған» дегенге саяды. Діни қақтығыс пен жаулап алу құмарлығы «дерлік барлық жерде» жойылып, олар әлі күнге дейін сақталған жағдайда, оларды жалпы юстиция соты немесе мемлекеттер конгресі оңай басқара алады. Мұрагерлік құқығының белгісіз болуы негізінен, өркениетті саясаттан алынып тасталады, егер олар ушығатын болса, олар мемлекеттер конгресі арқылы оңай басқарылады деп жазады Бентам. Қақтығыстардың төртінші себебі, отаршылдық сақталады. Бірақ, отаршылдық империялар бөлшектелінген жағдайда адамзат тарихында жаһандық бейбітшілік тұңғыш рет мүмкін болатын еді (Бентам, 1843, 552 б.).

«*Мемлекеттер конгресі идеясы*» көптеген ежелгі авторлар Дюбуа, Крюс, Салли, Сен-Пьер арқылы талқыланады. Бірақ, Бентам талқылауға жаңа өлшем енгізеді. Оның айтуынша, жазалау күшін мемлекетаралық қатынастардың реттелу үдерісінде қолдану орынсыз. Оның мемлекеттер конгресі «ешқандай мәжбүрлі күштермен қаруланбауы

керек еді», бірақ адамның ақыл парасатының күшімен ғана қызмет атқаратын болады. Конгрестің қаулыларының санкциясы үшін қуатты құрал «қоғамдық пікір трибунасы» болды деді ол. Әлемдік жұртшылық әділетті және ақылға қонымды шешім қабылдау үшін әлем азаматтарына мемлекеттер арасындағы дау-жанжалдар туралы ақпарат еркін және тұрақты түрде толық қолжетімді болуы тиіс. Демек, мемлекеттердің конгресінің міндеті оған дейін ұсынылған барлық мәселелерді кеңінен хабарлау ғана емес, ол сондай-ақ «әрбір мемлекеттегі баспасөздің еркіндігіне кепілдік беретін» тармақ бойынша жұмыс жасауы қажет.

Адамның ақыл-парасатының еркін жұмысындағы баспасөз бостандығының негізгі рөлін мойындау және әлемдік бейбітшілікті қолдағаны Бентамға құпия дипломатияны жоюдағы өзінің танымал дәлелін қалыптастыруға жетеледі. Құпиялылықтың жария болмауы монархтарға, министрлерге және әскери қызметкерлерге өздерінің баюы үшін сыртқы келіссөздерді пайдалануға мүмкіндік береді, - дейді ол. Осы үдерісте олар ұлт саясатын бұрмалап, әлемді тек аздаған элитаға қызмет ететін соғыстарға жетелейді. «Бүгінгі құпиялылық жүйесі бойынша әрбір азғыру министрлерді бұрыс әрекетке апаруға жетелейді, алайда олар оны олардан аулақ ұстауға тырыспайды, тексермейді» (556 б.).

Бентам халықаралық қатынастарды зерттеуде маңызды тәсілдер бойынша ықпал етті. Біріншіден, ол өзінің дискурсында өшпес із қалдырды. Ол «халықаралық құқық» терминін құрастырды, осылайша бір жағынан мемлекет ішіндегі үкіметке арналған заңдарды, ал екінші жағынан егемендік мәмілелерін жасау үшін арналған заңдарды ажыратады. Бұл «халықаралық қатынастарды» зерттеу шекарасын анықтады.

Сондай-ақ, Бентам саясат пен экономиканы айыра отырып, халықаралық саясаттың либералды көзқарасына терең ықпал етті. Отандық қоғамда либерал үкіметтің экономикалық істерден аулақ болуын қалайды; ол үкімет рөлін заңнамаға, құқық қорғауға және сот шешімдерін қолдануға байланысты шектейді. Мемлекеттер қоғамында, керісінше, ешқандай үстемдік жасайтын үкімет жоқ, сондай-ақ табиғаттың өзін-өзі теңестіруші заңдарына бағынудың экономикалық тәртібі жоқ. Әлем елдері саясат пен экономика әлі де сараланған әрекеттерге айналмаған табиғат жағдайында бар болып табылады.

Либералдық мемлекет қайраткері осы дифференциацияны, яғни саралауды жасауы тиіс. Оның міндеті – заңдардың, құқық қорғау және сот шешімдері қызметі халықаралық деңгейде жүзеге асырылатын мемлекеттердің сот немесе конгресс жүйесін құру. Конгрестің басты функциясы – әлемдік экономиканың жұмысын табиғи құқық қағидаларына сәйкес жүзеге асыру - бір сөзбен айтқанда, отарлық және протекционистік тәжірибелерді еркін саудамен алмастыру болып табылады.

### *Радикализм және әлемдік деңгейдегі күрес*

Сыншылар адам рационалды жаратылыс болып табылады деген либералды аксиомадағы мәселені қарастырды. Консерваторлар мен радикалдар адамның рационалды болумен қатар құмарлыққа бейім жаратылыс екендігімен келісті. Бұл оның бейнесін қалыптастыратын үлкен қоғамның бөлігі болып табылады; бұл қоғам, өз кезегінде, тарихи эволюцияның органикалық өнімі болып табылады.

Радикалдар, әдетте, өздерін халықаралық қозғалыстың мүшелері ретінде санады және соған сәйкес халықаралық өзара әрекеттесудің тұжырымдамалары мен теорияларын дамытты. Олар адамды жетілдіруге байланысты қоғам трансформациясына қол жеткізуге үкіметтің қолданыстағы жүйесіне қарсы төңкерістің қажеттілігіне назар аударды. 1789

жылы француз революциясы сол жақ қанатты радикалды теоретиктер үшін заманауи оқиға болды.

Францияда Сен-Симон және Фурье сияқты авторлар радикалды идеяларды қалыптастырды. Англияда олар Годвин, Прайс, Оуэн және чартист қозғалысы секілді радикалды ұйымдардың мүшелері арқылы көрініс тапты. Бұрынғы радикалдар осындай жинақтауды мүмкін еткен әлеуметтік және экономикалық жүйелерді айыптай отырып, соғыс жеке меншіктің кең түрде жинақталуының функциясы болып табылатын жалғасып келе жатқан мәселені дамытты. Радикалды интернационализм 1830 және 1848 жылдар арасындағы континенталды көтерілістер арқылы күшеюіне себеп болды. Сол ғасырдың ең ықпалды радикал теоретиктері, Карл Маркс және Фридрих Энгельс, әлеуметтік теңсіздікті және адамдарды иеліктен шығару – бұл еңбек бөлінісінің әлеуметтік бөлігінің нәтижесі екендігін айта отырып, Руссоның түсініктерін кеңейтіп, таралуына себепкер болды.

Ағартушылық радикалды идеологияның негізгі дерек көзі болды. Саясат пен экономикадағы қосарлы төңкеріс күш-жігерді нығайтты және ағарту жобасының энергиясын оппозициялық режимге айналдыруға қайта бағыттады. Сол ғасырдағы сол жақ қанат радикализм дәлірек айтқанда, идеологияға қарағанда «көтерілісшілердің насихаттауы» немесе «ақыл парасаттың оппозициялық мемлекеті» деп аталады, сонымен қатар ол нақты «жақсы қоғамға» арналған нақты жобалар жасайтын нақты философиялық ядроға ие болып табылады. Радикализмнің негізгі аспектілері: «рационализм», «сыни талдау», «статус-кво» (оның ішінде жеке меншікке деген дұшпандық қарым-қатынас), «саяси белсенділік» және «тарихи прогреске» деген сенім.

Алғашқы және ең іргелі радикалды болжам ағартушылық адамның табиғи мәні бар екенін, олардың жаратылысынан табиғи ақыл-парасатқа ие екендігін және соған сәйкес бостандыққа деген табиғи құқығы бар екендігін білдіреді. Адамдардың жаңа, жақсы және әділетті қоғам құруда әлеуметтік және материалдық орта мен әлеуетті түсіну қабілеті бар.

Бірақ, егер адамдар жақсы және рационалды болса, онда адам баласы нашар жағдай деп есептеуге болатын жағдайды қандай жағдай деп қарастыруға болады? Руссо осы мәселеге 1750 жылдары радикалды жауап беру барысында екі негізгі элементті қалыптастырды және олар радикализмнің екінші іргетасына дейін қарастырылуы қажет. Біріншіден, адамдар туған кезде толық дамыған ақыл-ой қабілеті болған жоқ; оларда ақыл-парасатты дамытудың потенциалы бар, даму олар өздері бар болып табылатын қоғамдағы табиғатына тәуелді. Екіншіден, қоғамды жемқор деп қарастырады, егер жеке тұлғалар жемқор қоғамда дүниеге келсе, олардың жаратылысынан табиғи ізгі ниеттілігі бұзылады және рационалды қабілетінің дамуы артта қалады. Радикалды теория жеке меншікті қоғамдағы ықпал студің ең нашар түрі ретінде атап көрсетіледі. Руссо (1950а, 279 б.) меншік құқығы адамдардың жанының және құмарлықтарының әсерінен «олардың табиғатын өзгерткенін дәйектегенше біртіндеп нашарлай береді», - дейді. Годвин (1985, 436 б.) жеке меншіктің жинақталуы әрқашан билікті асыра пайдаланумен, қыңыр саясатпен, жеке қолайлылық және материалдық жемқорлықпен байланысты деп жазады. Маркс пен Энгельс жеке меншіктің әсерінен адамдар өздерінің шынайылығынан алыстап кететіндігін айтады (Межцарос, 1970). Жалпы алғанда, адамдар тек қана потенциалды рационал болып табылады және олардың мүмкіндіктері жақсы қоғам контекстінде ғана толыққанды жүзеге асырылады, бұл жеке меншіктің шектеусіз тұрғыдан жинақталуы жойылатын қоғам болып табылады.

Сол жақ қанат радикализмнің екінші іргетасы осы логикадан туындайды: қолданыс-

тағы қоғамдық тәртіпті сыни талдау – меншік пен саяси билік қатынастарының арасындағы тығыз қарым-қатынасты ашуға бағытталған талдау болып табылады. Қолданыстағы тәртіп адамзаттың басым көпшілігінің мүддесі есебінен шағын ғана артықшылықты элитаның тар мүліктік мүдделеріне қызмет етеді. Қолданыстағы кеңінен жобаланған қоғамдық-саяси институттар көпшілікті билеп-төстеп, адамның толыққанды потенциалға жету қабілетін жоққа шығара отырып, элитаны қолдайды.

Өйткені, басымдық тәртібі адамдардың басым көпшілігіне қысым көрсетеді, сондықтан егер олардың өмірі жақсаратын болса, оны өзгерту керек. Саяси әрекет – бұл радикализмнің үшінші іргетасы болып табылады. Радикалдар әлемді жақсартқысы келеді. Соңғы жағдайда бұл дәлел қазіргі режимнің – революциядағы құлдырау насихатына айналады. Бұл «адамзаттың жасаған жаман қылықтарының көпжылдық себебі болған саяси үкіметті таратуға» деген өтініш болатын (Годвин, 1985, 16 б.). Маркс пен Энгельс «Коммунистік манифесттің» жабылуындағы жаһандық ауқымдағы мұндай революцияны қолдады (1974 [1848]): коммунистер барлық жерде бар болып табылатын әлеуметтік-саяси тәртібіне қарсы революциялық қозғалысты қолдайды. Барлық осы қозғалыстарда олар әрқайсысының басты мәселесі, мүлік мәселесінде талас-тартысты майдан ашуға дейін барады. Олар нәтижеге әлеуметтік жағдайлардың барлығын күшпен құлдырату арқылы ғана қол жеткізуге болады деп мәлімдейді. Билеуші таптар коммунистік революциядан қорыққан жағдайды қарастыратын болсақ, пролетарийлердің өз тізбектерін жоғалтудан басқа ештеңесі жоқ. Олардың жеңіске жету ниетіндегі әлемі ғана бар.

Сол жақ қанат радикализмнің төртінші іргетасы – адамзаттың материалдық байлығы уақыт өткен сайын жақсарады деген тарихтың көрінісі болып табылады. XIX ғасыр либералдары салыстырмалы талапты қалыптастырды, бірақ радикалды көзқарас екі жолмен ерекшеленеді. Біріншіден, радикалдар материалдық байлықтың әлеуметтік сыныптар арасында тепе-тең емес және әділетсіз бөлінгендігін байқайды. Қоғамның ең бай таптары уақыт өте келе айтарлықтай жақсарғанын байқаса да, мүмкіндігі төмен кедей таптардың жағдайы жақсармайды. Екіншіден, радикалдар тарих пен саясатты зерттеуде тарихтың шешуші маңызы бар екенін атап көрсетеді. Белгілі бір оқиғаның жақсаруы немесе әлемнің жұмысшы массасының жағдайының нашарлауы оқиғаның тарихи контекстіне байланысты болып табылады. Бұл оқиғаның Стюфенгангта немесе тарихи эволюция кезеңінде орын алғандығына байланысты.

Маркс пен Энгельс 1850 жылдан кейін батыста сол ғасырдың бірінші жартысында «утопиялық социализм» ұғымын «ғылыми социализм» ұғымымен алмастыра отырып, кеңінен таралған радикализмді жаңа, айқын, тарихи тұрғыда танымдық дәйектеумен қамтамасыз етті. Коммунистік манифест жаңа саяси интернационалистік көзқарасты білдіреді. Бұл капитализмнің эксплуатациялық және иеліктен айырылу режимі саналы, ашық түрде бағынбайтын және ғаламдық жұмысшы тап арқылы ынталандырылады. Ол халықаралық саясатты егемен мемлекеттер емес, жаһандық таптар тұрғысынан қарастырады. Капиталистік экономика жаңа, шын мәнінде халықаралық жүйе болып табылады, оның маңызды аспектісі «коммуникация мен сауда-саттықты интернационализациялау, жаһандық еңбек бөлінісін дамыту және әлемдік деңгейдегі таптар күресінің пайда болуы» (Маркс және Энгельс, 1974, 73 б.). Онда адамзат қоғамы бай мен кедейлер арасында, басқарушы мен басқарылатын адамдар арасында бөлінген. Бұл бөлім екі тап арасындағы тұрақты күреске әкеледі. Бұл күрес тарих эволюциясына апаратын күш болып табылады (67 б.).

«Ғылыми социализммен» нығайтылған тарихи эволюция көрінісі Руссо мен Гегельдің



элеуметтік теорияларына негізделіп, Милл мен Рикардоның жаңа саяси экономикасымен нығайтылды. Таптар арасындағы күрес материалдық, негізінен экономикалық, күрес; ол ескі элеуметтік тәртіпті (немесе өндіріс режимін) жоятын және оның орнына жаңа тәртіпті құратын революциямен аяқталады. «Дамудың белгілі бір кезеңінде қоғамның материалдық-өндірістік күштері өндірістің қазіргі қарым-қатынасына қайшы келеді», - деп түсіндіреді Маркс. Өндіруші күштердің даму формаларынан бұл қатынастар олардың бұғауына айналады. Содан кейін элеуметтік революция өз дәуірін бастайды» (Маркс, 1975, 425 б.).

Маркс элеуметтік эволюцияны «диалектикалық материализм» деп атады. Ол заманауи ғасырдағы батыста болған өнімді күштердің жылдам дамуы тарихтағы жаңа кезеңнің ашылуына себеп болды деді. Жаңа өнімділік күштер ретінде дамыған соң көне өнеркәсіп салаларын және оларды қолдаған дәстүрлі қарым-қатынасты жойды. Осыған орай, ұзаққа созылған XVI ғасырдың ашылуы жаңа кәсіпкерлік тапқа, буржуазияға жаңадан жол ашты.

Шығыс Үндістан мен Қытай нарығы, Американың отарлауы, колониялармен сауда жасау, айырбастау құралдарының артуы, жалпы алғанда, тауарлардың көбеюі саудаға, навигацияға, өнеркәсіпке ешқашан болмаған импульс берді. Өнеркәсіптің феодалдық жүйесі өнеркәсіптік өндіріс гильдиялармен (орта ғасырдағы қолөнершілердің я көпестердің одағы) монополияланды, ол жаңа нарықтардағы артып келе жатқан сұранысты қанағаттандыруға жеткіліксіз еді. Өндірістік жүйе орын алды.

Осыған орай, бумен және техникамен өнеркәсіптік өндіріс басқарылды. Өндірісте үлкен, модемдік индустрия орын алды, өнеркәсіптік орта тапта индустриалды миллионерлер, тұтастай индустриалды әскерлер көшбасшылары, модемдік буржуа орын алды (Маркс және Энгельс, 1974, 68 бет).

Буржуазия XVII және XVIII ғасырларда дами бастады және бірнеше ерлікке қол жеткізді. Біріншіден, ол ежелгі ақсүйек қауым басқарған феодалдық дәуірден жаңа буржуазия үстемдік ететін капиталистік дәуірге көшуді сипаттаған элеуметтік революцияның күшеюіне әкелді. Революциялардың біріншісі біріккен провинцияларда, содан кейін Англия мен Францияда болды; одан кейінгі дәуір, голландтық және британдық колониализмнің артуымен сипатталды (Маркс, 1977, 914-20 б.). Екіншіден, буржуазия жалдамалы еңбектің пайда болуын қамтамасыз етті. Қызметкерлерді өндіріс құралдарынан бөліп, жұмыс күшіне айналдырып, жеке меншіксіз тап немесе пролетариатты құрды. Үшіншіден, қазіргі заманғы мемлекеттің жетекші институттарын жаулап алды, шын мәнінде, «қазіргі заманғы мемлекеттің атқарушы билігі бүкіл буржуазияның жалпы істерін басқару жөніндегі комитет» болған еді (Маркс және Энгельс, 1974, 69 б.).

Ең соңында, буржуазия, ұйымдастырушылық және зорлық-зомбылық құралдары арқылы қазіргі заманғы мемлекеттің өз иелігінде болған, бүкіл әлем бойынша өз капиталын, оның саяси әсерін және оның мүдделерін таратады.

Бүкіл жер бетіндегі өз өнімдерін үнемі кеңейтетін нарыққа деген қажеттілік буржуазияны да айналып өткен жоқ. Ол барлық жерде орналасуы, барлық жерде бар болуы керек, барлық жерде байланыстар орнатуы керек. Буржуазия байланыс құралының жеңілдетілуіне орай, барлығын, тіпті варварларды да, басым көпшілігін өркениетке жетелейді... Ол барлық халықтарға, жойылып кету қаупін тудыра отырып, өндіріс режимінде буржуазияны қабылдауға мәжбүр етеді (71 б.).

Дегенмен, әлемді өзінің имиджі бойынша қалыптастыра отырып, жаһандық жаңа капиталистік тап өзінің жойылуына алып келетін негіз қалайды. Әлемнің барлық жерінде

өндіріс режимімен капиталистік экспорттау үшін, буржуазия да өзінің меншікті қарама-қайшылығын – жалдамалы жұмысшылардың халықаралық табын туындатады. Бір кездері жаһандық пролетарийлер «жауларын жаулап алмайды, бірақ олардың жауларының жауларын, абсолютті монархия қалдықтарын, жер иелерін, индустриалды емес буржуазияны, шағын буржуазияны жаулап алады» (75 б.). Дегенмен ескі таптардың күші азайып, пролетариат санының ұлғаюына байланысты, ол үлкен массаларда шоғырланады, оның күші мен саяси танымы артады. Осылайша, *қарқынды дамиды техниканың үздіксіз дамуы олардың өмір сүруін аса тұрақсыз етеді. Жеке жұмысшы адамдар мен жекелеген буржуаздар арасындағы қақтығыстар екі тап арасындағы дау жанжалдың сипатын жиі шиеленістіре түседі. Осыдан кейін жұмысшылар буржуазияға қарсы комбинацияларды қалыптастыра бастайды (сауда одақтары). (Маркс және Энгельс, 1974, 75 б.)*

Маркс пен Энгельс барлық саясатты үстемдік етуші (буржуазиялық) және басым (пролетарлық) тап арасындағы дамып келе жатқан антагонизммен сипатталатын экспансионистік, жаһандық деңгейдегі экономика аясында қабылдады. Бұл екі тап халықаралық деңгейдегі болып табылады; олардың екеуі де жаһандық экономиканың туындысы.

Дегенмен таптар мен таптық күрес жеке мемлекеттерде бар, бұл басымдық күрес – жаһандық буржуазия мен жаһандық пролетариат арасында бар болып табылады (78 б.). Ұлт Маркс пен Энгельстің бастапқы әлеуметтік субъект емес, тап болып табылады; бастапқы әлеуметтік күрес мемлекеттің арасындағы соғыста емес, жаһандық таптар арасындағы соғыста көрініс табады.

Ерте ме, кеш пе, жаһандық революция социалистік өндіріс режимінде пайда болады: жұмысшы тап буржуазиялық қоғамның қалдықтарын, соның ішінде мемлекет пен буржуаздық ұлтшылдық идеологиясын – француз революциясы прототипі болып табылатын әлеуметтік революция арқылы жойып жібереді (85-7 б.). Содан кейін буржуазия тап ретінде таратылады және қысымға түскен дәстүрлі буржуазиялық механизмдер «тарихтың қоқыс жәшігіне» тасталынады. Мемлекет өзі ең соңында жойылады. Ұлы пролетарлық революция ең алдымен дамыған капиталистік елдерде жеңіске жетеді. Содан кейін соғыс билеуші таптармен немесе колониалист басқыншылармен әділетсіз түрде қысымға ұшыраған халықтарды босатады.

XIX ғасырдың басындағы әлемдік саясаттың радикалды көзқарасы ішкі саясаттың кеңейтілген нұсқасына қарағанда аз. Бұл тұрғыдан қарастырғанда радикализм мен либерализмге ортақ көп нәрсе бар. Екеуі де бейбітшілік пен үйлесімді адамға тән істерді дұрыс басқарған табиғи мемлекет ретінде қарастырады; екеуі де қақтығыс пен соғыс өздерінің мүдделерін қорғайтын және жүзеге асырғысы келетін билеуші таптар арқылы туындайды дейді. Екі ағарту дәстүрі арасындағы ұқсастық ғасырдың алғашқы онжылдығында, либералдық демократия мен утопиялық социализм статус квоға қарсы тұру үшін біріккен кезде көрініс тапты. Оның утопиялық сызығы «ғылыми социализмге» дейін жетті. Халықаралық еңбекшілер қауымдастығы - 1864 жылы Карл Маркс негізін қалаған «бірінші интернационал» - сыртқы саясат, ұлттық қорғаныс және соғыс себептері туралы пікірталастарда, қайталанатын дәлелдер қағида бойынша қарапайым болғанмен күрделі болды: соғыс капитализмнен туындады; бейбітшілік социализммен бірге пайда болады.

Бастапқы болып табылатын бірегейлік екінші интернационалдың негізін қалауымен бірге өзгеріске ұшырады (1889). Ұйым халықаралық парламенттің бір түрі болатын әлеуметтік қозғалыстарға арналды, біріншіден, доктриналы ұстанымдарға негізделген ұйым емес, бірінші интернационал болуды қалады. Неміс социал-демократиялық партия-

сы (СДП) екінші интернационалда басым болды. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында СДП радикалды органы қамтамасыз етті, қазіргі заманғы радикализм Руссо мен Маркс екеуін де, сондай-ақ, халықаралық саясат туралы бірнеше күрделі және ықпалды радикалды талқылауларға демеушілік көрсетті (Семмел, 1981).

### *Консерватизм және көне тәртіпті қорғау*

Консервативті идеология өнеркәсіпшілердің, кәсіпкерлердің, саудагерлердің, жұмысшылардың, бұқаралық қозғалыстардың және прогрессивті авторлардың жылдам даму эволюциясына жауап ретінде пайда болды. Консерватизм адамның тең құқықтарының насихатталуын қабылдамады және ақыл парасатқа, ғылымға және тарихи жетістіктерге деген жаңа сенім күшін айыптады. Теңдік және жеке бостандық ұғымдарына сәйкес оппозицияда, консерваторлар қоғамдастықтың басымдықтары туралы мәселені қарастырды; жақсару және өзгерту риторикасына қарсы олар дәстүрлі әлеуметтік тәртіпті және жауапкершілікті атап өтті. Радикалдарды шабыттандырған француз революциясы консерваторларға қысым көрсетті. Олар қорғаныс миссиясын қабылдады: оппозицияның философиялық негізін либералдар мен радикалдар қолдаған прогреспен қамтамасыз ету.

Эдмунд Берк (1729-97) осы миссияның негізін оның Франциядағы революция туралы (1988 [1790]) тұжырымдамасында қалады. Оның іргетасы – «коммунализм және дәстүрлі билік», «пессимистік антропология», «иерархия» және «жеке меншік». Берк үшін қоғамдастық жеке адамға дейін және жеке адамнан жоғары болып табылады. Осы талап бойынша Берк ағартушылық жобаның рационалды жеке тұлғасына қарсы тұрудың әлеуметтік тәртібіне негізделген жеке адамның дұрыс қарым-қатынас тұжырымдамасын қалыптастырады. Берк қоғам өзінің құрамдас бөліктерінің қарапайым санына қарағанда артық деп айтады. Бұл әлеуметтік өзара әрекеттесудің ұрпақтары арқылы қалыптасқан шығу тегі тарихи болып табылатын әлеуметтік міндеттердің желісі. Осы дәлелден консерватизмнің алғашқы іргетасы пайда болады: дәстүрге және қалыптасқан беделге терең құрмет. Дәстүрлі билік тәртіпке негізделген қоғамды ұстап тұру үшін әкімшілік бюрократия, саяси қуғын-сүргін және әскери күш қажет болып табылмайтындығын дәйектейтін білімділік пен сыйластықтың, міндет пен адалдықтың динамикалық желісін реттейді. Прогресс алдындағы консервативті қорқыныш «ағартушылық» жобасы даралықты, экономикалық және әлеуметтік қатынастарды рационализациялау арқылы дәстүрлі қоғамдастық пен беделге деген сенімге негізделген. Әлеуметтік сілтемелердің қалыптасқан жерлерін, патриархалдық отбасыларды, гильдияны, ауыл мен шіркеуді жою адамдарды басшылықсыз, бағыт бағдарсыз қалдырды, өздерінің жеке қыңырлығына бой алдырды, соның құрбаны болды және демагогтардың манипуляциясына ұшырады. «Қоғамда қоғамдастықта кейбір атаулармен белгілі бір кванттық билік болуы керек, «қоғамдық тәртіп адамның осал болғандығынан және кемшілігі тарапынан жасалмауы тиіс» деп Берк (1988, 248 б.) талап етеді. 1791 жылы Францияда өткен революциялық ұлттық ассамблеяның мүшесі ретінде Берк былай деп жазды:

Мен Францияның кез келген стандартты еркіндікке қол жеткізгеніне шынымен де қатты күмәнданамын. Адамдардың моральдық тізбектер олардың ұстанымдарына сәйкес келетін азаматтық бостандыққа құқығы бар. Егер билікті тек қана тілегі мен ниетіне байланысты ғана құратын болса, онда қоғам бар болып табылмайды (Берк, 1866, 51 б.).

Адам қабілетінің күнгірт бағалануы консервативтік дәстүрдің екінші іргетасы болып

табылады. Берк адамның интеллектуалдық мүмкіндіктері туралы терең күмән келтірді, автономды және рационалды жеке адам ұғымын қабылдай алмады. Ол «барлық кемшіліктері, артықшылығы мен қателіктері», оның мақтанышы, «дербес өзін-өзі қамтамасыз етуі мен тәкаппарлығы» бар болып табылатын адам ақыл-парасатына сенім артпады (Берк, 1988, 193 б.). Тарихты зерттеу адамзаттың кемістіктерін, әлсіздігі мен ақымақтығын дәлелдейді деп Берк айтты. «Тарих мақтаныш, амбиция, сараңдық, құмарлық, кек алу, ниет, қулық-сұмдық, екіжүзділік, басқарылмайтын құлшыныс және тәртіпсіз болудың барлық жолдары атты әлем арқылы басқарылатын қайғылы оқиғалардан тұрады» (1988, 247 б.). Дін, мораль, заңдар және басқа да әмбебап қағидалар өздерінің іс-әрекеттерін негіздейтін жеке тұлғалар үшін шын мәнінде «шағым» немесе белгілі бір мүдделердің көрінісі болып табылады. Саясат арқылы меңгерілуі тиіс қатысушы топтар арасындағы мүдделер қақтығысы адамзат өмірінің мәні болып табылады.

Берктің идеалды қоғамы әлеуметтік иерархия мен дифференциалданған мәртебеге негізделген үшінші консервативті іргетас болып табылады. Консерватизм «көпшілікке» сенбейді. Берк оларға патерналистік көзқарас танытты. Ол өздерінің басқара білу қабілетін көрсеткен топтарға яғни бай, текті және қабілетті адамдарға басшылықты беруді ұсынды. Тек осындай көшбасшылардың арқасында ғана адамдар өздерінің дәстүрлеріне сай өмір сүреді және өмір сүру бостандығына ие болады. Қоғамдастықтың және салт дәстүрдің гравитация аясында (ұлт, шіркеу және отбасы) дұрыс орналасқан қарапайым адамдар өздеріне төнген қайғы қасіреттен қорғаныш табады, қорқыныш пен тәртіпсіз әлемнен аулақ болады.

Қоғамдағы элитаның қажеттілігі консерватизмнің соңғы іргетасының қалануына әкеледі: жеке меншік. «Меншік пен мүлікті басқару, ең алдымен жер иемдену адамға әсерін тигізеді» - деп айтады Берк. Меншік құқығы жауапкершілікті, шеберлікті және практикалық ақыл-ойды қалыптастыратын бірегей әлеуметтік тәжірибені және адамның құмарлық табиғатын қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Ең үлкен меншік иелері, индустрия мен институттардың ең табысты басқарушылары арасынан халық өз көшбасшыларын таңдауы тиіс. Адамдардың байлығы мен мәртебесі ортақ игілікке ұмтылудың кепілі болып табылады; олардың мүлкі білім алуға және тәуелсіздіктің алғышарты болып табылатын демалысты ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Жеке меншік бұл сондықтан, жақсы үкіметтің қажетті шарты, ал мүлікті кең ауқымда жою барлық қылмыстардың ең жеккөрінішті түрі болып табылады. Берк француз революциясының шабуылы мүлікті жоятындығын атап көрсетеді (260 б.).

Берктің көзқарасы оның күшті мемлекет қана адамның еркіндігі үшін қажетті әлеуметтік тұрақтылық пен саяси тәртіпті орната алатындығына байланысты деген пікірге саяды (196 б.). Консерваторлар күшті бюрократиялық тұрғыдан «күшті мемлекетті» қабылдай алмайды. Керісінше, мемлекет айқын география және ортақ тарихи тәжірибемен жасалынған қиялдағы корпорация; бұл серіктестік ретінде құрылған және тарихқа негізделген рухани қоғамдастық. «Мұндай әріптестіктің соңына көптеген ұрпақтар қол жеткізе алмайтындықтан» деп Берк атап көрсетеді, «ол өмір сүріп жатқандар арасында ғана емес, сондай-ақ тірі қалғандар арасында, қайтыс болғандар мен туылғандар арасындағы серіктестікке айналады» (194 б.). Мемлекет адамдардың жиынтығы емес, ұжым. Бұл тарихтың өнімі. Халықтың уақыттағы қозғалысы ұжымдық жады мен мұраға алып келеді, оны саналы түрде өзгертуге болмайды немесе жасай алмайды.

Консервативті ойшылдар үшін үкіметтің басты міндеті тәртіпті сақтау болып табылады. Олар жанжалға және соғысқа деген адамзаттың табиғи үрдістеріне қарсы тұру арқылы

жақсы жасайды. Биліктің орталық ядросы айналасында үкіметтер ұлттың физикалық қауіпсіздігін, өз азаматтарының мүліктік құқықтарын, халықтың байлығы мен әлауқатын сыртқы және ішкі жаулардан қорғай алатын институттарды құрады. Өз аймағын физикалық жауларға қарсы қорғау тарихи серіктестік, дәстүрлер мен коммуналдық құндылықтарды сақтау секілді маңызды болып табылады. Мұндай консервативті максимдер Берктің Франциядағы революция туралы тұжырымдамасын қолдайды. Олар, сондай-ақ, шетелдік және халықаралық қатынастарға жасаған бақылауларын 1758 жылдан бастап 1776 жылға дейін редакцияланған (қабылданбаған) әлемдік істерді зерттеуде жыл сайынғы сауалнамаға қосқан үлесінен хабардар етеді. Берк: «Үкімет халықаралық (ішкі) тәртіпті сақтауға көмектесуі керек» - дейді. Мемлекет өз мүмкіндіктерін үйлестіріп, олардың мүдделерін басқаруы керек. Үнемі билік балансы аясында болуы керек.

Берк билік балансын халықаралық саясатта негізгі тұрақтандырушы институт ретінде жоғары бағалайды. Ол Еуропадағы билік балансын ақыл-парасатпен басқару мемлекетаралық тәртіпті және халықаралық бейбітшілікті сақтап қалатындығын мәлімдейді. Бұл басқаруға бірнеше факторлар ықпал етеді. Солардың бірі халықаралық құқықпен белгіленген ережелер жиынтығы – «адамзаттың ұлы байланысы». Тағы бір шешуші фактор еуропалық мемлекеттерді хабардар ететін коммуналдық құндылықтардың жиынтығы. Олар Еуропа мемлекеттері арасындағы бірлік сезімі мен тәртіпті сақтаудың ұжымдық міндеттеме негізін құрайды. Берктің айтуынша, Еуропа өзінің салыстырмалы тәртібі мен жоғары байлығын қоғамдағы жалпы нормалармен, ережелермен және заңмен (еуропалық) реттелетін билік балансы жүйесіне негіздейді. Басқа өркениеттер «кез келген бірлестіктің немесе осы табиғаттың саясатының жүйесін құруды қалағандықтан» жойылса, ал батыс әлемі «бүкіл әлем бойынша таңғажайып артықшылықты» иемденді. Берк барлық жерде Еуропа бойынша «ұқсастығы» бар ортақ факторларға баса назар аударады – христиан діні, монархиялық үкімет қағидалары мен олардың арасындағы роман-құқықтық мұра. Бірде ол тіпті Еуропаны оның бірлігі тек провинциялық әдет-ғұрып және жергілікті мекемелерде азғана айырмашылыққа ұшырайтын біртұтас мемлекет ретінде бейнелейді. Басқа өңірлер қақтығыстардан немесе шамадан тыс жаулап алу салмағынан бөлшектелсе де, Еуропадағы билік балансын мұқият қамтамасыз етудің арқасында Еуропа танымал болды (Берк, 1772, 2 б.).

Халықаралық қатынастардың консервативті тәсілі мемлекеттің мүддесі мен қажеттігі туралы екі заманауи ұғымнан хабардар етеді - *raison d'etat* (екеуін де түсінеді деген фраза). Консервативті саясаткер Гиччиардини мен Рохан секілді мемлекеттің мүддесі саяси іс-әрекеттің негізгі факторы болып табылатынын айтады. Сондай-ақ, саясаттың қажеттілігі мемлекеттер жұмыс істеуге мәжбүр болып табылатын анархиялық мемлекетаралық қатынастардан туындайды деген Спиноза пікірімен келіседі. Осы ұғымдардан келіп шығатын теориялық себеп-салдарлар әлеуметтік мүдделердің жалпы үйлесімінің либералдық доктринасына қайшы келеді. Керісінше, мүдделер қақтығысы адамзат істерінің қалыпты жағдайы және соғыс мемлекетаралық қарым-қатынастардың қалыпты жағдайы болып табылады. Жаңа әлемдік тәртіпті егжей-тегжейлі орнату мүмкін болып табылатын нақты әмбебап қағидалар жоқ болып табылады. Әрбір мемлекет – әрбір мәдениет, дін мен ұлт өз ақиқатын анықтайды. Консервативті ойшылдар теориялық жобалардың маңыздылығын жоққа шығарады. Олар көбінесе спекуляторларға қатысты тәжірибені бастан кешіретін прагматиктер болып табылады. Саясатты практикалық іс-әрекет ретінде қарастырады және қандай да бір ұзақ мерзімді жоспарға қарағанда пайда болатын оқиғаларға жауап береді. Халықаралық саясатты ғылым ретінде емес, соны-

мен қатар, өнер ретінде де қарастырады. Олар саналы түрде теориялық тұрақтылықты қабылдағандықтан, консервативті халықаралық қатынастар теориясының айқын көрсеткішін табу қиын. Консервативті мемлекет қайраткерлері теориялық тұрғыдан алғанда, олар эмпирикалық көзқараспен өткен кезеңді айқын айтады, «тарихқа ден қоюды» басшылыққа алып, нақты болған оқиғалардан үлгі боларлықтай сабақ алады. Консервативті теорема мұқият қарастырылуымен ерекшеленеді, «дәстүр тұрғысынан талқылауға» эмпирикалық негізделген. Ол өткен оқиғалардың күрделі өзара байланыстарына баса назар аударады, «дәстүрдің» тұрақты қасиеттері, сондай-ақ белгілі-бір сәтте күштердің шоғырлануы. Дегенмен, либерализм мен радикализм, қос революцияның әлеуметтік және экономикалық өзгерістері арқылы ұсынылған мәселелер консервативті паладиндерді саналы түрде өздерінің дәстүрлерін қорғауға және осы қорғанысты ақтауға мәжбүр етті.

Сол ғасырдың теориялық айқын консервативті түсіндірушілерінің бірі Фридрих Гентц (1764-1832) болды. Хатшы және сыртқы саясат бойынша кеңесші күшті австриялық мемлекеттік қайраткер Клеменс фон Меттерних (1773-1859), ол да ең ықпалды адамдардың бірі болды. Гентц Берктің тұжырымдамасын неміс тіліне 1793 жылы аударды және Берктің көптеген идеяларын қабылдады. Оның халықаралық саясат туралы жазбаларындағы тұрақты тақырып – біртұтас халықтардың бейбітшілік пен соғыс жағдайында тұрақтандырушы дене ретінде әрекет етудің коалициялық идеясы (Гентц, 1953). Ол Ресей, Австрия және Пруссия арасындағы одақ радикалды француз және ағылшын идеяларының ықпалын азайтуға және революциялық француз билігінің кеңеюін қамтамасыз ету үшін қажет деп мәлімдеді (Гентц, 1806).

Гентц пост-наполеониялық қасиетті одаққа деген сенімін көне тәртіпті сақтайтын өзінің коалициясы ретінде қарастырды. Қасиетті одақ ыдырағаннан кейін, ол континенталды тәртіп ұғымын дамытты, XVIII ғасырдағы ұғымның идеалдандырылған нұсқасы XIX ғасырдың бұзуына қарсы қорғалды. Гентц үшін билік балансы әлеуметтік тәртіпті сақтап қалған отандық дәстүрлі биліктің халықаралық аналогы болды. Егер қолданыстағы баланс бұзылған болса, онда ол күрделі күшті біріктіріп, сіңіріп, жаңа, бірақ ұқсас мән-мағынаға ие болып табылатын статус-кво құруы тиіс. Түріктерге қарсы грек көтерілісіне, испан либералдарының Бурбон абсолютизміне қарсы, латын-американдықтардың Испаниядағы соғысқа қарсы немесе неміс студенттерінің Пруссия полициясымен күресте жасаған мәлімдемесіне түсініктеме беруде Гентц либерализм мен демократияландыру күштеріне қарсылық көрсету және ескі тәртіпті қорғау үшін Меттернихтың саясатын үнемі қолдады.

Меттерних теңдестірілген билік балансы жүйесін қолдады. Ол халықаралық саясатты жүргізудегі барлық иллюзиялық этикалық көзқарастардан пайда болды. Наполеонның құлдырауынан кейін ол Францияны оның шайқасы үшін қатаң түрде жазалау керек деген моральдық тұрғыдан ойлаған әріптестерінің ұсыныстарына қарсы болды. Егер континентке тұрақты тәртіп орнатылса, онда Франция теңдестірілген жүйедегі негізгі субъект субъектінің бірі ретінде қалуы керек. Егер тым қатаң жазаланса, Франция әлсіреп қалады және Еуропа Ресейдің билігіне тап болады. Еуропада кез келген тепе-теңдіктің немесе әділеттіліктің шектеусіз бағына алмас еді.

Консервативті халықаралық қатынастар теоретиктерінің бірі Карл Филипп Готлиб Фон Клаузевицтің (1780-1831) көзқарасы ең күрделі болып саналады. Бірде ол оның консервативті қорытындысын дәйектейтін ұстанымда халықаралық саясатқа деген көзқарасы туралы былай деп мәлімдеді: «әрқашан сергек болуға, басқа адамдардан

ештеңе күтпеуге! ешқашан мүмкін болмағанға дейін, ешқандай күмән туындатпастан алға қойған максатыңыздан бас тартпауға; мемлекеттің намысын құрметтеуге шақырады» (Клаузевиц, 1962, 304 б.).

Клаузевиц Йенаның шайқасын (1806) бастан кешірді, онда Наполеон пруссиялықтарды жеңді. Пруссияның жеңілген әскерінің офицері ретінде Клаузевиц француздық жеңіс Наполеонның бүкіл француз халқын соғысқа жұмылдыруға және ұлтшылдықпен байланысты қабілетінен туындағанын түсінді (Клаузевиц, 1976, 593 б.). Ол болашақтың рухани біртұтас халықтарға (Волкер) тиесілі екенін түсінді. Наполеон оған Волкқа негізделмеген әскерлердің жойылатындығын көрсетті.

Франциядағы тұтқындауда (бейтарап елдің өз жеріне еніп кеткен соғысушы мемлекеттің әскерін тұтқындап, қарусыздандыруы) Клаузевиц пруссиялықтардың жеңіліске ұшырағандығы мен неміс ұлтының бөлшектелген тағдыры туралы ойлады. Пруссияның бетпе-бет келген міндеті әскери реформалар ғана емес, сондай-ақ рухани жаңару болды, - деді ол. Шынымен де жойылу қаупімен қарсы келу барысында Пруссияның билеушісі Гогенцоллерн династиясының патриоттық көңіл-күйді қалыптастырғаны және дамытқаны маңызды болды, танымал ұлтшыл қозғалыстың көшбасында қазіргі заманғы ұлттық мемлекетке айналады<sup>4</sup>.

Клаузевиц адамзат табиғи тұрғыдан ұлттарға бөлінген (Волкер) деп қарастырады, әрқайсысының өзінің сипаттамалары мен қасиеттері бар дейді. Ол Волк мемлекеттің өзіндік ерекшелігін білдіру және оның еркіндігін сақтау үшін мемлекет құрды деп мәлімдеді (Клаузевиц, 1922). Бұл көріністің демократиялық аспектісі бар, өйткені ол мемлекеттік саясаттың белгілі бір ерік-жігерді көрсететінін мойындайды. Дегенмен, Клаузевицтің демократия туралы ұғымы халықтың ағартушылық ұғымынан мүлдем өзгеше. Ол құмарлық және кездейсоқтықпен шектелген адамның ақыл-парасатының әлеуетінен күмәнданады; кеңінен қатысуға негізделген жүйе «үкіметтің кеше не жасағандығына алаңдап, азаматтарға түнде ұйықтауына мүмкіндік бермейді, үкімет кеше жасағанын бүгін де, ертең де жасайды» деп қауіптенеді дейді (Смит, 1990, 43 б.). Оның атлантикалық мемлекеттердің демократиялық идеяларына деген сенімсіздігі континенталдық консерватизмнің патерналистік көзқарастарына толық сәйкес келеді.

Клаузевиц соғыс теориясын консервативтік тұрғыдан дамытты, бұл жанжал адамзат қоғамына тән қызығушылық болып табылады. «Соғыс адамның әлеуметтік өмірінің бір бөлігі. Соғыс – қантөгісте шешілетін негізгі мүдделер арасындағы қақтығыс және ол басқа да қақтығыстардан осы жағынан ерекшеленеді», - деп жазады Клаузевиц (1976, 78 б.). Соғыс – адамзат қақтығыстарының ең жоғарғы көрінісі, оның саясаты бір нүктеде шоғырланған.

Осы алғышарттан, Клаузевиц соғыстың қоғамға және тарихқа енгізілген дәлелін дамытады. Соғыс ешқашан оқшауланбаған әрекет болып табылады. Бұл оның қалыптасуына, сипатына және нәтижесіне ықпал ететін әлеуметтік және тарихи контексте кездеседі. Соғыс соғысушы жауынгерлердің ниеті, олардың әскери күшінің сипаты, ұрыс алаңының географиясы, соғысқа қатысушылардың соғыс алдындағы қарым-қатынасы халықаралық ортамен қалыптасады. Қазіргі заманда мемлекеттердің тығыз интеграцияланғаны соншалық: «Еуропадағы мемлекеттердің қызығушылығын туындатпайынша бірде-бір оқ атылмайды» (590 б.). Адамдардың жауласуға және мемлекетаралық өзара іс-қимылдың күрделілігіне байланысты табиғи бейімділікті Клаузевиц адамзаттың әлеуметтік ортада ұзаққа созылған қабілетіне байланысты ешқандай иллюзияны қамтымайды дейді. Ол азаматтың ақыл-парасатына азғана таңданыс білдіреді, керісінше, ол өз қаражатын

айрықша көшбасшыға инвестициялайды - генералдың шеберлігі, мемлекет қайраткерінің данышпандығы – Волктың тарихи, ұжымдық ақыл-парасаты болып табылады.

Соғыстың халықаралық қатынастарда табиғи ерекшелігі болса да, оны саясаттан ажыратып қарастыруға болмайды; бұл басқа құралдарды қосу арқылы қарым-қатынас жасаудағы саясаттың бір бөлігі, оның тәсілі, жалғасы.

«Біз басқа құралдарды қосу арқылы» деген фразаны саналы түрде қолданамыз дейді ол, себебі, соғыста саяси қарым-қатынасты тоқтатпайтындығын немесе мүлдем басқа нәрсеге айналдырмайтындығын түсіндіруге тырысамыз... Соғыс саяси өмірден ажырамайды және соғыс танымымызда орын алған кезде, екі элементті байланыстыратын көптеген байланыстар жойылып, мағынасы жоқ нәрсе қалады (605 б.).

Мемлекеттік және стратегиялық тұлғалардың басымдықты қалыптастырушы қамқорлығы өз мемлекетіне тән саяси мақсаттары болуы керек. Егеменді ұлттар мемлекеттерінің саяси мүдделері мен міндеттері тарихтың әрбір сәтінде күрделі саяси шеңбер болып табылады. Олар мемлекеттердің сипаты, ұлттық көшбасшылардың және олардың (әдетте шектелген) мақсаттары арқылы қалыптасады: аумақтық аннексия, аймаққа үстемдік етудің немесе мемлекеттер арасындағы күштердің қарым -қатынастарын қамтамасыз ету ұғымдары. Мемлекеттер осы динамикалық дипломатиялық-стратегиялық салада өз позицияларын бақылайды және өзінің мүдделерін үнемі өзгермелі болып табылатын матрицаға қарай бейімдейді (Арон, 1966, 4-16, 437-58 б.; 1986). Күш-жігер рөлін ерекше атап өткен Клаузевиц, заң және әділеттілік халықаралық саясатта егер мемлекет бірдей билікке ие болып табылатын болса ғана маңызды рөл атқарады деген Фукидидтің тұжырымын қайтадан қайталайды. Әйтпесе күшті адамдар не жасағысы келсе соны жасайды, ал әлсіз адамдар оның салдарынан азап шегеді.

Соғыс мақсаты – әрқашан «біздің жауымызды біз қалаған нәрсені орындауға мәжбүрлеу» (Клаузевиц, 1976, 75 б.). Бұл мақсатқа жету үшін қарсылас жаудың қарулы күштерін оны қорғансыз ету немесе оны әлдеқайда жағымсыз жағдаятта қалдыру мақсатында жою қажет» (77 б.). Клаузевиц өз кітабының көпшілігін әртүрлі тәсілдерге арнайды, олардың көмегімен мемлекет нәтижелерге жете алады, олардың бірі жеңіске талпынатын мемлекетке бейбітшілік шарттарын айқындауға мүмкіндік береді. Бірақ, соғыстағы шайқас техникасының түсіндірмесі Клаузевицтің басты алаңдаушылығы болып табылмайды; олар орындауы қажет саяси мақсаттары мен міндеттері болып табылады.

Мемлекеттер күнделікті қауіпсіздікті немесе өздерінің болашақтағы мақсаттарының орындалуын қамтамасыз ету үшін соғыс ашпайды. Дегенмен оларға әрдайым соғыстың қауіп-қатері төніп тұрғандықтан олар әрқашан өздерін қару-жарақпен қамтамасыз етеді. Олардың ортасы өзгеріс пен белгісіздіктің ортасы болып табылады, онда күштің ешқандай абсолютті тепе-теңдігі болмайды. «Мемлекеттердің күші тұрақты түрде балауыз секілді болып табылатындықтан, күштер балансының ауытқуына әкеледі. Демек, екі қарулы бір-біріне дұшпан мемлекеттер арасындағы ұзақ уақыттық бейбітшілік баланс тұжырымдамасымен түсіндірілмейді. Жалғыз түсініктеме екеуі де әрекет жасау үшін жақсы уақыттың болуын күтуде» (82 б.). Демек, бейбітшілік жоғары маңызға ие емес.

Сондай-ақ, Клаузевиц соғыс қатаң және мағынадан тыс саяси маңызға ие екенін мойындайды. Кейбір себептермен мемлекеттер мүдделерінің қақтығысында кем дегенде уақытша төреші ретінде шектеулі соғыс түрін қабылдауға келісті. Ол бұл үшін екі себеп бар екендігін ұсынады. Біріншіден, соғыс қабылданады, себебі физикалық күш қолдану мүдделер қақтығысы бар адамдар немесе топтар арасындағы ортақ құбылыс бо-



лып табылады. Екіншіден, соғыс пен жекпе-жектің ерекше сапалы екі фактор бар: соғыс мемлекеттің және ұлттың атынан үлкен саяси мақсатқа жету үшін жүргізіледі; соғыс саясаттан басым түседі – бұл «қантөгістің көмегімен шешілетін қызығушылық пен мүдделер қақтығысы» болып табылады (49 б.). Клаузевиц соғыс ұғымындағы «қантөгіске» байланысты жалпыға бірдей маңыздылық актілері туралы айтады. Қантөгістің терең символдық мәні мен адамзат әрекетінде күшті мифтік мағынасы бар. Христиандықты қосқанда, әртүрлі мифтер мен діндер қанды тазарту рәсімдерін өмір мен өлімнің символы және жаңару ретінде қолданады. Қан әртүрлі әлеуметтік қатынастар мен саяси мақсаттардың кең ауқымына байланысты болып табылады. Соғыс пен қан түпкілікті ерлік құрбандығының символы және иеленудің немесе мүшеліктің түпкілікті белгісі ретінде күшті эмоцияларды тудырады. Клаузевицтің айтуынша:

«Менің ойымша, адамдар ешқашан қадір-қасиеті мен оның бостандығынан артық ешнәрсені жоғары бағаламау керектігі туралы айтады, бұлар қанның соңғы тамшысымен болса да қорғалуы тиіс; ... қорқақтық сезімінен мойынсұну ұяты ешқашан жойылмайды; халықтың қанындағы бағыну уыты оның балаларына берілетін болады, кейінгі ұрпақтардың күшін жояды және бұзады; ... бұл қантөгісті және қасиетті күрес бостандықты жоғалтса да, адамдардың қайта жаңаруына кепілдік береді және мұндай күрес жаңа ағаш сөзсіз гүлдене бастайтын өмірдің тұқымы болып табылады» (Клаузевиц, 1962, 301 б.).

## **Гегель: Соңғы ұлы синтезатор**

Үш идеологиялық үрдіс даму барысында және XIX ғасырда олардың дамуы сол ғасырдың басымдық мәселелерінің көрінісі болды, бір жағынан бөлшектелу және бірлік, екінші жағынан бәсекелестік және прогресс. Әрбір үрдістің жақтаушылары ретінде олардың әрқайсысы өз көзқарастарын түсіндірді, олар кеңінен әмбебап тұрғыдан қолданылатын таным жүйелерін қалыптастырды.

Практикалық саясатта бәсекелес болып табылатын таным жүйесі мүлдем анықталмаған, либерализмнің, радикализмнің және консерватизмнің үш идеологиясын жақтаушылар ортақ мүддесі үшін екі идеологияны үшінші идеологияға қарсы уақытша біріктіретін одақ құрады. Теорияда үш идеологияның кейбір болжамдары бар болса да, тұтастай алғанда, бір-бірімен қарама-қайшылықта болып табылады<sup>5</sup>. Либералды идеология шектелген әлеуметтік, саяси және экономикалық институттардың жұмысын тоқтату мақсатындағы күрестен туындады, консерваторлар жүректің, жанның және қоғамның біріктірілген тіні деп ұғынды. Радикализм бұрынғы көне режимнің ыңғайлы әлемі мен өзін-өзі мадақтайтын либерализм сыны ретінде дамыды. Консерватизм радикализмге және либерализмге қарсы тұрудың мән-мағынасын анықтады. Теория тұрғысынан алғанда, үш бәсекелес саяси көзқарас батыс тарапта орын алды.

Шиеленістің қақ ортасында, «прогресс» және «бәсекелестік» ұғымдарынан пайда болған мәселелер туындайды. Либерализмді қамтитын Атлантикалық аймақ мемлекеттері индустрияландыру, аграрлық реформа және саяси демократияландырумен айналысты. Олардың экономикасы қарқынды, агрессивті болды және олар «прогресс» идеясын анықтауға тырысты. Орталық және Шығыс Еуропадағы халық Батыстың экономикалық, саяси билігімен бәсекелес халық. Пруссиялық философ Георг Вильгельм Фридрих Гегель (1770-1831) антилибералды Ангсты атап көрсетті. Ол сондай-ақ сол дәуірдегі

типтік тақырыптарды күрделі және дерексіз жүйеге біріктірді және бұрын-соңды ойлап шығарылған антилибералды теориялық ең бай кеннің бірін қамтамасыз етті.

Гегель сол дәуірге (немесе «рухы») тиесілі пікірі бар лайықты өкіл болып табылады. Гегельдің саяси теориясының негізі – сол ғасырдың прогресінің ерекше тақырыптары және бәсекелестіктің өзара байланыстары бәсекелестіктің екі түрлі көзқарасын қамтиды: үйлесімді және қақтығыс. Гегель үшін тарих шындықты немесе идеяны прогрессивті түрде жүзеге асыру болып табылады. Идея абсолюттік дамудың соңына таман диалектикалық күрес арқылы дамиды.

Гегельдің көзқарасында тарихты оқиғаларға қарағанда идеялар тұрғысынан түсіну керек. Тарих абсолюттік идея арқылы өзін-өзі рух (Geist) ретінде толыққанды танымда жетілген, ақылдың, бостандық пен теңдіктің жаңа әлемдік рухын (немесе Weltgeist) өзіндік түрде жүзеге асыратын эволюциялық үдеріс. Гегель үшін бұл процесс сызықтық емес, диалектикалық: аталған ой-пікір әрдайым өзіне тән қарама-қайшылық аспектілерінен тұрады және өзіне тән болып табылатын терістеуден тұрады.

Осылайша, істің белгілі-бір жағдайы (тезис) сөзсіз істің мемлекетке қарсы (антитеза) тұжырымдамасын жасайды. Екі тілек пен ниет арасындағы жарыс өз кезегінде *Aufhebung* (бұзу) шешіледі: түпнұсқа тезис элементтері, сондай-ақ антитеза, бірақ одан да көп және кеуінен де айрықша ерекшеленетін салыстырып тексеру және бірігу (синтез).

Гегель алдымен өзінің жүйесін 1807 жылы «*Феноменология рухы*» атты еңбегінде атап көрсетті. Ол француз революциясындағы прогрессивті құндылықтардың қарыштап дамуын және Наполеон соғыстарының осы құндылықтардың барлығын әлем бойынша таратқандығының куәсі болды. Клаузевиц сияқты ол Еуропада бостандық пен теңдіктің прогрессивтік идеяларын әмбебаптандыруға әрекет жасай отырып, оның түпкілікті дамуына қажет болған кезде барлық күш-жігерін жұмсаған Наполеонды тарих агенті ретінде қарастырды.

Наполеонның құлдырауынан, орталық және шығыс Еуропадағы жеңіс реакциясынан кейін Гегель прогреспен бірге қабаттаса дамитын қажетгі бәсекелестікке және күреске баса назар аударды. Оның жаңа талдауы Гегельдің соңғы «*Философия құқығы*» атты негізгі еңбегінде қарастырылды (1980) [1821]). Онда *Geist* (рух) рационалды ұйымдастырылған (демек, еркін) ұлтты немесе Волк және оның жағдайын қалай қалыптастыратындығы туралы талқыланады. Волк – Гегельдің кейінгі шығармаларындағы негізгі рухани бірлік болып табылады. Еркіндіктегі әрбір Волк өзінің жеке рухына ие. *Volksgeist* (Волкгеист) – жоғарғы ақыл-парасатты жеке тұлға немесе мемлекет институттарында көрініс тапқан ұлттың рухани негізі. Мемлекеті жоқ адамдар қарапайым «формасыз көпшілік» болып табылады (Гегель, 1980, 183 б.).

Мемлекеттің ішкі саясаты үйлесімді болып табылады. Мемлекеттің нысаны *Volksgeist* болғандықтан, ол әрбір адамға негізгі сәйкестікті енгізеді. Осылайша, «объективтілігі, шынайы даралығы және этикалық өмірі бар жеке тұлға» ғана сол елдің азаматы болып табылады (156 б.). Керісінше, мемлекеттер арасындағы саясат төтенше қақтығыстарымен ерекшеленеді. Гегельдің бұрынғы еңбектерінде *Volksgeist* *Weltgeist*ке бағыныңқы, арнайы тарихи бағыты болып табылады, сайып келгенде, *Weltgeist* басым болады және түпкілікті соңғы контексті қамтамасыз етеді, оның шеңберінде дербес *Volksgeist* (және оның мемлекеті) өзін-өзі танып білуге және еркіндікке жетеді. Дегенмен Наполеон жеңілісінен кейін Гегельдің ұзақ мерзімге бағытталған оптимизмі нашарлай бастады. *Volksgeist* мен *Weltgeist* арасындағы қарама-қайшылықты жоюға негізделген синтез жоғалады, мемлекеттер арасындағы зорлық-зомбылық бәсекесі халықаралық саясаттың тұрақты сипаты ретінде туындайды.

Гегель Клаузевицтің мемлекет *Волктың* егеменді ерік-жігерін бейнелейді және «егер мемлекеттер келіспеген жағдайда, олардың жеке еркі үйлесім таппаса, онда мәселе тек соғыстың көмегімен ғана шешілуі мүмкін» деген пікірімен келіседі (214 б.). Мұндай «соғысты абсолютті жамандық пен таза сыртқы апат ретінде ретінде қарастыруға болмайды». Керісінше, Гегель үшін соғыс конструктивті, тіпті прогрессивті функциялардан тұрады. Ол ұлттық бірлікті қолдайды. Ол мемлекеттердің дамуын ынталандырады. Бұл тарихтың дамуына ықпал етеді. Соғыс та ұлтаралық мемлекеттердің нашарлауына жол бермейді, бейбітшілік адамдар мен мемлекеттерді қатал етпейді, мәңгілік бейбітшілікті айтпағанда «халықтардағы сыбайлас жемқорлық «ұзаққа созылған тыныштықтың» нәтижесі болар еді, - деп жазады Гегель (209 б.). Соғыс мемлекеттерді өз жағдайында сақтайды.


Гегель өте ықпалды болды, XIX ғасырдың басында кең синтезді тақырыптарды негізгі құрамына енгізді; оның дәлелдері абстрактілі болды, барлық идеологиялардың жақтаушылары оның шығармаларында қолдау тапты. Ол дәуірді бейнелеген тарихи эволюцияның қойылымдық теорияларына ұсынған философиялық қолдауды қамтамасыз етті. Бұл ең алдымен адамзат тарихы ежелгі тайпалық өмірден эволюцияның жоғары сатысына дейін өту барысында дифференциацияны арттыру әлеуметтік жетілдіруді білдіреді деген пікірге ие болған либералдарды ынталандырды. Дегенмен Гегельдің «еркіндік», «теңдік» деген анықтамалары және оның күшті мемлекеттің ұлғаюы секілді ұғымы либералды көзқараспен мүлдем сәйкес келмейтіндігі айқын болды. Дарвиннің эволюция теориясы ғасырдың соңғы онжылдықтарында тарихи прогрестің баламасын (либералдық стандарттармен, «ғылыми») ұсынған кезде, Гегель пікірі Атлантикалық аймақтың айналасындағы либералдық мәдениеттерде өзгеріске ұшырады<sup>6</sup>.

Дегенмен, континентте, Гегельдің пікірлері берік күйінде қалды. Ол оларға кедергі жасай алмайтын күрделі әлеуметтік өзгерістерді түсінуге мүмкіндік беретін ұғымдар жиынтығы мен мақсатты мағынасы бар болып табылатын континенталдық консерваторларды қамтамасыз етті. Сондай-ақ, неміс саясатының бөлшектелінген сипатына ренжіген консерваторлар Гегельдің ұлттық мемлекет тұжырымдамасын «болжанған қауымдастық» ретінде қарастырды – *Геист* немесе консенсустық қауымдастық пен ұлтты қалыптастыратын адамдар арқылы тарихи тұрғыдан қалыптасқан тарихи құндылықтар жиынтығы. Гегельдің дәлелдері британдық мемлекеттің әлеуметтік тәртіп пен дербес бостандықтың қажетті шарты ретінде органикалық, тарихи тұрғыдан қалыптасқан тұтастық деген Берктің консервативті көзқарасына тевтониялық аналог болып табылды.

Гегель сондай-ақ континенталдық радикалдарды ауыстырды. Ол әсіресе олардың ілгерілеу туралы ілімдеріне және диалектикалық әдісіне сәйкес келетін философиялық қолдау көрсетті. Гегель көне адам еңбегі тұжырымдамасының аясында адамның иеліктен айрылу туралы радикалды тақырыбын қалпына келтірді, ол радикалды теориялық талдауға тікелей әсер етті. XIX ғасырдың басынан бастап радикалды теоретиктер «еңбек» түсінігін олардың әлеуметтік сынының негізіне орналастырды (Маркс, 1975а).

1831 жылы қайтыс болғаннан кейін Гегельдің еңбектері, әсіресе дәстүрлі салалары Британдық импорттың арзан су тасқыны салдарынан шиеленісте болған Германияда танымал болды. Антибритандық және антилибералдық пікірлер өзара тығыз байланысты неміс қолөнершілері үшін экономикалық патриоттық пен романтикалық эмпатияны, жанашырлық сезімін дамытуда шиеленісті және Гегельдің дәлелдерін қолдануды жандандырды. Гегельдің тұжырымдамасын талқылаушылар екіге бөлінді. Оң жақ консервативті гегельдіктер Гегельге деген көңілі қалушылықты атап өтті. Олар тарихтың

диалектикалық прогресі арқылы Германияның біртұтастығы бірлік пен *Волк* идеясын дамытады. Гегельдің *Волк*, соғыс пен тарихқа ерекше назар аударуы оның пруссиялық мемлекеттің негізін қалаған мемлекеттің ең жақсы нысаны ретінде монархизмді насихаттауға ықпал етті.



6.1.сурет. Он тоғызыншы ғасыр авторлары және олардың жұмыстары

## Ғасыр байланысы

Сол жақ радикалды гегельдіктер ежелгі гегельдік диалектикадағы революциялық халықаралық күшті қарастырды. Олар тарихтың жақын арада пруссиялық мемлекеттен басым түсетінін мәлімдеді. Олардың талдауы тарихи эволюцияның тағдырын және Карл Маркстың шығармаларына негізделген оның қажетті алғышарттарын зерттей бастады.

Индустриализмнің таралуы, коммерциялық өзара іс-қимылдың артуы мен дамуы бостандық пен теңдіктің демократиялық мұраттарының көне тәртібін жойды. Әлеуметтік 188

ғылымдардың дамуы аса қуатты болды. Саяси экономиканың қарқынды өсуі, әсіресе, XIX ғасырдың әлеуметтік мақсатына кеңінен ықпал етті. Аталған іс-шаралар батыста әлеуметтік теориялардың бөлшектелуіне әсерін тигізді. Гегель қайтыс болғаннан кейін, олар әртүрлі идеология арасында, батыс әлемінің шығыс және батыс өңірлері арасындағы қарама-қайшылықты арттырды. XIX ғасырдың саяси идеологиясы әлеуметтік ой-пікірдің нақты жүйесінің қарқынды дамуының куәсі болды. Бұл идеологиялар біркелкі бүкіл батыс Еуропа бойынша дамыған жоқ, бірақ шамамен экономикалық және әлеуметтік жүйелерге сәйкес келетін айрықша екі саяси дәстүрге бөлінді.

### *Батыстың екі дәстүрі*

Осы бөлімнің шығу тегі жалпы алғанда кері қарай Рим империясының бөлінуіне байланысты болды. Бөлініс орта ғасырларда нығайтылды және ұзаққа созылған XVI ғасырда бекітілді, Батыс Еуропа қаласын, теңіз орталықтарын (Амстердам, Англия және солтүстік-батыс Франция) қамтыды, ол сауда және өндіріспен маманданған болатын, ал Шығыс Еуропа шикі материалдардың ауылдық өндірісіне маманданған еді. XVII және XVIII ғасырларда Батыстың бірнеше елдерінде орын алған бөліну (Біріккен провинциялар, Англия, Америка, Франция) саяси революцияны, аграрлық реформаны және жалдамалы еңбектің пайда болуын бастан кешірді. Бұл елдер Солтүстік Атлант аумағында өз идеяларын таратты. Эльба өзенінің шығысынан теңізге шығар жолы жоқ аймақтарда, керісінше, олардың көне режимдері дәстүрлі әлеуметтік және саяси ұстанымдарының тежелуіне әкеліп соқты. 1800 жыл қарсаңында батыс әлемнің саяси-экономикалық бөлінісі солтүстік Атлант аумағында нарыққа және сауда-саттыққа бағдарланған ұлттық мемлекеттер арасында өте айқын жасалды, онда Эльба шығысындағы демократиялық, ағартушылықтан алынған саяси идеалдарын және ауылшаруашылыққа негізделген авторитарлық мемлекеттер насихатталынды.

Либералды ағартушылық құндылықтардың британ тарихындағы шығу тегі терең болған еді. Адам құқықтары мен жеке бостандығының ұғымдары, мысалы, Магна Картада бар болып табылады (1215). XVIII және XIX ғасырдағы жылдам экономикалық және саяси эволюциядағы орта таптардың кеңеюі әлеуметтік теңдіктің, жеке бостандық пен жеке меншіктің жинақтау құқығы құндылықтарын қамтыды. 1830 жылдары саяси және конституциялық реформаның заң жобаларының жылдам сабақтастығы Еуропадағы либералды елге Ұлыбританияны қайта алмастырды. Ғасырдың ортасына таман, британдық ойшылдардың көпшілігі Бентамның еркін сауда-саттық туралы пайымдамасына байланысты меркантилді ойды қабылдамады.

Наполеоннан кейінгі Францияның, либералдық идеологиясы құлықсыз қамтылған еді, ішкі саясат түрлі демократтар арасында шиеленіскен жағдаяттарға және қарама-қайшы революциялық реакцияларға толы болды, бірінші, жоғары өрледі, содан кейін құлдырады. 1830 жылдың шілдесінде Париждегі жұмысшылар, зиялы қауым өкілдері және буржуазия мүшелері реакциялы Карл X орнынан түсіріп, оның орнына прогрессивті Луи Филиппті қойды. Париж парламенті француздардың саяси экономикасын либерализацияған реформалар сатысынан өтті. Дегенмен консервативті үрдіс (онда француз контексті реакциялық болды) француздық саясатта маңызды болып табылды. Руссо радикалды дәстүрді жойды және революция француздардың саяси өмірінің тұрақты элементі болып қала берді.

Атлант аумағы және континент арасындағы әлеуметтік және саяси айырмашылықтар консервативті австриялық мемлекет қайраткері Клеменс фон Меттернихтың саясатын-

да атап көрсетілді. Наполеонның жеңілісінен кейін, Меттерних Еуропаны жан-жақты бейбітшілік келісімшартпен қамтамасыз еткен Вена конгресінде (1814-15) сәулетші болды. Оның ниеті тұрақты конгрестер жүйесі арқылы соғыстан кейінгі саясатты билеу болатын, ол кейінірек «Еуропалық концерт» атауымен белгілі болды. Оның мақсаты еуропалық державалардың және жұмыстағы қақтығыстарды реттеуге жәрдемдесу еді, себебі континенттегі революцияны тоқтату керек болды.

Еуропадағы Меттерних концерті Еуропаны абсолюттік дәуірде қайта құру үшін тырысу болды. Ол әлемдік саясаттың төңкеріске дейінгі көзқарасына сүйенді және оны Еуропаның авторитарлы режимдері қолдады. Ұлыбритания бастапқыда концерттің мүшесі болды, бірақ көп ұзамай оның консервативті схемасына байланысты шиеленісті. Ұлыбритания тегін сауда жүргізуге және әлем бойынша либералдық құндылықтардың таралуын қолдауға өз қабілетін сақтап қалуды қалады. 1822 жылы Ұлыбритания концерттен ренішпен шықты және Испанияға қарсы көтерілісте Оңтүстік Америка халықтарын және Түркиядан тәуелсіздік алу үшін грек көтерілісін қорғауға кірісті.

Концертті қалдырып, Англия батыс және оңтүстік Еуропадағы Меттерних ықпалын төмендетті. Бірақ сол арқылы, Англия, сондай-ақ Орталық және Шығыс Еуропадағы Меттернихтің антилибералды саясатты жұмсартудағы оның мүмкіндігін сақтап қалды. Британдық және француздық араласу болмаған кезде Меттернихтің схемасы жауапсыз қалды.

Концерттің мақсаты ол либерализм құрамында болу еді. Бұл саясат қысқа уақытта табысты болды<sup>7</sup>. Дегенмен Меттерних және қасиетті одақтың күш-жігеріне қарамастан, ағарту жобасы және оның прогресі, индустриализм мен бұқаралық қатысу сол ғасырдың басым пайымдауы ретінде біртіндеп пайда болды. 1848 жылы, төңкеріс толқыны бүкіл континентте Меттерних және оның реакциялық жүйесінің жойылуына әкелді. Көтерілістеі антиағартушылықтың ыдырауы либерализмнің айқын жеңісіне әкелген жоқ. Керісінше, бүкіл Еуропа бойынша калейдоскопиялық күрделі бөлшектелінген саяси көріністі туындатты. Атлант аумағында либерализм «классикалық» және «ревизионист» ұғымдарына ыдырады, тепе-теңдік, бостандық және жеке мүлік негізгі тақырыптар ретінде түрлі түсініктемелердің нысаны болды. Континентте ғалымдар мен мемлекет қайраткерлері батыс аумақтың дербестігіне байланысты консервативтік және радикалды көзқарастарын идеологиялық реакцияларын жетілдірді.

### *Атлант теориялары: Гобден және Мадзини*

Францияда, 1848 жылы революция Атлант және континент дәстүрі арасындағы жолдың жартысын құрайтын ғимараттың пайда болуына алып келді. Сілкіністердің болуы кейбір аймақтарда көптеген либералдық шараларды енгізді (мысалы, жалпыға бірдей сайлау құқығы сияқты), сол уақытта олар император Луи Наполеон кезінде бұқаралық-диктатураның бірегей түрін құрды<sup>8</sup>.

Ұлыбританиядағы либерализмнің бөлінуі Бентамның классикалық ілімдері ретінде айқын болды және ол жаңа, реформашыл дәлелдер арқылы дамытылды. Осы ғасырдың ортасындағы либерализмнің «классикалық» және «реформалық» түсініктемесі мемлекеттің нақты функциясы туралы пікірталасқа негіз болды. Классикалық ілім саясат және экономика арасындағы айырмашылықты айқындады, экономикалық сала табиғи заңға мойынсұнды, ал мемлекет экономика саласына араласып, әлеуметтік өмірдің табиғи, үйлесімді қасиеттерін бұзды. Реформашыл либералдар бұған келіспеді және

белгілі-бір экономикалық іс-әрекеттің мемлекет үшін белсенді рөлі туралы пікір айтты. Олардың дәлелі өнімді және таратушылық әрекеттері арасындағы (мысалы, Милл, 1866) айырмашылыққа негізделді. Өндіріс саласы табиғатта және технологияда белгіленген, бекітілген өзгеріссіз табиғи заңға бағынады делінді. Керісінше, таратушылық қызмет әлеуметтік тұрғыдан анықталады және адамзат бақылауына жатады.

Реформашыл либералдар еңбектің әлеуметтік бөлуін ынталандыру және өндірістің тиімділігін арттыру үшін еркін нарық заңдары сенімді болады деп санайды. Алайда, оларға әділ түрде өндірілетін тауарларды бөлуді сеніп тапсыруға болмайды, себебі мемлекет қоғамдағы құндылықтарды бөлуде маңызды рөл атқарады деп мәлімдеді. Мемлекеттік араласу әлеуметтік әділдік және теңдікті бұзатын әлеуметтік теңсіздікті болдырмау және еркін экономикалық бәсекелестіктің ең тиімді жұмыс істей алатын жағдайларын қамтамасыз ету үшін қажет болды.

Реформашыл дәлел халықаралық саясаттың либералды тәсілдеріне ықпал етті. Отандық саладағы белсенді мемлекет сыртқы мемлекеттік істерде неғұрлым белсенді рөлге ие болды. Сондай-ақ, ішкі саясатта, мемлекеттің рөлі әділеттілікті және тәртіпті қамтамасыз ету болып табылады, демократиялық арналар арқылы танымал консенсуспен санкцияланады. Халықаралық саясаттағы анархиялық ортада, керісінше, мемлекет әділдік пен тәртіпті сақтаса ғана басқа мемлекеттердің оппозициясын жеңе алады. Демократиялық мемлекет халықаралық саясатта судья және орындаушы рөлінде болған кезде, ол оны күшпен болса да өз шешімдерін орындатуға дайын болуы керек. Реформашыл либерал консервативті пікірмен келіседі, соғыс мемлекеттер арасындағы дауларды шешудегі соңғы құрал болып табылады. Ішкі саясатқа мемлекеттік араласудың пайымдауына сәйкес мемлекетаралық қарым-қатынастардағы соғыстың функционалдық баламасын табуға болады. Британдық сыртқы істер министрі Эдвард Грей мырза (1925, 286 б.) «либералды мемлекет қайраткерінің тәжірибесі бойынша естеліктерден көрініс таба отырып, бұл күш мемлекет шеңберіндегі мемлекеттер арасындағы заңды қорғау үшін қолжетімді болуы тиіс», - деді.

Герберт Спенсер ең қысқаша нүктесін қояды: «полицейлер жалғыз әрекет етуші сарбаздар, полицей сарбаздары келісімде әрекет етеді» (Спенсер, 1897, 118 б.).

Бентам бейбітшілік пен тәртіпке пайдалылық, еркін сауда-саттық пен араласпау қағидалары кепілдік береді деп мәлімдеген болатын. Оның ізбасарлары тауарлар мен идеялар ағындары әлемдік істерге бейбіт ықпал ету негізінде шекаралар арқылы өтеді деп мәлімдеді. Ұлттар жаулап алудан гөрі сауда-саттық арқылы тез байиды. Ричард Гобденнің айтуынша, адамгершілік үздік жауынгерлік қақтығыс және соғыстан жақсы, сайып келгенде, коммуникацияның жаңа құралдарын дамытып, адамгершілікті байлық пен түсіністік шеңберінде қарастырған – парламенттер, халықаралық конференциялар, танымал баспасөз, жалпыға міндетті білім беру, қоғамдық оқу залы, пенстік почта маркалары, темір жол, су асты телеграфы, үшке бөлінген құйғыш сипатты мұхит лайнерлері мен манчестерлік мақта алмасу түсіністік, бейбітшілік пен келісімнің барлық күштері болып табылады (Блэйни, 1973, 18-32 б.).

Бірақ, демократиялық мемлекеттер шыдамсыз, табанды және агрессивті автократияға байланысты өздерін қалай ұстайды? Гобден демократиялық мемлекет демократиялық қағидаларын қабылдамаған мемлекеттерге төзуі керек пе деген күрделі мәселені қарастырған алғашқы либералдық теоретиктердің бірі болды. Ол заңсыз халықаралық орта «қоғамда [отандық] жемқорлықтың пайда болуын туындатады; оның байлығы сарқылады, жалған тәңірлерге табынады және даңқ стандарттары жарқырап, өскелең

ұрпақтың жанын арбауға жеткізеді» деп атап өтті (Морли, 1881, 276 б.). Осындай ластанушы халықаралық күштермен бетпе-бет келе отырып, демократиялық қоғамдар олардың интервенционистік емес саясатын сақтауы тиіс пе? Немесе олар белсенді деспотизм мен оның ұстанымындағы надандықпен күресу керек пе еді?

1846 жылы, Гобден либералды демократия мұраттарына байланысты билік саясатына тәуекел етпеуі керек деген қорытындыға келді. Демократиялық мемлекеттер өздерін экономикалық операциялар және соғыспен шектеуі тиіс. Олар еркін сауда-саттыққа, тарихтың даму барысындағы ақыл парасат пен бостандықтың тұрақты прогресіне сенуі тиіс.

Ерте ме, кеш пе, авторитарлық тұрғындары да өздерінің шынайы мүдделері Бентамның бақыт қағидасы негізі еркін саудада, демократия мен төзімділікте деп түсінетін еді. Халықтық бұқара содан кейін жоғары көтеріледі, деспотизмді жоққа шығарып, ашық, ағарту және демократиялық қоғамдардың қатарына енеді (Гобден, 1973).

Итальяндық патриот Джузеппе Мадзини келіспеді. Ол Гобденнің «оптимистік емес интервенционизм» ұстанымына «мессиандық интервенционизм» ілімі арқылы қарсы болды (Уолтц, 1959, 103 б.). Егер демократиялық мемлекеттер құрамында деспоттық мемлекеттер болмаса, олар шындығында сол мемлекеттерге өз ықпалын кеңейтуге мүмкіндік береді деді Мадзини. Осындай пассивті позиция, сайып келгенде, демократияның бар болуының өзіне қауіп төндіретін еді. 1853 жылы, Мадзини түрік және итальяндық ұлтшылдарын қолдауға британдық үкіметті сендіру үшін осы дәлелді пайдаланды, себебі Ресей державасын батысқа қарай кеңейтін тоқтату қажет болды. Ол мұндай соғыстың деспоттық мемлекеттер жүргізген кез келген соғыстан ерекшелігі; прогресс, бейбітшілік, бостандық және әділеттілік үшін соғыс деді (Мадзини, 1945, 91 б.)<sup>9</sup>.

### *Континенталды реакция: Лист және Бисмарк*

1840 жылдары Меттернихтің тұрақты тәртібі бұзылған сәтте, бірнеше континенттік мемлекеттер барған сайын халықтың қатысуымен саяси мұраттарымен және құны төмен британдық өнімдердің су тасқынын арттыру арқылы қауіп төндіретіндігін сезінді. 1848 жылдардағы революциялық төңкеріс нәтижесінде көптеген мемлекеттер әлеуметтік тәртіптің солтүстік Атлант ілімдеріне идеологиялық тұрғыдан жауап берді.

Саяси қорғанысқа негізделген консервативті билеушілер ұлттық коммунизм мен ұлттық мемлекетке атлантикалық ықпалды болдырмауға тырысты. Институт континентте толыққанды құрылған жоқ; *Volk* ерік жігерін білдіретін *Staat* тұжырымдамасы өте ықпалды болды. Онсыз Клаузевиц және Гегель Йенада бақылағандай, Еуропаның бөлшектелінген орталық облысы Англияның өндірістік күшіне немесе Францияның әскери күшіне оңай құрбандық болатын еді. Наполеон соғыстары кезінде неміс ғалымдары әмбебаптылықтың ағарту жобасын нығайтуға тырысты және мәдени релятивизмнің баламалы доктринасын дамытты. Гердер, Гегель, Клаузевиц және басқалар әр адам бірегей ұжымдық рухқа ғана ие емес, сонымен қатар, оның бірегейлігі мен тәуелсіздігін сақтап қалу үшін бұлжымас құқыққа ие деп санайды.

Фихте (1979а) осы мәселелердің көрінісі болып табылатын маңызды, нақты сыртқы саясат теориясын дамытты. Ол Ұлыбритания идеологиясының еркін нарығында батыл да айқын ұсыныс жасады және немістің қатаң протекционизміне жауап ретінде доктринаға негізделген меркантилді саясат ұсынды. Осыған ұқсас дәлелдерді Фредерих Лист те ұсынған болатын<sup>10</sup>. Ол либералдық экономикалық теориясын «таза идеология» деді. Ол



басым болып табылатын мемлекеттің ерекше мүдделерінің әмбебаптығын білдіреді. Ол Англияны әлемдегі өндірістік орталық ретінде жасауға арналған және басқа елдерді шикізат және азық-түлік жеткізушілердің тәуелді рөлінде ұстап тұру арқылы жүзеге асырылды (Лист, 1927).

Еркін сауда-саттық әмбебап доктрина болған жоқ, ол тарихтағы белгілібір кезеңде нақты елге сәйкес жасалынған идеялар болды. Фихте сияқты, Лист ұлттық қоғамдастықтың мәнін атап өтті. Жеке тұлғалар өмірге келеді және кетеді; ал ұлттың тұрақты өмірі бар. Ұлттық мемлекет сабақтастығын және үздіксіздігін білдіреді, жеке тұлғалар оның уақытша тұрғындары болып табылады, сонымен қатар жеке тұлғаның алаңдаушылығы Волк секілді бағындырылуы тиіс, ал «жеке тұлға өзінің тиесілі халықтың игілігі үшін өз мүддесін құрбан етуге дайын болуы тиіс, бұл тек әділ және дұрыс болып табылады» деп жазады Лист (1927, 181-9 б.).

Ұлттық мемлекеттің қауіпсіздігі мен тұрақтылығы оның үш негізгі өнімді салаларын үйлесімді дамытуда бағалануы тиіс деп жалғастырады Лист (1930): ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және сауда-саттық. Бұл ұлттық экономиканың салалық бөлімшесін индустрияландыру үшін стратегияны ұсынумен қатар, тарихтың кезеңдік теориясымен қамтамасыз етеді. Бірінші және ең қарабайыр кезеңі ауыл шаруашылығы өндірісіне негізделген кезең болып табылады. Ауыл шаруашылық қоғамда, адамдар күнкөріс үшін жермен жұмыс жасайды және халықаралық экономика оқшауланған қалпында қалады. Мұнда, «интеллектуалдық және моральдық күштің барлық спектрі тәжірибе жүзінде болмаған, жермен жұмыс жасайтындардан күтуге болатыны қарапайым физикалық күш болып табылады» (Лист, 1927, 239 б; сонымен қатар 1930, 214 б.).

Дамудың екінші кезеңі сауда-саттық болып табылады. Ауыл шаруашылығы сауда-саттықпен және өндіріспен толықтырылады және «кез келген түрдегі интеллектуалды және адамгершілік күштердің артуына ықпал етеді» (Лист, 1927, 243 б.). Кәсіпкер азаматтар өндірістің шетелдік құралдарына бәсекелес болады, ішкі отандық өндірісті енді дамып келе жатқан өндіріс салаларында жетілдіреді. Лист отандық кәсіпорындар, сөзсіз одан әрі дамыту мүмкін емес болғандықтан оның шегіне жетеді дейді. Жергілікті кәсіпкерлер бастауыш өнеркәсіптік әдістерін меңгеруді бастаған сәтте, олар арзан, жоғары сапалы шетелдік импорт тарапынан бәсекеге тап болады және олар зиян келтіреді. Демек, ұлттың дамуы индустрияландырудың салыстырмалы төмен деңгейінде тежелуде болады.

Тоқырауды мемлекеттің араласуы арқылы жеңуге болады. Мемлекет экономикалық дамудың үшінші кезеңіне протекционизм саясаты арқылы ұлтты әкелуі мүмкін, елді әлемдік экономикадан бөліп алады және оны уақытша тарифтік қабырғаға оқшаулайды. Тарифтер және мемлекеттік жоспарлау «елдегі кәсіпорын рухын жандандырады» және ұлтты экономикалық дамуы жоғары, неғұрлым бәсекеге қабілетті кезеңде халқын ынталандыруға жетелейді деп айтады Лист (1930, 357 б.).

Осы уақытша оқшаулану кезеңінде ұлт ауыл шаруашылық, индустрия және сауда-саттық салаларын толыққанды салаға біріктіру мүмкіндігіне ие (257 б.). Отандық экономика үйлесімді және отандық өнеркәсіп шетелдік өндірушілермен бәсекеге түсетіндей жеткілікті күшті болса, мемлекет оның қорғаныштық тарифтік қабырғасына бөлшектелінуі және әлемдік экономикаға қайта енуі тиіс. Енді ол күш позициясы тұрғысынан халықаралық экономикалық бәсекеге қатыса алады, елде әлемдік экономиканың еркін саудадан алу үшін барлығы болады. Лист экономикалық дамудың жалпы теориясын қамтамасыз еткен жоқ. Белгілі бір «volkish» рух бірлігін, ретсіз саяси тәртіпті және күшті мемлекетке ие болып табылатын елдер азаматтардың барлық

ұрпағының пайдасы мен қанағаттануын құрбан ететін стратегияның уақытша құнына төтеп бере алады (1927, 181-9 б.). Лист стратегиясында берілген соңғы алғышартқа сәйкес Германияны күшті ұлттық мемлекет ету, Атлант либерализміне континенталды жауап беру, табысты қамтамасыз ету Отто фон Бисмаркқа жүктелді.

Бисмарктың мақсаты либерализмды сақтап қалу екендігі бірден айқын бола қойған жоқ еді. Ол бірінші, осы идея жалпы неміс парламентінің демократиялық либералдық себебімен анықталған сәтте неміс бірлігін насихаттауға тырысты. Бірақ көп ұзамай Бисмарк неміс бірлігін қолдағанмен, парламентаризм себебін қолдамағандығы белгілі болды. Сондай-ақ, ол бұл демократиялық реформаларды және үлкен экономикалық ынтымақтастық ретінде неміс либералдары пайымдағандай немістің бірігуіне қол жеткізеді. Бисмарктың көзқарасы бойынша Германия тек соғыс арқылы ғана бірігуі мүмкін. Бисмарк халықаралық қатынастар теориясына маңызды үлес қосты. «Бұл уақыттың үлкен мәселелері сөзбен және резолюциямен шешілмейді» деп айтты, бірақ «темір және қан арқылы» шешіледі. Ол халықаралық қатынастарды жанжалдасушы мемлекеттік мүдделер арасындағы күрес ретінде қарастырды. Ол қазіргі заманғы, қуатты ұлттық мемлекеттер өмір сүретін ғасырда, Пруссия мүддесін Австриямен тығыз ынтымақтастық жасау немесе басқа, кішігірім неміс мемлекеттерімен біріздендіру арқылы Пруссияны өз құқығы бар, елеулі ұлттық мемлекет ретінде сақтап қалу мүмкін екендігін түсінді.

Бисмарк халықаралық қатынастар теориясына елеулі үлес қосты. Бірақ оның атақ даңқы өз еңбектерінен соншалықты көп байқала қойған жоқ. Ол билік балансы саясатының керемет тәжірибесіне сүйенді және Германияны біріктіруге болатындығын білді (Бисмарк, 1898)<sup>11</sup>. Ол өз мақсатына жеткен соң, көне «ақ революционер» кенеттен оған берілген Германия шекараларына қанағаттанбайтындығы туралы ескертті. Гетенің *'in der Beschränkung zeigt sich der Meister'* бейнелей отырып, Бисмарк неміс билігі мен шектеулі ұлттық амбициясын ұстанды. Ол Германияның көршілес халқын бұзуы және олардың арасында ұжымдық реакция тудыруы мүмкін іс-әрекеттерден аулақ болды, оның орнына мемлекетаралық тұрақтылық саясатында айтарлықтай көрегендік танытты. Ол бейбітшіліктің адал брокері болды және оның одақтар жүйесі континенттегі әрбір елдің еркі мен қалауына қарамастан бейбіт жолды таңдауына мәжбүр болды (Киссинджер, 1968; 2015, 77 б.).

### *Еуропадан тыс жерде*

Бүкіл Еуропа бойынша және одан тыс аймақтарда индустриализм мен демократияның дамуы ғылымға деген жаңа сенімді орнатты және қоғамның жаңа көзқарасының таралуына әкелді. «Индустриализм», «ұлтшылдық», «демократия», «еркіндік» және «тептендік» секілді батыс ұғымдары ерекше Еуропалық аймақтарға бағынбайтындығын дәлелдеді. Сондықтан, Атлант аумағынан пайда болған өзара байланысқан капиталистік әлемдік экономика оның орталығына орналасты. Бұл «әлемнің белгілі бір географиялық аймағындағы экономика мен мемлекеттердің» қос революциясынан тұрды (Еуропа мен Солтүстік Американың бірнеше бөлігі), оның орталығы көршілес және Ұлыбритания мен Францияның қарсылас мемлекеттері болды (Хобсбаум, 1962, 17 б.).

Батыс институттары идеологиясы мен әдістері бүкіл әлемге таралды. Батыс елдерінің экономикалық және әскери қуаты басқа аймақтарды жаулап алу кезінде көрініс тапқандықтан, идеологиялық пікірі олардың шығу нүктесінен тыс болды. Бұл жаңа иде-

ологиялар бүкіл әлем бойынша бұқаралық аудиторияға байланысты болды және оларды іс-әрекетке араластырды. Мемлекет қайраткерлері, сарбаздар мен дүмшелер батыс тарапынан экономикалық, технологиялық және әскери қауіп-қатерлерге төтеп беру үшін ішкі элиталық қақтығысты шешу немесе қоғамды жұмылдыру үшін бұқаралық әрекетті насихаттау мен ұйымдастыруды жүзеге асырды.

XIX ғасырдағы инвестиция қыспағына, батыстың әскерлері мен ағартушылық доктриналарға Пруссияның жауабы еуропалық емес аймақтарда орын алған XX ғасыр дилеммасы еді: батыс тарапынан шабуылдаған жағдайда батыс идеялары мен институттарды қабылдау арқылы ғана жеңіске жетуі мүмкін. Пруссияның жауабы өте әсерлі болды. Пруссия жаңа, күшті мемлекет құрушы ретінде бірнеше батыс идеялары мен институттарын қабылдады. Бірақ, сол бір сәтте, ол осы идеялар мен институттар бастапқыда негізделген либералды рухын қабылдай алмады. Пруссия, мысалы, батыс дүниетанымының жекелеген элементтері либералдық модернизмнің ағартушылық негізінен алынған, содан кейін оған ол қарама-қарсы болды деген пікір ұсынды. Атап айтқанда, индустриализм, қуатты мемлекет және көпшілік жұмылдырылған саяси бағдарлама жергілікті элита үшін қорқынышпен қабылдануы мүмкін (Барраклоу, 1976, 153-99 б.; Лауэ, 1987).

Ұлтшылдықтың ежелгі бастауы жиырмасыншы ғасырдағы тәуелсіздіктің ерекше еуропалық қоғамдарына байланысты болғандығын білу өте маңызды. Дегенмен Атлант бөлігі еркін нарықтық либерализмге қарсы алғашқы сәтті қорғаныстардың Азия немесе Африкада емес, Еуропаның орталығында орнатылғандығы маңызды болып табылады (Веблен, 1939). Бисмарк батыс тараптың либералды ықпалын Фихтенің ұлтшыл доктринасы мен Лист жетілдірген орталық-периферия теориясы негізінде білді, Бисмарк күшті және өміршең мемлекет үшін экономикалық негізді қамтамасыз етті, ол қазіргі заманғы мемлекет бюрократиясын, рационалды әскери күшін, прогрессивті дауыс беруші заңдар мен жиырмасыншы ғасырдағы мемлекеттің жағдайын бейнелеп көрсететін әлеуметтік заңнаманы жасады. Ол бірінші кезде парадоксалды болып көрінуі мүмкін, бірақ он тоғызыншы ғасырдағы пруссиялықтар туралы патерналистік консерватизм жиырмасыншы ғасырдағы экстра Еуропалық әлемдегі радикалды ұлт-азаттық қозғалыстарға терең ықпал етті.

## Ескертулер

1. Фабрикалар мен дүкендер жаңа машиналармен белгіленген жылдамдыққа негізделген қызметкерлер арасында ынтымақтастық құрды. Өнеркәсіптік қалаларда жаңа, пролетарлық жұмысшы класс, сондай-ақ жұмыссыздар мен иелігінен айырылған халықтың қалалық тобы пайда болды. Осы екеуі әлеуметтік сахнада бірге пайда болғандықтан, қоғам мүшелерінің әрқайсысы ажырата алмайтын қоғамның қалыптасқан кластары үшін жаппай әрекет ету мен тәртіпсіздікті мәселе етіп қарастырды.

2. Бентам, Смит сияқты, саясаттың қоғам үшін қажетті қызметтермен қамтамасыз етілуіне байланысты қажет екендігін мойындады: заңнама, азаматтық тәртіпті қамтамасыз ету және ұлттық қорғаныс. Дегенмен саясат экономикалық тәртіптің табиғи қасиеттеріне араласпауы керек. Мемлекеттік араласудың барлық нысандары осы тәртіптің белгілі бір дәрежеде ажырауын талап етеді; заң шығарушы қандай болмасын, ол өзін «қиындықтар мен мәжбүрлеу түрінде сезінуі тиіс» (Старк, 1952-54, 311 б.).

3. Бентам халықаралық істер бойынша үш негізгі мақала жазды: «Халықаралық қатынас

нысаны», «Себептері мен салдары қарастырылған соғыс», «Әмбебап және мәңгілік бейбітшілік жоспары». Олардың бәрі 1790 жылдың соңында жазылып, «Халықаралық құқық қағидалары» (Бентамның жинағына жинақталған еңбектері (1843), 2-том, 531-61 б.) деп аталатын салыстырмалы түрде жіңішке көлемде жинақталған. «Колонияларды босату» деп аталатын төртінші эссе жеке шығарылды (Бентамның еңбектеріне енгізілді (1843), 4-том, 408-19 б.).

4. Шамамен 1800-жылы Германия үш жүзден астам мемлекеттерден, патшалықтардан және еркін қалалардан тұрды, олар Австрияның Фрэнсис I басшылығымен қасиетті Рим империясы ретінде біріктірілді. Наполеон осы мыңжылдық империяны Ульм және Аустерлицте (1805) австриялықтарды, Йенадағы (1806 ж.) пруссиялықтарды жеңген кезде жойды. Клаузевиц Йенадағы оқиғаға қатысқан, тарихтағы және халықаралық саясаттағы *Volk* тұжырымдамасының маңыздылығын түсінген жалғыз ғана байқаушы болған жоқ, Гегель де сол жерде болды.

5. Либерализмнің, радикализмнің және консерватизмнің үш идеологиясы бірдей немесе әртүрлі болып келетін дәрежесі байқаушының көзқарасына байланысты болды. Осы талқылауда қабылданған тар көлемдегі еуроцентристік тұрғыдан айырмашылықтар ұқсастықтардан басым түседі. Алайда, бұл идеологиялардың Батыс-Христиан саяси мәдениетінің барлық өнімдері екенін есте ұстаған жөн. Осылайша, буддистік немесе конфуциандық көзқарас тұрғысынан қарастырғанда олардың арасындағы айырмашылықтар өте баяу болып көрінуі мүмкін.

6. Гегель Ф. Х. Брэдли, Дж. Э. МакТаггерт, Т. Х. Грин, Джосиа Ройс және Р. Коллингвуд сияқты теориялық мамандардың көмегімен ағылшын-американ әлеміне ықпал етуді жалғастырды.

7. Меттерних өзінің дүниетанымын билік балансын дәйектеуге арнады. Меттерних Австрияның ұлттық мүддесінің себептеріне арналған либералды демократияны оңтүстік-орталық Еуропадағы австриялық билікке шақыру ретінде қарастырды. Либералдық немістер, мысалы, неміс конфедерациясының отыз тоғыз мүшесі арасындағы үлкен бірлік туралы айтты (Бунд). Егер Бундтың мүшелері көлік, сауда және саяхатқа қатысты бұрыннан бар болып табылатын шектеулерді жойса, демократиялық конституцияларды қабылдаса, еркін айырбастау күштері неміс мемлекеттерімен өзара тығыз байланыса отырып, байлыққа жетуге ынталанатын еді. Меттерних осындай интеграция Венгриядағы, Италиядағы және Балкандағы саясатқа елеулі кедергі келтіретіндігін байқады. Сондықтан, ол жергілікті неміс билеушілерін либералдар орталық Еуропадағы белгіленген тәртіпті бұзуға әрекет жасады деп сендіруге тырысты. Рейн өзенінің шығысындағы жер иеленуші аксүйектер қауымы батыс стилі реформасындағы доктринаға қарсы тұрды. Меттерних Еуропаның батыс және орталық өңірлері арасындағы әлеуметтік-экономикалық құрылым мен философиялық ой-пікірдің айырмашылығын өз пайдасына сәйкес шебер қолдана білді. Ағартушылық идеалдарын Германияның кеңейген батыстық көршілері тарапынан жағымсыз басып кіру ретінде ұсыну арқылы Меттерних Еуропа мен Атлантиканың континенттік саяси дәстүрлері арасындағы алшақтықты кеңейткен және өзінің жұмысына ықпал еткен шовинистік және ксенофобиялық реакцияны дамытты.

8. Бұл оқиғаларға қатысты пікір Алексис де Токвиль мәтіндерінде жақсы көрініс табады.

9. «Оптимистік емес интервенционизм» мен «мессиандық интервенционизм» арасындағы либерализм қақтығысы пассивті және белсенді мемлекет арасында, әсіресе АҚШ сыртқы саясатында эндемикалық ретінде қалды.

10. Лист АҚШ-тың саяси экономикасын зерттеді және Американдық саясаткерлер

жаңа мемлекеттің өнеркәсіптерін таңдау тарифтерінде қалай қалыптастырғандығын мұқият қадағалап отырды. Листте, әсіресе, Еуропаның империялық экономикаларының ықпалынан Александр Гамильтонның сытылу әрекеттерінің бар екендігі таңқаларлық болып табылады. Ол Гамильтонның талаптарын мойындады: күшті экономика – елдің қорғанысы үшін баға жетпес негіз, үкімет отандық экономикаға араласып, оның даму қарқынын айтарлықтай арттыра алады; бұл заманауи кезеңде мұндай даму ауыл шаруашылығына арналған өндірістің артықшылығына негізделуі керек (Гамильтон, 1928).

11. 1848 жылы болған революция Меттернихтің реакциялық режимін жойды. Австрия ең аз дегенде он негізгі ұлттан тұратын көпұлтты империя болды, ал Меттернихті биліктен қуған революциялық пікірдің әртүрлі ұлттық топтар арасындағы өзін-өзі анықтау талаптары ескі австриялық империяны бөлінушілік пен саяси дәрменсіздікке жақындатты. Германияда, керісінше, көтерілістер неміс халқының *Volk* көзқарасын ынталандырды және Германия конфедерациясының (Бунд) идеясын нығайтты. Бисмарктің пікірінше, Пруссияның Австриямен тығыз қарым-қатынас жасау саясаты өміршен болмады. Пруссияның мүдделерін тек пруссиялық жетекші герман мемлекетінің құрылуымен ғана қамтамасыз етуге болады. Бисмарктың түсінігінше мұндай саясатқа неміс Бундтың кішігірім мүшелері ренжитін еді: өз еркіне қалдырған шағын мемлекеттер екі ірі неміс субъектілерінің Австрия мен Пруссияның бейтарап позициясына ықпал етіп, олардың мүдделерін барынша арттыруға тырысады. Егер Пруссия Германияны біріктіруді міндетіне алса, бұл көптеген кішігірім мемлекеттерді Австрияға ендіреді. Германия тек Австрия мен Пруссия арасындағы соғыс арқылы біріктірілуі мүмкін еді. Егер, соғыс сөзсіз болатын болса, Пруссия оған кейінірек емес, тез арада дайындалуы керек. Бисмарк Пруссияның әскери күштерін және Еуропадағы күштер топтамасын құру мүмкіндігін болжады және сол сәттің болуын күтті, ол Германияның басшылығына Пруссияға Австрияның қарсы шығуына мүмкіндік берді. Кайзер Вильгельм оны канцлер етіп тағайындаған кезде Бисмарктың жоғарыда аталған істерді жүзеге асыру мүмкіндігі бар болды (1862). Ол бірден Пруссияның әскери күштерін кеңейтіп, оны алғаш рет Пруссия басшылығындағы біртұтас Германияның мақсаты үшін қажетті қадам ретінде қарастырды. Оның екінші қадамы – Пруссия мен Австрия арасындағы мүдделер қақтығысын ашу болды. Ол Даниядағы Шлезвиг және Гольштейн (1864) герцогтарына қарсы соғыс кезінде Австриямен бірікті, содан кейін ол Австриямен арадағы қақтығысты туындату мақсатында герцогтардың бірлескен аннексиясын қолданды. 1865 жылы Бисмарк Австрияны британдық, ресейлік және француздар алдында жоюына байланысты өшпенділіктің тереңдеуіне мүмкіндік берді. Австрия дипломатиялық жолмен оқшауланғанда ол Австрияны соғыс жариялау үшін шақырды. Бұл соғысқа төрт жыл дайындықтан соң Австрия әскерін жеті аптаның ішінде жаулап алды. Ол Ганновердің патшалығымен, Нассау мен Гессен-Кассельдің және еркін қала Франкфуртпен бірге Шлезвиг пен Гольштейнді біріктірді. Бұл аннексиялар неміс Бундтың таратып жіберді. Бисмарк солтүстік герман конфедерациясын (1867) ұйымдастырды, жақында ғана кеңейтілген Пруссия басқа жиырма бір неміс мемлекеттерімен бірікті. 1870 жылы Бисмарк француздықтармен арадағы соғысты туындата отырып, зорлық-зомбылықпен біріктіру саясатын жүргізіп, қалған неміс мемлекеттерін жаңа конфедерацияға енгізу үшін Франция алдындағы дәстүрлі неміс қорқынышына өз саясатын негіздеді. Ол тағы да өте табысты болды: Пруссия тоғыз айда Францияны жеңді, ал Германияның кішігірім мемлекеттері Пруссия басшылығына біріктірілді.

### III тарау

## Халықаралық қатынастардың классикалық ғасыры

### 7

#### Интермеццо: заманауи болу

1872 жылдың көктемінде Амьен қаласында ғылым академиясы өз ортасына жаңа мүше қабылдады, ол шын мәнінде ғалым емес, бірақ ғылымға деген қызығушылығы бар романист болып табылады. Оның есімі Жюль Верн еді. Жаңа бөлімшелер өздерінің ғылыми құндылықтарын ашық түрде жариялауы тиіс болғандықтан, Верн ресми сөйлеуі қажет еді. Ол өзінің болашақ кітабынан үзінділер оқып шығуға болатындығын сұрады. Оның айтуынша, «мәселені географиялық тұрғыда шешетін проблеманың бар екендігін көрсетті» (Лотман, 1997, 164 б.). Академия басшылары келісті.

Осылайша, оны қабылдаған күні Верн сабырлы ағылшын мырзасы Филейс Фогг туралы әңгіме оқыды. Мырза Фогг газеттен Ұлы Үндістан түбегі теміржолының жаңа бөлімінің ашылғандығын оқыды және оның есептеулеріне сәйкес, бүкіл әлем бойынша саяхатты сексен күн ішінде жасауға болады деп айтты. Фогг мырзаның клубының кейбір мүшелері наразылық білдірген кезде, ол олармен сексен күнде осындай саяхат жасауға болатыны туралы бәстесті. Ол сөмкелерін жинап Лондонды драмалық және әуе шары арқылы қалдырып кетті. Оның адал қызметшісі, Паспарт бүкіл жер шарында уақытқа қарсы флегматикалық дөңгелек айналмалы жарыста онымен бірге болды.

*«Әлем бойынша сексен күн»* атты еңбегі 1873 жылы жарық көрді және бірден жетістікке ие болды. Мұның бір себебі оның сюжетімен байланысты қызықты оқиғалары болды. Тағы бір басқа жолы Верннің комедиямен, драмамен және шиеленіспен бірге авантюралық әрекетті епті жасауы болды. Кітаптың табыстылығының үшінші себебінің негізі глобус тұжырымдамасы болды. Верн өз оқиғасын халық пен жер туралы нақты ақпаратпен және «тасымалдаудың барлық мүмкіндіктері» – пароходтар, теміржолдар, вагондар, яхталар, сауда кемелері, шаналар, пілдер туралы әңгімеледі (Верн, 1991 [1872]: 245). Оның тыңдаушылары алыс жерлерге, экзотикалық қондырғыларға, ерекше оқиғаларға, сондай-ақ соңғы тараудағы күтпеген өзгеріспен бұрмаланған оқиғаларға тәнті болды.

Верннің кітабының жетістігі халықаралық қатынас бойынша үлкен қызығушылық тудырғанын дәлелдейді. Бұл қызығушылық осы тараудың басты мәселесі болып табылады. Сонымен қатар, қызығушылықтың көрініс табатын жолдары да қарастырылады. Осылайша, ол халықаралық көзқарастар ғаламның симметриясына және адам әрекеттерінің өзін-өзі реттейтін қасиеттеріне деген көне сеніммен үнемі қалыптасатынын атап өтті

және бұл тарихтың жетістіктеріне, адамзаттың эволюциясына деген он тоғызыншы ғасыр көзқарасын білдірді.

Он тоғызыншы ғасырдағы халықаралық ойлардың бұрынғы ғасырлардың ой-пікірлерінен бірнеше жағынан айырмашылығы болды. Олардың бірі әртүрлілікке байланысты болып табылады. Алдыңғы ғасырлар жағдайында ғасырды және оны білдіретін айқын «дауысты» сипаттайтын белгілі бір тақырыпты анықтау оңайырақ болады. Он тоғызыншы ғасыр өзгеше болды. Ол бір жағынан он алтыншы ғасырға ұқсады, нақты біріктіретін тақырып табу қиын еді. Он тоғызыншы ғасыр ымырасыз ой пікірдің арасында бөлінді. Әртүрлі адамдар айтқан бұл ойлардың орнына олар әртүрлі ойлау жүйелерінде, «измдерде» көрініс тапты. Олардың дамуы ағартушылықпен басталды және либерализмнің, радикализмнің және консерватизмнің нақты идеологиясы он сегізінші ғасырдың соңындағы эволюциямен жалғасты. Бірақ олар өнеркәсіптік революция және Наполеониялық соғыс кезінде алғаш рет бөлшектелінді және қатаң сынға ұшырады, содан кейін әлеуметтік және интеллектуалды күштер индустриализм, империализм және ұлтшылдық кезінде осындай жағдайға тап болды.

Бұл тарау әртүрлі – измдерге, өзара әрекеттесулерге және олардың сол ғасырдағы халықаралық танымға ықпал етуіне арналған. Ол ұлтшылдықты талқылаумен ашылады - ұзақ тарихи тамыры бар, бірақ он тоғызыншы ғасыр барысында маңызы зор болған және жаңа формаларға қол жеткізген құбылыс. Бұл ғасыр соңында барлық саяси пікірталастарда эволюционизм секілді әсер қалдырған теорияларды қарастырмас бұрын индустрияландыру мен империализмді енгізеді. Бұл тарау кейбір күштерді талқылаумен аяқталады, ол он тоғызыншы ғасырдың соңында халықаралық істерге қызығушылық тудырды және жиырмасыншы ғасырдың басында халықаралық саясат секілді жаңа ғылымға жол ашты. Ортағасырда және ежелгі заманауи уақытта адамдар қала мемлекетке, феодалдық феодалға, қалаға, аймаққа немесе діни топқа адал болды. Ұлтшылдықтың өсуі адалдықтың маңызды өзгерісін білдіреді. Ол адамдар мен мемлекет арасындағы адалдықтың берік дәнекерінің пайда болуына әкелді.

## **Ұлтшылдық**

«Ұлт» идеясының қашан пайда болғанын анықтау қиын. Дегенмен ол француз революциясынан кейін елеулі саяси күш болғаны анық. Ол Америкаға және 1848 жылғы революциялық төңкерістерден кейін Орталық Еуропаға таралды. 1860-жылдары бірнеше жаңа өзіндік атауы бар ұлттық мемлекеттер пайда болды: Италиядағы біртұтас патшалық, Германиядағы жаңа империя, Австрия-Венгриядағы қос монархия және патшалық Ресейдегі саяси қайта құру. Ғасырдың соңғы онжылдықтарында ол заманауи индустрияның өсуі, халықаралық сауданың кеңеюі және Батыстың қызығушылығы мен ықпалын жаһандық кеңейту арқылы қосымша жандандырылды. Ғасырдың соңына қарай ұлтшылдық Батыстан тыс жерлерде тарады. Азияда, мысалы, Жапонияның жаңа «батыстандырылған» халқы пайда болды.

«Ұлт» сөзі ортағасырлық жоғары оқу орындарына қайта келуі мүмкін, онда ол әртүрлі, шығу тегі ортақ болып табылатын студенттер топтарын білдіреді. Заманауи қолданыстың басынан бастап бұл сөз адамның тобын білдіреді және бұл олардың ортақ географиялық шығу тегіне байланысты. Көп ұзамай бұл олардың адалдығын білдірді. Тұжырымдаманың негізінде барлық азамат өзінің халқына және оның өкілетті мемлекеттік институтына деген жоғарғы адалдыққа ие болып табылу керектігі туралы идея жатыр. Патриотизм

Батыстың саяси дәстүрлерінде ұзақ уақыттан бері бар және бұл Макиавеллидің (1961) «Ханзада» еңбегінің соңғы тарауында көрініс табады. Ұлтшылдық – бұл жаңадан пайда болған феномен.

### *Жергілікті тілдегі баспа басылымдары*

Заманауи ұлтшылдықтың тамырын он бесінші ғасырдағы Еуропа мен реформацияға алып келген жеке меншік, беделдік және сәйкестік туралы пікірсайыстарға жатқызуға болады. Бұл пікірталастардың бірі заманауи баспа технологияларының пайда болуы және әртүрлі баспа орталықтарының эволюциясы болды. Осы даму әмбебап тіл ретінде латын шіркеуінде басым болмауына біршама ықпал етті. Бұл әмбебап христиандық қоғамдастық ұғымын әлсіретті. Ол Папаның біріктіруші күшінің бұзылуына әкелді. Сонымен қатар альтернативті сәйкестіктердің өсуіне ықпал етті.

Жергілікті тілдер мен сәйкестіктер бүкіл Еуропа бойынша дамыды, жергілікті тілдегі баспа мәтіндері бойынша арзан басылымдарға арналған нарықтың өркендеуі – библия, практикалық қолжазбалар, альманахтар, романдар, парақшалар, брошюралар және жаңалықтар парағы. Нарықтар лингвистикалық шекараларды анықтады және арнайы жергілікті тілдегі баспа басылымдарын нарыққа сай стандарттауға мүмкіндік берді. Оның дамуына ханшайымдар мен патшалар қолдау көрсетті, олар жергілікті тілдегі баспа басылымдарын стандарттауды жалғастырып, оларды мемлекеттік биліктің тілі ретінде негізге алды<sup>1</sup>.

Әрқайсысы жалпыға бірдей тілге және лингвистикалық ерекше әңгімелерге, мифтерге және нормаларға сәйкес келетін Еуропадағы ұлттық қауымдастықтардың пайда болуы үшін дәстүрлі баспа мәтіндерінің артуы маңызды алғышарт болды. Бұл тұрғыдан ұлт - «болжанған саяси қоғамдастық – және ажыратылмайтын шектеулі және егеменді» (Андерсон, 1983, 6 б.)<sup>2</sup>. Алайда, айтылатын әңгіме өте көп. Бірнеше ғасырдан кейін индустриализмнің пайда болуы Батыстық қоғамдағы жергілікті тілдегі баспа басылымдарының ықпалымен біріктіруді күшейтті. Өнеркәсіп және сауда саласының артуы жаңа өмірлік секуляризацияға, жаңа қалалық орталықтарға, қазіргі заманғы мектеп жүйесі мен жаппай сауаттылыққа ықпал етті.

Бастауыш білім беру реформаларынан кейін, тарихта бірінші рет даму пайда болды, шын мәнінде оқырмандар мен танымал әдебиеттердің пайда болуына әкелді. Бұл сауатты аудиторияның кенеттен пайда болуына себеп болды. Бұқаралық нарыққа жеткізілетін жаңа әдеби жанрлар пайда болды. Ол сондай-ақ, танымал егемендік және адамзат құқықтары тұжырымдамасы сияқты ағартушылық идеяларды кеңінен таныстырды. Он тоғызыншы ғасырдың соңына қарай бұл идеялар Еуропадағы индустрияландыру аймақтарына кеңінен таралды.

Өнеркәсіпшілік, урбанизация және сауаттылық туындады, ал абсолютті монархтардың заңдылығы нашарлады. Он тоғызыншы ғасырда монарх ұлтты да, мемлекетті де білдірмеді; мемлекет халық мемлекетін, ұлттық мемлекетті, үйін немесе туған отанын білдірді. Ағарту идеясының халықтың өзін-өзі тану идеясының тез таралуымен бірге және оның барлық мүшелерінің («азаматтар») мемлекеттің саясатына қатысуының нәтижесінде ұлтшылдық бағынбайтын саяси күш ретінде пайда болды. Өзін-өзі тану және жаппай қатысу идеялары мемлекеттің саясаты халықтың еркіне сәйкес келуі керек деген негізгі талапты нығайтты.



## *Ұлтшылдықтың конституциялық және мәдени нұсқалары*

Ұлтшылдық танымал егемендіктің идеясынсыз мағынасыз болып табылады. Бұл негізгі идея Жан-Жак Руссо секілді ағартушылық авторларымен ерте тұжырымдалды және француз революциясымен жүзеге асырылды. Көп ұзамай ол әсіресе Наполеон әскерлері басып алған жерлерге қоныстанған ғалымдар арқылы сынға ұшырады. Өйткені Наполеон өз ережесін кеңейтіп, отандық халық наразылық білдірген жаңадан басып алынған аумақтарда өзінің *Наполеон кодын* енгізді. Маңызды наразылықтың бірі Иоганн Готфрид Гердер арқылы түсіндірілді. Оның дәлелі ұлтшылдықтың жаңа үлгісіне негіз болды. Наполеониялық соғыс аяқталған кезде, Еуропада екі тұжырымдама және екі түрлі ұлтшылдық доктринасы болған.

Бір жағынан, Руссоның идеяларына және француз революциясының таралуына негізделген тұжырымдама түпнұсқа болды. Руссоның өзі ежелгі қала-мемлекеттердің жақындығын қалпына келтіргісі келді. Ол сүйіспеншілікке қатысты адамның құмарлықтарының ең қаһарманы ретінде отанды сипаттаған Спартаның үлгісіне сүйенді. Алайда, спартандықтар қаланың, білімді элитаның және жауынгер дворяндардың құндылықтарын жоғары бағалады, ал Руссо қарапайым адамның қасиеттерін мадақтады (Руссо, 1950, 1964). Ол идеясы бар бірліктегі ұғым туралы ізденді. Ол халықтың тығыз бірлігіне қол жеткізу үшін «жалпы ерік-жігердің» күшті тұжырымдамасын ойлап тапты. Француз революционерлері бұл ұғымдарды отан туралы өздерінің идеясына енгізді. Олар ұлтты келісімшарт ретінде көрді. Ол негізгі саяси құндылықтар туралы келісімге негізделді және конституцияда атап көрсетілді. Конституция осы құндылықтарды анықтап, қорғауға және одан әрі дамытуға арналған саяси институттарды белгілейді. Француз идеологы Аббе Сийес (1789 жылы) халықты «бір заңмен жеке тұлғалардың бірігуі арқылы басқарылатын және сол заңмен ұсынылатын» деп анықтама берген кезде жақсы тұжырымдады (Ренанды [1882] қараңыз).

Екінші жағынан, ұлтшылдық туралы айтқан Гердер болды. Оның ұлт туралы тұжырымдамасы саяси келісімге негізделмеген, бірақ ұзақ, жалпы мәдени ерекшеліктердің органикалық эволюциясына негізделген. Гердерді таң қалдырған қарапайым адамдар болды. Бірақ оның аргументтері, тіпті Руссоның романтизмінен басым түсетін ауылдық бейнесінде болды. «Ұлттың шынайы идентификациясы табиғи, ауылдық массаның түп тамырынан басталуы керек», -деп мәлімдеді Гердер. Ол жасанды, білімді жоғары таптарға қатысты болып табылатын мақтаныш, құмарлық пен жанқиярлық жамандықтарды сынға алды.

Наполеониялық соғыс кезінде «ұлттың» екі түрлі түсінігі Еуропада пайда болды. Бірақ ол ортақ Волктың мұқалмаған қасиеттерін мадақтады. Бірі ұлтты ұлы келісімнің, жалпы заңдардың және әлеуметтік институттардың жиынтығы бойынша қарастырды. Оның жақтастары азамат ретінде жер заңдарына, оның нормалары мен құндылықтарына бағынатын кез келген адамды қабылдайтын еді. Бұл Наполеонның ұғынған түсінігі болатын. Ол орталық және шығыс Еуропадағы жаңа жерлерді басып алып, халыққа өзінің нормалары мен заңдарын бекіткен кезде, олар наразылық білдіріп, бүлік шығарды. Олардың бүлікшілдігі ұлт пен мемлекет туралы тағы бір түсінікті нығайтты. Ол адамдар арасындағы көзқарасқа емес, Волктың тарихи эволюциясы туралы көзқарасқа негізделген. Ол ұлт уақыт өткеннен кейін органикалық түрде дамып, өз тілімен, фольклорымен, дінімен және жалпы тарихи түсініктерімен мәдени бірлік ретінде көрініс тапты. Оның жақтастары өздерінің ұлтының мүшесі ретінде ешкімді қабылдамады, олар жалпы

мәдениетті сипаттайтын барлық қасиеттерді – тіл, сенім және этникалық ерекшеліктерді ортақ пайдаланатын адамдарды ғана мойындайды.

Шығысқа қарай Наполеонизм экспансиясының кеңеюіне қарама-қарсы құрылған мемлекеттілік туралы ұлттың мәдени түсінігі Еуропаның орталық және шығыс аймақтарында басымдыққа ие болды. Сонымен қатар, Наполеонға және француздық басқыншылардың саяси құндылықтарына қарсылық халықты Наполеониялық экспансияның келуімен бірге оларды ағартушылықтың жалпы құндылықтарынан ажырауға мәжбүр етті. Француз басқыншыларына қарсы қарсылық сарайға байланысты ағартушылық құндылықтарды қабылдамауға әкелді және аймақтағы оккупацияланған халықтарды Гердердің романтизмі мен мифтік өткен дәуірінде туындаған сәйкестікті тереңірек ұғынуына себеп болды. Еуропаның шығыс аймақтарында анти-батыстық, романтизм және ұлтшылдық өзара шиеленіскен ұғымдарға болды. Пруссиялық ғалымдар адамзаттың ақыл-парасатына және француз ағартушылығына тән халықтық қатысуға деген әмбебап сенімі қарама-қайшылыққа толы болған кезде, олардың әрқайсысы Волк бірегей ұжымдық рухқа ие болады деген Гердердің жеке мәліметіне сүйенді. Тілге, тарихқа және мәдениетке ықпал ету мадақталынды, ал Волк тұжырымдамасы идеалдандырылды. Конституциялық ұлтшылдықтың француздық брендін жоққа шығарылды, оны ортақ мәдени нормалардың біртектес әсерін атап көрсеткен ұлтшылдықпен алмастырды – ортақ тіл, ортақ дін және ортақ өткен кезең, органикалық түрде ұзақ (қайғылы және ерлік) тарих.

Он тоғызыншы ғасырда Гердер типіндегі дәлелдер қарқын алды. Олар Иоганн Георг Хаманн (1730-88) және Иоганн Готтлиб Фихте (1762-1814) сияқты ағартушылық авторлар арқылы таңдалып алынды және Пруссияда қарқындылықпен өрбіді, *Volksgeist және Volkstum* сияқты тұжырымдамаларды керемет қуатты саяси идеяларға айналдырды. Француз милитаризмі және британдық меркантилизм қауіп-қатеріне қарсы өзін-өзі сезінетін реакцияда Хаманн мен Фихте неміс *Volksgeist* айрықша қасиеттері туралы айтты. Олар немістердің Франция мен Ұлыбританиядан материалистік немесе церебралды импортқа қарағанда көбірек рухани музыкалық тереңдікке ие екендігін дәлелдеді. Олар өзінің және иесінің рөлін білген қызметші өз жұмысын ғана білетін шеберден ақылды екендігі туралы пікір айтты.

Гегель мен Клаузевиц сияқты авторлар бұл дәлелдерді жетілдіріп, он сегізінші ғасырдағы монархтарға дипломатияға немесе соғысқа деген танымал ынта-жігер таныту қиын болғандығын атап өтті, он тоғызыншы ғасырдың патшалары көпшілікті жаппай жұмылдыру үшін *Volk* тұжырымдамасын қалай қолдану керектігін анықтады. Клаузевиц он сегізінші ғасырдағы әскерлер он мыңнан жетпіс мыңға дейінгі аралықта болса, Наполеон миллионнан астам жауынгерді жұмылдыра алған. Ол көпшілік бұқараны жұмылдыру халықаралық саясаттың дәстүрлі жүйесіне әсер еткенін байқады.

Он тоғызыншы ғасырда халықаралық саясаттың үлестері династикалық дипломатияның шектеулі алаңдаушылығын болдырмады, яғни басым болды. Клаузевиц (1976) ғасырдың басында соғыс «халықтың ісіне айналғандығы» туралы айтты. Ол соғыс тарихындағы және макро-саясаттағы үзілісті байқады. Бұрынғы кезде халықаралық өзара әрекеттесу негізінен династикалық болды. Еуропа патшалары некелесу мен соғыс ережелері бойынша салыстырмалы жеңілдікпен аумақтарды сатты, династикалық дипломатияның екі маңызды құралы – сауда жасайтын аумақтардың тұрғындарына аз көңіл бөлді. Алайда, қазірден бастап тұрғындардың ерік қалауы тек мемлекеттік шекараларды бейнелеу үшін қолайлы критерийді құрады. Содан бері соғыстардың нәтижесі

монархтың байлығына ғана байланысты емес, ұлттың еркіне де байланысты болады. Бұдан былай бірдей этникалық немесе лингвистикалық топқа жататын адамдар бірдей аумақта тұратын болады. Заттарды осылай қабылдау жолы Еуропа мен Америка бойынша ұлттық тәуелсіздіктің қозғалысын туындатады. Бұл қозғалыстар аумақтағы патшалардың алаңдаушылығына байланысты болған жоқ, халықтардың өзін-өзі анықтауға ұмтылуымен байланысты болды.

### *Бұқаралық білім*

Наполеониялық соғыс кезінде Клаузевицтің танымал сәйкестікті бақылауы Венадағы бейбітшілік аяқталғаннан кейін тұрақты түрде байқала бастады. Жаңа білім туралы заңдар көптеген Батыс елдерінің бастауыш мектептеріне енгізілді. Бұқаралық білім барлық еуропалықтарға әлеуметтік ықпал етті. Қоғамның барлық топтарынан шыққан балалар оқуды, жазуды және дінді үйренді. Елдің барлық аймақтарынан шыққан балалар стандартталған баспа тілімен, ортақ мәдени құндылықтармен және жалпы тарихпен таныс болды.

Еуропалық жоғары оқу орындарында реформалар жүргізілді. «Ұлттық» әдебиет және тарих кафедралары Еуропалық университеттерде құрылды. Диссертациялық жұмыстар латын немесе грек тілінде емес жергілікті тілде жазыла бастады. Бұл Еуропалық филологтарға, грамматистерге, лексикографтарға және әдебиеттанушыларға арналған алтын ғасыр пайда болуына әкелді. Мұндағы арзан, жергілікті мәтіндерге нарық өз әсерін тигізді. Жанданған, дамып келе жатқан сауаттылық, арзан қағазбен және ротациялық баспа материалдары, сауда баспа материалдары бүкіл Еуропаға таралды, адамдар жаппай шығарылған мәтіндер арқылы негізгі ұлттық аңыздар мен мифтермен әлеуметтенді. Бастапқы оқырмандар және патриоттық тарихи кітаптар ұжымдық қиялдауға және сәйкестікке азаматтардың әрбір жаңа ұрпағы арқылы енгізілген әлеуметтанудың тиімді құралы болды.

Он тоғызыншы ғасырдың басында ұлтшылдық прогрессивті сипатқа ие болды. Қозғалыс барлық азаматтардың өздерінің ұлтқа және оның өкілетті институттарына адал болуы қажет деген идеяның негізінде жасалды. Бұл идея, өз кезегінде, азаматтар мен орталық мемлекеттің арасындағы эмоционалдық байланыстың дамуын және мемлекеттің саяси өміріне азаматтардың араласуын білдіреді. Он тоғызыншы ғасырдағы ұлтшылдық, керісінше, реакция болмаса консерватизммен көбірек байланысты. Солдан оңға қарай ұлтшылдыққа ауысым Атлантикалық аумаққа қарағанда континентте көбірек байқалды.

Солтүстік атлантикалық аумақ айналасында «ұлт» ұғымы жиі либералды демократиялық терминдерде - конституцияға, мемлекет пен оның өкілетті институттарына сілтеме жасау арқылы саяси тұрғыдан анықталды. Осылайша, ұлттың бірлігі мен сәйкестігі саяси ұйымнан пайда болады. Сондай-ақ мемлекет ұлтқа байланысты логикалық тұрғыдан қисынды болды.

Еуропаның орталық өңірлерінде ұлт мәдениет термині бойынша анықталды. Бұл ұғымға сәйкес, мемлекет логикалық тұрғыдан қисынды болды. Француз революционерлері халықты біріктірілген және бірыңғай саяси тәртіпке бағынушы адамдар тобы ретінде қарастырды, немістер халықтарды тарихпен жасалған және бір-бірінен құдай мен табиғаты арқылы ерекшеленетін адамдар ретінде қарастырды. Француздық философтар үшін ұлт мемлекет арқылы, ал немістер үшін ұлт *Волк* арқылы көрініс тапты, ол өз тілінде айқын *«рухты»* білдірді.

Атлантикалық дәстүрдің либералдық ұлтшылдары ұлттық мемлекеттердің әлемі

өзара әрекеттесетін ешқандай нақты түсінікке ие болмады. Олар, әдетте, халықтардың қарапайым сеніміне ие болды. Олардың бәрі ақылды адамдардың ақыл парасатына негізделіп, адамзат рационалды сызықтармен біріктіріледі және халықаралық жанжалдың қолданыста болуын тоқтатады.

Еуропаның бөлшектелген орталық аймақтарында ұлтшыл ойшылдар әртүрлі пікірлерді дамытты. Олар, әртүрлі *Volker* өз мемлекеттерін құрғандықтан, ол мемлекеттердің бір-бірінен ерекшеленетінін айтады. Әлем мәдени тұрғыдан әртүрлі болады. Олардың кейбіреулері, Хердермен бірге, әрбір *Volk* адамзат өркениетінің алуан түрлілігі мен байлығына өзінің ерекше жолын енгізетіндігін айтады. Әрбір Волк өзінің жеке сәйкестілігімен қамтамасыз етілгенмен барлық басқа тұлғалардың сәйкестігін де құрметтеуі керек. Осылайша, көптеген әртүрлі *Volker* әлемі бай және үйлесімді адамгершіліктің туындауына жетелейді.

Басқалары әлемдегі үйлесімділік аңғал арман екендігі туралы айтады. Олар Фихтемен бірге әлемнің көптеген *Volkeri* байлығы, күші, материалдық және мәдени даму деңгейі жағынан жан-жақты өзгертетінін айтты. Әлемдегі халықтардың барлығы бірдей тең емес еді. Кейбіреулері қарабайыр, ал жоғары болған басқа адамдар төменгі адамдарға билік етуге тағайындалды.

Көп мәдениетті дәлелдердің екеуі де он тоғызыншы ғасырда дами бастады. Ірі көпұлтты империяларда болған осындай көзқарастар ұлттық азаттық соғыстарға жол ашты. Мұнда Гердердің жаңғырықтары бүлікшілердің саяси риторикасы арқылы көрініс табады. 1860 жылдары Кавур Италияны тамаша әскери операциялармен біріктірді. Бөлшектелген мемлекеттердің арасындағы көзқарастар ұлттық бірігу соғысын жандандырды. Фихте шовинизмінің әртүрлілігі пайда болады. Ғасыр бойы шовинизм жеңіске жететіндей болды. Көп ұзамай, 1870 жылдары Бисмарк Германияны шебер ұйымдастырылған соғыстардың дәйектілігі арқылы біріктірді. Екі жағдайда да ұлтшыл қозғалыстарда терең өзгерістер орын алды. Тарихи аңыздар мен романтикалық философияның әсерлі қоспасы мен өнеркәсіптік экспансиямен нығайтылған ұлтшылдық шовинистік және оң жақ тараптық себепке негіз болды<sup>3</sup>.

## Индустриализм

Ұлтшылдықтың таралуы индустрияны кеңейтуге, тек қана жаңа баспа машиналарымен емес, сонымен қатар, теміржол, пароходтар, телеграфтар мен жаппай өндірілген тұтыну тауарлары нарығы арқылы да ықпал етті. Өнеркәсіп өнімі идеялармен алмасу, тауарлармен алмасу және адамдарды тасымалдауды жеңілдетті (Бузан және Лосон, 2015, 3-тарау). Он тоғызыншы ғасырдың соңғы ширегі индустриализм эволюциясында әсіресе қарқынды және турбулентті фазаны білдірді. Бұл Наполеониялық соғыс кезінде Англияны соншалықты күрт өзгерткен индустрияландыру процесінің әлеміне ғана таралып қоймайды (бірінші индустриалдық революция). Бұл көп жағдайда өз кезегінде феномен ретінде қарастыруға лайық болып табылатын табиғатпен және қарқынмен ерекшеленеді (екінші индустриалдық революция). Өйткені, бірінші индустриалдық революция инкременталды өзгерістен тұрды, екіншісі кенеттен пайда болды. Бұның ықпалының қарқынды жылдам және тез болды<sup>4</sup>.

Өндірістің кеңеюі кәсіпорындар санының қарқынды түрде артуына ықпал етті, экономикалық және әлеуметтік ұйымның жаңа түрлерін қажет етеді. Өнеркәсіптің

барлық салаларында зауыттар жүздеген жұмысшылардың ынтымақтастығын талап ететін ауқымды өлшемде салынды. Бұл ондаған жұмысшы жұмыс істейтін ескі кәсіпорындардың анахронистік екенін білдірді. Жаңа зауыттар алыстан келіп, тез дамып келе жатқан қалалық агломерацияларда жұмыс істейтін жұмысшылар әскерін жалдады.

### *Бұқараны жаппай мобилизациялау*

Капиталды көбірек шоғырландыру үрдерістері, зауыт көлемінің өсуі және еңбек урбанизациясы ғасырдың соңғы ширегінде жинақталды. Ол теңдесі жоқ жеңістің кезеңі еді. Бұл сондай-ақ керемет сәтсіздіктердің ғасыры болды. Бірақ ең алдымен бұл тез өзгеру кезеңі болды. Өзгеріс бұрынғы тәртіпке еріткіш және жаңа катализатор ретінде әсер етті.

Өнеркәсіптің қарқынды дамуы батыс елдеріндегі көне, ішкі тәртіпті бұзды. Ол Еуропаға таралған кезде дәстүрлі ауылдың ауылдық жұмысшыларын жаңа өнеркәсіптік қалашықтардың қызметкерлеріне айналдырды. Индустриализм және урбанизация жаңа, күшті топтар мен таптардың дамуын жандандырды. Заманауи бизнесті, корпорациялардың, банктердің және сақтандыру компанияларының жаңа түрлерін дамыту Ұлыбритания, Франция, Германия және Америка Құрама Штаттарындағы қаржылық элиталардың дамуына ықпал етті. Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында халықаралық дамуға қол жеткізген конгломераттар мен ұйымдардың дамуы байқалды.

Ұйым трансформациясы да мемлекетте орын алды. Батыс елдері орталық және мемлекеттік бюрократиялардың қызметін дамытты. Саясатшылар экономикада қолдануда және азаматтық қоғамды қалыптастыруда үкіметтерге белсенді рөлде болуға және бизнесті реттеу жолдарын ізденуге мүмкіндік беріп заң жобаларын қабылдады. Олар біртіндеп қазіргі заманғы саяси ұйымдардың пайда болуын ынталандыратын дауыс беру құқығын арттырды – партиялар, мүдделі топтар және ең алдымен кәсіподақтар<sup>5</sup>.

Мұндай заң жобалары 1850 жылдан кейінгі Батыстағы индустриалды елдердің саяси жүйелерін қайта құрды. Олар қағида бойынша саяси үдерістегі ұлттық жиналыстардың басым болуын арттырды, осылайша парламентаризмге және қазіргі заманғы либералды демократия жүйесіне жол ашты. Солтүстік-Атлантикалық аумақтан алыс жерлерде реформалар саяси спектрдің екі жағында да либерализмге қарсы жаппай қозғалыстарға жол ашты. Әдетте, индустрияландыру неғұрлым жылдам дамыса, антилибералды реакциялардың дамуы да жылдам болды (Булль, 1948). Жаңа индустриалды қоғамдардың құрылуы жұмысшы кәсіподақтарының, еңбек партияларының, таптық сананың және радикалды саясаттың дамуына ықпал етті. Сондай-ақ, дәстүрлі әлеуметтік тәртіптің бұзылуы урбанизация мен әлеуметтік әдет-ғұрыптың жаңа үрдістеріне қарсы тұрған консервативті романтикалық қозғалыстардың артуына себеп болды.

Сонымен қатар, индустрияландыру қарқыны мемлекеттер арасындағы бұрынғы тәртіпті бұзды. Халықтар жылдамырақ индустрияландырылған сайын, олардың әлеуеті де арта түсті. Батыс мектебінің халықтары мектеп жүйесін жақсартқанда, олар тек жұмысшы күшінің сапасын ғана жақсартқан жоқ, сонымен қатар әскер сапасын да жақсартты. Олар болат өндірісінің әдістерін жақсартқан кезде, сонымен қатар, қару-жарақты жасауды жақсартуға мүмкіндік берді. Олар жолдар мен темір жолдарды жақсартқан соң, әскери күштерді жобалау қабілеті де жақсарды. Олар ағаш кемелерді болат кемелермен ауыстырғанда, кемелердің жылдамдығы мен сыйымдылығын ұлғайтты, әлемдегі кез келген айлаққа немесе жағаға адамдардың көп мөлшерін тасымалдауды арттырды.

## *Біркелкі емес өсу қарқыны, белгісіз қарым-қатынастар*

Батыстың әртүрлі елдері түрлі мөлшерде индустрияланды. Бұл біркелкі емес өнеркәсіптің өсуі халықтардың әскери әлеуетінің біркелкі артуына бағытталды. Он тоғызыншы ғасырдың соңғы ширегінде, Еуропадағы кейбір орташа елдер (Германия секілді) өзінің өндірістік және әскери әлеуетін жоғары көрсеткіште арттырды. Керісінше, кейбір дәстүрлі ұлы державалар (Британия секілді) баяу дамыды, 1900 жылға таман бұрынғыдан басым болмады. Ежелгі мемлекеттің билік балансы түсініксіз болды, әскери күштер мен саяси беделінің иерархиясы белгісіз болды.

Бұл оқиғалар халықаралық істердегі белгісіздіктерді туындатты. Біріншіден, мемлекеттік мүмкіндіктердің біркелкі емес өсуі салыстырмалы түрде тұрақты концерт жүйесінен соңғы қалдықты бөліп тастайды. Екіншіден, Еуропаның заманауи өндірісінің монополиясы индустриализмді басқа континенттерге тарату арқылы бұзылды<sup>6</sup>. Ғасырдың соңғы ширегіндегі әлемдік саясаттың белгісіздігі үлкен экономикалық дағдарыста көрініс тапты. Алғашқы елеулі құлдырау 1873 жылы басталған кезде АҚШ-тың ірі облигациялары бойынша құлдырауға жол бермеді. Бұл Еуропаның астанасын дереу сілкіндіретін дүрбелеңді тудырды. Серпілістер мен дүмпулер толқыны келесі жиырма жылдан астам кезең бойына жалғасты, 1873-96 жылдары «Ұлы Депрессия» деп аталды.

Депрессия дүрбелең туындатты. Бұл капиталдың шоғырландырылған және орталықтандырылған жылдамдығын арттырды. Дүрбелеңнің негізгі құрбаны ежелгі кішігірім отбасылық бизнес болды. Әдетте бірінші индустриалды революция кезінде пайда болған шағын кәсіпорындар тар аяға негізделген және екіншіден пайда болатын мәселелерге төтеп беруге тиімсіз жасалынған еді. Неғұрлым әртараптандырылған және рационалды болған сайын кәсіпорындардың жұмыс жасауы жақсарды. Дүрбелең кең ауқымды алаңдаушылықты туындатты. Ол әртараптандыруды және үйлестіруді ынталандырды, ұйымдар мен картельдерді (капиталистік монополияның бір түрі, әрбір өндіріс саласындағы ірі кәсіп иесінің нарыққа үстемдігін және келісушілердің тауарға бірыңғай нарық қойып, пайда түсіруді қамтамасыз ету үшін жасалған келісім) қалыптастыруға шақырды.

Бәрінен бұрын Германия мен Америка Құрама Штаттары жапа шекті. Екеуі де жаңа мемлекет болды. Екеуі де отандық соғыс пен ұлтшылдықтан бастап қаржы дүрбелеңін бастан кешірді. Екеуі де банкроттықтың шексіз мөлшері мен кішігірім бизнестің ауқымы азайғандығының, ірі капиталдың жинақталғандығының куәсі болды. 1900-жылға таман Германия мен АҚШ-тың үлкен көлемдегі экономикасы аздаған мөлшерде болды. Бұл компаниялардың несиелік талабы өте зор болды, банктер мен несие мекемелері оларды қаржыландыруға қатысты, себебі өздерінің несиелері мен инвестицияларын қорғауды қамтамасыз ету үшін директорлар кеңесінің мүшесі болуды талап етті. Осылайша, ұлы қаржыгерлер үлкен бизнесті басқаруға ықпал етті.

Көне және ұлттық мемлекетті құрған Ұлыбритания мен Франция 1873 жылғы дүрбелеңнен оңай құтылды. Екі елде де шағын, отбасылық кәсіпорын экономикалық ландшафттың ортақ ерекшелігі болып қала берді. Бірақ мұнда да болат және химия өнеркәсібіндегі алып комбайндарымен капитал концентрациясы өндірілді. Ұлыбританияда Брунер-Монд және Викерс-Армстронг секілді фирмалар ғасырдың соңғы жартысында үлкен аумаққа дейін кеңейді, ал Францияда Шнейдер-Крусот компаниясы жылдам дамыды.

1880 жылы Англия әлемдегі жетекші индустриалды күшке ие болды; жиырма бес

жылдан соң ол Америка Құрама Штаттарынан кейінгі екінші ел болды және неғұрлым жылдам қарқынмен индустрияланған Германиямен де бәсекеге түсті. Германия химиялық өндіріс пен машина станоктарының маңызды, жаңа салаларында көш бастады. Дизель, Даймлер және Бенц секілді неміс инженерлері тасымалдау саласында революция жасады, 1880 және 1890 жылдары мұнай фракцияларының жеңіл, тиімді двигательдерін жетілдірді.

Жаңа двигательдердің шапшаң таралуы мұнайды барлау, бұрғылау, тасымалдау және тазалауға байланысты кәсіпорындарды құру маңыздылығын туындатты. Ғасыр бойы ірі мұнай компаниялары Еуропада, Америка Құрама Штаттарында, Орта Шығыс пен Азияда бұрғылау жұмыстарын жүргізді. Мұнайға деген ұмтылыс әлемнің саяси экономикасын өзгертті. Себебі, Еуропа елдерінің көбі бастапқыда негізгі тұтынушы елдерден үлкен қашықтықта табылған, олар қажет еткен аумағы үлкен қорды құрайтын мұнай қорын тапты. Пенсильвания, Техас және Калифорниядағы тамаша ашылулар Америка Құрама Штаттарын мұнайға өзін-өзі қамтамасыз етуін қамтамасыз етті. Алайда, Еуропа мұнайға болашақ қажеттіліктерді шетелдік ұнғымаларға қол жеткізуге рұқсат беру арқылы қамтамасыз етуге болатындығын білді.

Ғасыр басында бұл экстра-еуропалық мұнайға тәуелділік жақын және таяу шығыстың геосаяси маңыздылығын арттырды. Бұл ұзақ уақытқа созылған даму Ұлыбританияның алаңдаушылығын тудырды, көшбасшылары Осман империясын таяу шығыстағы басқа еуропалық державалар, әсіресе Ресейдің араласуын болдырмау үшін тырысты. Шын мәнінде, Азиядағы кішігірім орыс конструкцияларын жою британдық шенеуніктердің басты мақсаты болды. Алдымен, мұнай жеткізу мәселесі минималды болды, бірақ ұйқыға бейім және немқұрайлы Оттомандар бақылайтын аудандардағы концессиялар үшін мұнай компаниялары арасында шиеленіс пайда болды, осы аймақта мұнай мөлшерінің көп болғандығы әлі белгісіз. Бірақ, бірінші дүниежүзілік соғыстың соңына таман Осман империясы құлдыраған соң, Таяу Шығыс мұнайы аймақ саясатындағы күрделі және қарама-қайшылық тудыратын фактор ретінде пайда болды.

Өнеркәсіптің қазіргі заманғы құралдарының диффузиясы және қазба отындарын дүниежүзілік іздеу бірінші индустриалды революция мен екінші революция арасындағы соңғы айырмашылықты суреттейді. Алғашқы революция Англия мен Еуропаға байланысты болды, екіншісі бүкіл әлемді қамтыды.

## **Империализм**

Он тоғызыншы ғасырдың батыс экспансиясының толқыны бұрынғы толқыннан ерекшеленді. Көптеген ғалымдар оның бірегей сипатын белгілеу үшін «империализм» деп атайды, оны бұрынғы жылдардағы «отаршылдықтан» осылай айыруға болады.

Көне стильдегі отаршылдық он бесінші ғасырдан бастап дамыды. Он алтыншы және он жетінші ғасырларда ол меркантилистік құрылым шеңберінде қалыптасты. Ежелгі стильдегі колонистер отандық саудагерлерден өздеріне әкелінген нәрселерді сатып немесе өздері қалаған нәрселерді күшпен алды. Бағалы металдар, тропикалық азық-түліктер және құлдың еңбегі нақты ақшалай меркантилизм арқылы сатып алынды. Дегенмен он сегізінші ғасырдың соңында бұл көне стильдік отарлық жүйесі жойылды және жаңа үлгідегі империализммен ауыстырылды.

Жаңа жүйе бойынша батыс тұрғындары отандық саудагерлер ұсынған нәрселерді сатып алумен қанағаттанбады. Батыстықтар осы ережелерді басшылыққа алуын қалады. Олар алыс елдердің түкпіріне көшті және өндірісті, өндіруді, сонымен қатар қажет тауарларды тасымалдауды ұйымдастырды. Олар бүкіл Африка мен Азияның барлық аймақтарына енді, Батыстың индустриалды экономикасының қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған үлкен инфрақұрылымдарды құрды (Бузан және Лосон, 2015). Олар айлақтар мен қоймалар салды, интерьердегі ресурстарды іздестірді, жолдар, теміржолдар, өзен пароходтары компанияларын, шахталар, плантациялар, мұнай өңдеу зауыттарын, зауыттар, кеңселер, үйлер, банктер мен қонақ үйлер тұрғызды.

### *Империализмнің либералды және радикалды идеологиялары*

Колониализм мен империализм екі түрлі нәрсе болып табылады. Индустриализм Еуропаның көне қажеттіліктері мен сауда-саттық үлгілерін өзгертті, отаршылдық саясат дамыды. Дәмдеуіштер, қант өнімдері мен құлдар салыстырмалы түрде азайды, индустриализм батыс зауыттарына шикізаттың және батыс зауытының жұмысшыларынан азық-түлікке деген сұранысты арттырды. Сонымен қатар, Батыс бұдан былай колониалдық тауарларды сатып алушы ғана емес, индустриализм батысты капиталды экспорттаушыға және машина жасау өнімдерін сатушыға айналды. Бұрынғы кездері шиеленіске толы болған Батыс елдері өздерінің колонияларына импортталған өнімдердің тепе-теңдігін қамтамасыз ету мақсатында жеткілікті тауарларды жаңа өнімдермен толықтыруға мәжбүр болды. Олар нарықты үздіксіз іздеумен болды.

Либералдар еркін сауда барлық мүдделерге қызмет ететінін айтты. Рикардоның салыстырмалы артықшылық теориясын кеңейте отырып, олар индустрияландырылған батыстық елдермен сауда саттық жасаған жағдайда, олар кедей және артта қалған елдерге көмектеседі. Егер батыс капиталына кедей елдерде еркін жұмыс істеуге мүмкіндік берілсе, бұл даму және эволюция процестерін туындатады. Еркін сауда либералдардың пікірінше, өткен кездегі отаршылдықтан басқаша болды. Олар отаршылдықты меркантилизммен, протекционизммен, қоршаумен, бәсекелестікпен және соғыспен байланыстырды. Соғыс, өз кезегінде, салықтар мен ұлт капиталының пайдасыз сарқылуын білдірді. Еркін сауда екінші жағынан, прогреспен байланысты болды және бұл бүкіл әлем халықтарының өзара тәуелді транзакцияларымен, өзін-өзі реттейтін әлемдік тәртіппен, білім мен байлықтың дамуымен белгіленген халықаралық еңбек бөлінісінің үйлесімділігін білдіреді. Либералды доктрина британдық Манчестер қаласында күшті өкілдерге ие болды. Ол мақтаны және еркін сауда философиясын әлемнің әр бұрышына экспорттады. Барлық халықтар жаулап алуға қарағанда сауда-саттық арқылы байыды. Елдердің әл-ауқаты қауіп-қатерлерге қарағанда келіссөздер мен рационалды талқылау арқылы арта түсті. Сондай-ақ, халықтар арасындағы қарым-қатынастар мен сауда-саттық қатынастары артқандықтан бейбіт және тәртіпте болатындығын атап өтті, себебі сауда-саттық қарым-қатынастары білімді, өзара түсіністікті, адалдық пен сенімді арттырды.

Радикалдар «колониализмді» тонаумен, құлдықпен және өлтірумен байланыстыруға бейім болды. Сондай-ақ, отаршыл халықтар арасындағы отаршылдық меркантилді соғыстардан тұрды. Бұл өз отанындағы бас бригадалар, матростарды әскерге мәжбүрлеп шақыру және жұмыс күшінің сарқылуын білдірді. Империализм жыртқыш және репрессиялық болғанымен, радикалдар «азиялық өндіріс режимінен» «тарихи емес»



және «варварлық» қоғамдардағы прогрессивті функция қызмет ететіндігін және тарихи эволюцияға енетіндігін мойындады. Карл Маркс бұл радикалды парадоксты ықшамды етіп көрсетті: «Англия Үндістандағы екі жақты миссияны орындауы керек: бірі – деструктивті, екіншісі – көне Азия қоғамын жою және Азиядағы батыс қоғамының материалдық іргетасын қалау» (Маркс, 1972, 82 б., 1977, 931-41 б.).

### *Өзгерістердің экономикалық аспектілері*

Он тоғызыншы ғасырда Батыс агенттері әлемнің әртүрлі аймақтарына капитал салды. Олар әлемнің ірі аймақтарындағы өмір салтын батыстандырды. Олар жер туралы талап-арыздарды және жылжымайтын мүлік туралы келісімшарттарды қайта қарастырды, бұрын болмаған аймақтарға жеке меншік тұжырымдамасын енгізуді қарастырды. Олар жергілікті билеушілерге қарызға ақша берді. Египеттің Хедиві, Парсы шахы және Қытай императоры батыстық қаржыгерлерге қарыз болды. Бұл батыс акторлары мен жергілікті элиталар арасындағы байланыстарды орнатты. Ол сондай-ақ батыстың қаржы жүйесіндегі үлестерінің отандық режимдердің жалғасуына негіз болды. Олар үлкен халықты жалақыға жұмыс жасайтын қызметкерлерге айналдырды, олардан салық алынды, тауарлармен нарықтық алмасуды енгізді және ақшаны нарықта қолдануға негіз болды.

Батыс агенттері еуропалық емес қоғамдарға терең ықпал еткенін түсінді. Бірақ олар мұны жаман нәрсе деп есептемеді. Олар әлемді он тоғызыншы ғасырдағы тарихи прогрестің басым көзқарасы тұрғысынан қарастырды. Ол әдеттегідей батыстағы прогрессивті мемлекеттердің тәжірибесін әлемдегі «артта қалған» ұлттарға еуропалық өркениетті: христиандық, білім, байлық пен құндылықтарды; оларды ақыл парасат пен бостандықтың тарихи эволюциясына енгізе отырып жүргізілді. Осылайша, империалистік тәжірибе антиколониалдық риторикамен бірге жүргізілді.

Генрих Моррис (1900) осы империалистік тәжірибенің бір аспектісін талқылады, ол жаңа аумақтарды сатып алу болатын. Төменде 7.1-кестеде келтірілген сандар Ұлыбританияның 1860 және 1880 жылдар аралығында өз иелігін жылдам дамытқанын көрсетеді (2,5-тен 7,7 миллион шаршы мильге дейін) және дерлік басқарылатын аумақтағы халықты шамамен екі есеге көбейтуге болады (145-тен 268 миллион адамға дейін). Франция мен Германия өздерінің отаршылдықты кеңейту кезеңін 1890 жылдары бастан кешті.

**7.1-кесте.** Үш еуропалық биліктің отаршылдық иеліктері (миллион шаршы миль миллион адам)

Ұлыбритания			Франция		Германия	
Жыл	Аймақ	Тұрғын саны	Аймақ	Тұрғын саны	Аймақ	Тұрғын саны
1815/30	?	126.4	0.02	0.5	-	-
1860	2.5	145.1	0.20	3.4	-	-
1880	7.7	267.9	0.70	7.5	-	-
1899	9.3	309.0	3.70	56.4	1.0	14.7

*Дерек көз: Моррис (1900)*

Тарихшылар Британиядағы сыртқы саясаттағы 1872 жылғы өзгеріс Тори көшбасшысы Бенджамин Дизраэли кенеттен оның бұрынғы отаршылдыққа қарсы тұрудан бас тартып, империялық кеңейту саясатын қабылдаған кезде орын алды деген пікір айтты. Дизраэлидің конверсиясының кенеттен орын алуы және осыған байланысты Еуропадағы басқа да мемлекеттік қайраткерлердің даяр болуы кейіннен көптеген кітаптардың нысанына айналды. Көптеген авторлар 7.1-кестеде көрсетілген шетелдік экспансия толқыны екінші индустриалды революция нәтижесінде пайда болған экономикалық стимул негізінде жандана түсті: Еуропалық державаларда индустрия дамыды, олар осы процесс барысында жаңа коммуникация режимдері мен көлік процесін дамыта отырып, шикізатты және азық-түлік өнімдерін шетелге шығарды. Он тоғызыншы ғасырдың соңғы ширегінде Батыс импорты Еуропаның кеңейтілген салаларында шикізат көлемін арттырды (мақта, жүн, ағаш, руда, қарасора, кендір, бояғыш заттар, өсімдік майы және көбінесе мұнай) және маңызды азық-түлік тауарлары (бидай және ет). Бұл түсіндірме 7.2-кестеде көрсетілген сауда көрсеткіштері арқылы түсіндіріледі. Олар тропикалық елдерде өндіріліп, 1880 және 1910 жылдар аралығында алыс нарықтарға тасымалданған тауар саудасының қарқынды артуын көрсетеді.

**7.2-кесте.** Негізгі тропикалық тауарлардың әлемдік нарықтағы өнімі, 1880–1910 (000 тонна)

	1880	1900	1910
Банан	30	300	1,800
Какао	60	102	227
Кофе	550	970	1,090
Мақта талшығы	950	1,200	1,770
Кендір	600	1,220	1,560
Шикі қант құрағы	1,850	3,340	6,320
Шай	175	290	360
Ләстік (астарлық мата)	11	53	87

*Дерек көз: Байрох (1975, 15 б.)*

### *Өзгерістердің саяси аспектілері*

1853 жылы Қырым соғысы басталғанда, ол Еуропадағы ұлы державалар арасындағы қырық жыл бойғы бейбіт байланысты жойды. 1856 жылы аяқталған соң, 1860 жылдары итальяндық және неміс соғыстары орын алды. 1871 жылы Пруссия Францияны жылдам және күтпеген жерден жеңді. Бұл жеңіс француз халқының кек алу ниетін туындатты. Француздық сезім жаңа германдық мемлекетті индустрияландыру мен жылдам біріктіру арқылы ширығып, ұлғая түсті. Бұл француздық саясатқа қорқыныш пен қауіп қатер тудырды. Тағы да бір қосымша реніштің туындау себебі, Бисмарктың Францияны дипломатиялық жолмен оқшаулап, Ресейге көмектесуі болды. Францияны Ресеймен, Германияның басқа да табиғи қарсыласымен жақындастыруды болдырмауға мүмкіндік берген керемет дипломатия болатын. Ғасырдың соңғы ширегінде Балқандағы ұлтшылдықтың ұлғаюы және Африкадағы француз және британдық мүдделер арасындағы империалдық шиеленіс жағдайында халықаралық жағдай қосымша қиындықтарға тап болды.

Отаршылдық қақтығыстар еуропалық индустриализмнің біркелкі емес дамуына байланысты болды. Біріншіден, түрлі көрсеткіште индустрияландырылған әртүрлі мемлекеттер – Германия, мысалы, Англия мен Францияға қарағанда тезірек индустрияланды. Екіншіден, индустрия тыйым салу мен іске қосу арқылы дамыды – 1860 жылдары кеңейтілген өнеркәсіптік қалаларда жаңа жұмыс орындары пайда болды, дегенмен кенеттен АҚШ-та басталған дағдарыс Еуропаға 1873 жылы дүрбелең тудырды және Атлантиканың екі тарапындағы миллиондаған жұмыс жасалмастан қалып кетті.

Бұл өзгерістер сол ғасырдағы рухани ахуалға қатты әсер етті. Адамдар прогрестің және индустриализмнің сөзсіз артықшылықтарын пайдаланады, сонымен бірге олар өздері құрған өркениеттен бас тартады (фон Сутнер, 1891). Көптеген елдердегі бұқара халықтың тағдырын, серпіліс пен құлдыраудың күшін анықтайтын жаңа халықаралық өзара байланыстар мазасыздықты немесе күңгірт қорқынышты туындатты. Қалалық орталықтар кедейшілікпен, жаппай бұзылумен, қылмыспен және революциялық қауіп қатерге толы шиеленісте болған еді. Өлтіру мен терроризм халықаралық тұрғыдан назар аударуды қажет етті, ол 1890-шы жылдары қауіп-қатер тудырды. Олардың кейбіреулері өздерінің қорқынышын болжамындағы жауларына арнап, әмбебап дұшпандық теорияларын ойлап табады, басқалары заттардың жақсы тәртіпте болуын реттейді, революцияның жоспарын немесе радикалды реформа жүргізу үшін жұмыс жасайды. Кейбір реакциялар таза рухани тұрғыдан болды<sup>7</sup>. Басқалары материалистік және саяси болды. Олардың арасында көптеген гибридік жауаптар болды.

Ғасырдың соңғы онжылдықтары отандық ішкі шиеленістермен және жаңа халықаралық билік ойындарымен ерекшеленетін болады. Әлемдік оқиғалар туралы ой-пікір мен жағдай адамдардың оларды қалай қабылдағанына байланысты әсер етті. Бұл саяси идеалдардың және ақыл парасаттың көне, оптимистік ғасыры жаңа, пессимистік ерік-жігер ғасырымен алмастырылған саяси атмосфераның өзгеруіне әкелді. Зияткерлік климаттың өзгерісі келесі бөлім тақырыбы болып табылады.

## **Дарвин: эволюция, анархия және өзара тәуелділік**

Ұлтшылдық, индустриализм және империализм он тоғызыншы ғасырдағы мемлекеттердің іс-әрекетіне әсер етті. Екі қосымша фактор да мемлекеттердің іс-әрекетіне әсер етті немесе мемлекеттік қайраткерлер және ғалымдар мемлекеттің қарым-қатынасын «өзара тәуелділік» және «эволюция» ретінде қабылдады. Екі фактор да он тоғызыншы ғасырдың соңында халықаралық қатынастар теориясына терең ықпал етті. Сондай-ақ, олар халықаралық саясат ғылымын қалыптастыруға алғашқы болып қадам жасады және көптеген жылдар бойы халықаралық қатынастармен байланысты болып табылатын халықаралық қатынастар теориясына ықпал етті.

### *Өзара тәуелділік*

Бір-бірімен сауда-саттық жасайтын мемлекеттердің негізгі идеясы бір-біріне тәуелді болатындығы ежелден келе жатқаны белгілі. Он сегізінші ғасырдың Монтескье, Смит және Рикардо сияқты авторлары талқылаған болатын (олардың барлығы өзара тәуелділік – тәртіп пен бейбітшілік үшін күш екендігімен келіседі). Оны Руссо да атап көрсетті (оның айтуынша ол қауіпсіздік пен қақтығыс көзі болған).

Он тоғызыншы ғасырда Монтескье, Смит және Рикардоның дәлелдерін Ричард Гоб-

ден секілді белсенділер қарастыра бастады. Еркін сауда-саттық ұлттарды біріктіреді, «олардың әрқайсысы өркендеуге және бақытты болуға ұмтылады» деп жазады Гобден (1973, 225 б.), Манчестер саудагер және әлемге белгілі азамат. Оның дәлелдерін Джон Брайт, Уильям Гладстон, Роберт Пил, Джон Стюарт Милл және көптеген ағылшын экономистері мен әдебиет қайраткерлері қарастырды. Бұл 1851 жылы Лондондағы үлкен көрменің ашылуына қарағанда айқын болды. Көрме және ол орналасқан керемет шыны сарай өркендеу, тәртіп пен әлемдік бейбітшілікті қамтамасыз етуде ғылым, техника және еркін сауданың біріккен түрде жұмыс жасағанының танымал символы болды.

Көптеген ғалымдар қарапайым, негізгі дедуктивті модельмен сипаттаған пікірлерімен бөлісті. Бірақ, кейбір адвокаттар қарапайым, рикардиян үлгісі халықаралық сауда тәжірибесіне сәйкес келмейтіндігін байқады. Әртүрлі елдерде жеке меншік және сауда туралы заңдар түрліше болды және бұл жиі халықаралық мәмілелерді қиындатты, британдық адвокат Джон Уэстлейк өзінің «*Жеке халықаралық құқық туралы трактатында*» [1858] түсіндіргендей, тілдер және құқықтық жүйелер арқылы құнды тауарлармен алмасуға күрделі құжаттар, баяу қаржыландыру және белгісіз сақтандыру кедергі келтірді. «Егер өнеркәсіптік мемлекеттердің өздерінің құқық жүйелерін үйлестіру және стандарттау бойынша мандатпен жұмыс істейтін кейбір органдарды құрған жағдайда, қақтығыс пен көңіл қалушылық азаяды», - деді ол.

Тобиас Асер және Густав Ролин-Джакеминс және басқа заңгерлер де осы мәселені қарастырды. Олар бақылаған ұлтшылдықтың артуымен атап көрсетілген ғасырда халықтардың заңдарын үйлесімге келтіру қиын болды. Ұлтшылдықтың арту рухына «халықаралық рух» арқылы қарама-қарсы тұру қажет болды деп жалғастырды олар. 1860-жылдардың соңында Уэстлейк, Ассер мен Ролин-Джакеминс барлық батыстық елдер бойынша адвокаттардан жаңа интернационалдылықты зерттеуге және жандандыруға арналған жаңа құқықтық журнал шығаруды қолдады. 1868 жылы *Халықаралық заң бойынша ревизиялық комиссия* (ХРК) журналының бірінші нөмірі жарық көрді. Ролин-Джакеминс арқылы жазылған бірінші редакциясы халықаралық-құқықтық реформаның керемет бағдарламасы болды. Жаңа, практикалық және жағымды халықаралық құқықты құру халықаралық мәмілелерді жеңілдетеді, халықаралық түсінушілікті арттырады, мемлекетаралық қақтығыстарға қарсы тұра алады және соғыс мүмкіндігін төмендетеді - дейді ол.

ХРК ықпалды журналға тез айналды, сол кездегі Чарльз Вергенің сөзімен айтқанда (1858, xxviii), жаңа коммуникациялар және дамып келе жатқан тауарлар алмасу, адамдар және идеялар халықаралық құқықты практикалық және саяси тұрғыдан тиімді аймаққа айналдырды. Ол халықаралық құқық реформасына арналған құқықтық сарапшылар желісінің халықаралық орталығына айналды. Оның динамикалық редакторы Джон Уэстлейк, Томас Асер, Фрэнсис Либер, Джеймс Лоримермен бірге жұмыс істеді және көптеген басқа адамдар қос мақсатты орындауға арналған халықаралық құқық институтын ұйымдастырды. Мемлекеттер арасында бейбіт іс-әрекетке ықпал ететін жаңа нормалар мен ережелерді әзірлеу және соғысты гуманистік тұрғыдан жүргізу. Сол уақытта екі мақсатты жүзеге асыру мүмкін болатын деді Фредерик Зебогм өзінің «*Халықаралық реформа*» туралы кітабында. Ол Француз-Пруссия соғыстары еуропалық қарым-қатынастарға сілкініс тудырғаннан кейін 1871 жылы жарық көрді.

Индустрияландыру және жаңа коммуникациялардың жылдам өсуі, заманауи қаржыландыру және сауда-саттық әлемнің индустриалды елдерін «өзара тәуелді» ету нәтижесінде халықаралық қатынастарды өзгертті, деді Зебогм. Өзара тәуелділіктің негізгі себебі «адам өмірінен емес», бірақ «табиғаттың белгілі-бір заңдарынан» табылды, деп

түсіндірді Зебогм (1871, 5 б., 137). Бұл заңдар уақыт өте келе жұмысын жалғастырады және халықаралық өзара тәуелділікті тереңдетеді.

Өзара тәуелділіктің әсері әлемдегі сауда саттық жасайтын мемлекеттердің өнімділігін және байлығын арттыруға мүмкіндік берген халықаралық жұмыс күшінің тұрақты реттелуі болды. Бұл, өз кезегінде, мемлекетаралық қатынастарды өзгертті. Содан кейін, әдеттегідей, мемлекеттердің іс-әрекетін дәстүрлі түрде басқаратын көне нормалар мен ережелерді, Зебогмнің егемен мемлекеттердің ежелгі «Линч заңдары» нормаларын жоққа шығаратын еді. Халыққа арналған заңның жаңа және тиімді жүйесі халықаралық тәртіп пен бейбітшіліктің орнауына кепілдік береді.

Джеймс Лоример Зебогмнің дәлелін үлкен, талғампаз теориялық контексте қарастырды. Лоример құқықты өте жақсы меңгерген жеке тұлға, Ролин-Джакеминс тобының мүшесі және халықаралық құқық институттың негізін қалаушы мүшесі болды. Ол осы мәселе бойынша эссе жазды: халықаралық құқықтағы ең маңызды мәселе қандай? Оның жауабы ғасырлар бойы бірнеше негізгі ұстанымдармен халықаралық теорияны қысқаша ғана керемет ұғыммен түсіндіріп берді. Әлем мемлекеттері өте ерекше қоғамды құрды, деп бастады Лоример. Мемлекет егемен субъектілері болып табылады. Олар өздерінің тәуелсіздігін қызғыштай қорғайды және өздерінің егемендік мәртебесін бұзып, саяси билікті өздеріне жат болып табылатын кез келген субъектіге басымдық берілетін бастаманы ешқашан қабылдамайды. Мемлекеттердің егемендігі, басқаша айтқанда, мемлекеттер қоғамында заң шығарушы билікті орнату үшін ең үлкен кедергі болып табылады. Мұндай билік болмағандықтан, халықаралық қоғам әлемде «анархиялық» болып табылады.

Лоример «анархия» термині грек тілінен алынған, деп түсіндірді: бұл «ан» префиксінің (ол бір нәрсенің болмауын білдіреді) және «археин» (ол ереже немесе заң дегенді білдіреді) құрамды бөлігі. Анархия сөзбе-сөз «көшбасшысыз немесе заңсыз» дегенді білдіреді. Халықаралық қоғамның өзіндік ерекшелігі заңсыз болып табылады. Халықаралық қоғамда «анархия қазіргі таңда тұрақты жағдайға ие» деді Лоример (1877, 166 б.). Бұл халықаралық қоғамның анархиялық сипаты Лоримердің одан әрі талқылауының аксиомасы болды.

Лоример қазіргі заман тарихымен танысқан кезде деп жалғастырды, біз Томас Гоббстың бәріне қарсы соғысы секілді нәрсені байқамаймыз. Керісінше, біз мұны мемлекеттер арасындағы күнделікті қарым-қатынастар көбінесе тәртіп пен тұрақтылықпен белгіленетіндігі туралы қарастырамыз. Соғыс халықаралық қатынастардағы ереже емес, бұл ерекшелік. Анархияның жағдайы, басқаша айтқанда, соғыс пен хаос сияқты бірдей емес. Халықаралық заңсыздық тәртіптің болмауы дегенді білдірмейді. Әрине, тәртіп анархия жағдайында бар болып табылады. Осы арада неге деген сауал туындайды? Халықаралық анархия жағдайында тәртіптің қандай механизмі бар болып табылады?

Лоример екі түрлі жауап берді: бірі – «дипломатиялық», екіншісі – «экономикалық». «Дипломатиялық» жауап билік балансының теориясы деп аталды. «Билік балансы механизмі мемлекеттердің анархиялық қоғамындағы тәртіпті қамтамасыз етеді», деп Лоример дәйектеді. Бұл кем дегенде үш жүз жылда белгілі болды, Вестфалия бейбітшілігінде талқыланды (1648) және Утрехт (1713) келісімшартында тікелей атап көрсетілді. Билік балансы кез келген мемлекеттің билікті жинақтауына жол бермей, халықаралық қоғамды өзі бақылай отырып тәртіпті қолдайды. Билік балансы механизмі мемлекеттердің егемендігін және заңды тәуелсіздікті қорғайды. Ол одаққа енген немесе шыққан егемен мемлекеттермен жұмыс жасайды. Бұл механизмнің концептуалды көзқарасы Томас Гоббстің мемлекеттің табиғи сипаты туралы ұғымында және кейінірек

басқалардың жетілдіруінде көрініс тапты. Оның ұзақ мерзімді қызметі еуропалық мемлекеттік жүйенің империяға қарай ығысуына жол бермеу болды.

Халықаралық тәртіп туралы сауалға «экономикалық» жауап соңғы уақытта ғана пайда болды. Ол билік балансына байланысты емес, сауда балансына байланысты болды. Оның мәні мемлекеттердің егемендігі мен тәуелсіздігін сақтап қалуды ғана емес, сонымен бірге олардың арасындағы «*өзара тәуелділікті*» құруды көздейді. Оның концептуалды көзқарасын Адам Смит ойлап тапты және басқалар жетілдірді. Ол Фредерик Зебогмді (1871) өкіл спикер ретінде қарастырды деді Лоример.

Халықаралық қоғам анархиялық болып табылады. Тәртіп екі механизм арқылы жүзеге асырылады: билік балансы мен өзара тәуелділік. Дегенмен олар сенімді немесе тұрақты тәртіпті қамтамасыз етпейді. Қазіргі заманғы тарихты қарастырған кезде өзара тәуелділіктің пайда болуы билік балансы мен халықаралық қоғамды біршама тұрақты етуі мүмкін екендігін оңай байқауға болады. Бірақ, сонымен қатар, қарама-қайшылық, қақтығыс және жанжалды байқаймыз. Тәртіптің екі механизмі де Еуропаның ұлы державалары арасындағы соғысқа кедергі болмады. Мұнда халықаралық тәртіпті нығайтуды жақсартудың көптеген мүмкіндіктері бар.

Бұл үшін халықаралық қоғамның анархиялық сипатын қарастыру жеткіліксіз. Бұл үшін анархияның алғышартын тікелей қарастыру керек, атап айтқанда, мемлекеттердің егемендік мәртебесін шешу қажет. Егемендік мемлекеттің ең құнды қасиеті болып табылатын ежелгі ұғымды жою қажет. Мемлекет егемендігі әлсіреген кезде ғана халықаралық анархияны қолдануға болады. Бірақ оны жасау қалай мүмкін болып табылады?

Лоример алдымен «идеалистік жауап» деп атаған нәрсені тұжырымдады, бұл жауап діни нормалар мен білімге негізделген. «Сенім мен білім беру жауаптың бөлігі болып табылады», деп жалғастырды ол. Бірақ олар бір-біріне ықпал етпейді. Лоример содан кейін «ғылыми жауап» енгізді. Ол халықаралық құқық органының жиынтығынан және юрисдикция, заң шығарушы және атқарушы функцияларын жүзеге асыратын институттарды құрудан тұрды. Халықаралық құқық және халықаралық институттар жиынтығы мемлекеттердің егемендігін төмендетеді және халықаралық анархияның себеп салдарын азайтады. Лоримердің айтуынша, мемлекеттер арасындағы өзара тәуелділіктің арту деңгейі осы жұмысты жеңілдетеді.

### *Прогресс эволюция ретінде*

Тарих, өзгеріс және прогресс он тоғызыншы ғасырдағы экономикалық және саяси теориясы тақырыптарында басым болды. Зебогм мен Лоример адамның ойлау қабілетіне және кооперативті органдарды құруға сенім артқан, тұрақты прогрестің оптимистік ұғымына ие болған либералдық теоретиктер болды. Зебогмнің сөзі бойынша, бұл «белгілі-бір табиғи заңдарға» негізделіп, келешекке жетелейтін тарихи дәлелденген «ағымды» туындатты (1871, 140 б.). Мұндай дәлелдер ақыл-парасаттың бұрмалануын және адамның иеліктен айырылуын қабылдаған радикалды теоретиктер тарапынан сынға ұшырады. Олар тарихтың темір заңдарына, адамзаттың *Штуфанганг* сатылы эволюциясына, ең соңында босату революциясына сенім артты. Консервативті теоретиктер жеңіл прогрестің кез келген ілімін құлықсыз қабылдады, дегенмен, тарихты оқу мемлекеттік қызметшілерге үлгі бере алатындығына сенім артты.

Сол ғасырда тарих сабақтарынан үлгі өнеге алуға болады деген идея басым бол-

ды. Он тоғызыншы ғасырдың бірінші жартысында бұл басымдық неміс философы Г.В. Гегельдің шығармаларынан ықпалды түрде көрініс тапты. Екінші жартысында, басымдықтың ең ықпалды артикуляторы британдық натуралист Чарльз Дарвин болды.

Дарвин, әрине, эволюцияның нақты сипаты туралы үлкен ғылыми талқылау жасады. Ол басқалармен сол ғасырды бейнелеген органикалық *Zeitgeist* (*уақыт рухы*) бөлісті<sup>8</sup>. Он тоғызыншы ғасырдың ортасында жарияланған «Түрлердің шығу тегі» эволюция туралы бірнеше кітаптардың бірегейі еді<sup>9</sup>. «Түрлердің шығу тегі» алайда, ғасыр ерекшелігі тақырыптарын халықаралық қатынастар теориясы арқылы бұрынғы уақыттан бері реверберацияланған кескінмен біріктіреді: өзара тәуелділік және эволюция ұғымдары және тәртіп еркін агенттер арасындағы шексіз бәсекелестік нәтижесінде бастапқы анархиялық жағдайдан туындайды деген идея (Крюс, 1994).

Дарвиннің эволюция теориясының шығу тегі Оңтүстік Америкаға саяхаттау тәжірибесіне байланысты ерте ғасырдағы 1830 жылдарға тиесілі. Эквадордың жағалауынан 600 шақырым жерде орналасқан Галапагос аралдарына жасаған бақылаулар, әсіресе, Дарвиннің қызығушылығы мен қиялын жандандырды. Мұнда «Америка континентінің мөртаңбасы» болып табылатын құстар мен жануарларды тапты. Олар осы оқшауланған аралдарда өмір сүруге бейімделген. Олардың көбісі жекелеген түрлер ретінде саналатын соншалықты ерекше қасиеттерге ие болды. Дарвинге Галапагос аралындағы құстар адамдардан қорықпайтындығы және оның табиғи жыртқыштары өмір сүрген теңізге қарағанда игуананың адамдардан аз қорқатындығы қызықты болды. Дарвинге бұл ауытқушылық әрекет ұзақ мерзімді шарттылықтың нәтижесі болуы мүмкін екендігін көрсетті. Ол түрлер табиғат ортасына бейімделу арқылы оларға тән табиғи белгілерге қол жеткізді.

Ол неге деп таңқалды, кейбір түрлердің қоршаған ортаға сәтті бейімделгенмен, басқалары неліктен бейімделе алмады? Түрлердің табиғи жағдайларға табысты бейімделуі теологиялық жолды сипаттай ма, яғни, онда түрлердің эволюциясының бағыты бар болды ма? (Дарвин, 1962 [1839], 13-тарау, 1958 [1869], 27-тарау). Дарвин ешқандай жалпы жауап таба алмады. Ол 1838 жылы Мальтустың «Халықтың қағидасына арналған» эссені оқыған кезде [1798], ол өзінің ақыл-ойына келген жалпы ұсынысты тапты. Мальтус адамзат халқы әрқашан ауыл шаруашылық дақылдарына қарағанда жоғары қарқынмен өсуге ұмтылатындығы туралы айтады. Халық әрдайым азық-түлікпен қамтамасыз етіледі, ал адамдар әрдайым шектелген қорлар үшін бәсекеге түседі. Дарвин өз сұрақтарын Мальтустың дәлелінің аясында қарастырды. Түрдің эволюциясын басқаратын жетекші қағида – бұл мардымсыз ресурстар үшін күресу болып табылады деді ол. Бұл күресте ең ақылды және ең бейімделгіш қана өмір сүреді. Олар өз кезегінде балаларына ақылдылықты және бейімделгіштік қасиеттерін беруге ұмтылады. Дарвиннің пайымдауынша, аман қалу әрдайым шектеулі ресурстарға арналған тұрақты бәсекелестік нысаны болады. «Өмір сүру күресі сөзсіз жоғары жылдамдықтағы көрсеткішпен пайда болады, онда барлық органикалық тіршіліктің өсу үрдісі бар болып табылады. Ол Мальтустың бүкіл жануар мен өсімдік патшалықтарына көптеген күш жұмсау арқылы қолданылатын доктринасы болып табылады»(1958, 376 б.).

Әмбебап өмір сүру үшін күресте ең бейімделгіші басым түседі. Бұл қағиданы Герберт Спенсер (1864, 444 б.) «өмір сүруге ең қолайлысы» деп қорытындылай келе, Дарвинге кейбір түрлердің неге сәтті болғанына және басқалары неліктен жойылып кеткендігі туралы жауап берді. Азық-түлікпен жақсы қамтамасыз етіліп, ең жақсы жабдықталғандары ғана өмір сүру үшін күреседі.

Дарвин өз теориясын «Түрлердің шығу тегі» еңбегінде жариялады [1859]. Ол ғылыми әлемде төңкеріс жасады. Ол Мальтустың саяси экономикасы айналасындағы шеңберді жауып тұрған қатаң дебатты шешті және либерализм, радикализм және консерватизм секілді үш саяси идеологияны терең өзгеріске ұшыратты.

### *Дарвиннің ықпалы I: Маркс пен Марксизм*

Дарвин әлеуметтану ғылымдарын жаңа терминмен: «бейімдеу» (адаптация) арқылы берді. Бейімделу арқылы тірі ағзалар өздерінің іс-әрекетін және еңбек ету арқылы олардың ортасын өзгерту арқылы өздерінің қоршаған ортасының ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Қоршаған ортаға жақсы бейімделетін ағзалар өсіп өнеді, алайда, өлмеуі мүмкін.

Маркс Дарвиннің дәлелін «капиталистік өндірістің заңдарын» анықтау және осы заңдардың «сөзсіз нәтижелерде темірдей қажеттілікпен» қалай жұмыс істегенін түсіндіру үшін қолдана алатындығын бірден мойындады (Маркс, 1977, 91 б.). Дарвиннің «Түрлердің шығу тегі» атты еңбегін жарыққа шығарған кезде, Маркс «*Капитал*» еңбегін жазып жатқан еді, ол Дарвиннің бейімделу тұжырымдамасы өз зерттеуін басшылыққа алатын негізгі тақырыптарға сәйкес келетіндігін анықтады. Адамзат өзінің табиғи ортасын өзінің еңбегіне айналдырып, өз кезегінде еңбек ету арқылы өзгертілген деген пікірге толықтай сәйкес келеді. Бұдан басқа, шынайы ешнәрсе жоқ, «барлығы» және тарих кішігірім сатыдан бастап кемел жақсартуға дейін мүмкін болып табылатын бірқатар жетістіктер сатысы болды деген Гегельдік пікірді қайталады. Маркс «*Түрлердің шығу тегі*» ағылшын тілінде дөрекі стильде дамығанымен, бұл «біздің көзқарасымыз бойынша табиғи тарихтағы негізі бар кітап» болып табылады, - деді (Маркс, 1964, 131 б.).

Он тоғызыншы ғасырдағы Гегель және Дарвин теориялары арқылы ревербацияланған күрестегі прогресс идеясы Маркс пен Энгельстің жазбаларын да басшылыққа алды. Диалектикалық әдіс, оның көмегімен Маркс «табиғи заңдарды» аса бірізді даму сатысындағы тарихта көрсетілген Дарвиннің эволюциялық теориясына параллель болып табылады. Маркстың көзқарасында, адамзат артта қалған адамзат тарихының салмағы және серпілісімен жаңа қоғамды алға жылжытады. Қоғам, табиғат сияқты, оның мүшелері арасында күреспен уақыт бойынша ілгері жылжиды. Дарвиннің пайымдауынша, Маркс пен Энгельстің жаңа, пролетарлық қоғамдағы жеңіс туралы түсінігі арқылы эволюция жалпы.

Маркс қайтыс болғаннан кейін, оның кейбір ізбасарлары «ғылыми социализм» доктриналарын дарвинизммен үйлесімділікке айналдыруға тырысты. Осындай тырысу Август Бебель (1893) сияқты танымал социалистік теоретиктердің жазбаларынан айқын көрініс тапты. Басқа Марксистер, алайда, Дарвинизм және Марксизм арасындағы сәйкестіктің тым жақын екенін ескертті. Дарвин жануарлар әлемін, ал Маркс болса адамзат тарихын талқылады және адамзат жануарлар әлеміне жатса да, ол одан басым түседі, - деп жазады Антон Паннекук. Дарвин талқылаған жыртқыш жануарлардан адамдардың айырмашылығы, адамдар әлеуметтік жануарлар болып табылады. Адамзат қоғамында бұл адамның тірі қалуын анықтайтын адамның ақыл-парасаты да, дөрекі күші де емес, оны анықтайтын жеке тұлғаның мүлкінің мөлшері. «Бәсекелестік күрес адамдар арасында ең жақсы және ең білікті адамның пайда болуын туындатпайды, бірақ олардың кедейлігінен көптеген мықты және денсаулықтары бар адамдарды бұзады, ал байлар, тіпті әлсіз және науқас болса да, аман қалады» - деп жазады Паннекук (1912, 33 б.).



## *Дарвин ықпалы II: Спенсер, Самнер және социал-Дарвинизм*

1800 жылдардың басынан бастап либералдық ойшылдар әлеуметтік эволюция теориясын дамытуға ұмтылды. Герберт Спенсер өзінің «Биология қағидалары» атты еңбегіне үлкен күш-жігер жұмсады (1864). Кітапта эволюцияның ықпалды анықтамасы «үздіксіз саралау және интеграция арқылы белгісіз, байланыссыз гетерогенді (шығу тегі мен құрамы жағынан әр тектестілік) өзгеріс ретінде» берілді. «Мұндай өзгеріс тек қана күштілер ғана тірі қалатын өмір сүруге деген күрес арқылы пайда болады» деп жазды ол. 1860 жылдары Спенсер саяси экономика мен тарих мәселелеріне байланысты өзінің анықтамасын қолданды. Ол адамзат өркениетінің эволюциясын қарабайыр, бөлінбейтін тайпалардан жеке адамның еркіндігіне мүмкіндік беретін күрделі өркениеттерге бөле отырып, еңбек бөлінісінің артуын қарастырады.

Дарвиннің теориясы Спенсерге көп ықпал етті. Дарвиннің айтуынша, тірі қалу үшін күресу өсімдіктер мен жануарлардың эволюциялық өзгерістеріне әкелді, Спенсер адамзат қоғамында да өмір сүру үшін күрес прогрессивті күшке толы болды деді. Табиғи іріктеу қағидасы қоғамның әлсіз мүшелерін електен өткізеді; тірі қалу үшін өткір бәсекелестікте кедейлікке, қабілетсіздікке, немқұрайлыққа, ақымақтыққа, ауру-сырқауға және әрекетсіздікке салынады. Бұл қоғамның денсаулығы бар, мықты мүшелеріне пісіп-жетілуге және өсіп-өнуге мүмкіндік береді. Спенсер бұл қағида үлкен қоғамдастықтың игілігі үшін көмектескіндігін айтты. Қоғамның әлсіз мүшелеріне көмектесуге деген кез келген тырысу қиындаған еді. Қоғамның ең кедей мүшелеріне кедейлікке жол бермеуде, тұрғын үй, білім беруді қамтамасыз етуде мемлекет тарапынан кез-келген араласу қоғамдастыққа зиян келтіре отырып, оларды ынталандырады.

Мұндай көзқарастар француз-неміс соғысын талқылаған авторларға мәлім болды және «титықтап, шаршаған» латындықтармен салыстырғанда неміс халықтарының «өміршеңдігі» философиясы тұрғысынан нәтижесін түсіндірді. Кейінірек, бұл көзқарастар солтүстік халықтарының табиғи артықшылыққа ие екендігін атап көрсететін нәсілдік теорияларды қолдайды. Олар Хьюстон С. Чемберлен (1899) және Мэдисон Грант (1916) секілді авторлардан хабардар етті, ағылшын-неміс одағына мүше болып табылатын ақ нәсілді адамдар жиырмасыншы ғасырда әлемге үстемдік ететіндігін мәлімдеді (Хобсон, 2012). Оларға да Герман Кайзер секілді мемлекет қайраткерлері ықпал етті, ол соғыс басталғанын және бұл «Тевтондар мен славяндар арасындағы өлім күресі» екенін ескерткен еді.

Спенсердің нәзік түсіндірмелері бірнеше жалпы заңдардың негізінде адамзат тарихының қағидаларын түсіндірудегі Уолтер Бэдждоттың әрекетінен көрініс табады:

*Біріншіден, әлемнің әрбір мемлекетінде ең мықты елдер басқа елдерден басым болады және белгілі бір ерекшеліктерде барынша жақсы болуға бейім.*

*Екіншіден, әрбір мемлекеттегі ұлттар арасында адамдардың түрі және ең тартымдылары басым болады және ең тартымдысы болса да ерекше жағдайларда оларды біз жақсы адам деп атаймыз.*

*Үшіншіден, осы жарыстардың бірде-біреуі тарихи жағдайлардың көпшілігінде сыртқы күштер арқылы күшеймеді; бірақ кейбір жағдайларда ... екеуі де күшейе түсті.*

*Физикалық ғылымдағы «табиғи іріктеу» деп аталатын бұл доктрина танымал доктриналардың бірі болып табылады (Бэдждот, 1889 [1872], 457 б.).*

Бэдждот беделді британдық журналист және редактор болды. «Оның физикасы мен саясаты» [1872] еңбегі ұлт құрылымы туралы ежелден келе жатқан, ұзаққа созылған

пікірталас болып табылады. Ол «ұлт пен ұлт арасындағы бәсекелестікте» ең тиімді нәрсе барлық іс-әрекеттерге еліктеуге тырысатын адамның тумысынан пайда болған бейімділігімен қатар уақыт арқылы өркениеттің қалай дамып келе жатқанын түсіндіретін «саясаттың алғашқы заңы» туралы көп нәрсені зерттеді.

Бэдждоттың дәлелін Бенджамин Кидд және Уильям Самнер қолдады, Спенсердің американдық жақтастары, тарихи және халықаралық мәселелер бойынша жазушылар да қолдады. Кидд адамзат өркениетінің теориясын қалыптастырады, оған сәйкес «мемлекет үздіксіз соғыс жағдайында тәжірибе жинақтап, шоғырланған және бәсекелестері ұзаққа созылған бәсекелестікте беріліп және тірі қалу үшін оларға бағынышты бола отырып, табиғи селекция түрімен өседі» (Кидд, 1894, 43 б.). Самнер келіседі, бірақ Мальтузиандық көзқарасты көбірек сақтайды. «Қақтығыстар адамдар арасында пайда болады, себебі әрбір адамның барлық талаптарын қанағаттандыру үшін табиғи ресурстар жеткіліксіз», деді Самнер (1954; 1965).

Ресурстардың тапшылығы «адамдар арасындағы бәсекелестікті және бір-бірімен араздықты» туындатады. Тарихқа дейінгі дәуірде адамдар тапшылық жағдайда өмір сүруде тірі қалу үшін өз топтарын қамтамасыз ету мақсатында топтар ұйымдастырды: әлеуметтік міндеттерді бөлісу, өздерін басқа топтардан қорғау мақсатында тиімді жұмыс істеу. Бэдждот пен Киддтің үндеуімен, Самнер жазады:

*Сондықтан, мұндай топ жалпы мүддеге ие. Ол жердің белгілі бір аймағын бақылауы керек. Осы топ пен басқа топ арасында араздық туындайды. Сондықтан, өмір сүрудегі жарыс жеке адамдар арасында емес, топтар арасында пайда болады және топ ішіндегі адамдар бір мүдде үшін біріккен одақтастар және серіктестер болып табылады, барлық сыртқы адамдармен қызығушылық антагонизмін туындатады. Бұл өмір жарысы, осылайша араздық пен соғыс туындайды, сондықтан соғыс әрдайым және әрқашан бар. Бұл адамның өмір сүру шарты. (Самнер, 1965, 206 б.).*

Топтар бір-бірімен соғысып ішкі тәртіпті және тиімділікті арттырды. Соғыс арқылы олар «ынтымақтастықты, табандылықты, тұрақтылықты және шыдамдылықты» үйренді. Неғұрлым тығыз және тиімді ішкі топ пайда болған соң, күрессіз-ақ жеңіске жету мүмкіндіктері соғұрлым үлкен болды. Соғыс «табиғи үдерістегі темір күш» деп аталды, өйткені адамзат топтары соғыс арқылы ішкі тәртіп институттарын дамытты. Заңдар мен құқықтар, саяси органдар, әлеуметтік топтар, еңбек бөлінісі, тіпті ұлттық мемлекет және соғыс өнімінің қалдықтары оның экономикалық негізі (229, 211, 225 б.).

Бұл Самнер соғысты ұлықтады дегенді білдірмейді. Одан алыс та емес. Ол соғысты зұлымдық деп айтты. Дегенмен бұл адам жағдайының бір бөлігі және «басқа да жамандықтар сияқты, ол сөзсіз болуы тиіс және жеңіске жету керек» (230 б.). Өткен кездегі әлемдік саясатты сипаттайтын өмір сүру үшін болған күрес Самнер танымында болашақтағы халықаралық қатынастарды да бейнелейтін еді. Жаңа ғасыр қарсаңында Самнер жаңа қасірет соғысының пайда болуын бейнеледі. Ол ұлы державалардың мәңгілік әскери-теңіз флотын құрғанын және теңіз жағалауындағы аумақтарды колонияларға айналдырғанын байқады. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында ол Ұлы державалардың «соғысқа дайындалуына байланысты соғысқа қатысатыны туралы айтты, олардың отарлау мен пайдалану әдістері аборигендерді жойып жібереді» деген пікір айтты. Осылайша, мәдениетсіздікті жою арқылы ғана адамзат өркениетті болады (229 б.).

Неміс генералы Фридрих фон Бернхард Самнердің дәлелінің негізгі қағидаларымен келісті. Бірақ Самнер шын мәнінде соғыс қасіретін «өмір қалдықтары мен капиталдың қалдықтары» ретінде қарастырған американдық либерал болды (230 б.), фон Бернхар-

ди неміс реакционері болды, ол соғысты адамзат эволюциясының адамгершілік және руханилықтың жоғары деңгейлерінде жетілдіру түрінде қарастырды. *«Германия және келесі соғыс»* (1912) атты кітабында ол «ең күшті заң» табиғаттың жалпы қағидасы екенін айтты, жануарлар мен адамдардың іс-әрекетін дербес топ бойынша басқарады деп айтты. Соғыс табиғаттағы және тарихтағы негізгі құбылыс. Шынында: соғыс бұл бірінші кезектегі биологиялық қажеттілік, адамзат өміріндегі реттеуші элемент, өйткені онсыз жарыстың барлық жетістіктерін, барлық шынайы өркениетті жоққа шығаратын бұрыс даму болады. «Соғыс – барлық нәрселердің бабасы». Дарвин мұны айтпас бұрын оны ежелгі кемеңгер данышпандар айтып кеткен еді. (Бернхарди, 1912, 18 б.).

Фон Бернхарди алдағы уақытта болатын соғыстан қорықпады, керісінше құптады. Жақсы әлемдік соғыс бірден бейбітшілікті сүйетіндердің әлсіз және қорқақ табиғатын ашып көрсететін еді, сыбайлас жемқорлық ағылшын-саксондардың, ең соңында неміс ұлтының рухани артықшылығын көрсетті - деді ол.

### *Дарвин ықпалы III: Геккель және континенталдық ұлтшылдық*

Фон Бернхарди неміс академигі болған жоқ. Бірақ оның дәлелдері ақымақтың да сандырағы емес еді. Ол Германияның бас штабындағы соғыстың тарихи бөлімінің бастығы және Германия корпусының жеті әскерінің генерал-майоры болды. Оның көзқарастары Германиядағы милитаристік және империалистік топтардың көңілінен шықты. Шынында да, олар Вильгельм II патшалық сарайындағы көңіл-күйді көрсетеді. Олардың әрекеті толығымен Пан-герман лигасындағы ұлтшылдардың іс-әрекетіне сәйкес болды. Олар неміс жастар қозғалысының патриоттық сезімін білдірді, оның мүшелері көбінесе марксизм мен либерализмді өзара түсіністіктер ретінде бейнелейді, олар екеуіне де бірдей қарсы болды.

Пруссиялық зоолог Эрнест Геккель (1834-1919) Дарвинизмді революционерлердің уысынан құтқару үшін эссе жазды. Ол социализм және либерализм адамдар табиғи түрде тең екендігін болжайтын теориялар екендігін айтты; Дарвинизм керісінше, әлеуметтік теңсіздікті қолдайды. Дарвиннің теориялары жануарлардың әртүрлі саралану бағытында дамып келе жатқандығын дәлелдейді; жануарлардың неғұрлым жоғары немесе одан да көп жетілдірілуіне байланысты теңсіздік те көп болып табылады. «Адамзат жануарларға арналған осы қағида жақсы» деп Геккель жалғастырды. Адамзат қоғамы да әлеуметтік таптар мен ұлттар арасындағы үлкен айырмашылықпен ерекшеленеді; адамзат қоғамы неғұрлым дамыған болса, еңбек қоғамының бөлінуі неғұрлым мамандандырылған, аса күштісі және қабілеттісі оның басқарушы мүшелері болып табылады.

Дарвинизм өмір сүру үшін күрес сөзсіз болмай қоймайтын ғана нәрсе емес, бірақ сонымен қатар өмір сүру үшін күрес табиғат заңы екенін көрсетеді. Шынында да, күрес әлеуметтік эволюцияны жандандырады. Бәсекелестікке жарамсыз қоғам мүшелері өмір сүруге қабілетсіз болып, жойылады, ал ең жақсы білікті адамдар аман қалады. Демек өмір сүру үшін күрес қоғамның жетілдірілуімен бірге жүреді. Мұның бәрі қайғылы болуы мүмкін. Ең соңында барлығы қайтыс болатындығы аянышты секілді көрінеді. Дегенмен, бұл адамның өмір сүру дерегі болып табылады, одан бас тарту және оны өзгерту ақымақтық әрекет болар еді. «Дарвинизм немесе іріктеу теориясы аристократиялық болып табылады», Геккель былай деп жазды:

«Бұл ең жақсы өмір сүруге негізделген. Даму нәтижесінде туындаған еңбектің бөлінуі

эртүрлі сипаттауларды, жеке тұлғалардың арасында, олардың қызметінде, білім беруінде және дербестігінде әрдайым теңсіздікті тудырады. Адамзат мәдениетінің өсуі неғұрлым жоғары болса, ондағы эртүрлі топтар арасындағы айырмашылықтар көп» (Паннекук, 1912, 29 бетте үзінді берілген).

Геккель Дарвиннің логикасын халықаралық саясатқа кеңейтеді. Оның пікірінше, мемлекет бір-бірімен заңсыз ортада, табиғат жағдайында, онда бәсекелестік ашық және абсолютті. Тек мемлекеттің ең жарамдысы, мықтысы ғана аман қалады, ал жарамсыз мемлекет жеңіліске ұшырайды. Сондықтан, мемлекеттердің іс-әрекеттері заңды немесе моральдық нормаларға сәйкес айыпталмауы мүмкін. Әрбір мемлекет өз мүдделеріне сәйкес әрекет етуі керек.

Геккельдің дәлелдері жеке қарастырылғанмен, халықаралық қатынастар теориясында жаңа көзқарас пайда болмады. Сол ғасырдың контекстінде қарастырылғанмен, бұл көне аксиома нақты саяси доктринаға айналды. Ол континентті жайлаған күрделі, интеллектуалды дауылда пайда болды, романтикалық қозғалыс сияқты, оның ықпалы он тоғызыншы жылдардың ортасында Еуропа орталығында күшті күшке қол жеткізді. Германияда романтизм әдебиет пен өнердің тар шекарасынан басым түсті; бір-бірімен неміс *Волкын* саяси бөлшектеу ұлтшылдықпен, гегельяндықпен және көңілі қалушылықпен тығыз байланыстағы, қарсыласу мүмкін емес болып табылатын саяси күш ретінде пайда болды.

Он тоғызыншы ғасырдың басында гегельдік диалектика, Германияның өзара бірлікте болмауы, неміс мемлекетінің құрылуын туындатқан тарихи қажеттілігімен бірге Германияда «бірлік идеясын» туындатты. Консервативті гегельдіктер бұл идеяның пруссиялық мемлекетте өзінің жоғары артикуляциясын таба алатындығын айтты. Ғасырдың ортасына таман гегельдіктер саяси эволюцияның дербес теориясына ие болмады; бір тақырыпты нақты, материалистік дискурста қарастырған дарвинистердің талқылауына себеп болды. 1860 жылы Геккель оң жақ гегельдік жолдаманы Дарвин терминдерінде қарастыруға кірісті. Кобургтағы спорттық-сауықтыру лагерінде табиғат заңдарына сәйкес салауатты өмір сүріп жатқан «ағайынды адамдардың жалғыздығына» арналған идеяны ойлап тапты. Осы ұғымды «монизм» (дүниенің негізінде бір ғана бастама бар деп танитын философиялық бағыт) доктринасында жетілдірді, Геккель терминді батыс еуропалық «дуализмнен» ажырату үшін қолданды, адамзат пен табиғат арасындағы айырмашылықты туындатты. Монист үшін адам табиғаттың бір бөлігі еді, басқа жануарлардан жоғарғы деңгейдегі даму деңгейімен ерекшеленетін жануарлар. Дарвин табиғи және әлеуметтік әлемді біріктірді: адамзат табиғаттың бір бөлігі болған, сонымен қатар, табиғи іріктеу заңдарына сәйкес жануарлар әлемінен дамиды.

Геккель Дарвинизмді тарих пен саясаттың жаңа ғарыштық философиясының ғылыми негізі ретінде қолданды. «Адамзат тарихын адамзаттың биологиялық табиғатына байланысты қайтадан қарастыру керек», деді Геккель. Бұл адамзат қоғамының бәсекелестік заңы бойынша басқарылатындығын көрсетеді. Сонымен қатар, әлемдік саясатқа қарағанда аса айқын емес. Ұлттар аман қалу үшін күресуге тиіс тірі организмдер болып табылады.

1862 жылы Геккель өзінің монистикалық философиясын Германияның барлық аумағы бойынша өткізілген дәрістерінде ұсынды. Оның идеялары теңдестірілмеген ауқым мен жылдамдықты индустрияландыру үдерісінің басқаруындағы бөлшектелінген халық арқылы жақсы қабылданды. Геккельдің теориялары күшті, романтикалық шовинизммен теңдессіз әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздықпен реверберацияланады. Екеуі

де сол дәуірдегі әлеуметтік өзгерісті көрсетті және экономикалық интеграция мен саяси бірлестіктердің өскелең сұраныстарын арттырды.

«Немістер жоғары Волк болды», - деді Геккель. Бірақ олар Арийлік ерекшеліктерінің тіршілігін қамтамасыз ету арқылы ғана сол қалпында өзгеріссіз қала алады. Олар бөтен элементтердің әсерін азайтуы тиіс. Неміс білім беру жүйесінен теңдік пен үйлесімділікті мадақтайтын либерализм сияқты шетелдік доктриналарды алып тастау керек. Мұндай идеялар жалған болды, сонымен қатар, неміс жастарына зиянды әсер етті. Ақыл-парасат пен еркін ерік-жігерді ынталандыру, сондай-ақ Геккельдің пайымдауынша, организмдер ақыл-парасатпен жеңіске жете алмайды, бірақ Дарвин жеңіске жету күрес пен тазалық арқылы мүмкін болатындығын айтты. «Адамның еркі жоғарғы жануарлардан гөрі артық бостандыққа ие емес, дәрежесі мен табиғи формасы арқылы ерекшеленеді». Адамзат еркіндікті реттелген қоғам контекстінде ғана байқауы мүмкін және «еркіндік неғұрлым көбірек болса, тәртіп соғұрлым күшті болуы керек». Осылайша, ол топтың билігіне бағынудың және өмір сүру басымдылығының еркіндігін жасады. Мемлекеттің мүддесі үшін жеке тұлға маңызды емес еді. Жеке биологиялық организмнің аман қалуы үшін «мыңдаған, миллиондаған жасушалар құрбандыққа шалынады». Организмді құтқару үшін жасушалар қалай өлсе, сол сияқты адамдар да мемлекеттің игілігі үшін құрбан болуы мүмкін (Гасман, 1971).

Геккель әріптесі Фридрих Ратцелдің (1844-1909) қиялын жандандырды, сонымен қатар, ол Дарвиннің теориясын адамзат тарихына және қоғамда қолданды. Адамдар мен олардың физикалық ортасы арасындағы диалектикаға үлкен қызығушылық танытқан Ратцел бірнеше әлеуметтік ғылымдарға маңызды үлес қосты. Ол Лебенсраум (немесе «өмір сүру кеңістігі») тұжырымдамасымен халықаралық қатынастар теориясына үлкен үлес қосты. Ол мемлекеттің аумақтық сипатына негізделіп, Волк пен тарихи дамыған географиялық кеңістік арасында тығыз байланыс бар екенін түсіндірді. Ратцел мемлекеттегі өзінің тұрғындарының сапасы мен қабілеттеріне сәйкес шекарасын кеңейтіп, кеңейтуші организм ретінде қарады (Ратцел, 1896; Хосхофер, 1928). Салыстырмалы дәлелдер бірнеше басқа әлеуметтік теоретиктер арқылы тұжырымдалды: Людвиг Гумплович (1885), аса жас Макс Вебер (1994, 2, 5, 16, 84, 134 б.).

1899 жылы Геккель *Das Weltratsel* («Әлемнің жұмбағы») еңбегін жариялады. Ең жақсы бестселлер күшке және билік тарапынан қолдау көрсетілетін әлеуметтік топтар арасындағы күреске негізделген эволюциялық үдеріс туралы идеяларды таратады. Ол Германияның пұтқа табынғаны туралы айтты және неміс халқының қасиеттерін мақтады. 1906 жылы Геккель Монист лигасының негізін қалады, спортқа және ұлттық қасиеттерге арналған жастар қозғалысын құрды. Бес жыл ішінде Лига халықаралық қозғалыс болды. Германияда оған Гердер мен Фихтенің антиағартушылық романтизмі көп әсерін тигізді. Бірінші дүниежүзілік соғыс алдындағы он жылдықта Монист Лига қарқынды неміс ұлтшылына неміс жасөспірімдерін енгізді<sup>10</sup>.

## **Ғасырға созылған халықаралық қатынастар теориясы**

Он тоғызыншы ғасырдың соңғы онжылдықтары өзгерістер мен белгісіздік жылдары болды. Олар сондай-ақ қоғамдар мен әлеуметтік қарым-қатынастар органикалық жағдайларда бейнеленген жылдар болды. Мемлекеттер әдетте организмдер ретінде бейнеленді. Қоғамдар көбінесе өзара байланыстырылған органдардың, бірліктердің немесе «ұйымдардың» қосылыстары ретінде сипатталды. Бұл үлкен организмді ұстап тұруға көмектесетін нақты функцияларды дамытты. Аталған органикалық перспек-

тива он тоғызыншы ғасырдың соңындағы шынайы шындықты бейнеледі. Эволюция Солтүстік Атлантикалық қоғамды өзгертті, атап айтқанда, жаңа «ұйымдар» - клубтар, кәсіподақтар, партиялар, ерікті бірлестіктер, коммерциялық фирмалар мен жаңа мемлекеттік мекемелердің жаңа түрлері пайда болды. Бұл Батыс қоғамдарын барынша күрделі, өзара тәуелді және заманауи етті.

Ғасырдың соңғы ширегі де халықаралық ғасыр болды. Бұл әлемдік оқиғалармен жаңа күрестің көрінісі еді. Бұл сол ғасырдағы әдебиетте көрініс табады. Мысалы, саяхат, қызықты оқиғалар және технологиялық жеңіс туралы бестселлер кітап жазған Жюль Верн сияқты авторлардың жетістіктері. Әлемге деген қызығушылықтың артуы географияның жаңаруы мен танымалдылығында да көрініс табады. Әлемге деген қызығушылықтың артуы сондай-ақ, Париждегі *l'Ecole libre des sciences politiques*, Гент қаласындағы *l'Institut de droit international* (Халықаралық құқық институты) және батыс әлеміндегі қазіргі заманғы зайырлы бейбітшілік ұйымдарының дамуынан да көрініс табады.

### *Қызығушылықтың артуы*

Әртүрлі құбылыстар көпшілік бұқараның білім берудегі мен жұмылдырудағы нәтижесі болды. Бұқаралық жұмылдыру Батыс қоғамының ұйымына қатты әсер етті. Қызметкерлердің кәсіподақтарының дамуына және қоғамдық бірлестіктердің, клубтардың және қоғамның, топтардың, ұйымдардың және қоғамдық қозғалыстардың пікірталастарының ауқымын кеңейтіп, дамытты. Бұл сайлау реформаларына деген қысымды арттырды және қазіргі заманғы саяси партиялардың дамуын ынталандырды. Бұл парламенттердің маңыздылығын арттырды, министрлер мен саясаткерлердің өз саясатын ашық түрде қорғауын талап етті. Өз кезегінде, ұлттық және халықаралық мәселелер бойынша жақсы хабардар болу қажеттілігін туындатты. Бұқаралық жұмылдыру және саяси реформалар үкіметтен мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігін арттыру, экономикалық, саяси және әлеуметтік мәселелер бойынша білімдерін жетілдіру мәселелері бойынша бейімдеуді талап етті. Осы өзгерістердің барлығы қазіргі заманғы қоғамның дамуымен тығыз байланысты болды және жоғары білімді реформалауда қысым жасады.

Шетелдік оқиғалар мен әлемдік істерге қызығушылықтың артуы үлкен оқиғалар кластерінің бөлігі болды. Халықаралық оқиғаларға қосымша қызығушылық алдымен 1850-ші жылдардың ортасында басталған, кейінірек Африка мен Азиядағы және отарлық соғыстардағы Батыстың араласуымен басталған еуропалық соғыстар негізінде пайда болды - (Рейнш, 1900; Фаруэлл, 1985).

Қызығушылықтың жоғарылауы отандық әлеуметтік өзгерістермен мысалы бұқаралық ақпарат құралдарының революциясымен де байланысты болды. Он тоғызыншы ғасырдың бірінші жартысында Батыстағы білім беру реформасы сол ғасырдың екінші жартысы қарсаңында сауатты қоғамды құрды. Бұл өз кезегінде, баспа өнімдерінің жаппай нарығы негізін қамтамасыз етті. Бұл қызықты оқиғалар, дүниежүзілік саяхат, тыңшылар, соғыстар және отаршылдық мәселелер туралы кітаптар шығаруды арттырды<sup>11</sup>. Жарнамалар арқылы тауарға айналдыруға көмектесті. Бұл ірі, аймақтық газеттердің жаңа түрлерін немесе саяси жаңалықтан тұратын газеттерді (*The Star and The Nation* сияқты) арттырды (*The Manchester Guardian* сияқты). Журналистиканың жаңа түрлері пайда болды. Мысалы, алыс аймақтарға болған оқиға куәгерлерінің драматикалық әңгімесімен қамтамасыз ететін «шетелдік» корреспонденцияның пайда болуын арттырды. Танымал сауаттылықтың өсуі Франциядағы *Revue des deux mondes*, Америкадағы

*Atlantic Monthly*, Форум (*Forum*) және Солтүстік Америка шолуы (*North-American Review*), сондай-ақ, Ұлыбританиядағы көптеген *Review of Reviews* сияқты журналдарға арналған коммерциялық кеңістік ашты. Сол ғасырдағы кітаптар санының тұрақты түрде артуы халықаралық тақырыптарда талқыланды. Олардың көпшілігі бұрынғы он немесе екі жыл бұрынғы шетелдік тілшілер болған авторлар арқылы жазылды (Стед, 1899; Энджелл, 1903; 1910; Морел, 1912, Фуллертон, 1913, Брэйлсфорд, 1914).

### *Халықаралық саясат қозғалысы мен институттары*

Қазіргі заманғы батыс қоғамының дамуы жаңа университеттердің таралуына қол жеткізді. Бұл даму, әсіресе, «прогрессивті дәуірде» үлкен, жаңа мемлекеттік университеттер салған Америка Құрама Штаттарында айқын көрініс тапты. Қазіргі заманғы қоғамның дамуы қазіргі заманғы әлеуметтік ғылымдардың дамуымен: Ұлыбританияның әлеуметтік ғылымдарды дамыту жөніндегі ұлттық қауымдастығы (NAPSS) және Франциядағы әлеуметтік ғылымдар қауымдастығының халықаралық қауымдастығымен (Коллини, 1991) тығыз байланысты болды.

Экономика және әлеуметтану секілді жаңа ғылымдардың пайда болуы халықаралық саясатты ғылыми зерттеуді ынталандырды. Дегенмен елеулі импульстар дәстүрлі академиялық салалармен, атап айтқанда, тарихпен, географиямен және заңмен қамтамасыз етілді. Мұндағы серпілісті бағаламау мүмкін емес, атап айтқанда, қазіргі заманғы бейбітшілік қозғалысымен және дамуымен қамтамасыз етілген ынталандыру.

Қазіргі заманғы бейбітшілік қозғалысы Солтүстік Атлантикалық аймақта 1860 және 1870 жылдар аралығында пайда болды. Бұл он тоғызыншы ғасырдың үшінші тоқсанында Батыс халықтарына дүрбелең тудырған соғыстардың жаңа кластеріне маңызды реакция болған сілкінісі, соғыстардың жойып қиратушы екендігі және қарапайым адамдарға да, халықтарға да қызмет еткені туралы дәлелді жоққа шығару үрдісі бар болды. Американдық азаматтық соғыс (1861) АҚШ соғысқа қарсы белсенділік көрінісі болды. Ол, сондай-ақ, соғыс кезіндегі жауынгерлердің әрекетін реттейтін ежелгі бастамаларды жандандырды, мысалы, Либер кодексі (Уитт, 2012). Француз-Пруссия соғысының басталуы (1870) соғыс наразылықтарына және бейбітшілік белсенділігіне ұқсас толқындардың, сондай-ақ соғысты реттеу жөніндегі бастамалардың пайда болуына әкелді (Ланге, 1919; Сидл, 1987). Британдық пацифист Уильям Рэндал Кремер жұмысшы бейбітшілік және халықаралық арбитраж және бейбітшілік қауымдастығын құрды (екеуі де 1870 жылы құрылды). Француз экономисті және еркін сауда адвокаты Фредерик Пасси 1872 жылы Франкфуртта бейбіт келісімшартын құрғаннан кейін және соғыс уақытының цензурасын арттырғаннан кейін «*Societe francaise des amis de la paix*» қайта ұйымдастыруына көмектесті. Бейбітшілік ұйымдары Батыстың барлық аумағы бойынша жергілікті және ұлттық деңгейде құрылған. 1891 жылы Халықаралық бейбітшілік бюросы бүкіл әлемдегі бес жүзге жуық бейбітшілік қоғамдарының қызметін үйлестіруге құрылды (Бэйлес, 1931).

Жаңа зайырлы бейбітшілік қозғалысы халықаралық құқық пәнін қайта жаңарту мақсатында халықаралық құқық ғалымдарының күш-жігерін нығайтты. Мұның бәрі «*Халықаралық заң бойынша ревизиялық комиссия*» (ХРК) беттерінен және «Халықаралық құқық институтын» (1873) құрудан көрініс табады. Оның мақсаты соғысты барынша гуманистік соғыс етіп жасау және бірінші кезекте, мемлекеттер арасындағы соғысқа

жол бермеу үшін тек қана нормалар мен ережелерді даярлау болды. Жаңа халықаралық заңгерлер халықаралық арбитраж әдістерін зерттеді. Әсіресе, 1872 жылы арбитраж арқылы ұзаққа созылған ағылшын-американ қақтығысын «Алабама ісі» арқылы бейбіт жолмен шешкеннен кейін зерттей бастады. ХРК мен «Халықаралық құқық институты» бейбітшілік қозғалысын кеңейту мақсатында жұмыс жасады. Кейбір бейбітшілік қоғамдастықтары арбитраждық комиссияны құруға немесе тұрақты халықаралық арбитраждық сотты құруға тырысты<sup>12</sup>. Фредерик Пасси «*Societe francaise des amis de la paix*» деген атауын 1878 жылы «*Societe d'arbitrage entre les Nations*» ауыстырды. Он жылдан кейін Пасси мен Кремер Парламентаралық одақ (ПАО) – бүкіл әлем бойынша ұлттық жиналыстардың мүшелерінен құралған ассоциациясы. ПАО арбитраждық қозғалыстың дамуына маңызды ықпал етті.

Өнеркәсіпшілер мен бизнес адамдары, еркін саудадағы бейбітшілік жұмысқа және халықаралық құқыққа негізделген соғыс сауда үшін нашар болып табылады деген дәйектемені оңай мойындады. Ғасырдың соңына қарай олардың кейбіреулері әртүрлі бейбітшілік жұмыстарын қаржыландыратын ұйымдар мен қорлар құрды. 1890-шы жылдары Швед өнеркәсіпшісі Альфред Нобель ынтымақтастық пен бейбітшілікке ерекше үлес қосқан адамдарға сыйақы беру үшін өз байлығының бір бөлігін қалдырды<sup>13</sup>. Бірнеше жылдан кейін, өнеркәсіпші Эдвин Гинн өзінің бейбітшілік ұйымын құрды. Американдық болат магнаты Эндрю Карнеги соғыс себептері мен бейбітшілік алғышарттары бойынша ғылыми жұмыстарды қаржыландыратын халықаралық бейбітшілік қорын құрды<sup>14</sup>. Британдық өнеркәсіпші сэр Ричард Гартон соғыс себептері туралы Норман Энджеллдің зерттеулеріне демеушілік жасау мақсатында қор құрды (Кнутсен, 2013).

Жеке бастамалар жаңа ғылыми институттар эволюциясында маңызды болды. Париждегі «*Ecole libre des sciences*» саяси теориясы мысал ретінде қарастырыла алады. Бұл 1872 жылы Француз-Пруссия соғысында француздардың жеңіліске ұшырауы нәтижесінде Эмиль Бутми арқылы құрылды. Бутми Германия жеңісі жоғары білім мен ұйымдастыру дағдылары арқылы көрініс тапқандығына сенімді болды. Ол француздардың экономикалық және саяси элитасын құратын кәсіби мектеп құрылысына жеке қаражат бөлді<sup>15</sup>. Мектепте емтихан алынбады немесе сертификат берілмеді. Мектепте саяси экономика, салыстырмалы үкімет, халықаралық құқық пен халықаралық қатынастар бойынша топтар дамыды. «По ғылымдары» деп кеңінен қарастырылғандай, ол аспиранттардың француздық мемлекеттік қызметке емтиханға даярланатын орталығына айналды.

Бутми мектебі басқаларға шабыт беретін мектеп еді. 1880 жылы Джон Берджесс Нью-Йорктегі Колумбия университетінде По ғылымдары моделін негізге ала отырып, «Саясаттану ғылымдары мектебін» құрды. 1895 жылы Сидней мен Беатрис Уэбб Лондондық экономика және саяси ғылымдар мектебін (ЛЭСМ) құрған кезде, олар сондай-ақ «По ғылымының» мақсаты мен оқу жоспарларын негізге алды.

### ***Академия және халықаралық қатынастар теориясы ғылымы***

Егер он тоғызыншы ғасырдың алғашқы онжылдықтары бастауыш білім берудегі реформалармен ерекшеленсе, соңғы онжылдықтағы ерекшеліктер жоғары білім берудегі өзгерістерге байланысты болды. Бұл үлкен, жаңа университеттердің таралуына және қазіргі әлеуметтік ғылымдардың дамуына байланысты болды. Халықаралық істерге қызығушылықтың артуы осы даму нәтижесінде пайда болды.



Заманауи экономиканың тигізер әсері нақты болды. Көптеген экономистер олардың елдері өнімділігі мен индустриалды өнімділігін жоғарылатуды жалғастырғанын атап өтті. Олардың кейбіреулері өнеркәсіптік өндірістегі бұл дамудың көрсеткіші экспорт пен сауданың өсуінен жоғары екенін атап өтті. Мұның бәрі, олардан батыстың индустриалды дамыған елдері өздері тұтынатын капиталды тезірек жинақтаудың шешімін табуға жетеледі. 1873 жылғы қаржылық дүрбелеңнен кейбір экономистерде индустрияландырылған Батыс тарап артық капиталға тұншықпады ма деген сауал туындады.

Бұл пікірталасқа француз экономис Пол Лерой-Болье маңызды үлес қосты. Ол Батыс мемлекеттері артық капиталды экспорттау және нео-колониялық кеңейтуге бағытталған күш-жігер нақты тырысу болғандығын мәлімдеді. Лерой-Болье *«De la colonisation chez des peuples modernes»* атты қалың әрі ықпалды кітабында өзінің дәлелдемелерін дәйектеді [1874]. Осындай дәлел АҚШ-та – Дж. П. Морган сияқты қаржыгерлер және Брукс Адамс, Хенри Кабот Лодж және Теодор Рузвельт секілді саясаткерлер тарапынан айтылды. АҚШ-тың радикалды экономисі Чарльз Конант (1898) Лерой-Больенің дәлелін қарапайым талаптарға сай етті: капитализм қаржы капиталының жиналу қаупіне ұшырады, бұл артықшылық шетел инвестициялары есебінен алынып тасталмаса, қалдық пен басқа да тоқырау және дағдарысқа әкеледі.

Әлеуметтанушылар халықаралық қатынастардағы дебаттарға аз ықпал етті. Олар халықаралық қатынастарға емес, елдердің ішкі динамикасына назар аударуды үрдіс етті, бірақ олардың көпшілігі халықаралық қоғамдағы қатынастарға, соғыс, бейбітшілік пен халықаралық тәртіп мәселелеріне қатысты әлеуметтік жанжалдарға байланысты өз идеяларын кеңейтуге ұмтылды (Рамель, 2006; Мазовер, 2013, 94 б.). Солардың бірі – Герберт Спенсер және оның пікірталастары абстрактілі және жалпы болғанымен, ол халықаралық пікірсайыстарға, әсіресе, «аса бейімделгендердің тірі қалуы» ұғымы арқылы (Хобсон, 2012) терең пікір қалдырды. Тікелей әлеуметтанушы Жак Новиков болды, ол социологиялық талдауды халықаралық қоғам және соғыс, бейбітшілік пен мемлекетаралық тәртіп мәселелерімен тікелей байланыстырды.

Новиковтың *«Халықаралық саясат»* [1886] атты еңбегі мемлекетаралық қарым-қатынастарды эволюциялық тұрғыдан қарастырудағы бастапқы және жаңашыл бастаманың бастауы болды. Кітапта Дарвин теориясының ынтымақтастық және зайырлы аспектілері қарастырылады және Дарвиннің дәлелінің шиеленіске толы аспектілерін ғана қарастырған адамдарға күмән тудырды. Новиков эволюциялық теорияны дұрыс түсінбеген және Дарвиннің теорияларын мүлдем жоққа шығарғандарды социал-дарвинистер деп атады.

Спенсер (1864, 444 б.) «аса бейімделгендердің өмір сүруі» туралы жазған кезде, ол ең күштілердің немесе ең үлкендердің өмір сүруін білдірмейді. «Бейімделген сөзі «күшті» деген ұғымның синонимін білдірмейді. Керісінше, бұл икемділік немесе бейімделу қабілетінің синонимі болды. Бұл бейімделу қабілеті адамзаттың даму кілті», - деп атап өтті Новиков. Ол Спенсердің (1882, §561-2) адамзат қоғамдары тарих арқылы дамып келе жатқандығы туралы пікірімен келісті: олар күш пен милитаризмге, ынтымақтастық пен өзара тәуелділікке негізделген қазіргі заманғы өнеркәсіптік қоғамдағы алғашқы әлеуметтік құрылымдардан дамыды.

Бұл идея адамзаттың алдымен ұзаққа созылған бейбітшіліктің өркениетті жағдайындағы соғыстың қарабайыр жағдайдан табиғи түрде дамығандығымен өте танымал болды. Ол прогрессивті эволюционистердің көзқарасын анықтады. Оның негізгі

көзқарасы ақыл-парасатты және тарихтағы күшті шешуші ретінде ұйымдастыруды қарастырған либералды тарихшыларға ұқсас болды. Тарихшылардың негізгі міндеті – тарихи өзгерістерді сақтауы және оның механизмін түсініп, олар тікелей өткен уақытты бақылауы қажет. Қоғам ешқашан дәл қазіргі таңдағыдай жылдам өзгеріске ұшыраған жоқ. Тарихи прогресс мұншалықты тез болмаған. Тарихи көзқараспен жүйелі түрде жақын арада өткен оқиғаларды бақылау нәтижесінде адамдар технологиялық және саяси инновациялар арқылы ғасырды қалыптастырып, тарихты менгеру мүмкін болғандығын байқауға болады.

Бұл Кембридж тарихшысы Джон Силидің көзқарасы болды, ол заманауи оқиғаларды тарих ретінде зерттеу құндылығын қарастырды. Силидің көзқарасын Оксфордтағы әріптесі Эдвард Фриман қолдады, оның «Тарих өткен кездегі саясат және саясат болашақ тарих» деген оның танымал пікірі берілді. Сили мен Фриман тарихты ғылыми тұрғыдан зерттеп, практикалық құндылықтарға ие болу керек деп санағандықтан, қазіргі заман тарихын зерттеуді саяси ғылымнан бөліп алу қиын болар еді.

Неміс тарихшылары да прогресс пен эволюциямен айналысты. Бірақ, олар ақыл-парасаттың дербес бейімделуіне қарағанда саяси күрес тұрғысынан көбірек қарастырды. Нәтижесінде, Германия біртіндеп өткен соғыстар арқылы біріккен болатын. Бұл тәжірибе осы кезеңде дамыған мемлекеттік ғылым (*Staatswissenschaft*) неміс тәртібіне ықпал етті. Жаңадан құрылған мемлекеттің көлеңкесінде жұмыс жасайтын Германияның саяси қайраткерлері өздерімен өздері жұмыс жасады. Олар мемлекеттің шығу тегі, табиғаты мен мақсаты туралы жалпы әңгімеледі.

Неміс тарихшыларының бірі – Леопольд фон Ранке болды. Ол «Ұлы держава» ұғымын ойлап тапты (Ранке, 1925 [1833]). Бұл қазіргі заманғы мемлекеттік қарым-қатынастардың талдауын айтарлықтай жеңілдетіп, Еуропаны мемлекеттер жүйесі ретінде ұғынуды жеңілдететін пайдалы инновация болды. Ранкенің компаниясының мұрагерлерінің ішіндегі ең танымалы – Генрих фон Трейцке болды. Көптеген жылдар бойы Трейцке Берлиндегі университетте саясат туралы жыл сайын өткізілетін курсынан сабақ берді. Бұл мемлекетке бағытталды және өте танымал болды. Содан кейін мемлекеттік қызметкерлер мен студенттер оның соңынан ілесті. Ол немістердің барлығының өзін-өзі тануын қалыптастырды.

Трейцке курсы мемлекеттің құрылысы туралы болды, ол дербес мемлекет бар екендігін және ол не істей алар еді деген сауалдар бойынша көпшілікке үйретті. Оның дәрістер жиынтығы мемлекет идеясымен басталды. Ол оның әлеуметтік іргетасы, оның ішкі дамуы, дизайны, конституциясы және басқаруы бойынша жалғастырды. Ол мемлекеттердің халықаралық қатынастары туралы Трейцкенің пікірлерімен аяқталды. Мұндай қарым-қатынастарды зерттеудің екі тәсілі бар болды деп түсіндірді ол. Бір жағынан, «натуралистік» тәсіл билік өкілдеріне байланысты болды және Отто фон Бисмарк сияқты мемлекеттік қайраткерлер арқылы ұсынылды. Екінші жағынан, «моральдық» тәсіл сауда-саттық мәселелеріне байланысты және Ричард Гобден сияқты либералдық рационалистер мен еркін сауда жасаушылар ұсынған болып табылады.

Біріншіден, Макиавеллидің тұжырымдамасы мемлекет абсолютті билік натуралистік қағидадан басталады және оның мақсаттарына қызмет ететін кез келген нәрсені жасай алады. Демек, ол басқа мемлекеттермен қарым-қатынаста ешбір заңмен, либералдық теоретиктердің моральдық доктринасымен өзара байланысы жоқ ... [басқасы]. Бұл жерде біз мемлекетті жақсы кішкентай бала деп есептеп, жуындырып, шашын тарап, мектепке жіберіп, мойынсұнғыш бала деп қарастырғандығын таба аламыз. (Фон Трейцке, 1963 [1916], 294 б.).

Трейцке, сөзсіз, натуралистік көзқарастың өкілі болды. Оның дәрістері сол ғасырдағы саяси белгісіздіктерді және эволюциялық доктриналарды көрсетті. Ол халықаралық қатынастарды ұрыс алаңы мен халықтар арасындағы күрестің тарихы ретінде бейнеледі. Оның дәлелдері «*Шынайы саясатта*» «билік заңы физикалық әлемді басқарған гравитация заңы сияқты мемлекеттер әлемін басқарады» деп санайды. Людвиг фон Рошау (1853) ұсынған бұл көзқарас әсіресе Кайзер Вильгельм II 1888 жылы билікке келгеннен кейінгі ғасырда пайда болды. Неміс қоғамы оның билігі кезінде самодержавиелік түрде өсті. Саяси пікірталастар көбірек шектелді. Академиялық еркіндік шектеулі болды, себебі институттар авторитаризмді арттырды. Билік саясаты алға жылжығандықтан либералды перспективалар биологиялық теориялар туралы көбірек хабардар болды. Мемлекетаралық қарым-қатынастар теориясы неміс саясаты ғылымында көп талқыланған жоқ. Алайда олар неміс географтары арасында көбірек талқыланды. Олардың ішіндегі ең ықпалдысы Фридрих Ратцел болды.

Неміс тарихшылары мен саясаттанушылары олардың назарын жаңа неміс мемлекетінің құрылымы мен ішкі жұмысына аударуға тырысты. Егер жағдаят дұрыс болып табылған жағдайда ол аумақтық мемлекетті өркендету және дамуы мүмкін организм ретінде анықтады. Егер ол дамып келе жатса, оның өлшемі де, күрделілігі де өседі. Ол ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп нысандарын қолдауды қамтамасыз етеді. Байланыс және тасымалдау желілері түрінде таратушы жүйелерді дамытады. Сондай-ақ, салауатты мемлекет одан әрі дамуы үшін жердің көп мөлшері мен көптеген қосымша ресурстарын талап етеді. Ратцел «*Шынайы саясат*» және Александр фон Гумбольдт, Карл Риттер, Эрнст Геккель және басқалардың биологиялық теориясы арқылы шабыттанды.

Ратцел (1901) өзінің талдауына Лебенсраум тұжырымдамасын қосты. Мекендеу ортасы немесе өмір сүру кеңістігі дамыса, сау организмнің кеңеюі тиіс. Ратцелдің пікірталасымен оның талантты шведтік студенті Рудольф Кьеллен айналысты. Швецияны инновациялық зерттеу барысында, Кьеллен алдымен Гумбольдт, Риттер және Ратцелге деген пікірін алғаш рет жариялады. Содан кейін ол «геосаясат» (Кьеллен, 1900, 17 б.) деп атаған өзінің жеке көзқарастарын ескеріп, тарихтағы Швеция эволюциясын ұсынды, ол ғарыш үшін күрескен тірі организм болып табылады (31 бет). Бірнеше жылдан кейін Кьеллен өзінің геосаяси көзқарасын кеңірек айтып берді. «*Der Staat als Lebensform*» (1917) атты теориялық зерттеуінде Кьеллен мемлекеттің көптеген органдарының немесе қосалқы жүйелерінің функциясын ескерген. Мемлекет аймақтың және Волктың органикалық құрамдас бөлігі болды деп айтты. Аймақ өзін-өзі қамтамасыз ету үшін өркендеуі керек - дейді Кьеллен (сол арқылы өзара тәуелділік теориясын қолдайтын жақтастардан).

*Волк* білімді болуы керек және тиісті ұлтқа бірігуі керек. Оны үкімет басқарады. Күшті әскерлер қолдайтын мемлекет мүдделері басқа бәсекелес мемлекеттердің мүдделеріне байланысты еді.

Бірнеше географтар эволюциялық биологияға Ратцел мен Кьеллен сияқты қатты сүйенді. Алайда, олардың негізгі проблемалары бірегей болған жоқ. Ресурстардың жетіспеушілігімен, ғарыш кеңістігін шектеуімен және кемшіліктерімен байланысты проблемалар басқа да авторлар тарапынан қызығушылыққа ие болды. АҚШ-та Генри Джексон Тернер (1893) және Брукс Адамс (1896) Солтүстік Америка өзінің аумақтық кеңею шегіне жеткеніне алаңдаушылық білдірді. Тернер американдық шекараның американдық сипатқа тән бірегей ерекшеліктерін құрғаны туралы танымал тезисін тұжырымдады. Бұдан әрі қарай кеңейтудің қабілетсіздігі американдық ұлттарға күш салу шекараның

аяқталуын қалыптастыруды білдіреді деп түсіндірді. Кеңейту шекарасы, шын мәнінде, американдық сипаттағы бірегей қасиеттерге қауіп төндіреді.

Халықаралық саясаттағы осы географиялық көзқарасқа американдық теңіз офицері және тарихшы Альфред Т. Махан үлкен әсер етті. Ол американдық журналдарға және Америка Құрама Штаттарының сыртқы саясатына қатысты қоғамдық талқылауға белсенді түрде қатысқан және үлес қосқан автор болатын. Оның негізгі жұмысы *«Шынайы саясат»* тұрғысынан әскери-теңіз күштерін тарихи зерттеу болып табылады. *«Теңіз күштерінің тарихқа әсер етуі»* кітабы [1890] - Ұлы державаның әлемдік немесе планетарлық контексте өзара әрекеттесуін көздейтін өршіл күш болды. Маханның айтуынша, теңіз билігі экономикалық және әскери үстемдікті іздейтін кез келген ұлы державаны дамыту үшін өте маңызды болды.

Ұлыбританияда жас Хэлфорд Дж.Маккиндер (1904) мемлекетаралық қарым-қатынастардың ұқсас, планетарлық көзқарасын дамытты. Ол Маханмен теңіз билігі үлкен қуатқа ие болып табылатын кез келген мемлекет үшін маңызды екеніне келіседі. Маккиндердің пікірінше, Махан теңіз билігінің маңыздылығын әсірелеп көрсетті. Біріншіден, теңіз билігі құрлықтағы аумақтардың үстінен үстемдік жасау туралы басқаруға толығымен тәуелді болды. Оған қажетті материалдық ресурстар тек жер бетінде қажет болды. Оған қызметкерлер, қауіпсіз айлақтар мен бұғаздарға басшылық жасау және стратегиялық шоғырланған нүктелер қажет болды. Екіншіден, әлемде теңіз билігі жоқ аймақтың болмайтындығы анықталды: Ресейдің ішкі өңірлері теңіз билігіне қарсы тұра алмады. Маккиндер осы аймақты «Еуразияның жүрегі» деп атады.

Маккиндер, Колумб ғасырынан бастап батыстық зерттеушілердің жер бетінде саяхаттап, жер бетін бақылап, каталогқа түсіріп, жерді картаға түсіргендігі туралы түсіндірді. Соңғы уақытта, алайда, Скотт және Нансен сияқты зерттеушілер планетаның соңғы, белгісіз жер екенін белгіледі. Олар ашылу ғасырын жауып, адамзатты жаңа, постколумбиялық ғасырға жетеледі. Маккиндердің (1904) айтуынша, мұнда зерттейтін ештеңе жоқ. Онжылдық технологиялық дамудан және отаршылдықты кеңейтуден кейін ұлы державалар әлемнің көп бөлігін жаулап алды және ғарыштағы шектеулерге тап болды.

Біз жер бетіндегі нәрселер туралы физикалық, экономикалық, әскери немесе саяси өзара әрекеттесу туралы ескереміз бе, біз оны алғаш рет жабық жүйемен ұсындық. Кез келген апат немесе артықшылығы енді тіпті антиподтарға да қарсы болады... және антиподтардан қайтып оралады... Адамзаттың әрбір әрекеті бұдан былай да әлем бойынша қайталанады және жаңғырықпен бірдей қайталанады (Маккиндер, 1919, 40 б.).

Әлем бір-біріне тәуелді болды. Планета жабық және өзара байланысты жүйе болып саналуы тиіс. Осы дәлел негізінде Маккиндер екі дәлелді болжады.

Біріншіден, жоғары технология мен өзара тәуелділіктің осы жаңа дәуірінде Еуразияның жүрегі болып саналатын аймақ ерекше маңызды аймақ болар еді. Өйткені, осы аймақты басқарған кез келген билік қазіргі заманғы көлік құралдары мен оның керемет байлығын игеру және қуатты мүмкіндіктерді дамытуда өндіруді қолдануы мүмкін. Өйткені, аймақ теңіз күштерінің жетіспеушілігінен тыс жерде жатыр, ешкім де осындай дамуға кедергі келтіре алмайды. Уақыт өте келе Еуразияның жүрегі болып саналатын аймақ билігі бүкіл Еуразияға кеңейіп, оны толықтай басқара алады (Маккиндер, 1919; Кнутсен, 2014).

Екіншіден, «әлемді барлау аяқталған» соң және бұдан былай құнарлы, бос аймақтар қолжетімді болмағандықтан, Ұлы державалар екі нұсқаны қарастырды: кеңейтуді

токтату керек немесе ол басқа біреуге тиесілі жер есебінен орын алуы тиіс. Бірінші нұсқасы неғұрлым ақылға қонымды болды. Алайда, Маккиндер адам ақыл-парасатына толығымен сенбесе де, екінші нұсқаны жоққа шығармады. Дегенмен, бұл бәсекелестікке, қару-жарақ бәсекесіне және соғысқа сенімді жол болып табылады.

Индустриализм мен өзара тәуелділік ғасырында Ұлы держава соғысы тарихтағы кез келген соғысқа қарағанда аса жойқын соғыс болды. Бұл көптеген бейбітшілікті қолдайтын белсенділердің, көптеген бизнесмендер мен саясаткерлердің дәлелі болды. Оларды ғасыр соңында Гаагада қарусыздандыру жөніндегі кең ауқымды конференцияға қатысуға итермеледі. Жер жүзіндегі әрбір егемен мемлекет Гаагаға 1899 жылы өкілдерін жіберді. Орыс патшасы Николай II деп аталатын конференция үлкен үміт күттірді және негізгі бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланысты болды.

Гаага конференциясында бірнеше келісімдер жасалды, олар соғыс жағдайындағы мемлекеттердің іс-әрекетін реттеуге байланысты болды. Бұл келісімдер көбінесе ақыл-парасаттың жеңісі және халықаралық бейбітшілік қозғалысы жүргізген жұмыстардың нәтижесі ретінде қарастырылды. Дегенмен конференция өзінің бастапқы мақсатында сәттілікке жете алмады, яғни, халықаралық қару-жарақ бәсекесіне нүкте қою. Кейбір байқаушыларға конференция үйлесім мен ынтымақтастықта емес, бәсекелестік пен күдікпен белгіленген халықаралық атмосфераны бейнеледі.

Халықаралық бейбітшілік қозғалысы және халықаралық құқық институтының мүшелері либералды мұраттармен қамтамасыз етілді – ол адамның ақыл-парасатына деген сеніммен және тарихи жетістіктермен байланысты болды. Олардың өзара тәуелділік түсінігі әмбебап заңдарға деген сеніммен түсіндірілді. Фредерик Зебогм (1871, 140 б.) өзара тәуелділікті «бізді алға жетелейтін тарихи біртұтастығының нәтижесі» ретінде қарастырды. Ол өз дәлелін кеңейткен кезде, бұл ағым адамның ақыл парасатына негізделгендігі анық болды. Оның дәлелі Дэвид Рикардо мен Ричард Гобденнің пікірінің маңайында болды және халықаралық сауданың еркін нарықтық моделі сенімді бейбітшілік секілді, мол байлыққа жетелейтіндігі туралы мәлімдемемен аяқталды<sup>16</sup>.

Джеймс Лоример ғылымдағы қақтығыстар мен соғысқа қатысты шешімді ойлап тапты: халықаралық құқықты жүйелі түрде құру және юрисдикция функцияларын атқаратын және мемлекеттердің егемендігін шектейтін институттарды құру. Ол бұл дәлелді оның Ұлттар Заңының ірі институттарында жетілдірді [1884]. Мұнда ол халықаралық құқықтың және халықаралық қатынастардың өзекті мәселелерін талқылады. Сондай-ақ, ол осы маңызды мәселені түсінуге мүмкіндік беретін мамандандырылған ұғымдардың мұқият жетілдірілген анықтамаларын ұсынды.

Кітап халықаралық саясат ғылымында ежелгі классика ретінде аталып көрсетілуі керек еді, өйткені Лоример мұқият анықтаған тұжырымдамалар - ең алдымен «анархия», «билік балансы», «өзара тәуелділік» және «халықаралық құқық» - халықаралық қатынастар саласында негізгі тұжырымдамалар болып табылады. Дегенмен, кітап 1884 жылы жарық көргенде, халықаралық заңгерлер арасында танымал болса да, кітап белсенді қолданылмады. Ол университет кітапханаларындағы арнайы топтамалардың шаң басқан сөрелеріне орналасты.

*Ұлттар заңының институттары* осы болжамнан шыға отырып, ақыл-парасат бір және бөлінбейтін деп санайды – бұл барлық адамдар бірдей ақыл-парасатқа ие делінген сәтте және олар бірдей сұрақтар бойынша ойланған кезде, олар өзара бірдей жауап табады. Кітап «*Табиғат заңы*» дәстүрінде жазылды және ағартушылық ақыл-парасат пен прогрес идеясының ескерткіші болды. Дегенмен бұл идеалдар кітапты жариялау сәтінде әлсіреді, ал табиғи заң дәстүрі тез жойылды. Лоример шын мәнінде оны соңғы қорғаушылардың бірі болды.

## *Заманауилық және одан тыс*

Он тоғызыншы ғасыр адамның істеріне басшылық ету ықпалынан ақыл-парасатты қарастырған рационалистік оптимизм атмосферасымен басталды. Бұл «ақыл-парасат ғасыры» кейіннен Кант, Джефферсон және Гумбольдт сияқты ғалымдар ұсынған ерік-жігер ғасырымен алмастырылды. Американдық тарихшы және дипломат Паул С. Рейнш 1890-шы жылдардың соңында Еуропаға барған кезде, ол былай деп түсініктеме берді:

Гетенің бүкіл өнерінде көрініс тапқан өмір сүрудің тыныштыққа толы және толығымен үйлесімді балансы күшті ерік-жігері барлар ғана, күшті энергияға ие болғандар ғана басымы болатын құмарлықтың дауылдары арқылы күресетін жабайы рухтар шабуылына жол берді.

Бұл ғасырдың жалпы сипаты қазіргі заманғы саяси өмір туралы жазбаларда анық жазылған (Рейнш, 1900, 8 б.).

Ақыл-парасат оптимизмі «триумфалды энергияны қарастырған күш оптимизмі-бақытты өмірдің жалғыз шарты» деген оптимизммен алмастырылды (Рейнш, 1900, 8 б.). Бұл өзгеріс эволюцияға бағытталған өзгеріс болды. Оның теориясынан рационалды және моральдық көзқарасты жоққа шығара отырып, Дарвин болжам жасады; оның эволюция теориясы тек биологиялық және экологиялық айналымына негізделді. Адамның ақыл-парасатын ескермеуді кейін басқалар да негізге алды. Олардың бірі Карл Маркс болды. Неміс әдіснамасына, француз саясатына және британдық саяси экономикаға сүйене отырып, Маркс қазіргі заманғы қоғамды қатал сынға алды, оның адамзаттық емес өндірістік тәсілі жеке адамдарды иеліктен айырды. Бірақ соңында Маркстың капиталистік өндіріс режимі туралы пікірінде батыстық модернизмінің дәстүрінен пайда болған дәлел болды. Бұл марксистер қазіргі заманғы (капитализмнің) көзқарасты басқа (социализм) көзқарасымен алмастыруды ұсынған мағынадағы шектеулі сын болды. Маркстың талдауы Фридрих Ницшенің күңгірт бағалауынан гөрі заманауи қоғамның қатаң сынына аз ұшырады.

Рейнштің пайымдауы бойынша, Ницше жаңа, пост-гуманистік дәуірдің негізгі өкілі болып табылады. Ницше қазіргі заманның (либерал мен радикалдармен бөлісетін) негізгі идеясын мазақ етті, әр адам мүмкіндіктің шексіз сыйымдылығы екенін көрсетеді және қоғам қайта пайда болған кезде осы мүмкіндіктері басым болады. Ницше адамның ақыл-парасаты мен моралына күмәнмен қарады. Шындығында, ол адамның оның нәзік табиғатын ашып көрсетуде ақыл-ой қабілетін рационалдылыққа қарсы қоюы керек болды. Ол адамның шындықты және адамгершілік жан-жақтылығын табу қабілетіне күмән келтірді және адамның моральдық стандарттарының контингенттік сипатын ашуға тырысты. Ол либералдар мен радикалдардың моральдық талабына қарсы шықты. Ол «жақсы» және «жаман» дегендер тарихи және әлеуметтік талдауда сәйкес емес терминдер болып табылады дегенді айтты. Ол адам тілінің кез келген шынайы немесе шындықты сипаттауға қабілеттілігіне күмәнданып, билікке қол жеткізгісі келетіндердің қолында тағы бір саяси құрал болу үшін моральдық риториканы ұстанды. Ол моральдық дискурс жасырылған және барлық қоғамдық тәртіп құрылған билік құрылымын анықтауды талап етті. «Осы дүниенің атауын іздедіңіз бе? Оның барлық жұмбақтарына арналған шешім бе?... Бұл дүние билікке деген ерік -жігер және басқа ештеңе жоқ» (Ницше, 1960, 917 б.).

Фридрих Ницшенің қоғамдық философиясында күшті дарвинистік эволюция бар. Ол

Дарвин секілді, прогреске деген сенімділікке жол бермеді. Бірақ Ницшенің бас тартуы заманауи Батыс қоғамы негізделген құндылықтар мен болжамдарға қарсы шабуыл болды. Оның кейбір тақырыптарын басқалар қарастырды. Мысалы, адамзаттың жасырын және айналы түрде жұмыс істейтін бейсаналық желі құрбаны болғандығы туралы Ницшенің мәлімдемесін Зигмунд Фрейд кеңейтті. Фрейд адамның ақыл-ойының үлгісіндегі осы операциялардың принциптерін анықтауға ұмтылды. Фердинанд де Соссюр Ницшедегі адам тілі адам ойының дәйекті өнімі емес екендігін мәлімдеді. Соссюр тілдер өте бей-берекет құрылған, содан кейін олардың синтаксисін және семантикасының нақты ережелеріне әлеуметтенген адамның әлеуметтік жағынан қолдайтындығын дәлелдеді. Тіл, сондай-ақ ол өз қолданушыларының қабылдауын қалыптастырады; ол әлемді бақылап, ой-пікірлері мен дәлелдерін сөздік және грамматиканың нақты ережелері арқылы қалыптастыратынын айтты<sup>17</sup>.

Ғасыр бойы, сосын адамның іс-әрекеті рационалды есептеуден басқа қауіп-қатер туғызуы мүмкін болып табылатын әлеуметтік теориялар дамыды. Бұл теориялардың нәтижесінде адамның оқиғаларға қатысты ұтымды және ақылға қонымды жауап беретін зайырлы адам ретінде қазіргі заманғы имиджін ажырату керек болды. Жаңа теориялар Ренессанстан кейінгі кезеңдегі Батыстың көне, репрезентативті ақыл-парасатымен эпистемологиялық тұрғыдан үзуді ұсынады. Олар тез арада жазу, поэзия, музыка әлеуметтік теориядан кем емес болып табылатын абстрактілі үрдістің пайда болуын атап өтті, суретшілер мен ғалымдарды себеп салдарлы, табиғи симметриялы және үш өлшемді кеңістікпен бірге көне, қабылданған формалар мен дәстүрлі алаңдаушылықтан санамен бас тартуға жетеледі<sup>18</sup>. Олар үлкен байлық пен билікке ұмтылудың қауіп-қатерлерінің алдын алатын ескертулер болды.

Бұл идеялар жалпы алғанда Еуропада, әсіресе Германия мен Ресейде дамыды. Олар жиырмамыншы ғасырдың алғашқы онжылдығында іске қосылды, бірақ олар кейіннен жүзеге асты. Олар кешіктірілген айыптаулары бар торпедалар (авиация бомбасының бір түрі) секілді болған еді. Олардың ықпалы бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңге дейін білінген жоқ.

## Ескертулер

1. 3-тарауда айтылғандай, Тәурат аудармалары осы процесте ерекше маңызды рөл атқарады. Генрих VIII жағдайы атақты мысал болып табылады. 1530 жылдары ол Папамен қарым-қатынасын үзіп, тәуелсіз Англия шіркеуін құрды. 1539 жылы «Ұлы Тәурат» кітабы ағылшын тілінде басылып, Англиядағы әрбір шіркеуге таратылды. Осындай үдерістер Солтүстік-Батыс Еуропаның басқа елдерінде де орын алды. Тәураттың аудармасы монархқа христиан дінін өз халқына нақты түсіндіруге мүмкіндік берді. Тәуратты ұлттық тілге аудару арқылы, ханзада өз халқының ерекшелігін айқындайтын белгілі бір нақтылықты стандарттауға үлес қосты (Эйзенштейн, 1993, 148 бет; Андерсон, 1983, 41 б.).

2. Бенедикт Андерсон (1983) халықтарды «болжанған қауымдастық» деп ұсынды. Ол стандартталған тілдердің дамуына және оның ынталандырушы факторларының ең маңыздысы ретінде баспа баспасын ерекшелеп көрсететін халықтардың пайда болуын қарастырады. Ол ежелгі байланысты жойып, жаңа байланыс құрды.

3. 1900 жылы экстремалды ұлтшылдар демократияның қарсыластары мен реакционерлері болды. Бисмарк демократиялық реформаларды тек қана өздерінің билігін құру және оны өз пруссиялық мақсаттарына қолдану үшін енгізді. Италияда Гарибальдидің 1870 жылдардағы Қызыл көйлектері Муссолинидің 1920 жылдардағы кара шляпаларына айналды.

4. Бірінші индустриалдық революцияны өндірістің дәстүрлі әдістерін жақсартқан практикалық адамдар, қолөнершілер мен инженерлер жүргізді. Екіншісі ғалымдармен, тауарлардың жаңа түрлерін ойлап тапқан адамдармен және капиталмен жүргізілді. Металлургиядағы, өңдеудегі және прокаттаудағы инновациялар металдардың сапасын жақсартады; кесу мен дәнекерлеуге арналған жаңа құралдар рельстердің, пластиналардың, құймалардың, аспаптардың және қозғалтқыштардың кең ауқымды коммерциялық өндірісін жақсартты. Темір жолдарды, кемелерді, ғимараттарды, машиналарды және қару-жарақтарды салуға арналған негізгі материал ретінде болатты енгізу, сондай-ақ, жаппай тұтыну нарығы үшін жаңа өнімдерді енгізді. Бұрын болмаған телеграф, телефон, радио, граммофон, электр шамы, тігін машинасы, пулемет, велосипед, пневматикалық шиналар, ішкі жану двигателі, жерасты пойыздары, жазу машинасы шиеленіске толы, оптимистік 1860 жылдары пайда болды (Барраклоу, 1976).

Ресейге жасалған неміс шабуылы соғыстың динамикасын өзгертті. Черчилль анти немістік одақ арқылы бірден Сталинге көмек ұсынды. Сталин бұл ұсынысты қабылдап, Британиямен бірнеше күн бойы қорғаныс пактін жасады.

Неміс әскерлері Польша мен Белоруссияның жазықтықтарынан өтіп бара жатқанда, Черчилль Атлантикадан құпия түрде жүзіп өтіп, президент Рузвельтпен кездесуге Жаңа Англия жағалауына келді. Черчилль АҚШ жаңа ағылшын-кеңес одағына қосылуды өтінді. Бірақ Рузвельттің келісуі аса қиын болды. Ол Черчилль соғыс мақсаттары атап көрсетілген бірлескен ағылшын-американдық декларацияға қол қоймағанша, ешнәрсеге келіскен жоқ. Атлантикалық хартия деп аталатын бұл құжат Рузвельттің соғыс пен бейбітшілік көзқарасы туралы белгісіз бағалаулардан тұрды. Ол барлық халықтардың егемендігін қорғау және теңіз бостандығын сақтау үшін соғысты жүргізу керек деп тұжырымдады. Ол «жалпы қауіпсіздік» жүйесін, «барлық, үлкен немесе кішкентай, жеңімпаз немесе жеңілген» мемлекеттер үшін әлемдегі барлық байлыққа тең қол жеткізуді қамтамасыз ететін ашық және әділ әлем экономикасын құруға уәде берді. Егер Черчилльдің соғыс әрекетін американдықтар қолдаған жағдайда Черчилль хартияға қол қоюы керек болды.

Соғыс динамикасы одан кейін жарты жылдан кейін өзгерді. 7 желтоқсанда Жапония Перл-Харбордағы, Гавайидегі АҚШ-тың әскери-теңіз базасына шабуыл жасады және АҚШ-тың Тынық мұхит флотын жойды. Бұл АҚШ-тың соғыс ашуына жетеледі.

Шындығында ол АҚШ-ты *екі соғыс ашуға* жетеледі. Азияда болған соғыстың бірі Перл-Харборға Жапонияның таңғажайып шабуыл жасағандығының тікелей нәтижесі ретінде көрініс тапты. Соғыстың тағы бірі, төрт күн өткеннен кейін Еуропадағы Жапонияның одақтасы болып табылатын Германия АҚШ-қа соғыс жариялады.

Жарты жылдан аз уақыт ішінде Гитлердің әрекеттері КСРО мен АҚШ-ты Германияның жауларына айналдырды. Ол сонымен қатар Ұлыбританиямен одаққа айналдыруға екі күшті әкелді. Бұл үлкен қателік болды. КСРО-да Германияның кадрлық резервтерінен басым түсетін кадрлық резервтер бар. АҚШ Ұлыбританияда болмаған әлдеқайда үлкен экономикалық мүмкіндіктерге ие болды. Соғыс өркендеген сайын Ұлыбританияның мәні жойылады және соғыс күші кеңестік персонал мен Американың индустриалды күштері арқылы анықталады.

### *Үлкен күш мақсаттары*

Нацистік Германияның тікелей мақсаты шығысында жаңа аумақты иемдену, оны біріктіріп, отарлау және жаңа *«мыңжылдық Рейхты»* құру. Біріншіден, *«қарулы күштер»* Польша, Белоруссия және Украина арқылы өтті. Содан кейін күзет жасағынан әскерлер келді, олар Гитлердің кең ауқымды Континенталды империясының тиімді бөлігіне айналдыратын Арийлік иммигранттарды орналастыру үшін сол аймақты өз тұрғындарынан арылта бастады. Күзет жасағы азаматтық тұрғындарды жинады, еврейлер мен славяндарды бөліп алды және оларды өлтірді.

Күзет жасағы бірінші кезекте оларды арнайы салынған вагондарда тұншықтыру арқылы өлтірді. Оның салдарынан ондаған мың адам зардап шекті. Соған қарамастан, күзет жасағының жетекшілері процесті өте тым ауыр және қарқыны тым баяу деп тапты. 1942 жылы нацистік партия жетекшілері әлдеқайда тиімді әдісті ойлап тапты: олар газ камераларымен жабдықталған жою лагерьлерін ойлап тапты, олар өлі денелерді өртейтін қоқыс өртегіштермен бірге күн сайын қажет етілмеген мыңдаған адамдарды өлтірді<sup>7</sup>. Келесі айларда Аушвитц-Биркенау, Белзек, Хелмно, Майданек, Собибор және Трешлинка секілді жерлерде немістер нақты өлтіруге арналған машиналардың құрылысын бастады. Бұл лагерьлерде миллиондаған адамдар қаза тапты. Нақты саны қарама-қайшылықтарға толы, бірақ Холокост деп қорқынышпен аталатын өнеркәсіптік тиімділікпен жойылған адамдардың саны он миллионнан асады. Өлтірілген еврейлердің саны шамамен алты миллион болды. Бұған қоса, үш миллионнан астам кеңестік соғыс тұтқындары, шамамен екі миллион поляктар, екі жүз елу мың румындықтар (немесе сығандар), сонымен қатар мүгедектер, гомосексуалдар және Иегова куәгерлері де бар болды.

Британияның, КСРО мен АҚШ-тың тікелей мақсаттары Германияны тоқтату болды; нацистік соғыс машинасын жойып, Гитлер режимін оның империялық амбицияларымен бірге алып тастау болды. «Біріккен Ұлттар Ұйымының одағы» (Рузвельт осылай деп атады) әлемге ынтымақтастықтың біріккен бетін ұсынды. Кеңестер Коммунистік Интернационалды (Коминтерн) адалдықтың белгісі ретінде бөлшектеді. Сталин марксист-лениндік риторикадан алыстады және бұрынғы революцияға байланысты үндеуінен бас тартты. Рузвельт, өз тарапынан, Сталинді «Джо ағай» деп сілтеме жасап атай бастады.

Дегенмен оның сыртында одақтастар арасында қақтығыстар мен жоғары шиеленіс орын алды. Американдықтар мен британдықтар көбінесе сол тілде сөйледі, екеуі де литералды және идеологиялық мағынада болды. Олар Сталиннен идеологиялық шексіздік арқылы бөлінді. Олардың КСРО-мен қарым-қатынасы шиеленіске толы болды. Черчилль әсіресе Сталинге сенімсіздікпен қарады, ол оны қатал жеңдет пен оппортунист деп

қарастырды. Сталин Черчилльге де, Рузвельтке де сенбеді, олардың екеуін де цинистік капиталист ретінде қарастырды.

Сталиннің тікелей мақсаты – Германияға қарсы соғыста одақтастардан көмек алу болды. Ол оны АҚШ-тан алды, ол «Ленд-лиз» заңына сәйкес КСРО-ға мыңдаған тонна қару-жарақ пен қамтамасыз ететін заттар жеткізді. Сталин өз одақтастарын Еуропаға басып кіріп, Германияны батысқа қарай тартуға шақырды. Оның қызыл армиясы соғыстың негізгі еңбегін өзіне алды. Ал батыстағы одақтастық шабуыл немістерді шығысқа қарай әскери күштерді ауыстыруға мәжбүрлеп, кеңестік әскерге ауыр қысымды жеңілдетуге әрекет жасады. Черчилль бірнеше рет Сталинге батыстық державалардың әлсіз екендігін айтты; олардың Батыста екінші майдан ашу үшін сарбаздары да, қарулары да жоқ еді. Бірақ Сталин Черчилльдің тоқтап қалғанын жақсы біледі, өйткені ол Кеңес әскері мен неміс қарулы күштері соғысып, Батыс Еуропадан алыс болып табылатын шайқастарда бір-бірін титықтатқанын қалады.

Британияның тікелей мақсаты Гитлердің еуропалық континенттің үстемдік етуіне кедергі келтіру болатын. 1941 жылдың шілдесінде Черчилль Сталинге одақ құруды ұсынды. Британияның тағы бір мақсаты Британ империясын және оған ықпал ететін салаларды қорғау және сақтау болды. Бұл Ұлыбританияны Ұлы билікке айналдырған империя болды деді ол. Ұзын сөздің қысқасы, Черчилль Сталинді қамтамасыз еткісі келді. АҚШ Ленд-Лизбен қамтамасыз етті, ол Қызыл Армияны нығайтты және неміс халқының алға ілгерілеуіне мүмкіндік берді. Алайда, Қызыл Армияны нығайту қаупі тым көп болды. Себебі соғыстың табысты болуы 1943 жылы өзгерген кезде, Черчилль Шығыс және Орталық Еуропаны Сталиннің кеңейтуге қарсы идеясын американдықтарға ескертеді. Әскери жаулап алу сәтінің айқын көрінісі бар болды: атап айтқанда, Қызыл Армия немістердің *қарулы күштері* бас тартқан территориясын дамытып, нығайтты. Бірақ ол үлкен геосаяси тұрғыдан да байқалды: Орталық Еуропаның жазықтарына кім бақылау жасаса да, Еуразияның кең аймағына енетін қақпаны да бақылауға алады – Маккиндер (1919) оны «Әлемдік аралдың негізгі жері» деген атаумен басқаратын еді.

Американдық соғыс мақсаты көбінесе британдықтармен бірдей болды. Американдықтар Гитлерге континентке үстемдік етуіне жол бергісі келмеді. АҚШ-тың соғыс жоспары Жеңіс бағдарламасы, ол танымдағы Маккиндердің геосаяси теориясы (1919; 1943) Еуропада соғыс әрекетінде басымдыққа ие болып, Германияны жеңіп, содан кейін Жапонияға қарсы жаппай шабуылды бастады. Алайда Рузвельттің ұзақ мерзімді мақсаттары Черчилльдің мақсатынан ерекшеленді. Рузвельт әлемдегі ықпал ету салаларын құруға жол бермеуді қалады. Ол оның орнына ашық және демократиялық мемлекеттер арасындағы еркін қарым-қатынас қағидасы бойынша соғыстан кейін бейбітшілік орнатуды қалады.

АҚШ-тың негізгі әскери мақсаттары Атлантикалық хартияда көрініс тапты, оны Рузвельт пен Черчилль 1941 жылы тамыз айында Ньюфаундлендте кездесу кезінде жасады. Хартия танымал егемендіктің қағидаларын сақтап қалды, бірде-бір мемлекет олардың аумағын күшейту мақсатында соғыс артықшылығын пайдаланбауы керек, аймақтық өзгерістер аймақта өмір сүретін халықтардың тілектеріне қарсы болмауы керек, өзін-өзі басқарудан айырылған адамдардың өзін-өзі басқаруын қалпына келтіру керек. Хартия сонымен қатар сауда бостандығының либералдық идеалдарын қолдайды, ол барлық мемлекеттер теңіздердің бостандығына және шикізатқа еркін қол жеткізуге тиіс деп есептеді (Уэллес, 1997, 300 б.).

Сондай-ақ, қысқаша мәтінде «жалпы қауіпсіздік жүйесі кең және тұрақты түрін жасау»



атап көрсетілді. Бұл соңғы сәтте Рузвельт соғыс аралық тәжірибеге сүйенді – әсіресе Вильсонның Ұлттар Лигасының жұмысымен байланысты және Ұлы Депрессияның өзіндік тәжірибелерімен байланысты тәжірибесі. Рузвельт пен оның мемлекеттік хатшысы Корделл Халл Лига жұмысын жанжалдарды шешуге, ынтымақтастыққа қолдау көрсетуге және әлемдегі тәртіпті сақтауға мүмкіндік беретін саяси ұйым құрғанға дейін талдады - Ұлттар Лигасының жаңа және аса тиімді нұсқасы. Рузвельт және Халл Ұлы Депрессия тәжірибелерін халықаралық сауда бостандығына кепілдік беретін және елдерге өз салаларын және экономикасын дамытуға көмектесетін ұйымдастыру құрылымын әзірлеген кезде қолданды.

Рузвельт сонымен қатар өз вице-президентінің риторикалық дарынын қолданды, Генри Уоллес оны әлемдік тәртіптің жаңа соғысынан кейінгі ежелгі және тиімді өкілі етіп тағайындады. 1942 жылы президент Вильсонның туған күніне арналған сөзінде Уоллес Вильсонның лигадағы көзқарасын атап өтті және оны болашақ бейбітшілік архитектурасы үшін үлгі ретінде ұсынды - жаңа әлемдік ұйым, сондай-ақ институттар бұл әлемдік экономиканы тұрақтандыруға мүмкіндік береді (Уоллес, 1944).

Соғыстың басында Рузвельт соғыстан кейінгі әлемді жоспарлауды бастайтын комитетті басқару үшін сыртқы саясат бойынша кеңесші Самнер Уэллсті шақырды. Ол Ұлттар Лигасының неліктен сәтсіз болғаны туралы мәселені қарастырды. Мұның бір себебі Вильсон оны құру үшін тым ұзақ уақыт күтті; Лига туралы пікірсайыс Париж бейбітшілік конференциясындағы соғыс туралы дипломатиялық қатынастарда шиеленісіп кетті. Осыған ұқсас сценарийді болдырмау үшін, Уэллестің айтуынша, соғыс кезіндегі соғыстан кейінгі тәртіп үшін жаңа институттар құру қажет болды. Содан кейін олар бейбіт келіссөздер басталмай тұрып, соғыс аяқталғаннан кейін *орындалған дерек* ретінде ұсынылады (Уэллес, 1997, 324 б.).

Лиганың сәтсіздікке ұшырауының тағы бір себебі – Вильсон тек саяси институттарға назар аударды. Ұлы Депрессияны аяқтау жұмысынан сабақ ала отырып, Рузвельт әлемдік экономиканы тұрақтандыратын институттарды қамтитын ұзақ мерзімді әлемдік тәртіпті қажет деп санайды. Осылайша, ол әлем валютасының көрсеткішін үйлестіру және тұрақтандыру үшін халықаралық валюта қорын құруды ұсынды. Сондай-ақ, соғыс нәтижесінде жойылған елдерді қайта құруға қаражат бөлетін әлемдік банкке ұсыныс жасады. Ең соңында, ол халықаралық сауда ұйымын құруды қалады – халықаралық баж салығы мен салықтарды азайтуды және халықаралық сауданы көтермелеуді көздейтін орган.

Қысқаша айтқанда, Рузвельт жаһандық жаңа мәмілені ұсынды. Ол оны 1941 жылдың тамыз айында өткен кездесуде Рузвельт пен Черчилль қол қойған Атлантикалық Хартиямен байланыстырды. Соғыс кезінде Біріккен Ұлттар Ұйымына көбірек елдер қосылған сайын, олар осы хартияға қол қойды<sup>8</sup>.

### *Соғыс пен бейбітшілік дипломатиясы*

Черчилль мен Рузвельт 1943 жылдың қаңтар айында Мароккодағы Касабланка қаласында екінші конференция өткізді. Екі көшбасшы осы конференцияда соғыстан кейінгі жоспарларды талқыламады. Олардың әңгімелері әлемдік соғыстың бірлескен әрекеттерімен шектелді. Олар Германияға қарсы жоспарланған шабуылдарды кейінге қалдыру туралы келісімге келді. Черчилль Рузвельттің соғыста ашық жеңіске жету үшін күресу қажеттігі туралы дәлелін қабылдады. Рузвельттің пікірінше, нацистік рейх

шешуші шайқаста жеңілісі, оның көшбасшыларының орны толмас қаза және сөзсіз берілгендігі туралы айқындалғандығы маңызды болды. Бұл, оның ойлауынша, кез келген болашақтағы айыптауға кедергі жасайды және Германиядағы кез келген болашақ кек алушыға (реваншист – кек алушы, жеңілгендердің жеңген жақтан өш алуы) кедергі жасайды.

Рузвельт өз тарапынан Черчилльдің Италияға шабуыл жасау туралы ұсынысын қабылдады. Жарты жыл өткеннен кейін одақтас күштер Италияның оңтүстік аймағына қоныс аударып, солтүстікке қарай шабуыл жасай бастады. Маусым айының соңында жасалған шабуыл Муссолиниді биліктен алып тастаған төңкерістің пайда болуына әкелді. Жаңа италиялық үкімет Маршал Пьетро Бадольо басшылығымен құрылды. Ол қыркүйек айының басында одақтастармен берілу туралы келіссөздер жүргізіп, нацистік Германиямен қарым-қатынасты бұзып, Біріккен Ұлттар Ұйымының одағына кірді.

Сталин осы оқиғаларға ашуланып және күмәндана отырып, жауап берді. Черчилль мен Рузвельт оның қатысуынсыз Касабланкада кездесті. Олар Германияға шабуылын кейінге қалдыруға келісті. Олар Италияға онымен кеңеспей шабуыл жасады. 1943 жылдың қараша айында Черчилль мен Рузвельт Сталинмен кездесу үшін Тегеранға сапар шекті. Мұнда, Рузвельт Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) жоспарын ұсынды, ол соғыстан кейінгі әлем үшін жаңа және бейбіт тәртіпті құруға көмектеседі. Черчилль мен Сталин жоспармен келісті.

Сталиннің аса маңызды сұранысы «екінші майданның» ашылуы болды. Черчилль АҚШ-та да, Ұлыбританияда да ауқымды шабуылға сарбаздардың жеткілікті емес екендігін түсіндірді. Дегенмен, Сталин ренжісе де, ол Рузвельттің Еуропадағы соғыс аяқталғаннан кейінгі үш айдан кейін Азияға Американың шабуыл жасауына қосылу туралы өтінішін қабылдағандығы туралы мәлімдеме жасады.

1943 жылдың күзінде Еуропадағы одақтастық жеңіс одан да белгілі бола бастады. Немістер шығыс майданда тұрақты жеңіліске ұшырады және Қызыл армия Украина мен Беларуссияны қайтадан жаулап алып, батыстағы неміс *қарулы күштерін* қысымға алды. 1944 жылдың бастапқы айларында Кеңес әскері Болгарияға, Румыния мен Венгрияға кірді.

1944 жылдың маусым айында Сталин өзінің британдық және американдық күштері Францияның солтүстік-батыс жағалауында Нормандияға басып кірген кезде екінші майданға қол жеткізді. Келесі айларда одақтас күштер Франция мен Нидерландыға жетті, жылдың соңына қарай Германияға жіберілді. Бұл кезде Сталин Кеңес әскерлерін қатал басқарды. Ол батысқа қарай итермелеп, Венгрия мен Польша арқылы *қарулы күштермен* бірге кері шегінді.

1944 жылдың шілде айының соңында Кеңес әскері Польшаның астанасы Варшаваға жақындады. Поляктардың қарсыласқан қозғалысы оны неміс оккупациялау күштерін шығару үшін ауқымды көтеріліс ұйымдастыру жолындағы көмек ретінде көрсететін белгі ретінде қабылдады. Дегенмен, Польшаның қарсылығына көмектесу үшін Варшаваға барудың орнына, Кеңес әскерлері қаланың сыртына тоқтады. Олар онда пассивті жанкүйерлер ретінде қалды, ол кезде неміс әскері поляк көтерілісін мойынсұндыру үшін соғысты, содан кейін қаланы әуеден бомбалады. Тек Варшава қираған кезде, поляктардың қарсыласу қозғалысы кеңестік армияның батысқа қарсы шабуылын қалпына келтірді.

Черчилль Сталиннің әскерін мүмкіндігінше Германия берілгенге дейін батысқа қарай алға жылжытуын қалайтынын түсінді. Бұл оны алаңдатты. Құпия болып табылатын нәрсенің бірі Черчилль Рузвельтпен кеңеспей, 1944 жылы қазан айында Сталинмен жеке кездесу мақсатында Мәскеуге ұшып келді. Соғыстың екі көшбасшысы Балқанды

және оңтүстік-шығыс Еуропаны бөлісуге келісті: КСРО Румынияда 90 пайыз ықпалға, ал Болгарияда 75 пайыз ықпалға ие болады; Британия Грецияда 90 пайыз ықпалға ие болады. Олар Югославия мен Венгрияда 50/50 ықпалын бөлісуге келісті. Польша бұл жерде айтылмаған. Бұл оқиғалар Кеңес әскерлерінің мәжбүрлі шабуылы, Польша туралы пікірталастардың болмауы 1945 жылдың ақпанында Ялтадағы «Үлкен Үштік» соңғы конференциясы үшін күрделі мәселелерді туындатады. КСРО мен АҚШ арасындағы соғыстан кейінгі бәсекелестіктің негізін қалады.

## **Рузвельттің тапсырысқа даярлығы**

Версаль конференциясының идеалды шокжұлдызы 1945 жылғы дипломатиялық шокжұлдыздар арқылы қайталанды. Черчилль мен Сталин сияқты еуропалық мемлекет қайраткерлері «*Шынайы саясат*» тұрғысынан соғыс саясатын қарастырды. Олар ықпал ету салалары және билік балансы тұрғысынан соғыс пен бейбітшілікті талқылады. Америка президенті, керісінше, құқықтар, заң және халықаралық ұйымдар тұрғысынан қақтығыстар мен соғысты қарастырды.

Шынында, АҚШ-та реалистік дәлелдер айтылды. Реализмнің соғыстағы ең ықпалды дауыстарының бірі Нидерландыдан келген иммигрант Николай Спикмэн болды. Ол Америка Құрама Штаттары үшін еуропалық континентке тек бір ғана Ұлы державаның үстемдік етуіне кедергі жасау шешуші мәнге ие болды және АҚШ Гитлердің Орталық Еуропаның ұлы жазықтарында үлкен неміс рейхін құру туралы жоспарларына кедергі келтіретін күштерді белсенді түрде қолдайтындығын айтты. Бұл дәлел американдық кең қолдауға ие болды. Оның кейінгі ескертуі дегенмен, көптеген келіспеушіліктерді туындатты: АҚШ өз қолдауын мұқият шамалауы қажет болды, сондықтан Шығыс Еуропадағы КСРО-ның позициясын күшейткен де және Батыс Еуропада прогрессивті интеграция процесін бастаған да жоқ. «Еуропалық федерация Америка Құрама Штаттары ынталандыруы тиіс болып табылатын билік шокжұлдызы емес. Біртұтас күш емес, теңдестірілген күш біздің мүддемізде болып табылады», - деді Спикмэн (1942, 488 б.).

Рейнгольд Нибур келіспеді. Халықаралық тепе-теңдік автоматты нәрсе емес болып табылатындығын Нибур дәлелдеді; ол халықаралық сахнаны бақылап, балансты ақыл-парасатпен басқаруға бейім көреген мемлекеттік қайраткерлерге сүйенеді. Спикмэннің билік балансы ешнәрсе емес, бірақ «потенциалды анархия болып табылады, бейбітшіліктен басқа ештеңені сақтамайды» деп мәлімдеді Нибур (1943, 4 б.). Еуропа, сонымен қатар бүкіл әлем, «оның әлеуметтік күштерінің манипуляция құралдарын қажет етеді. Онсыз олар міндетті түрде мерзімді анархияға түсуге бейім» (1943).

Бұл Президент Рузвельттің көзқарасынан алыс емес еді. Ол үшін еуропалық бейбітшілік егер саясаткерлер континент бойынша адам құқықтарына және халықаралық құқыққа құрметпен қарайтын болса және ынтымақтастық институттары арқылы біріктірілсе, қауіпсіздік тұрғысынан жақсы қамтамасыз етілер еді. 1941 жылғы тамыздағы Атлантикалық хартияда баяндалған Рузвельттің көзқарасы, оның әскери дипломатиясындағы аса көп жұмыс жасағандығы саяси және экономикалық институттарда көрініс табады. Ол әскери одақты соғыстан кейінгі тәртіпті қамтамасыз ететін ұйымға айналдырғысы келді. Сонымен қатар, ол батыс саудасын ынталандыратын және қаржы мен тауарлардың халықаралық ағындарын реттейтін орталықтандырылған мекемелерді құру бойынша жұмыс жасады.

## *Соғыстан кейінгі әлемді жоспарлау*

Рузвельттің соғыстан кейінгі ұйым туралы көзқарасы жаңашыл болмады; ол Вудро Вильсон арқылы шабыттанды және Ұлттар Лигасына негізделді. Алайда, экономикалық ұйымдар жиынтығы туралы Рузвельттің идеясы түпнұсқа идея болды. Мұнда ол Ұлы Депрессияның тәжірибесін және АҚШ экономикасын жандандыруға арналған өз жұмысын қарастырды. Оның өмірінің соңғы екі жылында құрылған халықаралық ұйымдар Біріккен Ұлттар Ұйымы және Бреттон-Вудс жүйесі болды, олар соғыстан кейін бірнеше ондаған жылдар бойы маңызды болды. Шындығында олар XX ғасырдың әлемдік сахнасын қалыптастыру үшін өте маңызды үлес қосты.

### **БҰҰ**

БҰҰ жалпы Ассамблеядан, Секретариаттан және Кеңестен тұратын ежелгі Лиганың жоспары айналасында құрылды. Лига секілді, БҰҰ екі негізгі қағидаға сүйенді. Біріншіден, функционалдық интеграция қағидасы Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің (EcoSoc) құрылуынан айқын көрініс тапты<sup>9</sup>. Егер, халықаралық қатынастар институционализацияланған болса және кейбір негізгі салаларда ынталандыра отырып, басқа салаларға да байланысты ынтымақтастықты дамытып, кеңейткен жағдайда ғана бұл қағида идеяға негізделеді.

Екіншіден, БҰҰ ұжымдық қауіпсіздік қағидасы бойынша құрылды. Теорияда бұл бір мемлекет басқа мемлекетке шабуыл жасаса, онда БҰҰ-ның барлық мүшелері мен агрессорына қарсы шабуыл жасады деп санауға болады, нәтижесінде барлық басқа мемлекеттер жаппай репрессияға ұшырайтын еді. Тәжірибе жүзінде бұл қағиданы жүзеге асыру қиын болды. Лига кезінде мүше мемлекеттер ұлттық мүдделерді сақтады; олар халықаралық ынтымақтастықтың талап етілетін көлемін сақтаған жоқ<sup>10</sup>. Ұйымды нығайту мақсатында, Кеңес күшейтілді. Ол халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға негізделді. Оның атауымен көрініс тапқан жауапты міндеттер «Қауіпсіздік кеңесі» және оның өкілеттігі болып табылады.

Қауіпсіздік Кеңесі мүшелерді енгізуге және шығаруға, экономикалық санкциялар салуға және тәртіпті сақтау, қалпына келтіру немесе бейбітшілік және қауіпсіздік үшін әскери әрекеттер жасауға өкілеттігі бар болды. БҰҰ-ның бақылаушы, келіссөзші, бітімгер және, сайып келгенде, бейбітшілікті сақтаушы рөлін нығайту үшін Кеңеске кең мандат берілді. Кеңестің құрамында он бес мүше бар болды. Олардың бесеуі (АҚШ, КСРО, Ұлыбритания, Франция және Қытай) вето құқығы бар тұрақты мүшелер болды. Қалған он мүшелері уақытша, ветодағы өкілеттіктер емес; әрбір жыл сайын бесеуі екі жылдық мерзімге сайланды.

1944 жылдың қазан айында БҰҰ-ның толық жоспарлары Думбартон Окста өткізілген конференцияда жасалынды. 1945 жылдың ақпанында Ялтадағы саммит кездесуінде Сталин мен Черчилль Думбартон Окс схемасын қолдауға келісті. БҰҰ екі айдан кейін Сан-Францискодағы үлкен конференцияда қорытындысы қабылданды.

### **Бреттон-Вудс жүйесі**

Рузвельттің соғыстан кейінгі жоспарларының ең жаңа аспектісі жаңа әлемдік тәртіпті сақтауға бағытталған біртұтас экономикалық ұйымдар жиынтығы болды. 1944 жылғы

шілдеде Нью-Хэмпширдегі Бреттон-Вудстың курорттық қалашығында қырық төрт елдің делегаттары кездесті. Делегаттар Бірінші дүниежүзілік соғыстың алдындағы дамуды және одан кейін орын алған Ұлы депрессияны талқылап, тарихи тәжірибелерге назар аударды. Олар бірінші дүниежүзілік соғыстың алдындағы даму үш өзара әрекеттесуші факторға байланысты болғандығымен келісті: халықаралық баж салығы мен салықтардың төмен деңгейі, жоғары сауда көлемі және әлемнің негізгі валюталарының жеңіл айырбасталуы.

Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін әлемнің валюталары алтынға айналды. Бұл валюталарды тұрақты етті; бірде-бір мемлекет алтынға қарсы құнды инфляцияға төтеп бере алатын осыдан артық ақша шығара алмады. Сонымен қатар, ортақ алтын стандартындағы валюта сауда-саттықты ынталандырды, өйткені ол валюталарды айырбастауға оңай болды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін одақтас үкімет жалпы проблемаға тап болды, олардың көбісі соғысаралық рецессия кезінде алтын стандарттан бас тартты. Бреттон Вудсқа делегаттар, осылайша, кейбір жаңа механизмдерді әзірлеуіне тура келді, ол әлем валюталарының айырбасталуын және тұрақтылығын қамтамасыз ете алады. Олардың шешімі екі жаңа институттың құрылуына алып келді: Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі (ХҚДБ немесе «Дүниежүзілік Банк») және Халықаралық Валюта Қорын (ХВҚ) құру болды. Екеуі де бұрын-соңды болмаған теңдесі жоқ ұйымдар болды.

Дүниежүзілік банктің мақсаты - соғыс нәтижесінде қирағаннан кейін өз экономикаларын қайтадан қалпына келтіру бойынша жұмыс жасайтын үкіметтерге қаражат беру болды. Банктің бастапқы капиталы Американдықтар қолжетімді еткен долларлардың көптеген сомасы болды<sup>11</sup>. Екінші ұйымның, халықаралық валюта қорының (ХВҚ) мақсаты әлемнің негізгі валюталарына арналған мөлшерлемеде айырбастауды және тұрақты айырбасты қамтамасыз ету болды. Тұрақтылық ХВҚ барлық мүшелері өздерінің валютасындағы күтпеген ауытқуларға қарсы тұру қажет болған жағдайда, әрбір мүше ортақ қорға үлкен сома салған кезде қамтамасыз етілді. АҚШ қайтадан қордың жұмысына кепілдік берді<sup>12</sup>. Бреттон-Вудс жүйесі, басқаша айтқанда, соғыстан кейінгі әлемдік экономикадағы американдық доллар маңызды рөл атқарды.

### **Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) және Тарифтер мен сауда жөніндегі жалпы келісім (ТСЖК).**

Бреттон-Вудс делегаттары дүниежүзілік сауда-саттықты ынталандыру үшін ХВҚ мен Дүниежүзілік Банкті толықтыратын Дүниежүзілік сауда ұйымын (ДСҰ) құру оңтайлы болар еді деген шешімге келді. ДСҰ саудаға кедергі келтіретін протекционистік шараларды жоюға және баж салығын төмендетуге тырысады. Сонымен қатар, делегаттар өздерінің жауапкершілігі саудамен емес, халықаралық қаржымен байланысты екендігімен келісті. Олар сауда-саттық мекемесін құру өздерінің мандатында болмағандығымен келісті. Осылайша олар бұл мәселені жасалынбаған күйінде қалдырып, капиталистік әлемнің сауда министрліктеріне ДСҰ құру үшін болашақ конференцияларға қатысуға делегаттарды жіберуін өтінді.

Бірнеше осындай конференциялар 1945, 1946 және 1947 жылдары ұйымдастырылды. Делегаттар сауда ұйымының сипаты мен рөлімен ұзақ уақыт бойы келіспеді. Ең соңында келісімге қол жеткізілген соң, 1948 жылдың көктемінде жаңа ДСҰ хартері АҚШ Конгресіне жіберілді, алайда Конгресс оны ратификациялаудан бас тартты.

АҚШ үкіметі ДСҰ мұзға айналдырды. Оның орнына ол басқа дипломатиялық күш-

жігерге назар аударды: атап айтқанда, Тарифтер мен сауда жөніндегі жалпы келісімнің (ТСЖК) алдын-ала қолданылу хаттамасын даярлаған Батыс елдерінің тобына<sup>13</sup>.

## **Энергетикалық режим**

Рузвельттің ДСҰ жоспары бұрыннан қиындықтарға тап болды, бірақ оның идеалдары ТСЖК түрінде болды. Оның соғыстан кейінгі энергетикалық режим жоспары соғыстан кейінгі әлемдік экономикада маңызды рөл атқарғанымен ұсынылған сәтте ары қарай жалғасын таппады.

Рузвельттің соғыстан кейін бір-бірімен еркін сауда арқылы айналысатын мемлекеттердің демократиялық және ашық индустриялық әлемі туралы көзқарасы болды. Дүниежүзілік банк, ХВҚ және ДСҰ мемлекеттерді қайта құруға, өнеркәсіптік өндірісті ынталандыруға бағытталған және халықаралық сауда-саттықты арттыратын институттар болды. Бірақ Рузвельттің көзқарасы әрбір өнеркәсіптік мемлекет басқа мемлекеттер сатып алғысы келетін тауарларды нақты өндіретіндігі туралы болжам жасағандығы еді. Осындай өндіріс, өз кезегінде, қол жетімді энергия көздерін сенімді түрде жеткізу мен қамтамасыз етуді талап етті<sup>14</sup>.

Парсы шығанағындағы елдерден келетін арзан мұнайдың ағыны Рузвельт танымында соғыстан кейінгі әлемдік экономика үшін өмірлік маңызды алғышарт болды. Британия мен АҚШ-тың заң шығарушылары арасында, Парсы шығанағында келіссөздер жүргізген британдық және американдық мұнай компаниялары арасында мәміле жасау мүмкін емес болғанда ол қатты ренжіді. АҚШ Конгресі Рузвельттің ұсынысына әсіресе күмәнмен қарады; олардың пікірінше, ол энергетикалық сектордың еркін нарықтық механизмдерін бұзады. Рузвельт тез арада идеядан бас тартты. Оның орнына ол американдық компаниялар үшін Парсы шығанағындағы ірі мұнай кен орындарының кейбіреуін қамтамасыз ету жоспарын жасады. Рузвельт Ялта конференциясына дайындалғаннан кейін Сауд Арабиясының Королі Ибн Саудпен елде жақында ашылған мұнай ресурстары туралы АҚШ келіссөздерін талқылау жоспарларын жасады.

## **Ялта**

«Үлкен Үштік» 1945 жылдың ақпанында Ливадия сарайында, Қырым түбегіндегі Ялтаға жақын керемет теңіз курортында соғыстың қорытынды конференциясын өткізуге жиналды. Соғыс жылдарындағы одақтастық соғыс дипломатиясы Ялтада ең жоғары шегіне жетті. Одақтастық жеңіске қол жеткізілді және үш көшбасшы соғыстан кейінгі әлем бағдарын сенімді жасай алды. Кеңес одағының қожайыны осы үшеудің ішінде ең сенімді екендігі анықталды. Оның көңіл-күйінің жақсы болуы жақсы себептерге байланысты болды. Кеңес Одағының әскери күштері сол аймақтың басып алатын күші ретінде немістерді тез алмастыра отырып Польша арқылы неміс қарулы күштерін батысқа қарай ығыстырды.

Сталин Шығыс Еуропадағы жағдайды бақылауға алды. Басқа әскери көшбасшылар келіссөздер жүргізіп, өз карталарына бағдар сыза алатын еді, бірақ Сталиннің әскери күштері деректерді аймақта құрды. Қызыл әскер жылдам алға жылжыды. Оның іздерімен Комиссарлар жүрді, олар: оккупацияланған аумақтардағы коммунистік институттар құрған саяси ұйымдастырушылар, оның ішінде Коммунистік партияның Кеңес арқылы сайланған жаңа Польша үкіметінің мүшелері. Ялтада Сталин поляктардың жағдайына

Черчилль немесе Рузвельттің ықпал етуіне ешқандай себеп жоқ екендігін түсінді. Соғыстың соңғы конференциясындағы Сталиннің өзіне деген сенімді әрекеті «Ялтаны» «Мюнхенмен» бірге қазіргі заманғы халықаралық тарихтағы керемет күшті символға айналдырды.

Рузвельт Ялтаға титықтап, ауырып келді. Ол Сталинге назар аударды және Сталиннің сеніміне ие болу мақсатында психологиялық ойынды да қолданды. Ол Кеңес Генералиссимусы (ең жоғары әскери атақ) деп жағымпазданды; ол онымен жиі қалжыңдасты. Ол Сталиннің БҰҰ қолдауға және соғыстан кейін Ұйымға белсенді қатысушы болып еруге уәде бергенін айтты. Сондай-ақ, Сталинге Совет әскерлері Еуропадағы Германияның берілуінен үш ай өткен соң Жапонияға қарсы соғыста АҚШ-қа қосылатынын растады.

Черчилль сот арқылы тергеу барысында оңашаландырылды. Дегенмен ол басқа адамдарды соғыстан кейін Германияны басып алу керектігіне және Франция үшін бір аймаққа қосымша болып табылатын әрқайсысы үшін «Үлкен Үштік» болып табылатын, елді төрт оккупация аймағына бөлуге сендіруге қол жеткізді. Ялта «Үлкен Үштік» арасындағы соғыс барысында кездесудің соңғысы және ең маңыздысы болды. Онда қабылданған шешімдер соғыстан кейінгі тәртіп бағдары болған еді.

Рузвельт өзінің үйіне қайтқан ұзақ сапарында Сауд Арабиясында аялдады. Оның президенттік яхтасы Суэц каналындағы зәкірде тұрды және Сауд Арабиясының патшасы Ибн Саудтың үйіне қонды. Бұл екі ересек адам арасындағы кездесу Сауд Арабиясы АҚШ-ты қамтамасыз ететін мұнайға қол жетімділікті қамтамасыз ететін және АҚШ Сауд Патшалығының қауіпсіздігіне кепілдік беретін бірегей, берік және маңызды қарым-қатынастарға жол ашты.

### *Соғыстың аяқталуы*

Президент Рузвельт 1945 жылы 12 сәуірде қайтыс болды. Оның орнына Гарри С. Трумэн келді. Сәуір айының соңында Адольф Гитлер өзінің Берлин бункерінде өзін-өзі өлтірді. Ұлт оның айналасында құлдырады. Американдық және британдық күштер батыстан бастап қозғалды; Кеңес әскерлері шығыстан бастап қозғалды. Екі одақтас әскер 1945 жылдың 1 мамырында Берлинде кездесті. Германия бір аптадан кейін 8 мамырда берілді.

Еуропадағы соғыс аяқталды. Бірақ бейбітшілікке ауысу аса қиын және баяу өтті. Көптеген елдерде неміс кері шегінуі билік пен тәртіпті жоғалтуды білдірді. Ұлттық экономикасы соғыспен жойылды. Көпшілік үлкен шығынға ұшырады және қоғамдар күйзеліс пен ашуға толы шиеленіс жағдайында болды. Елдер антифашистік қозғалыстардан жиналған жаңа көшбасшыларды қабылдады. Олар үйде элеуметтік тәртіпті сақтауға жиі тырысты<sup>15</sup>. Сонымен қатар, еуропалық мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарда көне бәсекелестіктің қайтадан пайда болуы байқалады.

1945 жылдың шілде айының екінші жартысында АҚШ, КСРО және Ұлыбритания оккупацияланған Германияда соғыстан бейбітшілікке қарай қалай өту керектігін, жалпы Еуропа тағдырын, әсіресе, Германияның тағдырын және соғыстан кейінгі тұрақты тәртіпті орнатуды шешу үшін кездесті. Сталин КСРО-ны ұсынды. Жаңа американдық АҚШ президенті Гарри С.Трумэн АҚШ ұсынды. Ұлыбритания алғаш рет Уинстон Черчилль арқылы ұсынылды; Черчилль шілде айының үшінші аптасында британдық сайлауда жеңіліс тапты, Ұлыбританияның жаңа премьер-министрі Клемент Эттли Ұлыбританияны таныстырды.

Еуропа тағдыры негізінен жеңімпаз әскердің орналасуы нәтижесінде шешілді. КСРО Шығыс Еуропаны басып алды және солтүстіктегі Балтық мемлекеттерінен, Польша, Чехословакия, Венгрия және Румыния арқылы оңтүстікте орналасқан Болгарияға қарай тиімді бақылауға алды. Батыс көшбасшылары Шығыс Еуропада коммунистік империяны кеңес одағы тұрғысынан нығайтуға алаңдады, жалпы алаңдаушылық оларды біріктірді.

Алты ай бұрын Ялтада Германияның тағдыры шешілді. Ел АҚШ, КСРО, Ұлыбритания және Франция арасында төртке бөлінді. Әрқайсысы оккупация аймағын құрды. Австрия да осыған ұқсас болды. Берлин мен Вена қалаларының астанасы осыған ұқсас төртке бөлінді. Шығыс пен батыс арасындағы шиеленістің ұлғаюы Батыс мемлекеттерін біріктірді; АҚШ, Ұлыбритания және Франция тығыз бірлескен түрде жұмыс істей бастады және өздерінің оккупация аймақтарын біріктіре бастады. КСРО, керісінше, өздерінің аймақтарын сыртқы елдің қатысуынсыз басқарды<sup>16</sup>.

16 шілдеде американдық ғалымдар Манхэттеннің атомдық бомба жару туралы құпия жобасын сәтті қорытындылады<sup>17</sup>. Потсдам конференциясы өткеннен бір аптадан кейін, АҚШ жапондық Хиросима және Нагасаки қалаларына ядролық бомбалар лақтырды.

Жапония дереу берілді. Сталин өз уәдесін орындағанға дейін Ялтадан Жапонияға қарсы соғыс ашудың алдында бірнеше күн бұрын берілді. Сталин оккупацияланған Жапонияға ықпал етуге бел буды және Трумэн оған ешқайсысын ұсынбаған кезде наразылық білдірді.

## **Шығыстағы және Батыстағы идеялар мен идеологиялар**

Гитлердің жетістіктері саяси кеменгерліктен бас тартуын қиынға соқтырды. Дегенмен оның ұстанған идеялары мен алға қойған мақсаттары оның ақылдылығына күмәнданған бақылаушылардың көп мөлшерде пайда болуына себеп болды. Нәсілдік тазалықтың нацистік теориясы өте күрделі болды. Олардың нәсіл туралы жалған ғылыми көзқарастары (Грант, 1916; Гитлер, 1943) ұлттық организм қақтығыстар мен күрес арқылы күш пен рухта жақсартатын абсурдтық ұғымды қолдады және кеңейтудің саяси бағдарламасын лайықты *өмірлік кеңістікке* (Шмитт, 1939) заңдастырды.

Көптеген неміс офицерлері осы идеяларды әскери көзқарас тұрғысынан функционалды емес деп санайды. Олар нацистік көшбасшылардың идеясы қажетсіз болып табылатын соғыс шығындарын арттыратындығынан қорықты. Олардың көзқарасы дұрыс екендігі дәлелденді. Қарулы күштер КСРО-ға 1941 жылдың маусымында басып кірген кезде неміс әскерлері кейбір жерлерде Сталин террорынан азат етушілер ретінде қарсы алынды. Бірақ Гитлердің СА жүйесі жүйелі түрде халықты толықтыруды бастаған сәтте, тұрғындар өздері адал болудан айныды және Сталиннің қол астына қашып кетті.

### *Кеңестік тәсілдер*

Сталинді әлеуметтік антагонизм, қақтығыс пен күрес түсініктеріне негізделген саяси теориялар қызықтырды. Ол қоғамды екі негізгі тапқа бөліп қарастырды: капиталист және пролетариат. Капиталистік класс пролетариаттың дұшпандығы болды, ал екеуі Сталиннің танымында, эпикалық дүниежүзілік күреспен айналысты.

Сталиннің саясатқа деген көзқарасы Ленинге қатты әсер етті. Ол тарихи эволюцияны күрес арқылы қозғалады деп қарастырды – нәсіл арасында емес, әлеуметтік таптар



арасында. Пролетариаттың капиталистік тапқа қарсы тарихи күресі Сталиннің ішкі және сыртқы көзқарасына қалыптастырушы әсер етті.

Іштей, Сталин, капиталистік үрдістерді қамтыған барлық әлеуметтік топтарды жоюға тырысты. Гитлер биологиялық тұрғыдан анықталған нәсілдерді жоюға ұмтылған жерде, Сталин экономикалық тұрғыдан белгілі бір таптарды жоюға ұмтылды<sup>18</sup>. Таптық күрестің бұл ұғымы кеңестік сыртқы қарым-қатынастарда да байқалды. Сталиндік тұрғыдан алғанда, соғыстың басты себебі капитализмнің әлемдік жүйесіндегі табиғатқа, капиталды орталықтандыру, билікті шоғырландыру үрдісі мен капиталистік мемлекеттердің кеңеюіне деген қажеттілікке байланысты.

Марксизм-ленинизмнің бұл идеологиялық ұстанымы бастапқы кезден кеңестік саясатта көрініс тапты. Сталин 1930-шы жылдардың ішінде капиталистік мемлекеттерден құралған әлемді құрды – бұл қақтығыстар мен соғыс әлемі, себебі капитализм мемлекеттерді шектеулі ресурстарға және халықаралық нарықтарға арналған тұрақты бәсекелестікке жетелейді. Екінші дүниежүзілік соғыс барысында, ол әлемдегі жетекші капиталистік державалармен одақтас болған кезде, Сталин ешқашан бұл теория туралы сөз қозғаған жоқ. Дегенмен, ол оны ешқашан толыққанды қоя алмады. Оның көзқарасы тұрғысынан Гитлер, Черчилль және Рузвельт капиталистік көшбасшылар болды. Демек, ол үшеуінің арасында маңызды айырмашылық байқамады.

Германия мен Жапония 1945 жылы берілгенде, Сталин өзінің православиелік марксистік-лениндік талдауын қайтадан қалпына келтірді. 1946 жылдың ақпанында кеңес адамдарын Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде батылдық танытқаны үшін мақтаған сөзінде, Сталин соғыстың тәжірибесін қорытындылады және соғыстың себептері мен сипатын түсіндірді. Екінші дүниежүзілік соғыс, ол айтты, капиталистік державалар арасындағы бәсекелестіктің нәтижесі болды. Бұл капиталистік жүйенің ішкі динамикасымен қамтамасыз етілді. Ол жалғастырды, өйткені капитализм соғыста орын алды, жаңа соғыстардың болашақта пайда болуы күтілуде.

Сталин әлемді екі лагерьге бөлді: капиталистік және социалистік лагерь. Америка, Ұлыбритания және Германия бұрынғыға тиесілі болды; Кеңес Одағы соңғыға тиесілі болды. КСРО тиісінше, жаңа соғыстарға және капиталистік лагерьдің шабуылына даярлануы тиіс. Кеңес одағы тойлай алатын еді, бірақ оларға демалуға болмайды, деп Сталин қорытындылады. Жаңа соғыс үшін дайындықты бастау қажет болды. Өздерінің социалистік отанын қорғау үшін Кеңес одағы елдегі ауыр индустрияны қайта қалпына келтіріп, қару-жарақ өндіруге қол жеткізу үшін көп жұмыс жасауына тура келді. Олар барлық тәртіппен бірден бес жылдық жоспарларды бастауына тура келді және бұл құрбандыққа бару дегенді білдіреді (Сталин, 1946).

### *Британдық перспективалар*

Британдық көшбасшылар Сталиннің сөзіне сенімсіздікпен қарады. Тіпті Черчилль де таң қалды. Ол Сталиннің сөйлеген сөзіндегі екі бәсекелес аймақтағы және әлемдегі екі бәсекелес жүйедегі Еуропаның келіспеушіліктерге толы бөліну туралы соңғы дәлелді қарастырды.

1945 жылдың шілде айының соңында Черчилльдің консервативті әскери кабинетін алмастырған Еңбек партиясының көшбасшылары таңқалды. Жаңадан тағайындалған шетелдік Министр Эрнест Бевин халықаралық ахуалға жан-жақты баға берді. Ол бес жыл бойы болған соғыс халықаралық билік шоқжұлдызын қалай өзгерткенін жақсы

білетін. Ұлыбритания титықтады, ал АҚШ пен КСРО-ның мүмкіндіктері айтарлықтай жақсарды. «Әлемдік ынтымақтастық орнына біз ықпал ету саласына немесе үш ұлы Монро деп сипаттайтындай жақсы салаға жылдам ауысамыз», – деді Бевин. Бірінші сала Америка болды және АҚШ үстем болды. Екінші сала Еуразияның үлкен бөлігін қамтыды және КСРО үстем болды. Осы екі керемет «Монро» арасында титықтаған еуропалық мемлекеттерінің белгісіз аймағы бар болып табылады, олардың арасында Ұлыбритания ең қуаттысы болып табылады. Еуропаның әлсіреген жағдайында АҚШ өзінің жеке ықпал ету саласын нығайту үшін АҚШ-тың континент құрамынан шығатыны Бевиннің үлкен қорқынышы болды. Егер бұлай болатын болса, КСРО өз мүмкіндігін батысқа қарай кеңейте алатындығы туралы қарастырды. Сталин соғыстан титықтаған шағын мемлекеттерді бірінен кейін бірін басып алып, сосын соғыстан кейінгі қалпына келтіру жұмыстары үшін осы мемлекеттердің ресурстарын қолдана алды. Ұлыбританияның мұндай кеңестік кеңейтуді қамтамасыз ету мүмкіндігі болмады. Ел екі дүниежүзілік соғыстан әлсіреді. Ол банкроттық шегінде теңдестірілді.

Бұл күңгірт талдауға байланысты Бевин екі сыртқы саяси бастаманы жасады. Біріншіден, ол американдықтарды өз әскерлерін Еуропада қалдыруға көндіруге тырысты. Екіншіден, ол Еуропаның ежелгі ұлы державаларын мемлекеттердің тығыз қоғамдастығына айналдыруға тырысты. Жартылай Батыс Еуропаға соғыс нәтижесінен болған қирандыларды қалпына келтіруге көмектесу қажет болды. Жартылай кеңестік ықпалға ие болуы керек болды. Черчилль осыған ұқсас бағдарды талқылады.

### *Американдық көзқарастар*

Вашингтондағы бақылаушылар мен саясаткерлер салыстырмалы идеяларды жасады. 1946 жылдың ақпанында олар Сталиннің сөзін тыңдады және сенімсіздік, шатасушылық және қорқыныш сезінді. Сталин «Екінші дүниежүзілік соғыс декларациясын» жариялады, деп АҚШ-тың Жоғарғы соты Әділет министрі Уильям О. Дуглас Әскери-теңіз флотының хатшысы Джеймс Форрестолға ескертті. Бұл көзқарас тұрғысынан ол жалғыз емес еді. Вашингтондағы ресми тұлғалар Мәскеудегі АҚШ елшілігіне арнап жеделхат жіберді, Сталиннің әскери талаптарына түсініктеме беру туралы жеделхат жолдады. Олар Сталиннің сөзін тарихи және геосаяси тұрғыдан қарастырған елшіліктегі жас сарапшылардың бірі Джордж Ф.Кеннаннан жауап жазылған хат алды.

Сталин батыс мемлекеттік қайраткері болып табылмайды деп бастады Кеннан. Ол самодержавиелік орыс дәстүрі мен жабық кеңестік жүйе өнімі болып табылады. Оның көзқарасы марксистік-лениндік теорияның белгілі терминдеріне сүйенеді. Бұл теория православиелік дәлелден тұрады, бірақ ол сонымен қатар Батыс әлеміне деген әдеттегі ресейлік/кеңестік сенімсіздікті көрсетеді. Бұл сенімсіздік азаймайды, - деп Кеннан жалғастырды. Сталин және оның аясындағы шеңбері әлемді капиталистік және коммунистік лагерь арасында бөлуді талап етті. Капитализм, олардың ойынша, ішкі қарама-қайшылықтарға толы болды және көп ұзамай құлдырады. Сонда социализм әлемді басқаруға қарсы көтеріледі. Дегенмен, Кеңес одағы Батыстың әлсіреуі үшін кез келген мүмкіндікті пайдаланады және Америка билігін әлсіретеді. Атап айтқанда, олар халықтың наразылығын, қақтығыстар туындату және іштей демократиялық қоғамдарды әлсірету үшін коммунистік партиялардың дүниежүзілік желісін қолданатын еді.

Осындай жағдайларда АҚШ-тың ұстанатын екі ғана бағдары бар еді, деп жалғастырды Кеннан: КСРО ішіндегі өзгерістерді күту немесе Батыс аймақты бұзуға тырысқан

Кеңеске белсенді түрде қарсы тұру. Кеннан екінші бағдарды ұсынды. Ол халықаралық қатынастардың Кеңестік теориясы әлемдік саясаттағы объективті зерттеу өнімі болып табылмайды, бірақ идеологияның өнімі болып табылады. Ол бұл кеңестік жолды талқылау көшбасшылардың самодержавиелік ережесін ақтауды талап етуінен туындады деп атап көрсетті. Олар марксизм-ленинизмді өзінің «моральдық және интеллектуалды жапырақтарының парағы» ретінде пайдаланды, – деді Кеннан (1946, 700 б.). Кеңес Одағы батыл болуы мүмкін, бірақ олар ақылсыз да емес деп жалғастырды ол. Қарама-қайшылықтың көне теорияларын еске түсірген Кеннан:

*[Кеңес Одағы] – ақыл-парасаттың логикасына төзбейді және логикалық күшке өте сезімтал. Осы себепті ол кез келген жерде күшті қарсылыққа кезіккенде, оңай шегінеді. Осылайша, егер қарсыласы жеткілікті күші бар және оны пайдалануға дайындығын нақты жарияласа, ол оны сирек орындауы керек. Егер жағдай орынды түрде шешілсе, онда беделді қызығушылық туындамайды (707 б.).*

Кеннанның «ұзын сонар телеграммасы» 1946 жылы наурызда Вашингтонда жоғарғы саяси деңгейде үлкен аландаушылық туындатты. АҚШ Мемлекеттік хатшысы Джордж С. Маршалл Кеннанның жеделхатын оқыды және оған қатты әсер етті. Ол Кеннанға Мәскеуден қоңырау шалып, оны ең жақын сыртқы саяси кеңесшілерінің бірі болуын өтінді. Кеннан сонымен қатар жаңадан құрылған Ұлттық әскери колледждің сыртқы істер жөніндегі бірінші орынбасары болды.

АҚШ Кеңес Одағына жаңа және қатаң көзқарас енгізді. 5 наурызда Уинстон Черчилль Америка Құрама Штаттарында сөйлеген кезде саяси өзгеріс орын алды. Сталин батысқа қарай ықпалын кеңейтті, деп бастады Черчилль. Сталин Кеңес әскері мен жергілікті коммунистік партияларды Еуропаның шығыс жартысын басып алу және бақылау үшін пайдаланды. Содан кейін Черчилль жалғастырды:

*Балтықтағы Штеттиннен Триестке дейін Адриатикада континент бойынша темір пердесі төмен түсіріле бастады. Бұл жолда Орталық және Шығыс Еуропаның ежелгі мемлекеттерінің барлық астаналары жатыр. Варшава, Берлин, Прага, Вена, Будапешт, Белград, Бухарест және София; барлық осы атақты қалалар мен олардың айналасындағы халық олар мен атағандай Кеңес кеңістігінде жатыр, және бәрі бір үлгіде немесе басқа үлгіде кеңестік ықпалға ғана емес, сонымен бірге өте жоғары және кейбір жағдайларда Мәскеу тарапынан күшейтілген бақылауға бағынады (Черчилль, 1989, 303 б.).*

Егер, Батыс Сталинмен келісім жасаса, онда ол оны тек қана көтермелейді, деп ескертті Черчилль. Егер ол БҰҰ-ны қолдануға тырысса, ол тиімсіз болады. Жалғыз кемеңгер жауап «ағылшын тілінде сөйлейтін халықтардың бауырластық бірлестігін» құру еді (301 б.). Жарты жылдан кейін ол идеяны кеңейтті. Сталин бөлшектелінген континентке күдіктенді. «Жеңімпаздар арасында кенеттен шыққан дауыстар бар» және тек бір ғана құрал осы жағдайды түзетуі мүмкін, атап айтқанда, Еуропаны біріктіру және оны «бейбітшілікте, қауіпсіздікте және бостандықта өмір сүре алатын құрылыммен қамтамасыз ету» болып табылады. Біз Еуропаның біртұтас мемлекеттерін құруға тиіспіз», – деп мәлімдеді Черчилль (1989, 311 б.).

### *Либералдық интернационализм институттары*

1946 жылдың ақпан және наурыз айларында Сталиннің, Кеннанның және Черчилльдің талдауы соғыс уақытында одақтастықты тез анықтауға мүмкіндік берді. Сталин Батыста

туындаған қорқыныш пен шиеленіске жол берді. Кеннанның «ұзын телеграммасы» Еуропада және Таяу Шығыстағы кеңестік жаһандануды қамтитын белсенді американдық сыртқы саясаттың концептуалдық негізін қамтамасыз етті. Черчилльдің «темір перде» сөзі Кеңес Одағына қарсы қорғаныс ретінде Атлантика мемлекеттері арасында одақтастық идеяны қамтамасыз етті. Барлық сөйлеген үш сөзі әлемдік жағдайды шынайы бағалауға негізделген. Олар Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін халықаралық қатынастарды академиялық зерттеуде басым болатын тәсілден көрініс тапты.

Реализмнің үстемдігі, алайда, толыққанды емес еді. АҚШ-та жалпы әлемдік ахуалды қатаң сыртқы саяси талдаумен және сыртқы саяси тәжірибедегі ынтымақтастықпен арасында шиеленіс болды. АҚШ-тың Батыс әлемінің либералдық демократиясымен қарым-қатынасы либералдық интернационализм идеалдарына сәйкес болды. Сонымен қатар, бұл идеалдар БҰҰ-да және Рузвельттің соғыс барысындағы дипломатиясында құрған басқа институттарында сақталды.

Либералдық интернационализм идеалдары АҚШ-тың Жапонияға қатысты және соғыстан кейінгі Германияға қарсы қарым-қатынасына айрықша реңк берді. Олар, мысалы, Жапония мен Токио мен Нюрнбергтегі жапондық және неміс көшбасшыларына қарсы әскери соғыс сынақтарында қалыптастырған АҚШ-тың Бас прокурорлары Джозеф Б. Кинан мен Роберт Х. Джексонның айыптауларынан көрініс тапты. Нюрнберг сынақтары 1945 жылдың қарашасында ашылған кезде, Джексон Германияның нацистік көшбасшылары қателіктер жасағанын айыптады, ол «қатерлі және соншалықты қасіретті, өркениет олардың елемеуіне бейжай қарай алмайды, өйткені ол қайталанудан аман қалмайды».

Джексонның талаптары Нюрнберг сот процестерінде дәлелденді. Нацистік режимнің зұлымдығын куәландыратын айғақтар мен дәлелдер олардың барлық қатыгез зұлымдықтарын әлемге кең ауқымда көрсетті. Жақсы жоспарланған шабуылдардың, этникалық тазартудың жүйелі рәсімдері және үлкен өлім лагерьлеріндегі жаппай көлікте қолданылатын өнеркәсіптік ауқымды әдістердің жан-жақты жетілдірілген есептері жасалынды. Құжаттама халықаралық қоғамдық пікірді таң қалдырды.

Нюрнберг сот процестерінің ықпалымен Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелері неміс фашистік партиясы жасаған осындай ауқымды қатал қылмыстардан адамзатты құтқару үшін екі есе артық шешім қабылдауға және анықтауға даяр болды. Бұл шешім халықаралық заң тәртібіне ұзақ уақыт үстемдік көрсеткен заңды позитивизм дәстүрін әлсіретті және ежелгі табиғи заңдылық дәстүрін қайта жаңғыртты. Мемлекеттік егемендіктің заңды қағидасын пайдаланған нацистік заңгерлердің отандық геноцид саясатын ресми заңдылық мантиясында жасыруы Батыс заңгерлерінің көңілін қалдырды. Олар отандық актілерге және ұлттық заңға байланысты бағалануы мүмкін болып табылатын жоғары құндылықтар жиынтығын орнату қажет екендігін сезінді. Бұл үшін заңның табиғи немесе әмбебап қағидаларын орнату қажет болды. Олар ежелгі табиғи заңды тікелей қарастырудан аулақ болды. Керісінше, олар адам құқықтарының қазіргі заманғы тіліндегі қағиданы қарастырды және оларды Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында бекітті.

Бұл қағидалар Хартияның кіріспесінде көрсетілген, ол Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсатын төрт тармақта анықтайды:

- *болашақ ұрпақтарды соғыс азабынан құтқару;*
- *адамның негізгі құқықтарына, оның қадір-қасиетіне және құндылығына деген сенімін ерлер мен әйелдердің, үлкен және шағын ұлттардың тең құқықтарымен қайтадан бекіту;*

• *шарттардың және халықаралық құқықтың басқа да дерек көздерінен туындауы мүмкін болып табылатын сот төрелігі мен міндеттемелерді құрметтеу үшін жағдай жасау;*

• *үлкен бостандықтағы әлеуметтік прогреске және өмір сүру сапасын жақсартуға жәрдемдесу.*

Хартияға 1945 жылдың маусым айында Сан-Францискода елу ел қол қойды. Қол қойған тараптар Хартияның баптарына адал болуға уәде берді. Бұдан басқа, олар БҰҰ алдындағы міндеттемелерді барлық басқа шарттық міндеттемелерден басымырақ ету үшін (103 бапта көрсетілгендей) келісті. Нәтижесінде БҰҰ Хартиясы халықаралық қоғамдастықтың мемлекеттерінің әрекетін реттейтін жалпы нормалар, ережелер мен заңдарға негіз болды.

АҚШ пен КСРО арасындағы дипломатиялық қарым-қатынасын бұзған қырғи қабақ шиеленіске қарамастан БҰҰ жұмысын жалғастырды. 1946 және 1949 жылдар аралығында БҰҰ органдары бірнеше маңызды құқықтық құжаттарды дайындады. Біріншіден, оның әсерімен Нюрнберг процестері – БҰҰ Бас Ассамблеясы геноцид туралы конвенцияны 1948 жылғы 9 желтоқсанда қабылдады. Келесі күні ол адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын қабылдады. Үш айдан кейін, 1949 жылдың наурызында БҰҰ одан әрі соғыс кезіндегі тұтқындар мен азаматтық тұлғаларға деген жолданымды реттей отырып, соғыс туралы халықаралық заңның Женева конвенциясына төрт қосымша толықтырулар енгізді.

БҰҰ-ның бұл құжаттары геноцид туралы конвенция, адам құқықтарының декларациясы және Женева конвенциясына толықтырулар БҰҰ-ның Хартиясын толықтырды және Халықаралық заң үшін жаңа негіз қалыптастыруға үлес қосты. Олар біріге отырып, классикалық, мемлекеттік ортаға бағытталған түсініктен тыс жүрді және жаңа юриспруденция үшін трамплин дайындады. Бұл түсіну Мемлекеттік егемендік принципінің қорғаумен шектеліп қоймай, сонымен бірге үкіметтер адам құқықтары мен конституциялық нормалардың жоғары кодексіне бағынуы тиіс екенін міндеттейді.

## **Соғыс, бейбітшілік және Ганс Моргентау**

БҰҰ президенті Рузвельттің соғыс барысында жүргізген дипломатиясының нәтижесі болды. Ол кең ауқымды американдық идеалдарға негізделді және әлемдік істерге либералды көзқарас танытты.

### *Американдық идеализм*

Бұл либералды көзқарастың ең көрнекі нұсқасы Уэнделл Уилкидің «Бір әлем» танымал кітабы болды. Уилки республикалық сенатор болды және оның кітабы 1943 жылы жарияланған кезде бестселлер болды. Кітапта сенатор әлем бойынша саяхаты және бүкіл әлем бойынша азаматтармен, мемлекеттік және әскери қызметшілермен кездесіп, әлемдік үкіметтің қажеттілігін талқылаған еді.

Либералды көзқарас сонымен бірге 1943 жылы ұйымдастырылған және соғыстан кейінгі бейбітшілікке арналған симпозиумда да көрініс тапты. Уилки қатысушылардың бірі болды. Оның үстіне, подиумда бұрынғы президент Герберт Гувер, вице-президент Генри Уоллес және Мемлекеттік хатшының көмекшісі Самнер Уэллс сияқты беделді

қоғамдық қайраткерлер болды. Симпозиум (және оның нәтижесінде туындаған танымал кітап) осы ұлы тұлғалардың көптеген ішкі мәселелерді қарастырғанда қарама қайшылық кездесе де, халықаралық істерге келгенде бір ойда болғанын көрсетті.

АҚШ-тың негізгі саясаты Еуропадағы коммунизмді сақтау болды. Мұны жүзеге асырудың ең жақсы жолы елдердің гүлденуін қамтамасыз ету болатын. Қамтамасыз ету үшін, америкалықтар Маршалл Батыс Еуропаны қайта құрудың кең ауқымды экономикалық көмек көрсету жобасының жоспарын ойлап тапты. АҚШ конгресі бұл жоспарды қолдады, себебі ол, сонымен қатар, Американың өзінің өркендеуін арттыратын еді. Әлемдегі демократия өзара байланысты транзакциялар желісіне ендірілді. Америка Құрама Штаттардың әл-ауқаты шетелдегі гүлденген қоғамдарға тәуелді болды. Бай Еуропа Америка капиталы үшін АҚШ өнімдері мен инвестициялық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Маршалл көмек бағдарламасы Сталиннің батысқа деген күмәнін және оның қайта жанданған күшті Германияға деген қорқынышын арттырды.

1948 жылдың маусымында АҚШ, Ұлыбритания және Франция өздерінің неміс оккупациялау аймақтарына валюта реформасын енгізді. Кеңес Одағы шығыс Германиядағы өзінің оккупациялау аймағын толығымен жабу арқылы жауап берген болатын. Нәтижесінде Кеңес аймағында орналасқан Батыс оккупация аймақтары мен Берлин арасындағы барлық жер бетіндегі байланыстар үзілді. Сталин, бәлкім, оның

блокадасы батыс державаларын валюта реформасынан бас тартуға мәжбүр етеді, мүмкін Берлиннен де бас тартады деп санады. АҚШ пен оның одақтастары оның орнына көлемді әуе транспортымен жауап берді. АҚШ пен Британдық жүк ұшақтарының тұрақты ағымы Берлин халқын тамақ өнімдерімен, құрылыс материалдарымен, бензинмен, көмірмен және басқа да негізгі қажеттіліктермен қамтамасыз етті. Ол Кеңес өкіметінің Берлинді бақылауын теріске шығарды. Бұл Батыс мүмкіндіктерінің қуатты көрінісі болды – әуе жолы 280 мыңға жуық сапарға есептелді; әуе кемесінің биіктігінде, одақтас ұшақ Берлинге әрбір отыз секунд сайын қонды. Сонымен қатар, әуе тасымалы батыстық моралды нығайтты және КСРО-ны қорлайтын жеңіліске ұшырататын ұсынысты насихаттады.

1949 жылы мамырда Сталин Берлиндегі блокаданы алып тастады. Сол кезде Германия шығыс және батыс бөліктерге бөлінетін еді. Үш Батыс державалары өздерінің оккупациялық аймақтарын тығыз біріктірді – ішінара аймақтарды қорғау және неміс экономикасын ынталандыру үшін қажет болды. Ақырында, олар үш аймақты «Тризония» деп аталатын квази-жағдайға біріктірді. Сталин осы бірігуді Германияны қайта біріктіру және капиталистік Батысты нығайту әрекеті деп қабылдады. Ол қатты ренжіді. Өйткені оның тәжірибесінде күшті және біртұтас Германия өзімен бірге қайта қарулану мен реваншизмді әкелетін еді.

1949 жылдың сәуір айында АҚШ пен он екі Батыс елі ортақ қорғаныс одағы, Солтүстік Атлантикалық Шарт Ұйымын (НАТО) құрды<sup>6</sup>. «Тризония» өзін-өзі басқаратын елге айналып, Батыс Германия Федеральдық Республикасы ( Bundesrepublik Deutschland немесе BRD)<sup>7</sup> болып құрылды. Сталин қатты қауіптенді.

Сол кезде Азиядағы оқиғалар Сталиннің Шығысқа назарын аударды. Мао Цзедун 1949 жылдың күзінде Қытайда билікке отырды. Сталин бұл оқиғаны ынтасыз қабылдады. Мао Мәскеуге аттанды; ол бірнеше ай бойы Кеңес Одағын өзінің революциясына көмектесу үшін және екі коммунистік елдердің сыртқы саясатын үйлестіруге тырысты.

Сталин Маоға әріптес немесе клиент ретінде қарау керек пе деген шешімге келе алмады. 1950 жылдың көктемінде және жазында Сталин мен Мао Солтүстік Кореяның көшбасшысы Ким Иль Сунг болған кезде Оңтүстік Кореяға Корей түбегінің коммунистік үкіметке бірігуі үшін шабуыл жасаған кезде бұл кездесу олардың алғашқы сыртқы саяси сынағы болды. Сталин мен Мао Кимнің шабуылына төтеп берді. Коммунистік көшбасшылар шабуылға қарсы батыстық наразылықтарға дайындалды, бірақ олар Батыстық державалардың араласпайтындығына көз жеткізді.

Бұл үлкен жаңсақтық болды. Америка Құрама Штаттарының президенті Трумэн 1930 жылдардағы Гитлердің агрессиясына параллель әрекет жасады. Ол Ким Иль Сунгтың БҰҰ алдында агрессиялық іс ретінде шабуыл жасауына жетеледі және БҰҰ-ның ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуі ретінде әскери әрекетті жылдам ұйымдастырды. Операция шабуылды тоқтатты. 1950 жылы күзде және қыста АҚШ-тың басқарған күштері солтүстік корейлық шабуыл жасаушыларды Солтүстік Корея территориясынан алысқа қуды – алыс болғаны соншалық Қытай екі жүз мыңдаған қытайлық әскерлерді Солтүстік Кореяға БҰҰ әскерлерін тоқтатып, оларды көне солтүстік-оңтүстік шекарасы арқылы кері қайтуға мәжбүр етті.

Корей соғысы жоғарғы державалар бәсекелестігін Азияға әкелді және қырғи қабақ соғысты жаңа кезеңге көтерді. Бұл АҚШ-тың қорғаныс саясатын күшейтті. АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Джон Фостер Даллестің НАТО-ға орталық басқару құрылымын беруді, жаңа мүшелерді НАТО одағына біріктіруді бастады және әлемнің басқа бөліктерінде басқа қорғаныс одақтарын құру үшін келіссөздерді бастауға мұрындық

болды. Ол Греция мен Түркияны НАТО-ның жаңа мүшелері (1952 жылы) етті. Бірақ АҚШ Батыс Германияға мүшелікті ұсынған кезде, көптеген ұлттар бұған қарсы болды. Франция мен Ұлыбритания оған қарсы әрекет етіп, еуропалық қорғаныс қауымдастығы (EDC) жоспарларын жүзеге асыруды жылдамдатты. Ұсыныс Сталиннің негізгі сыртқы саяси қауіп-қатерінің бірін туындатты. Ол «немістердің қайтадан қарулануына» қарсы насихат науқанын бастады және батыс елдерінің коммунистік партияларына бейбітшілік жұмыстарына белсенді қатысуға, әсіресе ядролық қаруды жою жөніндегі науқандарды қолдауды тапсырды.

Еуропада Корей соғысының басталуы ең алдымен шатасушылық пен қорқынышты күшейтті. Содан кейін ол ынтымақтастық пен бауырластықтың бұрын-соңды болмаған бастамаларын АҚШ-тың қолдауымен ынталандырды және Сталин күткен «неміс қаруландыру науқанына» қарама-қарсы болды. 1951 жылы Франция, Батыс Германия, Италия, Бельгия, Нидерланды және Люксембург Париж келісім шартына қол қойды. Бұл келісім шарт Еуропа көмір және болат бірлестігін (ЕКББ) құрды, Еуропадағы алғашқы трансұлттық институт және еуропалық интеграцияға байланысты алғашқы қадам болды.

АҚШ Азиядағы коммунистік ықпалды жоюға бағытталған күш-жігерін күшейтті. АҚШ Жапонияны қалпына келтіріп, қайтадан қаруландыра бастады. Сонымен қатар, ол Тынық мұхит және Оңтүстік Шығыс Азиядағы жаңа одақ жүйелерін ұйымдастыруға кірісті<sup>8</sup>.

### *Қарудың жоғарғы державалы жарысы*

Корей соғысы тек қана жоғарғы күштердің геосаяси бәсекелестігін күшейтіп қана қоймай, қару-жарақ жарысын да ынталандырды, немесе дәлірек айтсақ, ол технологияға негізделген беделге ие болуын туындатты. Ядролық қару-жарақ үшін оларды жеткізу техникасы мен олардың навигациясы, қадағалау жүйелері ғылым мен техникадағы озық мүмкіндіктерді талап етті. Мұндай мүмкіндіктер күрделі және жоғарғы өркениет символы болды және өзіндік беделге ие болды.

1950 жылы АҚШ пен КССР екеуі де күшті сутегі бомбасын дамыту мен жақсы бомбалаушы ұшақтар, зымырандар салуға деген күш-жігерін арттыра түсті. Бұл ғылым атауымен дәйектелген кеңестік-американдық ғарыштық жарыста көрініс тапты. Екі ғарыштық аппарат да жаңа зымырандарды жасап шығарды<sup>9</sup>, оларды ұшыру ғылымдағы ерлік ретінде ұсынылды. Ғарыштық ұшулар ұлы жаңалық ашушылар Колумб пен Васко да Гама сияқты зерттеушілердің саяхатымен салыстырылды. Олар барлық жерде танымал болжамды ұстанды. Батыста олар өркендеп келе жатқан ойын-сауық индустриясын қолданды, ол ұлы державаның ғарыштық кеңістікті жарысын технологиялық триумфализммен және ұлттық беделімен жабуға көмектесті.

АҚШ 1952 жылы өзінің алғашқы сутегі бомбасын сынады. Ал, КСРО үш жылдан кейін бастады. 1957 жылы КСРО зымыранды ұшырған кезде жеңіске жетті, ол жердің айналасындағы орбитадағы кішкентай жерсерік Спутникке орналасты. Кеңестік Одақтың жеңіске жетуі Батыс бақылаушыларын таңқалдырып, американдық көшбасшыларына өздерінің Кеңес Одағының қару-жарақ индустриясының мүмкіндіктерін жете бағаламағандығын мойындатты. Кейбір бақылаушылар кеңестік одақ тек қана американдық қару-жарақ технологиясын ғана қуып жеткен жоқ; олар шын мәнінде ғарыштық жарысты басқара бастады деп айтты. «Зымыран алшақтығы» екі үлкен держава мен АҚШ арасында жылдам дамыды және АҚШ артта қалды.

Бұл «зымыран алшақтығы» миф болды. Ол АҚШ-тың күдіктері мен қорқыныштарына және Кеңес Одағының жабық табиғаты арқылы туындаған КСРО туралы жалпы елемеушілікке, сонымен қатар кеңестік саясат пен өнеркәсіп туралы нақты ақпараттың болмауына байланысты болды. Шындығында, КСРО-ға қарағанда АҚШ-тың көптеген зымырандары, бомбалары және нақты навигациялық жүйелері бар еді. Дегенмен, «Спутник-шок» АҚШ-та қызу пікірталастың болуын туындатты және басқа нәрселермен қатар, Трумэн әкімшілігі АҚШ мектептеріндегі жаратылыстану-ғылыми білім беру бағдарламаларын қайтадан жаңартты. Сонымен қатар, ол әкімшіліктің АҚШ-тағы зымыран бағдарламасын барынша жылдамдатуына мүмкіндік берді. Бұл ұлы державалардың қару-жарақ жарысын бәсекелестіктің жаңа деңгейіне көтерді. 1960 жылы екі держава да суасты қайықтарына арналған стратегиялық зымырандарды орналастыра бастады, олар әлемдегі мұхиттарды өздерінің аса ауыр жүктерімен елеусіз, көзге түспестен саяхаттай алатын еді.

### **Отарлау қақтығыстары және аралық соғыстар**

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы әлемдік бейбітшіліктің пайда болуын білдірмейді. Соғыстан бейбітшілікке өту уақытты алды. Еуропалықтар соғыстан қалған қирандыларды жөндеумен ұзақ уақыт бойы айналысты – олар тек қана ғимараттар мен жолдарды ғана қайта құрған жоқ, сонымен қатар, нацистік қызметкерлерді қудалаумен және жазалаумен айналысты. Оңтүстік Еуропадағы осы алаңдаушылықтар саяси тұрақсыздықпен шиеленісе түсті; шығыс Еуропада билік үшін қозғалысқа қарсы Грецияның азаматтық соғысы өршіді; Польшаға, Украинаға және Балтық республикаларына антикоммунистік тұрақты қозғалыстарымен орын алған қақтығыстар ел жағдайын қиындатып отырды (Лоу, 2012).

Еуропаны жойған үлкен соғыс отыз жылда екінші рет орын алды, оның беделін түсіріп, әлемдік істердегі рөлін әлсіретті. Ол Еуропаның мүмкіндіктері мен қуатының төмендеуіне әкелді. Осы секілді төмендеушілік Азия мен Африкада да байқалды, ондағы Еуропаның беделін түсірді. Отаршылдық мәселелер өзін-өзі басқару мен тәуелсіздікті талап етті. Мұндай талаптар ұлы державалар арқылы қолдау тапты, екеуінде де күшті отаршылдыққа қарсы бағдар болды. Талаптар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясындағы көпшіліктің қолдауына ие болды.

Тәуелсіздік талаптары нәсілі ақ емес бірнеше көшбасшылармен көрініс тапты, олар Батыстың ұлы державаларының өз колониялары үшін мардымсыз жақсылық жасағандығын айтты. Батыс державалары ғасырлар бойы сол колонияларды пайдаланды. Сонымен қатар, олар колонияларды өздерінің үлкен соғыстарына қатыстырды. Бірақ бұл соғыстар әсіресе Азиядағы империяларды әлсіретті. Мұнда Хо Чи Мин және Мао Цзэдун сияқты көшбасшылар ежелгі халықаралық жүйені қайтадан қалпына келтіруден ешнәрсеге қол жеткізе алмайтындығын айтты. Олар әлемнің кедей елдерінің Батыстың отарлық империясынан шығып, тәуелсіздікті жариялағаны және өз тағдырларын басқарғаны жақсы болатындығын қоштады.

Жапония Екінші дүниежүзілік соғысының басында Азиядағы Еуропалық отарларды басып алды және оларға бақылау жасады. Жапондықтар 1945 жылы тамыз айында осы отарлық аймақтардан шеттетілген және бас тартқан кезде көптеген жерлерде тәуелсіздік алдындағы сезім пайда болды. Дегенмен, отарлаушы державалар өздерінің шетелдегі



империяларынан бас тартқысы келмеді. Олар оларды ұстап тұруға тырысты, бірақ оны өте қиын және қымбатқа түсетін ұсыныс екенін анықтады. Ұлыбритания 1947 жылы Үндістан тәуелсіздігіне рұқсат беруге мәжбүр болды; Франция жаңа тәуелсіз елге шоғырлануға аймақтағы кейбір отарлықтағы жерлерге жылдам мүмкіндік берді.

Британдықтар соғыс уақытында берген уәдесіне байланысты Палестинадан кетіп қалды<sup>10</sup>, олар егемен еврей мемлекетін құру үшін барлық құралдарды пайдаланған жауынгер сионистерге байланысты болды. 1948 жылдың мамырында сионистік табыс Израильдің жаңа мемлекеті, екінші жағынан Египет, Сирия, Ливан, Ирак және Трансиордания арасындағы соғыстың болуын туындатты.

Франция өздерінің Үнді қытайдағы ежелгі отарларынан бас тартуға қарсылық білдірді; Жапония 1945 жылы кері шегінген кезде Франция Вьетнам мен Камбоджаны қайтадан иемдену жолдарын іздеді. Португалия өз колонияларын сақтап қалғысы келді. Сол сияқты, голландиялықтар 1945 жылы біржақты тәуелсіздік жариялаған Сукарно және Мохаммад Хатта сияқты ұлтшыл көшбасшыларға индонезиялық меншіктерін беруден бас тартты. Франция, Португалия және Нидерланды жаугершілікпен өздерінің колонияларын сақтап қалды. Олар отаршыл аймақтың басым бөлігін қайтадан жаулап алуда табысқа жетті, бірақ толық саяси бақылауға ие бола алмады. Оларға партизандық тактикамен күрескен бүлікшілер қарсы болды.

Голландиялықтар 1949 жылы берілді және Индонезияның тәуелсіздігін мойындады. Португалия, керісінше, 1940 және 1950 жылдар арасында мысалы, Дадра мен Нагар атты Үндістан аймақтарында өздерінің отаршылдық соғыстарымен күресуді жалғастырды. Француздықтар Үнді қытайдан бас тартқан жоқ; олар Вьетнамдағы тәртіпсіз күштерге қарсы соғыста сарбаздар санын тұрақты арттырып отырды; сонымен қатар, сол уақытта француздар Таиландта, Мадагаскарда және Алжирде қарсылыққа тап болды.

Британдықтар Малайада бүлікшілерге тап болды. 1948 жылы британ әскерлері коммунистермен рухтандырылған Малайалық ұлттық азаттық әскерімен (МҰАӘ) қарсы күреске кедергі жасады. Британдықтар, сонымен қатар, басқа колонияларда тәуелсіздік қозғалыстарына тап болды; әсіресе Кенияда, ондағы әскери ұлтшылдықтың ұлғаюы оларды 1952 жылы төтенше жағдайда өздерін мемлекет деп жариялауға мәжбүр етті және Кикуйю тайпасының Мау-Мау бүлікшілеріне қарсы ұзаққа созылған әскери күрес бастауына себеп болды.

АҚШ әлемдегі істерге жасырын және ашық тәсілдер арқылы түбегейлі ықпал жасауды жалғастырды – қытайлық революция (1949) және корей соғысы (1950) күш-жігеріне жаңа қажеттілік қосымша қосылды. 1950 жылы американдықтар Хукбалахап қозғалысындағы маоистік бүлікшілермен соғысқан филиппиндік үкіметке экономикалық және әскери қолдау көрсетуді бастады. 1953 жылы Орталық барлау агенттігі (ОБА) демократиялық жолмен сайланған Иранның премьер-министрі Мохаммед Мосаддекке қарсы төңкеріс ұйымдастырды, оның орнына самодержавиелік Шах Реза Пехлевиді қойды. Келесі жылы АҚШ Гватемаладағы көпшілік арқылы сайланған президент Джакобо Арбенцті биліктен қуып, оны әскери хунтамен (террор тәсілімен диктаторлық басқаруды жүзеге асыратын әскерилер тобы) алмастырды<sup>11</sup>.

Сонымен қатар, американдықтар еуропалық одақтастардың отарлық соғыстарына қолдау көрсетті. Олар Малайя мен Кениядағы радикалды бүлікшілерге қарсы қарулы қақтығыстарға қарсы күресте қолдау көрсетті және Солтүстік Вьетнамдағы Хо чи Миннің үкіметіне қарсы француз соғысына және Оңтүстік Вьетнамдағы коммунистер қолдауындағы бүлікшілерге демеушілік жасады. Франция 1954 жылы Солтүстік

Вьетнаммен тез арада келіссөз жүргізген және өз күштерін Үнді-қытайдан шығарған кезде АҚШ үкіметі бейбітшілік келісімге байланысты шарттарды қабылдаудан бас тартты. Ол оның орнына Вьетнамдық коммунистерге қарсы соғысты жалғастыруды таңдады (АҚШ Сенаты, 1984).

## **Реалист мәселесіндегі өзгерістер**

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуынан кейін жаңа әлемдік тәртіп пайда болды. Еуропа бейбіт жағдайда болды; дегенмен, бұл ұлы держава бәсекелестігінің көлеңкесіндегі шиеленісті және тұрақсыз бейбітшілік еді. Батыстан және коммунистік шығыстан тыс, мұнда капиталистік блокпен де, коммунистік блокпен де байланысты болып табылмайтын үшінші және әртүрлі аймақ бар еді. Бұл Батыс пен Шығыстың тарапынан елеусіз қалдырылған, негізінен кедей елдердің аймағы еді, бірақ ол үлкен мәнге ие болды, себебі ол ұлы державалардың геосаяси бәсекелестігіне айналды. 1950 жылдардың басында осы біркелкі емес аймақ «Үшінші әлем» деп танылды<sup>12</sup>.

Ұлы держава бәсекелестігі мен үшінші әлемдегі қақтығыстардың ықпалымен талқылаулар халықаралық саясат пікірталастары кенет пайда болған соғыстан кейінгі кезеңде атап көрсетілген идеалистік бағытының көбісін жоғалтты. Дүниежүзілік соғыс 1945 жылы аяқталуы жақын болғанына байланысты ғалымдар мен мемлекет қайраткерлері ұзаққа созылатын бейбітшілік үшін құқықтық және білім алғышарттарын талқылады. Дегенмен соғыстың уақытша одағы тараған кезде, ұзақ уақытқа созылған бейбітшілік туралы идеалистік пікірталастар қауіпсіздік пен ұлттық мүдделер пікірталастарына жол берді. Батыста бұл пікірталастар жалпы алғанда идеализм мен реализмнің екі көне бәсекелес көзқарастары негізінде қалыптасты – реализммен доминантты көзқарас ретінде тез арада пайда болды. Шығыс Еуропа мен КСРО-дағы саясат туралы қоғамдық пікірталастар мүлдем тоқтатылды. Сталин Совет федерациясына бақылауды күшейтті, Шығыс Еуропадағы алты оккупацияланған елдерді тоталитарлық блокқа біріктірді және өзінің бүкіл империясында бірыңғай, қатаң марксистік-лениндік перспективаны орнатты.

### *Шығыс блок тарихы*

Барлық саясат туралы ресми кеңестік көзқарас Сталин мен Коммунистік партия тарапынан белгіленді. Оның теориялық фокусы негізінен экономикалық талдау күшке және таптық қарым-қатынастарға негізделген. Халықаралық саясат көбінесе КСРО-ның жаңа, әлеуметтік жүйесіне қарсы Батыстың капиталистік жүйесі болып табылатын жалпы әлемді қамтитын таптық күрес ретінде түсіндіріледі.

Сталин екінші дүниежүзілік соғыс кезінде бұл дәлелді жоққа шығарған жоқ, керісінше фашизмге қарсы ортақ күреске аса назар аударды. Дегенмен Германия берілгеннен және соғыс аяқталғаннан кейін Сталин марксизм-ленинизмді қайтадан алып келді және оны барлық кеңестік әлеуметтік-ғылым талқылауларының жалпы негізі етіп жасады. Ол өзінің идеологиялық қысымын күшейтті. Ол бүкіл әлемнен КСРО-ны оқшаулады. Ол Андрей Ждановқа коммунистік доктринаны қалыптастыру міндетін берді, оны өзінің патшалығында жүзеге асыруға және «кеңес өмірін тазартуға» шақырды. Нәтижесінде 1930 жылдардың ортасындағы ортодоксальдық марксизм-ленинизмді қайта жандандырған және оған сәйкес келмейтін барлық көзқарастарды жойған Ждановчина деп аталатын науқан болды. Кеңестік федерацияға Ждановтың әлемдік оқиғалар нұсқасы енгізілді. Ол,

сонымен қатар, Шығыс Еуропадағы елдерге коминформ және коммунистік партиялар арқылы жеткізілді.

Содан кейін Шығыс блогы әлемдік оқиғаларға деген ресми саяси көзқарасы бар болды ма? Бұл теорияға деген көзқарасты білдіре ме? Жауап «теория» деген ұғымның мағынасы не екендігіне байланысты болды. Дегенмен бұл көзқарастың ғылыми теорияға жатпайтыны анық. Сталиндік империядағы секілді, әлеуметтік дәлелдің аксиомалары тоталитарлық үстемдік тұрғысынан анықталатын жағдайда ғылым болмайды. КСРО-да нақты қоғамдық сала, еркін саяси пікірталас және тәуелсіз теория болмады. Тоталитарлық Шығыстағы орын алған саяси пікірталастар плюралистік Батыста болған секілді емес; олар ортағасырлық теология туралы пікірталасқа ұқсас болды. Осындай жағдайларда әлеуметтік ғылым болмайды. Кеңестік коммунизмнің әлеуметтік теориялары көне және нақты болмады.

Осы уақыттарда Шығыс блогы бойынша жүргізілген талқылаулар жоғарыда айтылғандай, пікірталастар емес, жоғарыдан келген үстемдік болды. Сталин негізгі саяси идеяларды тұжырымдады. Андрей Жданов егжей-тегжейлі мәліметтерді жасап, мысалдар келтірді. Барлығы саяси биліктің қызығушылығын туындатты және саяси бақылаудың талаптарын қажет етті. Саяси теория бойынша Шығыс блок құрғақ шөл болды.

### *Батыс блогының тарихы*

Батыс әлемінде саяси пікірталастар ашық және көпшілікке қолжетімді болды. Дегенмен соғыстан кейінгі жылдарда да көзқарастардың күшеюі байқалды. Ұзақ мерзімді бейбітшіліктің құқықтық, ұйымдастырушылық және білімдік алғышарттарының ежелгі талқылауы (Иглтон және Уилкоккс, 1945) соғыс аяқталғаннан кейін жойылды. Фашистік теориялар көптеген елдерде заңсыз қабылданып, қоғамдық аядан заңды түрде шығарылды. Сонымен қатар, коммунистік пікірталастар шектелді, өйткені көптеген Батыс елдеріндегі үкіметтердің коммунистік партиялар мен радикалды тұлғалардың қызметін бақылауға және картаға түсіру үшін қадағалау жүйесі бар болатын; олар отандық қауіпсіздік талдаушыларына арналған есептерді дайындап, материалдарды американдық Орталық барлау агенттігімен (ОБА) бөлісетін (Барнс, 1981а, b; Уейнер, 2007). Мұндай іс-шаралар академиялық дебаттарды шектеуге және тәртіпке келтіруге бейім болды.

Сондай-ақ, көптеген батыс ғалымдары бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болған идеализмді еске алды және әлемдік істерді зерттеу қауіпті утопизмге қайтадан ұшырауы мүмкін деп қорықты. Соғыс уақытындағы одақ тарағандықтан, жақсы нәрсеге күдік туындады. Жалпыға ортақ мүдде ұлттық мүдделерге байланысты болды. Реализм тез арада халықаралық қатынастарға деген басымдықты көзқарас ретінде пайда болды. Халықаралық саясаттың ғылыми-зерттеуі жиі айтылатындай, жақсы ниеттерге емес, «нақты деректерге» негізделуі керек (Данн, 1949, 67 б.).

«Қырғи қабақ соғыстың» басталуымен ресейлік зерттеулер батыста ерекше академиялық пән ретінде пайда болды. Мұның бір себебі – кеңестік істер туралы сенімді білім қорын жинақтау қажеттілігі туындаған кезде, Батыс үшін КСРО жабық ел болды. Жаңа пән әлеуметтік-ғылым дағдыларымен тарих және тілдерді зерттеуді біріктіретін пәнаралық сала болды. RAND корпорациясы 1947 жылы кеңестік істерді зерттеуге кірісті. Гарвард университеті 1948 жылы Ресейді жан-жақты қадағалауға ғылыми-зерттеу орталығын ашты. Осы орталықтардың ғалымдары «Қырғи қабақ соғыстың» бастапқы

жылдарында Кеңес Одағын қабылдаған американдық көшбасшылардың көзқарасының қалыптасуына ықпал етті.

Кеңес Одағының ықпалды ғалымдарының бірі RAND-тағы Натан Лейтес болды. Ол Кеңес көшбасшыларын түсінудің әдісін жасады, ол операциялық – кодтық талдау деп аталатын<sup>13</sup>. Тағы бір үлес қосушы Гарвардтың ресейлік зерттеу орталығындағы Мерл Фейнсод болды. Оның «Ресей қалай басқарылды?» деген кітабы кеңес зерттеулері өрісін анықтады және көптеген американдық халықаралық қатынастар курстарында стандартты оқу болды<sup>14</sup>. Дегенмен, ешқандай ғалым Джордж Ф.Кеннанның ықпалымен теңесе алмады. Мәскеудегі АҚШ-тың елшілігінде сенімді өкіл ретінде жұмыс жасаған Кеннан ұзынсонар телеграмма жазды және кеңестік әрекетті талдады. Кейіннен ол өзінің талдауларын 1947 жылдың шілде айында «Сыртқы істер» шығарылымында жариялады. «Кеңестік әрекеттің қайнар көздері» жасырын түрде жарияланды және «Х» деген қол қойылды. Мақалада кеңестік саясатқа реалистік талдау жасалды. Құпия «Х» мырза кеңестік істердегі қозғаушы күш ретінде басым идеологияға қарсы ескерту жасады. Оның орнына, ол билік пен қауіпсіздікке ұмтылу сияқты басқа қозғаушы күштерге назар аударды. Кеңестік сыртқы саясатты түсіну үшін жетекші кеңес элитасының мүдделерін, сонымен қатар, ресей ұлтының сипатын және осы мүдде мен сипатты қалыптастырған тарихи және мәдени факторларды бағалау маңызды болып табылады.

### *Американдық халықаралық қатынастар*

Дүниежүзілік соғыстан кейін Америка Құрама Штаттары басым держава мен мемлекеттердің батыс одағының көшбасшысы ретінде пайда болды. Американдық ғалымдар халықаралық қатынастарды академиялық зерттеуге барынша ықпал етті. Олар реалистік және идеалистік көзқарас арасындағы ежелгі бөлісу тұрғысындағы әлемдік істерді талқылады. Бір жағынан, бұл салыстыру соғыстың соңғы жылдарындағы ғылыми талқылауды жалғастырды. Дегенмен екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басқа бағыт енгізілді. Маккиндер (1919) мен Карр (2001) [1939]) сияқты соғыс алдындағы ғалымдар реализм мен идеализмді диалектикалық және динамикалық деп таныды, ал соғыстан кейінгі авторлар көбінесе екеуін қарапайым оппозиция ретінде қабылдады. Американдық ғалымдардың, әсіресе, екеуінің арасында айқын бір бағдар болды. Олар идеализмді көбінесе оңайлықпен беделін түсіретін сабаннан жасалған фигура түрінде көрсетті, ал реалистік баламасын жетілген даналық ретінде бейнеледі.

Дәстүрлі реалистер осы дамуға разы болмады. Мысалы, Нибур өткір дихотомияның қауіпті вульгаризация ретінде пайда болғанын қарастырды. Ол сыртқы саяси соқырлардың пайда болуын қауіпті деп ескертті. Реализм мен идеализмнің арасындағы жасанды айырмашылығы бізден «дилеммадағы екі мүйіз бен олардың арасында таңдау жасауды қажет етеді», – деп айтты. Көпшілік үшін таңдау көпшілігі оңай болар еді, – деп жалғастырды ол, – себебі идеалистік позиция үшін қорғау мүмкін емес болды. Бұл, мысалы, Генри Уоллестің және оның прогрессивті партиясының қарқынды төмендеуіне байланысты. Адамдар идеалистік мүйізден шығып кетеді, себебі «олар оны ұстап тұра алмады» деді Нибур (1950b, 338 б.).

*Біздің реалистер ешқандай әлемдік үкімет пен ресейліктермен прагматикалық түсінікке қол жеткізуге болмайтындығына көздері жетті. Сондықтан, оларда дилемманың екінші мүйізін түсінуге деген ниет туындайды. Олар сөзсіз болатын соғыс дерегін қабылдайды. Сөзсіз болатын соғыс идеясынан алдын алу соғысының тұжырымдамасы тек қана қысқа қисынды қадам болып табылады. Өйткені егер біз*

*орыстармен сөзсіз соғысуымыз керек болса, онда мәселені шешуге барынша қолайлы уақытты таңдау құқығымыз бар емес пе? (1950а).*

Джон Х. Герц Нибурмен келісті. Саяси реализм және саяси идеализм [1951] реализм мен идеализмді біріктірді және екі тәсілдің диалектикалық талқылануын жүзеге асырды. Герцтің айтуынша, ядролық қару дәуірінде эгоистік мүдделерге өзіншілдікпен ұмтылу жауапкершіліксіз болып танылады. Реализмді жауапты әлеуметтік әрекеттердің бар екендігін ескере отырып, ықпалын азайтқан жөн деп жалғастырды ол. Герц ең соңында синтетикалық тәсілге келді және оны «реалистік либерализм» деп атады.

Ганс Моргентау 1954 жылы ең көп сатылымға ие болған «Ұлттар арасындағы саяси қатынастар» еңбегінің жаңа басылымын жариялаған кезде, реализмді айқын қолдады. «Реализмнің алты қағидасы» деп аталатын жаңа кіріспе тарауын қосты. Ол реализмді нақтылады және «Ұлттар арасындағы саяси қатынастарды» реалистік мәтін ретінде ұсынды. Біріншіден, Моргентау: «реализм барлық қазіргі заманғы әлеуметтік ғылым негізделген қағидаға негізделген, атап айтқанда, әлем объективті заңдармен басқарылатын қағидаға негізделген», – деді. Екіншіден, Моргентау: реализм саясаткерлердің өз ниеттері туралы айтқандарына көңілді аз бөледі және мемлекеттік қайраткерлердің мотивтері мен идеологиялары туралы болжамдарды болдырмайды, – деп жалғастырды. Оның орнына, реализм мемлекеттердің мүдделеріне назар аударады және билік тұрғысынан қызығушылықты анықтайды.

Дегенмен, «қызығушылық» – бұл тайғақ термин. «Ұлттық мүдде» бір рет қана және мәңгілікке белгіленуі мүмкін емес. Сенім, идеологиялар, мотивтер мен саясат мақсаты мемлекеттік қайраткерлермен, саяси мәдениеттермен және тарихи кезеңдер арасында ерекшеленеді. Олардың бірде-біреуі халықаралық саясаттың жалпы теориясы үшін сенімді негіз бола алмайды. Адам табиғаты, керісінше, тұрақты деп мәлімдеді Моргентау. Бұл болжам Моргентаудың реализм туралы үшінші қағидасына негізделеді: барлық мемлекеттік қайраткерлер әрқашан өзінің позициясын және олардың жағдайын қамтамасыз етумен айналысады. Барлық мемлекеттерді тәуекелді және пайданы барынша азайтуға тырысатын рационалды субъектілер деп санауға болады.

Моргентаудың реализмінің алғашқы үш қағидасы мемлекеттердің әрекеті мен реалистік талдаудың нысанына байланысты болды. Соңғы үшінші қағиданың «реалист» ғалым жасайтын бақылау мәселесіне қатысы бар болды және әмбебап қағидалардың тартымды күшіне қарсы ескерту жасады. Осылайша, төртінші қағида моральдық қағидалар мен сәтті саяси әрекеттердің талаптары арасындағы шиеленіске қарсы ескерту жасады. Бесіншіден, моральдық қағидалар әрқашан белгілі бір қоғамдарға бекітілгенін және белгілі бір уақыт пен орынның өнімдері ретінде қарастыру керектігін түсіндірді. Осыдан Моргентау реализмнің алтыншы және соңғы қағидасын шығарды: атап айтқанда, кез-келген реалист саяси әрекетпен айналысатын моральдық қағидаларға сәйкес болуы керек. Бірақ олар мұндай қағидалар уақыт пен орынның нақты жағдайының өнімдері екенін мойындауы керек. Демек, бұл қағидалар мемлекеттердің дерексіз әмбебап тұжырымдамасындағы әрекеттеріне ешқашан қолданылмайды; оларды ешқашан туған елінің мүдделерімен сәйкес келеді деп есептеуге болмайды. Моргентау бұл туралы: реалист ғалымның белгісі әлемді басқаратын моральдық заңдармен белгілі бір ұлттың моральдық талпыныстарын анықтаудан бас тарту, – деп қатты айтты. Моргентау саяси риториканың тартымды күштеріне қарсы ескертті. Тіл-билік деді Моргентау. Тек қана мемлекеттік қайраткерлердің айтқандарын ғана ескермеңіз деп ескертті ол – олардың не жасайтындығына назар аударыңыз.

«Реализмнің алты қағидасы» тарауында «Ұлттар арасындағы саяси қатынастар» бірінші және екінші басылымы арасындағы айырмашылық көрсетілді. Біріншіден, тарауда осы кітаптың екінші басылымы нақты көрсетілді, алғаш рет реалистік мәтін ретінде анықталды. Екіншіден, ол ары қарай американдық әлеуметтік ғылым дәстүрін сыни талқылаудан тұрмағандықтан, «Ұлттар арасындағы саяси қатынастар» бірінші басылымында соншалықты айқын пікірталас болды (және ол оның «Ғылыми адам билік саясатына қарсы» еңбегінде осылайша айқын көрініс тапты). Оның орнына, екінші басылым әлемнің объективті заңдарға сәйкес жұмыс жасайтындығын және халықаралық қатынастар ғылымының мақсаты осы заңдарды табу екендігі туралы айтады.

«Ұлттар арасындағы саяси қатынастар» екінші басылымының негізгі идеясы біріншісі секілді бірдей болып қалды<sup>15</sup>. Бірақ идея енді басқаша болды. Сонымен қатар, кітаптың екінші басылымы біріншіден гөрі аса мәнді сынға ұшырады. Ғылыми танымның эволюциясы бірнеше жыл ішінде Моргантаудың екі басылымын бөлген американдық халықаралық қатынастарда пайда болды. Екінші басылымның рецензенттері Моргантаудың негізгі анықтамалары белгісіз екендігін, кейбір негізгі болжамдарының дерексіз және философиялық екендігін атап өтті. Олар «Билік» ұғымы түсініксіз екендігін көрсетті. Олар «қызығушылық» ұғымын екі есе артық түсініксіз деп қарастырды – біріншіден, өйткені оның шын мәнінде бір рет және мәңгілікке анықталуы мүмкін емес, екіншіден, ол (әлдеқашан түсініксіз) билік тұжырымдамасы бойынша анықталды. Олар, сонымен қатар, Моргантаудың барлық дәлелдері адам табиғатының нақты көзқарасына байланысты болғандығын атап өтті, яғни, берік ғылыми тұрғыдан негізделген аксиомаға қарағанда бәсекелестіктегі философиялық талапқа байланысты.

Моргантау өз пікірін қорғады. «Билік» – бұл күрделі құбылыс және, жаратылысы бойынша, ақыл-ойдың сипаты. Ол билікті материалдық және рухани факторлардың өнімі ретінде көрсетті, яғни қабылдау, «моральдық сенімділік» және «ерік-жігер» арқылы жұмсартылған деп ұсынды. Билік балансы ешқашан тек әскери күшпен ғана автоматты өзгермейтіндігіне сендірді. Бұл материалдық мүмкіндіктердің функциясы ғана емес, сонымен қатар, акторлардың осы мүмкіндіктерді қабылдауы болып табылады. Билік балансы қарапайым күштер балансынан да кең. Халықаралық билік балансының дұрыс жұмыс жасауы үшін, ол негізгі қабылдағыш консенсуспен – немесе «үнсіз» болуы тиіс (Моргантау, 1978, 226 б.).

Дегенмен Моргантаудың дәлелдері аналитиктердің жаңа ұрпағымен жиі ауытқып отырды. Олар оның билік адамдар арасындағы психологиялық қарым-қатынас болып табылады деген көзқарастарымен келіспеді; олар билікті материалдық мүмкіндіктер тұрғысынан қарастырды, әсіресе, әскери күш. Моргантау билік балансын мемлекеттік қызметшілердің қабылдауының және дипломатиялық ынтымақтастықтың күрделі өнімі ретінде қарастырса, олар билік балансын күштердің қарапайым тепе-теңдігі ретінде қарастырды. Олардың ықпалымен ежелгі классикалық реализм қайтадан қарастырыла бастады. Жаңа аналитиктер ежелгі реалистердің тарихи салыстыруларын және философиялық дәлелдерін сынға алды. Өткір анықтамаларды, қатаң әрі логикалық талдауларды қисынды түрде талап етті. Жүйелік негіздеулерді қолданды. Олар өзара байланысты айнымалылар жағдайында өз жүйелерін анықтады және өзара байланыстарды зерттеу үшін экономикалық модельдерді қолданды.

Джон Герц өзінің «Саяси реализм және саяси идеализм» атты еңбегінде жүйелік тәсілді ойлап тапты [1951]. Ол мемлекеттер бір-біріне және олардың өмір сүруі мемлекеттік қызметкерлерінің қабылдауына тәуелді деген реалистік талабымен бастады.

Бірақ одан соң ол «шынайылық» оңай байқалатын болмыс емес екендігін, мемлекеттік қызметкерлердің қабылдауы адам психологиясының факторларына әрқашан байланысты болатындығын айтты. Мемлекеттің қауіпсіздігі үшін қорқатын мемлекеттер (оларды «А» деп атаймыз) өздерінің әскери қорғанысын күшейтеді. Бұл мемлекеттік қызметкерлер мұны таза қорғаныс шарасы ретінде қарастыра алады. Көрші мемлекеттің көшбасшылары (оны В деп атаймыз), бұл әрекетті керісінше жариялауға (немесе дәлірек айтқанда) болатындығына қарамастан қауіпті деп қабылдай алады. В басшылары қорғаныс мақсаттары үшін сатып алынған қару-жарақ жүйелерін де қатерлі қару түрінде қолдану мүмкін екенін біледі. Өздерінің қауіпсіздігіне қауіп төндіретіндігінен қорқып, олар өздерінің әскери мүмкіндіктерін нығайтады. А мемлекеттік қайраткерлері өз кезегінде В қозғалысын өздерінің бастапқы алаңдаушылығын заңдастыру ретінде қабылдай алады, сонымен қатар, олардың қорғанысын ары қарай күшейту қажеттілігін қарастырады. Бұл қарым-қатынас, онда А және В мемлекеттері өздерінің қауіпсіздігін арттыруға ұмтылады, екі жақтың да қауіпсіздігіне қауіп төндіретін қару-жарақ жарыстарын да оңай дамытады. Нәтижесі сенімсіздік спиралы немесе Герц оны «қауіпсіздік дилеммасы» деп атады.

Герцтің қосқан үлесінің мәні дилеммадағы оның сипаттамасында ғана емес, оны басқа ғалымдар бұған дейін де айтқан болатын<sup>16</sup>. Керісінше, ең үлкен мән Герцтың дилемманы егемен мемлекеттердің анархиялық жүйесінің құрылымдық атрибуты ретінде бейнелегені болды. «Қауіпсіздік дилеммасы», деп жазды Герц (1950, 157 б.), «мемлекеттің қауіпсіздікке деген қажеттілігін өзі қамтамасыз ету әрекеті туралы құрылымдық түсінік, дегенмен, олардың ниеттеріне қарамастан, басқаларының қауіпсіздігінің артуына алып келеді, себебі әркім өздерінің жеке шараларын қорғаныс шаралары мен басқа да шаралар ретінде түсіндіре отырып, потенциалды қауіп төндіреді». Герцтің қосқан тағы бір үлесі – дилемманың реалистік көзқарас шеңберінен шығуға мүмкіндік бермейтін түсінігі болды. Қауіпсіздік спиралынан шығу үшін, реалистік көзқарасты идеалист теориясынан алынған ақылға қонымды, әлеуметтік тұрғыдан жауапты дәлелдер мөлшерімен толықтыру керек.

### **Реализмнен қауіпсіздік зерттеулеріне дейін**

Герцтің қарапайым абстракциясында екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі сарапшылар мен саясаткерлердің арасында пайда болған реализмнің жаңа технократтық бренді бар. Оның жақтаушылары мемлекеттер халықаралық жүйенің басымдықты субъектілері және мемлекеттің әрекеті мүдделер мен билікке байланысты болып табылады деген ұғымдарға бейім болады. Дегенмен олар билікті көп мөлшердегі материалмен нақты терминдермен анықтайды. Сонымен қатар, олар тарих сабағын онша бағаламайды. Олар ядролық қаруды енгізу соғыстың жаңа түрімен жаңа дәуірді бастау деп санайды. Тарих сабақтары ядролық әлемнің стратегиялық шокжұлдыздарына азғана ықпал ете алады (Броди, 1946).

Жаңа технократтық тәсілдің негізгі түбірлерінің бірі екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жүргізілген американдық стратегиялық бомбалау зерттеулерінің әрекетінде жатыр. Бұл зерттеулер соғыс уақытындағы бомбалау рейдтерінің фотографиялық талдауына негізделді, келтірілген зардапты өлшеу және тиімділікті сандық бағалау. Зерттеу нәтижелері өз кезегінде жаңа рейдтерді жоспарлау үшін қолданылды. «Ыстық соғыс» кезінде деструктивті бомбалаудың көпшілік науқандарын жоспарлау «қырғи қабақ соғыс» кезіндегі ядролық қару-жарақтар арқылы қиратушы шабуылдардың талқылануының негізін қамтамасыз етті.

Джордж Ф. Кеннан осы есеп берілген процедураларға азғана назар аударған. Тарихи

және философиялық тұрғыдан бейім болды. Ол кеңестік және американдық әрекет туралы өз түсінігін жақсарту үшін Гиббонның Рим империясының құлдырауы және жалпы «құлдырау» ұғымы туралы жазған еңбегін оқыды. Жаңа әрекет тәсілдеріне сенімсіздік танытты (Гаддис, 2011, 410 б.).

1949 жылдың соңында ол АҚШ Мемлекеттік департаментінің саясатты жоспарлау бөлімінің директоры қызметінен босатылып, екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Американың стратегиялық бомбысына зерттеу жүргізген сарапшы Пол Нитцемен алмастырылды. Нитце экономикалық модельдерді пайдаланды және әкімшіліктің прагматикалық дәлелдерімен үйінде көбірек жұмыс жасады (Талбот, 1988). Ол ежелгі тарихты әлемдегі істер туралы түсініктерін жақсарту үшін оқымады, бірақ бидай мен болаттың өндірістік көрсеткіштерін зерттеді. 1949 жылы Кеңес ядролық сынақтары мен Қытай революциясынан кейін саясатты жоспарлау қызметкерлері жаңа стратегиялық зерттеу жұмысын бастады. Ол Нитценің басшылығымен келесі көктемде аяқталды және 1950 жылы сәуір айында АҚШ Ұлттық қауіпсіздік кеңесіне (ҰҚК) саясат жөніндегі нұсқаулық ретінде ұсынылды. ҰҚК-68 деп аталатын бұл құжат АҚШ-қа нені қорғау қажет екендігі туралы қысқаша талқылаудан басталды. Тәуелсіздік декларациясын және АҚШ Конституциясын қабылдауға шақыра отырып, ҰҚК-68 АҚШ-тың жеке еркіндікті, еркін институттарды, өкілетті үкіметті және федералды құрылымды қорғауы керек деді – қысқаша айтқанда, Американың өмір сүру салтын қорғауы керек деп мәлімдеді. Зерттеуде қауіп-қатердің түрі мен деңгейі анықталды: Кеңес коммунизмі, Мәскеуден бағытталған және әлемдік үстемдікке негізделген жаһандық қозғалыс. Кеңестік қауіп-қатерден арылу үшін ҰҚК-68 АҚШ пен КСРО арасындағы күштердің балансын теңестіруге арналған ауқымды әскери құрылымды жасауды ұсынды. Оның мақсаты КСРО-ны агрессиялық бастамаларды жүзеге асырудан қорғау еді. Сонымен қатар, ҰҚК-68 АҚШ-қа уақыт ұтуға және соғысудан гөрі құралдар арқылы кеңестік жүйеге өзгерістер енгізуге мүмкіндік берді.

ҰҚК-68 АҚШ-қа КСРО-ны дипломатиялық келіссөздерге тарту керек дегенді ұсынған жоқ. Керісінше, ол әрекеттің үш басқа бағдарына уәкілдік етті. Біріншіден, Кеңестік ядролық қауіпке қарсы тұру үшін сутегі бомбасын әзірлеу. Екіншіден, АҚШ пен оның одақтастарының дәстүрлі күштерін қалыптастыру. Үшіншіден, АҚШ жетекшілігімен бүкіл әлемде күшті одақтар құру. Нұсқауда бұл ұсыныстар өте қымбат болатындығын мойындады, бірақ олар АҚШ-ты кеңестік қауіп-қатерге қарсы қорғану үшін қажет деп тапты. АҚШ үкіметі федералды салық ставкасын ұлғайту арқылы бәріне оңайлықпен ақша төлей алады деп қорытындылады.

Президент Трумэнге ҰҚК-68 ұнамады. Оған күңгірт сценарий ұнамады, себебі ол қорғанысқа негізделген салықты ұлғайтуды ойлады. ҰҚК-68 1950 жылдың көктемінде ұлттық қауіпсіздік мекемесін құруға байланысты АҚШ бойынша қарқынды ішкі пікірталасқа себеп болды. Маусым айында Солтүстік Корея Оңтүстік Кореяға көкпен түскен жасын секілді шабуыл жасаған кезде пікірталас болды. Президент Трумэн тез әрекет етті. Апта ішінде ол АҚШ әскерлерін Кореяға ғана жіберіп қойған жоқ, ол, сонымен қатар, ҰҚК-68, құлыптауды, қорды мақұлдады. Дин Ачесон (1969, 420 б.) ескергендей, Кореяның бір соққысы «теориядан ҰҚК-68 ұсыныстарын алып шықты және оларды дереу бюджеттік мәселелер етті».

Нитце айтқандай, реформалар қымбат болды. Шығын 10.1-кестеде көрсетілді. Бұл АҚШ-тың қорғаныс шығындарының Корея соғысының басталуына дейін 13 миллиард доллардан асып түскендігін, ал Корея соғысы пайда болғаннан кейін шығынның 40 миллиардтан астам долларға жеткендігін көрсетеді.



10.1-кесте. АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздік шығындары, 1945–55 (\$ миллиард)

<i>Қаржы жылы</i>	<i>Қорғаныс шығындары</i>	<i>Қорғанысқа бөлінген мемлекеттік шығындар пайызы</i>	<i>Қорғанысқа бөлінген ЖҰӨ</i>	<i>ЖҰӨ пайызы</i>
1945	81.6	85.7	211.9	38.5
1946	44.7	72.4	208.5	21.4
1947	13.1	35.5	231.3	5.7
1948	13.0	35.6	257.6	5.0
1949	13.1	32.2	256.5	5.1
1950	13.1	30.4	284.8	4.6
1951	22.5	49.1	328.4	6.9
1952	44.4	64.7	345.5	12.7
1953	50.4	65.6	364.6	13.8
1954	46.6	65.7	364.8	12.8
1955	40.2	58.7	398.0	10.1

*Дерек көз:* АҚШ тұрғын санағы бюросы (1975, 224 б., 1116)

Корей соғысынан кейін АҚШ өзінің сутегі бомбасы бағдарламасын дамытуды жеделдетті, континентаралық баллистикалық зымыранның тұмсық конусына (КБЗ) оны енгізу үшін оны жеткілікті мөлшерде кішігірім етіп жасады. АҚШ өзінің одақтастарына көмектесу мақсатында өзінің дәстүрлі күштерін құруға кірісті. Ең соңында, АҚШ Мемлекеттік хатшысы Джон Фостер Даллес бүкіл әлемдегі үкіметтермен жаңа пактілер мен одақтар құру туралы келіссөздер жүргізе бастады. 1950 жылдардың басында АҚШ Тынық мұхит қауіпсіздік пакті және Оңтүстік Шығыс Азияның шарт ұйымы сияқты одақтарды ұйымдастырады, оған қырыққа жуық мемлекеттер қатысты және бірнеше әртүрлі аймақта АҚШ-тың мүдделерін қорғады.

1950 жылдары американдықтар өздерінің ядролық мүмкіндіктерін жылдам арттырды. Олар 1958 жылы енгізілген шабуыл жасаушы «Тор» және «Юпитер» зымырандарын құрды. 1959 жылы үлкен модельдер «Атлас» пен «Титан» болды. Американдықтар, сонымен қатар, үлкен қорғаныс жүйелерін дамытты. Олардың бірі Солтүстік Американың Арктикалық шекарасынан шығысқа қарай батысқа созылған радар станцияларының тізбегінен тұрады. Жетілдірілген байланыс технологиясының, логистикалық жоспарлаудың және канадалықтармен табысты келіссөздердің үйлесімі 1950 жылдардың соңында ДАЕ-желісін (дистанциялық алдын ала ескерту) құруға әкелді. Оның мақсаты американдық әуе кеңістігіне жеткенге дейін кеңестік ұшақтар мен зымырандарды анықтау болды, «ядролық Перл-Харбор» туындатқанға дейін атуы тиіс болатын.

Дамудың басқа түрі теңізде немесе оның астында орын алды. 1950 жылдары АҚШ ядролық суасты қайықтарының жаңа түрлерін дамытты, тіпті су бетіне шықпастан және қайтадан жанармай құйылмастан бірнеше апта, ай бойы су астында тұра алады. 1960 жылы алғашқы суасты қайықтарына су астындағы позициядан ұшырылатын ядролық қаруы бар зымырандар орнатылды. Американдықтар суасты қайықтарының баллистикалық зымырандары (немесе СҚБЗ) қорғаушы қару-жарақ жүйесін ұсынғандығы туралы айтты. Олардың теңізде жасырынған себебі – КСРО-ның американдық материкке жасайтын

кез-келген шабуылынан аман қалады. Олар өздерінің су астындағы жерлерінен толықтай жойқын қарсы шабуыл жасау арқылы әрекет етуі мүмкін. Американдық СҚБЗ, басқаша айтқанда, АҚШ-қа «екінші соққыға» қол жеткізу қабілетіне кепілдік бере алады. Осы мүмкіндік бірінші кезекте кеңес одағының күтпеген шабуыл жасауынан қорғайтын еді. Осы көзқарас тұрғысынан қару-жарақ жүйесін ұсынады және шабуыл жасаудың ядролық тепе-теңдігін тұрақтандырады.

Осы жүйенің логикасын RAND-тегі стратег мамандар әзірледі, әлеуметтік мәселелерді зерттеуге арналған мемлекеттік органдар немесе фирмалар арқылы жүргізілген жаңа сараптамалық орталықтарының бірі болатын. Қауіпсіздік мәселелеріне маманданған және АҚШ Қорғаныс министрлігі үшін көптеген баяндамалар жасаған RAND ғалымдары осы ойын теориясына маңызды үлес қосты және оны стратегиялық талдау үшін қолданды. Олардың арасында Екінші Ұлы Отан соғысы кезінде (Neumann and Morgenstern, 1944) ойын теориясының негізін қалаған математик Джон фон Нейманн мен экономист Оскар Моргенштерн болды. Соғыс аяқталған соң олар Карл Клаузевицтің шығармаларын зерттеп, оның еңбектерін Герман Кан мен Альберт Вольстеттер секілді RAND әріптестерімен талқылады. Олар «соғыс» және «стратегия» анықтамаларын зерттеп, Клаузевицтің «абсолюттік соғыс» тұжырымдамасы ядролық әлемдегі стратегияны талқылауда пайдалы термин екенін анықтады. «Абсолютті қару-жарақ» ықпалды кітабының авторы [1947] Бернард Броди, RAND-ке қосылды. Оның «Зымыран ғасырындағы стратегия» [1959] атты кітабы Клаузевицке тартымды болды, сонымен қатар, АҚШ-тың қауіпсіздік жағдайын талдау үшін ойын теориясына байланысты болды. Ол қазіргі заманғы «тежелу» ұғымын енгізді және 1950 жылдардың аяғында RAND-тегі стратегиялық теоретиктердің қатынасын жақсы көрсетті.

Ядролық кезеңде деп Броди бастайды, барлық соғыстар бұрынғыға қарағанда қауіпті болып табылады. Тіпті кішігірім және шектеулі соғыстар аса қауіпті, өйткені егер ядролық билік шектеулі соғысқа қатысса, мұнда өз кезегінде абсолютті соғысқа жетелейтін эскалация мүмкіндігі пайда болады. Ядролық соғыс мүмкіндіктерін төмендету үшін, ұлы державалар екі нәрсені жасауы керек. Біріншіден, олар сыртқы саяси мақсаттарға жету үшін соғыстың қауіпті екенін түсінуі керек. Екіншіден, олар бірінші болып соққы жасау идеясынан бас тартуы керек. Олар өздерінің бірінші болып соққы беру қабілетін нығайту үшін ядролық қаруды жасамауы керек, себебі ол тек қару-жарақ жарысының туындауына жетелейді. Керісінше, ұлы державалар екінші соққы беру қабілетіне мүмкіндік беретін қару-жарақ жасауы керек. Олар өз аумақтарында көптеген «қауіпсіз» зымыран бункерлерін салуы және олардың өмір сүру қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс. Сонымен қатар, олар әлемдегі мұхиттар бетінің астынан анықталмаған су асты кемелеріне ядролық зымырандарды орналастыруы керек. Көптеген мықты бункерлер және ядролық суасты қайықтарының үлкен флоты зымырандардың көптеген мөлшерінің кез-келген тосын шабуылдан аман қалуын қамтамасыз етеді. Бұл зымырандар, өз кезегінде, алғашқы соққы қаупіне қарсы сенімділікті қамтамасыз етіп, екі держава арасындағы ұлттық қауіпсіздікті күшейтеді.

Басқа RAND ғалымдары ядролық соғыс пен оны тежеуге байланысты ұқсас талдау жасады (Каплан, 1957, Волстеттер 1959, Кан, 1960). Дегенмен, олардың кейбіреулері Броди секілді ықпалды болды. Оның дәлелі шиеленісті болды. Сонымен қатар, оның тежеу теориясы сол ғасырдағы әскери шындықтармен байланысты екі болжамға негізделді. Біріншіден, ядролық бәсекелестіктің әрбір жағының басқасын жою үшін жеткілікті қарулары бар. Екіншіден, соған қарамастан әрбір жағы зымырандарды

кенеттен, көптеп және мүлтіксіз ату мүмкіндігі болуы үшін зымырандардың жеткілікті мөлшерін қорғайды немесе жасырады. Осы шарттарға сәйкес әрбір мемлекет ядролық тосын шабуыл жасаудан бас тартуға мәжбүр болады, өйткені мұндай кез келген алғашқы соққы кенеттен болуы керек және толығымен жойғыш әрекетпен жауап беруі тиіс. Бұл өзара үйлесімді логика ойын-теориялық тұрғысынан негізделді және қалжыңмен оны өзара сенімділікті жою (немесе MAD) жағдайы деп атаған Джон фон Нейман арқылы модельденді.

Ойын теориясы халықаралық қатынастардағы жаңа талдау құралы болды және ол қауіпсіздік саласындағы зерттеулердің жаңа саласын қалыптастыруға көмектесті. Сонымен қатар, мұнда үлкен ықпал еткен тағы бір жаңа құрал болды: атап айтқанда, жүйелерді талдау. Жүйенің тұжырымдамасы болды әлеуметтік ғылымдар үшін жаңа емес еді<sup>17</sup>. 1950 жылдардың ортасында жалпы жүйелік теория бизнес-әкімшілікке, сыртқы саясат талдауына және қауіпсіздік зерттеулеріне енгізілді<sup>18</sup>. Осы салалардағы академиктер әлеуметтік өзара әрекеттесуді электротехникадан электр сымдары мен монтаж плиталарына ұқсас схема ретінде көрініс тапқан блок-схемалар түрінде көрсетті. Әлеуметтік топтардың бейімделгіш қасиеттері бар және термостат жүйелерінің өзін-өзі теңестіретін үлгілерімен салыстырылды. Экономикалық және саяси процестердің әртүрлі кезеңдерін көрсету үшін «енгізу», «шығу» және «кері байланыс» секілді терминдер қолданылды. Мемлекеттер «қара жәшік» ретінде бейнеленді және рационалды акторлардың әрекетін саяси ойындардағы көптеген пайдалы қозғалыстар ретінде талдауға болады деп санайды.

Ойын теориясы мен жүйелерді талдау негізінен ғалымдар ойлау танымында жетілдірді. Бірақ университет профессорлары саяси шешімдер қабылдау үрдістері және жалпы әлеуметтік әрекетті талдауда осы теорияларға негізделеді. Олардың көпшілігі экономистер – Оскар Моргенштерн, Томас Шеллинг және Кеннет Боулдинг болды. Басқалары Джон фон Нейман, Льюис Ричардсон және Анатол Рапопорт секілді математиктер болды. 1940 жылдардың соңында Шеллинг және Боулдинг экономикалық мәселелер бойынша кітаптар жазды; 1950 жылдардың соңында олар соғыс пен бейбітшілік мәселелеріне назар аударды. Қауіпсіздік зерттеулері жұмыс анықтамалары үшін биология мен инженерияны қарастырды (Берталанфи, 1950).

## **Американдық-кеңестік бәсекелестіктің сипаты**

1940 жылдардың соңында жаңа, биполярлы әлем тәртібі пайда болды, «қатаң полярлық жүйе» Мортон Капланның терминдерінің біреуін қолдануға мүмкіндік береді. Батыс блогы АҚШ-та үстемдік етті және КСРО үстемдік ететін Шығыс блогына қарсы болды. Екі блок көшбасшылары арасындағы бәсекелестік қарқынды түрде артты және географиялық жағынан да кеңейді. Корей соғысының басталуы (1950) оның қарқындылығын арттырып, жаһандық бәсекелестікке қарай кеңейте түседі және ол келесі қырық жыл бойы сипаттайтын ерекшелікке ие болады.

### *Шаяндар мен бүйілер туралы*

Осы уақытқа дейін Батыс Еуропаның экономикалық әрекеті Американдық Маршалл жоспары шеңберінде; Еуропалық Экономикалық Үлгінің Ұйымының (ЕЭҰ) үйлестіру кеңесі шеңберінде ұйымдастырылды; Шығыс блоктың экономикалық әрекеті

Экономикалық өзара кеңесі (СМЕА or Comeson) жанындағы Молотов жоспары арқылы ұйымдастырылды. Батыс блогының әскери күштері АҚШ тарапынан күшейтілді және НАТО одағының жанында ұйымдастырылды; Шығыс блогы КСРО тарапынан бақыланып, Варшава пактісіне сәйкес ұйымдастырылды.

Мұнда биліктің биполярлық шокжұлдыздарына байланысты белгілі-бір симметрия болды. Еуропа «жаңғақтың екі жартысы» секілді ұлы державалар арасында бөлінді деп атап өтті Уолтер ЛаФебер (1987). Роберт Оппенгеймер ұлы державалар бәсекелестігін «шөлмектегі екі шаянға» теңестірді. Луис Галле (1967) келіспеуді өтінді. Оппенгеймердің бейнесі биполярлы жұлдыздардың симметриясын шамадан тыс асырды. Шындығында, «қырғи қабақ соғыс» екі өлімші жаратылыс арасындағы бәсекелестік болды. Дегенмен екі негізгі субъект маңызды мәнге ие емес. Галле қырғи қабақ соғыстың мәні «шөлмектегі шаян мен бүйінің» бейнесі арқылы жақсы бейнеленгендігін – олардың екеуі де өлімші халде болғанымен әрқайсысы ерекше екендігі туралы айтты.

Галле маңызды нәрсе жасады. АҚШ және КСРО өмірдің көптеген әртүрлі жолдарын ұсынды; олардың қоғамдары әртүрлі тұрғыдан ұйымдастырылды, олардың тұрғындары әртүрлі тарихи тәжірибелермен ерекшеленді және әртүрлі көзқарастармен ақпараттандырылды (Уестаф, 2005). Сондай-ақ, олар басқа мемлекеттерге де байланысты. Екеуі де кішігірім елдерге басып кірді және оларды өз бейнесі арқылы қалыптастыруға тырысты. Бірақ АҚШ танымал егемендікке негізделген үкіметті құруға және содан кейін кері қайтуға тырысты, КСРО басып алынған елдерді өзінің әкімшілік жүйесінде тұрақты негізде біріктіруге ұмтылды. 1940 жылдардың соңында АҚШ Батыс Еуропа елдеріне 15 миллиард доллардан астам экономикалық және техникалық көмек көрсеткен кезде, КСРО Шығыс Еуропа елдерінен келген салыстырмалы мөлшерін жойды.


7. Ұлыбританияда тұтыну бағаларының инфляциясы 1960 жылдары 4 пайыздан төмен болса, 1970 жылдары 13 пайызға дейін өсті – 1975 жылдың тамызында жоғары 27 пайызға дейін артты. Америка Құрама Штаттарында да, сонымен қатар, 1970 жылдары жоғары қарқынды инфляция байқалды – екі саннан тұратын пайыздық ставкалармен сипатталған болатын, оны президент Джимми Картер қатты сынады. Бұл сын АҚШ-та жұмыссыздық көрсеткішінің бір мезгілде ұлғаюымен көрініс тапты – 1973 жылдың қазан айындағы 4,6% -дан 1975 жылдың мамырында 9% -ға дейін артуымен байланысты болды.

8. Атлантикалық экономика экономиканың құлдырауының екі толқынынан зардап шекті: біріншісі 1969 жылғы желтоқсаннан 1970 жылғы қарашаға дейін созылды; екіншісі 1973 жылдың қараша айынан 1975 жылдың наурыз айына дейін созылды; осы екінші кезеңде британдық тарихтағы ең үлкен қор нарығындағы құлдырау басталды, Financial Times All Share индексінің жартысынан көбін қарастырды. Құлдырау мерзімі қазан айындағы ОПЕК-тің мұнай эмбаргосы дағдарысқа себеп болды деп болжайды, мұнда мұнай бағасының өсуі мен энергия тапшылығы көптеген мұнай импорттаушы елдердің экономикасын сілкіндірді.

9. Әсіресе, скандинавия ғалымдары шабыттанды. Бейбітшілікке арналған институттар Норвегияда (1959) және Швецияда (1966) құрылды.

10. Бұл негізгі идея ғасырлар бойы әдеттегі заңдар теорияларының негізі болды. Дэвид Юм адамның жаратылысынан дағдыға ие және осы қоғамдар азаматтардың күнделікті жұмыс тәртібіне негізделген деп мәлімдеді. Бұл ұғымды Халфорд Маккиндер (1919) дамытты, ол қоғамды «алаңдаушылық» ретінде қарастырды. Саяси сол жақтағы саяси теоретиктер әлеуметтік теориялар көбінесе Карл Маркстың әйгілі сөзін қайталайды, «адам өз тарихын жасайды, бірақ олардың таңдау жағдайында емес» (Моисей және Кнутсен, 2012, 189 б.). Саяси құқықтағы теоретиктер Эдмунд Берк секілді консервативтердің немесе Фридрих Хайек секілді либералдардың шығармаларынан ұқсас идеяларды табады. Тиісті теориялық сабақ француз «Анналес» мектебінің мүшелері арасында соғыс аралық кезеңде басталды және менталитет, ұзақ ғұмыр және «күнделікті өмір» сияқты ұғымдармен көрініс тапты. «Менің ойымша, адам күнделікті тұрмыстағы шеберден әлдеқайда көп», – деді Фернанд Бродель бір күні (1977, 191 б.). «Көптеген мұрагерлік әрекеттер, жинақталған дұрыс ұйымдастырмау қазіргі таңда өмір сүруімізге, бізді тұтқындайтын және біздің өмірімізде шешімдер қабылдауға көмектесетін дағдыларға айналады...»

11. Парадигма аралық пікірталастар көбінесе халықаралық қатынастардағы үшінші «ұлы пікірталас» деп есептеледі, біріншіден, әлемдік соғыстар арасында реалистер мен идеалистер арасындағы пікірталас болып табылады, екіншісі 1960 жылдардың басындағы «ғалымдар» мен «тарихшылар» арасындағы пікірталас болып табылады. Парадигма аралық пікірталастар 1970 жылдардағы реализм, рационализм және революционизм жақтаушылары арасындағы халықаралық қатынастар тәсілі ретінде пікірталасқа байланысты болып табылады.

12. Ғылыми әдіснамадан хабардар болудың дәлелі ретінде «дәстүр» немесе «тәсіл»

сияқты ұғымдар «парадигма» ұғымымен ауыстырылды немесе өзгертілді, термин Томас Кунның «*Ғылыми революциялардың құрылымы*» (1962) ғылым философиясына қосқан үлесінен алынды.

1979 жылдың мамыр айында Англияның премьер-министрі Джеймс Каллагэн жұмыстан кеткен кезде, Даунинг-стрит: 10 үйді Маргарет Тэтчерге тапсыруы премьер-министрдің өзгеруінен де маңызды, британ саясатындағы «негізгі өзгеріс» болды, – деп айтқан еді. Шындығында, мұның мәні одан да зор еді. 1979 жыл Батысқа, тіпті әлемге үлкен өзгерістер әкелді деп айтуға болады.

Өзгеріс үлкен пікірталастармен басталды. Осы оқиғалар мемлекетаралық қарым-қатынастар туралы бұрынғы даулы мәселелерді жандандырып, халықаралық экономика туралы жаңа пікірталастар тудырды. Ол өз кезегінде сынға ұшыраған жаңа көзқарастар қалыптасып, көне және жаңа идеяларға толықты. Материалистік теориялар идеялық дәлелдермен, құрылымдық теориялар постқұрылымдық тәсілдермен алмастырылды. Британ консервативті партиясының жаңа басшысы Маргарет Тэтчер үлкен қактығыстарға тап болды. Көптеген байқаушылар, ол 1960 жылдардағы радикалды консервативті көзқарасты ұстанды деп есептеді. Алайда, бұл шындыққа жанаспайтын. Ол дәстүрлі көзқарастар мен құндылықтарды қалпына келтіретін өзгерістер алып келгенімен, оның дәлелдері дәстүрлі мағынада консервативті емес, либерал немесе либертариан еді.

1980 жылғы қарашада АҚШ президенті ретінде Рональд Рейганды сайлау американдық саясаттағы осындай кілт өзгерісті білдірді; тек оның халықаралық маңызы болды. Рейганның сайлануы либералды өзгерістің маңыздылығын арттырды, «себебі әлемге танымал еркіндіктің ең үлкен күші АҚШ, әлемдегі көшбасшылығын сенімді түрде қайта қалпына келтіретінін көрсетті», деп түсіндірді Тэтчер. Ұлыбритания мен АҚШ Батыстың бұдан былай «Кеңес Одағы мен Үшінші әлем арасындағы қатынастар алдында шегінбейтіндігіне» сенімді болар еді (Тэтчер, 1993, 156 б.). Шығыс және оңтүстікке қарсы тұру үшін Батыс ескі либералдық немесе либертариандық идеяларды қайта өркендетті. Ол өмірге, бостандыққа және меншікке қатысты жеке құқықтар сияқты либералды негізгі құндылықтарды қалпына келтіре бастады. Себебі, рационалды тұлғалардың еркін, өз пайдасына негізделген өзара әрекеттестігі жақсы әлем қалыптастыратынына сенді.

Бұл тарауда 80-жылдардың саяси ахуалына әсер еткен либералдық идеялардың жаңғыруы қарастырылады. Сонымен қатар, әлемдегі саяси экономикаға өзгерістер әкелген, Батыста басталған кейбір либералдық реформалар талқыланады. Бұл тарау осы өзгерістердің жаңа халықаралық мәселелерге байланысты екендігін, соның

ішінде индустриалды әлем үшін маңызды энергия көзі болып табылатын мұнайдың қолжетімділігі мен бағасы осы өзгерістердің негізі екендігін көрсетеді. Бұл оқиғалар әлемдегі мұнайға бай аймақ болып саналатын Таяу Шығыстағы жаңа саяси ахуалдың қалай пайда болғанын көрсетеді.

Соңғы тарауда халықаралық қатынастар ғалымдарының идеялары мен тәсілдеріндегі өзгерістер талқыланады. Бұл бөлімде халықаралық қатынастарды ғылыми зерттеу өткеннің құрылымдық көзқарастарынан ауытқып, орнына жаңарған либерализмнің негізгі идеяларын қолдады деп пайымдалады. Бұл 1980 жылдары халықаралық қатынастар қоғамдастығына үлкен әсер еткен неореалистік көзқарастан айқын көрінеді. Дегенмен, ол құрылымдықты айқын деп санайтын бірегей көзқарасты сақтағанымен, оның негізгі қисыны либералды экономикалық теорияның даралық рационализміне негізделген. Неореализм сол уақыттың нәтижесі еді. Ол 80–жылдарда туындаған теориялық пікірсайыстардың өрбуіне негіз болды.

### **Жаңа тұлғалар, жаңа мәселелер**

1970 жылдардың соңында Екінші дүниежүзілік соғыста қалыптасқан көне буын саяси алаңнан кетті. Олардың орнына жетекшілердің жаңа буыны келді. Олар жаңа идеяларды немесе көне идеялардың жаңа нұсқасын әкелді. Ортодоксалдық экономикалық либерализмді қалпына келтіру осыған мысал бола алады.

### *Батыс және өзгермелі Таяу Шығыс*

Маргарет Тэтчер жаңа либерализм идеясының маңызды қорғаушысы болды. Бұл идеяның халықаралық маңызы 1980 жылғы қарашада АҚШ президенті ретінде Рональд Рейганның сайлануына ықпал етті. Рейган да ескі көзқарастағы либерал еді. Оның сайлау науқаны, Тэтчердікі сияқты, экономикалық түзетулерге, федералдық бюрократияларды бөлшектеуге, салықтарды азайтуға және жеке еркіндіктерге жол ашатын тұғырнамаға негізделді. Сондай-ақ, Рейганның сайлау алдындағы үгіт-насихаты патриоттық ынта-жігер мен ортодокстық либералды доктриналарды біріктірді. Бұл республикалық партияны өзгертті және соның негізінде американдық саясат та өзгерді.

1981 жылдың қаңтарында АҚШ-тың 40 президенті ретінде тағайындалғаннан кейін, Рейган Ұлыбритания және Маргарет Тэтчермен тығыз идеологиялық қарым-қатынас орнатты, бұл АҚШ пен Ұлыбритания арасындағы «ерекше қарым-қатынас» бар деген ұғымды растады. Ол Шығыс блокты репрессиялауға қарама-қарсы англо-американдық еркіндік дәстүрін қолданды. Рейган антикоммунист болды. КСРО мен оның «зұлым империясымен» күресуге ұмтылған Рейган коммунистік көшбасшылардың ескі буыны орта жасы сексен жасқа жеткенін және кеңес экономикасының тоқырап кеткенін байқады. КСРО-да саяси және экономикалық дағдарыс орын алып жатты. Сондай-ақ, КСРО-ның 1970 жылдары жүргізген экспансиялық сыртқы саясатының нәтижесі ретінде, Кеңес Одағының назарына және көмегіне мұқтаж елдердің алдында өздерінің міндеттемелері болды. Қысқаша айтқанда, Кеңес Одағы империялық идеялары үшін ауыр жағдайға тап болды. Елдің тоқыраушы экономикасының шетелдегі міндеттемелерді орындауға мүмкіндігі болмады. Рейган коммунизмнің іштей күйрегенін және жеке адамның еркіндігіне негізделген қарапайым идеялар оның күйреуін тездететінін айтты. 1979 жылы

Кеңес Одағында тағы бір қиындық туындады: жаңадан тағайындалған папа Кардинал Карол Йосеф Войтыла туған елі Польшаға барып қайтты. Бұл сапар ұлтқа үлкен әсер етті. Ол адам құқықтарын қорғау қозғалыстарына себепші болды және 1980 жылы тәуелсіз кәсіподақтың «Ынтымақтастық» ұйымының құрылуына жағдай жасады. Оның жетістіктері басқа Шығыс блогындағы елдерде де ұқсас ұйымдар мен антикоммунистік қозғалыстарды ынталандырды. Рим Папасы Иоанн Павел II-нің үлкен танымалдығы атеизмге шынайы берілген кеңестік империяға үлкен қатер болды.

Діннің өскелең маңыздылығы әлемнің басқа бөліктерінде де көрініс тапты. Таяу Шығыс та шет қалмады. 1979 жылы Иранның зайырлы шах Реза Пехлеви тақтан түсті және фундаменталистік мұсылман дінбасылары Аятолла Хомейни жаңа көшбасшы ретінде белгіленді. Аятолла шииттік исламның жаңа және радикалды бағытын ұстанды. Ол ұлтшылдық бояу сіңген, батысқа қарсы идеялар мен суниттік исламға қарсы көзқарасты күшейте түсті. Сол жылы Саддам Хусейннің көрші Ирактағы диктаторлық билікке келуі екі ел арасындағы шиеленісті арттыра түсті.

Сауд Арабиясының қасиетті Мекке қаласындағы исламшыл көтеріліс аймақтағы діни кикілжіңдерге май құя түсті. 1979 жылы желтоқсанда Кеңес Одағының Ауғанстанға басып кіруі де осыған барабар болды. Шабуыл Ауғанстанды «қырғи қабақ соғысқа» тартып, аймақтағы рөлін арттырды және дінін радикалдандырды. Исламның жаңа және саясатталған көзқарастары Иранда, Сауд Арабиясында және Мысырда да дами бастады. Суниттік исламның доктриналық нұсқалары кеңестік басып кіруден және Батыс пен Араб елдерінің Кеңес Одағына қарсы шара қолдану мақсатында жасалған әрекетінен кейін, Таяу Шығыстағы өзгерістерге өз үлесін қосты.

Ауған соғысы КСРО ішкі мәселелерін арттырды. АҚШ бұл соғысты Кеңес Одағына қарсы мақсатта қолданды, сондықтан соғыс Кеңес Одағына адам және қаржы ресурстары бойынша қымбатқа түсті. Соғыс әлемдік аренада КСРО-ның экономикасы мен беделін төмендетті.

Ұзақ уақытқа созылған Ауған соғысы АҚШ-қа да оңай соқпады. Мұсылман әлеміне әсерін тигізген исламизмнің жаңа көзқарастары АҚШ пен басқа батыс елдеріне зиянды әсер етті. Қысқаша айтқанда, Кеңес шапқыншылығы – 1979 жылы әлемдегі өзгерістердің басты себебі болды. Ливандағы азаматтық соғыс және сунит-шиит шиеленісінің күшеюімен қатар, 80 – жылдардағы Таяу Шығыс саясатына айналған қақтығыстардың артуына себеп болды. Бұл қақтығыстар, өз кезегінде, Батыс әлемінде алаңдаушылық туғызды, өйткені олар сол аймақтағы мұнайға тәуелді болатын. Таяу Шығыстағы қақтығыстар және тұрақты бағаға және мұнайдың үздіксіз жеткізілуіне қатысты алаңдаушылық Батыс саясаткерлеріне мазасыздық әкелді. Бұл үрдістер 1980 жылдарда халықаралық қатынастар ғылымында туындаған жаңа мәселелерді, яғни саясат пен дін арасындағы байланыс, халықаралық саяси экономика және энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұжырымдамасын кеңейтумен байланысты міндеттерді айқындады.

### *Экономика, энергетика және дін*

1970 жылдардың басында Президент Никсон Американың отандық мұнай өндірісін тоқтатты, ал АҚШ-тың мұнайды тұтыну көлемі арта түсті. Өндіріс пен тұтыныстың артуы импорттық мұнаймен толтырылуы керек болды, ал оның басым бөлігі Таяу Шығыстан келді. Никсон АҚШ-тың сыртқы және қауіпсіздік саясаты Таяу Шығыстағы тұрақсыз аймақтан импортталатын қазба энергиясына тәуелділігін шешу керек деген жаңа мәселе көтерді.

1970 жылдары мәселе шиеленісе түсті. Себебі американдықтар Израильге қауіпсіздікті қамтамасыз етуге уәде бергенімен, Израильдің жауы – араб елдеріндегі мұнайға деген тәуелділігі арта түсті. Президент Картер бірнеше сыртқы саяси бастамаларды көтеруге мәжбүр болды. Біріншіден, ол американдықтарды энергияны үнемдеуге және импортталатын мұнайдан тәуелділікті азайтуға шақырды. Екіншіден, ол баламалы энергия көздерін дамытуды ынталандыру үшін бірқатар ұсыныстар енгізді, соның ішінде күн сәулесін, жел мен ауысулардың электр қуатына айналу үшін жаңа технологиялар пайдалануды ұсынды. Үшіншіден, ол АҚШ-тың жанжалдасып жатқан араб әлеміне тәуелділігін төмендету үшін мұнай жеткізе алатын басқа елдер іздестіре бастады. Төртіншіден, ол қақтығыстарды шешу және Таяу Шығысты тұрақтандыру үшін дипломатиялық үдерістерді қозғады. Атап айтқанда, ол ең маңызды даулы мәселе – араб-израиль қақтығысын шешуге тырысты.

1978 жылдың көктемінде Картер Египет пен Израильдің арасында бейбітшілік туралы келісім жасағанын мақтанышпен жариялады. Батыс елдері осы келісімді тұрақтылық пен бейбітшілікке қол жеткізудегі үлкен қадам ретінде бағалады. Израиль премьер-министрі Бегин және Мысырдың Президенті Садат сол жылы Нобель бейбітшілік сыйлығына ие болды. Мұсылман әлемінің үлкен сегменттері, керісінше, бұл келісімге қарсы шықты. Олар Садатты сатқын деп айыптады және Израильмен жасалған келісімді нашар әрекет ретінде қабылдады. Мысырға қарсы демонстрациялар бүкіл араб әлемінде орын алып жатты және исламшыл топтар Мысырдың көшбасшысын өлтіру үшін көптеген әрекеттерге барды. Осы топтардың бірі, Эль-джихад, 1981 жылы қазан айында әскери шеру кезінде Садатты өлтірді.

Президент Картердің бейбітшілік бастамалары осы араб реакцияларының көлеңкесінде қалды. Оның саясатына АҚШ-пен достық қарым-қатынастағы Иран шахы Реза Пехлевидің тақтан құлауы да кесірін тигізді. Бұл АҚШ-ты Таяу Шығыстағы дәстүрлі одақтасынан айырып қана қоймай, сондай-ақ діни жетекшілері АҚШ-ты «ұлы шайтан» деп қабылдайтын дұшпандық Ислам республикасының құрылуына әкелді.

Иран төңкерісі Таяу Шығыстағы қақтығыстарды күшейтті. Бұл өз кезегінде мұнай бағасының айтарлықтай көтерілуіне әкелді. 1 баррель шамамен 16 доллардан 40 долларға дейін өсті. Бұл нәтиже жаңа энергетикалық дағдарысқа себеп болды. Оған қоса, әлемдегі ең ірі мұнай өндіруші және Батыстың ең сенімді жеткізушісі Сауд Арабиясында исламистік бүлік басталды. «Мұсылман бауырлардың» радикалды мүшелері 1979 жылдың қарашасында қасиетті Меккедегі Ұлы мешітті басып алып, әскери күш енгізілгенге дейін бірнеше күн бойы қажыларды тұтқында ұстады (Хегхаммер мен Лакруа, 2011). Аятолла Хомейни бұл жағдай американдық империалистер мен халықаралық сионисттердің ісі екенін айтты. Бангладеште, Пәкістанда, Филиппинде, Түркияда және басқа елдерде антиамерикандық наразылық шерулерін тудырды.

Бұл жағдайлар батыс көшбасшыларының Таяу Шығысқа байланысты жоспарларының түбегейлі күйреуіне әкелді. Олардың көзқарасы Иранның теократиялық саясаты көрші Ирактың зиялы диктатурасымен қақтығысқан кезде одан да нашар бола түсті. Ирак басшысы Саддам Хусейн мен Иранның төңкерісшіл басшысы Аятолла арасындағы күрделі қарым-қатынас 1980 жылы күзде соғысқа әкелді.

Соғыс сегіз жылға созылып, екі елді де ойсырата күйретіп, миллиондаған адамдарға зиян келтірді<sup>2</sup>. Сондай-ақ, көптеген ислам елдерінде суниттер мен шииттердің арасындағы қарым-қатынастарды одан әрі ушықтырып, сепаризм мен діни қақтығыстар тудырды.

Мұндай оқиғалар Таяу Шығыстағы саяси динамиканы өзгертті. Сондай-ақ, АҚШ-қа және Батыс елдеріне Таяу Шығыс режимдерінің қаншалықты мықты екенін түсінуге және ел экономикасы Таяу Шығыс мұнайының бағасы мен жеткізілімінің өзгеруіне тәуелді екендігін түсінуге көмектесті.

## *Екінші қырғи қабақ соғыс*

1979 жылғы желтоқсанда Ауғанстанға Кеңес Одағының басып кіруі радикалды Үшінші әлем елдеріндегі революциямен және кеңестік экспансияның өршуімен қатар келді. АҚШ үкіметі Таяу Шығыстағы мұнай кен орындары үшін қорқа бастады. 1980 жылдың қаңтарында Президент Картер Таяу Шығысты Батыстың стратегиялық мүддесі болып табылатынын және АҚШ-тың есебінен аймаққа әсерін арттыруға тырысқандардың барлығына қарсы шара қолдануға уәде етті. Хабарлама КСРО-ға Таяу Шығыстан алыс жүру туралы нақты ескерту болды. Ескерту тез арада «Картер доктринасы» деген атауға ие болды.

Сондай-ақ, Картер Пәкістан мен Сауд Арабиясымен одақтасып, Ауғанстандағы антикоммунистік топтарды кеңестік басқыншыларға қарсы қару-жарақпен қамтамасыз етті. Президент Рейган осы әрекеттерді одан әрі дамытты. Рейган Ауғанстанның моджахедтеріне әскери көмек көлемін арттырып қана қоймай, басқа елдерде де антикеңестік топтарға салыстырмалы көмек көрсетті. Бұл әрекеттер АҚШ-тың бұрынғы «қырғи қабақ соғысы» туралы доктринасына саналы түрде қарсы әрекет екенін білдірді. Рейган ешқашанда аталған доктринаға сенім білдірмеді. Ол әрқашан оны пассивті және орынсыз доктрина, яғни белсенді емес және саяси бастаманы тек КСРО-ға береді деп санады. Рейган Үшінші әлемдегі Кеңес Одағының режимдеріне қарсы тұратын және олардың ықпалын төмендететін белсенді саясатты таңдады. Рейган жарты ғасыр бойы сақталған тиылыс саясатын жаңа кері шегіндіру саясатымен ауыстырды.

Рейганның бұлай жасауының себебі, АҚШ-тың барлаушы қызметтері оған Кеңес Одағындағы қосарлы дағдарыс туралы хабарлады. Леонид Брежнев қайтыс болғаннан кейін, Рейган Ангола, Үндіқытай, Сомали және Орталық Америка сияқты кеңестік ықпалдағы мемлекеттердегі антикоммунистік қозғалыстарға қолдауын күшейтті<sup>3</sup>. Американдық әскери көмек әсіресе Ауғанстандағы моджахедтерге арта түсті. Ол құпия түрде Пәкістанның әскери барлау қызметтері арқылы жіберілді. Әскери барлау қызметтерінің басшылары үлкен мөлшерде қару-жарақпен қамтамасыз етілді, Сосын, Ауғанстандағы бүлікшілер тобына және көбінесе Пәкістанға адал болған топтарға таратылды. Сауд Арабиясы да Ауғанстандағы бүлікшілерді АҚШ сияқты қару-жарақ пен ақшамен қамтамасыз етті. Сонымен қатар, олар теологтар мен радикалды ұйымдастырушылар жіберу арқылы да көмек көрсетті.

Бұл көмек Ауғанстандағы және оның төңірегіндегі антикоммунистік топтарды күшейтіп, КСРО үшін көптеген қиындықтар туғызды. Он жылдан астам уақыт бойы Кеңес Одағы өз экономикасына және әскери күштеріне ауырға соққан соғыс жүргізді. Соғыс АҚШ-та да ұзақ мерзімді салдарын тигізді. Көп ұзамай американдықтар Сауд Арабиясының ұйымдастырушыларының бірі Усама бен Ладен мен оның «Аль-Каида» радикалдық исламшыларының халықаралық ұйымы тарапынан қысым көре бастады.

## **Экономикалық алаңдаушылық және неолибералдық реформалар**

1970 жылдар Ұлы Отан соғысынан кейінгі Батыстың капиталистік экономикасының ұзақ, тұрақты дамуының аяқталғанымен белгілі болды. 1980 жылдары экономикалық дағдарыстар мен тұрлаусыздық басталды. 1973 және 1979 жылдардағы мұнай дағдарысы осы тұрлаусыздықтың негізгі факторлары болды. Бұл Батыстың өнеркәсіптік



экономикасына мұнайдың тұрақты және жеткілікті мөлшерде жеткізілуіне алаңдаушылық тудырды. Жоғары деңгейдегі құнсыздану мен экономикалық тұрақсыздықтың теңдессіз тіркесімі («стагфляция») экономистер мен саясаткерлерге сауда-саттықты арттыруда шешім іздеуге мәжбүр етті. 1970-жылдары Тарифтер мен Сауда-саттық бойынша Бас Келісім (ГАТТ) мүшелерімен келісілген, әлемдік сауданы және халықаралық қаржыландыруды тұрақтандыруға бағытталған шаралар 1980 жылдарда Уругвайдағы халықаралық келіссөздерге жол ашты<sup>4</sup>.

Бұл реформалар Кит Джозеф, Льюис Пауэлл, Фридрих фон Хайек және Милтон Фридман сияқты адамдар түсіндірген либералды экономикалық теорияларды қайта жанданғанын көрсетті<sup>5</sup>.

### *Американдық өзгерістер*

Бұл британдық және американдық саяси экономикалардың 1970 және 1980 жылдары осындай терең саяси өзгерістерді неге бастан өткергенін талқылайтын жер емес. Американдық саясатқа еркін нарықтық фундаментализмнің дәстүрлі америкалық идеалдарын қолдайтын патриоттық қозғалыстың өсуі әсер етті деп айту жеткілікті болар<sup>6</sup>. Бұл қозғалыстың жеке еркіндік туралы идеясына 1960 жылдардағы соғысқа қарсы радикализмге деген халық реакциясы айтарлықтай әсер етті.

Бұл идея коммуникация технологияларының қарқынды дамуы арқасында пайда болды, жергілікті телеарналардың таратылуы<sup>7</sup>, мәтінді бейнелеу мен қағаздан экранға көшіру сияқты медиа революциясын тудырды. Революция Атари сияқты фирмалар шығарған ойыншықтар мен электрондық аркадтық ойындарды дамытудан басталды. Бұл дербес компьютер (PC) өндірісімен жалғасты, Commodore 64 үй компьютері 1982 жылы енгізілген кезде американдық тұтыну нарығында төңкеріс туғызды.

Дербес компьютер (PC) әлемді өзгертті. Бірақ бұл өзгерістің орны бөлек болды. Жаңа технологиялар құнсызданды. Олар бастаған коммуникация революциясы оны өндіретін қоғамның ықпалында болды. Белгілі бір дәрежеде жаңа технологиялар «қырғи қабақ соғыстың» нәтижесі болды, себебі олар көбінесе АҚШ Қорғаныс министрлігіне қарайтын корпорацияларда ойлап табылған еді. Бірінші бағдарламаланатын компьютер, мысалы, Корей соғысы кезінде қорғаныс ведомствосының келісімшарттары бойынша IBM Корпорациясында жасалды. 1950-1960 жылдары технология мен дизайндағы маңызды инновациялар әуесқойлар мен кәсіби университет инженерлері тарапынан жасалды. Дегенмен, компьютерлік технологиялардың дамуының басты демеушісі АҚШ әскери бюджеті болды.

Эволюцияның динамикалық орталығы Санта-Кларадағы Сан-Франциско шығанағы маңында шоғырланған. 1970 жылдары жоғары технологиялық компьютерлік индустрия микро-чип өнеркәсібін дамыта отырып, *Хьюлетт-Паккард және Эппл (Apple)* сияқты компаниялардың ісін алға жүргізді. Бұл аймақ «Силикон алқабы» деген атпен танымал болды.

Бұл аймақ радикалды даралықтың дәстүрлі орталығы болатын – суретшілер қауымдастығының богемиялық өмір салтынан бастап хиппилердің мәдениетаралық қозғалысы және «Объективистік» қозғалыстың өршіл мүшелеріне дейін осы ортадан табылатын. Олар тәуелсіздікке және жеке адамның еркіндігіне жетуде өзін-өзі қамтамасыз етудің маңыздылығына ерекше көңіл аударатын. Олар үкіметті еркін және ақпараттандырылған жергілікті адамдармен алмастырғысы келді. Олар ірі өнеркәсіптік

орталықтарға күмәнмен қарады. Кейбіреулері жергілікті экологиялық қауымдастықтарды қолдайтын. Өзгелері жаңа технологиялар әркімнің білімге қолы жетуіне көмектеседі және нәтижесінде ақыл-парасатты, үйлесім мен бейбітшілікті дамытады деп ойлады. 1970 жылдардың басында олардың идеялары «Жер планетасы каталогында» қолданылған. 1980 жылдары олар Жер планетасының электронды байланысында («the Well») көрсетілді<sup>8</sup>.

### *Бірінші әлем бастамалары*

1984 жылы Apple компаниясы графикалық пайдаланушы интерфейсі мен тінтуірін қолдануға арналған алғашқы коммерциялық табысты компьютері Macintosh-ті ұсынды. Өзгелер де инновацияларды тез қайталап шығаратындықтан, ДК тез арада жаңа бұқаралық ақпарат құралына айналды. Жаңа контрмәдениеттің құндылықтары Apple компаниясының жаңа Macintosh компьютерін жариялаған танымал теледидар жарнамасында анық көрінді. Жарнаманы АҚШ суперкубогы кезінде таратылғандықтан миллиондаған адамдар көрді. Ол «1984» деп аталатын Джордж Оруэлстің дистопиялық романынан басталды, ол үлкен масштабты экранда Үлкен ағаның бетіне арбала қарап тұрған топ халықты көрсетті. Кенеттен жалғыз атлетикалық тұлғалы, түрлі-түсті киінген әйел сахнаға шығып, жарқын түстермен киініп, үлкен экранға қарай жүгіріп шығады. Қолында үлкен балғасы бар ұстаған және оны полиция қызметкерлері қуалай бастайды. Үлкен ағаның бетіне балғасын лақтырып жібереді. Жарылған экран бетіндегі хабарламада: «24 қаңтарда Эппл компьютер компаниясы Макинтош компьютерін таныстырады. Енді неге 1984 жыл «1984» сияқты болмайтынын көресіздер» деген сөздерді оқуға болатын еді.

Үлкен үкімет жойылуы мүмкін! Сол кездегі уақыттың жолдауы осы болатын. Жаңа технологиялар елге ағартушылық пен еркіндік әкелуі мүмкін. Жеке адам еркіндігі жаңа бастамаларға жол ашып, жаңа әлеуметтік тәртіп қалыптастырады. Бұл екі кезеңге сайланған Калифорния губернаторы Рональд Уилсон Рейганның сайлау науқанының орталық идеясы болатын. Осы идеялар 1979 жылы басталған президенттік науқанының да басты бағыты болды. Рейган салықты төмендетуге уәде берді. Ол салықты төмендету әрбір қызметкерге көбірек кіріс әкелетінін, яғни жұмсау үшін көбірек қаржы қалатынын және сол арқылы нарықтағы еркіндікті жоғарылататынын түсіндірді. Тұтынушы нарығының артуы нарықты ынталандырады, яғни, өндіріс пен сатуды арттырады және экономиканы жандандыра алады. Экономикасы өскен сайын, мемлекеттің салық базасы да өз кезегінде үкімет үшін табыс әкеледі.

Әрине, бұл даулы теория еді. Рейганның қарсыластары бұл теорияларды жиі келемежге айналдыратын. Олар салық салу мөлшерлемесін төмендету, шын мәнінде, үкіметтің фискалдық кірісін арттыратыны туралы ойлау мүмкін емес деп есептеді. Салықты төмендету – тек мемлекеттік кірісті азайтады. Бұл, өз кезегінде, мемлекеттік қызметтерді қысқартуға немесе бюджет тапшылығының өсуіне алып келеді. Президент Рейган бұл сынға аз көңіл бөлді. Салықты азайту оған қорытынды нәтиже шығарудан да маңыздырақ болды. Бұл лайықты саяси мақсат болды. Бұл үкімет көлеміндегі қысқартуларды күшейтіп, мемлекеттік қызметке оралуды және өз кезегінде жеке еркіндікті арттырады.

1981 жылдың қаңтарында ол президент ретінде орнығып, либералды реформаларды жүзеге асыра бастады. Кәсіподақтарды таратты. Ол президент Франклин Рузвельт 1930 жылдардың басында Ұлы Депрессиямен күресу үшін құрған, реттеу және бақылау

режимдерін бұзды. «Үлкен үкімет ешқашан шешім емес; ол әрдайым мәселенің бір бөлігі болып табылады», – деп түсіндірді Рейган. Ол американдық саяси экономиканың ежелгі институттарын бостандық, патриотизм және дәстүрлі құндылықтар үшін әлсіретті.

Рейган мәдени революцияны бастады. Оның ұрандары мен идеялары саяси пікірталасты өзгертті. Оның реформалары АҚШ-тың саяси тәжірибесін өзгертті. Ол нео-либералды көзқарасты жүзеге асырды, американдық саясатта дау-дамайлар мен идеологиялық келіспеушіліктерді тереңдетті. Рейганның Ақ үйдегі жылдарында американдық өмірдегі екі түрлі мәдени құндылықтардың өсуі байқалды. Көп ұзамай олардың арасындағы қақтығыс американдық «мәдени соғыс» деп аталады (Хантер, 1991).


Мұндай даму басқа елдерде де орын алды. Австралиядағы Малколм Фрейзер және Канададағы Брайан Мулроней үкіметтері де неолибералды саясатты енгізді. Батыс Еуропада да ырықтандыру толқыны басталды. Германияда Гельмут Коль бастаған консервативті коалиция да осыған қосылды. Францияда социалистік президент Франсуа Миттеран алдымен либералдық үрдіске қарсы болғанымен, бірақ ол да көп ұзамай саяси төңкеріс жасады. Елдің экономика және қаржы министрі Жак Делорс Францияға либералдық реформаларды енгізді. 1985 жылы Делор Еуропалық Комиссияның Төрағасы болып тағайындалған кезде, ол дәстүрлі сол жақ қанатқа жұмсалатын басымдықтарды емес, ақша тұрақтылығын қолдады. 1986 жылы Еуропалық қоғамдастық Рим шартын қайта қарап, Бірыңғай еуропалық актіні (SEA) қабылдады. Ол бірыңғай еуропалық нарықтың жоспарларын әзірледі және бірыңғай еуропалық валютаны құрудың өршіл мақсаттарын тұжырымдады<sup>9</sup>.

### *Мұнай сілкінісі, даму және Вашингтон консенсусы*

Неолибералдық реформалар 1970 жылдары капиталистік Батыстағы елдерді сілкіндірген экономикалық қиындықтарды жою үшін дамыды. Бұл қиындықтар 1973 және 1979 жылдардағы мұнай дағдарыстарынан кейінгі энергия бағасының өсуімен байланысты болды.

Бұл ауытқулар 13.1-суретте көрсетілген. Онда 1970-1980 жылдардағы мұнайдың бір баррелінің бағасы 2010 жылғы тұрақты АҚШ долларында көрсетілген. Суретте 1973 жылы мұнай бағасы шамамен 14 доллардан 45 долларға дейін көтеріліп кеткенін, 1979/80 жылы шамамен 34 доллардан 70 долларға дейін өскенін көрсетеді. Суретте сондай-ақ, 1980-шы жылдардағы мұнай бағасының қалай түскенін және 80-ші жылдардың соңында шамамен 22 долларға жеткенін көрсетеді. Бұл ауытқулар 1980 жылдардағы маңызды саяси оқиғалармен байланысты және мұнай мен саясат арасындағы байланыстар осы тарауда қысқаша зерттелетін болады.

Мұнай қазіргі заманғы өнеркәсіптік қоғамдар үшін қажет. Жеткізілуі мен бағасындағы өзгерістер бүкіл әлемге айтарлықтай әсер етеді. Мұнай сондай-ақ, қазіргі әлемнің өзара тәуелділігін және билік пен ақшаның өзара тығыз байланысын бейнелейді. 1960 жылы әлемнің алғашқы мұнай өндірушілерін Мұнай экспорттаушы елдер ұйымын (ОПЕК) құруға әкелген бастама экономикамен байланысты ма немесе саяси астары бар ма? Әрине, бұл академиялық сипаттағы сұрақ; өйткені саяси және экономикалық аспектілер іс жүзінде ажыратылмайды.



**13.1-сурет.** 1970 және 1980 жылдардағы шикі мұнайдың бағасы (тұрақты АҚШ долларында)

Осының бәрі ОПЕК-тің 1973 жылғы мүше-мемлекеттер арасындағы өндіріс көлемін қысқарту туралы келісімінен көрінеді. Бұл саяси шешім болатын – Мысыр және Сирия 1973 жылдың қазанында Йом Киппур мерекесінде Израильге тосын шабуыл жасады; АҚШ Израильді қолдаған себепті, ОПЕК-тің араб мүшелері АҚШ пен НАТО одақтастарына қарсы мұнай эмбаргосын жариялады. Бұл НАТО-ның ішінде үлкен қақтығыстың пайда болуына әкелді. Ұзақ мерзімді перспективада эмбарго жаңа саяси және экономикалық мәселелерге әкеліп соқтырған толқудың әсерін тудырды.

Ең бастысы, баға өсімі мұнай импорттаушы елдердің жағармай тарифтерін арттырды. Бұл олардың бюджеттерін күшейтуге және саяси басымдықтарды өзгертуіне себеп болды. Батыстың индустриалды елдері өсіп жатқан бағалардан біраз күйзеліске ұшырады; дегенмен олар мұнай шығынын үнемдеу жолдарын жылдам тапты. Бұл нәтиже жаңа саясаттың жылдам дамуына – экологиялық дәлелдермен байланысы бар энергия үнемдеу нақандарына, жасыл партиялардың танымалдылығын арттыруына және энергияның баламалы көздерін зерттеу бойынша бастамалардың көтерілуіне әкелді. Үшінші әлемнің жаңадан тәуелсіздік алған индустриалды елдері қатты зиян шекті. Олар төлем теңгерімі тапшылығына ұшырады, бұл экономикалық прогресс жылдарын жоққа шығарды.

Екінші жағынан, мұнай экспорттаушы елдердің табыстары айтарлықтай артты. Парсы шығанағы маңында мұнай өндіретін елдер сонша көп ақшаны не істеу керектігін білмеді. Жолдар мен инфрақұрылымдар салынды. Жаңа үлгідегі мектептер мен университеттер салды және елде білім берудегі төңкерісті бастады<sup>10</sup>. Сонымен қатар, олар шетелде білім беруге ақша құя бастады. Мысалы, Сауд Арабиясы Пәкістанда және басқа елдерде ислам мектептерін қаржыландыруға кірісті. Ваххабизм ислам дінінің қатаң доктринасын тарату үшін мындаған жаңа медреселер салды.

Ең соңында, мұнай экспорттаушы елдер тапқан байлықтарын бірінші әлемге инвестициялай бастады. Олар батыста, әсіресе Нью-Йорк пен Лондонда жылжымайтын мүлік сатып ала бастады. Батыс банктеріне үлкен көлемде салымдар салды. Қомақты салымдар Батыстың қаржы нарықтарының молығуына және нәтижесінде пайыздық мөлшерлеменің төмендеуіне әкелді. Өз капиталын жылжыту мақсатында Батыс банктері капиталға мұқтаж елдерге арзан қарыздар ұсынды. Көптеген кедей елдер (жанар-жағармай

бағасының өсуі бюджетте үлкен тапшылықтарға себеп болғандықтан) арзан қарыздар алуға құлшынды. Бұл елдер, 1980-жылдардың басында пайыздық мөлшерлемелер қайтадан көтерілгенде, тез қарқынмен өсіп кеткен қарыздар ауырпалық түсіретінін сонда ғана түсінді.

1980 жылдардың басында билік, сенім мен қаражат халықаралық қатынастарға әсер етті. Бірінші әлем экономикалық ауытқулар және жұмыссыздықтан зардап шекті<sup>11</sup>. Үшінші әлемдегі елдер тұрақты түрде қарызға кіре бастады. Мәселе 1982 жылдың тамыз айында Мексика өзің қарызды өтеуге жарамсыз деп жариялады. Латын Америкасындағы басқа елдер, соның ішінде Бразилия мен Аргентина секілді ірі елдер де, тез арада ұқсас декларациялар қабылдады. Батыс борыштық жүктемені реттеу үшін дипломатиялық шешімдер қабылдай бастады, тіпті кейбір жағдайларда қарызды жоюға келісті. Бірақ импортты алмастыру саясатына сүйенген елдер экспортқа бағдарланған индустрияландыру стратегияларына ауысу керек деген шарт қойылды. 1980 жылдары ХВҚ, Дүниежүзілік банк және АҚШ Қазына Министрлігі кедей елдердің борыштық мәселелерін жеңілдету бойынша стратегияларды әзірледі. Олар дағдарысқа ұшыраған халықтарға реформа жүргізу үшін саясаттық ұстанымдар ойлап тапты және ел экономикаларын жаңа деңгейге шығарды. Олар либералдық желілер бойынша «құрылымдық түзетулер» енгізуді талап етті. Олар ішкі нарықты кеңейту және халықаралық сауданы ұлғайту үшін шетелдік инвестицияларды ынталандыру мақсатында тұрақтандыру мен жекешелендіру саясатын енгізді. 1989 жылы Батыстың негізгі экономикалық институттары либералдық реформалардың «стандарттық» пакетіне келісті. Бұл «Вашингтон консенсусы» деп аталды.

### *Екінші әлем және қарыздың өсуі*

Үшінші әлем елдерінің борышы 1980 жылдары халықаралық қатынастар журналдарында және кітаптарында көп талқыланды. Дегенмен, әлемдік экономикалық дағдарыстың бір қыры, яғни екінші әлемге тигізген әсері сол кезде елеулі түрде ескерілмей қалды. Мысалы Коммунистік Шығыс блогындағы елдер де капиталистік әлемнің экономикасына тартылды. 1980 жылдардың басында экономикалық дағдарыс жағдайында, коммунистік елдер де оның салдарынан зардап шекті.

КСРО 1970 жылдары қазба отынының экспортын ұлғайту арқылы әлемдік капиталистік жүйенің бөлігіне айналды<sup>12</sup>. 1970 жылы энергетикалық отын бағасының өсуі КСРО-ны өндіріс көлемін және қазба отындарын Бірінші әлем нарықтарына экспорттауға ынталандырды – Еуропаға газ шығарылса, Жапонияда мұнай экспорттау жолға қойылды. Оның орнына КСРО технология мен валюта айырбасыналды. Американдық саясаткерлер осы дамуға қауіппен қарай бастады. Президент Рейган американдық технологияны кеңестік энергетикалық жобаларда пайдалануға тыйым салды. 1982 жылы еуропалықтар Еуропаны Сібір газымен қамтамасыз ететін жаңа кеңестік газ құбырын қаржыландыруға келісуі оның ашуына тиді. Біріншіден, Рейган еуропалықтар кеңестік қазба отынына тәуелді бола бастайды деп қорықты, оны Батыс одағының бірлігі мен қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жағдай деп есептеді. Екіншіден, еуропалықтар КСРО-ға айырбасты валютамен төлейгіндіктен, КСРО өз кезегінде ол валютаны Шығыс Еуропа мен үшінші әлем елдерінде өзінің клиенттік мемлекеттерін субсидиялау үшін пайдалана алады. Рейганның пікірінше, Американың Батыс Еуропадағы одақтастары Кеңес империясын сақтап қалуға көмектесті.

Шығыс Еуропадағы кеңес одақтастары бұл жағдайларды бақылап отырды. Олар КСРО-дан баяу дамыған экономиканы қолдауды сұрай бастады. Кеңес Одағы мұнай мен газды өз одақтастарына арзан бағамен сатты, бірақ одан басқа көмек беруден бас тартты. Шығыс Германияның Вальтер Ульбрихт сияқты коммунистік жетекшілері КСРО-дан қаржылық көмек сұрады. Алайда олардың өтінішін Мәскеу ескерусіз қалдырды. 1970 жылдардың басында Ульбрихт Эрих Хонеккермен ауыстырылды. Ол шығыс Германияны экономикалық депрессиядан шығарудың ақылды экономикалық жоспарын әзірледі. Шығыс Германия капиталистік Батыстың қарқынды қаржы нарығынан арзан несиелер алып, оны өндірістің заманауи құралдарына инвестициялады, сөйтіп өндірісті арттырды және жаңа, күрделі өнімдерді дамытты. Шығыстық немістер бұл өнімдерді халықаралық нарыққа сатады және капиталистік несиелерді қайтару үшін жеткілікті ақша табады. Басқа Шығыс блогындағы елдердің көшбасшылары осы тәрізді үлгілерді әзірледі. Олардың бәрі бірдей қателік жасады. Олар Батыстың капиталистік экономикасы өздері сияқты тоқырауға ұшыраған деп есептеді. Олар капиталистік экономиканың тұрақты түрде өзгеруіне назар аудармады<sup>13</sup>.

Пайыздық мөлшерлемелер қайтадан көтеріле бастаған кезде бірнеше шығыс блогы елдері қарыз мәселесіне кездесті. Шығыс Германияның қарызы 1970 жылдардың басында шамамен 1 миллиардтан 1980 жылға дейін 12 миллиард АҚШ долларына дейін жетіп, 1989 жылы 25 миллиардтан астам долларға дейін өсті. Бұл кезде қарыздық қызметтердің жылдық құны 4.5 миллиард доллар немесе экспорттан келетін айырбасталымды валютасының 60 % -ын құрады (Коткин, 2010, 84 б.). Польша мен Венгрияда да осыған ұқсас жағдайлар орын алды. Екі ел де шамамен 20 миллиард доллар және 18 миллиард доллар көлемінде қарыз болды. Үшінші әлемдегі капиталистік елдерден айырмашылығы Екінші әлемдегі социалистік елдер қарыздарды азайту бойынша келіссөздерге кірген жоқ<sup>14</sup>.

### *Кеңес Одағына қысым жасау*

Рейган әкімшілігі шығыс блогындағы дағдарысты байқап отырды. Рейган мұнай және газ сатуды КСРО-ны сақтап қалағын табыс әкелгенін атап өтті. Сондай-ақ, энергия сатылымы Кеңес Одағының Үшінші әлемге экспансиясын қаржыландырды; әсіресе Ауғанстандағы, Анголадағы, Эфиопия мен Үндіқытайға таралды. Рейган сондай-ақ, Латинамерикалық кеңістіктегі Кеңес ықпалы өскенін яғни, Куба мен Никарагуадағы радикалды Сандениста режимі Сальвадор сияқты тұрақсыз елдерге революцияны жеткізгенін айтты.

КСРО-ның батыстан келетін валютасының кірісін төмендету үшін, Рейган еуропалық мемлекеттік қайраткерлерін кеңес газын сатып алуды және Сібір құбырының құрылысын да тоқтатуға мәжбүрледі. Бірақ бұл нәтиже бермеді; еуропалықтар кеңестік газға тым тәуелді болатын. Рейганның экономикалық кеңесшілерінің кейбірі жаңа стратегия ұсынды. Олар КСРО-ның сыртқы сауда ағындарын қадағалап отырды және Кеңестердің энергия экспортынан алған қаражаты соншалықты көп емес екенін анықтады. Олар, сондай-ақ, Кеңес Одағының барлық валюталық кірістерін клиенттердің режимін субсидиялау үшін пайдаланғанын анықтады<sup>15</sup>. Кеңестік экономика, басқаша айтқанда, бағаның ауытқуына осал болды. Егер мұнай бағасы төмендейтін болса, кеңестік үкіметі экономикалық теңгерімді ұстап тұра алмайтын еді. Егер бағалар төмендеп кетсе, КСРО жақын арада шетелде өзінің клиенттік режимдеріне субсидияларды қысқартуға мәжбүр болады немесе ел төлем қабілетсіздігіне ұшырайды.

Бұл қарапайым дәлел және ол белгісіз экономикалық деректерге негізделген. Бірақ Рейган осыған сенді. 1985 жылы ол Сауд Арабиясына қатты ден қойып, басшыларын мұнай өндіруді айтарлықтай арттыруға үгіттеді. Бұл халықаралық мұнайдың молығуын туғызды және мұнай бағасының құлдырауына әкелді. 1980 жылы мұнай бағасы 40 доллардан 1986 жылы 10 долларға дейін төмендетті. Бағалардың төмендеуі АҚШ пен Батыстың капиталистік елдеріне үлкен пайда әкелді; ол экономиканы арзан отынмен қайта жандандыруға мүмкіндік берді. Бірақ бұл КСРО-ға зиян келтірді, өйткені бағаның құлдырауы кеңес экспортынан түсетін пайданың жартысынан астамын қысқартты.

1980 жылдардың ортасында КСРО ауыр экономикалық дағдарысқа ұшырады. Кеңес басшылығы сабақтастығының дағдарысымен дөп келді<sup>16</sup>. Кеңес үкіметі экономикалық және саяси дағдарысқа ұшыраған кезде президент Рейган американдық қарулы күштерін жаңғырту жоспарларын жариялады. 1983 жылдың наурыз айында ол американдық әскерге жаңа танк, әуе күштеріне жаңа ұшақтар және теңіз флотына жаңа кемелер уәде етті. Сондай-ақ, ол Жердің орбитасында көптеген сенсорлар мен күрделі қару-жарақ жүйелерін орналастыратын және ғарышта ракеталардың қорғаныс қалқаны болатын жаңа стратегиялық қорғаныс бастамасын (SDI) әзірлеу туралы жариялады. Рейганның қарсыластары оны «Жұлдызды соғыстар» жобасы деп атап кетті. Бұл өте қымбатқа түсті, өйткені ол жаппай қару-жарақ шығаруда КСРО-мен бәсекелесу мақсатында әзірленді. Рейган бұл Кеңес Одағына ауыртпалық туғызатынын білді.

Екі жылдан кейін Рейган тағы бір бастама көтерді: ол Ангола, Никарагуа және сол сияқты Кеңес Одағының серіктесі деп саналатын басқа да елдерде антикоммунистік бүлікшілерді - «еркіндіктердің жауынгерлерін» қолдауға ниет білдірді. Үшінші әлемде кеңес ықпалын азайтуға тырысқан бұл қолдау «Рейган доктринасы» деп аталды. Оның басты идеясы КСРО-ны стратегиялық бәсекелестікке шақыру, КСРО-ның әскери шығындарын көбейту, Кеңес одағының экономикасына ауыртпалық салу еді<sup>17</sup>.

### **Бәсекелестік, дипломатия және экономикалық бәсекелестік**

Рейган өз бастамаларын жариялағаннан кейін көп ұзамай Кеңес Одағының Коммунистік партиясы (КПСС) Бас хатшы қызметіне Михаил Горбачев есімді елу бес жасар жас белсендіні сайлады. Оның ішкі саясаты кеңестік экономиканың қиындықтарына неізделген еді. Ол көп ұзамай алдымен ашықтық (гласность), содан кейін қайта құру (перестройка) деп аталатын ішкі реформаларды бастады. Оның сыртқы саясатында Еуропадағы және Үшінші әлемдегі клиенттік режимдегі мәселелерді реттеу басым болды. Шығыс Еуропада жергілікті режимдер мен кеңес басшысына көңілі толмайтындар байқалды. Үшінші әлемде, режимдері кеңестік көмек пен қолдауға тәуелді болғандықтан, соғыстар мен қақтығыстар Кеңес экономикасына деген талаптың артуына алып келді. Бұл талаптарды Рейган әкімшілігінің әскери күштері мен бастамалары қосымша күшейтіп жіберді.

Горбачев Кеңес саяси экономикасының АҚШ-пен бәсекелестікке қабілетсіз екенін білді. Сондықтан Рейганның жаппай қару-жарақ шығару бәсекелестігін қабылдаудың орнына, Горбачев бейбіт ұсыныспен жауап берді. Ол әлемдегі ядролық қарудың қорын 50%-ға қысқартуды ұсынды. Рейган бұл ұсынысқа таңқалды. Бірақ ол Горбачевтің ұсынысын байыппен қабылдады және кеңес жоспарын талқылау үшін 1985 жылы қарашада кеңес жетекшісімен кездесті. Олар Женевада (Швейцария) кездесті, онда

олар бір-бірінің сеніміне ие болды және қарусызданудың бұрын-соңды болмаған дипломатиясын бастады.

Рейган мен Горбачев екінші рет 1986 жылы қазан айында Исландияның Рейкьявик астанасында кездесті. Мұнда екі көшбасшы барлық дерлік күшті зымырандарды жоятын келісімге жақындады. Бірақ ең соңғы сәтте Рейган өзінің стратегиялық қорғаныс бастамасынан бас тартқаны туралы мәлімдеді. Алайда бұл жиналыс астам державалардың қару-жарақ қорынан орташа қашықтыққа ұшатын жерүсті ядролық зымырандардың ауқымын жойып жіберген шартқа әкелді. 1987 жылдың желтоқсанында Горбачев Вашингтонда Орташа қашықтық ядролық күштері туралы шартқа қол қойды. 1988 жылдың мамырында Рейган Мәскеуге келді. Екі мемлекет басшылары Орташа қашықтық ядролық күштері келісiмiн аяқтады және кейбір мәселелер бойынша бірқатар келісімдерге қол қойды. Орталық Америка, Оңтүстік Африка және Таяу Шығыстағы екіжақты мәселелерді талқылады; соның ішінде Ауғанстаннан Кеңес әскерін шығару да айтылды.

Бұл керемет саяси бетбұрыс болды. Бұрынғы халықаралық шиеленіс бәсеңдеді, жаппай қару шығару басталды және КСРО үшінші әлемде өз ықпалын кеңейтті. 1980 жылдардың соңы маңызды дипломатиялық бастамалар, ауыр қару-жарақты қысқарту және Үшінші әлемдегі соғыстардан Кеңес одағының шығумен белгіленді. Алайда бұл белгілі бетбұрыстар жаһандық оқиғалардың көрінбейтін желісімен байланысты болды. Дипломатиялық прогресстің сахна сыртында КСРО қиын жағдайын түзеуге тырысты. Американдық талдаушылар бұл туралы білгендіктен, олар Кеңес Одағының жағдайын одан сайын нашарлатуға барын салды. 1985 жылы Рейган әкімшілігі Ауғанстандағы моджахедтерге Американың әскери көмегін екі есеге арттырды; Сауд Арабиясы да АҚШ-тан қалыспады. Осының нәтижесінде жаңа кеңестік көшбасшылар Ауғанстанға көбірек әскери кіргізуге мәжбүр болды және Кабулдағы Наджибулла режиміне көп көмек көрсетіле бастады.

1986 жылы американдықтар Ауғанстанға тағы бір рет көмек көрсетті. Оған қоса, олар Кеңес әскерінің соғыс тікұшақтарын атып түсіру үшін заманауи Stinger зымырандарын берді. Сауд Арабиясы әлемдегі энергетика бағасын төмендету үшін мұнай өндіруді айтарлықтай ұлғайтуға көмектесті. КСРО-ның мұнайдан түсетін табысы қатты құлдырады, Кеңес Одағы өз экономикасын сақтау үшін қаржы қорын пайдалануға мәжбүр болды. Қаржы қорлары жойылғаннан кейін, Кеңес Одағы өз алтын қорларын сата бастады. 1988 жылдың мамырына дейін, Рейган Мәскеуге келгенде, Кеңес Одағының қазынасы босап қалды. Енді шығындарды, соның ішінде империяның шығындарын қысқартуға тура келді. Бұл жағдай Рейган мен Горбачевтің ядролық қарусыздану туралы көптеген келісімдерге қол қоюымен және Орталық Америка, Оңтүстік Африка және Таяу Шығыстағы астам державалардың мүдделерін талқылауымен сәйкес келді. Дипломатиялық күлімсіреу мен сырттай көрініс тапқан шынпейілділіктің артында, үстемдікке ие державалардың билік пен үстемдік үшін күресі тұрды. Тек осы жолы КСРО әлсіз болатын және қатты қорғануға мәжбүр болды.

## **Экспансия және қайта құру**

1980 жылдар «екінші қырғи қабақ соғыстың» шиеленіскен жағдайында басталды. Ұлттық қауіпсіздікке қатысты алаңдаушылық Батыста Тэтчердің 1982 жылы Аргентинаға



қарсы Фолкленд аралдары соғысын және Рейганның ескі доктринасының келген орнына жаңа, қарсыластық саясатын қамтып көрсетеді. Кеңес жетекшілері бұл өзгерісті күмәнмен қарсы алды; олардың кейбіреулері НАТО-ның күтпеген шабуылынан қорықты<sup>18</sup>.

1980 жылдардың ортасында ұлы державалардың қатынастары өзгерді. КСРО дағдарысқа түскен кезде, АҚШ өз экономикасын қалпына келтіруге ұмтылып, жаңа, ұлттық оптимизмге толы даму күшейе түсті. Кеңес жетекшілерінің жаңа буыны дағдарысты елде реформалар жүргізу арқылы, ал шетелде жаңа ымыраға келу ұстанымдарын енгізу жолымен шешті. АҚШ Кеңес Одағының жоспарларына өз жоспарымен жауап берді. Рейганның екінші мерзімі кезінде екі ұлы держава арасындағы қарым-қатынастың қалпына келуі байқалды. Бұл ядролық қарусыздану және қару-жарақты бақылау жөніндегі жаңа және кең ауқымды келісімдерде көрініс тапты.

### *Оқиғаларды талқылау; неореализмді бағалау*

Халықаралық қатынастар ғалымдары бұл өзгерістерді зерттеп және талқыға салып отырды. Олардың кейбіреулері әлем көз алдында өзгеріп жатқанын айтты. Ұлы державалар арасындағы қатынастар жақсара бастады. Жаңа Кеңес-американдық қатынастардың жақсаруы БҰҰ-ның қолайлы қарым-қатынастарында көрінді. Екі елдің делегаттары БҰҰ дебаттарында келісе бастады. «Қырғи қабақ соғыстың» тұйықталуы кенеттен маңызды шешім қабылдайтын дәрежеге жеткен БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі талқылаулардан алынды. Ондаған жылдар бойғы үзілістен кейін Ауғанстан, Ангола, Ирак, Иран және Орталық Америкада жаңа бейбітшілікті қолдау жөніндегі әрекеттер басталды. Бұл халықаралық ахуалдың жақсаруы неореалистік терминдермен қамтыла алмайды.

Біріншіден, неореализм мемлекеттердің динамикасын ескермейді. Американдық саясатты Рональд Рейган өзгертті; либералдық реформа, технологиялық инновация және экономикалық динамизм арқылы Батыс та өзгерді. КСРО бұрынғы көшбасшыларының кесірінен саяси дәрменсіздікке ұшырады; Шығыс блок экономикалық қанағаттанбаушылық және идеологиялық түңілудің әсерінен өзгерді. Бұл ішкі оқиғалар болатын. Олар барлық өңірлердегі саяси ахуалды өзгертті. Дегенмен олардың халықаралық салдары болды. Неореализм халықтық көтерілістерге немесе басқа ішкі өзгерістерге орын бермеді.

Фридрих Краточвил (1981) бұл өзгерісті әрдайым төменнен келетінін айтқан. Халықаралық жүйені талқылауда шектеу ұстайтын құрылымдық теория статикалық болып табылады. Ол өзгерістерді түсіндіре алмайды, себебі идеялар мен халық көңіл-күйінің өзгеруін түсіндіруде ерекше қиындықтар бар. Өзгерістер үнемі жеке мемлекет ішіндегі қайта құрудан басталады<sup>19</sup>. Краточвилдің ұстанымы 1980 жылдардың ортасында Батыстың «бизнес жасай алатын» жаңа және динамикалық кеңестік көшбасшы Михаил Горбачевтің күтпеген жерден пайда болуымен айқын болды. Ол Коммунистік партия идеологиясын өзгерте отырып, Коммунистік партияның саясатын өзгертті.

Екіншіден, Роберт Кокс (1981) сияқты байқаушылар атап өткендей, Уолтцтың теориясы әлеуметтік қатынастарды есепке алмады. «Демек, неореализм статикалық теория болды», – деп жалғастырады Кокс. Ол өзгерістерді түсіндіре алмады. Бұл мәселе Джон Дж. Ругидің (1986) талғамымен кеңейтілді. Ол Уолтцтың неореализмі, негізінен, механикалық модель екенін айтады. Бұл халықаралық жүйенің қалай жұмыс істейтінін көрсеткенімен, оның қалай өзгергенін түсіндіре алмайды. Мысалы, теория халықаралық жүйенің бірінші кезекте қалай пайда болғанын түсіндіре алмайды, – деп атап өтті Ругги.

Содан кейін ол соңғы мыңжылдықта әлемдік саясатта ең маңызды өзгерістерді, атап айтқанда, ортағасырлық феодализмнен бастап, қазіргі заманғы халықаралық жүйеге дейінгі қайта құруды түсіну үшін қажетті терминдердің жетіспегенін көрсетті.

Уолтцтың механикалық моделіне динамизм қосу үшін Рутги (1986) Эмиль Дюркгеймнің әлеуметтануынан «динамикалық тығыздық» деп аталатын тұжырымдаманы енгізді. Тұжырымдама модельге әлеуметтік қатынастар мен динамизмді қосады, өйткені ол «қоғамда жүретін мәмілелердің саны, жылдамдығы және түрлілігін» көрсетеді. Ағылшын мектебінің мүшелері де осындай сыни талдау жүргізді және неореализмге әлеуметтік өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін және қарым-қатынас құралдарын білдіретін «өзара әрекеттесу қабілеті» тұжырымдамасын қосқанда, ол маңызды әлеуметтік өлшемге ие болатынын ұсынды.

Барри Бузан (1991) осы сынақты жалғастырып, Уолтцтың «анархия» түсінігін қайта қарауды ұсынды. Ол анархияның жетілген және кем дамыған түрлерін ұсынды. «Жетілген анархия» коммуникативтік өзара әрекеттесудің жоғары деңгейіне ие болады және халықаралық жүйенің неғұрлым интегралды, реттелген және тұрақты түрін білдіреді. «Бұл жерде технология шешуші фактор болып табылады», – деп жалғастырады Бузан.

Тасымалдау және коммуникация технологиялары халықаралық жүйенің «өзара әрекеттесу ортасы» деп аталуы мүмкін сипатын өзгертеді. Бұл технологиялар динамикалық болып табылады, яғни олар үнемі дамып, өзгеріп отырады. Сондай-ақ, олар халықаралық деңгейде жұмыс істейді және олардың жүйелік әсері бар. Мемлекет – егеменді әрекет етушілер; бірақ тек теория жүзінде ғана әрекет етушілер болып табылады. Іс жүзінде олар коммуникативтік өзара әрекеттесудің технологияға негізделген желісіне ендірілген. Технологияның эволюциясы жүйедегі өзара әрекеттестікті үнемі арттырады.

